Том 24

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

24 ТОМ

Сентябрь 1913 – март 1914

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1977

Л $\frac{10102-267}{401(07)-77}$ 7—77

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының жиырма төртінші томына 1913 жылғы сентябрьде — 1914 жылғы мартта, бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында елде революциялық дағдарыстың толғағы жете бастаған дәуірде жазылған шығармалар еніп отыр. Лениннің большевиктік жария баспасөзде: «Правда» газеті мен «Просвещение» журналында жарияланған мақалалары томның басым бөлігін құрайды. Бұл шығармаларда Россияда жаңа революция өрлеуінің әлеуметтік-экономикалық және саяси себептеріне терең талдау жасалған, жұмысшы табының революциялық күрестің жаңа кезеңіндегі басшылық ролі көрсетілген; партияның жойымпаздарға, троцкистерге, бундшылдарға және басқа да оппортунистер мен реформистерге қарсы, бұқараны өз жағына шығарып алу және оларды жаңа революцияға әзірлеу жолындағы күресі бейнеленген. Осы томға енген шығармаларда большевиктік партияның ұлттық программасы одан әрі дамытыла түседі.

1913 жылдың аяғы мен 1914 жылдың басы Россияда стачкалық қозғалыстың қауырт өрлеген кезеңі болды. 1913 жылы сентябрьдің ортасында Москвада трамвай қызметшілерінің жаппай стачкасы бұрқ ете қалды; оған басқа кәсіпорындардың жұмысшылары қосылды. Сентябрьде Москвада барлығы 80 мың жұмысшы ереуілге шықты. Бұл ереуілге бүкіл ел болып үн қосты. Сентябрьдің аяғында 100 мың Питер жұмысшысы ереуіл жасады. Октябрьде және ноябрьде экономикалық

стачкалар толқыны бүкіл елге жайылды. Стачкалар Петербургте, Москвада, Ригада, Киевте, Варшавада, Дондағы Ростовта, Одессада, Юзовкада, Тифлисте және басқа қалаларда болып өтті. Экономикалық стачкалар саяси стачкаларға ұласып, бірін-бірі өзара толықтырып отырды. Пролетариаттың таптық ынтымақтығы мен саналылығы өсіп, нығая түсті. Жұмысшылар стачкалары барған сайын өрісін кеңейтіп, неғұрлым күрделі саяси сипат ала бастады. Мәселен, 1913 жылдың тек ноябрінде, Обухов жұмысшыларына болған сотқа наразылық білдіріп, Петербургтің бір өзінде 103 мыңнан астам адам ереуілге шықты. «Қанды жексенбінің» жылдығы — 1914 жылғы 9 январь — бұқаралық саяси стачкалармен атап өтілді, оларға ширек миллион жұмысшы қатысты; 1914 жылдың бірінші жартысында стачкалық қозғалысқа бір жарым миллионға жуық адам қатысты. Петербург пен Москваның алдыңғы қатарлы жұмысшылары бірлесіп бой көрсету қажеттігі туралы мәселені турасынан қойды. Россияның жұмысшы табы большевиктік партияның басшылығымен бүкіл демократияны ояту және топтастыру міндетін өз мойнына алып, елдегі бүкіл азаттық қозғалыстың көсемі әрі дем берушісі ретінде қимыл жасады. Жұмысшы табының революциялық қозғалысы шаруалар мен солдаттар бұқарасын күреске тартып, еңбекшілердің қалың топтарына орасан зор ықпал етті.

Елдің бүкіл саяси өмірінің негізгі мәселесі жаңа буржуазиялық-демократиялық революция туралы мәселе болды. Революцияның өрлеуі жағдайында большевиктік партияның Прага конференциясы мен Орталық Комитеттің партия қыметкерлерімен өткізілген Краков кеңесінен кейінгі уақыттағы қызметінің тәжірибесін жинақтап, жаңа міндеттерді айқындау және ең таяу кезеңге тактика белгілеу қажет болды.

РСДРП Орталық Комитетінің 1913 жылы сентябрьде Лениннің басшылығымен өткізілген Поронин кеңесінің бұл міндеттерді орындауда орасан зор маңызы болды, кеңеске елдің аса ірі өнеркәсіп орталықтарындағы партия ұйымдарының өкілдері қатысты. Кеңесте талқыланған мәселелердің және қабылданған шешімдердің

маңыздылығына байланысты Поронин кеңесі іс жүзінде партия конференциясының ролін атқарды.

Ленин Орталық Комитеттің есепті баяндамасында Орталық Комитеттің жаңа жағдайдағы жұмысының нәтижелеріне қорытынды жасады. Ол жұмысшы қозғалысының өрлеуі және Россияда партиялық жұмысты қалпына келтіру және жолға қою ісіндегі табыстар партияның Прага конференциясы мен РСДРП Орталық Комитетінің Краков кеңесі белгілеген бағыттың дұрыс екенін дәлелдеп берді деп атап көрсетті. Жергілікті жерлерде большевиктік партия ұйымдарының өсіп, нығаюы, жойымпаздардың бұқараға ықпалының тезінен әлсіреп құлдырауы, IV Дума сайлауындағы большевиктердің табыстары, жария жұмысшы газеті — «Правданы» құру, стачкалық қозғалыстың жоғары өрлеуі — осының бәрі партияның Орталық Комитеттің басшылығымен жүргізген жұмысының нақты нәтижесі болды. Сөйтіп біз, деді Ленин, алға қойған міндеттерді ақырына дейін орындап шықтық деп еркін айта аламыз.

Кеңесте партия ұйымдарын бұдан былай да нығайта беру туралы, олардың арасында неғұрлым тығыз байланыс орнату қажеттігі және Орталық Комитет тарапынан басшылықты күшейту туралы мәселе жаңадан тағы қайта қойылды. Кеңес құпия партия ұйымдарын және олардың бұқарамен жария, жартылай жария байланыстарын нығайту арқылы ғана, жойымпаз-меньшевиктермен және жойымпаздық-троцкистік Август блогымен үзілді-кесілді күресте ғана жұмысшы табының нағыз бірлігі жүзеге асырылады деп атап айтты. Кеңес большевиктік программа-минимумның негізгі революциялық талаптары: демократиялық республика, помещиктік жерлерді конфискелеу, сегіз сағаттық жұмыс күні бұрынғыша қазіргі кезеңнің басты революциялық ұрандары болып қала береді деп көрсетті.

Поронин кеңесі туралы Орталық Комитеттің хабарында былай делінді: «Жол белгіленді. Партия осы күнгі өтпелі дәуірдегі жұмыстың негізгі формаларын тапты. Ескі революциялық туға адалдық жаңа жағдайда және жұмыстың жаңа жағдайларында сыналып, дәлелденді. Ең ауыр кезеңнен өттік, жолдастар. Жаңа

дәуір туып келеді. Біздің отанымыздың тағдырын шешетін аса зор маңызы бар оқиғалар жақындап келеді. Жұмысқа жұмылыңыздар!» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1971, 1-том, 416-бет).

Осы томға енген шығармаларда Лениннің россиялық және халықаралық жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмге, реформизмге қарсы, маркстік идеологияның тазалығы жолындағы жанқиярлық, ымырасыз күресі бейнеленген. Томның бет ашары болып отырған «Марксизм және реформизм» деген мақалада, «Публицистің заметкаларында» және басқаларда реформизмнің мәніне, оның әлеуметтік және теориялық негіздеріне талдау жасалады. Ленин былай деп көрсетті: реформизм дегеніміз марксизмнен бас тартқандық және оны буржуазиялық «әлеуметтік саясатпен» ауыстырушылық, ол — жұмысшыларды буржуазиялық алдау болып табылады, ал жұмысшылар, олардың жағдайларын кейбір жекелеген жақсартуларға қарамастан, капитализм тұсында әрқашан жалдама құл болып қала береді. Реформизм тіпті адал болғанның өзінде де жұмысшыларды аздыру және әлсірету үшін іс жүзінде буржуазияның қолындағы құралға айналады. Реформистер барлық елдерде де бар, өйткені барлық жерде буржуазия жұмысшыларды аздыруға және оларды конбісті құлға айналдыруға тырысады. «Реформистерге сенемін деп,— деді Ленин,— жұмысшылардың әрқашан алданып қалып келгенін барлық елдердің тәжірибесі көрсетіп отыр» (осы том, 1-бет). Сондықтан революциялық ұрандардың *орнына* ішінара жақсартулар жөніндегі талапты негіз етіп ұсынатын реформизмнің күллі зияндылығын шындық өмірдің нақты мысалдары арқылы талмастан дәлелдеп отыру қажет.

Ленин реформизмнің буржуазиялық мәнін әшкерелей отырып, пролетарлық партияның реформалар жолындағы, капитализм тұсында жұмысшылардың жағдайын жақсарту жолындағы күресінің қажеттігін теріске шығарған жоқ. Бірақ ол бұл реформаларды тап күресінің қосалқы жемісі деп қарады, ал тап күресінің

негізгі мақсаты капитализмді социалистік құрылыспен ауыстыру болып табылады. Маркс ілімін меңгерген саналы жұмысшылар капитализм тұсында реформалардың берік те, елеулі де бола алмайтындығын түсінеді. Олар реформаларды пролетариат диктатурасы жолындағы, социализм жолындағы өзінің тап күресін дамытып, кеңейту үшін пайдаланады.

Ленин мақаласының қазіргі кездегі реформистер мен ревизионистерге қарсы күресте актуалды маңызы бар, өйткені олар тап күресін жоққа шығарады, немесе оны сөз жүзінде ғана мойындайды да, ал іс жүзінде пролетариатты буржуазияға бағынышты ететін таптық ынтымақтық «теориясын» уағыздайды. Қоғамды революциялық жолмен қайта құру жөніндегі маркстік-лениндік ілімді ревизионистер «демократиялық социализм» «теориясымен», капитализмнің социализмге өзінен-өзі ұласу «теориясымен» ауыстырады.

Өздерінің партияға шабуыл жасаулары арқылы, партиялық тәртіпті бүлдіруі арқылы, реформизм мен либералдық жұмысшы саясатын уағыздауы арқылы жұмысшы қозғалысына іріткі салған жойымпаз-меньшевиктерді Ленин россиялық реформистер деп атады. Жойымпаздар халықаралық оппортунизмнің бір түрі, оның үстіне, Ленин атап көрсеткендей, орыс жойымпаздары европалық оппортунизмнің барлық ең жаман жақтарын қабылдап алды. Жойымпаздар партияның пақ өмір сүруіне қарсы күресті, іс жүзінде оның құпия ұйымын жойды, саяси стачкалар туралы партия шешімдеріне қарсы шықты, сөйтіп осынысымен олар бүкіл орыс буржуазиясының қызу тілектестігіне және қолдауына ие болды. Саяси күрестен бас тарту, пролетариаттың революцияда гегемон болуынан бас тарту, пролетариаттың түбегейлі, таптық мүдделерін қорғаудан бас тарту жолына түскен жойымпаз-меньшевиктерге қарсы Ленин қажымас жігермен идеялық күрес жүргізді. «Либерал буржуазия және жойымпаздар», «Жойымпаздар жұмысшыларды қалай алдап отыр», «Халықшылдық пен жойымпаздық—жұмысшы қозғалысындағы ыдырау элементтері» деген және басқа мақалаларында Ленин жойымпаздарды жұмысшы қозғалы-

сындағы буржуазиялық агентура ретінде, пролетариатқа буржуазиялық ықпал жүргізушілер ретінде әшкерелейді. Ленин жойымпаздарды «жексұрын ренегаттар», марксизмнен таюшылар (31-бет) деп атады.

Жойымпаздар большевиктерге қарсы өздерінің күресінде халықаралық оппортунизмнің өкілдері тарапынан тілектестік пен қолдаушылыққа, II Интернационалдың реформистік лидерлерінің қолдауына сүйеніп отырды. Большевиктік партияның жойымпаздарға және Россия жұмысшы қозғалысындағы басқа да оппортунистерге қарсы күресте үстемдік ала бастағанын көрген II Интернационалдың басшылары бұларға көмекке келуге асықты. 1913 жылы 1 (14) декабрьде Халықаралық социалистік бюроның сессиясында неміс социал-демократиясының қолдауымен орыс істері туралы мәселе талқыға қойылды. Бұл мәселе бойынша Каутскийдің қарары қабылданды, онда орыс жұмысшы қозғалысының барлық фракцияларына бірлікті қалпына келтіру жөнінде шаралар алу ұсынылды. Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитетіне «өзара пікір алысу үшін» Россиядағы жұмысшы қозғалысының барлық фракциялары өкілдерінің кеңесін шақыру тапсырылды. Каутский өзінің қарарын негіздей келіп, Россияда ескі социал-демократиялық партия «өлді», сондықтан оны қалпына келтіру керек деп мәлімдеді. Каутскийдің бұл мәлімдемесіне Ленин қатты реніш білдірді, оның сөзін «асқан сорақылық» деп атады және оған қарсы наразылық науқанын ұйымдастыруды талап етті. Инесса Армандқа жолдаған хатында Ленин былай деп жазды: «Біз пікір алысуды *жақтаймыз*, Халықаралық социалистік бюроның қарарын *жақтаймыз* — **бұл NB** — бірақ Каутскийдің **сұрқиялық** сөзіне мүлде қарсымыз. Мұнысы үшін оған аяусыз соққы беру керек» (Шығармалар, 35-том, 104-бет). Ленин «Бюро шешімдері туралы мәселе жөнінде», «Жақсы қарар және жаман сөз», «Орыс жұмысшылары және Интернационал», «Каутскийдің өрескел қатесі туралы», «Каутскийдің хаты туралы» деген мақалаларында Каутскийді және халықаралық оппортунизмнің басқа да өкілдерін жойымпаздардың сыбайластары және қорғаушылары

ретінде әшкерелейді, олар большевиктер мен меньшевиктерді «ымыраластыруды» желеу етіп, іс жүзінде Россияда революциялық маркстік партияны жойып жіберуге әрекет жасады. Ленин бұл еңбектерінде II Интернационалдың лидерлері қолдап отырған антипартиялық топтардың қызметінің іріткі салушылық сипатын ашып көрсетеді.

Россияда революциялық дағдарыс өрши түскен жағдайда жұмысшы табы партиясының, жаңа тұрпатты партияның, басшылық және ұйымдастырушылық ролін нығайту туралы мәселе айрықша маңыз алды. Осы томға енген шығармалар В. И. Лениннің большевиктік партияның теориясы мен тактикасы мәселелерін талдап жасаудағы қызметін, оның партияны нығайту жолындағы, Россияның жұмысшы табын большевиктердің төңірегіне топтастыру жолындағы күресін бейнелейді. «В. Засулич жойымпаздықты қалай талқандап отыр» деген мақалада партия туралы Лениннің ілімі одан әрі дамытыла түсті, бұл мақалада партия жұмысшы табының алдыңғы қатарлы отряды екендігі, оның таптық ұйымының жоғарғы формасы ретінде еңбекшілердің барлық басқа ұйымдарына басшылық етуге тиісті екендігі атап көрсетілді. Ленин былай деп жазды: «Партия — таптың саналы, алдыңғы қатарлы тобы, оның авангарды. Бұл авангардтың күші оның санынан 10 есе, 100 есе және одан да көп есе зор. Бұл мүмкін бе? Жүздің күші мыңның күшінен артық бола ала ма? *Жүз ұйымдасқан болса,* артық бола алады және артық болады». Авангард ұйымдаса келіп, бірыңғай ерікке ие болады, «міне осы алдыңғы қатарлы мыңның, жүздеген мыңның, миллионның бірыңғай еркі таптың еркі *болып шығады»* (осы том, 40-бет). Ленин бұл еңбегінде жойымпаздардың анархизмге дейін құлдыраған ұйымдық оппортунизмін әшкерелейді. Жұмысшы табының партиясы үшін ұйымның қажеттігін қорғап және негіздей отырып, Ленин партияны біртұтас болып біріккен ұйымдардың жүйесі деп сипаттайды, маркстік партияның ұйымдық формасының өміршеңдігі мен икемділігін ашып көрсетеді. «Бұл ұйым,— деп жазады Ленин,— жойымпаздардың және қаншама тоғышарлардың бөлі-

нін қалуына қарамастан, реакция кезінде де сақталды. Бұл ұйым, өзінің негізгі тұрпатын сақтай отырып, *өзінің формасын* жағдайдың өзгеруіне қарай бейімдей білді... кезеңнің талаптарына сәйкес бұл *форманың* түрін өзгерте білді» (34-бет). Егер партия бұқараны аздырушы, ұйым деген ұғымның өзін, ұйым принципінің өзін бұзушы жойымпаздарға және басқа да оппортунистерге қарсы мейлінше батыл және аяусыз күрес жүргізбеген болса, Россияның жұмысшы табы өзінің қозғалысын нығайтып, дамыта алмаған болар еді. Ленин партия, жұмысшы табының алдыңғы қатардағы отряды ретінде, өзінің бұқара ішіндегі бүкіл қызметін бұқараның таңдаулы күштерін түгел қатыстыра отырып және бұқарамен тығыз байланыстың жасалған-жасалмағанын күн сайын тексере отырып жүргізуге тиіс деп үйретті. «Алдыңғы қатарлы отряд *бұқараның* мүдделерін білдіре отырып, оны ұйымдасуға үйрете отырып, бұқараның *бүкіл* қызметін саналы таптық саясат жолына бағыттай отырып, бұқараны осылай, *тек* қана осылай тәрбиелеп, көзін ашады» (43-бет). Партия пролетариатты оппортунизмге және ревизионизмге төзімсіздік рухында тәрбиелеуге, оны тап күресінде дәйекті және батыл болуға үйретуге тиіс.

Ленин Россиядағы пролетарлық партияның күші мен ерекшелігін ашып береді және Россияда социал-демократияны құрудағы тарихи жағдайлардың өзіндік өзгешелігін атап көрсетеді. Батыс Европадан өзгеше Россияда пролетарлық партия буржуазиялық революциядан бұрын қалыптаса бастады және революция жүріп жатқан кезде қалыптаса берді. Россияда пролетарлық демократияны жалпы буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық демократиядан бөліп алу жолындағы күрес марксизмнің теория жүзінде толық жеңіске жеткен жағдайларында жүріп отырды. Сондықтан күрес мұнда басқаша формада болды,— қазір толық жеңіске жетіп отырған марксизм жолындағы күрес қана емес, «маркстік» сөздерді құр желеу еткен ұсақ буржуазиялық теорияларға қарсы күрес болды. Социал-демократияның революциялық программасына адал берілген

большевиктер оппортунистердің, ревизионистер мен реформистердің сан алуан түрлеріне қарсы күресте партияның теориялық негіздерін қорғап қалды.

«Жұмысшылар бірлігі туралы», «Жойымпаздар көсемі бірліктің жойымпаздық шарттары туралы», «Орыс жұмысшылары және Интернационал», «Социалистік бюроның шешімі туралы қарар» деген және басқа мақалаларында Ленин жұмысшы қозғалысының бірлігі жолындағы партияның күресін сипаттайды. Бірлік туралы маркстік ұғымды түсіндіре келіп, Ленин пролетариаттың бірлігінің негізі таптық мүдделер мен мақсаттардың ортақтығы, таптық тәртіп, көпшіліктің еркін мойындау, осы көпшілікпен бір сапта ынтымақтасып жұмыс істеу болып табылады деп атап көрсетті. Ленин өзінің еңбектерінде жұмысшы қозғалысы бірлігінің ұлы принципінің маңызын бар күшінде баса корсетті: «Бытыраңқы жұмысшылар — түк те емес. Біріккен жұмысшылар — алып күш» (211-бет). Жұмысшы қозғалысының бірлігі бірыңғай ұйым арқылы жүзеге асырылады, оның шешімдерін барлық саналы жұмысшылар жүргізуге тиіс. «Мәселені талқылау,—деп корсетеді Ленин,— түрлі пікірлерді айту және тыңдау, ұйымдасқан марксистер *көпшілігінің* көзқарасын білу, бұл көзқарасты сырттан қабылданған шешімде білдіру, бұл шешімді адал орындау — міне осыны дүние жүзінің бәрінде, барлық парасатты адамдар арасында *бірлік* деп атайды» (210-бет). Ленин жұмысшы табының нағыз және шын мәніндегі бірлігі бәрінен бұрын және негізінен оның саяси ұйымының бірлігінде, оның партиясының бірлігінде деп үйретеді. Тек осындай бірлік қана жұмысшы табының бүкіл күресінің табысты болуын қамтамасыз ете алады. Ленин жойымпаздарды жұмысшылардың бірлігінің жауы ретінде әшкерелейді және жұмысшылардың басым копшілігінің большевиктерді жақтап отырғандығын атап көрсетеді, өйткені большевиктер «бірыңғай шешімдер бойынша біріккен, бұл шешімдерді адал жүзеге асырып отырған жұмысшылардың өздерінің *нағыз бірлігін* құруда — құрғанда баяу, бірақ бұлжытпай» (212-бет) құрып отыр. Ленин өзінің еңбектерінде бірлік тек принципті негізде, рево-

люциялық тактиканы және оппортунизмге қарсы күресті мойындау негізінде ғана мүмкін екендігін түсіндіреді.

Мемлекеттік думада дербес большевиктік фракцияның құрылуы жойымпаздарға қарсы, жұмысшы қозғалысының бірлігі жолындағы күресте зор маңыз алды. Меньшевик-депутаттар бір дауыстың әлдеқалай артықшылығын пайдаланып, Россия пролетариатының аса зор көпшілігінің өкілдері болып отырған алты жұмысшы большевик-депутаттың қарапайым праволарын бұзды. Олар жұмысшы өмірінің өте маңызды мәселелері жөнінде большевиктерді Дума трибунасынан сөз сөйлеу мүмкіндігінен айырды. Жұмысшылардың болмашы азшылығының өкілі болып отырған меньшевиктік «жетеу» жұмысшы табының көпшілігінің еркін елемей қойды. Большевик-депутаттар жойымпаздық «жетеудің» бұл сияқты авантюристік әрекеттеріне қарсы мейлінше батыл наразылық білдірді және өздері үшін толық тең праволылықты талап етті. 1913 жылы октябрьде, меньшевиктік «жетеу» «алтаудың» талабын қанағаттандырудан ресми түрде бас тартқаннан кейін, партияның Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша большевик-депутаттар біріккен социал-демократиялық фракциядан шығып, Мемлекеттік думада дербес большевиктік фракция құрды, оны «Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы» деп атады.

Большевик-депутаттар Дума трибунасын жұмысшылардың қалың бұқарасы арасында партияның идеяларын насихаттау үшін пайдаланды. Осы томға енген бірқатар еңбектерде — «Жаман істі жаман қорғау», «Мәлімдеме», «Думадағы жетеу», «Либерал буржуазия және жойымпаздар», «Думадағы социал-демократиялық фракция ішіндегі күрес туралы мәселе жөніндегі материалдар», «Таластар мен күрестің екі тәсілі» және басқаларында — Ленин IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысын кеңінен көрсетеді және жұмысшы табының революциялық бірлігін болдырмауға тырысқан жойымпаз-меньшевиктік «жетеудің» антипартиялық, іріткі салушылық әрекеттерін әшкерелейді. IV Думадағы большевиктік фракция

партияның еркін, саналы жұмысшылардың көпшілігінің еркін жүзеге асырды. Партияның аса маңызды шешімдерінің бәрі большевиктік фракция мүшелерінің тікелей қатысуымен жүргізілді. Большевик-депутаттар Думада өздерінің бүкіл қызметін халыққа қызмет етуге, жұмысшы табының мүдделерін қорғауға бағындырды. Лениннің, Орталық Комитеттің басшылығымен, бұқарамен тығыз байланыс жасала отырып, жұмысшы-депутат арқылы жұмысшы табының шын мәніндегі өкілі — пролетарлық партияның парламенттік қайраткерінің жаңа типі тәрбиеленді.

Большевиктік партияның Думадағы тактикасы батыс европалық социал-демократиялық партиялардың парламенттік тактикаларынан түбегейлі өзгеше болды, бұл партиялар тек министрлік қызмет алуға ұмтылған өздерінің меншікті парламенттік топтарының қарапайым шылауына айналып кеткен болатын. Большевиктік фракцияның Думадағы жұмысы пролетарлық партияның революциялық рухтағы парламенттік қызметінің үлгісі болды. Думадағы фракция қызметінің тәжірибесін негізге ала отырып, Ленин бұл мәселеде мынадай басшылық принциптерді талдап жасады: парламенттік фракцияларды Орталық Комитеттің бақылауына және нұсқауына толық бағындыру; олардың құрамына көбіне-көп революцияшыл жұмысшыларды енгізу; партиялық баспасөзде және партия жиналыстарында парламентарийлердің сөздеріне коммунистік ұстамдылығы жағынан талдау жасау; депутаттарды бұқара арасында үгіт жұмысын жүргізуге жіберіп отыру; кімде-кім оппортунистік тенденцияға бой ұрса, оны фракциядан аластап отыру. Бұл принциптер халықаралық коммунистік қозғалыста толық қолдау тапты.

Партия ұйымдарын нығайту және бұқараға ықпал жүргізуге ие болу ісінде большевиктік жұмысшы газеті —«Правда» орасан зор роль атқарды, газет 1912 жылғы апрельден бастап Петербургте шығарылды. Ленин шетелде, Краковта және Поронинде тұрып, «Правдаға» күнбе-күн басшылық жасады: партиялық және қоғамдық өмірдің ең көкейтесті мәселелеріне арнап күн сайын мақалалар жазды, газет редакциясы-

мен үнемі хат-хабар алысып отырды, принципті мәселелер бойынша жеткілікті айқындығы жоқ мақалалар басқаны үшін редакцияны қатты сынады, газеттің жұмысын жақсарту туралы нақты кеңес беріп отырды. Ленин газеттің кемшіліктерін ашып көрсете отырып, оның айбынды, революциялық рухта болуына күш салды, редакция қызметкерлерін маркстік идеологияның тазалығы жолында жойымпаздарға және басқа да оппортунистерге қарсы мейлінше батыл және ымырасыз күрес жүргізуге шақырды. Ленин редакцияға жолдаған хаттарында жұмысшы газеті қызметкерінің идеологиялық ұстамдылығын мұқият тексеру қажеттігін ескертіп отырды, белгілі бір әдебиетшіні газетке қатыстыру қажеттігі туралы мәселені оның әдеби қасиеттерінің артықшылығы тұрғысынан емес, «оның тұтас алғандағы бағыты тұрғысынан, өзінің ілімімен жұмысшы бұқарасына оның *не* жеткізетіндігі тұрғысынан» (363-бет) қарап шешуді ұсынды. Газетте жарияланған Лениннің мақалалары большевиктердің оппортунизмге қарсы пәрменді, принципті және ымырасыз күресінің айқын мысалы болып табылады.

Ленин жұмысшылардың жария ұйымдарындағы, әсіресе кәсіптік одақтардағы большевиктердің қызметі туралы мәселеге үлкен көңіл бөлді. Кәсіптік одақтардың басым көпшілігі большевиктер жағында болды. Кәсіптік қозғалыста жойымпаздардың халықшылдармен блогының принципсіздігін және олар қорғап отырған «фракциядан тысқарылықты» әшкерелей отырып, Ленин кәсіподақтарды жеңіп алудағы большевиктердің өткен жолын сипаттайды. Марксистер «жұмысшы қозғалысындағы кездейсоқ қонақтар емес,— деп жазды Ленин.—Олар ерте ме, кеш пе одақтардың бәрі маркстік көзқараста болатындығын біледі. Олар өз идеяларына болашақтың негізделетініне кәміл сенеді, сондықтан да олар оқиғаларды жеделдетпейді, одақтарды қамшылап асықтырмайды, айдарсымақтар тақпайды, одақтарды жікке бөлмейді» (384-бет).

Россияның ұлттық шет аймақтарында революциялық қозғалыстың өршуі, «отанды қорғау» деген ұранмен буржуазия әзірлеген дүние жүзілік империалистік со-

ғыстың толғағы жете бастауы, жұмысшы қозғалысын ыдыратып жіберуге, сөйтіп толғағы жеткен революцияның күштерін әлсіретіп жіберуге қауіп төндірген қара-жүздік шовинизм мен буржуазиялық ұлтшылдықтың өршеленген науқаны; жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық тенденциялардың күшеюі; жойымпаздардың, бундшылдар мен троцкистердің партияның ұлттық программасына өршелене шабуыл жасауы,— осылардың бәрі жұмысшы қозғалысының бірлігіне елеулі қауіп туғызды. Осы кезеңде жұмысшы қозғалысының интернационалдық бірлігі туралы мәселе айрықша қатты қойылды. Ленин партияның ұлт мәселесі жөніндегі теориясы мен саясатын негіздеу жолында дамылсыз жұмыс істеді. Ол көптеген мақалалар, хаттар жазды, Парижде, Брюссельде, Льежде, Лейпцигте, Краковта ұлт мәселесі жөнінде рефераттар оқыды. Ленин партияның Поронин кеңесінде ұлт мәселесі жөнінде үлкен баяндама жасады.

Лениннің ұлт мәселесіне арналған шығармалары томда үлкен орын алады. Олардың ішінде: РСДРП Орталық Комитетінің Поронин кеңесінде қабылданған «Ұлт мәселесі жөніндегі қарар», «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар» деген классикалық еңбек, «Мәдени-ұлттық автономия туралы», «Кадеттер және «халықтардың өзін өзі билеу правосы»», «РСДРП-ның ұлттық программасы туралы», «Национал-либерализм және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген мақалалар бар. Ленин ұлт мәселесі жұмысшы табының революциялық күресі туралы жалпы мәселенің құрамды бөлегі болып табылатындығын және демократия жолындағы, пролетариат диктатурасы жолындағы, социализм жолындағы күресте пролетариаттың резерві және одақтасы туралы мәселе ретінде аса зор маңызы бар екендігін көрсетіп берді.

Ғылыми коммунизмнің негізін салушылар К. Маркс пен Ф. Энгельс ұлт мәселесінің ғылыми түсініктемесін берді, ұлттық қозғалыстардың әлеуметтік тамырларын ашып көрсетті және ұлттық езгі мен теңсіздік атаулыны жою тек капитализмді құрту және өкіметті пролетариаттың жеңіп алуы нәтижесінде ғана мүмкін

екендігін дәлелдеді. Олар жұмысшы табы өзінің әлеуметтік табиғаты жөнінен интернационалдық екенін, оның түбегейлі мүдделері басқа ұлттарды қанаушылық саясатына қарсы, ұлттық және отарлық езгіге қарсы, ұлттық шектеулер мен пұрсаттылықтар атаулының бәріне қарсы дәйекті күрес жүргізуді талап ететіндігін көрсетіп берді, өйткені «басқа халықтарды қанап отырған халық ерікті бола алмайды». Ленин ұлт мәселесі жөніндегі марксизм идеяларын жаңа тарихи жағдайда дамыта түсті. Ол ұлт-азаттық революциялар туралы көзқарастардың сындарлы жүйесін жасады, ұлт-отар мәселесі социалистік революция туралы жалпы мәселенің құрамды бөлегі болып табылатындығын көрсетті.

Лениннің ұлт-отар мәселесі жөніндегі ілімі қазіргі заманда, негізгі мазмұны капитализмнен социализмге өту болып отырған заманда толығынан расталды.

Лениннің еңбектерінде маркстік партияның ұлт мәселесі жөніндегі программалық қағидалары: ұлттардың тең праволылығы және аз ұлттардың праволары туралы; ұлттардың мемлекет болып бөлінуге дейінгі өзін өзі билеу правосы туралы; тілдер және олардың тең праволылығы туралы; ұлттық мәдениет және оның таптық мазмұны туралы; орталықтандыру және автономия туралы және басқа да қағидалар ғылыми тұрғыдан негізделген. Ленин барлық осы мәселелер жөнінде орыс және халықаралық оппортунистердің көзқарастарын өлтіре сынады, буржуазиялық ұлтшылдықтың барлық түрлерін әшкереледі және оған дәйекті пролетарлық интернационализмді қарама-қарсы қойды.

РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесінде Лениннің ұлт мәселесі жөнінде жасаған баяндамасы және ол ұсынған қарар партияның ұлт мәселесі жөніндегі міндеттерін дәлме-дәл және айқын белгілеп берді. Кеңес партияның программасын Бундтың ұлтшылдық соқыр сенімдері рухында бұрмалаушылықтың оппортунистік әрекеттеріне батыл тойтарыс берді, «мәдени-ұлттық автономия» ұранын қатты сынға алды. Ленин «мәдени-ұлттық автономияны» талап ету ең жымысқы, ең зиянды ұлтшылдық, буржуазияның марксизмге түбе-

гейлі жат идеологиясы болып табылады деп көрсетті. Поронин кеңесі ұлт мәселесі жөніндегі қарарда халықтардың мемлекет болып бөлінуі правосын атап көрсете отырып, бұл ұранды пролетариаттың таптық міндеттері тұрғысынан жүзеге асырудың шарттарын, әдістері мен жолдарын белгіледі. Ленин Поронин кеңесі қабылдаған ұлт мәселесі жөніндегі қарарды партияның программалық декларациясы, орыс марксистерінің ұлт мәселесіне коллективтік көзқарасын білдіруі деп қарады.

Ленин «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар» деген өзінің еңбегінде марксизмнің ұлт мәселесі жөніндегі теориялық қағидаларын дамытады және халықаралық жұмысшы қозғалысы үшін бұл мәселенің орасан зор маңызын көрсетеді. Ленин большевизмнің ұлт программасын терең негіздей отырып, капитализм жағдайында ұлттық өзара қарым-қатынас тұрғысынан қоғамдық дамудың қарама-қарсы екі тенденциясын атап көрсетті: оның бірі — ұлттық өмір мен ұлттық қозғалыстардың оянуы, ұлттық мемлекеттер құру; екінші тенденция — ұлттар арасында алуан түрлі қарым-қатынастардың өркендеуі және жиіленуі, экономикалық өмірдің, саясаттың, ғылымның және т. т. интернационалдық бірлігінің жасалуы. Бірінші тенденция капитализм дамуының бастапқы кезінде, халқы бір тілде сөйлейтін территорияларды мемлекетке біріктіру қажет болып, буржуазияның ішкі рынокты жеңіп алуы кезінде басым болды. Капитализм өрлеп келе жатқан заманда буржуазия феодализмді талқандай отырып, халықтың шаруашылық бытыраңқылығын да жойды, осы халықтың бытыраған бөліктерін біртұтас ұлттық бірлікке жинастырды. Буржуазиялық ұлттық мемлекеттер осылай пайда болды. Капитализм тұсында ұлттық мәселенің дамуының екінші тенденциясы капитализм дамуының жоғарғы, империалистік сатысына тән. Бұл тенденция халықтар арасында шаруашылық тұрғыдан жақындасуға, экономикалық өмірге және ұлттар арасындағы қатынастардың дамуына кеселдік келтіретін барлық кедергілерді жоюға ұмтылушылықты бейнелейді, яғни ұлттық томаға-тұйықтықты жоюға, көп ұлтты мемлекеттер құруға әкеледі. «Бұл екі тенденцияның

екеуі де,— деп көрсетті Ленин,— капитализмнің дүние жүзілік заңы» (139-бет).

Империализм үшін бұл екі тенденция ымыраға келмейтін қайшылықтар болып табылады, өйткені империализм отарларды қанамай және оларды «бірыңғай тұтас» шеңберде зорлықпен тежеп ұстамай өмір сүре алмайды, империализм халықтарды тек аннексиялар және отарлық басып алулар жолымен ғана «жақындастыра» алады. Коммунизм үшін, мұның керісінше, бұл тенденциялар бір ғана істің, езілген халықтарды империализмнің езгісінен азат ету ісінің тек екі жағы болып табылады, өйткені коммунизм халықтарды біртұтас дүние жүзілік шаруашылыққа біріктіру өзара сенімділік және ерікті келісім негізінде ғана мүмкін екендігін, халықтардың ерікті бірлестігін құруды отарларды «бірыңғай» империалистік «тұтастықтан» бөліп алу арқылы, оларды дербес мемлекетке айналдыру арқылы жүзеге асыруға болатындығын көздейді.

Маркстік партияның ұлттық программасы, біріншіден, ұлттар мен тілдердің тең праволылығын, бұл жөнінде пұрсаттылықтың қандайына болса да жол бермеушілікті, сондай-ақ ұлттардың өзін өзі билеу правосын, екіншіден, интернационализм принципін және пролетариатты буржуазиялық ұлтшылдықпен, соның ішінде тіпті ең жымысқы ұлтшылдықпен уландыруға қарсы ымырасыз күрес жүргізуді қорғай отырып, осы тенденциялардың екеуімен де санасады. «Буржуазиялық ұлтшылдық және пролетарлық интернационализм — міне бүкіл капиталистік дүниенің таптық екі ұлы лагеріне сай келетін және ұлт мәселесіндегі *екі* саясатты (ол ол ма: екі түрлі дүние танымды) көрсететін бір-бірімен ымыраға келместей осы екі ұран осы» (138-бет). Марксизм ұлтшылдықпен ымыраға келмейді. Буржуазиялық ұлтшылдықтың орнына марксизм интернационализмді — барлық ұлттардың ең жоғары бірлікте топтасуын ұсынады.

Ленин пролетариаттың буржуазияны жеңуі арқасында ғана, тек социализм жолында ғана езілген халықтар толық бостандыққа, тең праволылыққа және баянды

бейбітшілікке жете алады; тек социализм мен демократия, ұлттық суверендікті құрметтеу негізінде ғана тең праволы халықтардың ерікті, берік бірлестігін құруға болады деп үйретеді.

Ленин өзінің еңбегінде марксизм тарихында тұңғыш рет әрбір ұлттық мәдениетте екі мәдениеттің бар екендігі туралы қағиданы тұжырымдап берді және капиталистік қоғамда ұлттық мәдениет ұраны буржуазиялық ұран екендігін түсіндірді. «*Әрбір* ұлттық мәдениетте,— деп жазды Ленин,— демократиялық және социалистік мәдениеттің, жетілмеген болса да, *элементтері* бар, өйткені *әрбір* ұлтта еңбекші және қаналушы бұқара бар, оның өмір сүру жағдайлары демократиялық және социалистік идеологияны туғызбай қоймайды. Бірақ сонымен қатар *әрбір* ұлтта буржуазиялық (ал көпшілігінде әлі де болса қаражүздік және клерикалдық) мәдениет те бар — қала берді бұл мәдениет «элементтер» түрінде ғана емес, *үстем* мәдениет түрінде болып отыр» (135-бет).

Саналы пролетарлар әрбір ұлттық мәдениеттен оның тек демократиялық және социалистік элементтерін ғана алады. СССР-дегі және басқа социалистік елдердегі социалистік құрылыстың тәжірибесі мынаны көрсетіп отыр: тек социализм ғана ұлттық формасы жағынан әр түрлі, бірақ өзінің мазмұны жағынан бірыңғай, социалистік мәдениет құра алады және құрады.

«Епископ Никон украиндарды қалай қорғап отыр?», «Кадеттер және «халықтардың өзін өзі билеу правосы»» деген және басқа мақалалар Украинадағы ұлт мәселесіне арналған. Патша өкіметінің Украинадағы ұлт саясатының мәні мен салдарын анықтай отырып, Ленин осы саясатты қолдап отырған кадеттерді аямай соққыға алады, украиндық буржуазиялық ұлтшылдық пен шовинизмнің түп тамырын ашып көрсетеді. Ол Украина мен Россия еңбекшілерін топтасуға, тығыз одақтасуға талмастан шақырады: «Великорус және украин пролетарлары бірігіп қимыл жасаса, азат Украинаның *болуы мүмкін,* мұндай бірлік болмайынша, азат Украина туралы сөз болуы да мүмкін емес» (143-бет).

Ленин Латвиядағы жұмысшы қозғалысына үлкен көңіл бөлді. Латыш өлкесі социал-демократиясы қатарында 1913 жылдың аяғына таман большевиктер мен меньшевиктер арасындағы күрес мейлінше шиеленісе түсті. Партияның барлық орталық мекемелерін бұл кезде меньшевиктер — жойымпаздар мен ымырашылдар басып алды, олар өздерінің оппортунистік және іріткі салушылық қызметімен құпия партияны әлсіретті, сөйтіп жұмысшы қозғалысын реформистік жолға бұруға тырысты. Алайда Латвияның жергілікті партия ұйымдары мен саналы жұмысшыларының көпшілігі большевиктік позицияда болды. Латыш большевиктері большевиктік пиғылдағы жұмысшылардың қолдауымен жойымпаз-меньшевиктік басшылыққа қарсы батыл күрес жүргізді. Латыш большевиктерінің бұл күресіне Ленин үлкен көмек көрсетті, өйткені Латыш социал-демократиялық ұйымының 1912 жылы троцкистік Август блогына қосылғаны оны айрықша мазалады. Ленин латыш социал-демократтарын бұл блоктан шығару үшін жігерлі күрес жүргізді, Латвия большевиктерімен үнемі және тығыз байланыс жасап отырды. Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезін әзірлеуге және өткізуге іскерлікпен қатысты, съезд 1914 жылы январьда Брюссельде болып өтті.

1913 жылғы майдың ішінде-ақ, латыш большевиктерінің өтініші бойынша, Ленин «Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезіне арналған платформаның жобасын» жазды, Латвия большевиктеріне берік принциптік бағыт белгілеп алуға жәрдемдесті. Ленин съездің қарсаңында Латвия большевиктерімен жиі-жиі хат-хабар алысты, олардың өкілдерімен жүзбе-жүз кездесу үшін Берлинге және Парижге барды; бұл кездесулердің мақсаты съезге әзірлік, оның құрамы, ондағы болатын күрестің ықтимал нәтижелері туралы мәселелерді және т. с. анықтау болды. Съездің өзінде Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясының РСДРП-ға және Думадағы фракцияның жікке бөлінуіне көзқарасы туралы баяндама жасады, большевик-делегаттардың кеңестеріне қатысты, оларға қарар жобаларын әзірлеуге жәрдемдесті. Ол өзінің баяндамасында Россиядағы

жойымпаздыққа қарсы күресті баяндады, жойымпаздар мен ымырашылдардың жалған пайымдауларын әшкереледі және Россияның саналы жұмысшыларының $^4/_5$ бөлігі қазірдің өзінде жойымпаздарды айыптап, большевиктік партияның төңірегіне топтасқандығын дәл объективті деректер негізінде дәлелдеп берді. Ленин оппортунистік позиция ұстаған латыш социал-демократиясының Орталық Комитетін сынға алды және латыш социал-демократтарын жойымпаздардан батыл қол үзуге шақырды. Ленин съезде орын алған ымырашылдық тенденцияға қарсы күресті. Съезд қабылдаған, Ленин жазған, қарар жойымпаздық пен ымырашылдықты айыптады және Август блогынан дереу ажырасуды талап етті. Ленин латыш социал-демократтарының бұл блоктан шығуын троцкистік бірлестікке берілген ең күшті соққы деп санады, мұның өзі троцкистердің Россияда центристік партия құру жөніндегі әрекеттерін жоққа шығарды. Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің барлық қарарлары пролетарлық интернационализм рухында болды. Ленин «көп жылдар бойғы тәжірибе жұмысшы табының жергілікті ұйымдарының *интернационалдық бірлік* принципінің дұрыс екендігіне латыш марксистерінің көзін толық жеткізді» (Шығармалар, 20-том, 183-бет) деп атап көрсетті.

Томға енген шығармаларында Ленин капиталистік қоғамның негізгі қайшылықтарының — өндірістің қоғамдық сипаты мен иемденудің жеке капиталистік формасы арасындағы қайшылықтардың шиеленісе түскенін көрсетеді, қоғамның дамуы жолында кедергіге айналған капитализмнің іріп-шіруін ашып береді. Капитализм жағдайында ғылым мен техника, ашылған жаңалықтар мен өнер табыстар буржуазияның баю құралына айналып, еңбекшілер бұқарасын қанауды күшейтеді, жұмыссыздық пен қайыршылықты үдете түседі. Ленин капитал магнаттарының құлқын-құмарлық мүдделері салдарынан техникалық жақсартулардың жүзеге асырылуына кедергі жасалып отырғандығын көрсетеді. Ленин «Цивилизациялы варварлық» деген мақаласында былай деп жазды: «Қайда барсаң да — адамзаттың *дереу* шешуіне әбден болатын міндет-

терге аяғыңды басқан сайын кез боласың. Капитализм кедергі жасап отыр. Ол тау-төбе байлық жинады — ал адамдарды сол байлықтың *құлы* етті. Ол техниканың аса күрделі мәселелерін шешті — ал миллиондаған халықтың қайыршылығы мен қараңғылығынан, ат төбеліндей миллионерлердің топастық сараңдығынан техникалық жақсартуларды жүзеге асыруды бөгеді. Капитализм тұсындағы цивилизация, бостандық пен байлық күпті болған бай туралы ой туғызады, ол тірідей шіриді және жастық атаулыға күн көрсетпейді. Бірақ ештеңеге қарамастан жас өседі және үстем болып шығады» (20-бет).

Бұдан жарты ғасыр бұрын жазылған Лениннің бұл сөздері қазіргі жағдайда, капитализм адамзатқа жат күшке, адамның данышпандық ақыл-ойын адамзаттың өзіне қарсы жұмсап, ұлы ғылыми жаңалықтарды қырғын соғыс құралдарына айналдырып, халықтарды аштыққа, қайыршылыққа және құрып бітуге душар етіп, халықтардың бақытсыздығының қайнар көзіне айналып отырған жағдайда айрықша актуалды естіледі. Қаусап, дәрмені кеткен капитализмге қарама-қарсы социализм елдерінің дамуы социалистік құрылыстың аса ұлы артықшылықтарын дәлелдеп отыр. Социализмнің және халықтар арасындағы бейбітшілік жолындағы күрестің табыстары тарихтың прогрестік барысын тездете түседі. Империализмнің толық күйрейтіндігі және коммунизмнің салтанат құратындығы сөзсіз.

Ленин «Тейлор системасы — адамды машина арқылы қанап-жаншу» деген мақалада тейлоризмнің капиталистік қанаушылық системасын—жұмысшыларға қарсы бағытталған және еңбекшілерді қанауды күшейте түсетін, оларды бұрынғыдан да гөрі жаныштап, езуге, жұмысшылардың дене күштері мен рухани күштерінің титықтап қажуына әкеп соқтыратын системаны — әшкерелейді. Ленин былай деп атап көрсетеді: пролетариат бүкіл қоғамдық өндірісті өз қолына алып, қоғамдық еңбекті дұрыстап болуді және тәртіптеуді жолға қойғанда — ірі өндіріс, машиналар, темір жолдар және ғылым мен техниканың басқа да жетістіктері жұмыс уақытын қысқартуға және еңбекшілердің материалдық

әл-ауқатын жақсартуға мыңдаған мүмкіндіктер береді.

Ленин «Либерал профессор теңдік туралы» деген мақалада буржуазияшыл экономист Туган-Барановскийді әшкерелейді; Туган-Барановский теңдік туралы маркстік ұғымды арсыздықпен бұрмалай отырып, социализмге қарсы айтыла-айтыла жауыр болған және тозығы жеткен дәлелдерді қайталап, социализмді «жоюға» тырысты. Автордың пікірлерін теріске шығарып, ажуалай отырып, Ленин былай деп жазды: ол реакционерлердің ескі тәсілін қайталайды: социализмге қисынсыздықты таңып, алдымен оны бұрмалау керек, ал одан соң қисынсыздықтарды жеңімпаздықпен жоққа шығару керек; Ленин былай деп түсіндірді: марксистер саяси салада теңдік деп тең праволылықты түсінеді, ал экономикалық салада — таптарды жоюды түсінеді. Ал дене күштері мен ақыл-ой қабілеттерінің тең болуы мағынасында адам теңдігін орнату туралы социалистер ойлаған да емес. Америка Құрама Штаттарында, деп көрсетті Ленин, буржуа мен пролетарлар өздерінің таптық жағдайы жағынан тең емес: капиталистер өндіріс құрал-жабдықтарына ие болып, жұмысшылардың ақысы төленбеген еңбегінің есебінен өмір сүреді; ал пролетарлардың өндіріс құрал-жабдықтары жоқ және өз жұмыс күшін сату арқылы өмір сүреді. «Таптарды жою — бүкіл қоғамның *өндіріс құрал-жабдықтары* жөнінде *барлық* азаматтарды *бірдей* жағдайға қою деген сөз, мұның өзі — қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарын пайдаланып жұмыс істеуге, қоғамдық жерде, қоғамдық фабрикаларда, тағы сондайларда жұмыс істеуге барлық азаматтардың *бірдей* еркі бар деген сөз» (390—391-беттер). Марксистер теңдік деп әрқашан қоғамдық теңдікті, қоғамдық дәреже теңдігін түсінеді. Ленин социализм жөнінде буржуазияшыл ғалымдар таратып жүрген өтіріктің ақиқат себептерін ашып көрсетті: «буржуазиялық қоғамда профессорлардың *қоғамдық* дәрежесі сондай,— деп жазды Ленин,— бұл лауазымға ғылымды капитал мүдделеріне қызмет етуге сататын адамдарды ғана, социалистерге қарсы ең барып тұрған сан-

дырақтарды айтуға, ең арсыз жөнсіздіктер мен түкке тұрғысыз сөздерді айтуға келісетін адамдарды ғана жібереді. Профессорлар социализмді «жою» жұмысымен шұғылданса болғаны, буржуазия олардың мұнысының бәрін кешіре береді» (391-бет).

1913 жылдың аяғында жазған «Маркстің Энгельспен жазысқан хаттары» деген мақаласында Ленин ғылыми социализмнің негізін салушылардың жазысқан хаттарының орасан зор саяси және ғылыми маңызын көрсетеді; бұл жазысқан хаттар дербес жұмысшы қозғалысының пайда болу және пролетарлық тактика мен саясаттың негіздерін белгілеу заманына жатады. Бүкіл жазысқан хаттардың өзекті пункті, деп жазды Ленин, бүкіл саяси экономияны негізінен бастап қайта құру ісіне,— тарихқа, жаратылыс тануға, философияға, жұмысшы табының саясаты мен тактикасына материалистік диалектиканы қолдану болып табылады.

* *
*

Осы томда Шығармаларға алғаш рет енгізілген Лениннің 19 еңбегі басылып отыр. Олардың ішінде «Октябристер және жұмысшы қозғалысы», ««Орыс интеллигенциясының мерекесі» туралы», «Думадағы социал-демократиялық фракцияның жікке бөлінуіне Россия жұмысшыларының бағасы», «Бюроның ең таяудағы қадамдары туралы мәселе жөнінде», «Халық мұғалімдерінің қайыршылығы», «Орыс жұмысшылары және Интернационал», «Жойымпаздар жұмысшыларды қалай алдап отыр», «Социалистік бюроның шешімі туралы қарар», «Біздің мектептер туралы», «Думадағы фракция және Думадан тысқарғы көпшілік», «Н. К. Крупскаяның «Халық ағарту министрлігінің саясаты туралы мәселе жөнінде» деген мақаласына қосымша», «Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезінде РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасы», «Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезінде сөйленген қорытынды сөз», «Латыш өлкесі социал-демократиясының РСДРП-ға көзқарасы туралы қарардың жобасы» деген мақалалар бар.

«Дайындық материалдар» деген бөлімде «Ұлт мәселесі жөніндегі қарардың нобайы», «Жергілікті жерлерде оқылатын баяндаманың конспектісі», «Ұлт мәселесі жөніндегі рефераттың тезистері», «Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезіне баяндаманың конспектісі», «Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезінде сөйлепстіп қорытынды сөздің конспектісі» басылып отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

МАРКСИЗМ ЖӘНЕ РЕФОРМИЗМ

Марксистер, анархистерден өзгеше, реформа жолындағы күресті, яғни өкіметті бұрынғыша үстем таптың қолында қалдыра отырып, еңбекшілердің жағдайын жақсарту жолындағы күресті мойындайды. Бірақ мұнымен қатар марксистер жұмысшы табының талаптары мен қызметін реформалармен тікелей немесе жанамалап шектейтін реформистерге қарсы барынша үзілдікесілді күрес жүргізеді. Реформизм — жұмысшыларды буржуазиялық алдау, жұмысшылар,— капитал әзірге үстемдік құрып тұрғанда,— жекелеген жақсартуларға қарамастан, әрқашан жалдама құлдар болып қала береді.

Либерал буржуазия бір қолымен реформаларды беріп жатса, екінші қолымен оларды әрқашан кері қайырып алады, оларды жоқ етеді, ол реформаларды жұмысшыларды құл ету үшін, жұмысшыларды жекелеген топтарға бөлшектеу үшін, еңбекшілердің жалдама құлдығын мәңгілік ету үшін пайдаланады. Сондықтан реформизм, тіпті ол әбден шынайы болғанның өзінде, іс жүзінде жұмысшыларды буржуазиялық аздырудың және дәрменсіз етудің құралына айналады. Реформистерге сенемін деп, жұмысшылардың әрқашан алданып қалып келгенін барлық елдердің тәжірибесі көрсетіп отыр.

Қайта керісінше, егер жұмысшылар Маркс ілімін меңгерген болса, яғни жалдама құлдықтың капитал үстемдігі әзірге сақталып отырғанда болмай қоймай-

тындығын ұғынған болса, онда олар ешқандай буржуазиялық реформалар арқылы өздерін алдатпайды. Жұмысшылар капитализм сақталып тұрғанда реформалардың берік те, елеулі де бола алмайтындығын түсіне келіп, жақсартулар үшін күреседі, жақсартуларды жалдама құлдыққа қарсы неғұрлым қажырлы күресті жалғастыра түсу үшін пайдаланады. Реформистер қайыр-садақалар арқылы жұмысшыларды бөлшектеуге және алдауға, олардың назарын бұлардың таптық күресінен басқа жаққа аударуға тырысады. Реформизмнің жалғандығын түсінген жұмысшылар реформаларды өзінің тап күресін дамытып, кеңейтуге пайдаланады.

Реформистердің жұмысшыларға ықпалы неғұрлым күштірек болса, жұмысшылар соғұрлым дәрменсіз, олар буржуазияға соғұрлым тәуелді болады, буржуазияның әр түрлі айла-шарғылар арқылы реформаларды жоққа шығаруына соғұрлым жеңіл келеді. Жұмысшы қозғалысы неғұрлым дербес және мақсаттары жағынан терең, кең болса, реформизмнің тар өрістілігінен ол неғұрлым еркін болса, жұмысшылардың жекелеген жақсартуларды баянды етуіне және пайдалануына соғұрлым жақсы мүмкіндік болады.

Реформистер барлық елдерде бар, өйткені барлық жерде буржуазия қайткенде де жұмысшыларды аздыруға, оларды құлдықты жою туралы ойдан бас тартатын қанағатшыл құлдар етуге тырысады. Россиядағы реформистер —жойымпаздар; олар жаңа, ашық, жария партия туралы қиялдармен жұмысшыларды алдарқату үшін біздің өткендегімізден бас тартып отыр. Жуырда петербургтік жойымпаздар реформизмге салынды деген айыптаудан қорғана бастады, бұған оларды «Северная Правда»*[1] мәжбүр етті. Өте-мөте маңызды мәселені әбден анықтап алу үшін олардың пікірлеріне мұқият тоқталу керек.

Біздер реформистер емеспіз — деп жазды петербургтік жойымпаздар — өйткені біздер: ең бастысы —реформалар, түпкі мақсат— түк те емес, деп айтқапымыз

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 23-том, 435—438-беттер. *Ред.*

жоқ; біздер: түпкі мақсатқа қарай қозғалайық дедік; біздер: реформа жолындағы күрес арқылы қойылған міндеттердің толық болуына жетейік дедік.

Бұл қорғану ақиқатқа сәйкес келе ме, жоқ па, соны қарап көрейік.

Бірінші факт. Жойымпаз Седов барлық жойымпаздардың мәлімдемелерін жинақтай келіп, марксистер қойып отырған «үш киттің»[2] екеуі қазір үгіт үшін жарамсыз деп жазды. Ол теория жағынан реформа ретінде жүзеге асыруға болатын 8 сағаттық жұмыс күнін қалдырды. Ол атап айтқанда реформа шеңберінен шығатын нәрсені жойды немесе кейінге жылжытты. Демек, ол түпкі мақсат — түк те емес дейтін формула арқылы білдірілетін саясаттың нақ өзін жүргізіп, барып тұрған ашық оппортунизмге ұрынды. Ал «түпкі мақсатты» (демократизм жөнінде болса да) үгіттен аулақ жылжытудың өзі реформизм болып шығады.

Екінші факт. Жойымпаздардың атышулы август (өткен жылғы) конференциясы[3] да реформистік емес талаптарды үгіттің нағыз бел ортасына жақындата түсудің орнына, ол талаптарды — ерекше жағдайға қалдырып — әрірек жылжытады.

Үшінші факт. «Ескіні» теріске шығарып, кемсітіп, одан ат-тонын ала қашып, жойымпаздар осынысы арқылы реформизммен шектеледі. Қазіргі жағдайда реформизмнің «ескіден» безумен байланысты екені анық.

Төртінші факт. Жұмысшылардың экономикалық қозғалысы реформизмнің шеңберінен шығып кететін ұрандармен байланысса-ақ болғаны, ол қозғалыс жойымпаздардың ашуын келтіріп, шабуылын туғызады («құмарлық», «қолды бір-ақ сермеу» және т. т. және т. т.).

Қорытындыда біз нені көреміз? Жойымпаздар сөз жүзінде принципті реформизмді қабылдамайды, ал іс жүзінде оны барлық жағынан жүзеге асырады. Бір жағынан, олар үшін реформалар әсте ең бастысы емес деп біздерді сендіреді,—ал екінші жағынан, марксистердің практика жүзінде реформизм шеңберінен шығуының қандайы болса да жойымпаздардың не шабуы-

лын, не немқұрайдылықпен қараушылығын туғызады.

Мұнымен қатар жұмысшы қозғалысының барлық салаларындағы оқиғалар бізге мынаны көрсетеді: реформаларды іс жүзінде пайдалану және реформа үшін күресу ісінде марксистердің артта қалмай отырғаны былай тұрсын, қайта керісінше — көрінеу алда келеді. Жұмысшы куриясы бойынша Дума сайлауын — депутаттардың Думада және Думадан тыс жерде сөйлеген сөздерін, жұмысшы газеттерін жолға қоюды, қауіпсіздендіру реформасын пайдалануды, өте ірі кәсіптік одақ ретінде металлистер одағын және т. т. алыңыз — сонда сіз үгіттің, ұйымның тікелей, ең таяудағы, «күнделікті» жұмысы саласында, реформалар жолындағы және оларды пайдалану жолындағы күрес саласында марксист-жұмысшылардың барлық жерде жойымпаздардан басым болғанын көресіз.

Марксистер реформалардың және оларды пайдаланудың бірде-бір «мүмкіндігін» босқа жібермей, насихатта да, үгітте де, экономикалық бұқаралық қимылдарда да және т. т. реформизм шеңберінен шығудың қандайын болса да айыптамай, қайта қолдап, ұқыпты түрде дамыта отырып, жұмысты тынбастан жүргізеді. Ал марксизмнен қол үзген жойымпаздар маркстік тұтастықтың өмір сүруінің өзіне шабуыл жасаулары арқылы, маркстік тәртіпті өздерінің бүлдіруі арқылы, реформизм мен либералдық жұмысшы саясатын өздерінің уағыздауы арқылы жұмысшы қозғалысына тек іріткі салады.

Оның үстіне, Россияда реформизм тағы бір ерекше формада көрініп отырғанын, атап айтқанда қазіргі Россия мен қазіргі Европаның саяси жағдайының түбегейлі себептерін бірдей деп қарау түрінде көрінетінін ұмытпау керек. Либералдың көзқарасы тұрғысынан бұлайша бірдей деп қарау заңды, өйткені либерал «бізде, құдайға шүкір, конституция бар» дегенге иланып, соны тәубе етеді. Либерал 17 октябрьден кейін демократияның реформизм шеңберінен шығуының қандайы болса да есуастық, қылмыс, күнә және т. с. деген көзқарасты қорғағанда, ол буржуазияның мүдделерін білдіреді.

Бірақ «ашық партияны» да, «жариялылық үшін күресті» де және т. с. әрдайым және үнемі Россияға (қағаз жүзінде) «тасымалдайтын» біздің жойымпаздар іс жүзінде пақ осы буржуазиялық көзқарастарды жүзеге асырады. Басқаша айтқанда, олар, либералдар сияқты, Батыста конституциялар жасауға және оларды ұрпақтар бойына, кейде тіпті ғасырлар бойына нығайта беруге жеткізген өзіндік ерекше жолды *ескерместен* европалық конституцияны Россияға тасымалдауды уағыздайды. Жойымпаздар мен либералдар, әдетте айтылатындай, теріні суға салмастан жуып алғысы келеді.

Европада реформизм іс жүзінде марксизмнен бас тарту және оны буржуазиялық «әлеуметтік саясатпен» алмастыру болып табылады. Бізде жойымпаздардың реформизмі тек бұл ғана емес, оның үстіне маркстік ұйымды талқандау және жұмысшы табының демократиялық міндеттерінен бас тарту, оларды либералдық жұмысшы саясатымен алмастыру да болып табылады.

«Правда Труда» № 2,
12 сентябрь, 1913 ж.
Қол қойған: В. И.

«Правда Труда» газетінің текcті бойынша басылып отыр

ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ДЕРЕВНЯ КЕДЕЙЛЕРІ

3 сентябрьде Киевте болған бүкіл россиялық ауыл шаруашылық съезінде Чернигов агрономы Минин осы аса маңызды тақырыпта баяндама жасады.

Минин мырза, сірә, халықшыл болса керек (айта кетелік, ол «еңбек» шаруашылығының өміршеңдігі жөнінде буржуазияшыл профессор Косинскиймен келіскен), агрономия ауқатты шаруаларға көмектеседі деп әбден әділ дәлелдеді. Жерге орналастыру күштілерге ғана көмектеседі, ал жоқ-жұтаңдарды жұтатады. Жерге орналастыру дегеніміз — күшті адам мініп, жеңілгендерді басып-жаншатып арба.

Мұның бәрі сөзсіз ақиқат екендігінде күмән жоқ. Оны арам адамдар ғана теріске шығара алады. Дегенмен Минин мырза «аман қалудың» амалын неде деп біледі?

Ол былай деді («Киевская Мысльдің»[4] 244-номеріндегі есебінде):

«Бөлшектенгеннен кейін өте ұсақ шаруашылықтарды аман алып қалуға қабілетті бірден-бір нәрсе — ол шаруашылықтардан өз жерлерін бірігіп пайдалану үшін (коллектив болып өңдеу үшін) ерікті серіктіктер құру».

Бұл халықшылдық рецептің жай балалық екені анық. Помещиктер мен кулактар жерден миллиондаған шаруаларды қуып, басқа да миллиондаған шаруаларды күйзеліске ұшыратады. Бүкіл дүние жүзілік капитализм, халықаралық айырбастың бүкіл күші, барлық

елдер буржуазиясының миллиардтаған капиталдарының бүкіл қуаты Россияны соңына ертіп отыр, оның буржуазиясын қалада да, *деревняда* да, сонымен бірге қауымның ішінде де қоректендіріп, қолдап отыр. Енді келіп бізге: осы күйзелген шаруалардың өздерінің ұлтарақтай «меншікті жерлерін» ортақтасып өңдеуі «аман қалу» болады деседі!! Мұның өзі қол тачкамен темір жол поезын— шапшаңдығы және жүк тасу мөлшері жағынан — басып озуға тырысумен бірдей.

Жоқ, халықшыл мырзалар! Сіздердің бұл поезд кедейлерді жаныштап кетеді деулеріңіз, әрине, дұрыс. Бірақ бұл арада қол тачкасы туралы ойламау керек.

Поездан тачкаға қарай шегінбеу керек, қайта капиталистік поездан біріккен пролетарлардың поезына қарай ілгері ұмтылу керек.

Халықшылдардың бейкүнә қиялдауы тек балалық аңғалдық қана емес — ол тура зиянды, өйткені кедейлердің ойын тап күресінен басқа жаққа аударады. Бүкіл капиталистік құрылысты қайта құру жолындағы пролетариаттың буржуазияға қарсы тап күресінен *тысқары жерде* деревня кедейіне аман қалу жоқ. Сондықтан одақтар, кооперативтер, артельдер және т. с. атаулының бәрі олардың осы тап күресіне саналы түрде қатысқан жағдайында ғана пайдалы бола алады.

Ал егер капитализмнің дамуы және деревняның пролетарлануы, бүкіл дүние жүзіндегі сияқты, Россияда да сөзсіз ілгері басып отырғандығы мүлде талассыз болса, онда осы ақиқатпен шектеліп қалу өте зор қателік болар еді.

Капитализм әр түрлі болады: помещиктік, жартылай феодалдық капитализм — әр түрлі пұрсаттылық қалдықтары тым көп, неғұрлым реакциялық және бұқара үшін неғұрлым азапты капитализм,—ал сонымен қатар еркін фермерлер капитализмі болады; бұл неғұрлым демократиялық, бұқара үшін азабы кемірек, пұрсаттылық қалдықтары неғұрлым аз капитализм.

Россиядағы барлық жердің ешқандай төлем ақысыз шаруаларға көшуі, мәселен, капитализмнің дамуына қандай әсер еткен болар еді? Бұл социализм болмаған болар еді. Бұл *да* капитализм болған болар еді, бірақ

демократиялық капитализм, пуришкевичтік-гучковтік емес, халықтық-шаруалық капитализм болған болар еді. Онда капитализмнің дамуы бұрынғыдан шапшаңырақ, бұрынғыдан кеңірек, бұрынғыдан еркінірек жүрген болар еді және бұқара үшін азабы кемірек болған болар еді.

Россиядағы қазіргі, осы, бүгінгі таңдағы аграрлық мәселенің *мәні* міне осында. Бір жағынан, помещиктік жерге орналастыру мен буржуазиялық агрономияны қорғаушылар болып, ал екінші жағынан,— халықшылдар мен солшыл кадеттер[5] болып (Шаховский сияқты) Киевте (істің мәнін түсінбей тұрып) міне осы жөнінде таласты. Буржуазиялық демократия жаңа Россияны феодалдық-капиталистік тип бойынша құруды аяқтауды Пуришкевичтердің қолында қалдыруға тиіс пе? әлде ол құрылысты өз қолына, бұқараның қолына, шаруалардың қолына алып, құрылысты Пуришкевичтерсіз, еркін, демократиялық капитализм бағытында жүргізуге тиіс пе?— олар осы жөнінде таласты.

Бұл талас жөнінде саналы жұмысшының позициясын түсіну қиын емес. Столыпиндік жолдың да, халықшылдық жолдың да капитализмнің дамуы болып табылатынын, бұл даму қалай болған күнде де пролетариаттың салтанат құруына жеткізетінін біз әбден білеміз. Тарихтың қандай бет бұрысы жағдайында да біздің еңсеміз түспейді. Бірақ біз өзіміздің қатысуымызсыз, алдыңғы қатарлы таптың шын араласуынсыз тарихтың бірде-бір бет бұрысының өтуіне мүмкіндік бермейміз. Жұмысшы табы Пуришкевичтер мен шаруалар демократиясының қақтығыстарына немқұрайды қарамайды, шаруалар демократиясы мен жалпы халықтық демократияның мүдделерін олардың неғұрлым дәйекті көрінісі түрінде барынша қызу, барынша жанын сала қорғайды.

Саналы жұмысшының ұстайтын бағыты—халықшылдардың бүтіндей шірік социализмсымағына (ал іс жүзінде мещандық қиялшылдығына) титтей де икемділік жасамау,— ал шаруалар демократиясына, оны ағартуға, оятуға және топтастыруға, шірік соқыр сенім

атаулының бәрінен оны азат етуге аса зор көңіл аудару болуға тиіс.

Қол тачкасының темір жол поезын жеңуін армандағыңыз келе ме?— онда біздің жолымыз бөлек, біз насық маниловшылдықтың дұшпанымыз. Пуришкевичтермен күрескіңіз келе ме?— онда біздің жолымыз бірге, бірақ біліп қойыңыз, жұмысшылар титтей де ауытқуға кешірім жасамайды.

Ал столыпиндік жерге орналастырудың[6] «ақтық» табысына қол қоюға малайлық асығыстықпен ентелейтін адамдарға жұмысшы табы жирене қарайды, әрқашан алдыңғы қатарлы, күшті, реформизмге дұшпан таптардың оппортунистерге және минуттық табыстың сабаздарына қарап келгеніндей жиреніщпен қарайды.

«Правда Труда» № 3,
13 сентябрь, 1913 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Правда Труда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ЕПИСКОП НИКОН УКРАИНДАРДЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАП ОТЫР?

«Киевская Мысль» Мемлекеттік думаның мүшесі, оңшыл, епископ Никонның украин мектебі мен қоғамдары туралы Мемлекеттік думаға ұсынылатын заң жобасына бірінші болып қол қойғанын хабарлайды.

Заң жобасының мазмұны мынадай: бастауыш мектептерде украин тілінде оқытуға рұқсат ету; оқытушы етіп украиндарды тағайындау; украин тілін және Украин тарихын оқытуды енгізу; украин қоғамдарын қудаламау және оларды «әкімшілік ұйғарымы тұрғысынан, көбінесе жалаң озбырлықтың негізінде» жауып тастамау.

Сонымен, Пуришкевичтің партиялас жолдасына — епископ Никонға — *кейбір* жағдайларда *озбырлық* ұнамайды.

Епископ Никон былай деп әділ ойлайды: ол көтеріп отырған «мәселе—37 миллион украин халқының азғындауына байланысты өте-мөте маңызды мәселе»;—«бай, көрікті, талантты, гүлденген және тамаша Украина құрып бітуге, бірте-бірте топастануға және ақырындап жойылуға душар болып отыр».

Украиндарды великоростардың езуіне қарсы наразылық әбден әділетті. Бірақ украин талаптарын епископ Никонның қандай дәлелдермен қорғап отырғанын қараңыздаршы:

«Украин халқы қайдағы бір атышулы автономияны, Запорожье Сечін қалпына келтіруді іздеп отырған жоқ; украиндар — сепаратистер емес... Украиндар — бұратаналар емес,

олар — өз адамдарымыз, бірге туған бауырларымыз, сондықтан да оларды тіл жөнінде және ұлттық мәдени дамуы жөнінде тежемеуіміз керек; әйтпеген күнде өзіміз оларды, өз бауырларымызды, еврейлерге, поляктарға, грузиндерге және басқаларға, шын бұратаналарға теңеп жібереміз».

Сонымен, мәселе мынаған тіреледі: украин епископы Никон және оның пікірлестері украиндар — бауырларымыз, ал еврейлер — бұратаналар дегенге сүйеніп, великорус помещиктерінен украиндарға *пұрсаттылықтар* сұрап отыр! Турасын және тоқ етерін айтқанда: егер бізге кеңшіліктер жасалса, біз еврейді және басқаларды, бұратана ретінде, жаныштауға келісеміз дейді.

Қаражүздік ұлтшылдардан бастап либералдық ұлтшылдарға дейінгі, тіпті буржуазиялық-демократиялық ұлтшылдарға дейінгі буржуазияшыл ұлтшылдардың *бәрінің* «ұлт мәдениетін» қорғауының таныс көрінісі!

Езгі атаулыдан халықтардың бәрін түгелдей қорғамайынша,— мемлекет өмірінен «бұратана» деген ұғымды мүлде аластамайынша,— барлық ұлттардың толық тең праволылығын қорғамайынша, украиндарды езгіден қорғауға болмайтындығы жөнінде епископ Никон ештеменi білгісі келмейді. Мейлінше кең жергілікті автономия мен облыстық автономияны және *барлық* мемлекеттік мәселелерді халықтың көпшілігінің еркі бойынша шешу принципін (яғни дәйекті демократизм принципін) дәйекті түрде жүзеге асырмайынша, ұлттық езгіден ешкімді де қорғауға болмайды.

Епископ Никонның украиндардың «ұлт мәдениеті» жөніндегі ұраны іс жүзіне келгенде украин тілінде қаражүздікті насихаттау ұраны, украиндық-клерикалдық мәдениет ұраны болып табылады.

Әңгіме великорус, украин, еврей, поляк, грузин мәдениеті туралы немесе қандай болса да басқа бір мәдениет туралы болып отыр ма, бәрібір—«ұлт мәдениеті» ұранының клерикалдық немесе буржуазиялық алдау екенін саналы жұмысшылар түсінді. Бұдан 125 жыл бұрын, ұлт буржуазия және пролетариат болып жікке бөлінe қоймаған кезде, ұлт мәдениеті ұраны феодализм мен клерикализмге қарсы күреске шақыратын бірың-

ғай, тұтас үндеу бола алатын еді. Бірақ одан бері буржуазия мен пролетариат арасында тап күресі жаппай өріс алды. «Біртұтас» ұлттың қанаушылар және қаналушылар болып жіктелуі жүзеге асқан фактіге айналды.

Жалпы ұлт мәдениеті туралы клерикалдар немесе буржуалар ғана әңгіме ете алады. Еңбекші бұқара бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының интернационалдық (халықаралық) мәдениеті туралы ғана әңгіме ете алады. Тек осындай мәдениет қана ұлттардың толық, іс жүзіндегі, шынайы тең праволылығын, ұлт езгісінің жоқтығын, демократияның жүзеге асырылғандығын білдіреді. Барлық ұлттар жұмысшыларының *барлық* жұмысшы ұйымдарында капиталға қарсы күресте бірігуі мен топтасуы ғана «ұлт мәселесінің шешілуіне» әкеледі.

«Правда Труда» № 3, 13 сентябрь, 1913 ж.

«Правда Труда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПУБЛИЦИСТІҢ ЗАМЕТКАЛАРЫ

I. БЕЙПАРТИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНТТЕР МАРКСИЗМГЕ ҚАРСЫ

«Новая Рабочая Газетаның»[7] редакциясы жиналған қаржыларды жойымпаздарға, халықшылдарға және марксистерге тең болуді жақтайтып бейпартиялық үгітті қорғады.

Мұндай бөліс—мүлде принципсіз және ұсақ буржуазиялық ағымдарға деген маркстік көзқарастың негіздерін бұзатын тәсіл екенін айтып редакцияны әшкерелеген кезде*, редакция не деп жауап берерін білмей, қалжыңмен құтылуға әрекеттеніп көрді. Біз «қаржы жинаудың маркстік системасын» білмейміз ғой деді.

Жолдан таюшылар біздің ескі қаулыларымыз туралы мәселеден «сыпайы қалжыңмен құтылғысы» келеді.

Бірақ жұмысшылар мұндай мәселені қалжыңға айналдыруға жол бермейді.

«Новая Рабочая Газетаның» сол 23-номері бізге жойымпаздардың үгіті Россияда екі жұмысшы тобын, атап айтқанда, Двинск қаласының баспа ісі жұмысшыларының тобы мен Москвадағы Немиров-Колодкин фабрикасы жұмысшыларының тобын еліктіріп әкеткенін хабарлайды. Бұл топтар жинаған қаржыларын жойымпаздық, халықшылдық және маркстік газеттерге *тең* бөліп берген.

Жолдан таюшы интеллигенттер мәселеден қалжыңмен құтылса құтыла берсін, бірақ жұмысшылар бұл мәселені шешуге тиіс, олар мұны шешеді де.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 23-том, 454—458-беттер. *Ред.*

Жиналған қаржыларды тең бөлуді уағыздау — бейпартиялықты уағыздау және пролетариаттың таптық көзқарасы тұрғысындағы газетті халықшылдардың ұсақ буржуазиялық газетімен шатастыруды (немесе тең праволы етуді) уағыздау деген сөз. Осы ап-айқын ақиқатқа жойымпаздық газеттің «сыпайы қалжыңбас» әдебиетшілері,—олардың қалжыңдары мен кекесіндері, бәлкім, буржуазиялық жұртшылықты шаттандыратын болса да,— ешбір қарсы дәлел айта алмайды. Кімде-кім жұмысшылар арасында толық жеңіліске ұшыраса, ол адам күнделікті практика мәселелерін дәйекті-маркстік тұрғыда шешу идеясының өзін қалжыңға айналдырғандығы жөнінде буржуазияны жиі-жиі сүйсіндіріп отырады.

Жойымпаздар жұмысшы металлистердің жиналысында толық жеңіліске ұшырап, тыныштанды. Жойымпаздардың жұмысшы газетінің позициясына қарсы бағытталған сүйкімді қалжыңдары үшін буржуа мырзалар кез келген жиналыста оларға жылы шыраймен күлімсірей қарайды.

Әркімге өз сыбағасы деген ғой. Жойымпаздар буржуазия алдында өз табыстарын жұбаныш ете берсін. Ал жұмысшылар бұқараға даусыз шындықты: жұмысшылардан жиналған қаржыларды тең бөлуді уағыздау бейпартиялықты уағыздау екенін,— пролетариаттың маркстік газетін халықшылдық газет сияқты интеллигенттік және ұсақ буржуазиялық газетпен шатастыруды уағыздау немесе олардың тең праволы болуын уағыздау екенін түсіндіре береді.

II. ЛИБЕРАЛДЫҚ СОҚЫРЛЫҚ

Эдуард Бернштейннен[8] бастап, оның көзқарастарын Герман социал-демократиясы соншалықты үзілді-кесілді теріске шығарды, батыс европалық оппортунистердің дағдылы тәсілі мынада болып отыр:

Бар нәрсеге қараңыз,— деді Бернштейн және басқа оппортунистер,— бар нәрсені айтуға батылыңыз барсын: біздің бәріміз Германияда реформалар жолындағы күреспен айналысып жүрміз, біздің бәріміз шын мәні-

сінде реформистерміз, біздер — реформалар партиясымыз. Ал бірқатар дағдарыстарда жалдама құлдықты жою деген — құр сөз, бос утопия.

Өздерінің осы тәсілін оппортунистер осы кезге дейін жүздеген рет қайталап келеді, ал бүкіл буржуазиялық баспасөз (ең алдымен біздің кадеттік «Речь»[9]) оппортунистердің осы пікірін марксизмге *қарсы* үнемі пайдаланып келеді. Кімде-кім жұмысшы қозғалысының тағдырына шындап көңіл аударатын болса, ол адам пролетариаттың тікелей жаулары мен жалған достарының осы мезі болған әдісін жақсы білуге тиіс.

Белгілі жойымпаз Д. тіл шұбарлығы немесе оспадарлығы жағынан көңіл аударуға тұрарлықтай етіп осы жалпы европалық буржуазиялық әдісті жуырда ғана (4 сентябрьде) Петербургтің жойымпаздық газетінде қайталады.

Шынында да, оқушы өзі төрелік берсін.

«Жұмысшы газетінің бетін ашайық, мейлі «Северная Правда» болсын,— деп жазды Д.,— біз сонда не көреміз? Біз жұмысшы ұйымдарының — кәсіптік одақтардың, клубтардың, кооперативтердің қызметі туралы оқимыз; осы ұйымдардың мүшелерінің, олардың басқармаларының, қауіпсіздендіру жөніндегі уәкілдердің жиналыстары және т. т. туралы оқимыз; жұмысшылар ұйымдастыратын лекциялар мен рефераттар туралы оқимыз; стачкалар мен стачкалық комитеттер туралы оқимыз; түрлі қаржы жинауды ұйымдастыру туралы оқимыз; жұмысшылардың әр түрлі топтарының жұмысшы баспасөзін қорғау жөніндегі болсын, Бебельді еске түсіріп, құрметтеу үшін болсын немесе басқа бір тікелей мақсат үшін болсын саяси жәрдем көрсету әрекеттері туралы оқимыз».

Д. мен сол сияқтылардың «Северная Правдадан» «көрген» және «көріп отырған» нәрсесі осы. Ал ол, әрине, Бернштейнге ұқсап, «ең алдымен *бар нәрсеге* қарау артық болмайды» деп лепіреді (курсив Д.-ның өзінікі). Ол мынадай қорытынды жасайды: осының бәрі коалициялар бостандығы үшін күрес деген сөз ғой. «Коалициялар бостандығы үшін күрес ұраны, нағыз кезекте тұрған көкейтесті талап ретінде», «*бар нәрсені* қорытады» (курсив Д.-нікі).

Бернштейн жұмысшы табының күресін реформалар үшін күрес деп жариялағанда, мен тек «бар нәрсені қорытып отырмын» деп сендірген.

Д. Россиядағы жұмысшы табының қозғалысын реформистік қозғалыс деп жариялағанда, мен «бар нәрсені қорытып отырмын» деп сендіреді.

Бернштейн реформалар жолындағы жұмысшы күресіне,— мазмұны мүлдем реформистік емес күреске *либералдық* мазмұнды тықпалады. Д.-да дәл осылай істеп отыр. Ол либералдық реформизмнен басқа еш нәрсені *көрмейді*, сөйтіп өзінің соқырлығын шындық деп көрсетеді.

Әрине, *«Северная Правда»* жұмысшы тұрмысын және жұмысшы күресінің жағдайларын аз да болса жақсарту үшін күресті, бірақ ол мұны осы Д. мырзалар сияқты либералдық тұрғыда істеген жоқ! «Северная Правдада» олар байқамай қалған көп нәрселер *болды*, реформизмге қарсы күрес болды, біздің «ескімізді» қорғау, қысқартылмаған ұрандарды қорғау болды және т. т. Д. мырзаның пікірінше, бұл маңызды емес. Олар мұны нақ өздері либералдар болғандықтан да *«көрмейді»* және көргілері келмейді. Марксистер үшін ең аз деген жақсартуды қорғау мен өз ұйымының ұрандарын қорғаудың және т. т. арасындағы *байланыс*, тығыз, ажырамас байланыс айқын болып отырса, бұл барлық либералдарға айқын болмай отырғаны сияқты, оларға да айқын болмай отыр. Либерал (ол да одақтар бостандығын жақтайды) мен жұмысшы демократтың дүниеге көзқарастарының негізгі айырмашылығын нақ осы байланыс анықтайтыны оларға айқын емес.

Реформалар үшін күресті түпкі мақсат үшін күрестен бөліп тастаңыз — Бернштейннің уағызы іс жүзінде міне осыған келіп тіреледі. Жақсартулар үшін, одақтар бостандығы және т. т. үшін күресті реформизмге қарсы күрестен, марксизмді қорғаудан, оның рухы мен бағытынан бөліп тастаңыз — Д. мен басқа жойымпаздардың уағызы іс жүзінде міне осыған келіп тіреледі.

Өздерінің либералдық соқырлығын (өткендегімен байланысты көрмеу, оның бағытын көрмеу, реформизмге қарсы күресті көрмеу) олар жұмысшы табына әке-

ліп таңғысы келеді. Бірақ алдыңғы қатарлы жұмысшылар, металлистердің 25 августағы жиналысы[10] дәлелдеген үстіне дәлелдегеніндей, Д. мен оның топсымағының либералдық жаратылысын қазір түсініп отыр.

III. ҚАЖЕТТІ ТҮСІНДІРУ

Дублин оқиғаларын біздің баяндауымыз жөнінде «Новая Рабочая Газетаның» 24-номерінен біз бір оғаш әрекетті кездестірдік*. Егерде жойымпаздық газет бұл арада жұмысшылар үшін аса маңызды және сабақ боларлық түсіндіруге дейін бармаған болса, оғаштыққа, бәлкім, жауап бермесе де болар еді. Төрелігін өздеріңіз беріңіз. Біз саяси бостандықтың жалпы негіздері болуы арқасында жұмысшылар тарапынан коалициялық заң (коалиция бостандығы туралы заңдар) *реформаларын* талап етудің әбден елеулі және шын маңызы болатын Англия мен ондай талап қою орынсыз, бос, либералдық сылдыр сөз болып табылатын, бірақ мұнда қазіргі бар негіздер тұсында қауіпсіздендіру сияқты реформаларды шынымен жүзеге асыруға болатын Россияның арасындағы айырмашылықты салыстырған едік.

Жойымпаз осы айырмашылықты түсінбейді. Оған мұны екі сұрақ арқылы түсіндірейік: 1) Буржуазиялық-демократиялық революция, саяси бостандық үшін болатын революция Англияда неліктен мүмкін емес? 2) Россияда, өткен ғасырдың аяқ кезінде, мысалы, 1897 жылы фабрикалық заңдардың ішінара *реформаға* ұшырауының әбден мүмкін болған себебі неліктен және ол кездегі марксистердің бәрі ішінара саяси реформалар талап етуді ол кезде либералдық алдау деп есептеп отырғанда, жұмысшылардың фабрикалық заңдар саласындағы ішінара талаптарына ешкімнің қарсы шықпаған себебі не?

Осы мәселелер жөнінде ойлана келіп, жойымпаз Россиядағы және Англиядағы әр түрлі реформаларға әр түрлі көзқарас болуының себептерін аңғара алады.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 23-том, 459—461-беттер. *Ред.*

Ал енді жойымпаздық газеттің маңызды түсіндіруіне келейік:

«Ал,— деп жазады ол (№ 24, 2-бет, 1-бағана),— егер қауіпсіздендіру заңын ішінара өзгерту үшін бұл негіздер» (яғни саяси бостандықтың жалпы негіздері) «керек болмайтын болса, онда 1906 жылғы 4 марттағы заңды және стачкалар туралы 1905 жылғы 2 декабрьдегі указдың жеке статьяларын ішінара өзгерту үшін ол негіздердің қажет болатын себебі не?»

Ашық айтқаныңыз үшін құттықтап, рақмет айтамыз! Дәл үстінен түстіңіз: «1906 жылғы 4 марттағы және 1905 жылғы 2 декабрьдегі заңдарды ішінара озгерту»[11] жалпы *бірдеңелерсіз-ақ* әбден мүмкін! Тамаша сөз.

Бірақ тек... мынаны, тек... «1906 жылғы 4 марттағы және 1905 жылғы 2 декабрьдегі заңдарды» ондай «ішінара өзгерту» *«коалициялар бостандығы»* деп емес, халықты октябристік алдау деп аталатынын білесіз бе?

«Новая Рабочая Газетаның» жазушылары нақ сол дәлелдеу керек болып отырған нәрсенің өзін мойындады.

Либералдар мен жойымпаздардың «коалициялар бостандығы» деп сіздерге сыйға тартып отырғанын былай түсіну керек:

«1906 жылғы 4 марттағы және 1905 жылғы 2 декабрьдегі заңдарды ішінара өзгерту».

Ашық айтқаныңыз үшін тағы да рақмет дейміз. Сонымен жойымпаздардың негізгі, өзекті, басты, бірінші дәрежелі және т. т. және т. с. ұраны, олардың өздерінің мойындауынша, *1906 жылғы 4 марттағы және 1905 жылғы 2 декабрьдегі заңдарды ішінара өзгертуді* талап етуде деп жазамыз да қоямыз.

Өзінің либералдарға жататындығын «Новая Рабочая Газетаның» тамаша етіп теріске шығарғаны рас емес пе?

Жойымпаздарды социал-демократиялық октябристер деп атағаны тегін емес!

«Правда Труда» № 3,
13 сентябрь, 1913 ж.
Қол қойған: Н — к

«Правда Труда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЦИВИЛИЗАЦИЯЛЫ ВАРВАРЛЫҚ

Англия мен Франция — дүние жүзіндегі ең цивилизациялы мемлекеттер. Лондон мен Париж — дүние жүзінің астаналары, 6 және 3 миллионнан халқы бар. Олардың арасының қашықтығы — 8—9 сағаттық жол. Бұл астаналардың арасындағы сауда қатынастарының қандай зор екенін, бұлардың арасында қаншама көп товарлар мен адамдардың үнемі ағылып жататынын көз алдыңызға елестетуге болады.

Міне, осы дүние жүзіндегі ең бай, ең цивилизациялы, ең еркін мемлекеттер қазір: Ламаншының (Англияны Европа материгінен бөліп жатқан теңіз бұғазы) астынан туннель қазуға бола ма? деген «қиын» мәселені — тіпті, тіпті де бірінші рет емес! — қорқынышпен, қалтырап-дірілдеп талқылап жатыр.

Инженерлер қазуға болатындығын әлдеқашан-ақ есептеп шығарды. Англия мен Францияның капиталистерінде ақша — тау төбе. Бұл іске жұмсалатын капиталдың пайда түсіретіні сөзсіз.

Ал іс неге тіреліп отыр?

Англия... шапқыншылықтан қорқады! Туннель, көресіз бе, «бір нәрсе бола қалған күнде», жау әскерлерінің Англияға басып кіруін жеңілдетеді. Сондықтан да Англиядағы беделді әскери адамдар туннель қазу жоспарын міне бірнеше рет өткізбей тастап отыр.

Осыны оқисың да — цивилизациялы халықтардың есуастығы мен соқырлығына таңданасың. Техниканың қазіргі құралдары кезінде туннельмен жүруді тоқтату

және туннельді мүлде бұзып тастау — бірпеше секундтық іс екенін айтпаса да болады.

Бірақ цивилизациялы халықтар өздерін варварлардың жағдайына әкеп түсірді. Капитализмнің істегені сол — буржуазия жұмысшыларды алдау үшін Англиядағы халықты «шапқыншылық» туралы нақұрыстық ертегілермен қорқытуы *керек*. Капитализмнің істегені сол — туннель қазу арқылы «табысты істерінен» айрылатын толып жатқан капиталистер бұл жоспарды өткізбеу және техникалық прогреске кедергі жасау үшін жанталасып отыр.

Ағылшындардың туннельден қорқуы — өздерінен өздері қорқу. Капиталистік варварлық цивилизация атаулының бәрінен де күштірек.

Қайда барсаң да — адамзаттың *дереу* шешуіне әбден болатын міндеттерге аяғыңды басқан сайын кез боласың. Капитализм кедергі жасап отыр. Ол тау-төбе байлық жинады — ал адамдарды сол байлықтың *құлы* етті. Ол техниканың аса күрделі мәселелерін шешті — ал миллиондаған халықтың қайыршылығы мен қараңғылығынан, ат төбеліндей миллионерлердің топастық сараңдығынан техникалық жақсартуларды жүзеге асыруды бөгеді.

Капитализм тұсындағы цивилизация, бостандық пен байлық күпті болған бай туралы ой туғызады, ол тірідей шіриді және жастық атаулыға күн көрсетпейді.

Бірақ ештеңеге қарамастан жас өседі және үстем болып шығады.

«Правда Труда» № 6,
17 сентябрь, 1913 ж.
Қол қойған: W.

«Правда Труда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ҚАРАЖҮЗДІКТІК ТУРАЛЫ

Біздің қаражүздіктікте өте-мөте ерекше және өте-мөте маңызды бір белгі бар, оған назар жеткіліксіз аударылып келеді. Бұл — қараңғы мужиктік демократизм, мейлінше дөрекі, бірақ мейлінше терең де демократизм.

Билеуші таптар біздің саяси партияларымызды үшінші июньдегі сайлау заңы[12] арқылы да, біздегі мемлекеттік құрылыстың мыңдаған «ерекшеліктері» арқылы да халықтан бөліп тастауға қаншама тырысса да, айналып келгенде өмір өз дегенін істейді. Халықпен арадағы белгілі бір байланысты әрбір саяси партияның, тіпті барып тұрған оңшылдардың да іздеуіне тура келеді.

Барып тұрған оңшылдар — помещиктер партиясы. Бірақ олар бір ғана помещиктермен байланыс жасаумен шектеліп қала алмайды. Олардың бұл байланысты бүркемелеп, өздерін жалпы халықтық мүдделерді қорғаушылар етіп, «тұрақты» егіншілік тұрмыстың «қайырымды ескі» тәртіптерін жақтаушылар етіп көрсетуіне тура келеді. Нағыз қараңғы түкпірде жатқан мужиктің барынша тамыр жайған соқыр сенімдеріне үміт артуына, оның қараңғылығын пайдалануына тура келеді.

Мұндай айла-шарғы қатерсіз өтпейді. Жоқ деген жерден келіп, нағыз мужик өмірінің әуені, мужиктік демократизм бүкіл қаражүздік шіріктік пен сілікпеліктен асып түсіп, өзіне жол салады. Сол кезде оңшылдар

«қолайсыз» мужик демократты қуып шығуға мәжбүр болады. Ал барып тұрған оңшылдардың өздерінің меншікті лагерінен нағыз шын берілген қаражүздіктерді демократизмі үшін бұлай қууы немесе шеттетуі, әлбетте, бұқараға ағартушылық ықпалын тигізбей қоймайды.

Мысалы, барып тұрған оңшыл епископ Никон думалық жұмыстан кетуге мәжбүр болды. Неліктен?

Бұған епископ Никонның өзінің «Енисейская Мысльдегі»[13] хаты анық жауап береді. Әлбетте, өзінің қуылу себептерін епископ Никон тура айта алмайды. Бірақ, қайдағы бір шаруаның хатын келтіре отырып, епископ Никон былай деп жазады: «біздің орыс өмірінің және өлкенің жер, астық және басқа аса маңызды мәселелері бастықтардың да, Думаның да қолдары мен жүректеріне әйтеуір жетпей отыр. Бұл мәселелер, олардың қолдан келгенше шешілуі «утопиялық», «қауіпті», мезгілі жетпеген деп есептелінеді. Өздері неге үндемейді, нені күтеді? Нақ сол, «тойып тамақ ішпейтін», аш, бақытсыз шаруаларды атуға әкеп соғатын пиғылдарды, бүліктерді күте ме?! Бізде «келелі» істер мен реформалардан қорқады, ізгі дегені болмаса, ұсақ-түйектермен, бос нәрселермен тынады».

Епископ Никон осылай деп жазады. Өте көп қаражүздік шаруалар осылай пайымдайды. Сондықтан епископ Никонды осындай сөздері үшін думалық істерден және онда сөз сөйлеуден неліктен қууға *тиіс* болғаны әбден түсінікті.

Істің шын мәнісіне келгенде, епископ Никон өзінің қаражүздік демократизмін өте-мөте теріс пайымдау арқылы білдіріп отыр. Жер мен астық мәселесі де, басқа маңызды мәселелердің бәрі де «бастықтардың», Думаның қолына да, жүрегіне де (қалтасына да) *толық* жетіп отыр.

Бұл мәселелерді «қолдан келгенше» «бастықтар да», Дума да шешіп *отыр,*— шешкенде бастықтарда да, Думада да басым болып отырған помещиктердің мүдделері мен күшіне сәйкес етіп, нақ *қолдан келгенше* ғана шешіп отыр.

Епископ Никон мынаны сезеді: оның қаражүздік көзқарастарын өмірдің өзі талқандап отыр; оларды

талқандап отырған — Думада да, «бастықтардың» көзқарастарында да және т. т. өзінің байқауына тура келіп отырған нәрселер. Ал мұның неден болғанын епископ Никон *түсіне* алмайды немесе түсінуге қорқады.

Бірақ өмір өз дегенін істейді, сөйтіп епископ Никонның кез келген деревнядағы пікірлестерінің оннан тоғызы, сірә, өмір сабақтарын түсінуге сайып келгенде епископ Никондай онша шорқақ болып шықпас.

«Правда Труда» № 14,
26 сентябрь, 1913 ж.

«Правда Труда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ОРЫС БАСҚАРУ ОРЫНДАРЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОРЫС РЕФОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Мещерский мырза құрастырып жүрген «Гражданин»[14] деген журналсымақ бар. Петербургтің әр түрлі жоғарғы чиновниктік «топтарында» әбден әккі болып алған князь осы журналсымақта әдетте нағыз реакциялық нәрселерді уағыздайды.

Журналсымақтың қызықты болатын себебі, біріншіден, мылжың князь онда Россияның жоғарғы басқару орындарының сырларын үнемі ашып отырады. Өйткені Россияны шынында да басқарып отырғандар — князь Мещерскийдің өзі солардың ортасында болған және болып жүрген мәртебелі помещиктер. Ал олар шынында да Россияны басқарғанда, князь Мещерский қалай кеңес беріп, жорамалдап, ұсынып отырса, нақ солай, нақ сол рухта, нақ сол тәсілдермен басқарады.

Екіншіден, журналсымақтың қызықты болатыны, өзінің журналы *халыққа* ешқашан жетпейтініне сенетін мәртебелі редактор Россияның басқару орындарын мейлінше аяусыз түрде жиі әшкерелейді.

Жоғары мәртебелі князьдің көңіл аударарлық екі мойындауы мынадай:

«Өте бір ерекше құбылыс,— деп жазады ол.— Ауық-ауық бізге Франциядан, Бельгиядан, Англиядан өте сүйкімді, Россияны және орыстарды өте ұнататын (оларға тілектес) адамдар келіп, сән-салтанатты жағдайда мейманханаға түседі, белгілі бір чиновникке өзінің ұсыныстарын тапсырады... қарап тұрсаң, он шақты күннен кейін осы келген шетелдіктер белгілі бір министрдің қабылдауында болады, белгілі бір концессия алуға сенімдер алады, сөйтіп олар үйіне қайтады... сонан

соң тағы келеді және бір аптадай өткеннен кейін олар Россияның бір жерінде концессияға ие болып шыға келеді, өзінің болашақта түсетін табыстарын жанталаса есептегенде, миллиондар туралы қиялға беріліп кетеді».

Князь Мещерский осылай деп жазады. Ол әлдеқалай шындықты жазып отыр. Орыс капитализмінде азиаттық тұрпайылықтың, чиновниктік парақорлықтың, өздерінің монополиялық табыстарын ұлықтармен бөлісетін финансистер қылықтарының белгілері әлі де орасан күшті. Біздің халықшылдар осы оңбаған, ұятсыз қылықтарға қарсы күресконде, және әділетті күрескенде, олар мұны көбіне капитализмге қарсы күрес деп есептейді. Олардың қатесі айқын. Олар іс жүзінде капитализмді *демократияландыру* үшін күреседі.

«Мен шетелде,— деп жазады екінші бір жерде барып тұрған реакцияшыл князь,— түрлі дәрежедегі адамдармен араласқанымда... әңгіменің тақырыбы қашан да пәлендей бір қоғамдық немесе мемлекеттік реформалар болғаны менің есімде жоқ... Мен газеттерді оқып тұрдым... бірақ реформалар туралы мақалалар кездестірмедім... Оның керісінше, шекарадан өтіп, үйге келісімен, бірінші кезіккен орыс газетін қолыма алғанымда, мен оның бірінші, екінші, тіпті үшінші беттерінен қайдағы бір реформалар туралы мақалаларды кездестіретін едім».

Дұрыс байқаған. Европада буржуазияға реформалар керек емес. Россияда — керек. Әсіресе буржуазия үшін реформалардың қажеттігі жұмысшылардың қатаң антиреформистік тактикасын ақтайтынын кейбір данышпандардың түсіне алмайтыны сияқты, мәртебелі князь да бұл айырмашылықтың себептерін түсіне алмайды.

«Правда Труда» № 14,
26 сентябрь, 1913 ж.
Қол қойған: Байқаушы

«Правда Труда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

В. ЗАСУЛИЧ ЖОЙЫМПАЗДЫҚТЫ ҚАЛАЙ ТАЛҚАНДАП ОТЫР

«Живая Жизньнің»[15] 1913 жылғы 19 июльдегі 8-номерінде В. Засуличтің жойымпаздықты қорғаған тамаша мақаласы басылған («Бір мәселе жөнінде»). Біз жұмысшы қозғалысы мен демократия мәселелеріне көңіл бөлетін адамдардың бәрінің назарын өзінің мазмұны жағынан да, беделді автордың ашық турашылдығы жағынан да бағалы осы мақалаға ерекше аударамыз.

I

Ең алдымен В. Засулич, барлық жойымпаздар сияқты, партияны жамандауға тырысады, бірақ автордың ашықтығы оны ғажап айқындықпен әшкерелейді. «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы дегеніміз,— деп оқимыз В. Засуличтен,— интеллигенттердің жұмысшылар арасында насихат және үгіт жүргізуі үшін екінші съезде құрылған және сол бойда бөлініп кеткен астыртын ұйымы». Партия іс жүзінде 1898 жылы құрылды[16] және 1895—1896 жылдардағы бұқаралық жұмысшы қозғалысының оянуына сүйенді. Ондаған, жүздеген жұмысшылар (Петербургтегі марқұм Бабушкин сияқтылар) үйірмелерде лекциялар тыңдап қана қойған жоқ, оның үстіне 1894—1895 жылдардың өзінде-ақ *өздері үгіт жүргізді,* ал содан кейін жұмысшылар ұйымын басқа қалаларға көшірді (Питерден жер аударылған Бабушкиннің Екатеринослав ұйымдарын құруы және т. с.).

Қозғалыстың бас кезінде интеллигенттердің біршама басым болуы тек Россияда ғана емес, барлық жерде байқалды. Бұл фактіні жұмысшы партиясы жөніндегі қайдағы бір пасквильге айналдырып, В. Засулич 1894—1896 жылдардағы үгіт пен стачкаларды басынан кешірген барлық ойлы жұмысшылардың арасында жойымпаздықты талқандап отыр.

«...Осы жұмысты жүргізген астыртын үйірмелер,— деп жазады В. Засулич,— 1903 жылы иерархиялық уставы бар құпия қоғамға бірікті. Жаңа ұйымның, ұйым есебінде, күнделікті жұмысқа көмектескенін немесе кедергі жасағанын айту қиын...»

Иван Непомнящий болғысы келмейтін адамның қай-қайсысы да интеллигенттер мен жұмысшылар топтары 1903 жылы ғана емес, тіпті 1894 жылдан бастап (ал көбіне одан да ертерек) экономикалық және саяси үгітке де, стачкаларға да, насихатқа да *көмектескенін* біледі. Жұрт алдында: «ұйымның жұмысқа көмектескенін немесе кедергі жасағанын айту қиын» деу аса зор, сорақы тарихи өтірікке жол беру ғана емес. Бұл — *партиядан безу* деген сөз.

Шынында, партияның жұмысқа көмектескенін немесе кедергі жасағанын айту қиын болса, оны не үшін бағалау керек? Адам сенбі үшін емес, сенбі адам үшін екені айқын емес пе?

Жойымпаздарға партиядан бұрынғы, өткен уақытпен, безіну одан қазіргі шақта безуді ақтау үшін қажет.

Осы қазіргі шақ туралы, үшінші июнь заманы туралы, айта келіп, В. Засулич былай деп жазады: «мен ұйымның аудандық бөлімдерінің бос қалғандығы туралы хабарларды естідім...»

Талассыз факт. Ұйымның аудандық бөлімдері де, әр түрлі басқа бөлімдері де бос қалып жатты. Мәселенің түйіні мынада: ұйымнан қашушылық құбылысын қалай түсіндіру керек және бұл құбылысқа қалай қарау керек?

В. Засулич былай деп жауап береді: «бос қалған себебі — ол кезде онда істейтін ештеңе болмады».

Астыртын ұйымды үзілді-кесілді теріске шығарумен және одан қашушылықты ақтаумен тең түсетін батыл жауап. Ал В. Засулич өзінің пікірін қалай дәлелдейді? 1) Насихатшыларға істейтін ештеңе болмады, өйткені «көптеген жұмысшылар өздеріне» бостандық күндеріндегі басылымдардан «бүтіндей бір шағын кітапханалар жасап алды, бұларды полиция әлі тартып ала қойған жоқ-ты».

В. Засулич өзін өзі теріске шығарып отыр, оның мұны байқамау қабілеті таңданарлық. Егер полиция шағын кітапханаларды «тартып алып қойса», оқығанды талқылау, оны ұғыну, одан әрі оқып үйрену нақ астыртын жұмысты *туғызды* деген сөз! В. Засулич «істейтін ештеңе болмады» дегенді дәлелдегісі келеді, ал оның мойындауларынан: істейтін нәрсе *болды* деген қорытынды шығады.

2) «Бұл уақытта астыртын саяси үгіттің мүмкіндігі туралы айтудың да керегі жоқ. Оның үстіне мұндай «қимыл жасап» инициатива көрсету аудандардың правосы мен міндетіне кірмейтін».

В. Засулич істің жайын білмей тұрып, жойымпаздардың сөздерін қайталап отыр. Баяндалып отырған уақытта жағдайдың қиын, бұрынғыдан да гөрі қиынырақ болғаны талассыз. Бірақ марксистердің жұмысы *әрқашанда* «қиын», ал олар нақ қиын нәрсені мүмкін емес нәрсе деп жарияламайды, олардың либералдардан айырмашылығы да осы. Либерал қиын жұмыстан өзінің безуін бүркемелеу үшін оны мүмкін емес жұмыс деп атайды. Ал марксисті жұмыстың қиындығы сол қиындықтарды жеңу үшін таңдаулы элементтерді неғұрлым тығыз топтастыруға ұмтылдыра түседі.

Баяндалып отырған уақытта бұл жұмысты жүргізу *мүмкін* болғандығының және оның жүргізілгендігінің объективті фактісі III және IV Мемлекеттік думалардың сайлауы арқылы болса да дәлелденіп отыр. Ал В. Засулич астыртын ұйымды жақтаушылар Мемлекеттік думаға астыртын ұйымның қатысуын*сыз* өте алды деп шынында да ойлап отырған жоқ қой?

3) «...Астыртын топтарда істейтін ештеңе болмады, ал олардан тыс жерлерде қажетті қоғамдық жұмыс то-

лып жатты...» Клубтар, түрлі қоғамдар, съездер, лекциялар және т. т.

Барлық жойымпаздардың пайымдауы осындай, оны В. Засулич қайталап отыр. В. Засуличтің мақаласын тура жұмысшы үйірмелерінде жойымпаздықтың сәтсіздіктерін талдау жөніндегі сабақ ретінде ұсынуға болады!

Айта кетелік, астыртын ұйымның нақ керек болған себебі атап айтқанда — клубтардағы, қоғамдардағы, съездердегі, тағы-тағылардағы маркстік жұмыс сол астыртын ұйыммен байланысты болды.

Менің осы пайымдауымды В. Засуличтің пайымдауымен салыстырып көріңіз. Ойлап қараңызшы, жария қоғамдардағы жұмысты астыртын топтардың жұмысынан *«тыс»* жүргізілетін жұмыс деп көрсетуге В. Засуличтің *қандай дәлелдері* бар?? «Тығыз байланысты» болмай, «бір бағытта» болмай, неге «тыс» болады??

В. Засуличте факт жүзіндегі дәлелдердің көлеңкесі де жоқ, өйткені астыртын топтардың мүшелері қатыспаған, тегінде, бірде-бір дерлік жария қоғам және т. с., болмағанын кім болса да біледі. В. Засуличтің пікірлерінің бірден-бір дәлелі—жойымпаздардың субъективтік пиғылы. Жойымпаздарда мынадай пиғыл болды: астыртын ұйымда *олар* істейтін ештеңе жоқ, *олар* тек астыртын ұйымнан *тыс,* тек оның идеялық бағытынан *тыс* жұмысты ғана ұнатады. Басқаша айтқанда, В. Засуличтің «дәлелі» жойымпаздардың астыртын ұйымнан қашушылығын *ақтауға* саяды!

Бейшаралық дәлел.

Бірақ біз В. Засулич жазбаларының субъективтік дәлелдерін, оның мақаласының тура әрбір сөйлемінде бықып жатқан нақты және логикалық қателерін көрсетумен шектеле алмаймыз. Біз «аудандардың бос қалуының», астыртын ұйымнан қашушылықтың талассыз фактісінің объективті дәлелдерін іздеуге тиіспіз.

Алыстан іздемесек те болады. Баяндалып отырған уақытта Россияның буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық қоғамын контрреволюциялық пиғылдардың өте күшті дәрежеде билегені жұртқа мәлім. Бостандық күндерінде буржуазия мен пролетариат арасында қандай терең антагонизм ашылғаны және пролетариаттың

көптеген тұрақсыз достарының ыдырауымен, торығуымен және рухы түсуімен қатар осы контрреволюциялық пиғылды туғызғаны жұртқа мәлім.

Таптардың баяндалып отырған уақыттағы осы объективті арасалмағы бізге жалпы алғанда буржуазияның, ал жекелеп алғанда либералдық буржуазияның (өйткені халық бұқарасына гегемондық оның қолынан тартып алынды) астыртын ұйымды өте жек көруге, оны түкке тұрғысыз және «іске қабілетсіз» (В. Засуличтің сөзі) деп жариялауға, астыртын саяси үгітті теріске шығарып, ал онымен қатар жария жұмысты астыртын ұйымның рухында, *оның* ұрандарына сәйкес, онымен идеялық және ұйымдық жағынан ажырамас байланыста жүргізуді де теріске шығарып, қабылдамай тастауға *тиіс* болған себебін толық түсіндіреді.

Астыртын ұйымнан бәрінен бұрын және ең алдымен контрреволюциялық пиғылға берілген буржуазиялық интеллигенция, Европадағы сияқты, бізде де пролетариаттың (Европада: жалпы плебстің) буржуазиялық революциядағы азаттық роліне еліктеген социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының «жолбикелері» қашты. 1905 жылдан кейін қаншалық көп марксистердің астыртын ұйымнан қол үзіп, түрлі жария интеллигенттік ұяларға жайласып алған фактісі белгілі.

В. Засуличтің «ізгі» ниеттері қаншалықты субъективті болғанымен, жойымпаздардың ол қайталап отырған пайымдаулары объективті тұрғыдан контрреволюциялық либералдық ойсымақтардың әуенін қайталауға келіп тіреледі. «Жұмысшының дербес әрекеті» және т. с. туралы бәрінен де көп айқай салып, іс жүзіне келгенде жойымпаздар өздерінің нақ жұмысшы қозғалысынан бөлініп шыққан және буржуазия жағына ауып кеткен интеллигенттердің өкілі екендігін көрсетеді және соларды қорғайды.

Кейбір адамдардың астыртын ұйымнан қашуы шаршағандықтың және қажығандықтың нәтижесі болуы мүмкін. Ондай адамдарды аяуға ғана болады; оларға көмек берілуге тиіс, өйткені олардың қажығандығы тарап, оларда тоғышарлықтан, либералдардан және либералдық жұмысшы саясатынан жұмысшылардың ас-

тыртын ұйымына қайтадан ұмтылушылық пайда болады. Ал енді шаршап, қажыған адамдар журналистика трибунасына шығып алып, өзінің қашуын шаршағандықтың, әлсіздіктің, интеллигенттік тозғындықтың көрінісі демей, қайта өзінің сіңірген еңбегі деп жариялаға, оның үстіне кінәны «іске қабілетсіз» немесе «түкке тұрғысыз» немесе «өлексе» және т. с. астыртын ұйымға аударатын болса,— онда бұл қашқындар жексұрын ренегаттар, жолдан таюшылар болып шығады. Онда бұл қашқындар жаман кеңесшілер, сондықтан да жұмысшы қозғалысының қауіпті жаулары болып шығады.

Жойымпаздарда: біздер, жойымпаздар, бірлікті жақтаймыз деп ант-су ішіп, қарғанып-сіленумен қатар бұл сияқты элементтерді қорғап, дәріптеу бар екенін көргенде,— тек таңданып, өзіңнен өзің: осы қайырымды ақымақтықпен және осы екіжүзділікпен кімді алдағылары келеді екен? — деп сұрайсың да қоясың. Партия жолынан таюшылықты дәріптеуге қарсы батыл күреспейінше, жұмысшы партиясының өмір сүруі мүмкін емес екені айқын емес пе?

Жойымпаздар (ал оларға ілесе В. Засулич те) осы жолдан таюшылар мен қашқындарды «жұмысшы табының нақты күштері» деп атағанды жұбаныш етеді. Бірақ либерал интеллигенттердің бұл айла-шарғыларын бүкіл россиялық көлемдегі талассыз фактілер әлдеқашан теріске шығарды. Жұмысшы куриясы депутаттарының ішінде большевиктер II Думада 47%, III Думада 50%, IV Думада 67% болды. 1907—1913 жылдар дәуірінде жұмысшылардың жойымпаздардан кетуін теріске шығаруға болмайтын дәлел осы. Ал бірінші күнделікті жұмысшы газетінің шығуы және қазір кәсіптік одақтарда байқалып отырған жағдайлар бұл дәлелді одан да гөрі дұрыстап отыр. Егер либерал интеллигенттердің мақтаншақ және жалаң сөзді мәлімдемелеріне қарамай, объективті фактілерге қарайтын болсақ, жұмысшы табының нақты күштері астыртын ұйымды жақтаушылардың, жойымпаздыққа қарсылардың қатарында болып отыр.

Бірақ В. Засуличтің өткендегі туралы пайымдаула-

рының бәрі — тек бүршіктер ғана. Жемістері кейін болады. Ренегаттықты және партиядан безуді қорғау — партияны талқандауды қорғаудың бастауы ғана. В. Засуличтің мақаласының осы маңызды бөлімдеріне біз енді көшеміз.

II

«...Астыртын ұйым,— деп оқимыз мақаладан,— әрқашан орыс социал-демократиясының ең осал жағы болды...» (артық та емес, кем де емес, «әрқашан»!). Біздің жойымпаздар — батыл тарихшылар. «Әрқашан» — демек, 1883—1893 жылдарда да, партияның ұйымдасқан басшылығымен бұқаралық жұмысшы қозғалысы басталғанға дейін де осылай болды деген сөз; демек, 1894—1904 жылдарда да осындай болды деген сөз. Ал 1905—1907 жылдарда ше?

«...Ал егер ол 10 есе жақсы болған болса, ол соның өзінде де революция мен контрреволюцияға төтеп бере алмаған болар еді. Революцияны басынан кешіріп, реакция кезеңінде іске қабілетті болып шыққан бірде-бір революциялық ұйымның Европа тарихында кездескені менің есімде жоқ».

Бұл пайымдау — «кереметтерге» соншама бай, талдауды тіпті қай кереметтен бастарыңды білмейсің!

Европа тарихында өзі назар аударарлық оқиғаның болғаны В. Засуличтің «есінде жоқ». Ал «Европа тарихында» көрші елдерде жүз мыңдаған, миллиондаған мүшесі бар дербес жұмысшы партиялары болған жағдайда және осы елде топтасқан өнеркәсіп пролетариаты мен жұмысшы қозғалысын ұлттық көлемде туғызған капитализм дамуының жоғарғы сатысы жағдайында болған буржуазиялық революция В. Засуличтің есінде бар ма екен?

В. Засулич ондай оқиғаны «есіне түсіре» алмайды, өйткені ол «Европа тарихында» болған емес. Буржуазиялық революцияда бұқаралық саяси стачканың шешуші роль атқаруы осы тарихта XX ғасырға дейін болған жоқ және болуы да мүмкін емес.

Сонымен біз нені көріп отырмыз? Біз мынадай қорытындыны көріп отырмыз. Жойымпаз буржуазиялық революциялар кезінде бұқаралық стачкалармен

бірге дербес пролетарлық партиялар *болмаған* «Европа тарихының» мысалына сүйенеді,— ол бұл мысалға сүйенгенде жоғарыда аталған екі негізгі жағдай (дербес пролетарлық партия және саяси сипаты бар бұқаралық стачкалар) *болған* және болып жатқан елдің міндеттерінен *безу үшін* немесе ол міндеттерді *төмендету,* азайту, қысқарту, күзеу үшін сүйенеді!

В. Засулич өзінің мәселеге басқа сөздермен, басқа себеппен, басқа жағынан келіп, *либерал* Прокоповичтің *ойын қайталағанын* түсінбейді,— ал осы түсінбеушілік жойымпаздыққа өте-мөте тән. Бұл либерал, өзі нағыз барып тұрған «экономист» (1899 жыл)[17] болып жүріп, социал-демократиядан қол үзген кезде, нақ сол кезде «либералдарға — саяси күрес, ал жұмысшыларға — экономикалық күрес» деген пікір айтқан болатын.

1895—1913 жылдардағы Россияның жұмысшы қозғалысындағы *бүкіл* оппортунизм осы пікірге ойысып, соның сүрлеуіне түсіп отырады. Россияда социал-демократия тек осы идеяға қарсы күресте ғана өсті,—солай ғана өсе *алды.* Осы идеяға қарсы күрес, бұқараны осы идеяның ықпалынан босатып алу — Россиядағы дербес жұмысшы қозғалысы жолындағы күрес дегеніміз міне осы.

Прокопович осы идеяны міндетті немесе керекті деген формада қазіргі уақыттың міндеттеріне қолдану ретінде айтты.

В. Засулич бұл пікірді бейне бір тарихи, өткенге көз салу немесе оқиғаларды шолу формасында қайталап отыр.

Прокопович тура, ашық, айқын және қатты айтты: жұмысшы бауырлар, саяси дербестік туралы пікірді тастаңдар! В. Засулич жойымпаздық оны қайда әкеліп соқтырғанын түсінбей, бұралаң жолмен орағыта отырып, сол тұңғиыққа тіреледі: тегінде Европаның мысалы бойынша да, сіздерде, жұмысшы бауырларым, өздеріңіздің бұрынғы, сыналған ұйымыңыз *типті,* өздеріңіздің 1905 жылы болған ұйымыңыз типті, «іске қабілетті» ұйым болуға тиіс емес. Либералдар 1905 жылдан бастап «астыртын ұйым» туралы бос қиялды тастады, «іске қабілетті», үшінші июнь системасы заңды өтпесе де, ол

жол беретін, ашық ұйым құрып алды, өзінің парламенттік фракциясын, өзінің жария баспасөзін, өзінің, іс жүзінде жұрттың бәріне белгілі, жергілікті комитеттерін сақтап отыр. Ал сіздердің, жұмысшы бауырларым, өздеріңіздің бұрынғы ұйымыңыз іске қабілетсіз, «Европа тарихының» сабақтары бойынша да іске қабілетсіз болуға *тиіс,* ал жаңа, «ашық партияны» біздер, жойымпаздар, сіздерге күн сайын уәде етіп, ұсынып отырмыз. Сіздерге бұдан артық не керек? Біздердің, жойымпаздық уәделерімізбен қанағаттаныңыздар, өздеріңіздің ескі ұйымыңызды қаттырақ сөгіңіздер, оны масқаралаңыздар, одан безіңіздер, сөйтіп, әзірге (ілгеріде «ашық партия» туралы біздің уәдеміз орындалғанға дейін) *ешқандай ұйымсыз* қала тұрыңыздар!

В. Засуличтің жойымпаздық пайымдауларының шын мәні, оның еркі мен санасы арқылы *емес,* Россиядағы таптардың арасалмағы арқылы, жұмысшы қозғалысының объективті жағдайлары арқылы белгіленетін мәні дәл осындай. Ал либералдар нақ осыны тілейді. В. Засулич Прокоповичті тек қана *қайталап отыр!*

XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі және XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Европаға қарағанда, нақ Россия ескі ұйым өзінің өміршеңдігін және өзінің іске қабілеттілігін дәлелдеген елдің үлгісін көрсетті. Бұл ұйым жойымпаздардың және қаншама тоғышарлардың бөлініп қалуына қарамастан, реакция кезінде де сақталды. Бұл ұйым, өзінің негізгі тұрпатын сақтай отырып, *өзінің формасын* жағдайдың өзгеруіне қарай бейімдей білді, «буржуазиялық монархияға айналу жолында жасалған тағы бір қадам»[18] болып табылатын кезеңнің талаптарына сәйкес бұл *форманың* түрін өзгерте білді.

Ескі ұйымның бұлай бейімделуінің объективті дәлелін — егер либералдық ұғынуға ең қарапайым, ең анық, неғұрлым түсінікті дәлелдердің біріп алсақ — біз IV Дума сайлауының нәтижесінен көріп отырмыз. Бұрын көрсеткеніміздей, жұмысшы куриясы депутаттарының $^2/_3$ бөлігі және соның ішінде басты өнеркәсіпті губерниялардың алты депутатының бәрі түгелімен ескі ұйым жағында болып шықты. Бұл губернияларда миллионға

жуық фабрика-завод жұмысшылары бар. Осы шын мәніндегі *бұқараның,* пролетариат бұқарасының, бүкіл қабілеттісі, бүкіл саналылысы, бүкіл ықпалдысы сайлауға қатысты, қатысқанда өзінің ескі ұйымының *формасын* өзгертіп, оның қызмет *жағдайының* түрін өзгертіп, бірақ оның бағытын, оның идеялық-саяси негіздерін және қызметінің *мазмұнын* сақтай отырып қатысты.

Біздің позициямыз айқын. Ал ол позиция 1908 жылдан бастап біржолата анықталды. Ал жойымпаздарда — олардың сорлылығы да осында — ешқандай позиция жоқ, әзірге оларда *жаңа* ұйым да жоқ. Оларда тек жағымсыз өткен шақ туралы назаланулар мен жақсы болашақ туралы қиялдар ғана бар.

III

«...Ұйым партия үшін қажет»,— деп жазады В. Засулич. Ол меньшевиктер *басым бола* тұрып, уставтың атақты бірінші параграфын қабылдауға *мәжбүр* болған Стокгольм (1906 ж.) шешіміне[19] енді наразы болып отыр.

Егер бұл рас болса (ал бұл сөзсіз рас), онда В. Засуличтің айтып отырғаны дұрыс емес, сондықтан оның *меньшевиктік* Стокгольм шешімінен бас тартуына тура келеді. Ұйым тек «партия үшін қажет» емес — мұны жұмысшы партиясын жұмысшыға қарсы саясат үшін «пайдаланғысы» келетін кез келген либерал мен кез келген буржуа мойындайды. Партия *дегеніміз* біртұтас болып біріккен ұйымдардың жиынтығы. Партия *дегеніміз* жұмысшы табының ұйымы, ол әр түрлі жергілікті және арнаулы, орталық және жалпы ұйымдардың толып жатқан тұтас жүйесіне бөлінеді.

Бұл арада жойымпаздардың тағы да ешқандай позициясы болмай шығады. 1903 жылы олар партия мүшелігі жөнінде: тек ұйымдарға кіретіндер ғана емес, сонымен қатар олардың бақылауымен (ұйымдардан тыс) жұмыс істейтіндер де партия мүшесі бола алады деген ұғымды алға тартты. В. Засулич осы эпизодты есіне түсіріп отыр, сірә, оны маңызды деп санайтын болса керек. Ол былай деп жазады:

«...екінші съездің өзінде-ақ, бұдан 10 жыл бұрын, меньшевиктер астыртын ұйымда бүкіл партияны жасырып қоюдың мүмкін еместігін сезген болатын...»

Егер 1903 жылы меньшевиктер астыртын ұйымнан жиренген болса, онда *1906 жылы*, анағұрлым «ашық» партия кезеңінде, съезде басым бола тұрып, олардың *өздері* 1903 жылы өздері қабылдаған меньшевиктік қаулыны бұзып, большевиктік қаулыны *өткізген* себебі не? В. Засулич партия тарихын жазғанда, аяқ басқан сайын фактілерді адам айтқысыз, таңданарлық түрде бұрмалап жазғанын кездестіресің!

1906 жылы Стокгольмде меньшевиктер партия дегеніміз ұйымдардың жиынтығы дейтін большевиктік анықтаманы қабылдады, бұл — талассыз факт, ал егер В. Засулич пен оның достары өз көзқарастарын *тағы да* өзгерткен болса, егер олар *өздерінің* 1906 жылғы шешімін қазір тағы да қате деп санайтын болса, онда мұны неге тура айтпасқа? Жалпы айтқанда, В. Засулич бұл мәселеге, тегі, маңыз беретін тәрізді, өйткені бұл мәселені оның өзі көтеріп отыр, 1903 жылды еске түсіріп отырған да өзі!

Жойымпаздардың ұйымдық мәселе жөніндегі көзқарастарынан артық неғұрлым дәрменсіз және шатасқан нәрсе жоқ екенін оқушы көріп отыр. Мұның өзі — көзқарастарының мүлде жоқтығы. Мұның өзі — тұрлаусыздық пен әрі-сәріліктің үлгісі. В. Засулич «ұйымдық оппортунизм деген есуастық сөз» деп ашуланады. Бірақ «ашумен» іске көмектеспейсің. 1907 жылы Лондонда *меньшевиктік* фракцияның жиналыстарында болашақ жойымпаздардың «ұйымдық анархизмі» атап көрсетілген болатын деп Череваниннің *өзі* де жариялады ғой. Жойымпаздардың ең көрнектілерінің ол кезде ерекше жағдайға түскені және қазір де түсіп отырғаны сопшалық — жойымпаздардың осыдан барып мысы құрыды.

«...Ұйым партия үшін қажет»,— деп жазады В. Засулич. «Бірақ орыстың қоғамдық өмірі алған жарақатын жазып алып, қайтадан биікке өрмелеу үшін, біресе жоғары өрлеп, біресе реакцияның тұңғиығына құлдилап, жедел қарқынмен бүтіндей жүз жыл жүріп келе жатқан таулы-тасты жолын артқа тастап,

қол жеткен және нығайған праволық тәртіп (егер ол Россияда әйтеуір бір уақытта нығаятын болса) тұсында барып ақыры тегіс жолға түскен кезде ғана ол ұйым қаншама ұзақ уақыт бүкіл партияны өзінің ауқымына алып, сол белгілі бір формада, сол белгілі бір уставпен» (тыңдаңыз!) «бейбіт (!) өмір сүре алады...»

Жойымпаздардың шатасушылықтың үлгісі ретінде сыйлық беруге тұрарлық бір пайымдауы осындай. Автордың не тілеп отырғанын түсініп көріңізші?

«Уставты» өзгертуді ме? Олай болса, айтыңыздаршы, құдай үшін, мырзалар, уставтың қандай өзгерісі туралы сөз етіп отырсыздар! Ал өздеріңізді күлкі етпеңіздер, устав өзгермейтін бірдеңе емес деп «философиялық» түрде дәлелдеуге салынбаңыздар.

Алайда, «сол бір ғана устав» туралы сөз ете отырып (айта кетелік, ол дәл 1912 жылы өзгертілген болатын*), В. Засулич *ешқандай* өзгертуді ұсынбайды.

Сонда В. Засулич не тілейді? Ол Россия үшін таулы-тасты жол бітіп, тегіс жол басталған кезде партия ұйымға айналады дегісі келеді. Мұның өзі өте-мөте қадірлі либералдық және вехишілдік пікір: *тегіс жолға* дейін бәрі де жамандық пен зұлымдық, партия да партия емес, саясат та саясат емес. «Тегіс жол» тұсында бәрі де «орнында» болады, ал «таулы-тасты жол» тұсындағы тек былық қана.

Біз бұл пайымдауларды либералдардан әлдеқашан оқығанбыз. Либералдардың астыртын ұйым мен «таулы-тасты жолды» жек көруі тұрғысынан қарағанда бұл пайымдаулар түсінікті, табиғи, заңды пайымдаулар. Бұл арада фактілер бұрмаланған (өйткені Россияда *партиялар-ұйымдар* астыртын жұмыс кезінде бірсыпыра көп болды), бірақ біз либералдардың астыртын ұйымды жек көрушілігі көзді бүркеп, фактілерді көлегейлейтінін түсінеміз.

Бірақ — тағы да айталық — сонда В. Засулич не тілейді? Бізде партия-ұйым мүмкін емес сияқты.... демек? Пікірдің күңгірттігі және ашып айтпаушылық, мәселені ұзақ, азапты-ауыр дәуірлер арқылы шатастырушылық, атүсті жауап және Понтийден Пилатқа[20]

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 168-бет. *Ред.*

сілтеушілік. Сіз тек автордың ұйым атаулыны теріске шығаруға жақындап келе жатқанын сезесіз. Сөйтіп, осыған жақындай отырып, В. Засулич ақыры ашып айтты... оның пікірлерінің жеткен шыңы мынадай:

«Бізде жұмысшылардың қалың тобы бар, ол Батыстың кез келген социалистік партиясынан толық правомен орын алған болар еді. Барлық күш — осы тез өсіп келе жатқан топта, оның партияны құру үшін партияға формальды түрде кіру мүмкіндігі ғана жетіспей отыр, сондықтан біз оны қалай деп атасақ та, біз оған партия деп қарап, осы топты ойлайтын да, сөз ететін де боламыз».

Сонымен, партияны жою туралы таласқанда, жойымпаздар *партия* деп *басқа бірдеңені* түсінетін болуы керек. Ал олар партия деп нені түсінеді?

Бақсақ: «партияны құру үшін (!!) партияға формальды түрде кіру мүмкіндігі ғана жетіспей отырған (!) жұмысшылардың қалың тобын» түсінеді екен.

Мұның ешбір теңдесі жоқ. Партия дегеніміз — «партияға формальды түрде кіру мүмкіндігі жетіспей отырған» адамдар. Партия дегеніміз — партиядан тыс тұрған адамдар.

Барлық жойымпаздардың *нені төңіректеп* жүргендерін ашық айтып, В. Засулич бізге тамаша кереметтерді жинап берді.

IV

Германияда қазір 1 миллионға жуық партия мүшесі бар. Онда социал-демократтарға дауыс берушілер $4^1/_4$ миллионға жуық, ал пролетарлар — 15 миллиондай. Жойымпаздардың шатастырған нәрсесін түсіну үшін қарапайым әрі нақты үлгі осы. Бір миллион, бұл — *партия.* Партия ұйымдарына бір миллион адам кіріп отыр. $4^1/_4$ миллион, бұл — «қалың топ». Бұл топ іс жүзінде бұдан әлденеше есе көп, өйткені әйелдердің дауыс беру правосы жоқ, отырықшылық цензісінен, жас цензісінен т. т. және т. с. айрылған көптеген жұмысшылардың да дауыс беру правосы жоқ.

Осы «қалың топтың» бәрі дерлік социал-демократтар, демек бұл топсыз партия дәрменсіз болған болар еді. Осы қалың топ барлық бой көрсетулер тұсында тағы

да 2—3 есе ұлғаяды, өйткені ол кезде партияның соңынан социал-демократтар емес бұқара ереді.

Осы да айқын емес пе? Ап-айқын нәрсені талдап жатудың өзі мүлде ыңғайсыз ғой!

Германияның Россиядан өзгешелігі неде? Оның өзгешелігі — бізде «партия» мен «қалың топтың» арасында айырмашылықтың әсте *жоқтығында* емес! Мұны түсіну үшін әуелі Францияны алайық. Онда біз мынаны көреміз (шамамен; неғұрлым дәлірек цифрлар менің қорытындымды тек *күшейткен* болар еді):

Партия шамамен	70 000*
«Қалың топ» (социал-демократияға берілген дауыстар) шамамен	1 000 000
Пролетарлар шамамен	10 000 000

Ал Россияда ше? Партия — 1907 жылы 150 000 болды (Лондон съезінде есептеліп тексерілген). Қазір қанша екені белгісіз. Сірә, көп кем болар, бірақ 30 немесе 50 мың, анық көрсету мүмкін емес.

Егер социал-демократтарға дауыс берушілер санын шамалап қарасақ, бізде «қалың топ»—300—500 мың. Ақырында, бізде пролетарлар, тегінде, 20 миллионға жуық болу керек. Қайталап айтайын, бұл арада да цифрлар шамамен алынған, бірақ кімнің болса да дәлірек дәлелдегісі келген басқа цифрларының *қай-қайсысы да* менің қорытындыларымды тек бұдан да күштірек растаған болар еді.

Қорытындылар мынадай: барлық елдерде, әрқашан және барлық жерде, «партиядан» *басқа—партия маңында* жүрген «қалың топ» және партияны құрушы, бөліп шығарушы, толықтырушы *таптың* зор бұқарасы бар. Осындай қарапайым және айқын нәрсені түсінбей, жойымпаздар 1895—1901 жылдардағы «экономистердің» қатесін қайталап отыр; «экономистер» «партияның» «таптан» айырмашылығын ешбір түсіне алмай қойған.

* 1913 ж. болған соңғы Брест съезіндегі[21] есеп бойынша дәл цифр— 68 903.

Партия — таптың саналы, алдыңғы қатарлы тобы, оның авангарды. Бұл авангардтың күші оның санынан 10 есе, 100 есе және одан да көп есе зор.

Бұл мүмкін бе? Жүздің күші мыңның күшінен артық бола ала ма?

Жүз ұйымдасқан болса, артық бола алады және артық болады.

Ұйым күшті он есе арттырады. Бұл ақиқат, шынында, жаңалық емес. Ал егер В. Засулич пен жойымпаздар үшін басынан қайта бастауға тура келіп отырса, бұл біздің кінәміз емес.

Алдыңғы қатарлы отрядтың саналылығы, сонымен қатар, оның нақ осы ұйымдаса білетіндігінен көрінеді. Ал ол ұйымдаса келіп, *бірыңғай ерікке* ие болады, міне осы алдыңғы қатарлы мыңның, жүздеген мыңның, миллионның бірыңғай еркі таптың еркі *болып шығады.* Партия мен тап арасындағы аралық дәнекер болатын «қалың топ» (партиядан көп, бірақ таптан аз) — социал-демократтарға дауыс берушілер тобы, жәрдемдесушілер тобы, тілектестер тобы және т. т.

Әр түрлі елдерде партияның тапқа *қатынасы* тарихи және басқа жағдайларға байланысты түрліше болады. Германияда, мысалы, партияға таптың $^1/_{15}$ бөлігіне жуығы ұйымдасқан; Францияда — $^1/_{140}$ бөлігіне жуығы ұйымдасқан. Германияда партияның 1 мүшесіне «қалың топтың» 4—5 социал-демократы келеді; Францияда — 14. Францияда «ашық» ұйым мен саяси бостандық жағдайында жүз мың мүшесі бар партия, шынында, ешқашан болған емес.

Германияда партияға таптың $^1/_{15}$ бөлігін ұйымдастыруға мүмкіндік берген, ал Францияда мұны қиындатқан, Россияда *одан да гөрі* қиындата түсіп отырған тарихи жағдайлардың бар екенін, объективті себептердің бар екенін әрбір парасатты адам түсінеді.

Былай деп мәлімдегісі келген француз туралы сіз не айтар едіңіз: біздің партия — партия емес, тар шеңберлі үйірме. Партияны ұйымға жасырып қоя алмайсың. Партия — қалың топ, *барлық күш* сонда және т. т. Бәлкім, сіз бұл француздың психикалық аурулар ауруханасында еместігіне таңданған болар едіңіз.

Ал Россияда, бізде жолдың *әлі де* болса *таулы-тасты* екенін, яғни ұйымдасудың жағдайлары *қиыныраң* екенін сезе, көре, біле отырып, «біз қалың топты (ұйымдаспаған!) партия деп қарап, ойлайтын да, соз ететін де боламыз» деп мәлімдейтін адамдарды парасаттылар қатарына жатқызғылары келеді. Бұл адамдар—партиядан адасып қалған қашқындар, *партиядан тыс* немесе *партия маңында* адасып жүрген эсдектер, бұлар — құлдыраудың, торығудың, безудің либералдық идеяларының қысымына төзе алмағандар.

V

«Партияның қызмет адамдары партияға қалай қарайтын болса, пайдалы күш болу үшін бұл астыртын ұйым,— деп жазады В. Засулич өзінің тамаша мақаласының қорытынды сөздерінде,— оның бір өзі ғана партия деп аталса да, осы жұмысшы социал-демократиясына» (яғни В. Засулич «барлық күш» деп біліп отырған және ол жөнінде: «біз оған партия деп қарап, осы топты ойлайтын да, сөз ететін де боламыз» деп мәлімдеген қалың топқа) «солай қарауға тиіс».

В. Засуличтің кереметтерге бай мақаласындағы кереметтің кереметі болып табылатын осы пайымдауды ойланып көріңіз. Біріншіден, ол қазіргі Россияда *партия* деп ненің аталатынын өте жақсы түсінеді. Ал ондаған жойымпаз жазушылар: біздер мұны бейне түсінбейтін едік деп жұртшылықты сендіріп келді және сендіріп отыр,— осыдан барып бұл мырзалар *партияны* жою туралы таластарды адам айтқысыз шатастырып отыр. Жұмысшы қозғалысының тағдырларына көңіл аударатын оқушылар тұрпайы, кәдімгі жойымпаздарға қарсы шыққанда В. Засуличтің мақаласын оқып танысып, одан көмескіленген және көмескіленіп отырған: партия дегеніміз не деген сұраққа жауап алатын болсын.

Екіншіден, В. Засуличтің қорытындысын қарап көріңіз. Қызмет адамдары партияға қалай қарайтын болса, астыртын ұйым қалың топқа солай қарауға тиіс,— деседі бізге. Қандай қоғамның болсын қызмет адамдарының осы қоғамға қатынасының мәні неде? деген сұрақ туады. Сірә, қызмет адамдары өзінің жеке басы-

ның (немесе топтық немесе үйірмелік) еркін емес, осы қоғамның еркін жүзеге асыратындығында болса керек.

Бірнеше жүз мың немесе бірнеше миллион адамнан құралған қалың топтың еркін қандай жолмен анықтау керек? *Егер қалың топ бір ұйымға ұйымдаспаған болса, оның еркін анықтау мүлде мүмкін емес* — мұны тіпті бала да түсінеді. Басқа жойымпаздар сияқты, В. Засуличтің сорлылығы мынада: ұйымдық оппортунизмнің қия бетіне түсіп алып, олар аса қауіпті анархизмнің батпағына қарай үнемі құлдырай береді.

Өйткені, В. Засуличтің өзі «қалың топтың» «партияға формальды түрде кіру мүмкіндігі жетіспей отырғанын», сондықтан *«партияны құру»* «мүмкіндігі жетіспей отырғанын» мойындай отырып, сонымен қатар—жойымпаздар осы қалың топты партия деп қарап, *ойлайтын да, сөз ететін де болады,* ал астыртын ұйым қалың топқа жоғары инстанция деп, «қызмет адамдары» туралы мәселені жоғарғы шешуші деп қарауға тиіс, т. с. және т. т. деп мәлімдеуі сөздің нағыз толық және нағыз дәл мағынасында алғанда нақ анархизм болып табылады.

Осы қалың топтарды немесе осы бұқараны ұйымдастырудың мүмкін еместігін *мойындай отырып,* ұйымға *қарсы* қалың топтарға немесе бұқараға жүгінсе,— бұл тап-таза анархизм болып табылады. Анархистердің жұмысшы қозғалысының ең зиянды элементтерінің бірі болатын себебінің өзі де мынада: олар езілген таптардың бұқарасы туралы (немесе тіпті жалпы езілгендер бұқарасы туралы) әрқашан айқай-шу көтере отырып, кез келген социалистік ұйымның ізгі атын әрқашан талқандай отырып, өздері *ешқандай* басқа ұйымды қарама-қарсы қоя да алмайды және құра да алмайды.

Марксистер ұйымдаспаған (және ұзақ уақыт бойы, кейде ондаған жылдар бойы ұйымдастыруға келмейтін) бұқараның партияға, ұйымға деген көзқарасына принципті түрде басқаша қарайды. *Белгілі бір таптың* бұқарасы өзінің мүдделерін, өзінің жағдайын түсінуге үйрене алуы үшін, өзінің саясатын жүргізуге үйрене алуы үшін, нақ осы мақсат үшін таптың алдыңғы қатарлы элементтерін дереу, қайткен күнде де, әуелгі кезде бұл

элементтер таптың болмашы бөлегі болған күнде де, ұйымдастыру қажет. Алдыңғы қатарлы отряд, ұйым бұқараға қызмет етіп, *оның* дұрыс түсінілген мүдделерін білдіру үшін өзінің бұқара ішіндегі бүкіл қызметін бұқараның барлық таңдаулы күштерін түгел қатыстыра отырып, бұқарамен байланыстың жасалған-жасалмағанын, ол байланыстың жандылығын әрдайым, ұқыпты, объективті түрде тексере отырып, жүргізуі тиіс. Алдыңғы қатарлы отряд *бұқараның* мүдделерін білдіре отырып, оны ұйымдасуға үйрете отырып, бұқараның *бүкіл* қызметін саналы таптық саясат жолына бағыттай отырып, бұқараны осылай, *тек* қана осылай тәрбиелеп, көзін ашады.

Егер сайлауға тікелей немесе жанамалай тартылған, немесе оған қатысып отырған күллі бұқараның саяси қызметінің нәтижесінде жұмысшылардың сайланған өкілдерінің *бәрі* — астыртын ұйымды және оның саяси бағытын жақтаушылар, партияны жақтаушылар болып шықса, онда біз бұқарамен байланыстың жандылығын *дәлелдейтін,* бұқараның таптық мүдделерінің *бірден-бір* өкілі және білдірушісі болуға және солай деп аталуға бұл ұйымның правосы барлығын дәлелдейтін объективті фактіні көреміз. Саяси саналы жұмысшының *қай-қайсысы* болсын немесе, дұрысырақ айтқанда, жұмысшылар тобының қай-қайсысы болсын сайлауға белгілі бір бағыт бере отырып, оған қатыса *алды;* ал егер жойымпаздар сықақ етіп, даттап, жирене қағытып отырған ұйымның дәл өзі, сайып келгенде, бұқараны *өз соңынан ерткен болса,*— онда біздің партияның бұқараға көзқарасы принципті түрде дұрыс, маркстік көзқарас болғаны.

«Партияны құру үшін партияға формальды түрде кіру мүмкіндігі *ғана* жетіспей отырған *қалың топ»* жөніндегі теория — анархизм. Бұқараны аздырушы, ұйым деген ұғымның өзін, ұйым принципінің өзін бұзушы осы теорияға қарсы мейлінше аяусыз түрде күреспейінше, Россияда жұмысшы табы өзінің қозғалысын нығайтып, дамыта алмайды.

Партияның *орнына* «қалың топ» теориясы болсын деу — барынша бетімен кетушілікті және бұқаралық

жұмысшы қозғалысын *қорлаушылықты* ақтау (қала берді қорлаушылар әрбір бес сөзден кейін «бұқараны» қалай да келтіріп, «бұқаралық» деген сөзді сан-саққа құбылтады). Жойымпаздардың осы теория арқылы *өзін,* өзінің интеллигенттік үйірмесін «қалың топтың» өкілдері, оны білдірушілер етіп көрсететінін жұрттың бәрі біледі. Біз «қалың топтың» өкілі болғандықтан біз үшін «тар» партия дегеніңіз немене деседі олар! Біз миллиондаған, он миллиондаған болуы мүмкін, қалың топтың өкілі болып отырғанымызда, сайлауға миллион жұмысшыны ерте алатын қайдағы бір астыртын ұйым дегеніңіз біз үшін немене деседі.

Объективті фактілері — IV Дума сайлауы да, жұмысшы газеттерінің шығуы да, оларға қаржы жинау да, Петербургтегі металлистер одағы да, приказчиктер съезі де[22] — жойымпаздардың жұмысшы табынан бөлініп қалған интеллигенттер үйірмесі екенін айқын дәлелдеп отыр. Ал «қалың топ теориясы» дегеніміз барлық объективті фактілерді орағытып өтуге және жойымпаздардың жүрегін өздерінің танылмаған ұлылығын мақтаныш ету сезімімен толтыруына мүмкіндік береді...

VI

В. Засуличтің мақаласы — марксизмнің логикасы мен әліппесі тұрғысынан қарағанда оған бірдеңелердің жиынтығы екені соншалық, тіпті оқушыға: алайда осы мағынасыздықта қандай да болса *басқа* бір мағына жоқ па екен? деген ой өз-өзінен келуі мүмкін. Ал егер біз мұнда бір *көзқарас бар екенін,* ол көзқарас тұрғысынан В. Засуличтің мақаласы әбден түсінікті, қисынды және дұрыс екенін көрсетпесек, біздің талдауымыз толық болмаған болар еді. Бұл көзқарас — жікке бөліну көзқарасы.

Жұмысшы қозғалысының тарихы сәтсіз, жарамсыз, тіпті зиянды партиялар болғаны жөнінде мысалдарға толы. Бір минутқа біздің партия осындай партия екен деп көріңіз. Онда оның өмір сүруімен келісу, әсіресе оның өкілдерімен келісу зиянды және қылмыс болады.

Онда бұл партияны *құрту үшін* және оны жаңа партиямен ауыстыру үшін міндетті түрде күресу керек.

Астыртын ұйымның зиянды екеніне терең көз жеткендік тұрғысынан қарағанда — бұл түсінікті және табиғи нәрсе болады, онда «оның (партияның) көмектескені немесе кедергі жасағаны белгісіз», көмектесіп отырғаны немесе кедергі жасап отырғаны «белгісіз» деген сияқты мәлімдемелер де түсінікті болады. Біз одан кетушілерді ақтап, дәріптейтін боламыз*, мұны ескі партияның «іске қабілетсіздігінен» деп түсіндіретін боламыз. Біз осы ескі партия *атынан партияда жоқтарға* жүгінетін боламыз, олардың жаңа партияға кіруін жақтайтын боламыз.

В. Засулич жікке бөлінудің осы көзқарасын жеткізе айтпай отыр. Мүмкін, субъективтік жағынан авторға бұл факт маңызды және мәнді шығар. Бірақ объективтік жағынан ол —мәні шамалы факт. Егер жазушы *а, б, в* деп әліппенің *барлық* әріптерін айтып шығып, тек соңғысын ғана айтпай қойса, онда 1000 оқушының 999-ы ол бір әріпті өздері (естіртіп немесе ішінен) қосатынына бәс тігуге болады. Жойымпаздардың бәрі де осындай адам күлерлік жағдайда болып отыр: олар жікке бөлінуді жақтайтын дәлелдердің толық жиынын келтіреді де, содан соң не үндемей қояды, не біздер «бірлікті жақтаймыз» дегенді қосып айтады.

Ал біздің В. Засуличтің мақаласы жөнінде де, Л. С., Данның, Левицкийдің, Ежовтың, Потресовтың, Мартовтың осы сияқты ондаған мақалалары жөнінде де беретін жауабымыз біреу-ақ: бірліктің бірінші шарты— «партияның орнына қалың топ теориясын» үзілді-кесілді айыптау, астыртын ұйымға қарсы әрекеттердің бәрін айыптау, В. Засуличтің мақаласын айыптау және мұндай көріністердің бәрінен толық бас тарту. Партия оның өмір сүру қажеттігін таласқа салатын адамдарға қарсы күреспейінше, «біртұтас» бола алмайды.

---

* Айтқандайын. Бөлініп қалғандарды бұлай *қорғау* В. Засуличтің мына сөздерінде де бар: «қалың топтың партияны құру үшін партияға формальды түрде кіру мүмкіндігі ғана жетіспей отыр». Мыңдаған фактілер мұны керісінше көрсетеді. *«Мүмкіндіктің* жетіспей отырғаны» туралы айта отырып, В. Засулич іс жүзінде тоғышарлықты, әйтпесе одан да сорақы қасиеттерді қорғайды.

Жікке бөліну тұрғысынан қарағанда В. Засуличтің мақаласы қисынды және дұрыс. Егер жойымпаздар жаңа партия құра алса және осы жаңа партия ескі партиядан артық болып шықса,— онда В. Засуличтің мақаласы (және жойымпаздардың бүкіл әдебиеті) өзін өзі тарихи ақтайды. Жақсы, нағыз, шын мәніндегі жұмысшы партиясын құрушылардың ескі, іске қабілетсіз, жарамсыз партияны *талқандау* правосын теріске шығару есуас көлгірсулік болған болар еді. Ал егер жойымпаздар ешқандай жаңа партияны ұйымдастырмаса, жұмысшылардың ешқандай басқа ұйымын құрмаса, онда олардың бүкіл әдебиеті және В. Засуличтің мақаласы партиядан бөлініп қалған, торығудың, сенімсіздіктің, тоғышарлықтың контрреволюциялық тасқынына еріп кеткен, либералдардың соңынан салпақтаған тұрлаусыз интеллигенттердің абыржушылығының ескерткіші ғана болып қалады.

Екінің бірі. Мұнда аралық ештеңе жоқ. Бұл арада ештеңені «ымыраластыруға» болмайды; ескі партияны «аздап жоюға» немесе жаңа партияны «аздап құруға» болмайды.

Россияның басынан кешіріп отырған тарихи кезеңінің өзіндік ерекшелігі, сонымен қатар, нақ мынадан көрінеді: дауыл кезінде төзе білген, жекелеген ұйымдық байланыстардың біресе бір жерден, біресе екінші жерден үзілулерінің бәріне қарамастан өзін сақтап қала білген, жұмысшылардың орасан зор бұқарасына (әлбетте, қазіргі Европамен емес, 1849—1859 жылдардағы Европамен салыстырғанда) өте-мөте күшті ықпал етуді өзі қамтамасыз ете білген біршама шағын партиялық ұйтқының,— міне осы ұйтқының маңында толып жатқан антипартиялық, бейпартиялық, партиядан тыс және партия маңында жүрген социал-демократтар мен болар-болмас социал-демократтар қаптап жүр.

Неміс социал-демократиясының заңғар Монбланы іргелес тұрған елде істің жайы нақ осылай болуға да тиіс, ал бұл елдің ішінде... ішінде тіпті либералдардың өздері «таулы-тасты жолдан» басқа жолды көрмей отыр, қала берді Струве және К^0 мырзалар он жылдан астам уақыт ішінде либералдық пікірсымақтарын бо-

лар-болмас маркстік сөздермен көлегейлейтін жүздеген және мыңдаған ұсақ буржуазиялық интеллигенттерді тәрбиелеп шығарды.

Прокопович мырзаны алып қараңыз. Біздің журналистикада және қоғамдық қызметте белгілі адам. Шын мәнісінде, күмәнсыз либерал. Бірақ ол өзін антипартиялық — социал-демократ деп санайды-ау деген қауіпке негіз бар. Махновец (Акимов) мырзаны алып қараңыз. Неғұрлым сылбыр қимылды және жұмысшыны неғұрлым қатты тәуір көруші либерал. Ол өзін бейпартиялық — социал-демократпын деп есептейтіні күмәнсыз. «Киевская Мысль» мен «Наша Заряның»[23], «Лучтың»[24] және т. с. жазушыларын алып қараңыз. Бұлар — партиядан тыс және партия маңында жүрген социал-демократтардың бүтін бір коллекциясы. Бұлардың кейбіреуі көбінесе жаңа, ашық партияны құру туралы армандап қана жүр, бірақ данышпандық жоспарды жүзеге асыруға *«уақытынан бұрын»* кіріссең, тым масқара болып қалмас па екенсің деген мәселені әлі біржолата шешіп болған жоқ. Басқалары біздер ештемені жоймаймыз, бірлікті жақтаймыз және... неміс социал-демократиясымен толығынан келісеміз дегенді ант-су ішіп сендіруге маманданып жүр.

Думадағы социал-демократиялық фракцияны алып қараңыз. Некрасов:

> «...Кейде бір қиын-қыстау мәселеде
> Жалтарып, жанамалап өте шығар...»[25]

деп жазғанда фракцияның ең көрнекті адамдарының бірі — Чхеидзені, күн ілгері данышпандықпен көре білген сияқты.

1911—1912 жылдар III Дума дәуірі мен IV Думаның бастапқы кезінде социал-демократтар үшін ең қиын-қыстау кезең болды. Жойымпаздық және жойымпаздыққа қарсы жұмысшы баспасөздері құрылды. Чхеидзе «жанамалап өте шықты». Ол бұлардың ешқайсысына да қосылмады. Ол партия маңындағы социал-демократ болды. Ол бейне аңдысын аңдып, байқап тұрған сияқты; бір жағынан, ескі партиядан басқа партия жоқ; екінші жағынан, кім біледі, «олар» ол партияны аздап

жояр... Оның сөздерін оқысаң, оңшылдарға қарсы тапқыр және өткір әрекетіне, қызу және батыл сөзіне, ескі дәстүрлерді қорғауына көбіне қол шапалақтайсың,— ал сонымен қатар жойымпаздық газетті ақтарып отырып жиіркеніп мұрныңды басасың, өйткені онда «құмарлықты» талқандайды, дәстүрлерден менсінбей қашады және жұмысшыларды ұйымды жек көруге үйретеді, осының бәрі өз есімімен қызметкерлердің тізімін ажарлап отырған Чхеидзенің иек көтеруімен істеліп отырған сияқты. «Луч» редакциясы қатты сөккен Анның мақаласын кездестіріп, біздің бейшара Чхеидзе мен біздің қайырымды Ан өздері Данның езгісін құлатуға әрекет жасағанда қайғылы-күлкілі жеңіліс тапқан жоқ па екен деп еріксіз ойлайсың...

Пролетарлық бірліктің ұлы принципі жолында партияға партия маңындағы болар-болмас социал-демократтардың «жанамалап өткісі» келетін немесе ескіні жою керек пе әлде нығайту керек пе деген мәселеде солқылдақтық жасайтын белгілі бір тобымен келісім жасасуға кеңес беретін адамдар бар. Бұл адамдардың өздерінің де солқылдақтық жасайтынын немесе істің шын жағдайымен өте нашар таныс екенін түсіну қиын емес. Өмір сүргісі келетін партия өзінің өмір сүруі туралы мәселеде титтей де болса солқылдақтық жасауға және оны жоятын адамдармен ешқандай келісімдер жасасуға жол бере алмайды. Осындай келісім жасасуда делдал ролін атқарғысы келетіндер есепсіз көп, бірақ бұл адамдардың бәрі де, ескі бір ұғымды қолдапатын болсақ, майшырақты босқа жағып, уақытын текке кетіріп жүр.

P. S. «Живая Жизньнің» 13-номеріндегі (25 июль, 1913 ж.) П. Б. Аксельродтың қорытынды мақаласы — «Бұрын және қазір» деген тақырыппен басылған — біздің сөздерімізді тамаша айқын дәлелдеді. Осы суы көп мақаланың іске жапасымды мәні, әрине, жойымпаздардың август конференциясын адам күлерліктей мадақтауында емес, жұмысшы съезі туралы мәселені жаңадан көтеруінде болып отыр. Әлбетте 1906—1907

жылдардағы жұмысшы съезі жөніндегі идеясына байланысты өзінің күйініштi және қайғылы тәжірибесін П. Б. Аксельрод еске түсірмеуді артық көреді: ескіні қозғап керегі не! Былайша айтқанда, арнаулы сипаты бар және арнаулы себептермен (бүгін приказчиктер съезі, мүмкін, ертең қауіпсіздендіру немесе кәсіптік съездер және т. с. болар) жұмысшы съездері мүмкін болып отырған *қазіргі* кезеңнің ерекше жағдайларын да П. Б. Аксельрод қозғамайды. Көпшілігі жойымпаздарға *қарсы* болған (жойымпаздардың өздерінің «Живая Жизньдегі» амалсыз мойындаулары бойынша) приказчиктер съезінің тәжірибесі, сірә, П. Б. Аксельродқа ұнамайтын болса керек.

Аксельрод не болғанын және не барын айтпайды. Ол болашақ «жылылық» туралы қиялдауды артық көреді,— бірақ, оның нақты жағдайларын біз біле алмай отырмыз! Ол «жалпы россиялық болмағанмен, жалпы орыстық социал-демократиялық жұмысшы съезін» шақыру туралы қиялдайды, ал мұны бұдан әрі тура жалпы орыстық деп атай береді.

Сонымен, бұрынғы дапыншапдық жоспарға екі өзгеріс енгізілген: біріншіден, жай ғана жұмысшы съезі емес, социал-демократиялық жұмысшы съезі. Бұл — прогресс. П. Б. Аксельродты 6 жыл ішінде ілгері басқан осы бір адымы үшін құттықтаймыз. Егер Аксельродтың солшыл халықшылдармен «бірігу» жөніндегі даңғойлық жоспарлардың зияндылығына көзі жеткен болса, оны құттықтаймыз. Екіншіден, жалпы россиялық съезді жалпы орыстық съезд деп өзгерту. Мұның өзі Россиядағы ұлты *орыс емес* жұмысшылармен толық бірігуден бас тартқандық болып табылады (Аксельрод олардың арасында жұмысшы съезі идеясының сәтсіздікке ұшырағанын біржола сәтсіздік деп есептейді!). Бұл — екі адым кейін басқандық. Бұл — жұмысшы қозғалысында сепаратизмді қастерлеу.

Бірақ жемістері әлі алда жатыр. Жұмысшы съезі туралы армандау П. Б. Аксельродқа неге керек болды? Оның себебі мынада:

«...Жұмысшы съезі крепостниктік мемлекет пен сословиелік әлеуметтік-саяси режимнің мешеу тарихи негізінде құрылған

ескі партиялық тәртіпті соңғы жылдарда болып жатқан жою процесін аяқтайды, ал сонымен қатар орыс социал-демократиясының тарихи болмысындағы мүлде жаңа заманды, батыс социал-демократиялық партиялары дамыған негіздердің дәл өзіндей негіздердегі оның даму заманын бастайды».

Осы «негіздердің дәл өзіндей» дегеннің *жария* партияның негіздері екенін жұрттың бәрі біледі. Демек, бұлталақсыз айтқанда, жойымпаздарға жұмысшы съезі ескі партияны *«жоюды аяқтау»* үшін және *жаңа, жария* партияны құру үшін керек.

П. Б. Аксельродтың ұзақ сөзінің қысқаша мәні осындай.

Міне, партия маңындағы социал-демократизмнің соңғы сөзі осы! Партия мүшелері партияда жұмыс істеп, оны нығайта беруге тиіс деген ескі, ескірген пікірді П. Б. Аксельрод архивке тапсырды. Біз ештемені жоймаймыз, бұл жала, біз тек «шеткері» тұрып алып, «партияны жою процесін аяқтау» туралы жұртқа естіртіп айқайлаймыз. Біз мұнымен бірге ертең болашақ жария партияның тамаша мүшелері боламыз деп антсу ішіп, серт береміз.

1913 жылғы бұл партия маңындағы сүйкімді эсдектер 1903 жылғы либералдарға өте ұқсайды; олар біз толығынан эсдектерміз және сөзсіз социал-демократиялық партияның... әлбетте, ол жария партия болған кезде, мүшелері боламыз деп сендірген болатын.

Россияда саяси бостандық болатын кездің туатынына, ал сонда бізде жария социал-демократиялық партия болатынына біз бір минут та күмәнданбаймыз. Бәлкім, оған қазіргі партия маңындағы эсдектердің кейбіреулері кіретін болар.

Сонымен, болашақ жария партияның қатарында кездескенге дейін қош болыңыз, біздің болашақ жолдастар! Ал әзірге — кешіріңіз—біздің жолымыз бір емес, өйткені әзірге сіздер, партия маңындағы социал-демократ мырзалар, маркстік емес, либералдық жұмысты атқарып отырсыздар.

«Просвещение» № 9,
сентябрь, 1913 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Просвещение» журналының
тексті бойынша басылып
отыр

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ӨТКІЗІЛГЕН 1913 ЖЫЛҒЫ ЖАЗҒЫ КЕҢЕСІНІҢ ҚАРАРЛАРЫ[26]

1913 ж. сентябрьде жазылған

1913 ж. декабрьде, РСДРП Орталық Комитеті Парижде басып шығарған мына кітапшада басылған: «РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген 1913 жылғы жазғы кеңесінің хабары мен қарарлары»

Қарарлардың құпия гектографта басылып шыққан тексті бойынша, кітапшаның текстімен салыстырылып басылып отыр

[53

Россійская Соціальдемократическая Рабочая Партія.

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

См. стран. 20

ИЗВѢЩЕНІЕ и РЕЗОЛЮЦІИ

ЛѢТНЯГО 1913 года

совѣщанія

Центральнаго Комитета Р. С.-Д. Р. П.

съ партійными работниками.

Изданіе Центральнаго Комитета.

ЦѢНА 40 сантимовъ.

1913.

РСДРП Орталық Комитеті Парижде басып шығарған «РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген 1913 жылғы жазғы кеңесінің хабары мен қарарлары» деген кітапшаның мұқабасы. — 1913 ж.
Кітапшаның мұқабасындағы белгіні В. И. Лениннің өзі салған

ҮГІТТІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

1. Елдегі жағдай барған сайын шиеленісе түсуде. Реакцияшыл помещиктердің үстемдігі халықтың тіпті ең баяу топтарының арасында да наразылықты барған сайын күшейтіп отыр. Россияда азды-көпті шын саяси бостандыққа жету жолына бұрынғыша — елеулі реформаның қандайына да дұшпан, крепостниктердің өктемдігі мен табыстарын ғана қорғайтын және жұмысшы қозғалысының қандай көрінісін болса да ерекше қатал басып тастайтын — патша монархиясы кесе көлденең тұр.

2. Жұмысшы табы жалпы ұлт азаттығы жолындағы революциялық күресте бұрынғыша басшы болып отыр. Бұқаралық революциялық стачка дами түсуде. Жұмысшы табының алдыңғы қатарлы отрядтарының шын күресі революциялық ұрандармен жүріп жатыр.

Бұқаралық экономикалық қозғалыс, көбіне ең алғашқы талаптардан басталып, күрестің бүкіл жағдайына қарай барған сайын жұмысшы табының революциялық қозғалысымен қосыла түсіп отыр.

Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың міндеті өзінің үгіт және ағартушылық жұмысы арқылы пролетариаттың қазіргі заманғы революциялық ұрандары астына топталуын жеделдету болып табылады. Тек осы жағдайда ғана алдыңғы қатарлы жұмысшылар өзінің шаруалық және қалалық демократияны ояту жөніндегі міндетін де орындайды.

3. Жұмысшы табының революциялық ұрандармен жүріп жатқан күресі өнеркәсіпшілердің бір бөлегі мен либералдық-октябристік буржуазияны жалпы алғанда реформалардың, ал жекелеп алғанда коалициялардың күзелген бостандығының қажеттігі туралы қатты сөз етуге мәжбүр етті. Бір жағынан, қожайындардың одақтарына жанталаса ұйымдасып, стачкалардан қауіпсіздендіруді енгізіп және үкіметтен жұмысшы қозғалысына қарсы үнемі қуғын жасалуын талап ете отырып, буржуазия, екінші жағынан, жұмысшыларға революциялық талаптардың *орнына* жеке конституциялық реформамен, коалициялар бостандығы сияқтымен қанағаттануға кеңес береді. Жұмысшы табы өзінің тегеурінін экономикалық күрес саласында да, саяси күрес саласында да күшейту үшін үкіметтің әр түрлі ауытқуларын, буржуазия мен реакциялық лагерь арасында болып отырған алауыздықтарды да пайдалануға тиіс. Бірақ жұмысшы табы жағдайды нақ ойдағыдай пайдалану үшін қысқартылмаған революциялық ұрандар негізінде қала беруге тиіс.

4. Мәселенің осындай жалпы жағдайында социал-демократияның міндеті монархияны құлату жолында және демократиялық республика жолында бұқара арасында кең революциялық үгітті бұрынғыша жүргізе беру болып табылады. Реформизмнің күллі зиянын, яғни революциялық ұрандардың *орнына* ішінара жақсартуларды басты талап етіп қоятын тактиканың күллі зиянын өмір шындығының нақты мысалдарымен қажымай-талмай дәлелдей беру қажет.

5. Өзінің коалициялар бостандығы жолындағы және жалпы алғанда ішінара реформалар жолындағы үгітінде жойымпаздар либералдық жолға сырғып түседі. Олар іс жүзінде бұқара арасындағы революциялық үгітті теріске шығарады, олар өз органдарында «демократиялық республика» мен «жерді конфискелеу» ұрандары бұқара арасындағы үгіттің тақырыбы бола алмайды дегенді тура уағыздайды. Коалициялар бостандығын олар заманның барлық нәрсені қамтитын ұраны деп ұсынып отыр, сөйтіп 1905 жылдың революциялық талаптарын іс жүзінде сол ұранмен алмастырып отыр.

6. Жойымпаздардың зиянды реформистік үгітіне қарсы сақтандыра келіп, кеңес мынаны ескертеді: РСДРП өзінің программа-минимумында коалициялар бостандығы, сөз, баспасөз, т. т. бостандығы талабын әлдеқашан-ақ ұсынды, осы талаптардың бәрін патша монархиясын құлату жолындағы революциялық күреспен тығыз байланыстырып отырды. Кеңес 1912 жылғы январь конференциясының былай дейтін қарарын қостайды: «Конференция барлық социал-демократтарды коалициялар бостандығының пролетариат үшін мейлінше керектігін жұмысшыларға түсіндіріп отыруға шақырады, оның үстіне бұл талап біздің жалпы саяси талаптарымызға және бұқара арасындағы революциялық үгітке үнемі тығыз байланыстырылып отыруы керек»*[27].

Заманның басты урандары: 1) демократиялық республика, 2) помещиктік жерлерді конфискелеу, 3) 8 сағаттық жұмыс күні болып қала береді. Коалициялар бостандығы осы ұрандарға тұтастың бір бөлегі ретінде кіреді.

ҰЙЫМДЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ЖӘНЕ ПАРТИЯ СЪЕЗІ ТУРАЛЫ ҚАРАР

1. Жергілікті жерлерден берілген есептер мынаны көрсетті: кезекте тұрған ең маңызды ұйымдық міндет әрбір қалада басшы партия ұйымдарын баянды ету ғана емес, сонымен қатар жеке қалаларды өзара біріктіру болып табылады.

2. Кеңес облыстық бірігуге апаратын алғашқы қадам ретінде жұмысшы қозғалысының жеке пункттерінен келетін жолдастардың кеңестерін (ал мүмкін болған жерінде конференцияларын да) ұйымдастыруды ұсынады. Бұл ретте кеңестерде партиялық жұмыстың: саяси, кәсіптік, қауіпсіздендіру, кооперативтік жәпе басқа барлық салаларының өкілдері болуына тырысу қажет.

3. Кеңес жалпы россиялық жұмысты біріктіру ісі үшін Орталық Комитет жанынан жұрт сенген өкілдер

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 165-бет. *Ред.*

системасы құрылуын мейлінше қажет деп тапиды. Февраль кеңесінің[28] жұрт сенген өкілдер туралы шешімі өмірге жаңа ғана қолданыла бастады. Жергілікті жерлердегі алдыңғы қатарлы жұмысшылар жұрт сенген өкілдердің жұмысшы қозғалысының тым болмаса әрбір ірі орталығында ұсынылуына және мүмкіндігінше көп ұсынылуына барлық жерде бірдей қамқорлық жасауы тиіс.

4. Кеңес партия съезін шақыру туралы мәселені кезекке қояды[29]. Жұмысшы қозғалысының өсуі, елде саяси дағдарыстың пісіп-жетілуі, жұмысшы табының бүкіл россиялық көлемде бірігіп бой көрсетулерінің қажеттігі мұндай съездің — жеткілікті түрде әзірленгеннен кейін — шақырылуын қажет те, керек те етеді.

5. Кеңес жергілікті жерлердегі жолдастарды, осы мәселені талқылағаннан кейін, съездің алдын ала күн тәртібін, қолайлы мерзімін, қарар жобаларын, т. с. белгілеуге шақырады.

6. Кеңес басқа қиыншылықтардың үстіне съезге жұмсалатын ақша шығындары туралы мәселені де жұмысшылардың өздері ғана шеше алатындығын көрсетеді.

Кеңес жолдастарды партия съезін шақыруға қажет ақша қорын жасау ісіне кірісуге шақырады.

СТАЧКАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ТУРАЛЫ

1. Кеңес 1912 жылғы январь конференциясы мен 1913 жылғы февраль кеңесінің стачкалық қозғалысқа соңғы айлардың барлық тәжірибесіне сай келетін баға берген қарарларын* қостайды.

2. Революциялық стачканың өрлеуінің жаңа кезеңі Москвадағы қозғалыс және осы кезге дейін қозғалыска қатыспаған біраз жерлердегі стачкалық пиғылдың өсуі арқылы сипатталады.

3. Кеңес жаппай саяси стачка туралы мәселе көтерген және осы жылғы июль мен сентябрьде осы батытта қадамдар жасаған Петербург комитеті мен Москваның

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 149—151-беттер және 22-том, 287—289-беттер. *Ред.*

бірқатар партиялық топтарының бастамасын құттықтайды*.

4. Кеңес мынаны мойындайды: қозғалыс бүкіл россиялық саяси стачканы кезекке қоюға таянып келеді. Осы стачкаға әзірлік жолындағы жүйелі үгітті дереу және барлық жерде бастау қажет.

5. Саяси стачкалардың бар жігермен таратылуға тиісті ұрандары үстіміздегі кезеңнің негізгі революциялық талаптары: демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні, помещиктік жерлерді конфискелеу болуға тиіс.

6. Кеңес жергілікті жерлердегі қызметкерлердің бәрін листоктық үгітті өрістетуге және әр түрлі қалалардағы жұмысшылардың саяси ұйымдары мен басқа ұйымдарының арасында мүмкіндігінше неғұрлым дұрыс және тығыз қатынастар орнатуға шақырады. Түрлі себептерге байланысты болуы мүмкін саяси стачкалар (баспасөзді қуғындау, қауіпсіздендіру стачкасы, т. с.) екі астанада мүмкіндігінше бір мезгілде өтуі үшін ең алдымен Петербург пен Москва жұмысшыларының келісіп қоюына көңіл аудару ерекше қажет.

ПАРТИЯ БАСПАСӨЗІ ТУРАЛЫ

1. Кеңес социал-демократиялық үгіт пен ұйымдастыру істері үшін жария баспасөздің зор маңызы барлығын атап көрсетеді, сондықтан да партия мекемелері мен барлық саналы жұмысшыларды жария баспасөзді мейлінше кең тарату, жаппай бірлесіп жаздырып алу және үнемі қаржы жинау істерін ұйымдастыру арқылы оны барынша күшті қолдауға шақырады. Мұнымен қатар кеңес көрсетіліп отырған қаржының партияға берілетін мүшелік жарналар болатынын тағы растайды.

2. Москвада жария жұмысшы органын[30] шығайтуға және оңтүстікте мүмкіндігінше таяуда жұмысшы газетін ұйымдастыруға ерекше күшті көңіл бөлінуге тиіс.

---

* Кеңестің қарарларын бастырып шығару жұмысы тапсырылған Орталық Органның редакциясы осы қарарларды толық растаған сентябрь оқиғаларын көрсетуді қосты.

3. Кеңес өзара хабарлас болу, кеңестер ұйымдастыру және т. с. арқылы қазіргі жария жұмысшы органдарының мүмкіндігінше неғұрлым тығыз жақындасуы жөнінде тілек білдіреді.

4. Марксизмнің теориялық органы болуының маңыздылығы мен қажеттігін мойындап, кеңес партиялық және кәсіптік баспасөз органдарының бәрі жұмысшыларды «Просвещение»[31] журналымен таныстырып, оларды журналға үнемі жазылуға, оны әрдайым қолдап отыруға шақыруы жөнінде тілек білдіреді.

5. Кеңес партия баспаларының[32] назарын социал-демократиялық үгіт пен насихат мәселелері жөнінде көпшілікке арналған кітапшаларды көп басып шығарудың өте-мөте қажеттігіне аударады.

6. Соңғы кезде бұқараның революциялық күресі күшейіп отырғандықтан және оны толық, жан-жақты баяндаудың қажеттігінен, бұған жария баспасөздің қолы жете бермейді, кеңес құпия партиялық баспаны мейлінше өрістету қажеттігіне ерекше көңіл аударады, оның бер жағында, құпия листоктарға, кітапшаларға, т. т. қоса партияның құпия органының (Орталық Органның)[33] неғұрлым жиі және үнемі шығып тұруы өте-мөте қажет.

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ ДУМАДАҒЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

РСДРП-ның Думадағы социал-демократиялық фракция туралы 1908 жылғы декабрь конференциясында қабылданған қарарын егжей-тегжейлі талдай келіп және социал-демократтардың IV Думадағы думалық жұмысы туралы деректердің бәрін талқылай келіп, кеңес мыналарды мойындайды:

1. көрсетіліп отырған қарар Думадағы социал-демократиялық жұмыстың міндеттері мен бағытын әбден дұрыс анықтады, сондықтан келешекте де осы қарарды басшылыққа алу қажет;

2. декабрь қарарының 3 пунктінің (жұмысшылардың жағдайын жақсарту туралы мәселелер жөнінде жақтап дауыс беру немесе қалыс қалу туралы)[34] соңғы бөлім-

шесі (3з) төмендегі түрде түсіндірілуге тиіс. Заң жобаларында, формулаларда, т. т. жұмысшылардың, төменгі қызметшілердің және жалпы еңбекші бұқараның жағдайын тікелей және тура жақсарту туралы әңгіме болып отырса (мәселен, жұмыс күнін қысқарту, жалақыны арттыру, жұмысшылардың және халықтың жалпы қалың топтарының тұрмысындағы шамалы кеселді болса да жою, т. с.), онда осы жақсартуларды көрсететін пункттерді жақтап дауыс беру керек.

Ал жақсарту ісі IV Думаның оған қойған шарттарынан күмәнды болып шығатын жағдайларда, фракция мәселені жұмысшы ұйымдарының өкілдерімен алдын ала талқылап алып, қалыс қалады және қалыс қалудың ерекше дәлелін *міндетті түрде* көрсетеді.

Кеңес мынаны мойындайды:

Барлық сұраулар қою, ірі заң жобалары, т. с. жөнінде социал-демократиялық фракция өзінің кезекті мәселелерге көшу жөніндегі дербес формулаларын енгізуге тиіс.

Социал-демократтардың формуласын қабылдамай тастағаннан кейін, фракцияның үкіметке қарсы дауыс беруі басқа партиялардың дауыс беруімен тура келген жағдайларда — фракция өзінің бөтен формулаға немесе бөтен формуланың бір бөліміне дауыс беруін ерекше дәлелдеуге тырысуы қажет.

ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯ[35] ТУРАЛЫ

Кеңес Думадағы жұмыс саласында социал-демократиялық фракцияның бірлігі мүмкін және қажет деп табады.

Алайда кеңес 7 депутаттың әрекеті фракцияның бірлігіне елеулі қауіп туғызып отырғанын көрсетеді.

7 депутат 1 дауыстың әлдеқалай артықтығын пайдаланып, Россия жұмысшыларының аса зор көпшілігінің өкілдері болып отырған 6 жұмысшы депутаттың қарапайым праволарын бұзып отыр.

7 депутат фракциялық тар шеңберлі мүдделерге сүйеніп, жұмысшы өмірінің өте маңызды мәселелері

жөнінде 6 депутатты Дума трибунасынан сөз сөйлеу мүмкіндігінен айырып отыр. Социал-демократиялық фракция екі және одан көп шешен шығарып сөйлеген бірсыпыра сөздерде, 6 депутат өздерінің талап етулеріне қарамастан, өз шешенін шығаруға мүмкіндік ала алмады.

7 депутат Дума комиссияларындағы орындарды бөлісуде де (мысалы, бюджет комиссиясы) солай етіп, 6 депутатқа екі орынның біреуін беруден бас тартып отыр.

Жұмысшы қозғалысы үшін маңызды мекемелерге фракциядан өкіл сайлаған кезде 7 депутат бір дауыстың артықшылығын пайдаланып, 6 депутатқа өкілдік бермей отыр. Фракцияға қызмет ететін адамдар әрқашан бір жақты сайланады (мысалы, екінші секретарь тағайындау талабы қабылданбады).

Кеңес 7 депутаттың бұл сияқты іс-әрекетін фракцияда сөзсіз жанжал туғызатын, ұйымдасқан жұмысқа кедергі жасайтын және фракцияны жікке бөлінуге бастайтын нәрсе деп табады.

Кеңес 7 депутаттың бұл сияқты іс-әрекетіне мейлінше үзілді-кесілді наразылық білдіреді.

6 депутат Россия жұмысшыларының аса зор көпшілігінің өкілдері болып табылады және оның ұйымдасқан авангардының саяси бағытына толық сәйкес қимыл жасайды.

Кеңес сондықтан фракцияның екі бөлегі толық тең праволы болғанда ғана және 7 депутат қысым жасау саясатынан бас тартқанда ғана социал-демократиялық фракцияның Думадағы жұмыс саласындағы бірлігін сақтауға мүмкіндік болады деп табады.

Ымыраға келмейтін алауыздықтар тек Думадағы жұмыс саласында ғана емес екеніне қарамастан, кеңес фракцияның 2 бөлегінің жоғарыда көрсетілген тең праволылығы негізінде оның бірлігі болуын талап етеді.

Кеңес саналы жұмысшыларды осы маңызды мәселе жөнінде өз пікірлерін айтуға және 6 жұмысшы депутаттың тең праволы болуы сияқты бірліктің бірден-бір мүмкін негізінде фракцияның бірлігін сақтауға бар күшін салып көмектесуге шақырады.

ЖАРИЯ ҚОҒАМДАРДАҒЫ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ

1. Жұмысшы табының экономикалық және саяси күресінің өрлеуінің қазіргі кезеңінде барлық жария жұмысшы қоғамдарында (кәсіптік одақтар, клубтар, аурудан қауіпсіздендіру кассалары, кооперативтер, т. б.) жұмысты күшейту ерекше қажет.

2. Жария жұмысшы қоғамдарындағы бүкіл жұмыс бейтараптық рухта емес, РСДРП Лондон съезінің және Штутгарттағы халықаралық конгрестің шешімдері[36] рухында жүргізілуге тиіс. Социал-демократтар барлық жұмысшы қоғамдарына жұмысшылардың мүмкіндігінше неғұрлым қалың тобын тартып, партиялық көзқарастарының айырмашылығына қарамастан барлық жұмысшыларды олардың мүшелері құрамына шақырып отыруға тиіс. Бірақ социал-демократтар осы қоғамдардың ішінде партиялық топтар құрып, бұл қоғамдардың бәрінің ішінде ұзақ уақыт үнемі жұмыс жүргізу арқылы олар мен социал-демократиялық партия арасында мейлінше тығыз байланыс орнатуға тырысуы тиіс.

3. Халықаралық жұмысшы қозғалысы мен біздің орыс жұмысшы қозғалысының тәжірибесі мұндай жұмысшы ұйымдарының (кәсіптік одақтар, кооперативтер, клубтар, т. с.) пайда болған күнінен бастап бұл мекемелердің әрқайсысын социал-демократиялық партияның тірегі ету қажет екендігін үйретеді. Кеңес Россияда ерекше шұғыл тұрған осы маңызды міндетті еске алуға барлық партия мүшелерін шақырады, өйткені жойымпаздар жария қоғамдарды партияға *қарсы* пайдалануға үнемі тырысады.

4. Кеңес былай деп табады: қауіпсіздендіру кассаларына уәкілдер сайлауда, кәсіптік одақтардың, т. т. барлық жұмысында қозғалыстың толық бірлігін және азшылықтың көпшілікке бағынуын қорғай отырып, партия бағытын жүзеге асыру керек, жауапты орындардың бәріне партияны жақтаушылар сайланатын болуына күш салу керек, т. т.

5. Жария жұмысшы қоғамдарындағы практикалық жұмыстың тәжірибесін есепке алу үшін жергілікті

жерлердегі жария жұмысшы ұйымдарының жұмысына белсене қатысушылармен неғұрлым жиі кеңестер өткізу жөн, сонымен қатар жария қоғамдарда жұмыс жүргізетін партиялық топтардың өкілдерін жалпы партиялық конференцияларға мүмкіндігінше көптеп қатыстыру жөн.

ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАР

Қаражүздік ұлтшылдықтың өршуі, либералдық буржуазияның арасында ұлтшылдық тенденциялардың өсуі, езілген ұлттардың жоғарғы топтарының арасында ұлтшылдық тенденциялардың күшеюі—қазіргі кезеңде ұлт мәселесін көрнекті орынға қойып отыр.

Социал-демократияның ішіндегі істердің жайы (Кавказ социал-демократтарының, Бундтың[37] және жойымпаздардың партия программасын[38] жоюға әрекеттер жасауы, т. т.) бұл мәселеге бұрынғыдан да гөрі баса көңіл бөлуге партияны мәжбүр етіп отыр.

РСДРП программасына сүйене отырып, кеңес — ұлт мәселесі жөніндегі социал-демократиялық үгітті дұрыс жолға қою мүдделеріне сай — мынадай қағидалар ұсынады:

1. Қанаушылыққа, баюшылыққа және қырқысуға негізделген капиталистік қоғамда ұлттардың татулығы тегі мүмкін болатын болса, бұған барлық ұлттар мен тілдердің толық тең праволылығын, міндетті мемлекеттік тілдің болмауын қамтамасыз ететін мемлекеттің дәйекті, ақырына дейін демократиялық республикалық құрылысы болғанда ғана, халықты жергілікті тілдердің бәрінде де оқытатын мектептермен қамтамасыз еткенде ғана және ұлттардың бірінің қандай да болсын пұрсаттылығы болуын және аз ұлттың праволарын қандай да болсын бұзушылықтарды заңсыз деп жариялайтын негізгі заңды конституцияға енгізгенде ғана қол жетеді. Бұл арада әсіресе кең облыстық автономия мен толық демократиялық жергілікті өзін өзі басқару орындарының болуы қажет, ал өзін өзі басқаратын және автономиялы облыстардың шекараларын белгілегенде шаруашылық және тұрмыс жағдайларын, халықтың

ұлттық құрамын, т. т. жергілікті халықтың өзінің есепке алуы негізінде белгілеу қажет.

2. Бір мемлекеттің шеңберінде мектеп ісін ұлт-ұлтқа қарай бөлу жалпы алғанда демократия тұрғысынан, ал жекелеп алғанда пролетариаттың тап күресінің мүдделері тұрғысынан сөзсіз зиянды. Еврейлердің барлық буржуазиялық партияларының және әр түрлі ұлттардың мещандық, оппортунистік, элементтерінің Россияда қабылдаған «мәдени-ұлттық» автономия дейтін жоспары немесе «ұлттық даму бостандығына кепілдік жасайтын мекемелер құру» жоспары нақ осылай бөлу болмақшы.

3. Жұмысшы табының мүдделері белгілі бір мемлекеттің барлық ұлттарының жұмысшыларын бірыңғай пролетарлық ұйымдарға — саяси, кәсіптік, кооперативтік-ағартушылық, т. т. ұйымдарға біріктіруді талап етеді. Түрлі ұлттар жұмысшыларының бірыңғай ұйымдарға осылайша бірігуі ғана пролетариаттың халықаралық капиталға қарсы және реакцияға қарсы, ал сонымен қатар өздерінің антипролетарлық талаптарын әдетте «ұлт мәдениетін» бетке ұстап жүзеге асыратын барлық ұлттардың помещиктерінің, поптарының және буржуазиясының ұлтшылдарының уағызы мен нисттеріне қарсы жеңімпаз күрес жүргізуіне мүмкіндік береді. Бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысы пролетариаттың интернационалдық (халықаралық) мәдениетін құрып, оны күннен күнге одан әрі дамыта береді.

4. Патша монархиясы езіп отырған ұлттардың өзін өзі билеу правосына, яғни бөлініп шығып, дербес мемлекет құру правосына келетін болсақ, онда социал-демократиялық партия бұл правоны сөзсіз қорғауға тиіс. Мұны жалпы алғанда халықаралық демократияның негізгі принциптері де, сондай-ақ әсіресе Европадағы және Азиядағы көршілес мемлекеттермен салыстырғанда нағыз реакциялық, нағыз варварлық мемлекеттік құрылыс — патша монархиясының Россия халықтарының көпшілігін адам айтқысыз түрде ұлттық езуі де талап етіп отыр. Содан соң, мұны великорус халқының өзінің бостандық алу ісі талап етіп отыр, өйткені ол ұлттық қозғалыстарды талай рет қанға бояған жазалау дәстүрі

қолдап отырған және патша монархиясы мен барлық реакциялық партиялар ғана емес, оның үстіне, әсіресе контрреволюция заманында, монархия алдында жалбақтайтын великорустық буржуазиялық либерализм де үнемі мәпелеп отырған қаражүздік великорустық ұлтшылдық жойылмаса, демократиялық мемлекет құруға қабілетсіз болады.

5. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселені (яғни бөліну туралы мәселені толық еркін және демократиялық жолмен шешуді мемлекет конституциясының қамтамасыз етуі) белгілі бір ұлттың бөлініп шығуының тиімді-тиімсіздігі туралы мәселемен шатастыруға болмайды. Бұл соңғы мәселені социал-демократиялық партия бүкіл қоғамдық даму мүдделері мен пролетариаттың социализм жолындағы тап күресі мүдделерінің тұрғысынан қарап, әрбір жеке жағдайда мүлде дербес шешуге тиіс.

Социал-демократия бұл арада мынаны еске алуға тиіс: езілген ұлттардың помещиктері, поптары және буржуазиясы жұмысшылардың сыртынан үстем ұлттың помещиктерімен және буржуазиясымен екі арада барлық ұлттардың еңбекші бұқарасына зиянды келісімдер жасай келіп, жұмысшыларды бөлу, оларды ақымақ ету әрекеттерін көбінесе ұлтшылдық ұрандармен бүркемелеп отырады.

Кеңес партия съезінің күн тәртібіне ұлттық программа туралы мәселе қояды. Кеңес Орталық Комитетті, партиялық баспасөзді және жергілікті ұйымдарды ұлт мәселесін мүмкіндігінше егжей-тегжейлі баяндауға (кітапшаларда, айтыстарда және т. т.) шақырады.

ХАЛЫҚШЫЛДАР ТУРАЛЫ

1. Лондон съезі халықшылдық партиялардың — ал, сондай-ақ, социалист-революционерлер партиясының да[39] — революциялық замандағы ісіне қорытынды жасай келіп, бұл партиялардың либералдардың гегемониясына бағыну мен помещиктік жер иеленуге және

крепостниктік мемлекетке қарсы батыл күрес жүргізудің екі арасында үнемі ауытқып келгенін, ал сонымен қатар олардың пролетар мен ұсақ қожайынның арасындағы қарама-қарсылықты көмескілейтін уағызының псевдо (жалған) социалистік сипаты барлығын дәл көрсетті.

2. Реакциялық заман бұл белгілерді бұрынғыдан да күшейтті, күшейткенде социалист-революционерлер партиясында, бір жағынан, дәйекті-демократиялық саясаттан бас тартуды туғызып және партияның тіпті кейбір элементтерін революцияны сынаушыларға, либералдардың ізімен жүруші сынаушыларға айналдырып, ал, екінші жағынан, партияны бұқараның өмірінен қол үзген кілең интеллигенттік топқа айналдырып, күшейтті.

3. Социалист-революционерлер партиясы террорды ресми түрде қорғаумен келеді, ал террордың Россиядағы тарихы күрестің бұл методына берілген социал-демократиялық сынды мүлде ақтап шықты, сөйтіп толық күйреумен аяқталды. Мұнымен қатар сайлауға бойкот жасаудың және бұл интеллигенттік ұйымның елдің қоғамдық дамуының барысына жоспарлы ықпал етіп отыруға мүлде қабілетсіздігінің салдарынан революциялық қозғалыстың жаңа өрлеуі барлық жерде де осы партияның ешқандай ықпалынсыз өтті.

4. Халықшылдықтың ұсақ буржуазиялық социализмі еңбек пен капитал мүдделерінің арасында барған сайын ұлғайып бара жатқан тұңғиықты көмескілейтін және тап күресінің шиеленісуін жұқалап көрсетуге тырысатын идеяларды жұмысшы табы алдында зиянды түрде уағыздау ғана болмақ және кооперативтік салада мещандық утопияларға алып келеді.

5. Демократиялық ұрандарды қорғау саласындағы ауытқулар, партияның үйірмелік сипаты және оның ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдері шаруалардың қалың топтары арасында халықшылдықтың республикалық-демократиялық насихатты өрістетуіне өте күшті кедергі жасайды. Сонымен бұл насихаттың мүдделерінің өзі де ең әуелі социал-демократтардан халықшылдықты батыл сынауды талап етеді.

Кеңес халықшылдық партиялармен бірлесіп қимыл жасау жөніндегі Лондон съезі арнаулы түрде алдын ала көрсетіп өткендерді эсте жоққа шығармай-ақ, осы себепті социал-демократияның міндеттері мынадай болуға тиіс деп ұйғарады:

a) халықшылдық партияларда біліпіп отырған ауытқуларды және дәйекті демократизмнен бас тартуды әшкерелеу керек;

b) халықшылдықтың капитал мен еңбектің арасындағы тұңғиықты көмескілейтін ұсақ буржуазиялық социализміне қарсы күресу керек;

c) өз демократизмінде дәйекті тұратын социалистік пролетариат қана шаруалардың кедей бұқарасының монархия мен помещиктік жер иеленуге қарсы күресінде олардың сенімді басшысы бола алатындығын үнемі көрсете отырып, шаруалар бұқарасының арасындағы республикалық-демократиялық ағымдарды қолдау керек;

d) халықшылдықтың мешеу теорияларынан осы кезге дейін әлі арыла алмаған азғантай да болса жұмысшы топтарының арасында социал-демократиялық идеяларды насихаттау ісіне күшті көңіл аудару керек.

ТРУДОВИК-СЫМАҚ

«Заветы»[40] журналы — Чернов мырзаның өзін қоса нағыз халықшылдық, *солшыл*-халықшылдық журнал. Ал сонымен қатар қалың, елеулі журнал. Егер барлық трудовиктер[41], барлық халықшылдар, оның ішінде барлық «эсерлер» әңгіме етіп жүрген атышулы *«еңбек* негізінің» түсінігін бір жерден табуға болатын болса, онда нақ осыдан табуға болады.

Кейбір адамдар тіпті «еңбек негізі» дегеніміз социалистік негіз, сондықтан «еңбек негізінің» теоретиктері де социалистер деп сендірмек болады.

«Солшыл халықшылдардың» бірі, өнеркәсіп капитализмі туралы мәселемен арнайы шұғылданған С. Зак мырзаның *«еңбек»* өнеркәсібі туралы қалай пайымдайтынын қарастырып көрейік.

С. Зак мырза өнеркәсіптің үш түрін айырады: 1) «еңбек» өнеркәсібі, 2) еңбек өнеркәсібінен капиталистік өнеркәсіпке айналатын «өтпелі» өнеркәсіп және 3) капиталистік өнеркәсіп. Ол капиталистік өнеркәсіпке жұмысшыларының саны 50-ден артық кәсіпорындарды, өтпелі өнеркәсіпке —11-ден 50-ге дейін жұмысшысы бар кәсіпорындарды, *еңбек* өнеркәсібіне — *жұмысшыларының саны 10-нан артпайтын* кәсіпорындарды жатқызады.

Ал соңғылардың «еңбек» кәсіпорындары болатып себебі не? Себебі, біліп қойыңыз,—«әзірге кәсіпорындардың әрқайсысында орта есеппен тым болмаса бір кеңсе қызметшісі және бір техник болмай тұрғанда,

олардың капиталистік сипаты туралы сөз етуге де болмайды».

Социалист атанғысы келетін жазушыға емес, шала сауатты кеңсе қызметшісіне лайықты теория! Зак мырза мен басқа да халықшылдар *«өзінің»*, жаңа, нағыз орыстық, саяси экономиясын ойлап шығарғанға дейін, біз капитализм деп *жұмыс күшін* товарға айналдыратын *товар* өндірісі аталады деген ескі көзқараста қала береміз.

Бұл ап-айқын нәрсе, мұны білмеу ұят. Бірақ, халықшыл мырзалар сөз жүзінде— Маркс теориясын жақтаушылар, буржуазиялық саяси экономияның дұшпандары. Ал іс жүзінде олар ештемеге үйренбеген және: егер «кеңсесі» болса, бұл — капиталист. Ал егер менің шаруашылығым шағын болса, онда мен қайдан капиталист болайын, мен—еңбек адамымын! деген буржуазиялық бос сөздердің үзінділерін қайталайтын нағыз пасық тоғышардың көзқарастарын жұртшылыққа ұсынады.

Баспасөз жүзінде мұндай көзқарастарды қорғау — саяси экономия ғылымын теріске шығарып, надандықты қорғау деген сөз.

Капиталистердің ұсақтары да, ірілері де, ақымақтары да, ақылдылары да болады, бірақ капитализм мұнымен белгіленбейді, *товарлар* өндіруімен, жалдама еңбекті қолдануымен белгіленеді.

Біздің халықшыл «еңбек» шаруашылығының тағы бір белгісі қожайынның семья мүшелерінің жұмысқа қатысуы деп есептейді. Ал шынына келгенде саяси экономияның негіздерімен таныс адамның қай-қайсысы да мұның өзі *ұсақ буржуазиялық* шаруашылықтың белгісі екенін біледі. Ұсақ буржуазияны «еңбек» шаруашылығы деп атап, оны боямалау социализм туралы түсінігі жоқ деген сөз.

Зак мырзаның өзінің цифрлары мынадай. 100 кәсіпорынға қожайынның семья мүшелері орта есеппен мынадайдан келеді: 1) 3 жұмысшыға дейін жұмысшысы бар кәсіпорындарда 28; 2) 4—5 жұмысшысы бар кәсіпорындарда 34; 3) 6—10 жұмысшысы бар кәсіпорындарында 22.

Біздің «жаңа халықшыл» шынында да жақсы емес пе? Оның өзі жалдама еңбектің *басымдығы* туралы цифрлар келтіреді де, мұны «еңбек» шаруашылығы деп атайды!!

Зак мырза «еңбек» қожайындарының «көптігіне» мәз болып, және мұның өзі «ортодоксті (яғни бұлжымайтын — халықшылдар мазақ ретінде Маркс ілімін осылай атайды) теорияның терістігін» дәлелдейді деп сендіріп, әр түрлі өнеркәсіп санақтары бойынша мәліметтердің басын шалады. Зак мырзаның ең алдымен сүйеніп отырған герман санағынан толық мәліметтер келтірейік. Сауда мен жол қатынастарын қоса өнеркәсіпті кең мағынада алайық.

Кәсіпорындар топтары:	Кәсіпорындар саны (мың)	Проц.	Саны миллион есебімен: Жұмысшылар	Проц.	Ат күші	Проц.	Киловатт	Проц.
Жеке-даралар	1 452	44,4	1,4	10,1	—	—	—	—
Ұсақтар (2—5 жұм.)	1 524	46,7	3,8	26,2	0,7	7,4	0,1	7,1
Орташалар (6—50 жұм.)	259	8,0	3,5	24,3	1,5	17,3	0,2	15,7
Ірілер, (51 және одан артық)	31	0,9	5,7	39,4	6,6	75,3	1,2	77,2
Барлығы	3 266	100	14,4	100	8,8	100	1,5	100

Капитализмнің өнеркәсіптегі осы көрінісіне қарап көріңіз. Жеке-даралар — ұсақ буржуалар өте «көп»: *бір жарым миллион.* Ал олардың өндірістегі *үлесі* ше? Жұмысшылардың *оннан бір* бөлігі және бу машиналары да, электр машиналары да *жоқ!!*

Ал ірі капиталистер ше? Барлық кәсіпорындардың *жүзден бірі,* бірақ барлық жұмысшылардың $^2/_5$ бөлігі дерлік (39%) және барлық машиналардың *төрттен үшінен көбірегі* (75—77%) соларда!

Әрбір ойлай білетін жұмысшы өзінің күнделікті тәжірибесінің толық расталып отырғанын: толып жатқан бейшара, капитал жаныштаған, ұсақ буржуаны және сан жағынан болмашы ғана капиталистік ірі кәсіп-

орындардың мейлінше *толық үстемдігін* бұл арада бірден көреді.

Содан соң. «Солшыл» халықшылдың сорақы түрде бұрмалаған статистикасы капитализмнің мейлінше тез өскенін және ұсақ өндірістің ығыстырылғанын көрсетеді. Немістің 1882 жылғы, 1895 жылғы және 1907 жылғы (соңғы) үш санағының мәліметтерін салыстырып көрейік. Оқушыны цифрлармен жалықтырып жібермеу үшін тек ең бастысын ғана алайық: жеке-дара кәсіпорындарды капиталистік кәсіпорындармен, орташалары мен ірілерін қоса, салыстырайық:

Жылдар:	Жеке-дара кәсіпорындар		Орташа және ірі капиталистік кәсіпорындар	
	Жалпы кәсіпорындар санының проценті	Жалпы жұмысшылар санының проценті	Жалпы кәсіпорындар санының проценті	Жалпы жұмысшылар санының проценті
1882	62	26	4	41
1895	54	17	7	53
1907	42	10	9	63

Бұдан 25 жыл бұрын жеке-даралар қожайындардың көпшілігі ($^3/_5$) еді. Қазір олар азшылық ($^2/_5$). Бұрын оларда барлық жұмысшылардың $^1/_4$ бөлігі болған еді; қазір — $^1/_{10}$ бөлігі бар.

Капиталистік кәсіпорындардың үлесі, қайта, тез өсіп келеді. Бұдан 25 жыл бұрын оларда жұмысшылар азшылық еді ($^2/_5$), ал қазір оларда — *көпшілік,* жалпы жұмысшылар санының $^2/_3$ бөлігіндей дерлік (63 процент). Ал біз ат төбеліндей капиталистердің қолында — *машиналардың,* бу машиналарының, сондай-ақ одан да көбірек электр машиналарының, шоғырлануы (жинақталуы) жұмысшылардың шоғырлануынан да *анағұрлым күштірек* екенін жоғарыда көрдік.

Сонымен. Еркін және тез дамып келе жатқан елдердегі өнеркәсіптік санақтар Маркстің теориясын нағыз тамаша түрде растап отыр. Капитализм барлық жерде үстемдік құруда. Ол барлық жерде ұсақ өндірісті ығыстырып шығаруда. Барлық жерде де шаруалар бұқарасы, ұсақ қолөнершілер мен майдагерлер бұқарасы күйзелуде. Ірі капитал ұсақ қожайынсымақтарды мың-

даған тәсілдер арқылы езіп, жаныштап отыр, мұны статистиканың есепке алуы әлі де болса тым нашар. Ұсақ қожайынсымаққа аман қалу деген жоқ. Оның пролетариат күресіне қосылудан басқа шарасы қалмады.

«Еңбек негізі» мен «еңбек шаруашылығы» теориясы — басынан аяғына дейін ескі буржуазиялық соқыр сенімдерді қайталау ғана. Барлық елдердің тәжірибесі бұл соқыр сенімдерді қадам басқан сайын талқандап отыр.

Солшыл халықшылдар 5, 10 жалдама жұмысшысы бар капиталист немесе капиталиссымақ «еңбек» қожайыны болады дегенді жұмысшыларға дәлелдеуге тырысып, өздерінің буржуазияшылдығын ғана дәлелдейді.

«Правда Труда» № 18,
1 октябрь, 1913 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Правда Труда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ШАТАСҚАН БЕЙПАРТИЯШЫЛДАР

Біздің жұртшылықтың арасында ең көп тараған және ең ауыр құбылыстардың бірі — партиялылыққа немқұрайды (егер тура теріс қараушылық болмаса) қараушылық.

Партиялылықтан бас тарту және партиялық «тар өрістілік», «шаблондық», төзімсіздік және т. т. және т. с. туралы лепірме сөздер сөйлеу саяси жеке-даралар-ға, саяси авантюристерге, саясаттағы Маниловтарға тән нәрсе. Ал шынына келгенде мұндай сөздер бұқарадан қол үзген және өздерінің осалдығын бүркемелеу қажеттігін сезетін интеллигенттердің адам күлерлік және бейшаралық менмендігін немесе өзін өзі ақтаушылығын көрсетеді. Сөздің шын мағынасында саясатты тек *бұқара* ғана жасай алады, ал партияда жоқ және берік бір партияға ермеген бұқара — бытыраңқы, санасыз, ұстамдылыққа қабілетсіз бұқара және «қолайлы» сәттерді пайдалана қою үшін үстем таптардан әрқашан «дер кезінде» шыға келетін епті саясат құмарлардың ойыншығына айналып кететін бұқара.

Россия — еркін саяси әрекетке мейлінше аз дағдыланған, неғұрлым ұсақ буржуазиялық елдердің бірі. Сондықтан, тек қана сондықтан бізде партиялылыққа немқұрайды қараушылық етек алып отыр. Россиядағы саналы жұмысшының міндеттерінің бірі (және оның сіңірген ұлы тарихи еңбектерінің бірі) —осы немқұрайды қараушылыққа қарсы үнемі, табанды күрес жүргізу.

Партия маңындағы интеллигенцияның арасындағы өзіне-өзі мәз бейпартиялылықтың ең жаңа мысалдарының бірі мынадай.

Жұмысшылар жұмысшы газеттеріне қаржы жинауды кең жолға қойды. Егер бұқара *қандай* газетке жәрдемдесу керек екенін, қандай *бағытқа* көмектесу керек екенін саналы түрде түсінсе, оның осы қаржы жинаулардан идеялық, принциптік саясатқа *үйренетінін* түсіну қиын емес.

Бейпартиялық саясатқа қарай жиі-жиі құлдырай беретін жойымпаздар жиналған *қаржыларды тең бөлісу* жолында жұрттың бәріне белгілі науқан ашты. Олар мұны өздерінің осалдығын бүркемелеу мақсатын көздеп қана істеп отыр, сондықтан мұндай науқанның түпнегізінде нақ *бейпартиялық* принцип жатқанын аласқапаста ойлап та үлгірмеді.

Ал өмір оларды сол сәтте-ақ әшкереледі. *Олардың* ұранынан Россияның ұсақ буржуазиялық жұртшылық өмірі өз ұранын *жасады*: жалпы алғанда, жойымпаздармен де, халықшылдармен де тепе-тең бөлінсін деді!

«Кең» және сонпалық принципсіз бірдеме туралы қиялдарға бола маркстік өткендегісінен безген, өзінің саяси авантюризмі жағынан әшкереленген бейпартияшылдар бұлтарып, жалтара бастады. Г. Р. жойымпаздық газеттің 24-номерінде: біздер халықшылдармен бірігуді әсте де жақтамаймыз, мұндай бірігуді марксистер «үнемі уағыздап келді»-міс деп сендірмек болады.

Ақиқатты бұдан артық дөрекі бұрмалаушылықты көз алдыңа елестету қиын. Егер Г. Р. және $К^0$ бейпартияшылдар болмаған болса, маркстік өткендегісінің *тарихына* тоғышарша қарамаған болса, олар жұмысшылардың әр түрлі партияларға көзқарасы туралы мәселе *тек* марксистердің («правдистердің») арқасында *ғана* бұдан алты жылдан астам уақыт бұрын толық ресми түрде *шешілгенін*[42] білген болар еді. Россиядағы *барлық* ең ірі партиялардың *таптық* негіздерін тек марксистер ғана дәлме-дәл анықтап берді; жойымпаздар мұны ешқашан істей алмады. Россияның барлық партияларының ішінен тек марксистер ғана жеке партиялар жөніндегі былыққан принципсіз көзқарастың («оқта-

тексте») орнына, әр түрлі «ағымдардың» мәні туралы мәселеге және олар жөніндегі көзқарасқа бұдан *алты жыл* бұрын дәл жауап дайындады.

Бұл жауаптың дұрыстығын тарих сол кезден бері тамаша, нағыз талассыз түрде дәлелдеп берді.

Бұл жауапта халықшылдардың ұсақ буржуазиялық демократия екендігі, онымен реакцияға қарсы және либерализмге қарсы «бірлесіп қимыл жасауға» ғана болатындығы дәл және айқын айтылған.

Қазір Г. Р. және К^0 халықшылдармен бірігуге қарсымыз деп сендіре келіп: біздер деген «жаппай қаржы бөлген» жағдайда қаржыны *екі* газетке тепе-тең жинауды жақтаймыз, ал қаржы «саналы пікірлестер топтарының арасынан» жиналған жағдайда бұған қарсымыз деп құтылып кеткісі келеді!! (қараңыз: «Новая Рабочая Газета» № 24).

Біріншіден, сіздердің тепе-тең бөлу жөніндегі насихаттарыңыздан бейпартиялық жоспар шығатынын өмір қазірдің өзінде-ақ дәлелдеп берді. Бұл факт. Әлгі 24-номерден бір жұмысшы тобының: *халықшылдармен де тепе-тең бөлінсін* деген қарарын оқимыз. Дағдылы әдетінше, біздің бейпартияшылдар немесе тәуелсіздер бір есікке кіремін деп келіп, екінші есікке кіріп кетеді!

Екіншіден, егер саналылар тобы бұқараның көзін аша білмесе, оны саналы деп атауға бола ма? Болмайды, бейпартияшыл мырзалар! Саналылар бұқараға былай дейді: барлығыңыз да қаржы бөліңіздер, барлығыңыз да бірігіңіздер, бірақ бұл арада әр түрлі газеттердің бағытын *түсініп алуға тырысыңыздар.*

«Тепе-тең бөлінсін» деп барып қаржы бөлу — бейпартияшыл болу, санасыз болу, немқұрайды қарау деген сөз. *«Мынандай бағыт үшін»* деп барып қаржы бөлу — саналы болу және *ортақ* іске саналы түрде қатысу деген сөз.

Г. Р. осы ап-айқын нәрсені бұрмалап отыр!

Қорытынды: Г. Р. жойымпаздар К^0-сымен бірге біздер халықшылдармен бірігуге қарсымыз деп сендіре отырып, *іс жүзінде* олармен *бейпартиялық* түрде бірігу бағытын, *бейпартиялық* бағытты, жұмысшылар үшін

өте зиянды және жол беруге болмайтын бағытты жүргізіп отыр.

Жұмысшылар арасында саяси топастанушылықты жаятын және оларды алуан түрлі алдаушылықты жеңілдететін бейпартиялық уағызға жұмысшы демократиясы талай рет батыл тойтарыс берген еді, бұдан былай да батыл тойтарыс беруге тиіс.

«За Правду» № 3,
4 октябрь, 1913 ж.
Қол қойған: К а р — о в

«За Правду» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛДАР ЖӘНЕ АНГЛИЯДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

11 октябрьдегі сенбіде (ескіше 28 сентябрьде) Англияның либерал министрі Ллойд Джордж Бедфорд қаласында сөйлеген «тамаша» екі сөзімен «аграрлық науқанды» ашты. Біздің Кит Китыч Гучковтың пұрсатты және толық билікті орыс помещиктерімен «есептесуге» уәде бергені сияқты, Англияның либерал министрі де жер мәселесі жөнінде науқан ашуға, жер иеленушілерді — лендлордтарды әшкерелеуге, халықты «радикалды» (Ллойд Джордж өте-мөте радикал адам!) жер реформасын жасауға шақыруға уәде берді.

Англиядағы либералдық газеттер өз көсемінің сөзін мүмкін болғанынша салтанатты етіп көрсетуге тырысты. Дәріптеу керек, қайткен күнде де дәріптеу керек! Сөз тым ұзақ — оның қысқаша «мазмұнын» басайық, оны аграрлық «хартия» деп атайық, оны жақсылап боямалайық, сонда парламенттік епшілдің дипломатиялық айлакерлігінің орнына реформалардың ұзын-шумақ тізбесі, жалақы минимумы да, жұмысшылар үшін 100 000 коттедж (үй) де, «*таза* (!!) жер иеленушілік бағамен жерді күшпен иеліктен айыру» да бірден көзге түсетін болсын.

Англияның либерал буржуазиясының министрі халық ішінде үгітті *қалай* жүргізіп отырғанын оқушыға көрсету үшін, Ллойд Джорджның Бедфордта сөйлеген сөздерінің бірнеше жерін келтірейік.

«Жер туралы мәселеден артық неғұрлым өмірлік маңызды, неғұрлым түбегейлі мәселе жоқ,— деп лепірді

шешен.— Халық қорек етіп отырған тамақ, ол ішіп отырған су, ол тұрған үйлер, оған табыс беретін өнеркәсіп — осылардың бәрі жерге байланысты». Ал Англияда жер кімнің қолында? Ат төбеліндей байлардың қолында! Англиядағы барлық жердің үштен бірі жоғарғы палата мүшелерінің қолында. «Лендлордизм (помещиктік жер иелігі) — еліміздегі монополиялардың ең үлкені». Лендлордтардың өктемдігінде шек жоқ. Олар арендалаушыны қуып шығып, жерді жаудан бетер бүлдіріп кете алады. О, мен жеке адамдарға да, тапқа да тиісіп отырғаным жоқ,— деп өзеуреді министр,— бірақ мұндай жағдайды осылай қалдыруға бола ма?

Соңғы он жыл ішінде егінші халықтың саны 2 миллионнан астамнан бір жарым миллионға дейін кеміді, ал аңшылық күзетшілердің саны 9000-нан 23 000-ға дейін өсті. Өңделмеген жері соншалықты көп, саятшылық құру үшін байлардың өсірген жабайы құстарынан қожайын-фермерлер соншалықты зәбір көрген дүние жүзінде бұдан басқа бір де ел жоқ.

Англияның байлығы адам айтқысыз тез өсіп келеді. Ал селолық жұмысшылар ше? Бұлардың $^9/_{10}$ бөлігі аптасына $20^1/_2$ шиллингтен кемірек (10 сомдай) алады — бұл жұмыс істейтін үйлерде адамның аштан өліп қалмауы үшін қажет деп есептелетін сома. Ауыл шаруашылық жұмысшыларының 60 проценті аптасына 18 шиллингтен (9 сомдай) аз алады.

Консерваторлар жерді ұсақ учаскелерге бөліп, оған төлем төлеуді ұсынады. Бірақ кімде-кім төлеп алу десе,— деп даурықты ағылшын Родичеві,— одан мен былай деп сұраймын: *қандай бағамен?* (жаппай ду күлкі).

Жоғары баға ұсақ сатып алушыны тұралатып тастамай ма? Оны жоғары алым-салықтар тұралатып тастамай ма? Бізде жұмысшыларға жер бөліп беру туралы заң бар. Мысалы. Учаске жерден алынатын барлық алым-салықтар мен міндеткерліктер 30 фунт стерлинг (270 сомдай) болады. Учаскені сатып алып, ұсақ учаскелеп бағасын бөліп төлейтін етіп, кедейлерге қайта сатады. Төлем 60 фунт болып шығады!

Ал Англия деревняларында халықтың азаюы біздің елімізді қорғансыз ел ету қаупін туғызып отыр — күшті шаруалар болмайынша, күшті әскер болмайды. Дөрекі ұлтшылдық пен шовинизмді пайдаланып қалу керек емес пе, мұнысыз орыс либералы мен ағылшын либералы тіршілік ете ала ма?

Жерді жаратқан помещиктер емес,— деп лепірді Ллойд Джордж,— ел помещиктердің өктемдігі мен жұмысшылардың тұрмыс жағдайының бірін қалауға тиіс. Монополияларға қарсы табанды, батыл қимыл жасау керек,— ал жерді жеке меншіктену дегеніміз аса зор монополия. Арендалаушы фермерге оның жерден қуылмайтындығы жөнінде, оны өзінің жігері мен өнерінің жемістерінен құралақан қалдырмайтындығы жөнінде кепілдік беру керек (жиналыста отырғандардан біреу дауыстап: ал сіз қандай шаралар ұсынасыз?). Қимыл жасау керек. Жалтақ әрекеттер мен жартыкеш шараларды қою керек. Іскер адамдар сияқты радикалды қимыл жасау керек. Әңгіме жамап-жасқау туралы емес, монополияны жою туралы болып отыр.

Жұмысшыны минимум жалақымен қамтамасыз ету керек, жұмыс күнін қысқарту керек, оған тәп-тәуір, қолайлы үй беру керек, семьясына керекті кейбір өнім өсіріп алуы үшін оған бір танап жер беру керек! *Прогресс сатысын* жасау керек, «пысық» жұмысшылар ол сатымен — кішкентай үлестен, огородтан, шағын дербес шаруашылыққа көтеріле алатын болсын. Ал неғұрлым пысықтары одан да әрі ілгерілеп, еліміздегі ірі фермерлерге айналуға тиіс. Сіздерді Америкаға, Австралияға эмиграция жасаудың жақсылығымен қызықтырып жүр. Ал біз британ жұмысшысының осы Англияда, өзінің туған жерінде өзіне тамақ тапқанын, еркін өмір тапқанын, өзі үшін де, балалары үшін де қолайлы жағдай тапқанын тілейміз.

Ду қол шапалақтау... Ал алданбаған тыңдаушылардан (сіз не ұсынасыз? деп дауыстаған адам сияқтылар) біреп-сарап дауыстар: сайрайсың жақсы, қонар жерің қайсы... деп отырған сияқтанады.

Мещандар тобырының сүйіктісі, жұмысшыларды арсыз түрде алдап, ересуілдерді болдырмаудың асқан ше-

бері, британ жұмысшыларын да, Индияның 300 миллион халқын да құл етіп отырған ағылшын капиталының ерен қызметшісі, Англияның либерал министрі жақсы сайрайды. Ал осы тіс қаққан епшілді, ақшалы қапшық малайын мұндай «радикалды» сөздер сөйлеуге қандай күш мәжбүр етіп отыр?

Жұмысшы қозғалысының күші мәжбүр етіп отыр.

Англияда тұрақты әскер жоқ. Халықты күшпен ұстауға болмайды,— оны тек алдап ұстауға болады. Жұмысшы қозғалысы тоқтаусыз өсуде. Көңілді басқа жаққа аудару керек, реформалардың көп нәрсе дәмелендіретін жобаларымен бұқараны «алдандыру» керек, консерваторлармен күресіп жатқан сияқты болу керек, қайыр садақа беруге уәде ету керек, әйтеуір бұқара либералдарға сенбей қалып жүрмесін, олар, қойшылардың соңынан еретін қой сияқты — өнеркәсіп пен финанс капиталистерінің соңынан ере беретін болсын.

Ал реформалар жөніндегі уәдеге келсек... ағылшын мақалы: уәде дегендер самсаның қабығы сияқты — оны пісіргенде, сындыру үшін пісіреді демей ме. Ллойд Джордж уәде береді, ал бүкіл либералдық министрлік оның уәдесін бес есе күзеп жүзеге асыратын болады. Ал консерваторлар *тағы да* күзейді — сөйтіп он есе күвеліп шығады.

Ағылшын буржуазиясының реформизмі Англияның жұмысшы табы арасында терең революциялық қозғалыстың өсіп келе жатқанын айдан анық көрсетіп отыр. Бұл қозғалысты зар жақтар, либерал дүмшелер тоқтата алмайды.

«За Правду» № 8,
12 октябрь, 1913 ж.
Қол қойған: В. И.

«За Правду» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ОКТЯБРИСТЕР[43] ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Россиядағы қазіргі саяси кезең айрықша назар аударарлық болып отыр. Бір жағынан, кадеттердің, прогрессистердің[44] және октябристердің Думада бірлесіп «оппозициялық» тактика ұстау туралы жүргізген келіс сөздері, екінші жағынан, жұмысшы қозғалысы тек «жандануды» ғана емес, одан да зорырақ нәрсені көрсетіп отыр.

«17 октябрь одағы» орталық комитетінің партия мүшелеріне арнаған, оларды («Речьтің» хабарлауына қарағанда) «селсоқтықты тастап, іске жігерлене кірісуге» шақырған үндеуі біздің қызықты заманымыздың барынша сабақ аларлық документтерінің бірі болып табылады.

Октябристік Орталық комитеттің пікірі бойынша, «қазір, революциялық күштер қайтадан қозғала бастағанда, былайша айтқанда, ереуілдер мұның дәлелі болып отырғанда, мемлекеттің прогресс жолымен дамуын шынымен тілейтін барлық ізгі ойлы азаматтар «17 октябрь одағына» келіп қосылуы керек, сөйтіп оның құрамын күшейтіп, беделін көтеруі керек».

Октябристердің жұмысы, олардың Орталық комитетінің ойынша, «Россияның саяси жәпе қоғамдық құрылысында жаңадан төңкеріс жасауға шақырып, қайтадан айқай-шуға басып және беймазаланып үн көтеріп отырған бүлдіруші элементтердің ықпалын күрмеуге тиіс. Орталық комитет, қазір ізгі ойлы адамдар қол қусырып, қоғамдық қызметтен шеттейтін болса, мемлекет

пен қоғам душар болуы ықтимал құрбандықтар туралы еске салады. Орталық комитет орыстың ізгі ниетті миллиондаған азаматтары ат төбеліндей революционерлердің Россияны мерт қылуына жол бермейді деп сенеді».

«Речь» (№ 275) октябристер Орталық комитетінің қызықты үндеуінің мазмұнын осылай хабарлайды, сірә, дағдылы октябристік саясаттан бұл үндеуде ешқандай шегінгендік жоқ деп қарайтын болуы керек.

Заманымыздың тарихын сипаттайтын документ ретінде октябристік Орталық комитеттің үндеуін қарап көрейік. Октябристерді «селсоқтықты тастауға» шақырады. Демек, осы кезге дейін селсоқтықтың болғаны ма? Реакция күштері салтанат құрып тұрғанда, октябристер селсоқтық жағдайда болды. Реакция күштері... «тәртіп» үшін жеткілікті *болып көрінгенде,* октябристер разы болды, сондықтан «іске кірісуді» қажет деп таппады. Ал реакцияның күштері жеткіліксіз болып шыққанда (реакциялық күштерге қарама-қарсы күштер «қайтадан қозғалысқа келіп отырғанда»),— бұл кезде... бұл кезде октябристер *реакцияға жәрдемдесу* ісін жігерлене қолға алып отыр.

Шынында да, егер ықпалды думалық фракция солшылдардың «айқай-шуы мен беймазалығын», олардың «Россияны мерт қылуға» ұмтылуын талқандауға кірісіп отырса, мұның өзі реакцияға жәрдемдесу емей немене? Ойлап қана қараңыздаршы: өзі «ат төбеліндей» топ, сөйте тұрып кенеттен «Россияны мерт қылу» қауіп туғызады! Солшылдар, газеттері (бүкіл Россияда он шақтыдан артық емес) тіпті күн сайын дерлік конфискеленеді, көріп қойыңыздар, «айқай-шуымен және беймазалығымен» ерекшеленіп отыр! Бақсақ мұның өзі — атап айтқанда қаражүздік үкіметтік баспасөзден күн сайын оқуға болатын шын мәнісінде айқай-шу және беймаза бос сөздерді сөзбе-сөз қайталау ғой.

Біз бұл арада «17 октябрь манифесі рухындағы» «прогрестік» идеяларды уағыздаудың іс жүзінде неге әкеп соққанын айқын көріп отырмыз. Жұмысшы қозғалысы күшейе келіп, қоғамдық өмірді жалпы жандандырса-ақ, буржуа-«прогрессистер» реакцияға *емес,* нақ осы жұмысшы қозғалысына тісін қайрай бастады.

Россия күштердің бұдан тоғыз — сегіз жыл бұрын байқалған арасалмағын екінші рет, тек кеңейген мөлшерде, неғұрлым кең майданда басынан кешіріп отыр. Октябристер, прогрессистер және кадеттер ол кезде бейне бірыңғай «алдыңғы қатарлы қоғам» ретінде жіктелмеген, тұтас түрінде өмір сүрген-ді. Қазір бізде буржуазияның кемелденген, үш Думаның және оқиғаларға бай 1906—1912 жылдардың тәжірибесі арқылы өздерін сыпап, тексерген *үш* саяси партиясы: октябристер, прогрессистер және кадеттер бар сияқты. Бұлардың арасында еңбек бөлінісі *тамаша* қойылған: октябристер солшылдарға тура соғыс жариялап және батыл қаражүздік формада жариялап отыр, прогрессистер кеше октябристермен *келіскен еді,* бүгін де дәл соны істеп, осы құрметті кәсіппен ұзақ уақыт шұғылданатындығы жөнінде уәде беріп отыр. Ал кадеттер болса, бұлар да, халықты өзінің, бұлай дегеніме ғапу етіңіз, демократизміне сендіріп, октябристердің достарымен, прогрессистермен, ұзақ уақыт «келісіп» отыр.

Егер бұдан сегіз жыл бұрын жұмысшы қозғалысы октябристер мен кадеттердің, тікелей және бүркемелі, опасыздықтары мен ауытқуларына соқпай өткен болса, онда мұның өзі содан бері жұмысшылар ақылынан адасқан *жоқ* деп ойлауға мәжбүр етеді.

«За Правду» № 10,
15 октябрь, 1913 ж.
Қол қойған: К — п о в

«За Правду» газетінің текстi бойынша басылып отыр

«ОРЫС ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ МЕРЕКЕСІ» ТУРАЛЫ

Москваның либералдық газетінің елу жылдық мерекесі барлық және әр қилы россиялық либералдардың мақтау сөздерін жаудырып жіберді. Мұның өзі табиғи, заңды, дәйекті нәрсе. Либералдық газеттің мерекесін либералдардың мерекелеуі керек. «Русские Ведомости»[45] басқа либералдық газеттерден жаман болған жоқ, қайта кейбір жағынан (мысалы, *ғылыми* материалының молдығы жағынан) ол орташа либералдық дәрежеден сөзсіз жоғары болды.

Алайда либерализмнің зар жақтары Ковалевский, Милюков, Мануилов, Бунин мырзалар және т. с. «Русские Ведомостиді» *демократия атынан* және бейне бір демократиялық көзқарас тұрғысынан мақтап отырса, онда бұл сияқты барып тұрған өтірікке тойтарыс берілмей қалуға тиіс емес.

Атақты да даңқты либерал мырзалар! Сіздердің бәріңіз де саяси бостандық жағындамыз деп ант-су ішесіздер. Бірақ сіздер жай нәрсені, атап айтқанда, Россияда либералдардың контрреволюциялық бой көрсетулеріне тойтарыс бермеген либералдық қоғамның саяси бостандық аларлықтай еңбек сіңірмегендігін және оған ешқашан да қолы жете алмайтынын түсінгілеріңіз келмейді.

Сіздер «Русские Ведомостидің» 50 жылдық мерекесін мерекелеп отырсыздар ма? Тамаша. Онда *шындықты* жасырмаңыздар. «Русские Ведомости» — Россияда бұ-

қараның саяси бостандыққа жету мақсатын көздеген алғашқы елеулі және терең қозғалысын аяқтан шалған тұңғыш либералдық газеттердің бірі болғанын ұмытпаңыздар.

Мұның өзі бесінші жылдың *жазында* болды. Либералдық ғылым мен либералдық публицистиканың бетке ұстары, тарихшы, профессор Виноградов мырза ол кезде «Русские Ведомостиге» атақты, естен кетпес, ұмытылмас, «тарихи» мақаласын бастырды. Мақаланың негізгі пікірі мынадай: егер біздегі қозғалыс 1848—1849 жылдардағы неміс қозғалысынан әрі бармаса жақсы болар еді, әйтпесе Пруссия вахтерінің* бізде тәртіп орнатуына тура келеді.

Либералдардың органы «Русские Ведомости» 1905 жылдың жазында міне осындай нәрселер басқан!!

Демократ болып атағын шығарғысы келетін кез келген россиялық осы тарихи факт жайлы ойлапып көрсінші. Бесінші жылдың *күзіндегі* қозғалыстың әлсіздігін, күшінің жеткіліксіздігін тарих дәлелдеді, дәлелдегенде де үзілді-кесілді дәлелдеді, ал атақты либерал бесінші жылдың *жазында* қозғалысты тым күшті деп тауып, оған бөгет жасады.

Факт көз алдында. Талассыз факт. Осы либерал және оның барлық пікірлестері, оның барлық — бұлай дегенімізге ғапу етіңіз—либералдардан шыққан саясатшылары — бесінші жылдың күзіндегі еврейлер ойраны үшін моральдық жағынан да, саяси жағынан да *айыпты.* Өйткені ойраншылар өз күшін, арсыздығын, былайша айтқанда, либералдық қоғамның дәл осындай, «виноградовтық», пиғылынан алды.

«Виноградовтық» либералдардың өздеріне *әбден* лайық үкіметі бар. «Русские Ведомостиге» жазушы «виноградовтық» либерал және Пуришкевич, коллективтік Пуришкевич, бұл өзі — бір медальдың екі беті, бұл — өзара байланысты және өзара тәуелді құбылыстар.

«Русские Ведомостидің» «виноградовтық» либерализмінің бүкіл пайымсыздығын, мағынасыздығын және па-

* Бұл жерде, сірә, «вахмистрінің» деп оқыған жөн. *Ред.*

сықтығын айқын түсінетін бұқаралық демократия Россияда әзірге болмай отырғанда (немесе онда жоқ болып отырғандықтан), онда саяси бостандықтың болуы *мүмкін* емес.

«За Правду» № 10,
15 октябрь, 1913 ж.

«За Правду» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ЖАМАН ІСТІ ЖАМАН ҚОРҒАУ[46]

Гр. Голосов деген біреу «Просвещениеде» менің Чхеидзені «партия маңындағы социал-демократ»* деп атағаныма өлердей ренжіді.

Гр. Голосов бұлқан-талқан болып, аузына келгенін айтып долданады, леп белгілері мен сұрақ белгілерін үйіп-төгеді. Бірақ Гр. Голосов неғұрлым ашуланған сайын, осы ашулы айқайлармен дәлелдерінің жоқтығын бүркемелеп отырғандығы соғұрлым анықтала түседі.

Мен Чхеидзені партия маңындағы адам деп атадым. Егер Чхеидзенің *партиялылығын* дәлелдесе, менің сөзімді теріске шығаратынын түсіну Голосовқа қиын емес еді.

Мен социал-демократиялық фракция тарихының (сонымен қатар партияның қайта жаңғыру тарихының) нағыз қысылшаң кезеңінде Чхеидзенің «жанамалап өте шыққан» фактісін көрсеттім. Жойымпаздық және жойымпаздыққа қарсы баспасөз (1911 жыл және 1912 жылдың басы) қалыптасқан кезде, Чхеидзе *онда да, мұнда да болған жоқ.*

Осы дәл көрсетілген фактіні менің ашулы қарсыласым теріске шығарып отыр ма?

Жоқ. Ашуланшақ Гр. Голосов бұл фактіні теріске шығармайды, теріске шығара да алмайды. Бейшара Голосов ашуланшақ, бірақ әлсіз! Чхеидзенің әрекеті (оның шешендік талантына және парламенттік тәжіри-

---

* Қараңыз: осы том, 47-бет. *Ред.*

белілігіне қарамастан) *партия маңындағы* адамның әрекеті екенін дәлелдейтін фактіні ол жүрексіне орағытып өтеді.

Егер ашуланшақ Гр. Голосов ойлай білген болса, партиялық адамның белгісі өз партиясының (оның думадағы фракциясының ғана емес) істеріне мейлінше жігерлі, тікелей, ашық қатысу болып табылатынын ол түсінген болар еді. Жойымпаздық және жойымпаздыққа қарсы баспасөздің құрылуы маркстік тұтастықтың ең жаңа тарихында аса маңызды кезең болды. Демек, Чхеидзенің партия маңындағы адам екенін мен бұлтарыссыз дәлелдедім.

Гр. Голосов ызалы мысқылмен былай деп даурығады: «Партия В. Ильин Гр. Зиновьевпен бірге отырған жерде».

Қайырымды Голосов өзінің сорына бұл арада партия *қайда* деген өте қызықты және өте маңызды мәселені көтеріп отыр. Ал егер Гр. Голосовтың өзі ойлауға қабілетсіз болса, онда бұл туралы барлық жұмысшы ойлап келді және ойлап та отыр.

Саналы, саяси өмірге қатысушы марксист-жұмысшылардың көпшілігі қайда болса, партия *сонда*.

Гр. Голосовтың долдана ашуланып отырған себебінің өзі сол, ол осы қарапайым ақиқатты теріске шығаруға өзінің әлсіздігін сезеді.

IV Дума сайлауы да, «Правданың» шығу және өсу тарихы да, металлистер одағы басқармасының сайлауы да, қауіпсіздендіру науқаны да, алты жұмысшы депутатты жақтап шығарылған жұмысшылардың қарары да — міне осылардың бәрі де партияның алты депутат жағында екенін, олардың бағыты жағында екенін *дәлелдеді. Олардың* ұрандары қабылданып, жұмысшы қозғалысының барлық салаларында жұмысшылардың *бұқаралық* қимылы арқылы тексерілді.

Ашуланшақ Голосовтың ашуланып отырған себебінің өзі де сол, ол марксистердің сайлауда да, кәсіптік одақтарда да, күнделікті газеттерді құру жұмысында да, қауіпсіздендіру науқанында да жойымпаздарды жеңгені туралы дәл, анық, талассыз фактілерді теріске шығаруға дәрменсіз.

Фактілердің *бәрі* қарсы болып отырған адамдарға «ашуланудан» және долданудан басқа ештеңе қалмайды.

Партия — жұмысшылардың көпшілігі аса маңызды мәселелерге тұтас, жүйелі, дәл жауаптар беретін партиялық шешімдердің маңына топтасқан жерінде. Партия — саналы жұмысшылардың көпшілігі осы шешімдердің бірлігімен және оларды адал ниетпен жүзеге асыруға деген бірыңғай тілекпен топтасқан жерде.

Чхеидзенің (және жетеудің) осы шешімдерді, жұмысшы табының осы еркін бұзу «правосын» қорғай отырып, Гр. Голосов, барлық жойымпаздар сияқты, бейпартиялылықтың пайдасына бола маркстік ұйымды талқандайды.

Жұмысшылар жеті депутаттың *партияны маңайлаған* позициясына қарсы *өзінің* алты депутатының позициясын алдағы уақытта да қолдайды, бұған күмән жоқ.

«За Правду» № 12,
17 октябрь, 1913 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«За Правду» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

МӘЛІМДЕМЕ

Құрметті жолдастар!

Мемлекеттік думада бір жыл бірге істеуіміз біздер мен сіздердің арамызда, яғни қалған жеті социал-демократ депутаттың арасында, толып жатқан қақтығыстар мен кикілжіңдер туғызды. Мәселе баспасөз бетінде ашық айтысуға дейін барды, ал сіздердің 1913 жылы июньде Мемлекеттік думаның дәл жабылар алдында, депутаттардың бірқатары жүріп кеткеннен кейін, қабылдатып алған соңғы шешімдеріңіз туып отырған жағдайдың төзгісіздігін және одан шығатын жолдың жоқтығын біржолата көрсетті. Сіздердің 6 дауысқа қарсы 7 дауыспен қабылдаған осы шешімдеріңіздің мәнісі: большевиктерге (яғни 6 депутатқа) бюджет комиссиясындағы екі орынның біреуін беруден бас тарту және бір маңызды мекемеге бір адам (екеу емес) сайлау.

Сіздер 6 дауысқа қарсы 7 дауыспен 6 жұмысшы депутатты Думада сөйлейтін екі шешеннің бірі болудан бірнеше рет айырғаннан кейін, жоғарыда аталған шешім шыдамның мүлде таусылғандығын көрсетті.

Өздеріңізге белгілі, біз барлық мәселелерде дәйекті марксизмнің жалпы шешімдеріне идея жағынан қосыла отырып, түгелдей және тек қана дәйекті марксизмнің рухында қимыл жасап келдік және қимыл жасап отырмыз.

Өздеріңізге белгілі, жолдастар, қызметіміз Россияның алдыңғы қатарлы марксист жұмысшыларының орасан зор көпшілігінің санасы мен еркіне толық сай келеді дегенде біздің асырып айтпайтындығымызды дәлелдей-

тіп мейлінше объективті фактілер бар. Мұны 1912 ж. апрель — майдағы жұмысшы қозғалысының өрлеуі құрған, жұмысшылардың көпшілігін өз төңірегіне біріктірген бірінші жұмысшы газеті — «Правданың» тарихы да дәлелдеді. Мұны «Правданың» 40 000 дана болып тарауы дәлелдеді. Мұны «Правдаға» жұмысшылардың топтасып жинаған қаржылары дәлелдеді, газет осы қаржылар туралы әрқашан ашық жазып отырды. Мұны IV Мемлекеттік думаға жұмысшы куриясы бойынша өткізілген сайлау — барлық куриялық большевик-депутаттарды өткізген және II, III Мемлекеттік думаларға жұмысшы куриясы бойынша өткізілген сайлаулармен салыстырғанда Россияның саналы жұмысшылары арасында марксизмнің және жойымпаздыққа қарсылық сенімінің талассыз, ешкім таласпайтындай болып, мықтап өскенін көрсеткен сайлау дәлелдеді. Мұны, ақырында, С.-Петербургтегі металлистер одағы басқармасының сайлауы және осы жылы Москвада құрылған бірінші жұмысшы газетінің тарихы дәлелдеді. Жұртқа мәлім, біз Россияның маркстік негізде топтасқан жұмысшылары көпшілігінің еркіне толық сәйкес іс-қимыл жасауды өзіміздің сөзсіз борышымыз деп есептейміз.

Ал сіздер, жеті депутат, осы ерікке бойсұнбай және оған қарсы іс-қимыл жасап отырсыздар. Сіздер саналы жұмысшылар көпшілігінің еркіне қайшы келетін шешімдерді батыл қабылдап отырсыздар. Сіздердің кейбір жартыкеш негіздерге сүйеніп, социал-демократ емес Ягеллоны — оны осыған дейін Польшада бірде-бір социал-демократ мойындаған жоқ — қабылдағандарыңызды-ақ немесе сіздердің — жұмысшылар көпшілігінің еркіне қарамастан — ұлтшылдық ұрандарды, мәдени-ұлттық автономия дейтінді және т. с. қабылдағандарыңызды-ақ естеріңізге салайық. Біз сіздердің жойымпаздар ағымына қалай қарайтындарыңызды анық білмейміз, сондықтан сіздер жойымпаздықтың толық жақтаушылары болудан гөрі, соның жағына ауытқып отырсыздар ғой деп ойлаймыз. Бірақ қалай болған күнде де, Россияның саналы жұмысшылары көпшілігінің пікірлері мен талаптарын сіздер өздеріңізге міндетті деп

санамайтындарыңыз талассыз факт болып қалып отыр, ал біз олармен бір сапта келеміз.

Мұндай жағдайларда сіздердің бір дауыс арқылы бізді баса-көктеуге, Думаның комиссияларындағы немесе басқа мекемелердегі, Думадағы шешендердің тізіміндегі, т. т. екі орынның біреуінен бізді құр қалдыруға, Россияның саналы жұмысшыларының көпшілігі теріске шығарып отырған тактика мен саясатты бізге еріксіз тануға тырысуларыңызды дүние жүзінің кез келген еліндегі әрбір социалист, әрбір саналы жұмысшы масқаралық деп танитынын айтпаса да болады.

Біз қазіргі уақытта Думадағы жұмыс саласындағыдан басқа да алауыздықтардың келісімге келмейтін алауыздықтар екенін мойындаймыз және мойындамай отыра алмаймыз. Біз сіздердің бізді баса-көктеуге және бізді екі орынның бірінен құр қалдыруға тырысуларыңызды сөзсіз жікке бөлінушілік және бірге жұмыс істеу мүмкіндіктерінің бәрін жоятын әрекет деп мойындауға мәжбүр болып отырмыз. Бірақ, социал-демократ депутаттардың бірлігін сыртқы дүние алдында, Думадағы жұмыста болса да, сақтау жөнінде жұмысшылардың қойған табанды тілегімен санаса отырып, *Думада сөйленетін сөздерде келісім жасасу* арқылы мұндай бірлікке жету *мүмкіндігін* көрсеткен өзіміздің жылдық тәжірибемізбен санаса отырып, біз сіздерге 7 дауыспен куриялық алты жұмысшы депутатты ешқандай баса-көктеуге жол беруге болмайтынын дәл және мейлінше айқын, біржолата түсініп алуды ұсынамыз. IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның шын бірлігін сақтау — жетеу мен алтаудың арасында Думадағы жұмыстың барлық мәселелері жөнінен келісім жасасу принципін жүзеге асыра отырып, олардың теңдігін толық және бұлтарыссыз мойындаған жағдайда ғана мүмкін.

«За Правду» № 13,
18 октябрь, 1913 ж.

«За Правду» газетінің текті бойынша басылып отыр

ДУМАДАҒЫ «ЖЕТЕУ»

Мемлекеттік думаның жеті депутатының жойымпаздықты қорғау жөніндегі ұзақ мәлімдемелері мен пайымдаулары өте-мөте таңданарлық әсер туғызып отыр.

Жетеу барлық уақытта *тек қана* Думадағы жұмыс туралы, *Думадағы* социал-демократиялық қызмет туралы пайымдайды!

Жетеу үшін Таврический сарайынан сырт жерде ұйымдасқан *ештеңе* жоқ! Жетеуден: «біз жетеуіміз шештік, біз Ягелломен дауыс бердік, біз шешендер жібердік, біз декларация қабылдадық» деген сөздерді ғана естисің. «Біз думашылармыз», «біз Думадамыз» дегеннен басқа жетеу ештеңені білмейді және түсінбейді.

Жетеудің қазір жойымпаздыққа шалдығып отырғаны соншалық, олар тіпті марксизмнің әліппесін түсінуден де қалған.

Маркстік тұрғыдан, Думадағы депутаттар *өз* еркін *емес,* маркстік ұйымның еркін, *өз* шешімдерін *емес,* маркстік тұтастың шешімдерін, *өз* тактикасын *емес*, маркстік тұтастың тактикасын жүзеге асыруға тиіс. Дума депутаттарына марксизмнің осы әліппесін түсіндіріп жатуға тура келуі — ұят, масқара! Егер олар бейпартияшыл болып, пролетарлық саяси ұйымды бұзушылар болып бой көрсетуге бел байлап отырса, жойымпаздыққа қарай ауытқу оларды неге әкеліп жеткізгені десеңізші!

Жойымпазданушы жетеу «маркстік ұйым қайда» деген мәселені *тіпті қоюга да қорқады.*

Ал бүкіл мәселенің түйіні осында.

Егер Россияның маркстік негізде ұйымдасқан, алдыңғы қатарлы, саналы жұмысшылары *көпшілігінің біртұтас* еркі, *біртұтас* шешімдері, *біртұтас* тактикасы туралы мәселе орағытып өтілетін болса, онда бірлік туралы даурығудың бәрі — бүтіндей тек қапа екіжүзділік.

Жұмысшылар көпшілігінің маркстік еркін қандай деректер бойынша білуге болатындығын (және керектігін) «За Правду» газеті әлдеқашан көрсетті; бұл ерікке бағынбау — жікке бөлінушілік, іріткі салушылық, бұзушылық болады.

Бұл деректер: 1) IV Думаға жұмысшы куриясы бойынша өткізілген сайлау; 2) жұмысшы газеттерінің тарихы; 3) кәсіптік одақтар. Европада бұған тағы бір ең басты нәрсені: ашық кітаптарға енгізілген саяси партия мүшелерінің санын қосады. Россияда мұндай деректердің бола алмайтынын әркім-ақ түсінеді, әрбір адал жұмысшыға міндетті *ортақ шешімдер* ішінара сол деректердің орнына жүреді.

Жойымпаздар мен жетеу бұл туралы бір сөз де айтпайды, маркстік ұйымның белгілері туралы, оның шешімдері туралы, оның тактикасы туралы бірде-бір сөз *айтпайды!* Жойымпаздар мен жетеу «бірлікті» тілейді, яғни алты жұмысшы депутатты *жеті бейпартиялық* депутатқа *бағындыруды, яғни маркстік тұтастың еркін бұзуды* тілейді.

Жойымпаздар мен жетеу социал-демократ депутаттардың Думадағы тобы тәуекелге бел байлап, өз тілегі бойынша, осы *тұтассыз және* оған *қарсы* іс-қимыл жасауын тілейді. Ал осы масқаралық, іріткі салушылық талапты олар бірлік талабы деп атайды.

Жетеудің бірлік туралы даурығуы белгілі бір анекдотты еске түсіреді: адамның бір үзім нанмен «бірігетіні» сияқты, жетеу алтаумен «біріккісі» келеді. Адам нанды *жеп қояды.*

Бейпартиялық жетеу марксист алтауды жеп қойғысы келеді және мұның «бірлік» деп аталуын талап етеді.

Жұмысшылар көпшілігінен *қол үзген* жетеудің, *жойымпазданушы* депутат жетеудің, Думада өздері жұмысшылар көпшілігінің еркін *жүзеге асырушылар* ғана екенін ұмытқан жетеудің маркстік ұйымды бұзуы — міне жойымпаздар мен жеті депутаттың істеп отырғаны осы!

Жұмысшы табы ұйымының дандайсыған дұшпандарының осы құлақ естіп, көз көрмеген іріткі салушылық әрекетіне қарсы шығып, жұмысшы табы Думадағы жұмыста *да* бағынуды үзілді-кесілді талап етеді.

«За Правду» № 19,
25 октябрь, 1913 ж.
Қол қойған: В. Ф.

«За Правду» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ЛИБЕРАЛ БУРЖУАЗИЯ ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДАР

Россия либерал буржуазиясының басты партиясының, кадеттер партиясының, бас штабында европалық білімі бар адамдар аз емес. Марксизммен және Батыс Европа жұмысшы қозғалысымен жалпы таныс болмайынша, біздің заманымызда білімді адам болуға болмайды.

Өздерінің партиясында буржуазиялық интеллигенция көп болып отырған россиялық кадеттердің, әлбетте, мұндай таныстығы бар, тіпті жас кездерінде өздері марксист немесе болар-болмас марксист болып, жастары ұлғая келе «ақылдары кіріп», либерал тоғышарлар болған бірсыпыра адамдары да бар.

Осының бәрі ескі, европалық, либералдар мен жаңа, россиялық, либералдардың социал-демократияға көзқарастарындағы айырмашылықты түсіндіреді. Біріншілері социал-демократияның тууына қарсы күресті, оның өмір сүру правосын теріске шығарды, екіншілері *фактімен* келісуге мәжбүр болды: «социал-демократия,— деп жазады «Речьтің» бас мақаласы (№ 287),— Россияда пролетариаттың ашық саяси партиясы болатынына біз күмәнданбаймыз». Сондықтан біздің либералдарда социал-демократияға қарсы күрес социал-демократия *арасында оппортунизм* туғызу жолындағы күрес формасына айналды.

Социал-демократияның туып, өсуіне кедергі жасауға дәрменсіз біздің либерал буржуа барлық қамқорлығын *оның либералдық сипатта өсуіне* жұмсап бақты. Осы-

дан келіп — біздің кадеттер социал-демократия қатарындағы оппортунизмді (әсіресе жойымпаздықты) қолдауға көп жыл бойы және үнемі күш салып жүр; либералдар мұндай қолдаудан пролетариатқа либералдық ықпал етуді қорғаудың, жұмысшы табының либерал буржуазияға тәуелді болуын жүзеге асырудың *бірден-бір* шарасын *дұрыс* көріп отыр.

Сондықтан алты жұмысшы депутаттың жойымпазданушы жетеуге қарсы күресіне либералдардың берген бағасы — өте сабақ боларлық баға. Либералдар сырттан қарап, негізгі фактіні тура мойындауға мәжбүр болып отыр: жетеу, бұл — «социал-демократияның парламентарлық элементтері», бұл — «парламенттік жұмыстың партиясы», «Думадағы социал-демократияның бүкіл интеллигенциясы» солардың қатарында. Бұл — «социал-демократияның ашық парламенттік партияға айналуының» бағыты, «тактиканың» ерекше «бағытымен» байланысты бағыт. ««Новая Рабочая Газета» — социал-демократиялық парламентарийлердің органы».

Керісінше, «За Правду» — «ымыраға келмейтіндердің органы», деп жазады «Речь». Бұл — парламенттік жұмыстың партиясы емес, «қарама-қарсы партия».

«Интеллигент-депутаттардың» партиясы — *«жұмысшы депутаттарға»* қарсы, «Речьтің» бағасы міне осы. «Речь» жұмысшылардың көпшілігі кім жағында екенін білуге болмайды-мыс деп қылымси сендірмек болады, бірақ мынандай бір өте-мөте сабақ боларлық бос сөздерінде дереу өзіне өзі қарсы шығады:

«Мұндай қалыпты өмір сүруге» (яғни ашық, жария өмір сүруге) «көшу,— деп жазады ол,— неғұрлым ұзағырақ кідіртілетін болса, *социал-демократиялық интеллигенцияның парламенттік көпшілігі парламенттен тыс,* пиғылы қазіргідей *жұмысшы көпшілігіне жол беруге мәжбүр болады* деп күтуге де дәлелдер соғұрлым көбірек болады. Біз 1905 жылдың ақырында бағыттардың осындай бөлінуінің қайғылы нәтижелерін көрдік. Сондықтан қазіргі тұйықтан алдағы уақытта шығу жолына кім қалай қарайтын болса да, сол бір қыс айларында стихиялық бұқаралық пиғылдың тәжірибесіз басшылары жасаған қателерді қорғаушылар табыла қояр ма екен». «Речь» осылай деп жазады.

Біз осы мойындауда өзімізді қазір ерекше қызықтырып отырған сөздердің астын сыздық.

Парламенттен тыс жұмысшы көпшілігі «социал-демократиялық интеллигенцияның парламенттік көпшілігіне» қарсы — алтаудың жетеумен таласының тіпті либералдар үшін ашылып отырған мәні міне осы.

Жетеу мен «Новая Рабочая Газета», бұл — «парламенттен тыс жұмысшы көпшілігіне» *қарсы, партияға қарсы* интеллигенцияның, өзін социал-демократиялық деп атайтын интеллигенцияның көпшілігі.

Ескі партия жоқ, ескі партия керек емес, болашақ ашық партияны уағыздай отырып, партиясыз, жалғыз газетпен және Думадағы жұмыспен күнімізді көреміз,— жетеудің позициясы мен барлық жойымпаздардың позициясының мәні міне осы.

Жетеу мен жойымпаздарды парламенттік жағдайларды түсінеді деп мақтай келіп, олардың тактикасын «күрделі, ойлы, тұрпайыланбаған» тактика деп атай келіп, либералдардың оларды соншама еркелетіп отырған себебі түсінікті. Жетеу мен жойымпаздар *либералдық ұрандарды* жұмысшы ортасына өткізіп отырады — сондықтан либералдар оларды қалай мақтамасын? Ескі партияға *қарсы*, «парламенттен тыс жұмысшы көпшілігіне» *қарсы* интеллигенттердің, парламентарийлердің, жарияшылдардың тірегін құрудан басқа либералдарға ештеңе керек емес.

— Бұл тірек өзін социал-демократиялық деп атай берсін — мән атында емес, оның либералдық жұмысшы саясатында,— деп пайымдайды көзі ашық буржуазия, ал ол өз көзқарасы тұрғысынан әбден дұрыс пайымдап отыр.

Барлық саналы, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың әлдеқашан түсінген нәрсесін, атап айтқанда «Новая Рабочая Газета» тобы және оған ерген жетеу — буржуазиялық реформизмге, буржуазиялық ұлтшылдыққа, т. т. кеңшіліктер жасаудың жүйелі саясатын жүргізіп отырған либерал интеллигенцияның социал-демократиялық партиядан бөлініп кеткен және партияны теріске шығаратын, астыртын ұйымды даттайтын тірегі екенін либералдар түсінді (және айтып қойды).

Жұмысшы партиясын жоюшылардың осы интеллигенттік тірегіне қарсы батыл күрес жүргізбейінше, либерал буржуазияға шын тәуелсіз, шын партиялық «парламенттен тыс жұмысшы көпшілігінің» бірлігін қамтамасыз ету *мүмкін емес.*

«За Правду» № 20, 26 октябрь, 1913 ж.

«За Правду» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ИММИГРАЦИЯСЫ

Капитализм халықтардың қоныс аударуының ерекше түрін туғызды. Өнеркәсіп жөнінен тез дамып келе жатқан елдер машиналарды көп енгізіп, артта қалған елдерді дүние жүзілік рыноктан ығыстырып, жалақыны орта дәрежеден жоғары көтереді, сөйтіп артта қалған елдерден жалдама жұмысшылар тартып отырады.

Сөйтіп, жүздеген мың жұмысшылар жүздеген, мыңдаған шақырым жерлерге аударылады. Алдыңғы қатарлы капитализм оларды еріксіз өз иіріміне тартады, оларды меңіреу түкпірден жұлып әкетеді, оларды бүкіл дүние жүзілік-тарихи қозғалысқа қатыстырады, оларды өнеркәсіпшілердің құдіретті, біріккен, халықаралық табына бетпе-бет әкеліп қояды.

Тек шектен шыққан қайыршылық қана адамдарды туған жерлерін тастап кетуге мәжбүр етеді, капиталистер қоныс аударған жұмысшыларды нағыз арсыз түрде қанайды, бұған күмән жоқ. Бірақ халықтардың осы замангы қоныс аударуының *прогрестік* маңызын тек реакционерлердің ғана көрмеуі мүмкін. Капитализмнің одан әрі дамуынан тыс, оның негізінде болатын тап күресінен тыс капиталдың езгісінен құтылуға болмайды және құтылу мүмкін де емес. Ал осы күреске нақ капитализм жергілікті өмірдің топастығы мен мешеулігін жойып, ұлттық қоршаулар мен соқыр сенімдерді бұзып, Американың, Германияның және т. т. аса ірі фабрикалары мен рудниктеріне барлық елдердің жұмысшыла-

рын біріктіріп, *бүкіл* дүние жүзінің еңбекші бұқарасын тартады.

Америка жұмысшыларды басқа жақтан әкеліп отыратын елдердің ең алдында тұр. Америкаға қоныс аударушылардың саны туралы мәліметтер мынадай:

Он жылда	1821–1830	99	мың қоныс аударушы
» »	1831–1840	496	» » »
» »	1841–1850	1 597	» » »
» »	1851–1860	2 453	» » »
» »	1861–1870	2 064	» » »
» »	1871–1880	2 262	» » »
» »	1881–1890	4 722	» » »
» »	1891–1900	3 703	» » »
Тоғыз »	1901–1909	7 210	» » »

Қоныс аударушылықтың өсуі өте зор және барған сайын күшейе түсуде. Бес жылда, 1905—1909, Америкаға жылына орта есеппен *бір миллионнан астам адам* қоныс аударған (сөз тек Құрама Штаттар туралы ғана болып отыр).

Бұл арадағы бір көңіл бөлерлік мәселе — қоныс аударушылардың (иммигранттардың, яғни Америкаға қоныстанушылардың) құрамының өзгеруі. 1880 жылға дейін *ескі* иммиграция дейтін, ескі мәдениетті елдерден, Англиядан, Германиядан, ішінара Швециядан иммиграция басым болды. Тіпті 1890 жылға дейін де барлық иммигранттардың жартысынан көбі Англия мен Германиядан еді.

1880 жылдан бастап *жаңа* иммиграция дейтін, шығыс және оңтүстік Европадан, Австриядан, Италиядан және Россиядан иммиграция адам айтқысыз тез өсе бастады. Осы үш ел Солтүстік Американың Құрама Штаттарына иммигранттарды мынадай мөлшерде берді:

Он жылда	1871–1880 жж.	201	мың
» »	1881–1890 »	927	»
» »	1891–1900 »	1 847	»
Тоғыз »	1901–1909 »	5 127	»

Сонымен, өмірінің бүкіл құрылысында крепостниктік тәртіптің қалдықтарын бәрінен де гөрі көбірек сақтап

қалған ескі дүниенің ең артта қалған елдері, былайша айтқанда, цивилизацияға күшпен үйретілуге ұшырайды. Американ капитализмі артта қалған шығыс Европаның (оның ішінде 1891—1900 жылдары 594 мың, 1900—1909 жылдары 1410 мың иммигрант берген Россияның да) миллиондаған жұмысшыларын олардың жартылай орта ғасырлық жағдайынан жұлып алып, оларды пролетариаттың алдыңғы қатарлы, халықаралық армиясының қатарына әкеліп қояды.

Өткен жылы шыққан «Иммиграция және еңбек» деген өте-мөте тәлім аларлық ағылшын кітабының авторы Гурвич қызық байқау жасайды. 1905 жылғы революциядан кейін Америкаға барған иммигранттардың саны айрықша өсті (1905 ж.— 1 миллион, 1906 ж.— 1,2 миллион, 1907 ж.— 1,4 миллион, 1908—1909 — 1,9 миллионнан). Россияда әр түрлі стачкаларды басынан кешірген жұмысшылар неғұрлым батыл, тегеуірінді, бұқаралық стачкалар рухын Америкаға да алып келді.

Россия өзінің таңдаулы жұмысшыларының бір бөлегін шетелге беріп, барған сайын артта қалып отыр; Америка бүкіл дүние жүзінен неғұрлым жігерлі, еңбекке қабілетті жұмысшы халықты алып, барған сайын тез ілгері басып отыр*.

Германия Америкамен азды-көпті бір дәрежеде ілгерілей отырып, жұмысшылар жіберетін елден бөтен жұмысшыларды өзіне тартатын елге айналып келеді. Германиядан Америкаға кеткен иммигранттардың саны 1881—1890 жылдары — 10 жыл ішінде 1453 мыңға жеткен болса, 1901—1909 жылдары — тоғыз жыл ішінде ол 310 мыңға дейін төмендеді. Ал Германиядағы шетелдік жұмысшылардың саны 1910—1911 жылдары 695 мың, ал 1911—1912 жылдары — 729 мың болды. Егер біз осы жұмысшылардың кәсіптеріне қарай және олардың шыққан елдеріне қарай бөлінуіне көз жіберсек, онда мынадай жағдайды көреміз:

* Құрама Штаттардан басқа да американдық мемлекеттер тез ілгері басуда. Соңғы жылы Америкаға қоныс аударғандардың саны 250 мыңға жуық, Бразилияға — 170 мыңға жуық, Канадаға — 200 мыңнан астам, барлығы бір жыл ішінде 620 мың болды.

	1911—1912 жылдары Германияда кәсіп еткен шетелдік жұмысшылар (мың есебімен)		
	Ауыл шаруашылығында	Өнеркәсіпте	Барлығы
Россиядан	274	34	308
Австриядан	101	162	263
Қалған елдерден	22	135	157
Барлығы	397	331	728

Ел неғұрлым артта қалған болса, ол ысылмаған, «қара», селолық жұмысшыларды соғұрлым көп береді. Алдыңғы қатарлы ұлттар жартылай жабайы елдерге табыстың жаман түрлерін қалдырып, былайша айтқанда, табыстың жақсы түрлерін өздері алып отырады. Жалпы алғанда Европа («қалған елдер») Германияға 157 мың жұмысшы береді, бұлардың $^{8}/_{10}$ бөлігінен *астамы* (157 мыңнан 135 мыңы)—өнеркәсіп жұмысшылары. Артта қалған Австрия өнеркәсіп жұмысшыларының тек $^{6}/_{10}$ бөлігін ғана (263 мыңнан 162 мыңы) береді. Ең артта қалған Россия — өнеркәсіп жұмысшыларының бар болғаны $^{1}/_{10}$ бөлігін береді (308 мыңнан 34 мыңы).

Сонымен, Россияны артта қалғаны үшін барлық жерде және барлық жағынан соққылап отыр. Алайда Россияның жұмысшылары, қалған халықпен салыстырғанда, осы мешеулік пен тағылықтан бәрінен де гөрі көбірек сытылып шығып, өз отанының осы «сүйкімді» белгілеріне бәрінен де гөрі көбірек тойтарыс беріп отыр, барлық елдердің жұмысшыларымен бірге бірыңғай дүние жүзілік азаттық күш болып бәрінен де гөрі тығызырақ топтасып отыр.

Буржуазия бір ұлттың жұмысшыларын екінші ұлттың жұмысшыларынан бөлуге тырысып, оларды бірбіріне айдап салады. Саналы жұмысшылар барлық ұлттық қоршауларды капитализмнің қиратуының сөзсіздігі мен прогрессивтілігін түсініп, артта қалған елдердегі өз жолдастарының көзін ашып, олардың ұйымдасуына көмектесуге тырысады.

«За Правду» № 22,
29 октябрь, 1913 ж.
Қол қойған: В. И.

«За Правду» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯ ІШІНДЕГІ КҮРЕС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ МАТЕРИАЛДАР[47]

Бір жағынан Мемлекеттік думадағы алты жұмысшы (курриялық) социал-демократ депутат Бадаев, Малиновский, Муранов, Петровский, Самойлов және Шагов пен Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның қалған жеті мүшесінің арасында күрес қыза түсті. Алты депутат та, жеті депутат та жұмысшыларға үндеулер жазып, олардың мәселені талқылауын және өз пікірлерін айтуын өтінді.

Мәселені талқылау Петербург жұмысшылары арасында басталып та кетті, сондықтан бұл талқылаудың ойдағыдай жүруі үшін біз материалдар мен пікірлердің жиынтығын береміз, бұл өзінің маркстік ұйымының тағдырына қамқорлық жасайтын әрбір жұмысшы үшін қызықты болады.

КІМНІҢ ЕРКІ?

Думадағы социал-демократиялық фракцияның жікке бөлінуі жөнінде жұмысшылардың алдында тұрған негізгі мәселе — Думадағы фракцияның маркстік тұтасқа көзқарасы туралы мәселе. Думадағы социал-демократиялық фракцияның шешімдерін, тактикасын, тәртібін кімнің еркі анықтауға тиіс?

Дүние жүзіндегі барлық социал-демократиялық фракциялардың тәжірибесі бұл сұраққа айқын және мүлде талассыз жауап береді. Социал-демократияның Думадағы депутаттары осы елдің саналы және біріккен пролетариатының еркін жүзеге асырушылар болып

табылады. Алдыңғы қатарлы пролетариат қабылдаған, ол өзінің бүкіл экономикалық және саяси күресінде жүзеге асырып отырған шешімдер Думадағы социал-демократиялық өкілдікке *міндетті* болады. Саналы, біріккен, алдыңғы қатарлы пролетариаттың еркінен ауа жайылған парламент депутаттары уәкілдіктен қалады, яғни депутаттық атақтан бас тартады.

Әр түрлі арам ниетті адамдардың талас мәселені шатастырып күңгірттендіруіне жол бермеу үшін, бүкіл жер шарындағы марксистердің бәрі қуаттайтын осы жалпы және негізгі қағидаларды ең алдымен айқын түсініп, анық ұғынып алу керек.

Егер кімде-кім топтасқан және саналы жұмысшылар көпшілігінің еркінен Думадағы социал-демократтардың тәуелсіздігін қорғайтын болса, онда мұндай адам өзінің маркстік ұйымға дұшпан екенін және социал-демократ жұмысшылардың бірлігі атаулының бәрін, олардың ынтымақты жұмысы атаулының бәрін бұзушы екенін бірден көрсетеді.

Ал енді біз, орыс жұмысшылары, Россияның саналы және біртұтас болып топтасқан социал-демократ жұмысшылары көпшілігінің еркі мен шешімдерін қалай анықтауымыз керек? деген сұрақ туады.

РОССИЯНЫҢ САНАЛЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ КӨПШІЛІГІНІҢ ЕРКІ ҚАНДАЙ?

Дүние жүзінің барлық елдерінде бірыңғай саяси тұтас болып топтасқан пролетариаттың еркін мынадай белгілер анықтайды.

1-ден, жұмысшы газеттері. Белгілі бір жұмысшы газеттерін қолдай отырып, пролетариат осы арқылы өзінің саяси еркін анықтайды, өзінің қандай бағытты жақтайтынын анықтайды.

2-ден, парламент сайлауы. Сайлау заңы түрлі елдерде түрліше, бірақ жұмысшы табының *қандай депутаттарды* сайлайтынын көбінесе қатесіз анықтауға болады. Жұмысшылар сайлаған депутаттардың *бағыты* пролетариаттың *еркін көрсетеді.*

3-ден, капиталға қарсы күрес жүргізетін алуан түрлі жұмысшы одақтары мен қоғамдары, әсіресе кәсіптік одақтар пролетариаттың еркін білуге мүмкіндік береді.

4-ден, Батыс Европада пролетариаттың еркін білдіретін ең дәл анықтауыш — жалпыға белгілі мүшелері бар, ашық қызмет істейтін социалистік партиялардың шешімдері болып табылады.

Россияда, жұртқа мәлім, ашық социал-демократиялық партия жоқ,— тіпті кадеттер партиясы да бізде тыйым салынған партия болып саналады. Сондықтан, «астыртын ұйымға» шабуыл жасайтын немесе одан безетін, немесе одан бас тартуды ақтайтын адамдарды Россияда жойымпаздар деп, яғни жолдан таюшылар, жұмысшы ұйымын бұзушылар деп атайды.

Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшыларының еркі жөніндегі *деректер* қандай екенін қарап көрейік.

ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ЕРКІ ЖӨНІНДЕ II, III ЖӘНЕ IV МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАЛАРДЫҢ САЙЛАУЫ НЕ ДЕЙДІ?

Россиядағы сайлау заңы жұмысшыларды шаруалардан болу жөніндегі реакциялық мақсаттарды көздеп, жұмысшы курияларын, яғни жұмысшылардың өз алдына бөлек сайлауын енгізіп отыр. Алайда осы арқылы жұмысшылардың еркі бұрынғыдан да гөрі анықтала түседі, өйткені олар өздерінің көзқарастарына, өздерінің бағытына қосылатын адамдарды Думаға жіберіп отыр.

Сондықтан *жұмысшы куриясынан* сайланған депутаттардың *бәрі* II Думада да, III Думада да, IV Думада да *социал-демократтар* болды. Сауатты адамдардың бәрі де (саяси арам ниетті адамдардан басқалары) осыдан келіп: Россиядағы жұмысшылардың еркі — социал-демократтармен тату және адал бірге болу деген қорытынды жасауға мәжбүр болды.

Бірақ жұмысшылар социал-демократияның *ішіндегі қандай* бағытты қолдап келді?

Жұмысшы куриясы депутаттарының *бағыты туралы* деректердің есебі бұған айқын жауап береді. II Думада

мұндай депутаттар 23 болды, олардың ішінде большевиктер 11 (яғни 47%). Жұртқа мәлім, нақ осы кезде, 1907 жылдың көктемінде, жұмысшы партиясындағы көпшілік большевиктер жағында болғаны дәл есептеліп, тексерілген болатын.

III Думада сайлау заңы өзгергеннен кейін, жұмысшы куриясынан 8 депутат болды, бұлардың 4-уі большевик (яғни 50%). IV Думада жұмысшы куриясынан 9 депутат болды, бұлардың 6-уы большевик (яғни 67%).

Сонымен, алты жыл бойына, 1907 жылдан 1912 жылға дейін, интеллигенция социал-демократия*дан* қашып жатқан кезде, жұмысшылар большевиктер жағына *барған сайын көбірек* шыға берді.

Россия жұмысшыларының *үштен екісінен астамы* IV Думаның *алты* жұмысшы (куриялық) депутаты: Бадаевтың, Малиновскийдің, Мурановтың, Петровскийдің, Самойловтың және Шаговтың көзқарастары мен бағытын жақтайды. Саяси өмірге қатысып жүрген саналы жұмысшылардың *басым көпшілігі* солардың жағында.

Интеллигенттер маркстік ұйымнан қашты, оны жойды. Жұмысшылар жойымпаздардан қашты. Бұл ақиқатты тек арам ниетті адамдар ғана теріске шығара алады.

ӨКІЛДЕР КІМДЕР?

Бір жағынан, 6 депутаттың*, екінші жағынан, олардың қарсыластарының мәлімдемелері газеттерге басылып шыққан күні-ақ жойымпаздық газет (60-номерінде) 7 депутатты қорғай келіп, осы жеті депутатқа берілген жұмысшы дауыстары алты депутатқа берілген жұмысшы дауыстарынан *кем емес* деген пікірді дәлел ретінде келтіруге асықты.

Бұл кезде біздің газетімізде (№ 13) жойымпаздарды мүлде позициясынан тайдырған және олар ұсынған «дәлелдің» маңызын түбірімен жойған мәліметтер басылып шықты.

---

* Қараңыз: осы том, 91—93-беттер. *Ред.*

Бұл мәліметтер Думаға социал-демократ депутаттарды жіберген губерниялардағы жұмысшылардың санын көрсетеді және социал-демократиялық фракцияның қай бөлегіне жұмысшы дауыстары көп, тіпті қаншалықты көп берілгені жөнінде анық түсінік береді.

Бұл мәліметтер мынадай:

Губерниялар	Депутаттардың фамилиялары	*Мың есебімен*		
		Фабрикалық инспекторлардың есебі бойынша жұмысшылардың саны	Кен өнеркәсібі	Барлығы
Москва	Малиновский	348	3	351
Владимир	Самойлов	202	3	205
Петербург	Бадаев	170	27	197
Екатеринослав	Петровский	33	85	118
Кострома	Шагов	91	—	91
Харьков	Муранов	45	1	46
	Жиыны:	889	119	1 008
Варшава	Ягелло	78	—	78
Дон облысы	Туляков	18	41	59
Уфа	Хаустов	6	31	37
Таврия	Бурьянов	10	10	20
Иркутск	Маньков	2	11	13
Тифлис	Чхеидзе	5	—	5
Карс және Батум облыстары	Чхенкели	1	1	2
	Жиыны:	120	94	214

Депутат Ягелло 7 депутаттың санына кірмейді, өйткені ол социал-демократияға жатпайды және 6 депутат пен 7 депутаттың арақатынасы туралы мәселеде оның шешуші даусы жоқ, оның үстіне, ол Думаға Варшава қаласының жұмысшы сайламшылары көпшілігінің тілегімен тысқары өткен, сондықтан Варшава губерния-

сы жұмысшыларының санын 7 депутатқа берілген жұмысшы дауыстарының санына қосуға болмайды.

Сонымен былай болып шығады: 1 миллион 144 мыңнан 7 депутаттың үлесіне не бары 136 мыңы, немесе 11,8 проценті, немесе *оннан біріне* жуығы келеді, ал 6 депутаттың үлесіне 1 миллион 8 мыңы, немесе 88,2 проценті, немесе *оннан тоғызына* жуығы келеді.

Жойымпаздардың жұмысшы дауыстарының тепе-теңдігі туралы үзілді-кесілді пікірі толығынан бекерге шығарылып отыр.

Олар бұған қарсы не айтады?

Олардың жауабы — оны толығынан қайталауға тұрарлық жауап, ал бұл жауапты олардың жағдайының тек шарасыздығынан ғана деп түсіндіруге болады.

«Бұл цифрлардың дұрыстығы мен маңызы туралы мәселені былай қойып, мынаны көрсетеміз...»,— дейді Ф. мырза «Новая Рабочая Газетаның» 61-номерінде.

Сіздер, мырзалар, жұмысшы дауыстарының саны туралы айттыңыздар, сіздерге ол цифрларды келтіріп еді, сіздер енді оларды былай қойып отырсыздар.

Ол мұны айтып үлгірмей жатып, келесі номерде (№ 62) тек таңдануға ғана боларлық пікір шыға келді.

«Бұл пікірдің арифметикалық жағы жөнінде біздің газетіміз кеше пікірін айтты»

Былай қою деген шамасы «пікір айту» болғаны ғой. Жойымпаз мырзалар қандай аңқаулардан үміт етіп отыр екен?

Жоғарыда көрсетілген, жойымпаздар бекерге шығармаған цифрларды келтіре отырып, біз 6 жұмысшы депутатты сайлаған губерниялардың біздегі сайлау системасында ерекше маңызы бар екені туралы ештеңе айтқанымыз жоқ. Ал *фактілер* есін таңдырған жойымпаздар 6 депутатқа 3 июнь заңы берген ерекше пұрсаттылық туралы, столыпиндік курияларлардың алдында біздің бас июіміз туралы, біздің тек 6 депутатты ғана социал-демократ депутаттар деп санайтынымыз, т. т. туралы сөз етуге тырысып отыр.

Мұндай пікірлердің, жаман да болса, әбден белгілі аты бар... Онымен аузымызды ластамай-ақ қояйық!..

Губерниялардағы жұмысшылардың саны бұрынғы қалпында қалып отыр. Оларды салыстыруға болады және салыстыру керек те.

Герман социал-демократиясы, өздерінде әйелдердің сайлау правосы жоқтығына қарамастан, сайлауда табысқа жетеміз деп есептейді.

Мұның бәрінің айқып әрі түсінікті екені соншалық — тіпті жойымпаздардың өз «дәлелдерімен» кімді шатастырғысы келіп отырғанына таңданасың.

РОССИЯДАҒЫ ЖҰМЫСШЫ ГАЗЕТТЕРІ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ҚАНДАЙ ЕРКІН КӨРСЕТІП ОТЫР?

Жұртқа мәлім, Россияда жұмысшы газеттері, 1908—1910 жылдардағы торығу мен ыдырау дәуірінен кейін, 1911 жылдан шыға бастады, сөйтіп 1912 жылы нығайды.

1912 жылды алыңыз. Ең алдымен апталық «Звезда»[18] газеті шығып, нығайды; содан соң ол аптасына 2 рет шыға бастады, сөйтіп күнделікті «Правданы» әзірледі. «Правда» жұмысшылардың *орасан күшті* қолдауы арқасында 1912 жылы апрельде пайда болды. Бұл газет саналы жұмысшылардың көпшілігін өз төңірегіне топтастырды. Оның бағыты біріккен, саналы пролетарлардың *көпшілігінің* бағыты болды.

1913 ж. бір бағытта жалпыроссиялық *екі* газет шықты. Жұмысшы қолдауының орасан зор өсуі нәтижесінде Москвада *сол* бағытта «Наш Путь» газеті шығарылды.

Екінші бағыт, жойымпаздық бағыт, тек 1912 жылдың күзінен ғана, өте нашар апталық газеттерден кейін күнделікті «Лучты» шығара бастады.

Демек, жұмысшылардың *көпшілігі* «Правданың» төңірегіне бұдан көп бұрын топтасқанын фактілер бұлтартпай дәлелдеп отыр. Жойымпаздық газеттің құрылу ісі қолға анағұрлым кеш алынды, бұл — көпшіліктің *еркіне қарсы күрес* жүргізу ісі, *жікке бөліну*

і с і, яғни азшылықтың көпшілікке бағынғысы келмеуінің ісі болды.

Бір қалада бірінші газеттің беделін түсіруге тырысатын *екінші* газеттің шығарылуы пролетариаттың іс-қимылдарының *бірлігін бұзатынын* әрбір жұмысшы түсінеді. Европаның ешбір жерінде *бірде-бір* социал-демократиялық партия бұған жол бермейді.

ЖҰМЫСШЫ ГАЗЕТТЕРІНЕ ЖИНАЛҒАН ҚАРЖЫЛАР ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ҚАНДАЙ ЕРКІН КӨРСЕТІП ОТЫР?

Буржуазиялық газеттер ірі капиталдарға арқа сүйейді. Жұмысшы газеттері жұмысшылардың өздері жинаған қаржыларына арқа сүйейді.

Белгілі бір басылымды, белгілі бір газетті қолдауға жарналар беріп, жұмысшылар мұнымен өздерінің еркін айқын білдіреді.

Сондықтан Россияда жұмысшы газеттеріне берілген жұмысшы жарналарының тарихы жұмысшылар еркінің өте маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бұл тарихтан мүлде надан немесе арам ниетті адамдар ғана (кадеттер мен жойымпаздар сияқты) сырт айнала алады.

Бұрын талай рет басылған және кез келген сауатты адамның тексеруіне болатын, *жұмысшылар топтарының қаржы жинауы* туралы деректер мынадай:

	Жұмысшылардың қаржы жинаған топтарының саны:			
	«Правдаға»	Москва газетіне	Бірге алғанда	«Лучка»
1912 жыл	620	5	625	89
1913 жыл 1 апрельге дейін	309	129	438	139
1913 жыл 1 апрельден октябрьге дейін	1 252	261	1 513	328
Екі жыл ішінде барлығы	2 181	395	2 576	556

Бұл деректер *ұзақ* уақытты қамти алынған. Олар *бүкіл* 1912 жылды және 1913 жылдың 9 айын қамти-

ды. Бұл деректердің *бүкіл Россияға* қатысы бар*.

Бұл деректер нені көрсетеді? Күмән жоқ, саналы жұмысшылардың арасында *«За Правду» жақтастарының, алты жұмысшы депутаттың* жақтастарының, жойымпаздықтың қарсыластарының *толық басым* екенін көрсетеді.

Осы басым көпшіліктің шешімдерін мойындамайтын кез келген адам жұмысшылардың еркін бұзушы, жікшіл және іріткі салушы болып табылады.

ПЕТЕРБУРГТЕГІ КӘСІПТІК ОДАҚТАР ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ҚАНДАЙ ЕРКІН КӨРСЕТІП ОТЫР?

Жұртқа мәлім, металлистер —тек Питерде ғана емес, сонымен қатар бүкіл Россияда,— тек Россияда ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзінде — ең жетілген және алдыңғы қатарлы жұмысшылар.

Металлистер Россияның бүкіл пролетариатының *авангарды* (алдыңғы қатарлы отряды) екенін ешкім бекер дей алмайды, — мұны металлистер жиналысы болған күні жойымпаздардың *өздері* де мойындады.

Металлистердің Питерде болған жиналысы нені көрсетті?

Басқарманың сайлауы болды. Екі тізім болды.

Жойымпаздардың газетінде басылып, осы газет қорғаған бір тізімде *бірқатар* белгілі жойымпаздардың *есімдері* көрсетілді.

«Правдада» басылған екінші тізім *жойымпаздарға қарсы* тізім болды.

Жойымпаздар, жұртты алдап, өз тізімін одақтың шешімі деп көрсетті, бірақ оларға алдаудың себі тимеді.

Металлистердің жиналысында *3000-дай адам* болды. Бұлардан бар болғаны тек *150* адам ғана жойымпаздардың тізіміне дауыс берді.

---

* «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақта осы жерге мынадай бет соңында ескерту берілген:

«1914 жылдың майына цифрларды жинақтап алғанда: правдистерде 6000 жұмысшы тобы, ал жойымпаздарда 1½ мыңға жуық жұмысшы тобы болды». *Ред.*

Саналы, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың еркі әбден анықталғаны айқын. Жойымпаздық туралы жұмысшылардың тыңдағысы да келмейді.

Петербургтегі барлық кәсіптік одақтардың ішінен бүкіл Петербург пролетариатынан оқшауланған тек баспашылар одағы ғана әлі жойымпаздарды жақтап отыр*. Ал бұл арада да жойымпаздарға бәрі бірдей «жап-жақсы» болып отырмағанын көрсете кету керек. Приказчиктер, ағаш өңдеушілер, зергерлер, тігіншілер, наубайшылар, архитектор-құрылысшылар, трактир қызметшілері жәпе басқалар арасында жойымпаздарға бас июшілер көп пе? Қанша, қайда олар? Осындай бас июшілер мәдени-ағарту мекемелерінде көп пе? Көрінбейді! Ал жойымпаздар астыртын ұйымға және «стачка құмарлыққа» қарсы шығып, столыпиндік реформалардың ығында жариялылық үшін күресіп, жария атаулының бәрі біздерді жақтайды деп еді ғой! Ал жұмысшы интеллигенция кімге ерді? Өткен номерде *106 жұмысшы оқушы* алтауды құттықтап, жойымпаздарды масқаралады!

Жеті депутат жойымпаздарға еріп, жұмысшылар көпшілігінің *еркін бұзып отыр*. Мұны Дума сайлауы да, газеттерге жиналған қаржылар да, металлистердің жиналысы да, сондай-ақ жария қозғалыстағы бүкіл жұмыс та, қазір жүріп жатқан қауіпсіздендіру науқаны да (алты жұмысшы депутаттың шақыруы бойынша қауіпсіздендіру жөніндегі апталықты қолдау) дәлелдеді.

Жұмысшылар көпшілігінің еркін *бұзып* отырған жеті депутат өздерінің жұмысшы көпшілігіне *қарсы өз* еркін қорғай берулерінен қандай нәтижелер сөзсіз туатынын ұмытпауға тиіс.

ИДЕЯЛЫҚ БІРЛІК

Жойымпаздық газет былай деп жазады:

«Социал-демократия — белгілі бір идеялық бірлік, ал оның идеяларын мойындамайтын адамдар оған жатпайды».

* «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақта осы жерге мынандай бет соңында ескерту берілген:
«Сірә, қазір бұл одақ та жойымпаздардан кете бастаса керек». *Ред.*

Бұл шындық, бірақ түгелдей шындық емес. Өйткені социал-демократия — тек *идеялық* бірлік қана емес, *сонымен бірге ұйымдық* бірлік. Мұны тек жойымпаздар ғана, яғни нақ сол ұйымдық тұтасты мойындағысы келмейтін, оның еркімен санаспайтын, оның шешімдерін бұзатын, т. б. адамдар ғана ұмыта алады.

Біздің жойымпаздар дегендеріміз, атап айтқанда, «Луч» газетіне жазып келгендер және «Новая Рабочая Газетаға» жазып отырғандар, орыс марксистерінің ұйымына қарсы шығуы және оған қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізуі арқылы өздерін жұмысшы бұқараға бәрінен де гөрі айқын көрсетті.

Россия жұмысшыларының осы бірден-бір өмір сүріп отырған саяси ұйымының толып жатқан шешімдері жойымпаздарды олардың нақ осы ұйым жөніндегі жол беруге болмайтын, іріткі салушылық, жікшілдік көзқарасы үшін үзілді-кесілді айыптады. Бұл шешімдер 1908 жылы да, 1910 жылы да, 1912 жылы да шығарылды[49]. Бұл шешімдер өз табының істеріне көңіл бөлетін Россия жұмысшыларына белгілі. Бірақ жойымпаздардың бұл шешімдерге бағынуды керек деп таппағаны былай тұрсын, қайта өздерінің бүкіл әрекеті арқылы және өздерінің бүкіл насихаты арқылы оларды шімірікпестен өрескел бұзып отыр.

Міне сондықтан да жойымпаздық газет *ұйымдық* мәселені талқылай отырып, социал-демократия — тек идеялық топтасу ғана емес, сонымен бірге ұйымдық топтасу екенін өз оқушыларынан бүгіп қалды. Ұйымнан мүлдем қол үзе іс-қимыл жасай отырып, оның шешімдерін өрескел бұза отырып, оның өмір сүру фактісінің өзін келеке ете отырып, жойымпаздар, әрине, оны жұмысшылардың есіне салмауды тәуір көреді.

Бірақ, осы жағдайды өз оқушыларынан жасырса да, жойымпаз жазушы социал-демократияның идеяларын қолдамайтын адамдарды социал-демократияға қосуға ешбір болмайтынын дегенмен мойындауға тиіс болды. Ал жойымпаз мырзалар нақ осы адамдар қатарына жатады. Олардың идеялары — социал-демократиялық идеялар емес, либералдық жұмысшы саясатының

идеялары. Оппортунистер мен жарияшылдардың идеялары, дәйекті маркстік ұрандарды қысқартатын, ескі ұйымды талқандауды және 3 июнь режимі тұсында ашық партия құруды уағыздайтын адамдардың идеялары ешбір жерде, ешқашан және ешкім арқылы социал-демократияның идеялары болып есептеле алмайды.

Жойымпаздар өздерінің ұйымдық қызметі арқылы да, маркстік емес идеяларды өздерінің насихаттауы арқылы да социал-демократияның *шегінен шығып кетті*.

Социал-демократия — белгілі бір ұйымдық бірлік, ал осы ұйымның тәртібіне бағынбайтын, оны менсінбейтін, оның шешімдерін өрескел бұзатын адамдар бұл ұйымға жатпайды. Бұл — негізгі ереже.

Бірақ аңдамай айта салған жойымпаздікі де дұрыс. *Социал-демократиялық идеяларды мойындамайтын адамдар социал-демократияға жатпайды* деп жазып, ол расын айтты. Дәл солай, жойымпаз мырза. Сіздер тек қана бұл сөздердің ең алдымен және бәрінен бұрын сіздердің өздеріңізге, сіздердің жойымпаздық идеяларыңызға қатысты екенін аңғармағансыздар.

ЖОЙЫМПАЗДАР ЖӘНЕ БУРЖУАЗИЯ

Егер біреу-міреу бұған күмәнданатын болса, ол адам ең алдымен жойымпаздыққа, оның идеяларына және оның маркстік жұмысшы ұйымына қарсы күресіне буржуазияшыл саясатшылар мен буржуазиялық баспасөздің қалай қарайтынына назар аударуы керек. Буржуазиялық баспасөзбен танысқан әрбір адам *жойымпаздардың марксистерге қарсы шығуының қай-қайсысы болсын буржуазия тарапынан толып жатқан мақтаумен, қуанышпен қарсы алынатынына* көзін өте тез жеткізеді. Буржуазия жойымпаздардың ескі ұйымға қарсы шығуларын қуана қарсы алды, буржуазия жойымпаздардың ереуіл жасаған жұмысшыларға қарсы, «стачка құмарлыққа» қарсы жорығын қуана қолдады.

Бірақ буржуазиялық баспасөз жойымпаздарды мақтай және мадақтай отырып, бір өкінішті жағдайды өзі-

нен жасыра алмады. Ол буржуазиялық либералдарға соншалық ұнайтын (балықшы балықшыны қияннан таниды!) жойымпаздық дегеніміз жұмысшылар бұқарасы арасында ешқандай табысқа ие болмаған интеллигенттік ағым ғана екенін мойындауға мәжбүр болды. Бұл либералдарды өте-мөте өкіндіреді, бірақ бұл әрбір саналы жұмысшыны қуантуға тиіс!

Буржуазиялық либералдардың басты органы «Речьтің» Думадағы социал-демократиялық фракцияда болған оқиғаларды қалай бағалағанын қарап көріңіз.

«Речь» тура былай деп мәлімдеді: жетеу — «социал-демократияның парламентарлық элементтері», олар «парламенттік жұмыс партиясына» жатады, «интеллигент-депутаттардың позициясы неғұрлым ойланылған позиция». Қысқасын айтқанда, либерал мырзаларға алты жұмысшы депутаттың позициясынан гөрі жойымпаздар мен «Новая Рабочая Газетаның» позициясы анағұрлым көбірек ұнайды.

«Олардың бәрін тікелей жұмысшылар сайлаған», дейді либералдар жұмысшы депутаттары туралы, олар — «ымыраға келмейтіндер» тобының өкілдері, ал олардың ұрандары жұмысшы бұқараға анағұрлым «түсініктірек».

Жұмысшы депутаттардың міне осы «ымыраға келмейтіндігі» және олардың бұқарамен тікелей байланысы либерал мырзаларға ұнамайды. Сондықтан олар «социал-демократиялық интеллигенцияның парламенттік көпшілігі парламенттен тыс жұмысшы көпшілігіне жол беруге мәжбүр болады деп күтуге негіз бар» деп жылап-сықтайды.

Қазіргі таласта «баяулар», «парламенттік» тактиканы жақтаушылар, жойымпаздар жеңгенін, сөйтіп «тура бағытты» ұрандары бар, ымыраға келмейтін жұмысшы депутаттардың қол-аяғын матап тастағанын либерал мырзалар жан-тәнімен тілер еді!

Бірақ жұмысшы табы және оның қысқартылмаған ұрандарға берілгендігі социал-демократия арасында оппортунистердің жеңуі туралы жойымпаздық және либералдық арманның орындалуына кедергі жасайтынын либералдар да сезіп отыр.

ТОПТАСҚАН МАРКСИСТЕРДІҢ ШЕШІМІ

Пролетариат көпшілігінің еркін бұзып отырған жеті депутат алты депутаттың осы ерікке сәйкес қимыл жасап отырғанынан қорқа соғып, орағытып өтеді.

Марксистердің басылып шыққан шешімі мынадай:

«Кеңес думадағы жұмыс саласында социал-демократиялық фракцияның *бірлігі мүмкін және қажет* деп табады.

Алайда кеңес *7 депутаттың әрекеті* фракцияның *бірлігіне* елеулі *қауіп туғызып отырғанын* көрсетеді.

7 депутат бір дауыстың әлдеқалай артықтығын пайдаланып, Россия жұмысшыларының аса зор көпшілігінің өкілдері болып отырған 6 жұмысшы депутаттың қарапайым праволарын бұзып отыр.

7 депутат фракциялық тар шеңберлі мүдделерге сүйеніп, жұмысшы өмірінің өте маңызды мәселелері жөнінде 6 депутатты Дума трибунасынан сөз сөйлеу мүмкіндігінен айырып отыр. Социал-демократиялық фракция 2 және одан да көп шешен шығарып сөйлеген бірсыпыра сөздерде, 6 депутат өздерінің талап етулеріне қарамастан, өз шешенін шығаруға мүмкіндік ала алмады.

7 депутат Дума комиссияларындағы орындарды бөлісуде де (мысалы, бюджет комиссиясы) солай етіп, 6 депутатқа 2 орынның біреуін беруден бас тартып отыр.

Жұмысшы қозғалысы үшін маңызды мекемелерге фракциядан өкіл сайлаған кезде 7 депутат бір дауыстың артықтығын пайдаланып, 6 депутатқа өкілдік бермей отыр. Фракцияға қызмет ететін адамдар әрқашан бір жақты сайланады (мысалы, 2-секретарь тағайындау талабы қабылданбады).

Кеңес 7 депутаттың бұл сияқты іс-әрекетін фракцияда сөзсіз жанжал туғызатын, ұйымдасқан жұмысқа кедергі жасайтын және фракцияны жікке бөлінуге бастайтын нәрсе деп табады.

Кеңес 7 депутаттың бұл сияқты іс-әрекетіне мейлінше үзілді-кесілді наразылық білдіреді.

6 депутат Россия жұмысшыларының аса зор көпшілігінің өкілдері болып табылады және оның ұйымдасқан авангардының саяси бағытына толық сәйкес қимыл жасайды. Кеңес сондықтан фракцияның екі бөлегі *толық тең праволы болғанда ғана* және 7 депутат қысым жасау саясатынан бас тартқанда ғана социал-демократиялық фракцияның Думадағы жұмыс саласындағы бірлігін сақтауға мүмкіндік болады деп табады.

Ымыраға келмейтін алауыздықтар тек Думадағы жұмыс саласында ғана емес екеніне қарамастан, *кеңес* фракцияның екі бөлегінің жоғарыда көрсетілген тең праволылығы негізінде *оның бірлігі болуын талап етеді.*

Кеңес саналы жұмысшыларды осы маңызды мәселе жөнінде *өз пікірлерін айтуға* және 6 жұмысшы депутаттың тең праволы болуы сияқты бірліктің бірден-бір мүмкін негізінде фракцияның *бірлігін сақтауға бар күшін салып көмектесуге* шақырады*.

Бұл шешім көпшіліктің еркін жұмысшылардың өкілдері арқылы айқын және дәл белгіледі, ал көпшіліктің еркі туралы біз бұрын толық айтқан болатынбыз.

Тек *бейпартияшыл* эсдектер ғана бұл ерікті бұза алады. *Тек жойымпаздар ғана* жетеуге, жұмысшы ұйымының жікшілдері мен іріткі салушыларының қимыл жасайтыны сияқты, *тәуекелге бел байлап* қимыл жасауға кеңес бере алады.

ФРАКЦИЯ ІШІНДЕГІ БІЗДІҢ ЖҰМЫСЫМЫЗ

6 депутат думадағы фракцияда фракцияның кездейсоқ көпшілігі тарапынан өздеріне қысым жасалып отырғаны туралы мәселені жұмысшылардың төрелігіне берді.

Олар фракцияның өмірінен ғажап фактілер келтірді. Ал 7 депутат оларға не жауап берді?

Тура және анық мәлімдеме жасаудың орнына, 6 де-

* Қараңыз: осы том, 61—62-беттер. *Ред.*

путаттың Думадағы қызметте өздеріне жасалып отырған тежеушілік жөніндегі келтірген мысалдарын бекерге шығарудың орнына, 7 депутат тежеу, қысым жасау болмаған бірқатар фактілерді тізбектеумен айналысты.

Күмән жоқ, фракцияда 6 депутатпен санасқан жағдайлар болды, егер мұның өзі де болмаған болса, онда бұл пролетариатты тура қорлағандық болар еді, мұндай жағдай фракцияда бір күн де тұрақтай алмаған болар еді.

Фракцияның бірлігі мүмкін нәрсе, ал келісім қажет нәрсе, мұны фракцияның бір жыл өмір сүруінің тәжірибесі көрсетіп отыр.

Бірақ бұл тәжірибе мынаны да көрсетіп отыр: жойымпаздық жағына ауытқып отырған және жұмысшы депутаттардың көпшілігімен санаспайтын 7 депутат фракцияда 6 депутаттың қол-аяғын матап қойды.

6 депутат келтірген және фракцияның ішкі өмірінің жағдайын айқын суреттейтін фактілер бекерге шығарылмастан қалды.

7 депутат: 1) социал-демократияның программасын өзгертуге әрекеттер жасады. Мысалы, барлық марксистер 1903 жылы теріске шығарған мәдени-ұлттық автономияны Думаның трибунасынан қорғады.

2) Басқа ұйымға жататын, социал-демократияға жатпайтын депутат Ягеллоны Думадағы істер жөнінде шешуші дауыспен фракцияға алды және партиялық істер жөнінде де шешуші дауыспен алғысы келді.

3) Бірнеше рет талап етілуіне қарамастан, 6 депутатқа өз секретарын ұстауға право бермеді.

4) 6 депутаттың Дума трибунасынан сөз сөйлеуін барынша тежеп отырды.

5) 6 депутатқа бір маңызды мекемеде өкілдік бергісі келмеді.

6) 6 депутаттың Думадағы комиссияларға, оның ішінде бюджет комиссиясына, қатысуын тежеп отырды.

Осылардың бәріне 7 депутаттың беретін бір-ақ жауабы — *істің пайдасы* үшін деген жауап.

Россия жұмысшыларының арасап зор көпшілігінің өкілдері болып отырған 6 депутатқа қысым жасау жә-

не олардың қызметін тежеу *жұмысшы ісінің және социал-демократия ісінің* пайдасы үшін істеліп отырмағаны айқын.

Думадағы фракцияда 6 депутатқа қалай қысым жасалғанын социал-демократ депутаттардың Думаның комиссияларына қатысуы туралы деректер айқын көрсетеді.

Социал-демократияның өкілдері бар 26 комиссияның ішінде:

6 депутат *7 комиссияға* қатысады; қалған 7 депутат — *13 комиссияға* қатысады— *е к і е с е* дерлік *к ө п.*

Социал-демократияның бір-бірден өкілі бар 20 комиссияның ішінде:

6 депутат *7 комиссияға* қатысады; қалған 7 депутат — *13 комиссияға* қатысады — *е к і е с е* дерлік *к ө п.*

Социал-демократияның 2-ден өкілі бар комиссияларда:

6 депутат *3 комиссияға* қатысады; қалған 7 депутат *6 комиссияға* қатысады — *е к і е с е к ө п.*

Бұлардың 3-уінде қалған депутаттардың екіден өкілі бар.

6 депутаттың бірде біреуі 2-ден артық комиссияға қатыспайды; қалған депутаттардың ішінен:

Чхенкели 6 комиссияға қатысады; Скобелев 6 комиссияға қатысады; Маньков 4 комиссияға қатысады.

АЛТАУ НЕНІ ТАЛАП ЕТЕДІ?

Алтау өз секретары болуын талап етті;— бюджет комиссиясындағы *екі орынның* бірін талап етті;— маңызды бір мекемеге бір өкіл емес, екі өкіл сайлауды талап етті.

Жетеу бұл талаптарды өздерінің *осы кезге дейін о р ы н д а м а ғ а н ы н ж ә н е о л а р д ы о р ы н д а у д а н б а с т а р т қ а н ы н мойындады.*

Бұл талаптардың сөзсіз әділетті талаптар екенін әрбір жұмысшы көріп отыр.

Е г е р ж е т е у о с ы ә д і л е т т і т а л а п т а р д ы о р ы н д а ғ ы с ы к е л м е с е, о л а р с е н і м н е н а й р ы л а д ы!

Жетеу *көпшіліктің еркіне* сәйкес қимыл жасап отырған алты жұмысшы депутатқа *тең праволылық, толық теңдік* беруге міндетті.

Көпшіліктің *еркіне қарсы* қимыл жасап отырған жетеу тым болмаса Думадағы жұмыстың бірлігіне тек осылай ғана қадам жасай алады.

Жұмысшылар жетеуді көпшіліктің еркімен санасуға көндіруге тиіс!

ДУМАДАҒЫ БІРЛІК ПЕН ДУМАДАН ТЫС БІРЛІК

Думадан тыс бірлікті тек бір ғана тәсілмен, жұмысшы ұяларының бірлігі арқылы, жұмысшы табының саяси ұйымының басшылығымен жұмысшы табының пайдасына адал және лайықты түрде жұмыс істегісі келетін адамдардың бәрінің осы жұмысшы ұяларына кіруі арқылы жүзеге асыруға болады. Бұл ұяларға кіруге жұрттың бәріне жол ашық. Ұйыммен келісіп жұмыс істегісі келетін әрбір адам бұл ұяға кіре алады және кіруге тиіс. Жұмысшы қозғалысындағы бірлікті, *төменнен болатын бірлікті, өзара бақылаумен жүргізілетін практикалық жұмыстағы, күрестегі бірлікті* тек осылайша ғана жүзеге асыруға болады.

Біздің газетіміз бұл ұранды әлдеқашан ұсынды және оны үнемі қорғап келеді. Егер жойымпаздар социал-демократиялық жұмыс пен бірлікті шынымен тілейтін болса, оларға әрқашан жол ашық, бірақ жойымпаздардың бұл жолмен жүргені естілмейді.

Ал Думадағы жұмыс бірлігі жөнінде қалай болу керек?

Думадағы жұмыстың бірлігі барлық жерде және әрқашан тек бір жолмен ғана: парламенттік өкілдікті ұйымдасқан жұмысшылардың көпшілігіне бағындыру жолымен жүзеге асады. Бірақ бізде жойымпаздыққа ауытқушы 7 депутат осы ерікпен санасқысы келмейді. Олар ұйымдасқан жұмысшылардың дәл шешімдерімен санасқысы келмейді. Олар жұмысшылардың аса зор көпшілігінің еркін білдіретін, маркстік ұйыммен идеялық жағынан толық келісе жұмыс істеп жатқан 6 депу-

татқа қысым жасау үшін, өздерінің бір дауысының кездейсоқ артықтығын пайдалануды тәуір көреді.

Осыны тура айту маркстік тұтастықпен санаспайтын бұл адамдар үшін бірден-бір дұрыс жол болған болар еді.

Бірақ олар өздерінің бейне бір жауапкершілігі жоқ жағдайын пайдалануды тәуір көреді. Олардың ұйымдасқан жұмысшылардың шешімдерімен санаспайтыны былай тұрсын, олар Думадан тыс пролетариаттың еркін білдіретін шешімдерді бұзу үшін, өздерінің *Думадағы көпшілігін* пайдаланғысы келеді.

Егер 7 депутат осындай әдіспен қимыл жасаудан бас тартса, тек сол жағдайда ғана Думада бірлік болуы мүмкін.

6 депутат одан артықты талап етіп отырған жоқ қой.

Егер марксистердің шешімдерін өздеріне міндетті деп санамайтын 7 депутат марксистердің идеялық шешімдерімен пікірлес болуды тілейтін біздерге қысым жасаудан бас тартса, Думадағы жұмыста бірлік болуы мүмкін, дейді біздің жолдастар.

Осы негізде бірлік болуы мүмкін.

Тек осы негізде ғана. Бұл талаптарды 7 депутаттың орындамауы олардың әдейі және ашық түрде жікке бөлінуге бет алғанын көрсетеді. Алты депутатпен бірге болып отырған ұйымдасқан жұмысшылардың аса зор көпшілігі, бұл жоғарыда цифрлар арқылы дәлелденген, 7 депутатқа келісім негізінде жұмыс істеуге *мүмкіндік береді.* 7 депутаттың бұл келісімнен бас тартуы маркстік жұмысшы ұйымынан да толық және үзілді-кесілді *бөлінуі* болып табылады. Бұл бас тарту ауытқушы 7 депутаттың жікшілдік жойымпаздық негізге толық көшкенін көрсетеді.

«За Правду» № 22,
29 октябрь, 1913 ж.

«За Правду» газетінің мына жинақ текстісімен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр: «Марксизм және жойымпаздық», II бөлім, СПБ., 1914

«МАРКСШЕ» ПАЙЫМДАЙТЫН КАДЕТТІК ҮЙ ИЕЛЕНУШІ

«Городское Делоның»[50] редактор-шығарушысы, Мемлекеттік дума мен кадеттер партиясының мүшесі, үй иеленуші Велихов мырза өз журналында Киевтегі қала өкілдерінің съезін «интеллигенттік бюрократиядан» қорғап жазды.

Реакциялық баспасөзден алынған осы ашулы сөздің тасасында демократиялық интеллигенция жасырынып тұр; ол, байқап қойыңыз, «үй иелену тәртіптері» туралы сөз етіп, саяси айқындықты талап етіп, бейшара үй иеленушілерді жәбірлейтін көрінеді. «Интеллигенттік бюрократия»— деп шағынады Велихов мырза —«съезге ең алдымен жалпы саяси роль таңуға» тырысты.

Велихов мырза съезде болған осы ағымды «саяси» ағым деп атайды, сөйтіп оған басқа, *«муниципалдық»* ағымды қарсы қояды.

Бұл ағымның көзқарастарын ол былай баяндайды:

«Революция, деді қала қайраткерлері, болып өтті, ол енді жақын арада қайталана қояр ма екен. Революцияның ақырына дейін жетпеген себебі, сірә, революциялық пиғылдағы таптардың» (яғни қандай таптардың? Велихов мырза, тура айтыңыз!) «ол кезде тәжірибесі мен білімінің жеткіліксіз болғандығынан және мемлекеттік өкіметті меңгеруге әзір болмағандығынан болса керек. Митингілердің, ұрандардың, өткір сөздердің және наразылық білдіру қарарларының кең жолы енді ешкімді қанағаттандырмаған болар еді, оның, сірә, заманы өтсе

керек. Алда практикалық сипаттағы орасан зор мәдени жұмыс тұр».

Үй иеленуші мырза осылай деп жазады. Ол өзінің моралы жағынан да, шешуші кезеңде буржуазияның крепостниктер жағына шығып кететінін ұмытуға тырысуы жағынан да крепостниктердің көзқарасын әбден жақтап отыр. Сондықтан ол бір жерден, сірә жойымпаздардан болуы керек, естіп алған «марксиссымақ» сөздерін өрескел түрде қайталап отыр:

«Жұмысшы пролетариаты,— деп жазады ол,— әлі де болса аз және дәрменсіз Россияда, тіпті Маркстің «Капиталы» бойынша да үстемдік жер иеленуші дворяндардан тарихи дамудың таяудағы сатысында қалалық буржуазияға өтуге тиіс Россияда — буржуазияға шабуыл жасау, оны елемеу, оның қазіргі мемлекеттік уклад пен режимге қарсы күресу әрекеттеріне бөгет жасау дегеніміз табиғи прогреске кедергі келтіру болады» («Городское Дело», 1913, № 20, 1341—1342-беттер).

Құдды, құдды «Марксше»!

Аса құрметті прогресшіл және тіпті конституцияшыл-демократияшыл үй иеленуші! «Буржуазияның қазіргі мемлекеттік укладқа қарсы күресу әрекеттеріне» марксистер *ешқашан* бөгет жасаған емес және бөгет жасап отырған жоқ. «Дәрменсіз пролетариат» неғұрлым жігерлірек түрде қатыспаған бірде-бір «күрестің» болғанын сіз ешқашан көрсете алмайсыз. Буржуазияның крепостниктерге қарсы *бірде-бір* «күресін» марксистер мен жұмысшылар *елеусіз қалдырған емес.* Бірақ сіздің, Маркстен цитат келтіруші мырза, буржуазияның крепостниктерге қарсы күреске *опасыздық жасап,* крепостниктер *жағына* өтіп кетуінің тарихтағы мысалдары, 1848 жылдан бастап барған сайын жиілей түскен мысалдар, есіңізде жоқ па?

Мұндай мысалдарға орыс тарихы да лық толы, әсіресе 1904 жылы, одан гөрі 1905 жылдың күзінде, одан да гөрі сол жылдың қысында, содан соң 1906 жылдың көктемінде толы болды, тағысын-тағылар және тағысын-тағылар.

Маркстен цитат келтіруші үй иеленуші мырза, крепостниктерге қарсы *күрес* мүдделері күрес туралы ай-

татын, іс жүзінде *оған* опасыздық жасайтын буржуаларды әшкерелеуді, оларға шабуыл жасауды, олардың беделін түсіруді талап етеді, сіз мұны түсінбейсіз бе?

«За Правду» № 23,
30 октябрь, 1913 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«За Правду» газетінің текcті бойынша басылып отыр

ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ СЫН ЗАМЕТКАЛАР[51]

1913 ж. октябрь — декабрьде жазылған

1913 ж. ноябрь — декабрьде «Просвещение» журналының 10, 11 және 12-номерлерінде басылған
Қол қойған: В. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

Россияның қоғамдық өмірі мәселелерінің ішінде ұлт мәселесі қазіргі уақытта көрнекті орын алады, бұл анық. Реакцияның өршеленген ұлтшылдығы да, контрреволюциялық, буржуазиялық либерализмнің ұлтшылдыққа (әсіресе великорустық, одан кейін сондай-ақ поляктық, еврейлік, украиндық және басқа да ұлтшылдыққа) көшуі де, ақырында, әр түрлі «ұлттық» (яғни великорустық емес) социал-демократтардың ішінде партиялық программаны бұзуға дейін жеткен ұлтшылдық ауытқулардың күшеюі де,— міне осының бәрі бізді ұлт мәселесіне бұрынғыдан гөрі көбірек көңіл бөлуге сөзсіз міндеттейді.

Бұл мақаланың көздеп отырған арнаулы мақсаты: марксистер мен марксиссымақтардың ұлт мәселесі жөніндегі нақ осы программалық ауытқуларын жалпы байланыста алып қарау. «Северная Правданың» 29-нөмерінде (1913 ж. 5 сентябрьдегі, «Либералдар мен демократтар тіл туралы мәселе жөнінде»)* либералдардың ұлт мәселесі жөніндегі оппортунизмі туралы менің айтуыма тура келген болатын; менің бұл мақалама еврейлердің «Цайт»[52] деген оппортунистік газеті Ф. Либман мырзаның мақаласында өзінше сынап шабуыл жасады. Екінші жағынан, украин оппортунисі Лев Юркевич мырза («Дзвін»[53], 1913, №№ 7—8) россиялық марксистердің ұлт мәселесі жөніндегі прог-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 23-том, 466—469-беттер. *Ред*

раммасын сынады. Бұл екі жазушы соншама көп мәселе қозғағандықтан, оларға жауап беру үшін тақырыбымыздың мейлінше әр түрлі жақтарын сөз қылуға тура келеді. Ал, менің ойымша, «Северная Правдадағы» мақаланы көшіріп басудан бастау бәрінен де ыңғайлырақ болар.

1. ЛИБЕРАЛДАР МЕН ДЕМОКРАТТАР ТІЛ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕДЕ

Кавказ наместнигінің қаражүздік пиғылымен емес, қайта жалтақ «либерализмімен» көзге түсетін есебін газеттер талай рет атап көрсетті. Айта кететін бір нәрсе, бұл наместник әдейі орыстандыруға, яғни орыс емес шағын халықтарды орыстандыруға қарсы пікір айтады. Кавказда орыс емес шағын халықтар өкілдерінің *өздері-ақ* балаларын орысша үйретуге тырысады, мысалы орыс тілін оқыту міндетті емес армян шіркеу мектептерінде жағдай осылай.

Россияда ең көп тараған либералдық газеттердің бірі —«Русское Слово»[54] (№ 198) осыны көрсете келіп, Россияда орыс тіліне дұшпандық көзқарас орыс тілін «әдейі» (зорлықпен деу керек еді) енгізудің салдарынан «ғана болып отыр» деген әділ қорытынды жасайды.

«Орыс тілінің тағдыры туралы абыржудың қажеті жоқ. Бүкіл Россияда ол өзін өзі-ақ танытады»,—деп жазады газет. Бұл дұрыс та, өйткені экономикалық айналымның қажеттері бір мемлекет ішінде тұратын ұлттарды (олардың бірге тұрмақ болып отырған кезінде) көпшіліктің тілін үйренуге әрқашан мәжбүр етеді. Россияның құрылысы неғұрлым демократиялық болған сайын, капитализм де соғұрлым күштірек, тезірек және кеңірек дами түседі, экономикалық айналымның қажеттері де түрлі ұлттарды жалпы сауда қатынастары үшін неғұрлым қолайлы тілді үйренуге соғұрлым көбірек итермелейтін болады.

Бірақ либералдық газет өзін өзі таяқтауға, өзінің либералдық дәйексіздігін дәлелдеуге асығады.

«Россия сияқты ұлан-ғайыр мемлекетте,— деп жазады ол,— жалпы мемлекеттік бір тіл болуға тиіс екеніне және мұндай

тіл... тек орыс тілі ғана бола алатынына тіпті орыстандыруға қарсылардың ішінен де біреу-міреу қарсы бола қояр ма екен».

Теріс логика! Кішкентай Швейцарияда жалпы мемлекеттік *бір* тіл жоқ, қайта тұтас үш тіл: неміс, француз және итальян тілдері бар, бұдан ол ұтылып отырған жоқ, қайта ұтып отыр. Швейцарияда халықтың 70 проценті немістер (Россияда 43 проценті великоростар), 22 проценті француздар (Россияда 17 проценті украиндар), 7 проценті итальяндар (Россияда 6 проценті поляктар, $4^1/_2$ проценті белорустар). Швейцарияда итальяндар жалпы парламентте көбіне французша сөйлейтін болса, олар мұны қайсыбір тағы полицейлік заңның (Швейцарияда ондай заң жоқ) таяғымен істеп отырған жоқ, қайта демократиялық мемлекеттің цивилизациялы азаматтарының өздері көпшілікке түсінікті тілді артық көретіндігінен ғана істеп отыр. Француз тілін итальяндар жек көрмейді, өйткені бұл — еркін, цивилизациялы ұлттың тілі, жексұрын полицейлік шаралардың таңып отырған тілі емес.

Ал енді бұдан анағұрлым ала-құла, масқара мешеу «ұлан-ғайыр» Россия тілдердің біреуі үшін қандай да болсын бір пұрсаттылық сақтап қалу арқылы өзінің дамуын неге *тежеуге* тиісті? Мұның керісінше емес пе, либерал мырзалар? Егер Россия Европаны қуып жеткісі келетін болса, онда ол қандай да болсын пұрсаттылық атаулының бәрін де мүмкін болғанынша тезірек, мүмкін болғанынша толығырақ, мүмкін болғанынша батылырақ жоюға тиісті емес пе?

Егер пұрсаттылық атаулының бәрі жойылса, егер тілдердің бірін зорлап таңу тыйылса, онда барлық славяндар бірін-бірі оңай, тез түсінуге үйренеді де, жалпы парламентте әр түрлі тілдерде сөз сөйленеді екен деген «қорқынышты» пікірден үрейленбейтін болады. Ал сауда қатынастарының мүдделері үшін осы елдің қай тілін білу көпшілікке *тиімді* болса, сол тілді экономикалық айналымның қажеттері өзі-ақ *анықтап береді.* Сонымен, әр түрлі ұлттардың халқы мұны неғұрлым ерікті түрде қабылдайтын болса, бұл анықтау соғұрлым берік болады, демократизм неғұрлым дәйекті болса, соның арқасында капитализм неғұрлым тезірек

дамыса, бұл анықтау соғұрлым тезірек және кеңірек болады.

Либералдар, барлық саяси мәселелер сияқты, тіл мәселесіне де бір қолын (ашықтан-ашық) демократияға созып, екінші қолын (жасырын) крепостниктер мен полицейлерге созатын екіжүзді саудагерлерше қарайды. Біз пұрсаттылықтарға қарсымыз — деп даурығады либерал, ал жасырын түрде крепостниктерден өзіне біресе бір пұрсаттылықты, біресе екінші пұрсаттылықты саудалап алып отырады.

Либерал-буржуазиялық ұлтшылдық *атаулының бәрі* — великорус ұлтшылдығы ғана емес (өзінің зорлықшыл сипаты болғандықтан және Пуришкевич мырзалармен туыстығынан ол бәрінен де жаман), сонымен қатар поляк, еврей, украин, грузин ұлтшылдығы да, басқа ұлтшылдық атаулының бәрі де осындай. Австрияда да, Россияда да *барлық* ұлттардың буржуазиясы «ұлттық мәдениет» деген ұранды бетке ұстап, *іс жүзінде* жұмысшыларды бөлшектеуде, демократияны әлсіретуде, халық праволары мен халық бостандығын сату туралы крепостниктермен саудагерлік келісімдер жасасуда.

Жұмысшы демократиясының ұраны «ұлттық мәдениет» емес, қайта демократизм мен бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының интернационалдық мәдениеті. Буржуазия қайдағы бір «позитивтік» ұлттық программалар арқылы халықты алдай берсін. Саналы жұмысшы оған былай деп жауап береді: ұлт мәселесінің бір ғана шешімі бар (өйткені капитализм дүниесінде, пайда тауып баю, қырқысу және қанау дүниесінде жалпы оны шешу мүмкін болғандықтан), ал бұл шешім — дәйекті демократизм.

Мұның дәлелі: Батыс Европада ескі мәдениеттің елі — Швейцария, Шығыс Европада жас мәдениеттің елі — Финляндия.

Жұмысшы демократиясының ұлттық программасы мынадай: бірде-бір ұлтқа, бірде-бір тілге тіптен ешқандай артықшылық берілмесін; ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеуі туралы мәселе, яғни олардың мемлекеттік тұрғыдан бөлінуі туралы мәселе барынша ер-

кін, демократиялық жолмен шешілетін болсын; ұлттардың біреуінің қандай да болсын пұрсаттылығын көздейтін, ұлттардың тең праволылығын немесе азшылық ұлттардың праволарын бұзатын шараның қандайын болса да (земстволық, қалалық, қауымдық, т. б., т. с.) заңсыз және күші жоқ деп жариялайтын, сонымен қатар мемлекеттің әрбір азаматы конституцияға қарсы шара ретінде мұндай шараның жойылуын, ал оны жүзеге асыра бастаған адамдарды қылмыскер ретінде жазалауды талап етуге праволы болатын жалпы мемлекеттік заң шығарылсын.

Әр түрлі буржуазиялық партиялардың тіл туралы, т. т. туралы мәселеден туатын ұлттық қырқысуына жұмысшы демократиясы мына талапты: *барлық* жұмысшы ұйымдарында, кәсіптік, кооперативтік, тұтынушылар, ағарту ұйымдарында және басқа да ұйымдарда *барлық* ұлттар жұмысшыларының сөзсіз бірлігі болу және толық қосылу талабын буржуазиялық ұлтшылдық атаулының қандайына болса да қарама-қарсы қояды. Тек осындай бірлік пен қосылу ғана демократияны қорғай алады, қазірдің өзінде-ақ интернационалдық болып отырған және барған сайын интернационалдық болып келе жатқан капиталға қарсы жұмысшылардың мүдделерін қорғай алады, адамзаттың пұрсаттылық пен қанаушылық атаулыға жат жаңа тұрмыс укладына қарай даму мүдделерін қорғай алады.

2. «ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ»

Оқушы көріп отырғанындай, «Северная Правдадағы» мақала ұлт мәселесінде крепостниктер мен полицейлерге қол созып отырған либерал буржуазияның дәйексіздігі мен оппортунизмін бір мысал арқылы, атап айтқанда жалпы мемлекеттік тіл жөніндегі мәселе арқылы түсіндіріп береді. Либерал буржуазияның жалпы мемлекеттік тіл туралы мәселеден басқа бірқатар сол сияқты өзге мәселелер жөнінде де нақ осындай сатқындық, екіжүзділік және топастық (тіпті либерализмнің мүдделері тұрғысынан қарағанда да) жасап отырғандығын әркім түсінеді.

Бұдан шығатын қорытынды не? Қорытынды мынау: *қандай да болсын* либералдық-буржуазиялық ұлтшылдық жұмысшы ортасына орасан зор азғындық әкеледі, бостандық ісіне және пролетарлық тап күресінің ісіне орасан зор зиян келтіреді. Мұның қауіпті бола түсетін себебі: буржуазиялық (және буржуазиялық-крепостниктік) тенденция «ұлттық мәдениет» ұранымен *бүркемеленеді.* Ұлттық мәдениетті — великорустардың, поляктардың, еврейлердің, украиндардың және басқалардың мәдениетін — бетке ұстап қаражүздіктер мен клерикалдар, содан соң *барлық* ұлттардың буржуалары да реакциялық және арамдық істер істеп жүр.

Егер қазіргі ұлт өміріне марксисше, яғни тап күресінің тұрғысынан қарайтын болсақ, егер ұрандарды мағынасыз «жалпы принциптермен», тақпақтармен және бос сөздермен салыстырмай, таптардың мүдделерімен және саясатымен салыстыратын болсақ, қазіргі ұлт өмірінің фактісі осындай.

Ұлттық мәдениет ұраны — буржуазиялық (ал көбінесе қаражүздік-клерикалдық) алдау. Біздің ұранымыз — демократизмнің және бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының интернационалдық мәдениеті.

Осы араға келгенде бундшыл Либман мырза жұлқына ұрысқа шығып, мені мынадай жойқын тирадамен қиратпақ болады:

«Ұлт мәселесімен аз да болса таныстығы бар әрбір адам мынаны біледі: интернационалдық мәдениет иннационалдық* мәдениет (ұлттық формасы жоқ мәдениет) емес; орыстардың да, еврейлердің де, поляктардың да мәдениеті болмай, тек қана таза мәдениет болуға тиісті иннационалдық мәдениет — мағынасыздық; интернационалдық идеялар атап айтқанда жұмысшының сөйлеп жүрген тіліне және оның өмір сүріп отырған нақты ұлттық жағдайларына бейімделген кезде ғана жұмысшы табына жақын бола алады; жұмысшы өзінің ұлттық мәдениетінің жағдайына, дамуына немқұрайды қарауға тиіс емес, өйткені «демократизмнің және бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының интернационалдық мәдениетіне» қатысуға ол сол арқылы, тек сол арқылы ғана мүмкіндік алады. Бұл баяғыдан белгілі, бірақ мұның бәрін В. И. білгісі де келмейді...».

* Интер — аралық; ин — емес; интернационалдық — ұлтаралық, халықаралық; иннационалдық — ұлттық емес, халықтық емес, ұлтсыздық, халықсыздық.

Мен ұсынған маркстік тезисті, тілесеңіз, талқандамақ болған осы кәдуілгі бундтық пайымдауға ой жіберіп көріңізші. Бундист мырза адам айтқысыз менмендікпен, «ұлт мәселесімен таныс» адам сияқтанып, үйреншікті буржуазиялық көзқарастарды «баяғыдан белгілі» ақиқаттар ретінде алдымызға тартып отыр.

Иә, интернационалдық мәдениет ұлтсыз мәдениет емес, құрметті бундшыл. Бұлай деп ешкім де айтқан жоқ. Поляктардың да, еврейлердің де, орыстардың да, басқалардың да «таза» мәдениетін ешкім де жариялаған жоқ, сондықтан сіздің тізбектеген бос сөздеріңіз — сылдыр сөз арқылы оқушының назарын басқа жаққа аударып, істің мәнісін бүркемелеуге тырысу ғана.

Әрбір ұлттық мәдениетте демократиялық және социалистік мәдениеттің, жетілмеген болса да, *элементтері* бар, өйткені *әрбір* ұлтта еңбекші және қаналушы бұқара бар, оның өмір сүру жағдайлары демократиялық және социалистік идеологияны туғызбай қоймайды. Бірақ сонымен қатар *әрбір* ұлтта буржуазиялық (ал көпшілігінде әлі де болса қаражүздік және клерикалдық) мәдениет те бар — қала берді бұл мәдениет «элементтер» түрінде ғана емес, *үстем* мәдениет түрінде болып отыр. Сондықтан жалпы алғанда «ұлттық мәдениет» — помещиктердің, поптардың, буржуазияның мәдениеті. Марксист үшін ап-айқын осы негізгі ақиқатты бундист тасада қалдырып, өзінің тізбектеген сөздерімен «сөйлеп кетті», яғни іс жүзінде таптық терең қайшылықтарды ашып, түсіндірудің *орнына,* оны оқушыға көмескілендіре түсті. *Іс жүзінде* бундист буржуаның сөзін сөйлеп отыр, ал буржуаның бүкіл мүддесі таптан тысқары ұлттық мәдениетке сенушілікті жұртқа таратуды талап етеді.

«Демократизмнің және бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының интернационалдық мәдениеті» деген ұранды алға тарта отырып, біз *әрбір* ұлттық мәдениеттің *ішінен тек* оның демократиялық және оның социалистік элементтерін *ғана* аламыз, оларды алғанда *тек қана* және *сөзсіз* түрде *әрбір* ұлттың буржуазиялық мәдениетіне, буржуазиялық ұлтшылдығына қарама-қарсы

аламыз. Тілдердің тең праволы екендігін немесе «туған» буржуазияға қарсы ана тілінде айтысудың қажеттігін, «туған» шаруалар мен мещандарға антиклерикалдық немесе антибуржуазиялық идеяларды насихаттаудың қажеттігін бірде-бір демократ және әсіресе бірде-бір марксист бекер демейді — бұл туралы айтып жатудың да керегі жоқ, осындай даусыз ақиқаттар арқылы бундист таласты нәрсені, яғни мәселенің шын мәнісін көрсететін нәрсені бүркемелейді.

Мәселе марксистердің, тікелей немесе жанамалап, ұлттық мәдениет ұранын көтеруіне бола ма, немесе бұған *қарсы* барлық тілде, барлық жергілікті және ұлттық ерекшеліктерге «икемделе» отырып — жұмысшылардың *интернационализмі* ұранын уағыздауы міндет пе дегенге келіп тіреледі.

«Ұлттық мәдениет» ұранының маңызы белгілі бір интеллигентсымақтың бұл ұранды «осы арқылы интернационалдық мәдениетті жүзеге асыру мағынасында» «түсіндірмекші» болатын уәдесі немесе ізгі ниеті арқылы анықталмайды. Мәселеге бұлайша қарау балалық субъективизм болар еді. Ұлттық мәдениет ұранының маңызы белгілі бір ел мен дүние жүзіндегі барлық елдердің барлық таптарының объективті арасалмағы арқылы анықталады. Буржуазияның ұлттық мәдениеті — *факт* (қала берді, қайталап айтайын, буржуазия барлық жерде де помещиктермен және поптармен мәмлеге келіп отырады). Қазіргі заманның негізгі фактісі — жұмысшыларды буржуазияның жетегінде жүргізу үшін оларды топастандыратын, ақымақтандыратын, олардың бірлігін бұзатын буржуазияның өршеленген ұлтшылдығы.

Кімде-кім пролетариатқа қызмет еткісі келсе, ол адам «өзінің» де, өзгенің де буржуазиялық ұлтшылдығына қарсы бұлжымастан күресе отырып, барлық ұлттардың жұмысшыларын біріктіруге тиіс. Кімде-кім ұлттық мәдениет ұранын қорғаса — ол адамның орны марксистердің арасында емес, ұлтшыл мещандардың арасында болады.

Нақты мысалды алып қараңыз. Великорус марксисі ұлттық, великорустық мәдениет ұранын қабылдай ала ма? Жоқ. Ондай адамды марксистер арасына емес, ұлт-

шылдар арасына орналастыру керек. Біздің ісіміз — біздегі демократиялық қозғалыс пен жұмысшы қозғалысы тарихында да бар бастауларды тек қана интернационалдық рухта және өзге елдердің жұмысшыларымен тығыз одақтасып дамыта отырып, великоростардың үстем, қаражүздік және буржуазиялық ұлттық мәдениетіне қарсы күресу. Сенің міндетің — ұлттық мәдениет ұранын уағыздау емес, оған жол беру емес, қайта интернационализм жолында өзіміздің великорустық помещиктер мен буржуаға қарсы, олардың «мәдениетіне» қарсы күресу, Пуришкевичтер мен Струвенің ерекшеліктеріне «икемделе» отырып күресу.

Анағұрлым езілген, қуғындалған еврей ұлты туралы да нақ осыны айту керек. Еврейлердің ұлттық мәдениеті дегеніміз — раввиндер мен буржуалардың ұраны, біздің жауларымыздың ұраны. Бірақ еврей мәдениетінде және еврейлердің бүкіл тарихында басқа элементтер де бар. Бүкіл дүние жүзіндегі $10^1/_2$ миллион еврейдің жартысынан сәл көбірегі Галиция мен Россияда — еврейлерді *зорлықпен* каста жағдайында ұстап отырған артта қалған, жартылай тағы елдерде тұрады. Екінші жартысы цивилизациялы дүниеде тұрады, ал онда еврейлердің касталық оқшаулануы жоқ. Онда еврей мәдениетіндегі бүкіл дүние жүзілік-прогрестік ұлы белгілер: оның интернационализмі, заманның озық қозғалыстарына үн қосқыштығы анық байқалады (демократиялық және пролетарлық қозғалыстардағы еврейлердің проценті барлық жерде де жалпы халық ішіндегі еврейлердің процентінен жоғары).

Кімде-кім тікелей немесе жанамалап еврейлердің «ұлттық мәдениеті» ұранын алға қоятын болса, ол адам (өзінің ізгі ниеті қандай болса да) — пролетариаттың жауы, еврейлер ішіндегі *ескіліктің* және *касталықтың* жақтаушысы, раввиндер мен буржуалардың жәрдемшісі. Керісінше, орыс, литван, украин және басқа да жұмысшылармен интернационалдық маркстік ұйымдарға бірігіп, жұмысшы қозғалысының интернационалдық мәдениетін жасау ісіне өз үлесін (орысша да, еврейше де) қосатын марксист-еврейлер, осындай еврейлер — Бундтың сепаратизміне қарамастан — «ұлт-

тық мәдениет» ұранына қарсы күресе отырып, еврейлердің ең жақсы дәстүрлерін жалғастыра береді.

Буржуазиялық ұлтшылдық және пролетарлық интернационализм — міне бүкіл капиталистік дүниенің таптық екі ұлы лагеріне сай келетін және ұлт мәселесіндегі *екі* саясатты (ол ол ма: екі түрлі дүние танымды) көрсететін бір-бірімен ымыраға келместей өш екі ұран осы. Ұлттық мәдениет ұранын жақтай отырып, осыған негізден «мәдени-ұлттық автономия» деп аталатын бүтін бір жоспар мен практикалық программаны жасай отырып, бундшылдар *іс жүзінде* буржуазиялық ұлтшылдықты жұмысшы ортасына таратушы болып отыр.

3. «АССИМИЛЯТОРЛЫҚТЫҢ» ҰЛТШЫЛДЫҚ ҚҰБЫЖЫҒЫ

Ассимиляторлық* туралы мәселе, яғни ұлттық ерекшеліктерден айрылу туралы, басқа ұлтқа ауысу туралы мәселе бундшылдар мен олардың пікірлестерінің ұлтшылдық ауытқуларының зардаптарын айқын көруге мүмкіндік береді.

Либман мырза бундшылдардың әдеттегі дәлелдерін, дәлірек айтқанда, тәсілдерін дұрыс жеткізе айтып және қайталай отырып, белгілі бір мемлекеттің барлық ұлттары жұмысшыларының бірлігі және олардың бірыңғай жұмысшы ұйымдарына бірігуі талабын (жоғарыда «Северная Правдадан» келтірілген мақаланың аяқ жағын қараңыз) — *«ескі ассимиляторлық ертегі»* деп атады.

«Демек,— дейді «Северная Правдағы» мақаланың қорытындысы жөнінде Ф. Либман мырза,— сіз қай ұлтқа жатасыз? деген сұраққа жұмысшы: мен социал-демократпын деп жауап беруге тиіс».

Біздің бундшыл мұны өте-мөте тауып айтылған сөз деп есептейді. Ал шындығына келгенде, дәйекті-демократиялық және *маркстік* ұранға *қарсы бағытталған мұндай* өткір сөздер арқылы және «ассимиляторлық» жөнінде даурығу арқылы ол өзін біржола әшкерелеп отыр.

Дамып келе жатқан капитализм ұлт мәселесінде екі

* Сөзбе-сөз айтқанда — ұқсастыру, бірдей ету.

тарихи тенденцияны біледі. Біріншісі: ұлттық өмір мен ұлттық қозғалыстардың оянуы, ұлттық езгі атаулыға қарсы күресу, ұлттық мемлекеттер құру. Екіншісі: ұлттар арасында алуан түрлі қарым-қатынастардың өркендеуі және жиіленуі, ұлттық қоршаулардың қиратылуы, капиталдың, жалпы экономикалық өмірдің, саясаттың, ғылымның, т. т. интернационалдық бірлігінің жасалуы.

Бұл екі тенденцияның екеуі де — капитализмнің дүние жүзілік заңы. Біріншісі капитализм дамуының бас кезінде басым болады, екіншісі пісіп жетілген, социалистік қоғамға айналып келе жатқан капитализмді сипаттайды. Марксистердің ұлттық программасы осы екі тенденцияның екеуімен де санасады, санасқанда, біріншіден, ұлттардың және тілдердің тең праволылығын, бұл ретте қандай да болсын *артықшылыққа* жол берілмеуін (сонымен қатар ұлттардың өзін өзі билеу правосын, бұл туралы төменде өз алдына айтамыз) жақтайды, ал екіншіден, интернационализм принципін және, мейлінше жымысқы болса да, буржуазиялық ұлтшылдықпен пролетариатты уландыруға қарсы ымырасыз күрес жүргізу принципін жақтайды.

«Ассимиляторлыққа» қарсы безектеп жасағанға жалбарынғанда, біздің бундшыл не нәрсені сөз қылады? деген сұрақ туады. Бұл арада ұлттарға қарсы зорлық туралы, ұлттардың бірінің *пұрсаттылықтары* туралы сөз ете *алған жоқ,* өйткені тегінде «ассимиляторлық» деген сөз бұл араға тура келмейді;— өйткені марксистердің бәрі, жекеленіп те, бірыңғай ресми тұтастық ретінде де, тіптен титтей де болсын ұлттық зорлықты, езгіні, тең правосыздықты мейлінше анық және ашық айыптады;—өйткені, ақырында, бундшыл шабуыл жасаған «Северная Правдадағы» мақалада да осы жалпы маркстік пікір сөзсіз үзілді-кесілді айтылған.

Жоқ. Бұл арада бұлтару мүмкін емес. Либман мырза «ассимиляторлықты» айыптады, оның түсінуінше бұл зорлық *емес,* тең правосыздық *емес,* пұрсаттылық *емес.* Зорлық атаулы мен тең правосыздық атаулыны шығарып тастағанда ассимиляторлық деген ұғымда нақты бірдеңе қала ма?

Сөзсіз қалады. Капитализмнің ұлттық қоршауларды қиратуға, ұлттық өзгешеліктерді жоюға, ұлттарды *ассимиляциялауға* бет алған бүкіл дүние жүзілік-тарихи тенденциясы қалады; бұл тенденция әрбір ондаған жыл өткен сайын қуаттырақ бола түседі, бұл тенденция капитализмді социализмге айналдыратын ең ұлы қозғаушылардың бірі болады.

Кімде-кім ұлттар мен тілдердің тең праволылығын мойындамайтын болса және қорғамайтын болса, ұлттық езгіге немесе тең правосыздық атаулыға қарсы күреспейтін болса, ол адам марксист емес, ол адам тіпті демократ та емес. Бұл күмәнсыз. Ал мұнымен қатар, басқа ұлттың марксисін «ассимиляторлық» жөнінде аузына келгенін айтып балағаттайтын марксиссымақтың өзі іс жүзінде тек *ұлтшыл мещан* ғана болып табылатындығы да күмәнсыз. Бұл сияқты онша қадірлі емес адамдардың қатарына барлық бундшылдар және (мұны қазір көреміз) Л. Юркевич, Донцов мырзалар және К^0 сияқты украин национал-социалдары жатады.

Бұл ұлтшыл мещандар көзқарастарының бүкіл реакцияшылдығын нақты көрсету үшін үш түрлі деректер келтірейік.

Россиялық ортодокс марксистердің «ассимиляторлығына» қарсы жалпы алғанда Россиядағы еврей ұлтшылдары, мұның ішінде әсіресе бундшылдар бәрінен де көбірек шу көтеріп жүр. Оның бер жағында, жоғарыда келтірілген деректерден көрініп отырғанындай, бүкіл дүние жүзіндегі $10^1/_2$ миллион еврейдің *жартысына жуығы цивилизациялы* дүниеде, *неғұрлым көп* «ассимиляцияланатын» жағдайда өмір сүреді, ал Россия мен Галицияның бақытсыз, артта қалған, правосыз, Пуришкевичтер (орыс және поляк Пуришкевичтері) жаныштаған еврейлері ғана *неғұрлым аз* «ассимиляцияланатын» жағдайда, «отырықшылдық белгілеріне», «проценттік нормаларына» және басқа да пуришкевичтік тамашаларына дейін бар неғұрлым көп оқшаулану жағдайында өмір сүреді.

Цивилизациялы елдердегі еврейлер ұлт емес, олар бәрінен де көбірек «ассимиляцияланды»,— дейді К. Каутский мен О. Бауэр. Галиция мен Россиядағы еврейлер

ұлт емес, олар, амал не (және өздерінің кінәсынан *емес,* Пуришкевичтердің кінәсынан), мұнда әлі *каста.* Еврейлердің тарихын сөзсіз білетін және жоғарыда келтірілген фактілермен санасатын адамдардың даусыз пікірі осындай.

Бұл фактілер нені көрсетеді? Мынаны көрсетеді: тарихтың дөңгелегін кері бұрғысы келетін, тарихты Россия мен Галицияның тәртіптерінен Париж бен Нью-Йорктің тәртіптеріне қарай жүргізбей, керісінше жүргізгісі келетін реакцияшыл еврей мещандары ғана «ассимиляторлыққа» қарсы шу көтере алады.

Еврейлердің дүние жүзі тарихында даңққа бөленген таңдаулы адамдары, солардың арасынан шыққан демократия мен социализмнің озық көсемдері еш уақытта да ассимиляторлыққа қарсы шу көтерген емес. Еврейлердің «артқысына» қарап, іш тартып елжіреушілер ғана ассимиляторлыққа қарсы шу көтереді.

Алдыңғы қатарлы капитализмнің қазіргі жағдайларында ұлттардың ассимиляциялану процесінің жалпы қандай көлемде жүріп жатқандығы туралы, мәселен, Солтүстік Америка Құрама Штаттарына эмиграциялану жөніндегі деректерден біршама түсінік алуға болады. Европа оған 10 жыл ішінде, 1891—1900 жылдарда —3,7 миллион адам жіберді, ал тоғыз жыл ішінде, 1901—1909 жылдарда — 7,2 миллион адам жіберді. 1900 жылғы санақ бойынша Құрама Штаттарда 10 миллионнан астам шетелдік адам болған. Дәл осы санақ бойынша 78 мың австриялық, 136 мың ағылшын, 20 мың француз, 480 мың неміс, 37 мың венгер, 425 мың ирландық, 182 мың итальян, 70 мың поляк, Россиядан 166 мың адам (көбінесе еврейлер), 43 мың швед, т. т. болған Нью-Йорк штаты — ұлттық айырмашылықтарды мидай араластырып жіберетін диірменге ұқсайды. Ал Нью-Йоркте ірі, интернационалдық көлемде болып отыратын жағдай сонымен қатар *әрбір* үлкен қала мен фабрикалық поселкеде болып отырады.

Кімде-кім ұлтшылдық соқыр сенімдерге белшесінен батпаған болса, ол адам капитализмнің ұлттарды осылай ассимиляциялау процесінде өте зор тарихи прогресс бар екенін, әр түрлі қараңғы түкпірлердегі — әсіресе

Россия сияқты артта қалған елдердегі — ұлттық тұрпайылықты бұзушылық бар екендігін көрмей тұра алмайды.

Россияны және великоростардың украиндарға көзқарасын алып қарацыз. Әлбетте, тіпті марксист былай тұрсын, әрбір демократ та украиндарды адам айтқысыз қорлаушылыққа қарсы батыл күресіп, олардың толық тең праволы болуын талап ететін болады. Бірақ украин және великорус пролетариатының қазір бір мемлекеттің шеңберінде болып отырған байланысы мен одағын *бәсеңдету* — социализмге тікелей опасыздық жасағандық болар еді және *тіпті* украиндардың буржуазиялық «ұлттық міндеттерінің» тұрғысынан қарағанда да ақымақтық саясат болар еді.

Өзін мен де «марксиспін» (байғұс Маркс-ай!) деп атайтын Лев Юркевич мырза осындай ақымақтық саясаттың үлгісін көрсетіп отыр. 1906 жылы,— деп жазады Юркевич мырза,— Соколовский (Басок) мен Лукашевич (Тучапский): украин пролетариаты мүлде орыстанып болған, сондықтан оған ерекше ұйымның кересі жоқ деген-ді. *Мәселенің мәнісі жөнінде* бірде-бір факт келтіруге тырыспастан, Юркевич мырза осы үшін әлгі екеуіне киліге тиісіп,— барып тұрған ұждансыз, топас және реакциялық ұлтшылдық рухында — аузынан көбігі ағып долданып: мұның өзі бейне «ұлттық енжарлық», «ұлттан безгендік» дейді, бұл адамдар «украин марксистерін жікке бөлді (!!)», т. с. дейді. Юркевич мырза: қазір бізде, «жұмысшылар арасында украиндық ұлттық сананың өсіп отырғанына» қарамастан жұмысшылардың *азшылығының* «ұлттық санасы бар», ал көпшілігі «әлі де болса россиялық мәдениеттің ықпалында болып отыр» деп сендірмек болады. Сондықтан біздің ісіміз,— деп лепіреді ұлтшыл мещан,— «бұқараның соңынан ермей, оны өз соңымыздан ерту, оларға ұлттық міндеттерді (национальну справу) түсіндіру болып табылады» («Дзвін», 89-бет).

Юркевич мырзаның бұл пайымдауы — бүтіндей буржуазиялық-ұлтшылдық пайымдау. Бірақ тіпті біреулері Украинаның толық тең праволы және автономиялы болуын тілейтін, екіншілері — тәуелсіз украин мемле-

кеті болуын тілейтін буржуазияшыл ұлтшылдардың көзқарасы бойынша да бұл пайымдау сын көтермейді. Украиндардың азаттық талаптарына қарсы болып отырғандар — великорус және поляк помещиктерінің табы, содан соң нақ осы екі ұлттың буржуазиясы. Бұл таптарға қандай қоғамдық күш тойтарыс бере алады? Бұған XX ғасырдың бірінші он жылдығы нақты жауап берді: ондай күш — өз соңынан демократияшыл шаруаларды ертетін тек қана жұмысшы табы. Нағыз демократиялық күшті, өзі жеңіп шыққан күнде ұлттық зорлықты мүмкін етпейтін күшті бөлуге және осы арқылы оны әлсіретуге тырысып, Юркевич мырза жалпы демократияның мүдделеріне ғана емес, сонымен қатар өз отанының, Украинаның, мүдделеріне де опасыздық жасайды. Великорус және украин пролетарлары бірігіп қимыл жасаса, азат Украинаның *болуы мүмкін,* мұндай бірлік болмайынша, азат Украина туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Бірақ марксистер буржуазиялық-ұлттық көзқараспен шектелмейді. Оңтүстіктің, яғни Великороссиядан ондаған және жүздеген мың шаруалар мен жұмысшыларды капиталистік экономияларға, рудниктерге, қалаларға тартып отырған Украинаның негұрлым тез экономикалық даму процесінің әбден қалыптасқанына ондаған жылдар болды. Великорус және украин пролетариатының — осы шеңберлерде — «ассимиляциялану» фактісі күмәнсыз. *Және бұл* фактінің *сөзсіз* прогрестік екендігі айқын. Топас, тұрпайы, отырықшы және тоңмойын-жабайы великоросс немесе украин мужигінің орнына капитализм икемді пролетарды қояды; бұл пролетардың өмір жағдайлары великорустардың да, украиндардың да ерекше ұлттық тар өрістілігін қиратады. Айталық, Великороссия мен Украинаның арасында бір кездерде мемлекеттік шекара орнайды делік,— міне бұл ретте де, Америкада ұлттардың мидай араласып кетуінің прогрестік болғаны сияқты, великорус және украин жұмысшыларының «ассимиляциялануының» да тарихы жағынан прогрестік болатыны күмәнсыз. Украина мен Великороссия неғұрлым азат болса, капитализмнің дамуы соғұрлым *кең және тез* болмақ, бұлай болғанда

капитализм мемлекеттің барлық облыстарынан *барлық* ұлттардың жұмысшыларын және барлық көршілес мемлекеттерден (егер Россия Украинаға көршілес мемлекет болса) жұмысшы бұқарасын қалаларға, рудниктерге, заводтарға бұрынғыдан да гөрі күштірек тартатын болады.

Лев Юркевич мырза украин ұлттық справасының бір сәттік табысқа жетуіне бола екі ұлт *пролетариатының* қарым-қатынас жасау, бірігу, ассимиляциялану мүдделеріне қолды бір-ақ сілтеп, нағыз буржуа ретінде, тіпті өресіз, өрісі тар, топас буржуа ретінде, яғни мещан ретінде көрініп отыр. Ең алдымен — ұлттық справа, содан кейін — пролетарлық справа, дейді буржуазияшыл ұлтшылдар және олардың соңынан Юркевич, Донцов мырзалар мен осылар сияқты марксиссымақтар. Ең алдымен — пролетарлық справа, дейміз біз, өйткені ол еңбектің ұзақ, түбегейлі мүдделері мен адамзат мүдделерін ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар демократия мүдделерін де қамтамасыз етеді, ал демократия болмайынша автономиялы да, тәуелсіз де Украинаның болуы мүмкін емес.

Ақырында, Юркевич мырзаның ұлтшылдық керемет сөздерге мейлінше бай пайымдауының тағы да мынандай бір жерін көрсете кету керек. Украин жұмысшылары азшылығының ұлттық санасы бар,— дейді ол,— «көпшілігі әлі де болса орыс мәдениетінің ықпалында болып отыр» (більшість перебуває ще під впливом російськоі культури).

Әңгіме пролетариат туралы болып отырғанда, тұтас алғанда украин мәдениетін тұтас алғанда великорус мәдениетіне бұлайша қарсы қою — пролетариаттың мүдделеріне мүлде арсыз опасыздық жасап, буржуазиялық ұлтшылдықты жақтағандық болады.

Қазіргі әрбір ұлттың ішінде екі түрлі ұлт бар — дейміз біз барлық национал-социалдарға. Әрбір ұлттық мәдениетте екі түрлі ұлттық мәдениет бар. Пуришкевичтердің, Гучковтардың және Струвелердің великорустық мәдениеті бар,— ал сонымен бірге Чернышевскийдің, Плехановтың есімдерімен сипатталатын великорустық мәдениет те бар. *Нақ осындай екі* түрлі мәдениет, Гер-

маниядағы, Франциядағы, Англиядағы, еврейлердегі, т. т. сияқты украиндарда да бар. Егер украин жұмысшыларының көпшілігі великорустық мәдениеттің ықпалында болып отырса, онда біз бұл арада великорустық поптық және буржуазиялық мәдениеттің идеяларымен қатар великорустық демократия мен социал-демократияның идеялары да әсер етіп отырғанын анық білеміз. Осы екі мәдениеттің біріншісі тәрізді «мәдениетке» қарсы күресе отырып, украин *марксисі* әрдайым екінші мәдениетті баса көрсетеді, сөйтіп өз жұмысшыларына: «великорустың саналы жұмысшысымен қарым-қатынас жасаудың, оның әдебиетімен, оның идеяларымен танысудың қандай да болсын мүмкіндігін барынша күш салып, міндетті түрде кәдеге жарату, пайдалану, баянды ету керек, украин жұмысшы қозғалысының *да,* великорус жұмысшы қозғалысының *да* түбегейлі мүдделері осыны талап етеді» дейді.

Егер украин марксисі великоросс-езушілерді *әбден заңды және табиғи* түрде жек көрушілікке *соншалық* елігіп кетіп, бұл жек көрушіліктің бір түйірін болса да, тек бойды аулақ ұстауды ғана болса да великорус жұмысшыларының пролетарлық мәдениеті мен пролетарлық ісіне аударатын болса, онда мұндай марксист осынысы арқылы буржуазиялық ұлтшылдықтың батпағына түседі. Дәл сондай-ақ, великорус марксисі украиндардың толық тең праволы болу талабын немесе олардың дербес мемлекет құру *правосын* бір минутқа болса да ұмытатын болса, онда ол тек буржуазиялық ұлтшылдықтың ғана емес, қаражүздік ұлтшылдықтың да батпағына түседі.

Великорус және украин жұмысшылары бірге болып және, өздері бір мемлекет ішінде өмір сүріп отырғанда, ұйымдық жағынан мейлінше тығыз бірігіп, бас қосып, пролетарлық қозғалыстың ортақ немесе интернационалдық мәдениетін қорғауы тиіс, насихат тілі туралы және осы насихаттағы таза жергілікті немесе таза ұлттық *ерекшеліктерді* ескеру туралы мәселеге мейлінше төзімді көзқараста болуға тиіс. Марксизмнің сөзсіз талабы осындай. Бір ұлттың жұмысшыларын екінші ұлттың жұмысшыларынан бөлу жөніндегі уағыздың қандайы

болса да, маркстік «ассимиляторлыққа» шабуыл жасаудың қандайы болса да, пролетариатқа қатысы бар мәселелерде тұтас алғанда бір ұлттық мәдениетті екінші бір тұтассымақ ұлттық мәдениетке қарсы қоюдың, т. с. қандайы болса да — *буржуазиялық* ұлтшылдық, бұған қарсы міндетті түрде аяусыз күрес жүргізу керек.

4. «МӘДЕНИ-ҰЛТТЫҚ АВТОНОМИЯ»

«Ұлттық мәдениет» ұраны туралы мәселенің марксистер үшін орасан зор маңызы бар, мұның себебі —бұл ұранның ұлт мәселесі жөніндегі бүкіл насихатымыз бен үгітіміздің идеялық мазмұнын буржуазиялық насихаттан өзгеше белгілейтіндігінен ғапа емес,— сонымен қатар атышулы мәдени-ұлттық автономияның бүкіл программасы да осы ұранға негізделген.

Бұл программаның негізгі, принципті күнәсы: ол ең жымысқы және ең нағыз, ақырына дейін жеткізілген, ұлтшылдықты жүзеге асыруға тырысады. Бұл программаның мәні мынадай: әрбір азамат белгілі бір ұлтқа жазылады, ал әрбір ұлт бір юридикалық бүтінді құрайды, оның өз мүшелеріне еріксіз салық салуға правосы болады, ұлттық парламенттері (сеймдері), ұлттық «статс-секретарьлары» (министрлері) болады.

Ұлт мәселесіне қолданғанда мұндай идея капитализмге қолданғандағы Прудонның идеясына ұқсайды. Капитализмді және оның негізі — товар өндірісін жоймау керек, қайта бұл негізді қиянаттардан, бітеу жаралардан, т. с. *тазарту керек;* айырбасты және айырбас құнын жоймау керек, қайта, керісінше, оны «заңдандыру» керек, оны жалпыға бірдей, абсолюттік, *«әділетті»* ету керек, ауытқуларға, дағдарыстарға, қиянаттарға ұшырамайтын ету керек — Прудонның идеясы міне осы.

Прудон қаншалықты ұсақ буржуазияшыл болса, айырбас пен товар өндірісін оның теориясы қаншалықты абсолюттік етіп, жасағанның кереметі деп дәріптейтін болса, буржуазиялық ұлтшылдықты абсолюттік етіп, жасағанның кереметі деп дәріптейтін, оны зор-

лық-зомбылықтан, әділетсіздіктен, т. т. тазартатын «мәдени-ұлттық автономияның» теориясы мен программасы да соншалықты ұсақ буржуазиялық.

Ұлтшылдық ең «әділетті», «тап-таза», нәзік және цивилизациялы болса да, марксизм ұлтшылдықпен ымыраға келмейді. Марксизм ұлтшылдық атаулының орнына — интернационализмді, барлық ұлттардың ең жоғары бірлік орнатып қосылуын ұсынады, ал мұндай бірлік темір жолдың әрбір шақырымы сайын, әрбір халықаралық трест сайын, әрбір (өзінің экономикалық қызметі жағынан, ал одан соң өзінің идеялары, өзінің талаптары жағынан да халықаралық) жұмысшы одағы сайын көз алдымызда өсіп келеді.

Буржуазиялық қоғамда ұлттық принцип — тарихи жағынан болмай қоймайтын принцип, сондықтан, осы қоғаммен есептесе отырып, марксист ұлттық қозғалыстардың тарихи заңдылығын толық мойындайды. Бірақ бұл мойындау ұлтшылдықты мадақтаушылыққа айналып кетпеуі үшін, мұндай мойындау қатаң түрде осы қозғалыстардағы прогрестік істермен ғана шектелуі керек, мұндай мойындау пролетариаттың санасын буржуазиялық идеологиямен көмескілеушілікке апарып соқпайтын болуы керек.

Бұқараның феодалдық ұйқыдан оянуы, оның ұлттық езгінің қандайына болса да қарсы күресуі, халықтың суверенді, ұлттың суверенді болуы үшін күресуі прогрестік іс. Ұлт мәселесінің барлық саласы жөнінде мейлінше батыл, мейлінше дәйекті демократизмді қорғау марксист үшін *сөзсіз* міндет екені осыдан. Мұның өзі — негізінен, тиімсіз міндет. Ал пролетариат бұл міндеттен әрі барып ұлтшылдықты қолдай алмайды, өйткені одан әрі ұлтшылдықты *нығайтуға* тырысатын *буржуазияның* «позитивтік» (тиімді) қызметі басталады.

Феодалдық езгі атаулыны, ұлттарды езушілік атаулыны, ұлттардың бірінің немесе тілдердің бірінің қандай да болсын артықшылығын жою — демократиялық күш болып табылатын пролетариаттың сөзсіз міндеті, пролетарлық тап күресінің сөзсіз мүддесі, бұл күрес ұлттық қырқысу арқылы көмескіленіп, бөгеліп отыр. Бірақ қатаң шектелген, белгілі тарихи шеңберге қойыл-

ған осы мөлшерден *әрі асып* буржуазиялық ұлтшылдыққа көмектесу — пролетариатқа опасыздық істеу, буржуазияның жағына шығып кету деген сөз. Бұл арада шек бар, ол көбінесе өте нәзік, ол туралы бунд және украин национал-социалдары мүлде ұмытып жүр.

Ұлттық езгінің қандайына болса да қарсы сөзсіз күресу керек. Ұлттық даму атаулыны *жақтап,* жалпы «ұлттық мәдениет» атаулыны *жақтап* сөзсіз күресу керек емес. Капиталистік қоғамның экономикалық дамуы бізге бүкіл дүние жүзінде дамып жетілмеген ұлттық қозғалыстардың мысалдарын, ірі ұлттардың бірсыпыра ұсақ ұлттардан немесе кейбір ұсақ ұлттарға зиянын тигізіп құрылуы мысалдарын, ұлттардың ассимиляциялануы мысалдарын көрсетіп отыр. Буржуазиялық ұлтшылдық принципі — жалпы ұлттың дамуы, буржуазиялық ұлтшылдықтың ерекшелігі осыдан келіп шығады, шарасыз ұлттық қырқысу осыдан келіп шығады. Ал пролетариат әрбір ұлттың ұлттық дамуын қорғауды қолға алмайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше, бұқараны мұндай жалған үміттерден сақтандырып отырады, капиталистік айналымның мейлінше толық еркіндігін қорғайды, зорлық-зомбылықпен болған немесе пұрсаттылыққа негізделген ассимиляциядан басқа ұлттардың ассимиляциялануы атаулының бәрін құттықтайды.

Ұлтшылдықты белгілі, «әділеттік бойынша» шектелген салада баянды ету, ұлтшылдықты «заңдандыру», ерекше мемлекеттік мекеме арқылы барлық ұлттарды арасына берік және мықты шек қойып бөлу — мәдени-ұлттық автономияның идеялық негізі мен мазмұны міне осындай. Бұл пікір — шылғи буржуазиялық және шылғи жалған пікір. Ұлтшылдықты баянды етушіліктің ешқайсысын пролетариат қолдай алмайды,— керісінше, ол ұлттық айырмашылықтарды жоюға, ұлттық қоршауларды бұзуға көмектесетін нәрсенің бәрін қолдайды, ұлттардың арасындағы байланыстарды барған сайын берік ететін нәрсенің бәрін, ұлттардың қосылуына қарай бастайтын нәрсенің бәрін қолдайды. Бұдан басқаша істеу — реакциялық ұлтшыл мещандықтың жағына шығып кету деген сөз.

Австрия социал-демократтары оздерінің Брюннде болған (1899 ж.) съезінде[55] мәдени-ұлттық автономияның жобасын талқылағанда, бұл жобаға теория жағынан баға беруге мүлде дерлік көңіл бөлінбеді. Бірақ бұл программаға қарсы мынадай екі дәлел айтылғанын атап көрсету сабақ боларлық нәрсе: 1) бұл программа клерикализмді күшейтуге қарай бастар еді; 2) «шовинизмді мәңгілік ету, оны әрбір шағын қауымға, әрбір шағын топқа енгізу сол программаның нәтижесі болар еді» (Брюнн съезінің неміс тіліндегі ресми протоколдарының 92-беті. Еврейлердің ұлтшыл партиясы «Серп»[56] басып шығарған орысша аудармасы бар).

Бұл сөздің дағдылы мағынасында алғанда, «ұлттық мәдениет», яғни мектептер, т. т. қазіргі уақытта дүние жүзінің барлық елдерінде көбінесе клерикалдар мен буржуазияшыл шовинистердің ықпалында болып отырғандығында күмән жоқ. Бундшылдар «мәдени-ұлттық» автономияны қорғап, ұлттарды заңдандыру олардың өз ішіндегі тап күресін жат пікірлердің қандайынан болса да *таза* етеді деуі — барып тұрған адам күлерлік софистика. Капиталистік қоғамның қайсысында болса да елеулі тап күресі ең алдымен экономикалық және саяси салада жүргізіледі. *Будан* мектеп саласын бөліп алу, біріншіден, ақылға сыймайтын утопия, өйткені мектепті (жалпы «ұлттық мәдениетті» де) экономика мен саясаттан бөліп әкетуге болмайды, ал, екіншіден, капиталистік елдің нақ экономикалық және саяси өмірі қадам басқан сайын ақылға сыйымсыз және ескірген ұлттық қоршаулар мен соқыр сенімдерді бұзуға *мәжбүр етеді,* ал мектеп ісін және тағы сондай істерді бөліп алу «таза» клерикализм мен «таза» буржуазиялық шовинизмді тұмшалап сақтар еді, шиеленістірген болар еді, күшейткен болар еді.

Акционерлік қоғамдарда әр түрлі ұлттардың капиталистері бір-бірімен әбден бас қосып, бірге отыр. Фабрикада әр түрлі ұлттардың жұмысшылары бірге жұмыс істейді. Нағыз елеулі, терең саяси мәселенің қандайында болса да топтасу ұлттар бойынша емес, таптар бойынша болып отыр. Мектеп ісін және тағы сондай істерді «мемлекеттің қарамағынан шығарып алып», оны

ұлттарға беру — ұлттарды біріктіріп отыратын экономикадан қоғамдық өмірдің, былайша айтқанда, анағұрлым идеологиялық саласын тура *бөліп әкетуге* әрекеттенгендік болады; бұл салада «таза» ұлттық мәдениет немесе клерикализм мен шовинизмді ұлттарға тарату бәрінен де оңайырақ болады.

«Экстерриториялық» (жерден тыс, белгілі бір ұлттың тұратын жеріне байланысты емес) немесе «мәдени-ұлттық» автономия жоспары практикада жүзеге асқанда тек қана былай болып шығады: *мектеп ісін ұлттар бойынша бөлу,* яғни мектеп ісінде ұлт курияларын енгізу болып шығады. Пролетариаттың социализм жолындағы таптық күресі тұрғысын айтпағанның өзінде, тіпті демократия тұрғысынан қарағанда да атақты бундтық жоспардың бүкіл реакцияшылдығын түсіну үшін оның осы *шын* мәнін айқын ұғынудың өзі жеткілікті.

Мектеп ісін «ұлт-ұлтқа бөлудің» тек бір ғана мысалы, тек бір ғана жобасы бұл жерде істің мәні неде екенін әбден айқын көрсетеді. Солтүстік Америка Құрама Штаттарында осы уақытқа дейін өмірдің барлық саласында штаттар солтүстік және оңтүстік болып екіге бөлінеді; біріншілерінде — бостандық дәстүрлері және құл иеленушілерге қарсы күресу дәстүрлері басым, екіншілерінде — құл иелену дәстүрлері басым, негрлерді қудалаушылықтың қалдықтары бар, негрлер экономика жағынан жаншылған, мәдениет жағынан кемсітілген (сауатсыздар негрлер арасында 44%, ақ нәсілділер арасында 6%), т. т. Сонымен, солтүстік штаттарда негрлер ақ нәсілділермен бірге, бір мектепте оқиды. Ал оңтүстікте негрлерге арналған ерекше — «ұлттық» немесе нәсілдік деп атасаңыз да бәрібір — мектептер бар. Мұның өзі, сірә, мектепті іс жүзінде «ұлт-ұлтқа бөлудің» бірден-бір мысалы болса керек.

Европаның шығысында бір ел бар; онда күні бүгінге дейін Бейлистің ісі сияқты істер болуы мүмкін, онда Пуришкевич мырзалар еврейлерді негрлердің жағдайынан да нашар жағдайға душар етіп отыр. Бұл елде жақын арада министрлікте *еврей мектебін бөлектеу* жобасы пайда болды. Бір жақсысы, бұл реакциялық утопияның орындала қоюы екіталай, өйткені дәйекті

демократияны жүзеге асырудан, ұлттық қырқысуларды тоқтатудан күдер үзіп, ұлттардың мектептерді *бөлуге бола* қырқыспауы үшін... бірақ бір «ұлттық мәдениеттің» екінші «ұлттық мәдениетке» қарсы *мәңгі-бақи* қырқысуын «заңдандырып», мектеп ісі жөнінде ұлттар үшін *құндақтар* ойлап шығарған австриялық ұсақ буржуалардың утопиясы да осылай іске аспай қалған-ды.

Австрияда мәдени-ұлттық автономия көбінесе әдебистшілердің ойдан шығарған нәрсесі болып қала берді, бұған Австрия социал-демократтарының өздері де пәлендей көңіл бөлген жоқ. Оның есесіне Россияда мәдени-ұлттық автономияны еврейлердің барлық буржуазиялық партиялары және әр түрлі ұлттардың бірнеше мещандық, оппортунистік элементтері — мәселен, бундшылдар, Кавказдағы жойымпаздар, солшыл халықшылдық бағыттағы россиялық ұлттық партиялардың конференциясы программа етіп қабылдады. (Бұл конференция — жақша ішінде айта кетелік — 1907 жылы болды және оның шешімі қабылданғанда, орыс социалист революционерлері мен поляк социал-патриоттары, *P. P. S.*[57], *қалыс қалды.* Қалыс қалу — эсерлер мен п.-п.-с-тердің ұлттық программа жөніндегі аса маңызды принципті мәселеге көзқарасының өзгеше бір таңданарлықтай тәсілі!)

Австрияда «мәдени-ұлттық автономияның» ең басты теоретигі нақ Отто Бауэр бұл программаны еврейлер жөнінде қолдануға ұсынудың мүмкін еместігін дәлелдеуге өз кітабының әдейі бір тарауын арнады. Россияда, нақ еврейлер ішінде, барлық буржуазиялық партиялар — және олардың құйыршығы Бунд — осы программаны қабылдады*. Мұның мәнісі не? Мұның

* Еврейлердің *барлық* буржуазиялық партияларының «мәдени-ұлттық автономияны» қабылдау фактісін бундшылдардың екінің бірінде әдеттен тыс жанталасып теріске шығаратыны түсінікті. Бұл факт Бундтың шын ролін өте-мөте ашып көрсетеді. Бундшылдардың бірі, Манин мырза «Лучта», өзінің теріске шығаруын қайталамақ болғанында, оны Н. Скоп. әбден әшкереледі (қараңыз: «Просвещение» № 3). Бірақ Лев Юркевич мырза «Дзвінде» (1913, № 7—8, 92-бет) «Просвещениеден» (№ 3, 78-бет) Н. Ск.-ның: «Бундистер — еврейлердің барлық буржуазиялық партияларымен және топтарымен бірге — мәдени-ұлттық автономияны көптен бері қорғап келеді» деген сөзін цитатқа келтіріп, бұдан «бундистер» деген сөзді *шығарып тастап,* «мәдени-ұлттық автономияны» деген сөздердің орнына: «ұлттық праволарды» деген сөздерді қойып, бұл цитатты *бұрмалап* отырғанда,

мәнісі орыс бернштейншілдері (Струве, Туган-Барановский Бердяев және К⁰) марксизмнен либерализмге қарай өздерінің тез эволюция жасауы арқылы неміс бернштейншілдігінің шын идеялық мазмұнын қалай әшкерелеген болса, Бауэрдің ойдан шығарған нәрсесінің ақылға сыймайтындығын тарихтың өзі басқа бір мемлекеттің саяси тәжірибесі арқылы дәл солай әшкереледі.

Австрияның да, Россияның да социал-демократтары «мәдени-ұлттық» автономияны өз программасына қабылдамады. Бірақ, буржуазиялық ұлтшылдық идеяларын жымысқылап әкеліп жұмысшылардың арасына енгізу үшін, ең артта қалған елдегі еврейлердің буржуазиялық партиялары және бірсыпыра мещандық социалистіксымақ топтар оны қабылдады. Бұл факт өзінен-өзі түсінікті.

Ұлт мәселесі жөніндегі австриялық программаға тоқталуымызға тура келгеннен кейін, бундшылдар жиі-жиі бұрмалап жүрген ақиқатты қалпына келтірмей болмайды. Брюнн съезінде «мәдени-ұлттық автономияның» *таза* программасы қойылған *болатын.* Бұл — оңтүстік-славян социал-демократиясының программасы, оның 2-параграфында былай делінген: «Австрияда тұратын әрбір халық, оның мүшелері мекендеп отырған территорияға қатыссыз, автономиялы топ болып құрылады, бұл топ өзінің барлық ұлттық (тіл және мәдениет) істерін мейлінше дербес жүргізеді». Бұл программаны тек Кристан ғана емес, сонымен бірге беделді Элленбоген де қорғады. Бірақ бұл программа алынып тасталды, оны жақтаған бірде-бір дауыс болған жоқ. *Территориялистік* программа, яғни «ұлттың мүшелері мекендеп отырған территорияға қатыссыз» *ешбір* ұлттық топтар құрмайтын программа қабылданды.

Қабылданған программаның 3-параграфында былай делінген: «Белгілі бір ұлттың ішіндегі өзін өзі басқара-

---

бұған тек қана қайран қалуға болады!! Лев Юркевич мырза — тек ұлтшыл ғана емес, социал-демократтардың тарихы мен олардың программасына келгенде тек масқара надан ғана емес, сонымен қатар Бундтың пайдасына бола *цитаттарды тікелей бұрмалаушы.* Бундтың және Юркевич мырзалардың халдері мүшкіл-ақ!

тын *облыстар* бірігіп, ұлттық-бірыңғай одақ құрады, бұл одақ өзінің ұлттық істерін толық автономиялы түрде шешеді» (салыстырыңыз: «Просвещение», 1913 ж., № 4, 28-бет[58]). Бұл ымыраға келу программасының да қате екені айқын. Мысал арқылы түсіндірейік. Саратов губерниясындағы колонистердің неміс қауымы, Ригадағы немесе Лодзьдегі жұмысшылардың неміс қонысы және Питер түбіндегі неміс поселкесі, т. т. қосылып, Россиядағы немістердің «ұлттық-бірыңғай одағын» құрады. Социал-демократтардың мұндайды *талап ете алмайтыны,* мұндай одақты *бекіте* алмайтыны анық, бірақ олар, әлбетте, одақ атаулының, соның ішінде белгілі бір мемлекет ішіндегі кез келген ұлттың кез келген қауымдары одағының *еркіндігін* әсте теріске шығармайды. Ал мемлекет заңы бойынша немістерді, т. с. Россияның әр түрлі жерлері мен таптарынан бөліп алып, бірыңғай неміс-ұлттық одағын құру ісімен поптар, буржуалар, мещандар, кім болса сол шұғылдана алар — бірақ социал-демократтар мұнымен шұғылдана алмайды.

5. ҰЛТТАРДЫҢ ТЕҢ ПРАВОЛЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АЗ ҰЛТТЫҢ ПРАВОЛАРЫ

Россия оппортунистерінің ұлт мәселесін талқылаудағы ең бір көп таралған тәсілі — Австрияның мысалын тілге тиек ету. «Северная Правдадағы» өзімнің мақаламда* («Просвещение», № 10, 96—98-беттер), оппортунистер (Семковский мырза «Новая Рабочая Газетада», Либман мырза «Цайтта») шабуыл жасаған мақаламда, мен былай дегенмін: ұлт мәселесінің бір ғана шешімі бар, егер капитализм дүниесінде жалпы оны шешу мүмкін болса, бұл шешім — дәйекті демократизм. Бұған дәлел ретінде мен, айта кетейін, Швейцарияны мысалға алғанмын.

Бұл мысал жоғарыда аталған оппортунистердің екеуіне де ұнамайды, олар бұл мысалды теріске шығаруға немесе оның маңызын төмендетуге тырысады. Каутский, көрдіңіз бе, былай депті: Швейцария — ерекше

* Қараңыз: осы том, 130—133-беттер. *Ред.*

ел; Швейцарияда орталықтанбаушылық мүлдем ерекше, тарихы ерекше, географиялық жағдайлары ерекше, тілі бөтен халықтардың орналасуы өте-мөте айрықша, т. т. және т. с.

Мұның бәрі — таластың мәнінен *бұлтаруға* тырысудан басқа еш нәрсе де емес. Әрине, тұтас ұлттық мемлекет емес деген мағынада Швейцария — ерекше ел. Бірақ дәл мұндай ерекшелік (немесе артта қалғандық,— деп қосады Каутский) Австрия мен Россияда да бар. Әрине, Швейцарияда ерекше, айрықша, тарихи және тұрмыстық жағдайлар ғана онымен көршілес европалық елдердің көпшілігіндегіден гөрі *көбірек* демократизм болуын қамтамасыз етті.

Бірақ әңгіме тек пайдалануға керек болатын *үлгі* туралы болып отырғанда, мұның бәрінің не қатысы бар? Қазіргі жағдайларда белгілі бір мекемесі *дәйекті* демократиялық негізде құрылған елдер бүкіл дүние жүзінде ерекше ел болып табылады. Мұның өзі барлық мекемелерде дәйекті демократизм болуын өз програм-мамызда қорғауымызға бөгет жасай ма?

Швейцарияның ерекшелігі — оның тарихы, оның географиялық және басқа да жағдайлары. Россияның ерекшелігі — пролетариаттың буржуазиялық революциялар заманында әлі болып көрмеген күштілігі және елдің адам айтқысыз жалпы артта қалғандығы; мұның өзі әр түрлі зияндар мен жеңілістер қаупін ескертіп, мейлінше тез және батыл алға басуды объективті түрде қажет етеді.

Біз ұлттық программаны пролетариаттың көзқарасы тұрғысынан қарап жасаймыз; жақсы нәрсені үлгі етудің орнына жаман нәрсені үлгі ету қай уақыттан бері ұсынылып жүр?

Капитализм тұсында ұлттық татулықтың (оны жүзеге асыру жалпы мүмкін болатындықтан) *тек қана* дәйекті демократизм елдерінде жүзеге асырылғаны қалай болғанда да даусыз және талассыз факт болып қала бермей ме?

Бұл даусыз болса, онда оппортунистердің Швейцарияның орнына Австрияны қасарыса мысалға алуы нағыз кадеттік тәсіл болып қала береді, өйткені кадет-

тер әрдайым европалық конституциялардың ең жақсыларын емес, ең жамандарын көшіріп алады.

Швейцарияда мемлекеттік *үш* тіл бар, бірақ референдум тұсында заң жобалары *бес* тілде басылады, яғни мемлекеттік үш тілмен қатар екі түрлі «роман» диалектісінде басылады. 1900 жылғы санақ бойынша Швейцарияда осы екі диалектіде сөйлейтіндер 3 315 443 тұрғыннан 38 651 адам, яғни *бір проценттен* аз-ақ көп. Армияда офицерлер мен унтер-офицерлерге «солдаттармен олардың ана тілдерінде сөйлесулеріне мейлінше кең бостандық беріледі». Граубюнден және Валлис кантондарында (бұлардың әрқайсысында жүз мыңнан аз-ақ асатын тұрғын бар) осы екі диалектінің екеуі де толық тең праволы*.

Енді мынадай сұрақ туады: біздер алдыңғы қатардағы елдің осы нақты *тәжірибесін* уағыздап, қорғауымыз керек пе, әлде австриялықтардың «экстерриториялық автономия» деген сияқты *ойдан шығарған,* дүние жүзінде әлі еш жерде қолданылып көрмеген (австриялықтардың өздері де әлі қабылдамаған) нәрселерін алып пайдалануымыз керек пе?

Бұл ойдан шығарылған нәрсені уағыздау — мектеп ісін ұлт бойынша бөлуді уағыздау, яғни тура зиянды уағыздау. Ал Швейцарияның тәжірибесі бүкіл мемлекеттің дәйекті (біршама) демократизмі тұсында неғұрлым мол (тағы да біршама) ұлттық татулықтың қамтамасыз етілуінің *практикада мүмкін екенін және жүзеге асырылғанын* көрсетіп отыр.

«Швейцарияда,— дейді бұл мәселені зерттеген адамдар,— шығыс-европалық мағынада алғанда *ұлт мәселесі жоқ*. Мұнда тіпті бұл сөздің өзі (ұлт мәселесі) белгісіз... Швейцария ұлттар күресін тіптен әріде, 1797—1803 жылдарда қалдырды»**.

Мұның мәнісі — феодализмнен капитализмге өтудің кезекті мәселелерін анағұрлым демократиялық жолмен

---

* Қараңыз: *René Henry:* «La Suisse et la question des langues», Bern, 1907 (*Рене Анри:* «Швейцария және тілдер туралы мәселе», Берн, 1907, *Ред.*).

** Қараңыз: *Ed. Blocher:* «Die Nationalitäten in der Schweiz», Brl., 1910 (*Эд. Блохер:* «Швейцариядағы ұлттар», Берлин, 1910, *Ред.*).

шешін берген ұлы француз революциясының заманы, былайша айтқанда, жол-жөнекей ұлт мәселесін де *«шеше» білді* деген сөз.

Міне, енді Семковский, Либман мырзалар және басқа оппортунистер: бұл «тек қана швейцариялық» шешім Россияның кез келген уезінде немесе тіпті уезінің бір бөлегінде — тек 200 000 тұрғынға ғана өз өлкесінде тіл жөнінде *толық тең правомен* пайдаланғысы келетін қырық мың азамат сөйлейтін *екі диалект* бар жерінде — *қолдануға келмейді* деп айтып көрсін!

Ұлттардың және тілдердің толық тең праволы болуын уағыздау әрбір ұлттың ішінде тек қана дәйекті демократиялық элементтерді (яғни тек қана пролетарларды) іріктеп шығарады, оларды ұлтына қарай емес, мемлекеттің жалпы құрылысын түбегейлі және елеулі түрде жақсартуға ұмтылуына қарай *біріктіреді.* Мұның керісінше, «мәдени-ұлттық автономияны» уағыздау, жеке адамдар мен топтардың ізгі ниеттеріне қарамастан, *ұлттарды бөлектейді* және іс жүзінде бір ұлттың жұмысшыларын *сол ұлттың* буржуазиясымен жақындастырады (еврейлердің барлық буржуазиялық партияларының осы «мәдени-ұлттық автономияны» қабылдауы).

Аз ұлттың праволарын қамтамасыз ету толық тең праволы болу принципімен тығыз байланысты. Менің «Северная Правдадағы» мақаламда бұл принцип марксистер кеңесінің бертініректегі, ресми және негұрлым дәл шешіміндегідей дерлік болып баяндалған. Бұл шешім «ұлттардың бірінің ешқандай да пұрсаттылығы болуын және аз ұлттың праволарын қандай да болсын бұзуды заңсыз деп жариялайтын негізгі заңды конституцияға енгізуді» талап етеді.

Либман мырза бұл тұжырымды мазақ етпекші болады да, мынадай сұрақтар қояды: «Аз ұлт праволарының мәнісі не екенін қайдан білеміз?» Айталық, ұлттық мектептерде «өз программасының» болу правосы бұл праволардың қатарына, сірә, жата ма екен? Өз судьялары, чиновниктері, ана тіліндегі мектептері болуға праволы болу үшін аз ұлттың мөлшері қандай болуға тиіс? Либман мырза бұл сұрақтардан *«тиімді»*

ұлттық программаның қажеттігін шығармақшы болады.

Асылында біздің бундист талас ұсақ-түйектер мен жеке нәрселер туралы болып отыр дегенсіп, қандай реакциялық нәрселерді жіңішкелеп өткізіп отырғанын осы сұрақтар айқын көрсетеді.

Өзінің ұлттық мектебінде «өз программасы» болу!.. Құрметті национал-социал, марксистердің *жалпыға ортақ* мектеп программасы бар, бұл программа, мәселен, сөзсіз азаматтық мектеп болуын талап етеді. Марксистердің көзқарасы тұрғысынан алғанда демократиялық мемлекеттің ішінде бұл жалпыға ортақ программадан еш жерде және еш уақытта *шегінуге* болмайды (ал оны белгілі бір «жергілікті» пәндермен, тілдермен және басқалармен толықтыруды жергілікті халықтың өзі шешеді). Ал мектеп ісін «мемлекеттің қарамағынан шығарып алып», оны ұлттарға беру принципінен мынадай қорытынды шығады: біздер, жұмысшылар, өзіміздің, демократиялық, мемлекетімізде халық ақшасын «ұлттардың» клерикалдық мектепке жұмсауына жол беретін боламыз! Либман мырза мұнысын өзі де байқамай «мәдени-ұлттық автономияның» реакциялылығын ап-айқын түсіндіріп берді!

«Аз ұлттың мөлшері қандай болуға тиіс?» Мұны тіпті бундшылдар жақсы көретін австриялық программа да белгілемейді: ол программада былай делінген (біздікінен де әрі қысқа, әрі көмескі):—«Аз ұлттардың правосы ерекше заң бойынша қорғалады, бұл заңды империялық парламент шығаруға тиіс» (Брюнн программасының 4-параграфы).

Ал сонда: бұл заң нақ қандай заң? Бұл заң нақ қай азшылыққа және нақ қандай праволарды қамтамасыз етуге тиіс? деген сұрақ қойып, Австрия социал-демократтарына ешкімнің тиіспеу себебі не?

Мұның себебі — программада жеке нәрселерді анықтап айтып жатудың орынсыздығы мен мүмкін еместігін парасатты адамдардың бәрі түсінеді. Программа тек негізгі принциптерді ғана белгілейді. Бұл арада негізгі принцип австриялықтарда белгілі болып отыр және марксистердің Россиядағы соңғы кеңесінің шешімінде

тура айтылған. Бұл принцип: ешбір ұлт пұрсаттығына және ешбір ұлттың тең правосыздығына жол бермеу.

Мәселені бундшылға түсіндіру үшін нақты мысал алайық. С.-Петербург қаласында, 1911 жылғы 18 январьдағы мектеп санағының деректері бойынша, халық «ағарту» министрлігінің бастауыш мектептерінде 48 076 оқушы болған. Олардың ішінде еврейлері 396 болған, яғни бір проценттен азырақ. Бұдан соң, оқушылардың арасында — 2 румын, 1 грузин, 3 армян болған, т. т.[59]. Қатынастар мен жағдайлардың осы әр түрлілігін қамтитын «тиімді» ұлттық программа жасауға бола ма? (Ал Питер, әлбетте, Россиядағы ең бір «қырық ру» ұлттық қала емес). Сірә, бундшылдар сияқты ұлт мәселесінің «нәзік жерлерін» білетін мамандардың өздері де мұндай программаны жасай алмайтын шығар.

Оның бер жағында, мемлекеттің конституциясында азшылықтың праволарын бұзатын әрбір шараның заңсыздығы туралы негізгі заң болса,— онда, мәселен, қазынаның есебінен еврей тілінің, еврей тарихының, т. с. ерекше мұғалімдерін жалдатқызбайтын немесе еврей, армян, румын балаларына, тіпті бір грузин баласына да лекция оқу үшін қазыналық үй бергізбейтін жарлықты бұзуды қай азамат болса да талап ете алар еді. Қалай болғанда да тең праволылық негізінде аз ұлттардың барлық ақылға сыйымды және әділетті тілектерін қанағаттандыру үшін мүмкін болмайтын еш нәрсе жоқ, сондықтан тең праволылықты насихаттау зиянды деп ешкім айта алмайды. Керісінше, мектеп ісін ұлттар бойынша бөлуді насихаттау, мәселен, Питерде еврей балаларына арналған ерекше еврей мектебі болсын деп насихат жүргізу сөзсіз зиянды болар еді, ал *қандай да болсын* аз ұлттар үшін, 1, 2, 3 бала үшін де ұлт мектептерін құру ешбір мүмкін емес.

Содан соң, ерекше мектеп ашуға немесе қосымша пәндер бойынша ерекше мұғалімдер ұстауға, т. с. праволары болу үшін аз ұлттың мөлшері қандай болуға тиіс екенін ешбір жалпы мемлекеттік заңда белгілеу мүмкін емес.

Керісінше, тең праволылық туралы жалпы мемлекеттік заңды облыстық сеймдердің, қалалардың, земство-

лардың, қауымдардың, т. т. арнаулы заңдарында, қаулыларында толық талдап әзірлеуге, дамытуға әбден болады.

6. ОРТАЛЫҚТАНУ ЖӘНЕ АВТОНОМИЯ

Либман мырза өзінің қарсы пікірінде былай деп жазады:

> «Біздегі Литваны, Балтық өлкесін, Польшаны, Волыньді, Россияның оңтүстігін, т. с. алып қараңыздар,— барлық жерде сіздер *аралас* халықты көресіздер; аз ұлты көп болмаған бірде-бір қала жоқ. Бөлшектенуді қаншалықты ұзақ жүргізгенмен, әр түрлі жерлерде (ең алдымен қалалық қауымдарда) әр алуан ұлттардың бірігіп отырғанын көресіздер, ал атап айтқанда демократизм аз ұлтты көп ұлттың қолына береді. Бірақ, жұртқа мәлім, Швейцария одағында орын алып отырған федерациялық мемлекеттік құрылысқа және шексіз бөлшектену ісіне В. И. жат көзбен қарайды. Ол не үшін Швейцарияны мысалға келтірді екен? деген сұрақ туады».

Менің не үшін Швейцарияны мысалға келтіргенім жайында жоғарыда түсінік берілді. Сондай-ақ аз ұлттың праволарын қорғау проблемасы тең праволылық принципінен айнымайтын дәйекті-демократиялық мемлекетте жалпы мемлекеттік заң шығару жолымен *ғана* шешілетіні де түсіндірілген болатын. Бірақ келтірілген цитатта Либман мырза әдетте маркстік ұлттық программаға қарсы айтылатын, сондықтан да талдап өтуге тұратын ең көп таралған (және ең теріс) қарсы пікірлердің (немесе скептиктік ескертпелердің) бірін тағы да қайталап отыр.

Әлбетте, марксистер федерация мен бөлшектенуге жат көзбен қарайды, мұның себебі мынадан: капитализм өзінің дамуы үшін мүмкіндігінше неғұрлым ірі және мүмкіндігінше неғұрлым орталықтанған мемлекеттердің болуын талап етеді. *Басқа жағдайлардың бәрі тең болған реттерде,* саналы пролетариат әрқашан неғұрлым ірі мемлекет болуын жақтайды. Ол әрқашан орта ғасырлық партикуляризмге қарсы күрес жүргізеді, әрқашан ірі территориялардың экономика жағынан неғұрлым тығыз топтасуын құттықтайды, өйткені мұн-

дай территорияларда пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі кеңінен өрістей алар еді.

Капитализмнің өндіргіш күштерді кеңінен және тез дамытуы мемлекеттік жағынан топтасып, біріккен үлкен территориялардың болуын *талап етеді,* тек осындай территорияларда ғана буржуазия табы,— ал онымен бірге оның болмай қоймайтын антиподы — пролетарлар табы — барлық ескі, орта ғасырлық, сословиелік, өрісі тар жергілікті, ұсақ ұлттық, діни және басқа да қоршауларды жоя отырып топтаса алады.

Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы, яғни бөлініп шығып, дербес ұлттық мемлекет құру правосы туралы біз өз алдына айтатын боламыз*. Бірақ, әзірге және әр түрлі ұлттар бірыңғай мемлекет болып отырғандықтан, марксистер федерациялық принципті де, бөлшектенуді де ешбір уағыздамайды. Орталықтанған ірі мемлекет орта ғасырлық бытыраңқылықтан бүкіл дүние жүзінің болашақ социалистік бірлігіне қарай зор тарихи қадам басқандық болады, ал социализмге апаратын жол тек осындай (капитализммен *тығыз* байланысты) мемлекет *арқылы* ғана болмақ, басқаша болуы мүмкін емес.

Бірақ централизмді жақтағанда, біздің тек *демократиялық* централизмді ғана жақтайтынымызды ұмыту лайықсыз іс болар еді. Бұл ретте жалпы мещандық атаулылардың және ұлтшыл мещандықтың (соның ішінде Драгоманов марқұмның да) мәселені шатастырып жібергені соншалық, тіпті оны анықтап алуға қайта-қайта уақыт бөлуге тура келеді.

Шаруашылық және тұрмыс жағдайлары ерекше, халқының ұлттық құрамы ерекше және т. с. облыстар *автономиялы* болатын жергілікті өзін өзі басқаруды демократиялық централизм жоққа шығармайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше, мұның *екеуінің де* болуын қажетті түрде талап етеді. Бізде үнемі централизмді озбырлықпен, бюрократизммен шатастырушылық бар. Әрине, Россияның тарихы мұндай шатастырушылықты туғызуға да тиіс болды, бірақ бұл шатастыру-

* Қараңыз: Шығармалар, 20-том, 405—471-беттер. *Ред.*

шылық дегенмен марксист үшін, сөз жоқ, лайықсыз нәрсе болып қала береді.

Мұны нақты мысал арқылы бәрінен де гөрі оңай түсіндіруге болады.

Роза Люксембург өзінің «Ұлт мәселесі және автономия»* деген көлемді мақаласында көптеген ерсі қателермен қатар (бұл туралы төменде айтылады) автономия талабын тек бір ғана Польшамен *шектемекші болып,* ерекше ерсі қатеге ұрынады.

Бірақ, әуелі оның автономияны *қалай* анықтайтынын көріңіздер.

Капиталистік қоғам үшін ең маңызды және мәнді экономикалық мәселелер мен саяси мәселелердің бәрі әсте жеке облыстардың автономиялық сеймдерінің қарамағында емес, қайта тек қана орталық, жалпы мемлекеттік парламенттің қарауында болуға тиіс екенін Роза Люксембург мойындайды — марксист болғандықтан мойындауға, әрине, міндетті де. Бұл мәселелерге жататындар: таможня саясаты, сауда-өнеркәсіп заңдары, қатынас жолдары мен байланыс құралдары (темір жолдар, почта, телеграф, телефон, т. т.), әскер, алымсалық системасы, азаматтық** және қылмыстық право, мектеп ісінің жалпы принциптері (мәселен, тек қана азаматтық мектеп туралы, жалпыға бірдей оқу туралы, программа минимумы туралы, мектеп тәртіптерін демократиялық жолмен құру туралы заң, т. с.), еңбек қорғау туралы, саяси бостандықтар (коалициялар жасау правосы) туралы заңдар, т. т. және т. с.

Автономиялық сеймдердің қарамағына — жалпы мемлекеттік заңдар негізінде — таза жергілікті, облыстық немесе таза ұлттық маңызы бар мәселелер жатады. Бұл пікірді де — шамадан тыс демегеннің өзінде — өте-мөте тәптештеп дамыта келіп, Роза Люксембург, мәселен, жергілікті маңызы бар темір жолдар (№ 12, 149-бет), жергілікті тас жолдар (№ 14—15, 376-бет) салу қажеттігін және т. с. көрсетеді.

---

* «Przegląd Socialdemokratyczny»[60]. Kraków, 1908 және 1909.

** Роза Люксембург өз пікірін дамытқанда тәптештеп сөз етеді, мәселен, айрылысу туралы заң шығару ісін де еске салады, ал мұнысы әбден дұрыс (аталған журналдың 12-номері, 162-бет).

Азды-көпті маңызды шаруашылық және тұрмыс ерекшеліктері бар, халқының ерекше ұлттық құрамы, т. с. бар әрбір облысқа мұндай автономия *берілмей* тұрғанда, қазіргі заманғы шын демократиялық мемлекетті көз алдыңа елестетуге болмайтыны айдан анық. Капитализмнің даму мүдделері үшін қажетті централизм принципі мұндай (жергілікті және облыстық) автономия арқылы бұзылмайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше, бұл принцип нақ осындай автономияның арқасында бюрократтық жолмен емес, *демократиялық* жолмен жүзеге асырылады. Капиталдардың шоғырлануын да, өндіргіш күштердің дамуын да, буржуазияның және пролетариаттың *жалпы мемлекеттік* көлемде топтасуын да *жеңілдететін* осындай автономия *болмаса,* капитализмнің кең, еркін, тез дамуы мүмкін болмас еді, немесе ең болмағанда өте-мөте қиындатылған болар еді. Өйткені *таза* жергілікті (облыстық, ұлттық, т. с.) мәселелерге бюрократтық араласу — жалпы алғанда экономикалық және саяси дамуға жасалатын өте үлкен кедергілердің бірі, жеке алғанда елеулі, ірі, негізгі мәселеде *централизмге* жасалатын кедергілердің бірі.

Сондықтан автономияны талап етуді *тек* бір *ғана* Польшаға, *тек* ерекшелік ретінде *ғана* қолдануға болатынын біздің тамаша Роза Люксембургтің мейлінше байсалды түрде және «таза маркстік» сөздермен дәлелдеуге тырысып отырғанын оқығанда, күлмей қала алмайсың! Әлбетте, бұл арада «өз қауымына тартқандай» патриотизмнің жұрнағы да жоқ,— бұл арада тек қана «іске қатысты» пікірлер бар... мәселен, Литва жөнінде.

Роза Люксембург төрт губернияны: Вильно, Ковно, Гродно және Сувалки губернияларын алады, сөйтіп бұларда «көбінесе» литвандар тұрады деп оқушыларды (және өзін өзі) сендірмек болады, оның бер жағында, ол осы губерниялардың халқын бірге қосып, литвандардың процентін барлық халықтың 23 проценті, ал литвандарға жмудьтарды қосқанда халықтың 31 проценті — үштен бірінен кемірегі етіп шығарады. Әлбетте, бұдан Литваның автономиялылығы туралы пікір «бет алды, ойдан шығарылған» (№ 10, 807-бет) пікір деген қорытынды шығады.

Біздің Россияның қазыналық статистикасының жалпыға мәлім кемшіліктерімен таныс оқушы Роза Люксембургтің қатесін бірден-ақ көреді. Литвандар не бары 0,2%, *оннан екі процент* болып отырған Гродно губерниясын алудың не қажеті бар еді? Литвандар халықтың *көпшілігі* болып отырған тек бір ғана Трокск уезін алмай, бүкіл Вильно губерниясын алудың не қажеті бар еді? Сувалки губерниясының литван уездерін, яғни 7 уездің ішінен литвандар халықтың *72* проценті болып отырған 5 уезді алмай, халқының 52 проценті литвандар деп белгілеп, бүкіл Сувалки губерниясын алудың не қажеті бар еді?

Қазіргі заманғы капитализмнің жағдайлары мен талаптары туралы сөз ете отырып, бірақ Россияның «қазіргі заманғы» және «капиталистік» әкімшілік бөліністерін алмай, қайта орта ғасырлық, крепостниктік, қазыналық-бюрократтық әкімшілік бөліністерін алу, мұның үстіне ең дөрекі формасында алу (уездерді емес, губернияларды алу) адам күлерлік іс. Бұл бөліністерді жоймайынша және олардың орнына *шын* «қазіргі заманғы» бөліністерді, қазынаның *емес*, бюрократияның *емес*, кертартпалықтың *емес*, помещиктердің *емес*, поптардың *емес*, қайта капитализмнің талаптарына шын сай келетін бөліністерін қоймайынша, Россияда ешбір аз да болса маңызды жергілікті реформа жайында сөз болуы да мүмкін емес екені айдан анық,— оның бер жағында капитализмнің қазіргі талаптарының ішінде халықтың ұлттық құрамының мүмкіндігінше неғұрлым біркелкі болуы жөніндегі талаптың болатыны сөзсіз, өйткені ұлт, тілдің бірлігі — ішкі рынокты толық меңгеріп алу үшін және экономикалық айналымның толық еркіндігі үшін маңызды фактор.

Роза Люксембургтің осындай көрінеу қатесін бундшыл Медемнің қайталап отырғаны оғаштық; Медем Польшаның «айрықша» ерекшеліктерін емес, қайта ұлттық-территориялық автономия принципінің жарамсыздығын дәлелдегісі келеді (бундшылдар ұлттық-экстерриториялық автономияны жақтайды!). Біздің бундшылдар мен жойымпаздар бүкіл дүние жүзінде әр түрлі елдер мен әр түрлі ұлттар социал-демократтары-

ның барлық қателері мен барлық оппортунистік ауытқуларын жинап жүр, бүкіл дүние жүзілік социал-демократияның ылғи *ең жаман* жақтарын өздерінің қорына қосып алып жүр: бундшылдық пен жойымпаздықтың шимай-шатпақтары қиындыларының бәрі қосылып, *азғындық салттың* социал-демократиялық үлгілі *музейі* болған болар еді.

Облыстық автономия — деп Медем үйреткенсіп пікір айтады — жарты миллионнан екі миллионға дейін халқы бар, бір губерниялық жері бар латыш, эстон округтері, т. с. округтер үшін емес, облыс үшін, «өлке» үшін ғана жарайды. *«Мұның өзі автономия емес, жай земство болар еді...* Бұл земствоның үстінен нағыз автономия құруға тура келер еді...», сөйтіп автор ескі губерниялар мен уездерді «бұзуды» айыптайды*.

Орта ғасырлық, крепостниктік, қазыналық әкімшілік бөліністерін сақтаудың өзі іс жүзінде қазіргі капитализмнің жағдайларын «бұзғандық» жәпе бүлдіргендік болып табылады. Осындай бөліністердің рухы бойына сіңген адамдар ғана, шаблон бойынша, үлкен облыстар үшін «автономия», ал кішкене облыстар үшін земство болуға тиіс дегенді бетке ұстап, «білгіш ғалымсынып» «земство» мен «автономияны» қарама-қарсы қою туралы ойлай алады. Қазіргі заманғы капитализм мұндай чиновниктік шаблондарды эсте керек етпейді. Тек $^1/_2$ миллион ғана емес, тіпті 50 000 халқы бар автономиялық ұлт округтері неліктен бола алмайды,— егер бұл қолайлы болса, егер бұл экономикалық айналым үшін керек болса, мұндай округтер әр түрлі көлемдегі көршілес округтермен мейлінше әр алуан жолдар арқылы бірыңғай автономиялық «өлке» болып неліктен біріге алмайды,— мұның бәрі бундшыл Медемнің құпиясы болып қала береді.

Айта кетелік, социал-демократтардың Брюннде қабылданған ұлттық программасы Австрияны «тарихи мемлекеттік жерлерге» бөлудің «орнына» «ұлттық жағынан шектеулі» округтерге бөлуді ұсынып (Брюнн программасының 2-параграфы), бүтіндей ұлттық-терри-

* *В. Медем:* «Россияда ұлт мәселесінің қойылысы жөнінде», «Вестник Европы»[61], 1912, №№ 8 және 9.

ториялық автономияға негізделді. Біз бұлай тереңге бара алмаған болар едік. Халықтың ұлттық құрамының бірыңғай болуы — нағыз қазіргі еркін және кең сауда айналым үшін ең керекті факторлардың бірі екені күмәнсыз. Бірде-бір марксистің және тіпті бірде-бір батыл демократтың Австриядағы мемлекеттік жерлерді, орыс губерниялары мен уездерін (бұлар Австриядағы мемлекеттік жерлердей оншама жаман емес, бірақ дегенмен өте жаман) қорғай алмайтыны, бұл ескірген бөліністерді, мүмкіндігінше, халықтың ұлттық құрамына қарай бөлумен ауыстыру қажеттігін теріс дей алмайтыны күмәнсыз. Ақырында, ұлттық езгі атаулының бәрін жою үшін автономиялық округтер құрудың — өте шағын болғанымен, тұтас, бірыңғай, ұлттық құрамы бар округтер құрудың өте маңызды екені күмәнсыз; оның бер жағында әр түрлі еркін одақтар, елдің немесе тіпті жер жүзінің әр түрлі түкпірлерінде бытырап жүрген сол ұлттың мүшелері бұл округтерге «бүйрегі бұрып», бұлармен қарым-қатынас жасай алған болар еді. Мұның бәрі даусыз, мұның бәріне тек тар өрісті-бюрократтық тұрғыдан ғана таласуға болады.

Бірақ халықтың ұлттық құрамы — өте маңызды экономикалық факторлардың *бірі*, алайда ол басқа факторлардың арасында *бірден-бір* фактор *емес және* ең маңызды фактор *емес*. Мәселен, капитализм тұсында қалалар *аса маңызды* экономикалық роль атқарады, ал барлық жерде — Польшада да, Литвада да, Украинада да, Великороссияда да, т. т.— қалалардың өзгешелігі: олардың халқының ұлттық құрамы тым ала-құла. «Ұлттық» жағына бола қалаларды оларға экономикалық жағынан бейім тұрған селолар мен округтерден бөліп тастау қисынсыз және мүмкін емес. Сондықтан марксистер бүтіндей және тек қана «ұлттық-территориялистік» принциптің негізін қолдауға тиіс емес.

Сонымен, міндеттердің Россия марксистерінің соңғы кеңесінде белгіленген шешімі австриялық шешімнен әлдеқайда дұрыс. Бұл мәселе жөнінде ол кеңес мынадай қағида ұсынды:

«...кең облыстық автономия» (әрине, жалғыз Польша үшін емес, Россияның барлық облыстары үшін) «мен

толық демократиялық жергілікті өзін өзі басқару орындарының болуы қажет, ал өзін өзі басқаратын және автономиялы облыстардың шекараларын белгілегенде» (қазіргі губерниялардың, уездердің, т. с. шекаралары арқылы емес) «шаруашылық және тұрмыс жағдайларын, халықтың ұлттық құрамын, т. т. жергілікті халықтың өзінің есепке алуы негізінде белгілеу қажет»*.

Бұл арада халықтың ұлттық құрамы төрешілдік пен азиатшылдыққа емес, қазіргі замапғы капитализмге сай келетін жаңа шекараларды белгілеуге негіз болуға тиіс басқа да жағдайлармен (ең алдымен шаруашылық, одан соң тұрмыс жағдайларымен, т. б.) *қатар* қойылып отыр. Жергілікті халықтың тек бір өзі ғана осы жағдайлардың бәрін әбден дәл «ескере» алады, ал осындай ескерудің негізінде мемлекеттің орталық парламенті автономиялық облыстардың шекараларып және автономиялық сеймдердің қарауына жататын істердің көлемін белгілейтін болады.

*
* *

Бізге енді ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселені қарап шығу қалып отыр. Бұл мәселе жөнінде Роза Люксембургтің қателерін «жұртқа жаюға» барлық ұлттардың оппортунистерінің тұтас бір тобы: жойымпаз Семковский де, бундшыл Либман да, украин национал-социалы Лев Юркевич те кірісін отыр. Бүкіл осы «топ» барынша шатастырған бұл мәселеге біз келесі мақаламызды арнаймыз[62].

---

* Қараңыз: осы том, 64—65-беттер. *Ред.*

ЖҰМЫСШЫ БҰҚАРА МЕН ЖҰМЫСШЫ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ

Жойымпаздардың «Наша Зарясының» 9-номерінде осындай тақырыппен Г. Ракитиннің мақаласы басылды, Ракитин онда жойымпаздық газет дәрменсіз ашумен сырт берген нәрсені мойындауға мәжбүр болды. Г. Ракитиннің әр түрлі Ф. Д.-лардан озықтығы сол — ол оқушыны ығыр қылған ұрыс-керіске тойдыра бермей, ол-пұл жөнінде болса да *мәселені ойланып, жете түсінуге* тырысады.

«Жеңіс, — деп бастайды өзінің мақаласын Г. Ракитин,—С.-Петербург металлистері кәсіптік одағының жалпы жиналысында «Правда» газеті жағындағылардың қолы жеткен жеңісі, большевизм ықпалының жұмысшылар арасында (әсіресе Петербургте) күшейгенін көрсететін кейбір басқа фактілер сияқты, еріксіз мынаны ойлауға мәжбүр етеді: меньшевиктік бағыттың және «жойымпаздық» деп арнайы аталатынның тірек пункттері ағымның ықпалынан қалайша кете бастап отыр?», Россияда ашық жұмысшы ұйымдарының негізін салған және соңғы бірнеше жыл бойы ол ұйымдарда тек бір өзі ғана белсене жұмыс істеген осы ағым еді.

Шындықты мойындауға мәжбүр болған жойымпаздарда «саңылау болатын кездердің» оқта-текте кездесіп отыратынын оқушыға көрсету үшін бұл сөзді атап өтпеске болмайды. Саналы (яғни саяси өмірге қатысушы) жұмысшылардың арасында «правдистік» ағымның басымдығын II, III және IV Думалардың сайлаулары туралы немесе жұмысшылар топтары жинаған қаржылар, т. т. туралы дәл цифрлармен *дәлелдеп берген* кезде, «Новая Рабочая Газета» Ф. Д. және К° мақалалары арқылы тура ашуланып, балағаттайды.

Г. Ракитин фактіні мойындайды. Ол металлистер жиналысындағы жеңісті де, *«басқа фактілерді»* де мойындайды (бұл фактілердің қандай екендігі жайында, алайда, сыпайы түрде үндемей өтеді,— бұл *дербес* тексеру мүмкіндігін беретін *дәл* цифрларды жұмысшылардан *жасыруды* көздейтін нағыз интеллигенттік-әдебиетшілдік тәсіл). Г. Ракитин жалпы алғанда «большевизм ықпалының жұмысшылар арасында, әсіресе Петербургте, күшейгенін» мойындайды, жойымпаздықтың «тірек пункттерінің» осы «ағымның ықпалынан кете бастағанын» мойындайды.

Г. Ракитин жойымпаздар үшін осы өкінішті фактіні жойымпаздар үшін негұрлым *жұбанышты етіп түсіндіруге* тырысады.

Ал бұл түсіндіру қандай?

«Жұмысшы бұқара қозғалыстың большевиктік кезеңінен» өтіп жатыр (59-бет),— деп мойындайды Г. Ракитин. Бірақ «жұмысшы интеллигенция,— деп мәлімдейді ол (57-бет),— өзінің басым көпшілігін алғанда «жойымпаздық» ағым дейтіннің көзқарасында тұр». Осыдан келіп, әрине, жойымпаздар үшін «жұбанышты» қорытынды жасалады: «қозғалыстың большевиктік кезеңі» дегеніміз «бұқараның және өсіп келе жатқан жұмысшы жастардың большевиктік ұрандармен уақытша әуестенуі», «сапа мен есептен гөрі, инстинкт пен сезімнің» ықпал жасауы, «шаруалардың дүниеге көзқарасының анайылығынан» жұмысшылар бұқарасының құтылмағандығы, «стихиялық қарқындардың маңызын асыра бағалау», (жойымпаздардың) «оралымды таптық тактикасын» түсінбеу және оны «большевизмнің тұрпайы тактикасымен» ауыстыру, т. т. және т. с.

Қысқасы, «Наша Заря» қызметкерінің түсіндіруі тамаша түсініктеме болып отыр: правдистер жағындағы көпшілік — пісіп жетілмеген, есеймеген, стихиялық, нашар көпшілік екен, ал жойымпаздар жағындағы азшылық — интеллигенттік, оралымды, саналы және тағы сондай азшылық екен. Бұқараның демократиялық сенімдерін реакцияшыл жазушылардың бәрі әрқашан дәл осы рухта: бұқара ақымақ, есеймеген, т. с. деп, ал дво-

ряндар мен буржуалар есейген және ақылды деп түсіндіреді!

Бірақ сонда да болса рұқсат етіңіз, құрметті Ракитин, сіздің дәлелдеріңіз қайда? Правдистердің жеңістерін, «бұқара қозғалыстың большевиктік кезеңінен өтіп жатқапын» *фактілер* көрсетіп отыр, мұны өзіңіз мойындадыңыз! Ал сіздің жұмысшы интеллигенцияның басым көпшілігі жойымпаздарға еріп отырғанын дәлелдейтін *фактілеріңіз* қайда? Сіздің Мемлекеттік думаның сайлауы немесе жұмысшылар топтары жинаған қаржылардың мөлшері немесе кәсіптік одақтарда белгілі бір тізімнің жеңуі сияқты фактілеріңіз қайда?

Ракитин бірде-бір, мүлде *бірде-бір* факт, тіпті бірде-бір пікір келтірмейді!

Сондықтан біз Ракитиннің айтқандарымен келіспейміз. Большевиктік *жұмысшылар бұқарасын* есеймеген, ақымақтау деп («сана емес, инстинкт»), жойымпаздық азшылықты есейген, ақылды деп есептеу оған, әрине, *унамды* болар. Бірақ фактілерге сүйенбей, тарихшының жеке басына унамды нәрсеге сүйене отырып, тарих жазу, *жұмысшы қозғалысының кезеңдеріне түсінік* беру,— ғапу етіңіз, Ракитин,— тура адам күлерлік балалық. Мен, әрине, жойымпаз Ракитиннің «инстинкті мен сезімі» жойымпаздық азшылықты айрықша интеллигенттік, ақылды, алдыңғы қатарлы азшылық деп есептеуге оны мәжбүр етіп отыр деп мойындай алмаймын, бірақ *«сана мен есептің»* орнына «инстинкт пен сезімді» басшылыққа алу *жазушыға* жақсы ма?

1913 ж ноябрьдің бас кезінде жазылған

Бірінші рет 1938 ж «Пролетарская Революция» журналының 9-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДУМАДАҒЫ ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯСЫНДАҒЫ ЖІККЕ БӨЛІНУ ТУРАЛЫ[63]

Құрметті жолдастар! Сіздердің газетіңіздің 266-номерінде сіздердің «орыс тілшіңіздің» Думадағы орыс социал-демократиялық фракциясындағы жікке бөліну туралы мақаласы басылды. Амал не, бұл мақала объективтіліктен тым алшақ жатыр, сондықтан ол белгілі бір мағынада неміс оқушысын адастыруы мүмкін. Біз, құрметті жолдастар, герман жұмысшылары мен туысқан герман партиясы осы қарапайым фактілерден дұрыс хабардар болуы үшін осы қысқаша жауапты басу жөніндегі біздің өтінішімізді сіздер орындарсыздар деп сенеміз.

1) Орыс тілшісі орыс социал-демократиясы *«көптеген ұйымдарға, топтарға және ағымдарға бөлшектенуден зардап шегіп отыр»* дегенді көрсетуден бастайды. Міне осының өзі-ақ — мүлде дұрыс емес. Қазіргі уақытта орыс жұмысшы қозғалысында тек қана *екі* ағым бар екенін, Петербургте жетекші *екі* газет бар екенін, екі саяси бағыттың: марксистер мен жойымпаздардың бар екенін әрбір орыс социал-демократы және жалпы алғанда Россиядағы тарихи күреске назар аударып жүрген әрбір адам біледі. Бұлардың біріншілері, яғни марксистер, С.-Петербургте күнделікті «За Правду» газетін шығарады (үкімет таяуда ғана олардың Москвадағы екінші күнделікті «Наш Путь» газетін жойды). Екіншілері Петербургте «Новая Рабочая Газетаны» шығарады. Орыс жұмысшы қозғалысында қандай да болсын басқа «ағымдар» *жоқ*, ал тіпті шетелдегі орыс студенттері мен эмигранттары арасында да басқа аралық «ағым-

дар» дейтіндердің бәрі жойылып келеді. Әрбір орыс социал-демократы енді не марксистерді, не жойымпаздарды таңдауға тиіс.

2) Сіздердің «орыс тілшіңіз» орыс марксистері мен жойымпаздарының арасындағы айырмашылықты Германиядағы радикалдар мен ревизионистердің арасындағы айырмашылық деп, «бір жағынан, Бебельдің немесе Ледебурдың, екінші жағынан, Франктың немесе Давидтың арасындағы» айырмашылық деп атайды. Алайда, бұл онша дұрыс емес. Орыс жойымпазы, әлбетте, ревизионизмнің платформасын жақтайды. Ол батыс европалық оппортунизмнен нағыз жаман нәрсенің бәрін қабылдады. Алайда жойымпаздар мен ревизионистердің арасында едәуір айырмашылық бар. Франк немесе Давид қазіргі герман социал-демократиялық партиясының және оның ұйымының өмір сүруі «зиянды» деп ешқашан айтпайды. Ал біздің жойымпаздар партияның нақ өмір сүруінің өзіне қарсы күресіп отыр, олар факт жүзінде оның құпия ұйымын құртып («жойып») отыр, олар тіпті оның (саяси) стачкалар кезіндегі шешімдеріне қарсы күресіп отыр, сөйтіп бұл әрекетінің сыйы ретінде бүкіл орыс буржуазиясының мақұлдауы мен қызу қолдауына ие болып отыр.

3) Сіздердің тілшіңіз: алты марксист пен жойымпаздыққа бой ұрушы жеті депутаттың арасында «Дума фракциясындағы саяси алауыздық» бір-ақ рет туды деп жазады. Бірақ бұл бұлай емес. С.-Петербург жұмысшы баспасөзінің талассыз дәлелдегеніндей, алауыздықтар қадам басқан сайын туып отырды. Мәселе тіпті жетеудің бір дауыс көпшілікпен біздің партияның программасын қабылдамау жөнінде қаулы алуына дейін барды. Думадағы фракцияның трибунадан жариялаған бірінші саяси декларациясының өзінде бұл 7 депутат партияның 1903 жылғы II съезінің программасынан бүкіл Россия алдында бас тартты. Жойымпаздардың пылауындағы ұлтшыл элементтерді (Бунд) қуаптып, олар орыс социал-демократиясы «мәдени-ұлттық автономия» дейтінді қорғайды деп мәлімдеді. Ал партия Россияда буржуазиялық ұлтшылдардың бәрі дерлік қолдап отырған бұл талапты теріске шығарады. Партияның про-

граммасын жасау үстінде *барлық* орыс социал-демократтары бұл талапты қабылдамай тастаған болатын. Плеханов таяуда ғана бұл талапты «социализмді *ұлтшылдыққа* бейімдеу» деп сипаттады. Алты марксист-депутат программаға бұлай опасыздық жасауға қатты наразылық білдірді. Алайда жеті депутат өздерінің партияға қарсы бағытталған шешімін өзгертпеді.

4) Сіздердің тілшіңіз: алты марксист-депутат жұмысшы табы көпшілігінің өкілдері екенін тек «жанама жолмен» ғана дәлелдеуге болады дейді. Бұл мүлде дұрыс емес. Біз алты депутаттың қанша жұмысшының, жеті депутаттың қанша жұмысшының өкілдері екенін көрсететін тек қана бірнеше дәл цифр келтірейік.

Губерниялар	Марксист-депутаттардың фамилиялары	Фабрикалық инспекцияның мәліметтері бойынша жұмысшылардың саны
Петербург	Бадаев	197 000
Москва	Малиновский	351 000
Владимир	Самойлов	205 000
Екатеринослав	Петровский	118 000
Кострома	Шагов	91 000
Харьков	Муранов	46 000
	Жиыны:	1 008 000

Губерниялар	Қалған депутаттардың фамилиялары	Фабрикалық инспекцияның мәліметтері бойынша жұмысшылардың саны
Варшава	Ягелло	78 000
Дон облысы	Туляков	59 000
Уфа	Хаустов	37 000
Таврия	Бурьянов	20 000
Иркутск	Маньков	13 000
Тифлис	Чхеидзе	5 000
Карс облысы	Чхенкели	2 000
	Жиыны:	214 000

Бүкіл жұмысшы куриясының өкілдері — марксист-депутаттар. Алты марксист-депутат жойымпаздыққа бой ұрушы жетеуге қарағанда, шамамен алған есеп бойынша, саны жағынан *бес есе* көп жұмысшылардың өкілдері болып табылады.

Осы да «жанама» дәлелдер ме?

Қаржы жинап беру арқылы марксистер мен жойымпаздардың жария баспасөзін қолдап отырған *жұмысшы топтарының* саны туралы тағы бірнеше цифрлар келтірелік:

	«Правда»	Москва газеті	Бүкіл марксистік баспасөз	Жойымпаздар газеті
1912 жылы	620	5	625	89
1913 жылы 1 апрельге дейін	309	129	438	139
1913 жылы 1 апрельден октябрьге дейін	1 252	261	1 513	328
Екі жыл ішінде барлығы	2 181	395	2 576	556

Бұл цифрлар Петербургте шығатын «За Правду»* газетінің 22-номерінде жарияланған және бұл цифрларға ешкім *таласпаған-ды*. Сіздердің тілшіңіз бұл цифрларды білуге тиіс еді. Топтардың жинаған жарналары екі газетте де әрқашан жарияланып отырады, ал буржуазиялық лагерьдегі біздің дұшпандарымыз бұл деректерге екі бағыт күштерінің арасалмағының көрсеткіші деп қарайды.

Бұл арада да цифрлар жойымпаздарға қарағанда марксистерді саны жағынан бес есе көп жұмысшы топтарының қолдайтынын дәлелдейді.

Мұны «жанама» дәлелдер деп атауға бола ма?

Батыс Европаның жария социал-демократиялық партияларынан өзгешелігіміз — біз қазіргі кезде біздің партиямыздың мүшелерінің дәл санын айта алмаймыз. Алайда жұмысшылардың кімге еріп отырғанын көрсететін тікелей дәлелдер бізде де бар.

---

* Қараңыз: осы том, 109 және 112-беттер. *Ред.*

Жұмысшы куриясынан сайланған 23 депутаттан (бәрі де социал-демократтар) екінші Думада 11 большевик болды, яғни 47%. Үшінші Думада — 8 депутаттан 4 большевик болды, яғни 50%. Төртінші Думада — 9 депутаттан 6 большевик болды, яғни 67%. Бәлкім, *бес* жыл (1907—1912) бойындағы *үш думаның* сайлаулары туралы бұл деректер де «жанама дәлелдер» болар?

Қазір, алтаудың жұрт алдында баспасөз арқылы жетеуге қарсы шығуынан кейін, өз пікірін айтқан кәсіптік одақтардың бәрі де жеті депутатқа қарсы алты депутат жағына шықты. Петербургтегі маркстік газет алты депутатты қолдайтын көптеген жұмысшылардың, уәкілдердің, кәсіптік одақтардың, жұмысшы мәдени-ағарту ұйымдарының қарарларын күн сайын жариялап отырады.

Россияның бүкіл жұмысшы табының өкілдері болып отырған алты жұмысшы депутат Думада өздерінің социал-демократиялық жұмысшы фракциясын құрды; ол фракция барлық жағынан социал-демократ жұмысшылардың еркіне бағынады. Жеті депутат «тәуелсіз» топ есебінде бой көрсетіп отыр. Алты жұмысшы депутат жеті депутатқа Думада жұмыс істеу үшін келісімге келуді ұсынған болатын. Жеті депутат бұл ұсынысты осы кезге дейін мүлде қабылдамай келеді. Алайда, келісім сөзсіз керек.

Істің шын жағдайы осындай.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Органының редакциясы — «Социал-Демократ»

1913 ж. ноябрьдің басында жазылған

1913 ж. 24 декабрьде «Leipziger Volkszeitung» газетінің 298-номерінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1934 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 21-номерінде басылған

«Правда» газетінің «Leipziger Volkszeitung» газеті текстімен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

СОЛШЫЛ ХАЛЫҚШЫЛДАР МАРКСИСТЕР АРАСЫНДАҒЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ

«Вольная Мысль»[64] газетінің 3-номерінде «Бір жақты бірлік, екі жақты бірлік немесе үш жақты бірлік» деген астарлы тақырыппен мақала басылды.

«Біз,— делінген бұл мақалада,— социал-демократияның екі фракциясының Россиядағы социалистік қозғалыстың бәрін өз аукымына алуға ұмтылғаны қандай парасатсыздық және соракылық болса, большевиктердің бір фракциясының жұмысшы қозғалысының бәрін өзіне қаратып алуға әрекеттенуі де дәл сондай парасатсыздық және сорақылық болады деп ашық мәлімдейміз. Тек барлық социалистік ағымдардың бірыңғай партияға бірігуінің ғана болашағы бар.

Ал біз 1900 жылдың басынан бастап осы ұранды ұсынған екенбіз, оған ақырына дейін адал болып қаламыз».

«Бірлік» туралы адам күлерлік ашулы бос сөздердің үлгісі міне осы!! Марксистер мен халықшылдардың тарихи күресінің, бірнеше ондаған жылдар бойы жүріп жатқан күресінің принциптік мазмұны туралы *бір ауыз сөз жоқ*. Барлық таптардың *халық бұқарасының* ашық бой көрсетуі социал-демократиялық пролетариат пен «еңбекші» (яғни ұсақ буржуазиялық) шаруалардың *түбірлі* айырмашылығын іс жүзінде көрсеткен 1905—1907 жылдардағы қозғалыстың тарихы туралы да ешбір сөз жоқ.

Егер Россияда мәселені *осылай* қоятын батыл және байсалды газет болып отырса, онда мұның өзі — прин-

ципті айқындықтың *әліппесін* ұқтыру үшін ұзақ және табанды күрестің әлі де қаншалық қажет екендігін көрсететін белгілердің бірі болмақшы.

Саналы жұмысшылардың көпшілігі большевиктер жағында екендігін бұлардың дұшпандары — жойымпаз мырзалар ашулана, ызалана мойындауға мәжбүр болып отыр.

Мұны сезімталдыққа салынып теріске шығаруға болмайды. Жұмысшылар «парасатсыздық және сорақылық» деп зекіргеннен қорықпайды, олар бұған күледі де қояды.

Идеялар тұрғысынан алып қарағанда марксизмнің Россиядағы бүкіл тарихы — «жария марксизм» мен «экономизмнен» бастап ұсақ буржуазиялық теорияларға қарсы күрес. Бұл кездейсоқ күрес болған жоқ. Оның қазіргі тікелей жалғасы да кездейсоқ емес. Россияда жұмысшы партиясы, нағыз таптық пролетарлық партия ретінде, үшінші июньшілдер душар еткен ауыр кезеңде, атап айтқанда, ұсақ буржуазиялық жойымпаздық пен солшыл халықшылдыққа қарсы осы күресте қалыптасып, есейді.

«Біздер, солшыл халықшылдар, ешқашан біреудің бақытсыздығын пайдаланып көрген емеспіз»,— деп жазады «Вольная Мысль». Ал мұнымен қатар — жікке бөліну «біздің социал-демократияның толық ішкі дәрменсіздігін» туғызады деген сендіру бар!

Мұндай нәрсені жазу «пайдалана қоюдың» нақ өзі деген сөз, мырзалар,— тек біз: біреудің «бақытсыздығын» демейміз, «біреудің *идеялық күресін»* дейміз. Өйткені марксистер арасындағы күрестің негізінде либералдық саясат пен пролетарлық саясат идеяларының нақ осындай қақтығысуы жатыр. Жұмысшылар ашулы сөздерді де, сезімталдықты да елең қылмай, осы күрестің принципті негіздерін табуды үйреніп те алды.

«Европалық жұмысшы қозғалысының бірыңғай партияларының ішінде алауыздықтар біздегіден гөрі *аз»,*— деп жазады «Вольная Мысль». Мұның өзі — өте көп тараған, бірақ өте-мөте теріс пікір. Европаның ешбір жерінде пролетарлық, маркстік ұйымды... Пуришкевич-

тің мақұлдауымен, «кеңейтілген» партия жайындағы сөздермен ауыстыру туралы мәселе де жоқ... және т. т.

Жұмысшылар *мұндай* таластан жұмысшы партиясын сөз жүзінде емес, *іс жүзінде құра* білуді үйреніп шығады.

«За Правду» № 34, 13 ноябрь, 1913 ж.

«За Правду» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӘНЕ РОССИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

(ПУБЛИЦИСТІҢ ЗАМЕТКАЛАРЫ)

Жуырда журналдарда осы көрсетілген тақырыпта қызғылықты екі мақала шықты. Біреуі — жойымпаздардың «Наша Зарясында» (1913 ж., № 6—Н. Рожковтікі), екіншісі — оңшыл кадеттердің «Русская Мыслінде»[65] (1913 ж., № 8 — Я. Я. Полферовтікі). Күмән жоқ, авторлардың екеуі де бірін-бірі мүлде білмей тұрып жазған, сондықтан олар мүлде әр түрлі қағидаларға сүйенеді.

Ал, солай бола тұрса да, екі мақаланың бір-біріне ұқсастығы таңданарлық. Бұл арада либерал жұмысшы саясатшыларының идеялары мен контрреволюцияшыл либерал буржуаның идеяларының принциптік жақындығын ап-айқын байқауға болады — ал мұның өзі екі мақаланы да ерекше бағалы етеді.

Н. Рожковтың материалы — Полферов мырзаның материалымен дәлме-дәл бірдей, тек соңгысының материалы кеңірек. Капитализм Россияның ауыл шаруашылығында 1905 жылгы революциядан кейін өсіп келеді. Астықтың бағасы мен жердің бағасы өсіп келеді; ауыл шаруашылық машиналары мен минерал тыңайтқыштарды әкелу өсіп келеді, ал сонымен қатар бұлардың қай-қайсысының болсын ел ішіндегі өндірілуі де артып келеді. Ұсақ кредит мекемелері көбейіп келеді; отрубқа шығушылардың саны өсіп келеді. Жалақы артып келеді (1890 жылдан 1910 жылға дейін 44,2 процент өсті,— дейді Н. Рожков, бірақ ол осы уақыттың ішінде тұрмыстың қымбаттай түскенін ұмытып кетеді!). Саудалық мал шаруашылығы, май жасау, шөп егу, ауыл шаруашылық оқу ісі өсіп келеді.

Мұның бәрінің өте қызғылықты екендігінде сөз жоқ. Марксизм көзқарасы тұрғысынан алғанда капитализмнің дамуын тоқтатуға болмайтындығына күдік болуы да мүмкін емес. Егер авторлар мұны жаңа деректермен түсіндіріп қана қойса, оларға алғыс айтпасқа болмас еді.

Бірақ істің барлық түйіні деректерге баға беруде, олардан қорытындылар шығаруда болып отыр. Н. Рожков бұл арада... елжіреп, тым асығыстық жасайды. «Помещиктік крепостниктік шаруашылық буржуазиялық, капиталистік шаруашылыққа айналды... ауыл шаруашылығында буржуазиялық тәртіпке кошу — жүзеге асқан, мүлде күдіксіз факт... Бұрынғы формадағы аграрлық мәселе Россияда күн тәртібінен түсті... Өлікті — ескі формадағы аграрлық мәселені қайтадан тірілтуге тырысудың қажеті жоқ».

Оқушы көріп отыр, қорытындылар әбден айқын және бүтіндей... жойымпаздық қорытындылар. Жойымпаздық журналдың редакциясы мақалаға (саудагерлікпринципсіз редакцияларда әлде қашаннан-ақ істеліп келгеніндей) *шағын ескерту* берді: «өте көптеген жеріне қосылмаймыз... Россия нақ 9/XI—14/VI заңының белгілеп берген жолымен жүреді деп, Н. Рожковтың айтып отырғанындай, *үзілді-кесілді* айтуға болады деп санамаймыз...»

Жойымпаздар Н. Рожков сияқты «онша» батыл «емес»! Іске терең, принципті көзқарас!

Н. Рожков марксизмнің бірқатар қағидаларын *жаттап алғандығын*, бірақ оларды *түсінбегендігін* өзінің мақаласымен дәлелдеген үстіне дәлелдеп отыр. Осыдан келіп ол қағидалар оның басынан сонша лықты тез «шығып кеткен».

Россияның ауыл шаруашылығында капитализм 1861—1904 жылдарда да дамыды. Рожков пен Полферовтың қазіргі көрсетіп отырған барлық белгілері сол кездің өзінде-ақ болған еді. Капитализмнің дамуы 1905 жылы *буржуазиялық-демократиялық* дағдарысты жойған жоқ, қайта оны әзірлеп, шиеленістіре түсті. Неліктен? Себебі, ескі, натуралды, жартылай крепостниктік шаруашылықтың іргесі сөгіліп кетті, ал *жаңа,* буржуазиялық шаруашылыққа *қажетті жағдайлар* жасалмаған

еді. 1905 жылгы дағдарыстың өте-мөте шиеленісуі осыдан.

Мұндай дағдарыстар үшін негіз жойылды — дейді Рожков. Әлбетте, егер абстракт түрде айтылса, яғни Россия туралы *емес,* 1913 жыл туралы *емес,* жалпы капитализм туралы айтылса, бұл мүмкін нәрсе. Марксистер, әлбетте, буржуазиялық-демократиялық аграрлық мәселенің болатындығын ерекше жагдайларда ғана (әрқашан *емес*, барлық жерде *емес)* мойындайды.

Бірақ өзінің *нақты* қорытындысын растағысы келсе, оның қандай қағидаларды дәлелдеуге тиіс екендігін Рожков тіпті түсінбейді де.

Шаруалар оздерінің жағдайына наразы емес пе?— «Бірақ шаруалар еш жерде де өз жағдайларына риза емес қой»,— деп жазады Рожков.

Батыс европалық шаруалардың, деревнялары және заң жүзіндегі тұрмысы толық буржуазиялық құрылыс тұсында болып, «тәртіп партиясын» құрып алып отырған шаруалардың наразылығын — Россиядағы *аштықтармен,* деревняның сословиелік жағынан *толық* кемсітілуімен, право және басқалар саласындағы *толық* крепостниктік режиммен салыстыру және теңестіру — әншейін бір күлкінді келтіретін баланың сөзі. Рожков ағаш тасасынан орманды көрмейді.

Капитализм өсіп келеді, барщина (жұмыспен отеу) құлдырап барады — деп жазады ол. «Помещиктердің орасан копшілігі,— деп жазады либерал Полферов,—... задатқалық және жарма-жарлық системаны барған сайын үдете түсіп отыр, бұл система шаруаның ақшаға және жерге мейлінше мұқтаждығынан ғана туып отыр».

«Русская Мысльдегі» либерал — жойымпаздық «Наша Зарядағы» бұрынғы марксиске қарағанда онша аңқау емес оптимист!

Н. Рожков жарма-жарлықтың, жұмыспен отеушіліктің, барщинаның, кіріптарлықтың *қазіргі* деревняға таралу *дәрежесі* туралы деректерге тіпті соққан да жоқ. Олардың *әлі де болса* кең таралып отырған фактісіне Рожков таңырқарлық ұшқалақтықпен соқпай өтіп отыр. Ал бұдан *буржуазиялық-демократиялық* дағдарыс

бұрынғысынан да гөрі шиеленісіп отыр деген қорытынды шығады.

Бесінші жылдың талаптарын *басқа* сөздермен «өлік» деп жариялап отырған либералды толығымен қайталай келіп, өлікті қайтадан тірілтпеңдер деп жазады жойымпаз.

Біз бұған былай деп жауап бердік: Марков пен Пуришкевич — өлік емес. Оларды туғызған және осы күнге дейін туғызып келе жатқан экономика — өлік емес. Бұл тапқа қарсы күресу — өздерінің таптық мақсаттарын нақты түсінетін еті тірі жұмысшылардың нақты міндеті.

Бұл міндеттен безу — бәрі бірдей Рожковша «батыл» айтпайтын, бірақ жер жөніндегі (әсіресе — жер иелену жөніндегі) пуришкевичшілдік пен саяси пуришкевичшілдікке қарсы күресті *әрқашан* ұмыта беретін немесе бүгіп қалатын жойымпаздардың *өліктей* іріп-шіруінің белгісі.

Біздің өмірімізде Пуришкевичтердің үстемдік етуі — деревняда жұмыспен өтеушілік, кіріптарлық, барщина, крепостниктік пен, буржуазиялық шаруашылықтың ең қарапайым жалпы жағдайларының жоқтығы деп аталатын медальдың екінші беті. Егер жоғарыдағы миллионер-қожайындар (Гучковтар және К°) паразы болып отырса,—бұл төмендегі миллиондаған ұсақ қожайынсымақтардың (шаруалардың) жағдайлары мүлде адам төзгісіз болып отыр деген сөз.

Пуришкевичшілдіктің түп-тамырына қарсы күресуді өзінің міндеті етіп қоя отырып, жұмысшылар өздеріне жат бірдемені «қайта тірілту» үшін «өз» міндеттерінен басқа бір жаққа тіптен де ауып кетпейді. Жоқ. Олар *мұнысы арқылы өз* күресінің, өз табының демократиялық міндеттерін *өзіне* анықтап алады, олар мұнысы арқылы қалың бұқараға демократизмді және социализмнің әліппесін үйретеді. Өйткені тек «корольдік-пруссиялық социализм» ғана (Маркстің Швейцерге қарсы айтқанындай)[66] жалпы алғанда пуришкевичшілдіктің, жекелеп алғанда жер иелену жөніндегі пуришкевичшілдіктің крепостниктік өктемдігін көлеңкеде қалдыра алады.

Рожков, мұны өзі де байқамастан, интенсивтендіру болмайынша, «жай ғана жер кесіп беру» «сақтап қала алмас» еді! дейтін Полферовқа қарай сырғып түсті. Пуришкевичшілдікті жоюдан интенсивтендіру бейне бір жүз есе жеделдемейтін сияқты! Әңгіме бейне бір *барлық* халық туралы, пуришкевичшілдік бұрмалап, тежеп отырған капитализмнің *бүкіл* дамуы туралы емес, бір ғана шаруалар туралы,— оларға жер «кесіп берудің» керек не керек еместігі туралы болып отырған сияқты!

Барлығын қамтитын «коалициялар бостандығы» ұранының *байланысын* көрсетіп (Мемлекеттік думада 23/X 1913 ж. сөйленген Туляковтың *либералдық* сөзі мен Бадаевтың *маркстік* сөзінде бұл ұранның қойылысын салыстырып қараңыз)[67],— осы ұранның аграрлық мәселенің қазіргі жағдайына *қанағаттанумен* байланысты екенін көрсетіп, Рожков жойымпаздықтың *мәнін* айтып қойды.

Бұл байланыс — объективті факт; «Наша Заря» «ескертулер» жасағанымен оны жоя алмайды.

Барлық халық туралы, бүкіл өмірдегі пуришкевичшілдік туралы, шаруалардың ашығуы туралы, жұмыспен өтеу, барщина, крепостниктік туралы ойлауды қой — «жариялылық үшін», реформалардың бірі ретінде «коалициялар бостандығы» үшін күрес,— *буржуазияның* жұмысшылардың құлағына құя беретін *пікірлері* міне осылар. Рожков пен жойымпаздар мұны түсінбей, буржуазияның соңынан салпақтап еріп қана келеді.

Ал біздің ойымызша, пролетарий, барлық еңбекшілер бұқарасының алдыңғы қатарлы өкілі, сондықтан ол өзін азат ету ісіне буржуазиямен күресу үшін және онымен күресу мүдделері үшін пуришкевичшілдікке қарсы жан-жақты күрес жүргізуден басқа жолмен бара алмайды,— марксисті либерал жұмысшы саясатшыдан айыратын пікірлер міне осылар.

«За Правду» № 36,
15 ноябрь, 1913 ж.
Қол қойған. В. Ильин

«За Правду» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ТАЛАСТАР МЕН КҮРЕСТІҢ ЕКІ ТӘСІЛІ

Баспасөз бетінде оқушылардың саясат мәселелерін айқынырақ түсінуіне, ол мәселелердің маңызын тереңірек ұғынуына, оларды батылырақ шешуіне көмектесетін таластар мен пікірлер күресі болып тұрады.

Салғыласқан жанжалға, өсек-аяңға және ұрыс-керіске айналып кететін таластар да болады.

Пролетариаттың көзін ашатын, оны ұйымдастыратын жұмыстың барысына *өзінің* жауапкершілігін білетін алдыңғы қатарлы жұмысшылар *болмай қоймайтын* таластардың, *болмай қоймайтын* пікірлер күресінің салғыласқан жанжалға, өсек аяңға, ұрыс керіске, жалаға *айналып кетпеуіне* өте мөте зер сала қарап отыруы керек.

Бұл — жұмысшы ісінің, жұмысшы ұйымының мәселесі. Бұл — зәредей де іріткі салушылық әрекеттеріне қарсы күрестің аса елеулі және аса маңызды мәселесі. Бұл жерде қашқақтауға болмайды: кімде-кім іріткі салушылықты түбірінен жоюға үйренбеген болса, ол адам ұйымдастырушы болуға жарамайды. Ал ұйымсыз жұмысшы табы — *түк емес*. Айтыстарсыз, таластарсыз және пікірлер күресінсіз ешқандай қозғалыстың, оның ішінде жұмысшы қозғалысының да болуы мүмкін емес. Таластардың салғыласқан жанжалға және ұрыс-керіске айналуына қарсы аяусыз күреспейінше *ешқандай* ұйымның болуы *мүмкін емес*.

Саналы жұмысшыларды социал-демократиялық фракциядағы алтау мен жетеудің күресіне осы тұрғыдан қарауға шақырамыз.

Алтау марксистер кеңесінің еркімен және шешімімен санасуды өзінің борышы деп мойындады. Пролетариат-

тың думадағы өкілдері саналы, ұйымдасқан марксист-жұмысшылардың Думадан тыс көпшілігінің еркіне бағынуға міндетті.

Бұл — жалпы принцип. Бұл — жұмысшы қозғалысының міндеттеріне біздің бүкіл көзқарастарымыздың жалпы негізі.

Егер бұл көзқарас дұрыс болмаса, оны теріске шығарып, лақтырып тастау керек. Егер ол дұрыс болса және ол онсыз саясатқа кірісуге болмайтын *әліппе* болса, егер бұл әліппесіз *ешқандай* ұйым ақылға сыймайтын болса,— онда бұл көзқарасты қабылдау керек және күллі даурығуларға, байбаламдарға, өсек-аяңдарға, жалаларға қарамастан, ол көзқарасты табанды түрде жақтау керек.

Жұмысшы жолдастар! Осы жайында таласа беріңіздер. Таластар, әңгімелер, айтыстар арқылы бұл мәселені толық анықтап алыңыздар, бірақ таластарды салғыласқан жанжалмен ауыстыратындарды маңдарыңызға жолатпаңыздар.

Қараңыздаршы, алтаудың бірінші және негізгі дәлеліне жойымпаздар нендей жауап берді?

Олардың жауабында салғыласып ұрсысудан басқа ештеңе жоқ! Кеңесті балағаттады, астыртын ұйымды жүзінші рет балағаттады, бар болғаны осы.

Осы да жауап болып па? Мұның өзі ұйымға іріткі салуға, оны бұзуға жайдан-жай әрекет жасау емес пе?

Ф. Д. 70-номерде тура: «олардың кандидатурасын ұсынған, оларға аманаттар тапсырған жауапты коллективтер қайда?» деген сөзді жазуға дейін барды.

Жұмысшы жолдастар, бұл сұрақтың мәніне ой жіберіп қараңыздаршы, сонда сіздер бұл жауап алып отырған адамдарға... лайықты сұрақ екенін... көресіздер!.. Ф. Д. және басқа жойымпаз мырзалар-ау, сіздер *мұндай* сұрақ қоятын болсаңыздар, онда сіздермен біздің таласа *алмайтынымызды* түсінсеңіздерші.

Мәселені шын мәні жағынан қараңыздар: кеңестің шешімі дұрыс па, ол жұмысшылар көпшілігінің мүдделері мен көзқарастарын дұрыс көрсетті ме? «Правдистер» бұған толып жатқан дәлме-дәл цифрлармен жауап берді («За Правдудың» 1913 ж. 29 октябрьдегі сейсен-

бі күнгі номері)*. Бұл цифрлар сапалы, яғни саяси өмірге қатысушы жұмысшылардың *көпшілігі* сөзсіз және талассыз «правдистер» жағында екенін көрсетеді.

Бұл цифрлардың жұмысшы куриясы бойынша II, III және IV Думалардың сайлауларын салыстыруға да,— алтау мен жетеу өкілдері болған жұмысшылардың санына да,— белгілі бір газетке жинаған қаржыларымен ашық жәрдем берген жұмысшы топтарының санына да, т. т. қатысы болды.

Көпшілік туралы мәселенің шын мәнісі жөніндегі осы дәлелге жойымпаздардың берер жауабы қайда?

Жауаптың орнына — салғыласып ұрсысу. Жойымпаздар бірде-бір, мүлде бірде-бір цифрды теріске шығармайды, оларды тіпті түзетуге, басқа цифрлармен өзгертуге де әрекет жасамайды!!!

Мәселе айдан анық: кімде-кім көпшілік туралы дәл деректерге соқпай өтсе, ол адам көпшіліктің еркін *бұзады*, ол адам — іріткі салушы.

Думадағы жетеу жойымпаздық жағына ауытқиды, өйткені олар астыртын ұйымды балағаттауға жол беріп отыр, өйткені, олар көпшіліктің еркін бұзуға қатысып отыр. Мұның өзі — жетеудің *бейпартиялылығының* белгісі. Сондықтан дүние жүзіндегі ақылынан алжаспаған бірде-бір адам бейпартияшыл жетеудің бір дауысты пайдаланып партия шешімдеріне және оларды жақтаушыларға қысым жасауына жол бермейді.

Жойымпаздардың ешқандай салғыласып ұрсысуы осы қарапайым да айқын фактіні теріске шығара алмайды.

Алтау өз борышын орындады. Ал жойымпаздар неғұрлым көп даурығып, салғыласа ұрсысса, барлық жұмысшылар мен барлық марксистер алтаудың іс-әрекетінің дұрыстығын, социал-демократияның Мемлекеттік думадағы бейпартиялық депутаттармен тең правода болатындығының және келісімге келетіндігінің сөзсіздігін соғұрлым тез түсінеді.

«За Правду» № 36,
15 ноябрь, 1913 ж.

«За Правду» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

---

* Қараңыз: осы том, 105—123-беттер. *Ред.*

«БІРІКТІРУШІ»-СЫМАҚТАР

Поляк социал-демократ жұмысшылары үзілді-кесілді теріске шығарған поляк социал-демократтарының Берлин үйірмесі (Роза Люксембург, Тышко және К⁰) тыныштаалар емес. Ол өзін Польша социал-демократиясының «Бас Басқармасы» деп атайды, ал партиясы *жоқ* осы өкінішті «Басқарманың» шынына келгенде нені «басқарып отырғанын» дүние жүзінде тіпті ешбір адам айта алмаған болар еді[68].

Варшава мен Лодзьдің социал-демократ жұмысшылары айтылып отырған Берлин үйірмесімен өздерінің ешқандай қатысы жоқ екендігін әлдеқашан-ақ мәлімдеген болатын. Мемлекеттік думаға Варшавадан депутат сайлау, Варшавадағы қауіпсіздендіру науқанының барысы Польшада бір ғана социал-демократиялық ұйым бар екенін, ол «Бас Басқармадағы» іріткі салушылар мен жалақорларды өзінің мойындамайтынын үзілді-кесілді мәлімдегенін жалпы жұртқа және әрбір адамға көрсетіп берді. Бұл «Басқарманың» ерлік қимылдарының бірін еске түсірудің өзі жеткілікті: поляк социал-демократ жұмысшыларының басты тірегін — Варшавалық тірегін — бұл мырзалар еш *дәлелсіз* «охранка торында» деп жариялады. Жыл өтті. «Басқарма» өзінің ыза келтіретін айыптауын ештемемен дәлелдемеді. Жұмысшы қозғалысының бірде-бір адал қайраткерінің Тышко үйірмесінің джентльмендерімен ешқандай қатынас жасамауы үшін, әрине, осының өзі-ақ жеткілікті болды. Күрес тәсілдері жөнінен бұл мырзалардың біздің Мартов-

тардан, Дандардан және K^0-ден... айырмашылығы шамалы екенін оқушы көріп отырған болар.

Ал, Польшада жұмыс істейтін *барлық* партиялар лағынет айтқан адамдардың тап осы үйірмесі енді Россия жұмысшы қозғалысын құтқарып қалуға ұйғарыпты. Роза Люксембург Халықаралық социалистік бюроға[69] Россияда бірлікті қалпына келтіру туралы мәселені талқылауға ұсыныс жасады. Дәлелдерінің бірі, көрдіңіз бе, *поляк* социал-демократиясында «Ленин тобының» жік туғызып отырғаны болыпты.

Берлин үйірмесі осы мәлімдемесі арқылы бірден өзін өзі ұстап берді. Жұртқа мәлім, большевиктер әзезілдердің үйірмесін теріске шығарған поляк социал-демократ жұмысшыларымен қоян-қолтық қол ұстасып келе жатыр. Осының өзі атышулы «Басқармаға» тыныш ұйқы бермеді, сөйтіп — орыс марксистеріне орынсыз тиісуден басталып, орыс жойымпаздарын қолдау мақсатын көздеген бүкіл «біріктіру» науқаны осыдан туып отыр.

Роза Люксембург «жетісіп жүрсе» мұны істемеген болар еді. Кезінде жойымпаздардың «август» бітіміне барудан тіпті оның үйірмесі де бас тартқан болатын.

Бірақ принципсіздік пен әзезілдіктің салдарынан поляк жұмысшы қозғалысында да, орыс жұмысшы қозғалысында да бүкіл маңызын жоғалтқан саяси банкроттардың осы топсымағы енді жойымпаздардың етегіне жармасып отыр. Осы пендешілік күнәлардың бәрінде де, әрине, «Ленин тобы» кінәлы болып шығады, сондықтан да... сондықтан қайткен күнде де осы топпен бірігу керек. Бәз-баяғы хикая!..

Халықаралық социалистік бюрода орыс алауыздықтарын талқылау туралы мәселеге шын мәнісінде орыс марксистері қалай қарайды?

Біздің білуімізше, біздердің таластарымыздың шын мәнісіне батыс европалық жолдастардың көзін жеткізе алса, бұған орыс марксистері өте-мөте қуанар еді. Біз орыс марксистері, өз тарапынан, Польша социал-демократиясындағы жікке бөліну туралы және Тышко тобының Польшаның шын жұмысшы ұйымдары жөнінде істеген масқара қылықтары туралы мәселені де Халықаралық социалистік бюроның қарауына ұсынып отыр

деп естідік. Егер Халықаралық бюро 6 депутат пен 7 депутаттың арасындағы алауыздықтарды да қарайтын болса, марксистер өте-мөте қуанатын болады. Сонда шетелдік жолдастардың алдына парламенттік фракция жұмысшы партиясына бағынуға тиіс пе әлде, оның керісінше, жұмысшы партиясы Думадағы фракцияға бағынуға тиіс пе деген мәселе қойылатын болады.

Егер 1914 жылы Венада өткелі отырған халықаралық съездің[70] күн тәртібіне орыстардың бірігуі туралы мәселе қою жөніндегі Роза Люксембургтің ұсынысы қабылданатын болса, марксистер одан бетер разы болады.

Жаңа Интернационал мұндай мәселелерді халықаралық съездерде екі рет қойды. Бір рет — 1904 жылы Амстердамда — Франциядағы бірлік туралы мәселе[71] қойылды. Конгресс гедшілдер (марксистер) мен жоресшілдердің (ревизионистердің) таласының негіздерін *шын мәнісі жағынан* қарады. Конгресс жоресшілдердің бағытын — олардың буржуазиялық министрліктерге қатысуын, буржуазиямен мәмлеге келуін, т. т. *айыптады.* Сөйтіп *шын мәнісі жағынан* жасалған осы шешімнің негізінде күресуші жақтарға бірігуді ұсынды.

Екінші рет — 1910 жылы Копенгагенде — чехтық-австриялық жікке бөліну туралы мәселе[72] қойылды. Конгресс тағы да таластың *шын мәнісіне* көз жіберді. Конгресс чех сепаратистерінің «бундистік-ұлтшылдық» принциптеріне қарсы шығып, бір елдің ішіндегі жұмысшылардың кәсіптік одақтары ұлттық принцип бойынша құрылуға тиіс *емес* деп тапты. Таласты *шын мәнісі жағынан* осылай шешудің негізінде келіп конгресс екі жаққа бірігуді ұсынды. (Алайда, чех бундистері Интернационалға бағынбады).

Егер орыс мәселесі қойылатын болса, Венада өтетін конгресс, дау жоқ, қазіргі Россия сияқты елдегі «астыртын ұйымның» маңызы жөнінде, қазіргі жағдайларда марксистер «эволюцияның» *немесе* «қысқартылмаған» жолдың, т. т. болашағына сүйенуге тиісті ме, жоқ па дегендер жөнінде пікірін айтады. Осылардың бәрі жөнінде Интернационалдың пікірін тыңдау қалай болған күнде де қызықтырмай қоймайды...

Бірақ, өкінішке қарай, бұған дейін әлі көп бар. Әзірге біз Роза Люксембург пен Тышконың Берлин үйірмесінің ашулы, бірақ дәрменсіз сөзін ғана көріп отырмыз. Ф. Д. мырзаға осы сөзді марксистерге қарсы және жойымпаздықты қорғау үшін жақсылап пайдалануды ұсынамыз. Жойымпаздардың газеттерінде осы Берлин үйірмесінің поляк жұмысшыларына қарсы күрестегі масқаралық әрекеттері туралы айтылса да, дегенмен Ф. Д. мырза мұқтаждықтан осы... жаңа бұлақтан да сусындауды, әрине, ұмытпайды.

Ал орыс жұмысшыларының айтатыны мынау: *біз* өзіміздің орыс жұмысшы ұйымдарымызда бірлікті өзіміз жасаймыз. Ал дәрменсіз әзезілдікке тек күлеміз де қоямыз.

«За Правду» № 36,
15 ноябрь, 1913 ж.

«За Правду» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯНЫҢ ЖІККЕ БӨЛІНУІНЕ РОССИЯ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ БАҒАСЫ

Петербургтің жойымпаздар мен партияшылдардың көзқарастарын білдіретін социал-демократиялық екі газетінде де Россияның барлық түкпір-түкпіріндегі жұмысшы топтарының мәлімдемелері басылып отыр. Бұл мәлімдемелерде жұмысшылар Думадағы 2 социал-демократиялық фракцияға деген өз көзқарасын анықтайды, бұлар: 1) социал-демократиялық фракция (7 депутат+Ягелло), 2) Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы — 6 жұмысшы социал-демократ депутат.

Қазір екі газеттің екеуінің де деректері бойынша жұмысшылардың тұтас бір айдағы, ескіше 20 октябрьден 20 ноябрьге дейінгі шешімдерін дәлме-дәл қорытындылауға мүмкіндігіміз бар.

Қойылған қолдардың белгілі саны бар қарарлар жұмысшылардың ең дәл және екі жақтың бір де бірі ешбір шек келтірмеген мәлімдемелері болып табылады. Бүкіл Россия бойынша жалпы қорытындының (Кавказдың ғана емес, сонымен қатар Бунд пен латыштардың да Халықаралық социалистік бюрода өз алдына өкілдіктері бар) беретіні: 4850 — Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы (6 депутат) жағында және 2539— социал-демократиялық фракция (7 депутат+Ягелло) жағында.

Кәсіптік одақтарды олардың басқармалары арқылы алғанда (полицияға байланысты себептерден Россиядағы одақтардың аттары баспада жарияланбайды) =6 депутат жағында 13 500 мүшесі бар 9 одақ, 7 депутат жағында мүшелерінің саны белгісіз 1 одақ болып отыр.

1913 ж. 20 ноябрь мен 1 декабрьдің (3 және 14 декабрьдің) аралығында жазылған

Бірінші рет қолжазба бойынша басылып отыр

«МӘДЕНИ-ҰЛТТЫҚ» АВТОНОМИЯ ТУРАЛЫ

«Мәдени-ұлттық» автономия деп аталатын (басқаша айтқанда: «ұлттық даму бостандығына кепілдік беретін мекемелер құру») жоспардың немесе программаның мәні *мектеп ісін ұлт-ұлтқа қарай бөлуде* болып отыр. Әр түрлі ашық және жасырын ұлтшылдар (олардың ішінде бундшылдар) осы мәнді көмескілеуге жиі әрекеттенген сайын оны соғұрлым баса көрсету керек.

Әрбір ұлт, оған жататын кез келген адамның қайда тұратынына қарамастан (территориясына қарамастан: осыдан келіп «экстерриториялық», жеріне байланыссыз автономия деген ат шыққан), ұлттық-мәдени істерді жүргізетін, мемлекеттік тұрғыдан танылған бірыңғай одақ болады. Бұл істердің бастысы — мектеп ісі. Әрбір азаматтың, оның қайда тұратынына қарамастан, кез келген ұлттық одаққа еркімен жазылуы арқылы ұлттардың құрамын анықтау мектеп ісін ұлт-ұлтқа қарай бөлудің аса дәлдігін және аса дәйектілігін қамтамасыз етеді.

Мынадай сұрақ туады: жалпы демократия тұрғысынан, әсіресе пролетарлық тап күресінің мүдделері тұрғысынан алғанда бұлай бөлуге жол беруге бола ма?

Бұл сұраққа қобалжымай, сөз жоқ жол беруге болмайды деп жауап беру үшін «мәдени-ұлттық автономия» программасының мәнін айқын еске түсірсек болғаны.

Әр түрлі ұлттар әзірге бір мемлекет ішінде тұрған кезде, оларды экономикалық, праволық және тұрмыстық сипаты бар миллиондаған және миллиардтаған

арқаулар байланыстырып отырады. Ал мектеп ісін осы байланыстардан қалай бөліп әкетуге болады? Мағынасыздықты бадырайтып көрсетуі жағынан өте тамаша бундтық тұжырымның айтып отырғанындай, мектеп ісін мемлекеттің «қарауынан алуға» бола ма? Егер бір мемлекетте тұратын ұлттарды экономика топтастырып отырған болса, онда оларды «мәдениет» саласы үшін, әсіресе мектеп мәселелері жөнінен біржолата бөліп тастау әрекеті сорақылық және реакциялық болады. Керісінше, өмірде жүзеге асырылып жатқан нәрсе мектепте даярланатын болуы үшін ұлттардың мектеп ісінде *бірігуіне* қол жеткізу керек. Қазіргі уақытта біз ұлттардың тең праволы еместігін және олардың даму дәрежесінің бірдей еместігін байқап отырмыз; мұндай жағдайларда мектеп ісін ұлт-ұлтқа қарай бөлу неғұрлым артта қалған ұлттар үшін *іс жүзінде* жағдайды сөзсіз *нашарлату* болады. Америкада, бұрынғы құл иеленуші оңтүстік штаттарда негрлердің балаларын осы кезге дейін ерекше мектептерге бөледі, ал солтүстікте ақ нәсілділер мен негрлер бірге оқиды. Россияда таяуда «еврей мектебін ұлтына қарай бөлу» жобасы, яғни ерекше мектептерде еврей балаларын басқа ұлттардың балаларынан бөліп оқыту жобасы шықты. Бұл жобаның нағыз реакциялық, пуришкевичтік, топтардан шыққанына ештеме қоспаса да болады.

Мектеп ісін ұлт-ұлтқа қарай бөлу принципін қорғай отырып, демократ болуға болмайды. Байқап қойыңыз: біз әзірге жалпы демократиялық, яғни буржуазиялық-демократиялық тұрғыдан пайымдап отырмыз.

Мектеп ісін ұлт-ұлтқа қарай бөлуге пролетарлық тап күресі тұрғысынан әлдеқайда батылырақ қарсы шығуға тура келеді. Белгілі бір мемлекеттің барлық ұлттары капиталистерінің қандай ұлттың болсын жұмысшыларына *қарсы* акционерлік кәсіпорындарда, картелдер мен трестерде, өнеркәсіпшілер одақтарында, тағы сондайларда мейлінше тығыз, ажырамастай болып бірігіп отырғанын кім білмейді? Қараңғы түпкірлерде, меңіреу, тыныш жатқан деревняларға қарағанда, *кез келген* капиталистік кәсіпорындарда — орасан зор заводтардан, рудниктер мен фабрикалардан бастап, сауда фирмала-

рын қоса, капиталистік жер иеленуші шаруашылықтарға дейін — біз *әрқашан,* бәрінде бірдей, жұмысшылардың ұлт жағынан өте ала-құла *екенін* көрсеткендігімізді кім білмейді?

Дамыған капитализммен бәрінен де гөрі жақсы таныс және тап күресінің психологиясын бүкіл өз өмірінен бәрінен терең түсінген, мүмкін тіпті ол психология бойына ана сүтімен бірге сіңген қалалық жұмысшыға,— міне осындай жұмысшыға: мектеп ісін ұлт-ұлтқа қарай бөлудің *зиянды* әрекет екені былай тұрсын, оның үстіне *капиталистер тарапынан* істеліп жырған тура алаяқтық, дүмшелік әрекет деген ой шексіз және сөзсіз келеді. Осындай идеяны уағыздау арқылы, ал одан да гөрі халық мектептерін ұлт-ұлтқа қарай бөлу арқылы жұмысшыларды ыдыратуға, бөлшектеуге, әлсіретуге *болады,* ал балалары бай жеке мектептермен және дербес жалдап алынған мұғалімдермен тамаша қамтамасыз етілген капиталистерге *ешқандай жағдайда* ешқандай «мәдени-ұлттық автономия» ешқандай ыдырау, ешқандай әлсіреу қаупін туғыза алмайды.

«Мәдени-ұлттық автономияны», яғни мектеп ісін мүлде таза және дәйекті түрде ұлт-ұлтқа қарай бөлуді іс жүзінде ойлап шығарған капиталистер емес (олар *әзірге* жұмысшыларды бөлу үшін дөрекілеу тәсілдер қолданады), Австрияның оппортунистік, мещандық интеллигенциясы ойлап шығарды. Ұлттық құрамы алақұла батыс европалық, демократиялық елдердің бірде-бірінде мұндай кеменгер-мещандық және кеменгер-ұлтшылдық идея деген *атымен жоқ.* Тек Европаның шығысында ғана, тілдер үшін болмашы ұсақ-түйек жанжалдың (тіпті одан да сорақы: ұрыс-керістің, қызыл шеке болудың) салдарынан қоғамдық және саяси өмір *атаулы* тоқырап қалған, мешеу, феодалдық, клерикалдық, чиновниктік Австрияда ғана туңілген ұсақ буржуаның осы идеясы туды. Егер мысықты итпен жарастыруға болмайтын болса, онда тым құрығанда барлық ұлттарды мектеп ісінде «ұлттық курияларға» мүлде таза және дәйекті түрде біржолата бөлу керек!—міне ақылға қонбайтын «мәдени-ұлттық автономияны» туғызған психология осы. Өзінің интернационализмін ұғынатын және

бағалайтын пролетариат жымысқы ұлтшылдықтың бұл ақымақтығына ешқашан бармайды.

Россияда «мәдени-ұлттық автономияны» еврейлердің *барлық* буржуазиялық партияларының *ғана* қабылдауы, содан соң (1907 ж.) түрлі ұлттардың *ұсақ буржуазиялық,* солшыл халықшылдық партияларының конференциясының[73] және ақырында, *маркстік* топтар *маңындағы* мещандық, оппортунистік элементтердің, яғни бундшылдар мен жойымпаздардың (соңғылар мұны тіпті тура ашық, әбден айқын түрде істеуге де бата алмады) қабылдауы кездейсоқ емес. Мемлекеттік дума трибунасынан «мәдени-ұлттық автономия» туралы ұлтшылдыққа шалдыққан жартылай жойымпаз Чхенкели мен ұсақ буржуа Керенскийдің *ғана* сөйлеулері кездейсоқ емес.

Жойымпаздар мен бундшылдардың бұл мәселе жөнінде Австрияны тілге тиек етулерінің өзі жалпы алғанда адам күлерлік нәрсе. Біріншіден, ұлт жағынан ала-құла елдерден *үлгі* ретінде ең артта қалған елді неге алу керек? Ең алдыңғы қатарлысын неге алмасқа? Бұл тәсіл конституция үшін керек үлгілерді алдыңғы қатарлы елдерден, Франциядан, Швейцариядан, Америкадан іздемей, көбінесе артта қалған елдерден, Пруссиядан, Австриядан іздейтін орыстың жаман либералдарының, яғни кадеттердің тәсіліне ұқсас тәсіл ғой!

Екіншіден, австриялық үлгіні алады да, Россияның ұлтшыл мещандары, яғни бундшылдар, жойымпаздар, солшыл халықшылдар және т. с., оны өз тарапынан тағы да *ерекше* нашарлата түседі. Бізде «мәдени-ұлттық автономия» жоспарын насихат пен үгітте көбінесе және бәрінен бұрын нақ бундшылдар қолданады (оған қоса еврейлердің *барлық* буржуазиялық партиялары қолданады, бұлардың соңынан —мұнысын әрқашан түсіне де бермей — бундшылдар салпақтап еріп келеді). Ал оның бер жағында «мәдени-ұлттық автономия» идеясының нақ туған елінде, Австрияда осы идеяның негізін салушы, Отто Бауэр, «мәдени-ұлттық автономия» идеясын еврейлер жөнінде қолдануға *болмайтынын* дәлелдеуге кітабының айрықша бір тарауын арнаған болатын!

Мұның өзі *бірден-бір* экстерриториялық (өз облысы жоқ) ұлтты ұлттардың экстерриториялық автономиясының жоспарынан шығарып тастаған О. Бауэрдің дәйектілігі онша емес екендігін және оның өз идеясына қаншалықты аз сенетіндігін ұзақ сөздерден гөрі жақсырақ дәлелдейді.

Мұның өзі Европаның қателерін ондаған есе көбейте отырып, осы қателерді «ұлғайтуда» сорақылыққа дейін жетіп, бундшылдардың Европадан *тозығы жеткен* жоспарларды қалай қабылдап отырғанын дәлелдейді.

Өйткені — бұл үшіншіден,— Австрия социал-демократтары Брюннде болған съезде (1899) өздеріне ұсынылған «мәдени-ұлттық автономия» программасын *қабылдамай тастады*. Олар тек мемлекеттің барлық ұлттық-шектелген *облыстарының* одағы түрін ғана қабылдау жөнінде ымыраға келді. Бұл ымыраға келуде экстерриториялық та, мектеп ісін ұлт-ұлтқа қарай бөлу де *жоқ*. Бұл ымыраға келу жобасы бойынша ең алдыңғы қатарлы (капиталистік тұрғыдан) елді мекендер, қалалар, фабрикалар, рудниктер, ірі селолық имениелер, т. с. мектеп ісін ұлт-ұлтқа қарай бөлшектеп отырған *жоқ*!

Россияның жұмысшы табы «мәдени-ұлттық автономияның» реакциялық, зиянды, мещандық, ұлтшылдық идеясына қарсы күресіп келді және күресе береді.

«За Правду» № 46,
28 ноябрь, 1913 ж.

«За Правду» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ШЕТЕЛДЕГІ ТОПСЫМАҚТАР ЖӘНЕ ОРЫС ЖОЙЫМПАЗДАРЫ

«Новая Рабочая Газетаның» 86-номерінде социал-демократтарға қарсы балағаттаушы бір шағын мақала басылған, оған балағаттаушылығына *қарамастан*, жұрттың бәрін ығыр қылған жала жабушылық тәсілдеріне *қарамастан* назар аударуға тұрады.

Бұл: «Герман социал-демократиялық баспасөзі жікке бөліну туралы» деген шағын мақала. Бұл мақаланың назар аударуға тұратындығы сол — орыс жұмысшыларының осы кезге дейін білмейтін, бірақ *білуі керек* нәрсесін өте-мөте анық түсіндіріп береді.

Россия социал-демократтарының шетелдегі топсымақтарының Россиядағы социал-демократиялық ұйымға *қарсы* қандай пәле-жалалар жауып жүргендігін *білу керек,* өйткені мұны білмеу көптеген орыс социал-демократтарын күлкілі және қайғылы-күлкілі қателерге үнемі, сөзсіз душар етеді.

Жойымпаздардың шағын мақаласы курсивпен басталады: «осы кезге дейін герман социал-демократиясы арасынан» жікке бөлінуді жақтап «*бірде-бір* дауыс шыққан емес» (жойымпаз мырзалар маркстік ұйымның жойымпаздарға *қарсы құрылымын* «жікке бөліну» деп атайды).

Мақаланың бірінші сөйлеміндегі «*бірде-бір* дауыс» деген осы курсивті аңғарып қойыңыз!

Буржуазияшыл жазғыштардың жауыр болған дағдылы тәсілі: газетті жұрттың бәрі ақырына дейін оқи бермейді, ал мақаланың әсерлі *бірінші* сөзін әркім-ақ көреді...

Жойымпаздардың мақаласын одан әрі оқыңыз: бұл міне Франкфурт газетінің пікірі. Жойымпаздарды *жақтайтыны* айқын. Бұл арада газеттің оппортунистік газет екендігі жөнінде ештеңе айтылмайды!!

Қайырымды жойымпаздар! Сіздер орыс жұмысшыларын неміс социал-демократтарының арасындағы оппортунизм туралы және неміс оппортунистерінің басты органы бейне «Социалистік Әрайлықтың»[74] «Наша Заряны» *үнемі* қолдайтыны туралы білмейтін шынымен ақымақ деп санайсыздар ма?

Бұдан әрі оқиық. Дрезден газетінің пікірі. Жалпы алғанда жікке бөліну айыпталады. Газеттің орыс істеріне іш тартатыны да, неміс істеріндегі бағыты да белгісіз. Жойымпаздарға керегі орыс жұмысшыларының көзін ашу емес, қайта бірқатар бүкпелер арқылы оларды алдап кету.

Бұдан әрі оқиық. Лейпцигтің социал-демократиялық органы

> «осыдан екі апта бұрын Россиядан корреспонденция басты, онда іс жікшілдер үшін айтарлықтай қолайлы рухта баяндалды».

Жойымпаздық газетте дәл осылай басылған. Әрине, титтей де курсив жоқ.

Әрине, осы «ұнамсыз» мақала туралы *шын мәнісінде* бір ауыз сөз де, лебіз де, сыбыс та жоқ!! Шіркін, біз, кішкене сасық қулық пен болмашы пәле-жала дегенде алдымызға жан салмаймыз ғой!

Бір жағынан, *«бірде-бір* дауыс» курсивпен, ал екінші жағынан, Россиядан алынған *б і р д е н - б і р* корреспонденция жойымпаздыққа қарсылар үшін «айтарлықтай қолайлы рухта» екен.

Бұдан әрі оқиық:

> «15 ноябрьдегі номерде (Лейпцигтің социал-демократиялық газетінің) көлемді *редакциялық* (курсив жойымпаздардікі!!!) мақала басылған...»

бұл мақаладан жойымпаздардың пайдасына шығатын жерлер *ғана* келтіріледі.

Орыс жұмысшылары! Сіздерге жойымпаздардың өтірігін әшкерелеуді үйренетін уақыт жетті.

«Редакциялық» мақала — курсив жойымпаздардікі. *Өтірік.* Мақала *І. К.* деген әріптермен басылған, яғни атап айтқанда редакциялық мақала *ретінде емес,* жеке қызметкердің мақаласы ретінде басылған!!!

Жойымпаздар орыс жұмысшыларын нағыз ұятсыздықпен, нағыз арсыздықпен алдап отыр.

Бұл мұнымен әлі бітпейді. Бұл мақалада поляк социал-демократтарының еркіне қарсы Ягеллоны қабылдағаны үшін *ж е т е у «ұятсыз жікшілдер»* деп аталған, мұны жойымпаздар *жасырып қалды!!*

Бұл мұнымен әлі бітпейді. Жойымпаздар әрбір саяси сауатты адам үшін айқын фактіні *жасырып қалды.* І. К. мақаласын *тышкошыл* жазған. Бұл барлық жағынан көрініп тұр. «Тышкошылдар»—Роза Люксембургтің, Тышко мен К⁰-нің Берлиндегі үйірмесі, бұл үйірме Варшаваның социал-демократиялық ұйымы арасында арандатушылық бар деген адам айтқысыз жексұрындықты таратып жіберді. Тіпті «Лучтың» өзі (рас, Ягеллоны өткізіп жібергеннен *кейін!)* мұны жексұрындық деп мойындады. Тіпті «Новая Рабочая Газетаның» өзі «тышкошылдардың» Варшавадағы поляк социал-демократ жұмысшыларының өкілдері болып табылмайтынын талай мойындады, өйткені олар бунд, солшылдар[75] мен поляк социал-демократтары (әрине, тышкошылдар емес, варшавалықтар) кіретін *қауіпсіздендіру жөніндегі жұмысшы орталығына* қарсы күресіп отырды.

Ал қазір, орыс жұмысшыларын алдау үшін, жойымпаздар тышкошылдардың етегіне жармасып отыр. Суға кеткен тал (тіпті былғаныш, шірік болса да) қармайды.

Тышкошылдардың барлық сөздеріндегі сияқты, тышкошыл І. К. мақаласында да бір ғана ниет айқын сыртқа теуіп тұр: ол жікке бөлінуге байланысты пәле-жаланы қоздырып қалу, бұл жөнінде өзіне «саяси капитал» құрап алу. Россиядағы жұмысшы қозғалысынан «қол үзген» топсымақтардың өктемділігін желеу ету, осы негізде пәле-жалаларды қоздыру, Россияда болып жатқан жағдайды зерттеудің *орнына* тәтті сөзділікке салыну—

«тышкошылдықтың» мәні осы, шетелдегі дербес және «тәуелсіз» шағын топтардың оннан тогызының кәсібі осы.

Қазір олар алтау мен жетеудің арасынан жік шығуын «пайдаланып қалуға» үміт артып, еңсесін котергендей болды...

Босқа үміттену! Орыс социал-демократ жұмысшыларының қазірдің озінде осіп жетілгендігі соншалық — шетелдегі топсымақтардың пәле-жалаларын жиреніштпен сыпырып тастап, оз ұйымының тағдырын копшілік болып *өздері* шешетін болады. Осындай топсымақтардың мүшелері немістің социал-демократиялық баспасозінде осы топсымақтардың козқарасы тұргысынан оте жиі жазып тұрады, бірақ мұндай жұртты «құлагынан» тану қиын емес.

«За Правду» № 46, 28 ноябрь, 1913 ж.

«За Правду» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТ МАКЛАКОВ ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ ПЕТРОВСКИЙ

Социал-демократ Петровскийдің аманаттар туралы мәселе жөнінде Мемлекеттік думада сөз сөйлеп, министрдің атына «қатты сөздер айтқаны» үшін, тағы басқалар үшін председательдің оны сөйлетпей қойғанынан бері едәуір көп уақыт өтті. Тар мағынадағы «бүгінгі таңдағы басты мәселе» тұрғысынан қарағанда, мұның өзі, бәлкім, ескірген де болар. Бірақ, істің шындығына келгенде, Петровскийдің және кадет Маклаковтың сөйлеген сөздері әдеттегі «күнделікті жаңалықтан» гөрі көбірек назар аударуға тұрарлық сөздер.

Кадет Маклаков Мемлекеттік думада жаңа аманат туралы мәселе жөнінде сөйледі. Бұл мырза — аманаттың авторы және аманат жөніндегі комиссияның баяндамашысы. Ал осы кадет Маклаков толып жатқан мәселелер жөнінде кадеттік фракцияға *қарсы* шығып, октябристер мен оңшылдардың көмегіне сүйеніп оппозицияға *қарсы өте реакциялық* аманатты өткізіп отыр.

Бұл жаңалық емес. В. Маклаков — октябристердің сүйіктісі екені, оның шын мәнісінде октябрист екені көптен белгілі. Бірақ біздің қоғамның осы көптен белгілі жағдай арқылы ашылып отырған *ең ірі* фактісі барынша қатты назар аударуға тұрарлық факт.

Аса көрнекті кадет біздің алдымызда оңшылдар мен октябристердің көмегіне сүйеніп, басқа мәселелерге қарағанда Дума онша *дәрменсіздеу* емес мәселе жөнінде *думадағы бостандықты* өзі *тұншықтырып отыр!!* Саясат құмарлық істердің осындай шебері туралы социал-

демократ Петровскийдің өткір пікірлер айтуы мың мәртебе дұрыс еді.

Бірақ бұл арада істің түйіні неде? В. Маклаковтың мінез-құлқының жалғандығы В. А. Маклаков мырзаның *жеке басының жалғандығынан* емес пе екен? Әрине, олай емес! Яғни әңгіме мұнда емес.

Бейлистің ісі[76] қандай назар аударарлық және маңызды десеңізші, өйткені ол іс біздің ішкі саясатымыздың сырын, оның жасырын «мәнін», т. т. ерекше айқын ашып берді,— сондай-ақ В. Маклаковтың кадеттерге *қарсы* және Думадағы бостандыққа қарсы сөз сөйлеген болмашы (біршама) жағдайы біздің, россиялық, либерал буржуазия партиясының шын сырын жүзінші рет, жүз бірінші рет ашып беріп отыр.

Кадеттер мен октябристердің күресі — *бәсекелестердің* күресі — сондықтан ол соншалық шиеленіскен және соншалық принципсіз күрес. Октябристердің сүйіктісі және Думадағы бостандықты тұншықтырушысы В. Маклаковтың кадеттердің «шам-шырағы» бола *алатын дәл* себебі сол, *тек сол,*— кадеттер октябристермен *бірге бір таптық негізде* тұр. Мұның өзі — Пуришкевичтерден гөрі демократиядан көбірек қорқатын либерал буржуазияның екі қанаты немесе оның екі сарынының өкілдері.

Мұның өзі — елеулі нәрсе. Мұның өзі — маңызды нәрсе. Мұның өзі — саясаттың мәні. Біздің буржуазияның бүкіл экономикалық қуаттылығына қарамастан, оның адам таңданарлық саяси дәрменсіздігінің түп-тамыры осында жатыр.

Думадағы бостандықты тұншықтырушы В. Маклаков мырзаға қарсы күресе отырып, социал-демократ Петровский демократтың борышын орындады. Демократияның қалың бұқарасы В. Маклаков мырзаларды, оған қоса осындай сабаздарды туғызушы партияларды жек көруге үйренбейінше, Русьте бостандық болмақ емес.

«За Правду» № 47,
29 ноябрь, 1913 ж.
Қол қойған: М.

«За Правду» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ЦАБЕРН

Саясатта мынандай бір «оқиғалар» болып жатады: мұнда белгілі бір дағдылы істің мәні біршама ұсақ себептен келіп, кейде ойда жоқта адам айтқысыз күшпен, айқын байқалатыны болады.

Цаберн — Эльзастағы кішкентай қала. Осыдан 40 жылдан аса бұрын жеңімпаз пруссактар Эльзасты Франциядан тартып алған-ды (Германиядағы бір ғана партияның — социал-демократтардың тарапынан бұған қызу қарсылықтар болды). Эльзастың француз халқын 40 жылдан аса уақыт күшпен «германдандырып», алуан түрлі қыспаққа алу арқылы «герман мәдениеті» деп аталатын корольдік-пруссиялық, фельдфебельдік, чиновниктік тәртіпті «күштеп егіп» келді. Ал эльзастықтар бұған өздерінің: «Сендер біздің Эльзасты, біздің Лотарингияны алдыңыздар, сендер біздің жерімізді германдандыра аларсыңдар, бірақ сендер ешқашан біздің жүрегімізді билеп ала алмайсыңдар,— ешқашан»,— деген қарсылық білдіру жырымен жауап беріп келді.

Міне, Пруссия дворяны, жап-жас офицер Форстнер істі насырға шаптырды. Ол Эльзас халқын дөрекілікпен балағаттады («вакес» — дөрекі балағат сөз). Неміс Пуришкевичтері казармаларда мұндай сөзді айтуға өздеріне миллион рет жол берген, бәрі де еленбей келген. Миллион біріншi жолы... сәтті болмай шықты!

Езгінің, қасақана тиісудің, зәбірлеушіліктің ондаған жылында, зорлықпен пруссташдырудың ондаған жылында зығырданды қайнатып келген нәрсе сыртқа жарып шықты. Неміс мәдениетіне француз мәдениеті қар-

сы шыққан жоқ — тағылық, дөрекілік, зорлық, қылмыс атаулыға қабілетті тұрпайы әскери тәртіп Францияда өзге елдегіден кем емес екенін кезінде Дрейфустің ісі[77] көрсеткен болатын. Жоқ, неміс мәдениетіне француз мәдениеті қарсы шыққан жоқ, қайта бірсыпыра француз революцияларында тәрбиеленген демократия абсолютизмге қарсы шықты.

Халықты кернеген ыза, Пруссия офицерлеріне деген қайнаған ашу, бостандық сүйгіш, намысқой француз жұртшылығының оларды ажуалауы, Пруссия солдафондарының құтырынған өшпенділігі, жұртшылықты не болса сол үшін тұтқынға алып, ұрып-соғу,—осылардың бәрі Цабернде (ал содан соң бүкіл Эльзаста дерлік), буржуазиялық газеттердің айтып отырғанындай, «анархия» туғызды. Помещиктік, «октябристік», поптық герман рейхстагы орасан көпшілік дауыспен империялық герман үкіметіне *қарсы* қарар қабылдады.

«Анархия» — ақымақтық сөз. Ол сөз — Германияда «қалыптасқан» азаматтық-праволық тәртіп болды, қазір де бар, бұл тәртіптен — қайдағы бір әзәзілдің азғыруы бойынша!— шегінушілік болды дегенді көрсетеді. «Анархия» деген сөзге помещиктер мен әскери тәртіп алдында жарамсақтанушы үстіртін университеттік герман «ғылымының» (ғылым деуге болатын болса) — Германиядағы адам айтқысыз *«заңдылықты»* дәріптеген «ғылымның» — рухы түгелдей сіңген.

Цаберндегі оқиға осыдан 40 жыл бұрын дерлік немістің мемлекеттік тәртібін «парламенттік формалармен көмкерілген әскери деспотизм»[78] деп атаған Маркстің сөзі дұрыс екенін көрсетті. Буржуазияның «праволық мемлекетті» дәріптеген жүздеген профессорларынан, поптары мен публицистерінен гөрі Маркс герман «конституциясының» шын мәнін жүз мың рет *терең* бағалады. Олар немістің өкімет тізгінін ұстаған отКіншілерінің табысы мен салтанаты алдында құрдай жорғалады. Ал Маркс саясаттың таптық мәнін бағалағанда оқиғалардың белгілі бір «бұрылысын» емес, *халықаралық* демократия мен халықаралық жұмысшы қозғалысының *бүкіл* тәжірибесін басшылыққа ала отырып бағалады.

Цабернде «тосыннан шыққан» «анархия» емес, қайта Германияның *шын* тәртібі, жартылай феодалдық пруссиялық жер иесі қылышының үстемдігі шиеленісіп, сыртқа жарып шықты. Егер неміс буржуазиясының ар-намыс сезімі бар болса, егер оның парасаты мен ұяты бар болса, егер ол өзінің айтқанына өзі сенетін болса, егер оның ісі мен сөзі бір жерден шығатын болса,— қысқасы егер ол миллиондаған социалистік пролетариатқа бетпе-бет тұрған буржуазия *болмаған* болса,— онда ол Цаберндегі «оқиғаның» «жағдайынан» республикалық буржуазия болған болар еді. Ал қазір мәселе буржуазиялық саясат құмарлардың парламенттегі жүзеге аспайтын жай қарсылықтарымен тынады.

Бірақ парламенттен тыс жерде мәселе мұнымен тынбайды. Германияның ұсақ буржуазия бұқарасында пиғыл өзгерді және өзгеріп жатыр. Жағдайлар өзгерді, экономикалық жағдай өзгерді, дворяндық-пруссиялық қылыштың «тып-тыныш» үстемдігінің *барлық тіректері әлсіреп келеді. Оқиғалардың барысы* буржуазияның еркіне қарсы оны терең саяси дағдарысқа душар етеді.

Пруссия Пуришкевичтерінің қамқорлығымен және Германияның капиталистік даму барысының ерекше бақытты болуы арқасында «неміс Михелінің» тыныш ұйықтаған заманы өтіп кетті. Жалпы, түпкілікті күйреу... тоқтаусыз пісіп жетіліп, таялып келеді.

«За Правду» № 47,
29 ноябрь, 1913 ж.
Қол қойған: В. И.

«За Правду» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

БЮРОНЫҢ ЕҢ ТАЯУДАҒЫ ҚАДАМДАРЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

Шетелде бірсыпыра топтар, топшалар мен топсымақтар Халықаралық социалистік бюроның 1 (14) декабрьде болғалы отырған мәжілісі жөнінде ерекше шу көтерді. Бәлкім, газеттің сейсенбі күнгі номерінің шығуына қарай Бюроның шешімі туралы кейбір хабарлар, телеграф хабарлары, болып та қалар. Сондықтан алып қашты пікірлердің болмауы үшін және бірден дұрыс бағыт алудың орайын келтіру үшін істің жайы туралы жұртты хабардар етуді борышым деп санаймын.

Россияда еңбір тірегі қалмаған шетелдегі топшалар мен топсымақтар (Роза Люксембург пен «тышкошылдар» тәрізді немесе жуырда бір француз газетінде дәл сол рухта пікір айтқан Шарль Раппопорт тәрізді немесе Алексинский және «Вперёдтің» париждік тобы[79] тәрізді топсымақтар, т. т., т. с.) — міне осы топшалардың бәрі де Бюроға «бірлікті» жақтап дауыс бергізу үшін жанталасуда.

Әрине, біз де бірлік жағындамыз!! Топсымақтардың тыраштануы — жойымпаздарды қорғау үшін жасалып отырған бейшаралық айла. Олардың бұл айласынан ештеңе шықпайды: улап-шулайды да қояды.

Бюроның шешімі қандай болмақшы? Әлбетте, мұны білуге болмайды. Бірақ *бір ең көрнекті* мүшеден (немесе тіпті мүшелер тобынан) біз мынаны білдік: Плехановтың *орнына* жойымпаздардың Ұйымдастыру комитетін жіберу ұйғарылыпты, ал Думадағы фракциядан *тек қана* жетеуді немесе, дәлірек айтқанда, *формальдық себептерден* сегізді жіберу ұй-

ғарылған. Бұл формальды себептері мынадай екен: әр елдің парламенттік топтары партияның атынан өкіл *болмай, тек қана өз аттарынан* өкіл болады екен; 8 эсер және 7 социал-демократ болып отырса да — *тек қана* сол 8 эсерді жібереді екен. Ал осылай болған соң (бұл әлі тексерілетін болады), онда, бұл арада *әзірге* еш нәрсе істей алмайсың. Жойымпаздар Плехановты мейлі шығарып-ақ тастасын — сонда, *мұның оларға пайда келтірерін* көрерміз!!! Пайда *келтірмейтіндігіне* мен кәміл сенемін.

Сондықтан жойымпаздардың таратып жүрген сыбыстары жөнінде де, Бюроның ықтимал шешімдері жөнінде де күйгелектенбеуге және абыржымауға барынша кеңес беремін. Біз *орыс* істері туралы Лондоннан жазылатын хат-хабарлардың *біз арқылы* жазылатын болуына шаралар қолдандық (орыс істеріне жатпайтын хат-хабарларды тікелей Сізге жазсын) — бұл хат-хабарларды *сабырлылықпен* күте тұрыңыздар, сонда әлгі мәжіліске барудың керегі болмағанына сіздердің көздеріңіз жетеді, «суға кетіп бара жатқандар» (жойымпаздар) өздерін айғай-шумен де, «бюромен» де құтқарып қала алмайды.

Ресми емес хабарларға қарағанда, Плеханов бармайды екен.

Мұны әзірге баспасөзде жариялауға болмайды. Қайталап айтамын: өз тілшіңіздің хат-хабарларын сабырлылықпен күтіңіздер.

Кеш дегенде 1913 ж. 1 (14) декабрьде жазылған

Бірінші рет қолжазба бойынша басылып отыр

БЮРО ШЕШІМДЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[80]

Бүгін, 2 (15) декабрьдегі дүйсенбіде, Бюроның орыс істері жөніндегі кешегі шешімі — әзірге әлі қысқаша телеграмма арқылы — мәлім болды. Плеханов отставкаға шығатыны туралы жазбаша мәлімдеді, яғни отставкаға *өзі* шықты.

Ұйымдастыру комитеті (жойымпаздардың басшы мекемесі)[81] аффилиацияланды, яғни Бюроға өкіл жіберу правосын алды.

(Бұл жөнінде мынаны көрсете кету керек: нағыз оппортунистік партиялар ғана емес, тіпті жартылай партиялық жұмысшы ұйымдарының өзі де устав бойынша аффилиацияланады. Ағылшындардың нағыз оппортунистік топтары аффилиацияланды; демек, Ұйымдастыру комитетінің аффилиациялануына да кедергі келтіруге болмайтын еді.)

Қорытындысында не болып шықты? Қорытындысында Плехановты жойымпаздар ығыстырып шығарды! Егер жойымпаздар бұл жөнінде масаттанатын болса, онда оларға: *Бірліктің екіжүзді жақтаушылары* деп жауап беру керек. Жойымпаз мырзалардың қолы мынаған жетті: олар Плехановтың *орнында* болып отыр. Іс жүзіндегі нәтиже осындай. Жалпы жұмысшылардың бәрі, әсіресе меньшевик жұмысшылар өздері төреші болсын: жойымпаздар бірлікті шын ниетімен көздеп отыр ма? бірлікті шын ниетімен жақтаушылар өздерінің орнына Плехановты қоймас па еді? Плехановтың орнына жойымпазды қою — бірлік*т е н қ а ш у* емес, бірлікке *қ а*-

р а й қадам басу дегенге сене қоятын аңқау адам шынымен-ақ табылар ма екен?

Егер жойымпаздар пәлендей бір ақымақтық масайраумен бой көрсете қалғандай жағдай болса, редакцияға осындай мақаланы күн ілгері ұсына аламын. Тағы да (кейін) мынаны қосуға болады: Ұйымдастыру комитетіндегілер (=жойымпаздар) аффилиацияланғаннан кейін *т ұ т а с* болуды, яғни партия болуды өз міндетіне алды. Тегінде, *ашық партия* болғыларыңыз келер, мырзалар? Тірі болсақ, көрерміз!

Ақырында «бірігу ісі экзекутивке тапсырылды» — телеграммада осылай делінген. Мұның мәнісі — Бюроның атқару комитетіне (= Вандервельд+Бертран+Ансель+секретарь Гюисманс) бірлікті қайта қалпына келтіру бағытында шаралар қолдану немесе соған қадам жасау ісі тапсырылды деген сөз.

Сірә (немесе анығында) мұның өзі бізге кінә қоймай істелген болар. Онда біз үшін бұл әбден қолайлы. Мынаны айтуымыз керек: бірлік жөнінде қамқорлық жасап отыруға Бюроның атқару комитеті *әрқашанда* және сөзсіз міндетті, бұдан екі жыл бұрын-ақ Бюроның секретары Гюисманс бірлікке қарай қадам жасау үшін қандай шаралар қолдану керек екендігі туралы Ленинмен хат арқылы ақылдасқан болатын. Демек, экзекутивке (=атқару бюросына) тапсыру, қайталап айтамын, біз үшін әбден қолайлы, сондықтан жойымпаздар тарапынан бұрмалаушылықтар бола қалса, ол құр жалғандық болар еді.

Жетеу мен алтау жайында телеграммада ештеңе айтылмаған. Бірақ Бюро мәжілісі басталарда тізім бойынша түгендеу кезінде жойымпаздың есімі аталғандығы хаттан белгілі болып отыр. Сол кезде біздің өкіліміз: оны алтау сайлаған жоқ деп мәлімдеді; бұған Гюисманс уставты түсіндірумен жауап берді, бұл устав бойынша өзінің партиялық тегіне *қарамастан* тек қана көпшілік өкіл болып (парламенттік социалистік фракциялардан) саналады. Сондықтан: жетеуден немесе сегізден бір жойымпаз болып қала беруі ықтимал. Егер устав осындай болса (мұны біз тексереміз; Бюро секретарының ресми мәжілісте Бюро уставын ресми түрде түсіндіргеніне

әзірше қанағаттанбауға болмайтын болды), онда біз текке күш жұмсамай, «сыртқа шықпай», бармай, талап етпей жақсы істегенбіз. Мұның практикалық маңызы жоқ. Бұл жөнінде баспасөзде жазу ыңғайсыз. Егер жойымпаздар масайрайтын болса,— біз тағы да оларға: бірліктің екіжүзді жақтаушылары, саналы жұмысшылар көпшілігінің еркін бұзушылар деп жауап береміз.

Демек, қорытындысында, бұрын қалай жазылған болса, солай болып шықты.

Біздің өкіліміздің хатынан білініп отырған тағы бір жай: жойымпаздар бірлік туралы мәселе жөнінде *комиссия* тағайындалатын болсын деп Каутскийді (ол немістерден барған) үгіттеген. Ал Каутский Ленинге тиіскені үшін Роза Люксембургті кіпәлаған және шетелден ештеңе де істей алмайсың, бірлікті орыс жұмысшылары талап ететін болсын деп тапқан.

Осы сөздердің дәлелденуін күтеміз. Біз атап айтқанда Россияның саналы жұмысшылары *көпшілігінің* еркімен болатын *бірлікті* жақтаймыз.

Қазіргі қолда бар мәліметтер бойынша істің жағдайы осындай.

1913 ж. 2 (15) декабрьде жазылған

Бірінші рет 1918 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында басылған, 19-том

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫЛАР БІРЛІГІ ТУРАЛЫ

«Новая Рабочая Газетаның» алты жұмысшы депутатқа қарсы айтысының соңғы кезде іскерлік және идеялық сипаты барған сайын кеміп, «өсек-аяңдық» сипаты барған сайын ұлғайып отыр. *Солай болғандықтан да* бұл айтыстың өзін талас мәселелерді шындап талдауға қарай *бұру* қажет — бұл жөнінде әрбір саналы жұмысшы бізбен келісетін шығар.

Жойымпаздар алға тартатын «әйгілі есімдер» міне мыналар. Церетели мен Гегечкори алтауды айыптайды, оларды август конференциясының (1912 ж.) «басшы мекемесі» де айыптап отыр. Бұл алтауды жікшілдер деп мың да бір мәрте балағаттап, «бірлікті» жариялайды.

Балағаттар мен айқай-шулардан именбестен, біз жұмысшыларды мәселені ойлануға және зерттеп білуге байсалды түрде мың да бір мәрте шақырамыз.

Бірлік жұмысшы табы үшін қажет. Бірлікті бір ыңғай ұйым ғана жүзеге асырады; оның шешімдерін барлық саналы жұмысшылар қорыққандығынан емес, ар-намысы үшін жүзеге асырады. Мәселені талқылау, түрлі пікірлерді айту және тыңдау, ұйымдасқан марксистер *көпшілігінің* көзқарасын білу, бұл көзқарасты сырттан* қабылданған шешімде білдіру, бұл шешімді адал орындау — міне осыны дүние жүзінің бәрінде, бар-

* Бұл жерде, сірә, «дәл» деп оқу керек болар. *Ред.*

лық парасатты адамдар арасында *бірлік* деп атайды. Ал мұндай бірлік жұмысшы табы үшін шексіз қымбат, шексіз маңызды. Бытыраңқы жұмысшылар — түк те емес. Біріккен жұмысшылар — алып күш.

Мынадай сұрақ туады: талас мәселені өздігінен зерттеп білгісі келетін әрбір сапалы жұмысшы социал-демократиялық жұмысшылар арасында соңғы жылдар ішінде бірліктің *жүзеге асырылуы* туралы пікір қорыта алатындай деректер бар ма?

Мұндай деректерді жинауға тырысу керек, оларды тексеріп, жұмысшылардың көзін ашып, топтастыру, ұйымдастыру үшін қажетті материал ретінде жариялау керек.

1912 жылғы апрельден бастап «Правда» газеті болды; оның бағыты әрқашан да (мұны оның дұшпандарының біреуі де теріске шығарған жоқ) марксистердің басшы мекемесінің содан бері *үш рет* (бір рет 1912 жылы, екі рет 1913 жылы) шығарған шешімдеріне дәл сәйкес келіп отырды. Бұл шешімдерді (жұмысшы өмірінің барлық мәселелері бойынша не бары қырыққа жуық шешім болды) жұмысшылардың қаншасы қабылдады және жүзеге асырды?

Бұл сұраққа — анығында, өте маңызды және назар аударарлық сұраққа — шамамен ғана жауап беруге болады, бірақ, бір жақты жиналған *емес,* барынша дәлме-дәл, объективті фактілер негізінде жауап беруге болады. 1912 және 1913 жылдарда жұмысшы бұқарасының алдында *әр түрлі* көзқарастарды баяндаған негізінен *екі* жұмысшы газеті болды. Екі газетте де белгілі бір газетті қолдауға қаржы жинаған жұмысшы топтары туралы есептер басылды. Сөйтіп, *пәлендей бір* газеттің пайдасына қаржы жинап жіберген жұмысшы топтарының іс жүзінде (сөз жүзінде емес) сол газеттің бағытына өздерінің тілектес екендігін, ол қостап отырған шешімдерді қорғауға өздерінің бел байлағандығын дәлелдеп отырғанын айтпаса да болады.

Бұл деректердің таласып жүрген екі газеттің екеуінде де жариялануы қателерді болдырмаудың жақсы кепілі болып табылады; ол қателерді мүдделі жұмысшылардың өздері түзетіп отырады. *Талай* рет басылып та шық-

қан және ешкім *бір рет те* теріске шығармаған, басқа деректермен алмастырылмаған бұл деректер мыналар: екі жылға жуық уақыт ішінде, 1912 жылғы январьдан 1913 жылғы октябрьге дейін: «Лучқа» деп 556, «Правдаға» деп 2181 және Москва жұмысшы газетіне деп 395 жұмысшы топтары қаржы жинады.

Ерекше бірдеңемен соқыр болып қалмаған бірде-бір адам көпшіліктің (және орасан көпшіліктің) «правдистерді» жақтап отырғандығын мойындауға күмәндану байды деп батыл айтуға болады. Правдистер бірыңғай шешімдер бойынша біріккен, бұл шешімдерді адал жүзеге асырып отырған жұмысшылардың өздерінің *нағыз бірлігін* құруда — құрғанда баяу, бірақ бұлжытпай құрып отыр. Бірыңғай дәлме-дәл шешімдерді мұқият қорғап отырған маркстік күнделікті газет елдің барлық түпкірлерінде бытырап жатқан *жұмысшы топтарын* Россияда *бірінші рет* осындай ұзақ уақыт бойы неғұрлым жүйелі және тығыз түрде *біріктіріп* отыр.

Міне бұл — жұмысшылардың сөз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі бірлігі! Бұл, әрине, әлі де болса әлдеқайда аз, бірақ мұның өзі сөз емес, бос жарнама емес, істелген іс.

Бірақ Церетели, Гегечкори, «августық басшы мекеме», барлық басқа жойымпаздар сияқты, *қасарысып* фактілерді орағытып өтеді!!

Олар, саналы жұмысшылар арасында көрер көзге азшылықта болып отырған жойымпаздардың нақ өздері, осы көпшіліктің еркіне бөгет жасап, *тап осы бірлікті бұзып отырғанын* айтпай, «бірлік» туралы даурығады!!

Бұл қарапайым және айқын фактіні ешқандай даурығулар, жылап-сықтаулар, балағат сөздер теріске шығара алмайды. «Августық басшының, т. т.» түрлі «мекемелер» мен топтарды тілге тиек етуін біз мұртымыздан күліп қана қарсы аламыз. Ойлаңыздаршы, мырзалар: егер соңына ерген жұмысшылар *әсте жоқ* болса немесе олар *көрер көзге* азшылық болса, ондай «мекемелер мен топтардың» қаншалық құны бар? Егер көпшіліктің еркін орындауға барлық жұмысшыларды шақырмайтын болса, ондай «мекемелер мен топтар» — *жік туғызушы* мекемелер болғаны.

Жұмысшы қозғалысындағы екі жыл бойғы серпілістің тәжірибесі правдистердің *көзқарастарын* барған сайын дәлелдеп отыр. Россиядағы *жұмысшыларды* марксистердің белгілі бір шешімдерінің төңірегіне біріктіру тәжірибесі біздің ұйымның табыстарын, өсуін және күшін барған сайын айқын көрсетіп отыр. Балағаттаудан да, даурығудан да, басқа ештеңеден де именбестен, біздің дәл сол жолмен неғұрлым батыл, неғұрлым жылдам жүре беретініміз түсінікті.

«За Правду» № 50,
3 декабрь, 1913 ж.

«За Правду» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ҚАЙЫРШЫЛЫҒЫ[82]

Декабрьде болғалы отырған халыққа білім беру жөніндегі Бүкіл россиялық съезд қарсаңында халық мұғалімдерінің қайыршылығы туралы ескі, бірақ мәңгі жаңа мәселеге назар аудару орынды болады.

Біздің алдымызда «Империядағы бастауыш мектептердің бір күндік санағының» бірінші томы жатыр. Бұл томды халық — ғапу етіңіз — ағарту министрлігі бастырып шығарған. Қол қойған белгілі статистик В. И. Покровский мырза.

Бұл чиновниктік еңбектің төрешілдік сипаты — сөздің ең жаман мағынасындағы төрешілдік, чиновниктік сипаты — бірден көзге түседі. Санақ 1911 жылы 18 январьда жүргізілген-ді. Табандатқан екі жыл өткеннен кейін барып Петербург оқу округінің губерниялары туралы ғана бар болғаны бірінші том жарыққа шығып отыр! Бізде, сірә, тек баспасөзге қарсы заң сияқты заңдарды ғана азапты, жалықтырарлық созбаққа салмай жүзеге асыра алатын болса керек.

Санақтың программасын, әдеттегідей, толып жатқан чиновниктік кабинеттер мен кеңестерде бүкіл 1910 жыл бойына талай рет талқылады, сөйтіп бұл кабинет пен кеңестің әрқайсысы программаны бүлдіре берді. Мысалы, осының салдарынан оқушылардың ана тілі жөніндегі мәселе бойынша тек «орыс» тілі туралы жалпы графа бар: белорус тілі, малорус (украин) тілі және великорус тілі деп бөлуге көрінеу тыйым салынған. Осының салдарынан Империя мектептерінің санағына толып жатқан мектептер, мысалы, 1872 жылғы ереже бойынша құрылған қалалық училищелер, жеке адамдар ұстаған 1 және 2 разрядты училищелер, т. т. *кірмей қалды.*

Толық деректер жинауға тыйым салынған. Шәкірттердің семьяда сөйлейтін тілі туралы шындықты білуге тыйым салынған. Қазыналық және жеке адамдар ұстаған мектептерді салыстыруға тыйым салынған.

Статистиканы құрастырушы, либералдар әбден мадақтаған Покровский мырза, өз тарапынан санақ материалының *нашар* болып шығуына жәрдемдескен. Мысалы, әрбір оқытушының алатын жалақысының мөлшеріне қатысты материал жеке жиналған. Халық мұғалімдерінің қайыршылығы сияқты көкейтесті мәселе жөнінде шындықты білу маңызды екені табиғи нәрсе. Атап айтқанда, *қанша* мұғалімнің және мұғалиманың барынша төмен, ең төмен, өте төмен, жалпы төмен және т. с. ақы алатынын білу маңызды.

Бұл жайында материал жиналды. Бұл жайында деректер *бар.* Бірақ либерал статистик мырза ол материалды *ұнамсыз шындықты бүркемелейтіндей етіп* «өңдеп» отыр.

Статистик мырза бізге губерниялар бойынша және әр түрлі разрядтағы мектептер бойынша мұғалімдер мен мұғалималардың жалақысының тек *орташа* мөлшерін ғана хабарлап отыр. Төрешілдік тұрғыдан бөліп көрсету қастерлеп-ақ сақталған. Бірақ шындықты білгісі келген адамның назарын аударатын мәселесі — қай губернияда және мектептердің қай разрядында мұғалімдердің ашығып отырғаны емес, *қанша* мұғалімнің ашығып, күйзеліп отырғаны. *Қанша* мұғалімнің өте-мөте аз ақы (айталық, 360 сомнан төмен, 360 сомнан 400 сомға дейін, т. с.) алып отырғанын санақ жинаған материал бойынша анықтауға әбден болатын еді және бұл сөзсіз істелуге тиіс еді. Алайда бұл істелмеді. Мұның өзі жүз мыңдаған карточкалар архивінде жасырылып тасталды.

Жұртшылыққа разрядтар бойынша және губерниялар бойынша жалақының орташа мөлшерлерінің тек үстіртін-жалаң және үстіртін-боямаланған цифрлары ғана хабарланды... Аш-жалаңаш мұғалімдердің қандай бөлегінің семьясы бар екенін либерал статистиктердің жұртшылықтан жасырып қалғысы келгені туралы айтпаса да болады.

Жылына мұғалиманың алатын ақысы (Санкт-Петербург округінде) 433 сом, мұғалімнің алатыны 376 сом екені «орташа» цифрлардан көрініп тұр. Бірақ мұғалімдердің көпшілігі деревняларда тұрады. Мұнда мұғалимаға төленетін «орташа» ақы 347 сом, ал мұғалімге— 367 сом. (Ескерте кетейік, жалпы алғанда мұғалималардың саны мұғалімдердің санынан екі есе көп).

Санкт-Петербург округі оқытушыларының көпшілігі Петербург губерниясынан *тысқары* тұрады. Мұғалималар жалақысының мөлшері мынадай: Олонец губерниясында — 375 сом, Новгород губерниясында — 358 сом, Вологда губерниясында — 320 сом, Архангельск губерниясында — 319 сом, Псков губерниясында — 312 сом.

Тіпті шындықты боямалап көрсететін осы цифрлардың өзінен мұғалималардың *көпшілігінің* өте-мөте аз ақы алып отырғаны айқын. Тұрмыстың қазіргідей қымбатшылық жагдайында — айына *26—30 сом* алатын мұғалималардың (тагы да сол орта есеппен) 11,5 процентінің күйеуі барлар, ал 4,4 проценті — жесірлер,— бұл жалақы, сөз жоқ, оқытушыларды аштық пен күйзеліске душар ететін қайыршылық жалақы.

Біз «разряд бойынша» жиналған деректерден: шіркеулік-приходтік бір класты мектептерде 2180 мұғалима болғанын көреміз (Санкт-Петербург оқу округінде, мұнда барлық мұғалималардың саны — 7693). Демек, біз оқытушылар саны айтарлықтай көп «разрядты» көріп отырмыз. Сонда бұл разрядтың мұғалималары қанша ақы алады?

Орта есеппен қалада 302 сом, ал деревняда 301 сом алады.

Россия мемлекеті чиновниктерге, полицияға, әскери шығындарға, т. б. жүздеген миллион сом жұмсайды, ал халық мектептеріндегі мұғалімдерді ашығуға душар етіп отыр. Буржуазия халыққа білім беруге «іш тартады»— бірақ мұғалімдер бариндер мен байлар үйлеріндегі қызметшілерден де нашар тұратындай болғанда ғана «іш тартады»...

«За Правду» № 51, 4 декабрь, 1913 ж.

«За Правду» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖАМАН ІСТІ ҚОРҒАУДАҒЫ ҚАСАРУШЫЛЫҚ

Жойымпаз мырзалар өздерінің бостандық туралы заң жобасына «кіріп кеткен» октябристік параграфты қорғауда қасарысып бағуда. Бұл — 5-параграф; онда жұмысшылардың әрекеттері *«жалпы алғанда қылмыстық жазаға тартылатын әрекет болмағандықтан»* жазалауға жатпайды дегенді ескертіп, коалициялар бостандығына кесірлікпен шек қояды.

Бұл параграфтың реакциялылығы ап-айқын. Егер *шын* социал-демократтардың осы кесірлік жөнінде айтуына тура келсе, олардың керісінше айтатындығы айқын, яғни олар: не стачкамен байланысты, езгіге түскен жолдастарға көмектесу ниетімен істелген әрекеттер жазалауға жатпайтын болсын, не, ең болмаганда, олардың жазасы жеңілдетілуге тиіс дер еді.

Өз жобасындағы бұл реакциялық параграфты жойымпаздардың сызып тастауға тиіс болатындығы айқын: жұмысшылар жойымпаздарды осыған мәжбүр етеді.

Енді міне, қатені тура мойындаудың орнына, жойымпаздар (Буренин-Гамма басшылық еткен жойымпаздар) қашқақтап, жалт беріп, ұсақ жалғандыққа барып жүр. «Новая Ликвидаторская Газетада»[83] Горский мырза: «Н. Лениннің тікелей қатысуымен» бейне шетелдік кеңестерде (бұдан 3—4 жыл бұрын)[84] стачкалар туралы заң жобасында осындай статьялар қабылданды деп сендірмек болады.

Мұның бәрі шылғи өтірік.

Шетелдегі кеңестерде жұмыс былай бөлінді: кіші комиссиялар жобалар әзірледі, ал жалпы комиссия кейбір

негізгі мәселелерді талқылады. Стачкалар туралы кіші комиссияға Ленин әсте қатысқан жоқ (ол 8 сағаттық жұмыс күні туралы кіші комиссияда болды). Ал жалпы комиссияда Ленин қылмыс жазасына тартушылыққа жол беру немесе оны дұрыс деп тану туралы пункт атаулының бәріне *қарсы* сөйледі!!

Горский мырза қайдағы бір Ф. Д. мырзаның (стачкалар туралы кіші комиссияның бұрынғы мүшесінің!) жобасын Ленинге аудара салғысы келеді. Мырзалар, бұларыңыз іске аспайды.

Буренин-Гамма мырза жаман істі қорғауға тағы бір жаман дәлелді қолданды.

«Олар (социал-демократтар),— деп жазды ол,— өздерінің тап күресін «буржуазиялық заңдылықты» емес, қайта халықтың қалың бұқарасының моральдық-праволық санасын қадірлеу үшін белгілі бір шеңберде жүргізуге тиіс».

Мещанға лайықты дәлел — міне осы!

Жойымпаз мырза, біз өзіміздің тап күресімізді *қолайлылығына* қарай белгілі бір шеңберде жүргіземіз, жүргізгенде біздің қатарымызға (белгілі бір жағдайлар кезінде) іріткі саларлық нәрсеге, немесе қарсы жаққа ғана тиімді кезде бізге дұшпан тарапынан болатын тегеурінді жеңілдетерлік нәрсеге, т. т. жол бермейміз. Осы, шын себептерді түсінбей, жойымпаз оппортунистік батпаққа түседі. Халықтың қалың бұқарасы дегеніміз не? Бұл — мещандық, ұлтшылдық, реакцияшылдық, клерикалдық және тағы басқа сондай соқыр сенімдері көп өсейін жетілмеген пролетарлар мен ұсақ буржуалар.

«Моральдық-праволық сананы», мысалы, антисемитизмді біз қалайша *«қадірлеуге»* тиіспіз? бұл тіпті, «халықтың қалың бұқарасының», Венаның (көптеген орыс қалаларынан мәдениеттірек қаланың) болса да, санасында өте жиі басым сипат алғаны жұртқа мәлім.

Мещандардың қалың бұқарасының «моральдық-праволық санасы», айталық, қайыршылық ақыға қосымша талап еткен стачканы қорғау үстінде штрейкбрехерге берілген соққыны айыптайды. Біз мұндай жағдайларда күш көрсетуді *уағыздамаймыз,* өйткені *біздің* күресіміздің тұрғысынан қарағанда бұл *қолайсыз.* Бірақ

мещандардың мұндай санасын біз «қадірлей» алмаймыз,— біз сендірудің, насихаттың, үгіттің барлық құралын жұмсап, бұл «санамен» үнемі күресетін боламыз.

Буренин-Гамма мырзаның халықтың қалың бұқарасының моральдық-праволық санасын «қадірлеуге» шақыруы мещанның мещандық соқыр сенімдерді қадірлеуге шақырғандығы болып табылады.

Жойымпаз мырзалардың мещандығының (мыңдаған басқаларға қосымша) тағы бір дәлелдемесі осы.

«Пролетарская Правда» № 1, 7 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ОРЫС ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ЖӘНЕ ИНТЕРНАЦИОНАЛ

Жұмысшы жолдастар газетіміздің осы номерінен Халықаралық социалистік бюроның осы жуырда Лондонда болған мәжілісі туралы егжей-тегжейлі әңгімені, сондай-ақ Россиядағы социал-демократиялық күштердің бірлігі жөніндегі мәселеге қатысты оның қарарын оқи алады.

Бүкіл Россияның саналы жұмысшылары бұл қарарды барынша көңіл қойып талқылауға тиіс.

Саналы жұмысшы өзінің *орыстың* маркстік семьясының мүшесі екенін сезініп, ұғынып қана қоймайды,— ол сонымен қатар өзінің марксистердің *халықаралық* семьясының да мүшесі екендігін түсінеді. Оның жұмысшы Интернационалы жөнінде де атқаратын міндеттері бар. Ол осы Интернационалдың пікірімен, тілектерімен санасып отыруға тиіс. Ол жұмысшылардың халықаралық армиясынан бір сәт те қол үзуге тиіс емес.

Жұмысшы Интернационалы біздің орыс жұмысшы қозғалысындағы сондайлық көрнекті роль атқаратын принципті таластармен байыпты түрде танысу ниетін байқатып отыр, мұны орыстың жұмысшы-марксистері құттықтамай тұра алмайды. Орыстың қоғамдық-саяси өмірінің қарғыс атқан жағдайлары салдарынан, біздің жолдастар басқа бір елдің қозғалысынан гөрі біздегі қозғалыс туралы әлдеқайда аз біледі. Россиядағы істің шын жағдайын біле бермеушілік мынаған әкеп соқтырды: осы жуық арада герман социал-демократиясының өкілдері партияның жаңа программасын жасау үшін орыс социал-демократтарының барлық шетелдік үйірме-

лерінің (шетелдік 12 «ағымның») жиналысын шақыруға ұсыныс жасады. Ал Россия пролетариатының мұндай программаны 1903 жылдың өзінде-ақ жасағаны жұрттың бәріне мәлім ғой...

Бақытымызға қарай, ол кезең өтіп те барады. Орыс пролетариаты өзінің ұлы ерлік күресі арқылы өзін бүкіл цивилизациялы әлемге еріксіз танытты. Россияның жұмысшы табы жұмысшы Интернационалында өзінің лайықты орнын алып отыр, сондықтан халықаралық аренадағы оның ролі жылдан-жылға елеулі бола түседі, арта береді деп кәміл сеніммен айтуға болады.

Халықаралық бюроның шешімі біздің батыс европалық жолдастарды біздегі таластардың мәнімен түбегейлі таныстыруға орыс жұмысшыларына тұңғыш рет мүмкіндік береді. Бюро мәселені былай қойып отыр: 1) бюро бірлікке жету үшін өзінің жолдастық қызметін ұсынады, 2) бюро шын мәніндегі алауыздықтарды айқындау қажет деп табады, 3) бюро бұл үшін социал-демократиялық программаны мойындайтын барлық социал-демократтармен, сондай-ақ программасы социал-демократиялық программаға бір табан жақын келетіндермен де байланыс жасап, пікір алысуды өзінің Атқару комитетіне тапсырады.

Осының бәрін орыс марксистерінің қабылдауына әбден болады.

Алауыздықтарды *айқындап алу* шынында да өте қажет. Тіпті керек десе марксистер мен жойымпаздардың арасындағы ғана емес, сонымен қатар марксистер мен халықшылдардың арасындағы, сионист-социалистер[85] (бұлар біздің көзқарас тұрғысынан қарағанда Бундтан немесе ППС-тен біраз жаманырақ) мен тағы сол сияқтыларының арасындағы алауыздықтарды айқындап алу өте қажет. Егер Халықаралық бюро бұл арада айқын және дәлме-дәл тұжырымдар жасап, саяси алауыздықтардың шын негіздерін анықтай алса, мұның өзі едәуір табыс болар еді.

Бірақ алауыздықтарды анықтау, әрине, әлі оларды жою деген сөз емес. Алауыздықтардың төркіні Россия басынан кешіріп отырған дәуірге көзқарастың мүлде алуан түрлі болуында жатыр. Мұның өзі — саясаттың

екі тактикасы, *екі* системасы: пролетарлық және либералдық тактикасы мен системасы. Бұл айырмашылықты ештеңемен жоя алмайсың.

Алайда бұл арада да бірігу үшін екі жақтың әрқайсысы *қандай шарттар* қойып отырғанын дәлме-дәл және анық айқындап алу өте-моте қажет болады.

Жұмысшы-марксистердің алдында маңызды міндет тұр: олар Халықаралық бюроның ұсынысын мұқият талқылап, оған барынша назар аударуы, бірлікке жетуге деген өздерінің шарттарын белгілеуі тиіс.

Бұл шарттар айқын. Олар жұмысшы қозғалысының бүкіл барысынан туып отыр. Жойымпаздар маркстік тұтасты *іс жүзінде* мойындауға тиіс, бұқара арасындағы үгіттің басты ұрандары бұрынғы негізгі үш талап болып табылатынын мойындауға тиіс; олар программаны өзгерту талабын (мәдени-ұлттық автономияны) кері қайтып алуға тиіс; «стачкаға құмарлық» деген даурықпадан бас тартуға тиіс; бундшылдардың сепаратистік талаптарын айыптап, жергілікті жерлерде бірігуді талап ету керек; идеялық күреске зардабын тигізетін кісінің жеке басына өштікпен тиісушілікті, т. т. айыптап шығуы керек. Думадағы жұмыс саласында жетеу маркстік тұтасқа бағынуды сөзсіз мойындап, өздерінің антипартиялық шешімдерін (Ягелло, программаны жою және т. т.) кері қайтып алуы керек. Тіпті көп жағдайда бізбен келіспейтін Плеханов жолдас та Халықаралық бюроға жолдаған хатында былай деп жазады: «Думадағы біздің фракциямыздың екіге бөлінуі біздің жойымпаз жолдастардың қабылдаған өкінуге лайық кейбір шешімдерінің салдарынан болды, олар алтауға қарсы жетеу болып басымдық көрсетті».

Жалпы пікір алысу үшін Халықаралық бюроның атап айтқанда кіммен байланыс жасағаны пайдалы болар еді деген мәселе әлі анықталмай отыр. Бұл арада екі түрлі жол болуы мүмкін екені айқын: не негізгі екі ағымның өкілдері: марксистер мен жойымпаздар шақырылуы тиіс, немесе — «барлық социал-демократтар», және өздерін социал-демократтарға бір табан жақынбыз деп есептейтіндердің бәрі шақырылуы керек, онда депутат Ягеллоның партиясы да (ППС), еврейлердің

түрлі социалистік топтары да, халықшылдардың ішінен өздерін социал-демократиялық программаға бір табан жақынбыз деп есептейтіндері де шақырылуы тиіс.

Халықаралық бюроның қойып отырған мәселесіне әрбір саналы жұмысшы мүдделі болуы тиіс. Біз барлық жұмысшыларды өз жиналыстарында, үйірмелерінде, өткізетін әңгімелерінде, митингілерінде және т. т. осы мәселені күн тәртібіне қойып, оны талқылауға, өздерінің қарарларын шығарып, өз пікірлерін біздің газетімізде бастыруға шақырамыз.

Мұның өзін бейне бір бөтен, бізге қатысы жоқ мәселе деп пайымдауға болмайды. Егер Венада болатын халықаралық съезде мәселе қойылатын болса (бұған марксистер оте қуанған болар еді), онда Интернационал орыс жұмысшыларының пікірін, елден қол үзген шетелдік үйірмелердің ғана емес, Россияда жұмыс істеп жатқан пролетарлық ұйымдардың пікірін білетіндей болуы керек.

Жолдастар! Қойылып отырған маңызды мәселені талқылаңыздар, өз шешімдеріңізді шығарып, оларды өздеріңіздің газетіңіз «Пролетарская Правдаға» хабарлаңыздар. Барлық елдердің саналы жұмысшылары сіздердің үніңізге құлақ қояды.

«Пролетарская Правда» № 2, 8 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖОЙЫМПАЗДАР ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ҚАЛАЙ АЛДАП ОТЫР

Халықаралық социалистік бюро орыс социалистерінің арасындагы алауыздықтарды айқындауға қадам жасау, олардың күштерін біріктіру үшін өздерінің игі көмегін ұсыну жөнінде шешім қабылдады.

Жойымпаздар осы шешімнен қандай қорытынды жасады?

Олар орыс жұмысшыларын *алдау* үшін бұл шешімді бірден пайдалана қойды.

«Новая Рабочая Газета» 97-номерінде салтанатты редакциялық мақаласында былай деп жазады:

«Өздеріне парламент аралық секцияда ерекше өкілдік берілуі жөніндегі «алтаудың» талабын қабылдамай тастап, Халықаралық бюро оның социал-демократиялық фракциядан бөлініп кеткендігін бұлтарыссыз айыптап қана қойған жоқ, сонымен қатар ең негізгі талаптардың біріне тиісінше баға берді; 6 депутат өздерінің кетуін осы талаптардың қабылданбауымен түсіндіріп, ақтауга тырысқан-ды».

Мұның бәрі де басынан аягына дейін *дұрыс емес*.

Мұны біз газетіміздің 1-номерінде атап көрсеткенбіз[86].

Қылмыс үстінде ұсталган жойымпаздар одан әрі өтірік айтып жұмысшыларды адастыруға әрекет етуде.

Қайталап айтамыз, Халықаралық бюро алтаудың талабын қабылдамай тастаған жоқ. Бюро алтаудың «бөлініп кеткенін» айыптаган жоқ. Бюро тіпті 6 депутат пен 7 депутаттың арасындагы таласты қарап тексеруге кіріскен де емес.

Мұның өзі — кәдімгі жойымпаздық тәсіл.

Былтырғы жылы да Халықаралық бюроның мәжілісінен кейін жойымпаз мырзалар дәл осындай қылмысты тәсілді қолданған еді, онда Мартов мырза неміс социал-демократы Гаазені оның ешқашан да большевиктерге қарсы айтпаған сөзін айтты деп, кейіннен Гаазенің баспасөз бетіндегі мәлімдемесі арқылы әшкереленген болатын.

Бюрода депутаттардың өкілдігі туралы мәселе былайша қойылған болатын. Марксистердің өкілі жетеудің делегатын тек сол жетеу ғана сайлады, ал Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы оны өзінің делегаты деп танымайды деген мәлімдеме жасады. Халықаралық бюроның секретары Гюисманс жолдас мынадай түсінік берді. Парламент аралық секция жөнінде айрықша устав бар. Бұл устав бойынша, егер белгілі бір парламентте бірнеше жеке социалистік фракция болатын болса, онда өкілдік депутаты басқалардан көп фракцияға ғана беріледі; мұнымен қатар устав осы парламенттік фракцияның қай партияға жататындығымен және оны қаншама жұмысшының қолдайтындығымен санаспайды. Өйткені партиялардың өздерінің ерекше өкілдіктері болады.

Бұл устав бойынша, егер Думада 2 фракция болатын болса, айталық 6 социал-демократ және 7 халықшыл болатын болса, онда парламент аралық өкілдік жөнінде дауыс *тек* халықшылдарға ғана берілген болар еді.

Немесе тағы бір мысал келтірейік: Болгария. Онда парламентке 19 «кең» социалист (оппортунистер) және 18 марксист сайланған болатын. Бұлардың екеуі де жеке партия болып табылады, парламентте ерекше екі фракциясы бар. Бюрода да екі партияның жеке өкілдері болады. Бірақ *устав бойынша* 19-дың «кең» фракциясы ғана парламенттік өкілдік ала алады. Ал мұның өзі, әрине, Бюро 18 марксист-депутатты «айыптады» деген сөз емес.

Істің жайы формальдылық жағынан осылай болатын. Бұл уставқа тілесе қалай қарауға да болады. Бірақ қазіргі кезде ол осындай болып отыр. Мұндай жағдайларда Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы ғалабының тіпті қойылуы да мүмкін емес-ті.

Егер өзі адал әрекет жасағысы келсе, жетеудің не істеуі керек еді? Формальдылықтан оның өзі бас тартуы керек еді. Жетеуге қарағанда Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясын жақтайтын ұйымдасқан социал-демократ жұмысшылар әлденеше есе көп екені қазір дәлелденіп, мұны жұрттың бәрі мойындап отыр. Бұдан шығатын қорытынды айқын. Кімде-кім жұмысшылардың пікірімен санасқысы келсе, кімде-кім бірлік туралы соншама көп айта берсе, ондай адам бұл мәселеде тек формальды көзқараста тұрмаған болар еді.

Алайда жетеу өздерінің уставтық «бақытын» пайдаланып қалды. Ол тағы да орыс жұмысшыларын тартысқа шақырып отыр. Ол ол ма. Жойымпаз мырзалар Интернационал алтауды «айыптады»-мыс және т. с. деп өтірік айтуға дейін барды.

Халықаралық социалистік бюроның қарарына жойымпаз мырзалардың берген бірінші жауабы осындай болды.

Жұмысшы марксистер жойымпаздардың бұл арамза әрекеттеріне осы мырзаларды жұртшылық алдында масқаралаумен жауап береді.

Жолдастар, Бюроның шешімін байсалды түрде, зер сала талқылай беріңдер, ол жөніндегі өз пікірлеріңізді білдіре беріңдер және жойымпаздардың орыс жұмысшыларын алдамақ болған әрекеттеріне лайықты тойтарыс беріңдер.

«Пролетарская Правда» № 3,
10 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

КАДЕТТЕР ЖӘНЕ «ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ»

Россиядағы басты либералдық орган «Речь» газеті үстіміздегі жылдың жазында Мих. Могилянский мырзаның Львовта болған бүкіл украиналық студенттер съезі туралы мақаласын басты. «Рабочая Правда» газетінде Могилянский мырзаның украин сепаратизміне, айта кетелік, Донцов мырза уағыздап отырған сепаратизмге, мүлде орынсыз түрде (демократ үшін немесе демократ болып көрінгісі келген адам үшін) *балағат* сөздерді үйіп-төккендігі көрсетілген болатын*. Онда бірден мынау атап айтылды: әсте әңгіме көптеген украин марксистері қарсы шығып отырған Донцов мырзамен келісу немесе келіспеу жөнінде болып отырған жоқ. Әңгіме «сепаратизмді» «сандырақ» және авантюризм деп сөгуге *болмайтындығы*, мұның шовинистік тәсіл екендігі туралы, белгілі бір сепарация (бөліну) жоспарын сынай отырып, бөліну *бостандығы* жолында, бөліну *правосы* жолында үгіт жүргізуге великорус демократының міндетті екендігі туралы болды.

Оқушының көріп отырғанындай, бұл — жалпы демократия атаулының міндеттеріне қатысы бар принципті, программалық мәселе.

Ал енді, жарты жыл өткен соң, Мих. Могилянский мырза «Речьте» (№ 331) тағы да осы пункт жөнінде жазып, онда бізге емес, Львовтың «Шляхи»[87] газетінде «Речьке» қатты тиіскен, сонымен қатар, ««Речьтің» шовинистік ұрынуын тек орыс социал-демократиялық

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 23-том, 370—371-беттер. *Ред.*

баспасөзі ғана тиісінше масқаралады» деп көрсеткен Донцов мырзаға жауап береді.

Донцов мырзаға қарсы шыға отырып, Могилянский мырза: «Донцов мырзаның рецептерін сынаудың *ұлттардың өзін өзі билеу правосын теріске шығарумен ешқандай байланысы жоқ»* деп *үш қайтара* мәлімдейді.

Либералдық «Речь» қызметкерінің бұл мәлімдемесі өте-мөте маңызды, сондықтан біз оқушыларды бұған ерекше көңіл бөліп қарауға шақырамыз. Либерал мырзалар айтылып жүрген саяси-оппозициялық өсектен демократияның негізгі және елеулі ақиқаттарын анықтап, талдау жағына көшуге неғұрлым сирек келіскен сайын, мұндай көшудің әрбір оқиғасына байыпты баға беруге тынбастан шақыру керек.

Біздің конституциялық-«демократиялық» партия ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындай ма әлде жоқ па?— Могилянский мырзаның байқамай қозғап алған қызықты мәселесі міне осы.

Ол өзінің ескерту сөзін үш қайтара айтады, бірақ бұл мәселеге тура жауап бермейді! Конституциялық-демократиялық партияның программасында да, бұл партияның күнбе-күнгі саяси уағызында да (насихаты мен үгітінде) бұл мәселеге тура, дәл, айқын жауап табуға болмайтынын ол жақсы біледі.

«Мынаны айту керек,— деп жазады Могилянский мырза,— «ұлттардың өзін өзі билеу правосы» да сынға жол бермейтін қайдағы бір фетиш болып табылмайды: ұлттың қолайсыз тұрмыс жағдайлары ұлттың өзін өзі билеуі жөнінде қолайсыз тенденциялар туғызуы мүмкін, ал мұны ашып көрсету ұлттардың өзін өзі билеу правосын теріске шығару деген сөз емес».

Жойымпаздық газеттің беттерінде Семковский мырзалардан кездестірулеріңізге болатын либералдық бұлталақтарды қайталақтаудың шағын үлгісі — міне осы! Иә, солай, Могилянский мырза, *бірде-бір* демократиялық право «фетиш» емес, олардың біреуінен де, мысалы, *таптық* мазмұнды ұмытуға болмайды. Жалпы демократиялық талаптардың бәрі — *буржуазиялық*-демократиялық талаптар, бірақ анархистер мен оппортунистер ғана бұдан пролетариаттың нағыз дәйекті түрде

осы талаптарды қорғауына қарсы қорытынды жасай алады.

Әлбетте, өзін өзі билеу *правосы* бір мәселе де, белгілі бір ұлттың белгілі бір жағдайда өзін өзі билеуінің, бөлініп шығуының *орынды-орынсыздығы* екінші мәселе. Бұл — ап-айқын нәрсе. Бірақ бұл правоның аса маңыздылығын, оның қажеттілігін бұқараға — әсіресе великорус бұқарасына — уағыздау демократтың *борышы* екенін Могилянский мырза мойындай ма, Россияның либералдары мойындай ма, конституциялық-демократиялық партия мойындай ма?

Жоқ, жоқ, мойындамайды. Могилянский мырза міне осыған жоламай отыр, осыны жасырып отыр. Кадеттердің — Струвенің, Изгоевтің және басқа ашық айтатын кадеттердің ғана емес, сонымен бірге кадеттер партиясының Милюков сияқты дипломаттарының да, бұл партияның... сияқты — бірақ есімдері қажет емес! — тоғышарлардың да *ұлтшылдығы мен шовинизмі* тамырларының бірі міне осында жатыр.

Национал-реакционерлерден басқа бізде национал-либералдар да бар екенін, национал-демократизмнің де нышаны көрініп отырғанын («Русское Богатствоның»[38] 1906 ж. 8-номерінде Пешехонов мырзаның великорус мужигінің ұлтшылдық соқыр сенімдері жөнінде «сақ болуға» шақырғанын еске түсіріңіздер) Россияның саналы жұмысшысы ұмытпайды.

Ұлтшылдықтың барлық формадағы мерезіне қарсы күресу үшін өзін өзі билеу правосын уағыздаудың аса зор маңызы бар.

«Пролетарская Правда» № 4, 11 декабрь, 1913 ж. Қол қойған: Н.

«Пролетарская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖАҚСЫ ҚАРАР ЖӘНЕ ЖАМАН СӨЗ

Россияның барлық саналы жұмысшылары, күмән жоқ, Халықаралық бюроның орыс істері жөніндегі қарарына қызыға, көңіл қойып қарады. Жұртқа мәлім, бұл қарардың түйіні,— Россияның «жұмысшы қозғалысының барлық фракцияларының»— социал-демократиялық программаны мойындаушы фракциялардың да, сондай-ақ бұл программаға программасы «үйлесіп жатқан» (немесе «сәйкес келетін» — im Einklange) фракциялардың да — *«жалпы пікір алысуын»* ұйымдастыруды немесе өткізуді шешу болып табылады.

Соңғы анықтама өте-мөте кең, өйткені Ягеллоның жақтастарын ғана емес, сонымен қатар өз программасын социал-демократтардың программасымен «сәйкес келеді» немесе «үйлесіп жатады» дегісі келетін топ атаулының бәрін де қамтып отыр. Алайда, бұл кең анықтама ештеңеге зиян келтірмейді, өйткені *«пікір алысу»* үшін, тіпті социал-демократтардың жеке топтарының біріккісі *келетіндерін де* сырт қалдырмай, қатысушылардың құрамын кеңінен белгілеудің керек екендігі түсінікті нәрсе. Халықаралық социалистік бюроның мәжілісінде екі түрлі жоспар ұсынылғанын ұмытпау керек: 1) Каутскийдің жоспары —«жалпы пікір алысуды өткізу», *тек осы ғана.* Екі жаққа бірдей коллегияның алдында, атап айтқанда Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитетінің алдында пікір алысу — істің жайының қандай екенін және алауыздықтардың тереңдігінің қандай екенін *ашып береді.* 2) Екінші жоспарды Роза Люксембург ұсынды, бірақ Каутскийдің қар-

сылық білдіруінен кейін ол бұл жоспарды кері қайтып алды,— бұл жоспар бойынша «біртұтас партияны қалпына келтіру үшін бірігу конференциясы» (Einigungskonferenz) шақырылмақшы еді.

Соңғы жоспардың нашар екені түсінікті, өйткені Роза Люксембургтің бұл жерде күйініштi-атышулы «тышқолық үйірмені» «қалпына келтіруді» ғана астыртын өткізіп жіберуге әрекет еткенін айтпағанның өзінде, алдымен дәл деректерді жинап алу қажет болады.

Каутскийдің неғұрлым сақ, алдын ала «пікір алысу» және дәл деректерді зерттеп тексеру *арқылы* бірлікке келу туралы мәселеге неғұрлым жүйелі түрде қарайтын жоспары қабылданды. Сондықтан Каутскийдің қарарының бірауыздан қабылданылғаны әбден табиғи еді.

Бірақ Бюроның қарарына айналған Каутскийдің қарарынан Каутскийдің *сөзін* айырып алу керек, онда ол бір пунктінде *асқан сорақы нәрселерді* айтуға дейін барды. Бізде бұл жағдай бұрын қысқаша атап көрсетілген болатын, ал енді Каутскийдің сөзі туралы «Vorwärts»-те (немістің басты органы)[89] берілген есеп бізді осы маңызды мәселеге толығырақ тоқталуға мәжбүр етіп отыр.

Роза Люксембургке қарсы шыға отырып, Каутский былай деді: «ескі партия құрыды — рас, ескі аттары сақталып қалды, бірақ ол аттар уақыт өткен сайын (im Laufe der Jahre — соңғы жылдарда) жаңа мазмұн алды. Ескі жолдастарды олардың партиясы (ihre Partei) ескі атымен аталмай отырғандықтан ғана, қалай болса солай шығарып тастауға болмайды».

Роза Люксембург бұған: «Каутскийдің орыс партиясы өлінті (sei tot) деген сөзі ойланбай айтылған сөз» деп қарсы болған уақытта, Каутский «ол орыс социал-демократиясы өлді деп айтты-мыс дегенге наразылық білдірумен» шектелді. «Ол ескі формалар қирады, сондықтан жаңа форманы жасау керек деп қана айтқан болатын».

Ресми есептің біздің мәселемізге қатысы бар жерлерінен алынған аударма міне осы.

Каутскийдің *социал-демократия* өлді деп айтпағаны және айта алмағаны анық. Бірақ *партия* құрыды деген-

ді ол айтты және өзіне айтылған қарсылыққа қарамастан, *ол* мұнысын *кері қайтып алмады!*

Бұл өрескел нәрсе, бірақ бұл факт.

Каутский өрескел зор шатастырушылыққа ұрынып отыр. Ол *қандай* «ескі жолдастарды» шығарып тастау туралы айтты? Потресов пен К⁰ мырзаларды ма? Ол жойымпаздық бейнесіздікті *«олардың* партиясы» деп атады ма?

Әлде Каутскийдің айтып отырғаны Роза Люксембургтің формуласы бойынша шығарып тасталған «Поляк социалистік партиясының солшылдары» ма? Бірақ онда «ескі жолдастар» деген сөз өте түсініксіз, өйткені социал-демократиялық партияның өмір сүре бастағанынан бастап, яғни 1898 жылдан бастап, Поляк социалистік партиясының мүшелері *тіпті де* социал-демократтардың партиялас жолдастары *болып көрген емес!*

Біз үшін бұл екі ұғынудың екеуі де бірдей, өйткені бірлік туралы мәселе жөніндегі «пікір алысудан» жойымпаздарды шығарып тастау шынында да күлкілі болған болар еді (өйткені істің барлық мәні соларда ғой), сол сияқты Поляк социалистік партиясының солшылдарын шығарып тастау да күлкілі болған болар еді (мүмкін, тұспалдап айтқанда, жойымпаздар — олардан бәрін де күту керек!— социал-демократиялық *емес* Поляк социалистік партиясымен жасаған өзінің жікшілдік блогын үзілді-кесілді түрде қорғауға қабілетті шығар). Жойымпаз мырзалар ғана емес, сонымен бірге олардың одақтастарының да партиядан не тілейтінін қайткенмен де дәл білу керек қой.

Каутскийдің Бюрода орыс партиясы құрыды дегенді айтуға дейін аузы барғаны талассыз факт болып қала береді.

Оның осындай сорақылықты айтуға дейін қалай аузы барды? Мұны түсіну үшін, орыс жұмысшылары немістің социал-демократиялық баспасөзін орыс істері туралы *кімнің хабардар ететінін* білулері керек. Немістер жазған уақытта, олар әдетте алауыздықтар туралы мәселеге соқпай өте шығады. Немістердің социал-демократиялық басылымдарына орыстар жазған уақытта, біз не шетелдегі барлық топсымақтардың «лениншіл-

дерді» тіптеп соншалық орынсыз балағаттау үшін жойымпаздармен одақтасып кеткенін көреміз (1912 ж. көктемінде «Vorwärts»-те осылай болды), не мәселені қасақана бүркемелейтін тышкошылдың, троцкистің немесе шетелдік үйірмедегі басқа бір адамның шимай-шатпақтарын көреміз. *Жылдар бойы* бір документ те болмады, қарарларды жинау, идеяларды талдау, нақты деректерді жинауға деген бірде-бір әрекет болмады!

Неміс көсемдерін аяймыз, өйткені олар (өздері теориямен шұғылданып отырғанда деректерді жинап, зерттеуді біле отырып) жойымпаз хабаршылдардың ертегісін тыңдап, оны қайталап айтудан ұялмайды.

Өмірде Бюроның *қарары* қолданылатын болады, ал Каутскийдің сөзі күйініпті өрескелдік болып қала береді.

*«Пролетарская Правда» № 6,
13 декабрь, 1913 ж.*

*«Пролетарская Правда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр*

РОССИЯДАҒЫ СТАЧКАЛАР[90]

Батыс Европаның көпшілік мемлекеттерінде стачкалар статистикасының дұрыс жолға қойылғанына онша көп болған жоқ, 10—20 жыл ғана болды. Россияда стачкалар туралы деректер тек 1895 жылдан бастап қана бар. Біздің ресми статистиканың, ереуіл жасаушылардың саны туралы мәліметтерді азайта көрсетуінің үстіне, мынадай басты кемістігі бар: ол фабрикалық инспекцияға бағынатын кәсіп орындардағы жұмысшыларды ғана қамтиды. Темір жол, кен жұмысшылары, трамвайшылар, акцизге жататын, кен және басқа кәсіп орындарда істейтін, құрылыста, селода істейтін жұмысшылар статистикаға кірмейді.

Россияда стачкалық статистика болған барлық уақыт бойындағы жалпы деректер мынадай:

Жылдар	Стачкалар саны		Ереуіл жасаған жұмысшылар саны	
	Барлығы	Барлық кәсіп орындардың проценті	Барлығы	Барлық жұмысшылардың проценті
1895	68	0,4	31 195	2,0
1896	118	0,6	29 527	1,9
1897	145	0,7	59 870	4,0
1898	215	1,1	43 150	2,9
1899	189	1,0	57 498	3,8
1900	125	0,7	29 389	1,7
1901	164	1,0	32 218	1,9
1902	123	0,7	36 671	2,2
1903	550	3,2	86 832	5,1

Жылдар	Стачкалар саны		Ереуіл жасаған жұмысшылар саны	
	Барлығы	Барлық кәсіп орындардың проценті	Барлығы	Барлық жұмысшылардың проценті
1904	68	0,4	24 904	1,5
1905	13 995	93,2	2 863 173	163,8
1906	6 114	42,2	1 108 406	65,8
1907	3 573	23,8	740 074	41,9
1908	892	5,9	176 101	9,7
1909	340	2,3	64 166	3,5
1910	222	1,4	46 623	2,4
1911	466	2,8	105 110	5,1
1912	1 918	?	683 361	?

Цифрлардың қаншалық азайтылғандығы, мысалы, мынадан көрінді: өте сақ жазушы Прокопович мырза 1912 жылға басқа цифрды келтіреді: ереуіл жасағандар *683 мың*, ал «басқа есеп бойынша — фабрика-завод кәсіпорындарында 1248 мың және мұның үстіне фабрикалық инспекцияға бағынбайтын кәсіпорындарда 215 мың», яғни жиыны *1463 мың*, $1^1/_2$ миллион дерлік.

Экономикалық стачкалардың саны (1905 жылдан бастап) мынадай болып шығады:

Жылдар	Стачкалар саны	Жұмысшылар саны	Жылдар	Стачкалар саны	Жұмысшылар саны
1905	4 388	1 051 209	1909	290	55 803
1906	2 545	457 721	1910	214	42 846
1907	973	200 004	1911	442	96 730
1908	428	83 407	1912	702	172 052

Сонымен Россиядағы стачка тарихы анық 4 дәуірге бөлінеді (80-жылдары, тіпті реакцияшыл публицист Катков Россияда «жұмысшы мәселесінің» тууы деп көрсеткен атақты Морозов стачкалары болған жылдарды[91] айтпағанның өзінде) [236-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Жалпы алғанда, бүкіл 18 жыл ішінде, біздегі стачкашылдардың саны орта есеппен жылына — 345,4 мың. Германияда 14 жыл ішінде (1899—1912) орта есеп-

			Бір жылда ереуіл жасаушылар, орта есеппен
1-дәуір	(1895—1904),	революция алдындағы дәуір	43 мың
2- »	(1905—1907),	революция дәуірі	1 570 »
3- »	(1908—1910),	контрреволюция дәуірі	96 »
4- »	(1911—1912),	қазіргі дәуір, жанданудың басталуы	394 »

пен—229,5 мың, Англияда 20 жыл ішінде (1893—1912) орта есеппен — 344,2 мың. Россияда стачкалардың саяси тарихпен байланысын көрнекі етіп көрсету үшін 1905—1907 жылдардың деректерін *жылдың тоқсандары бойынша* келтірейік:

Жылдар	1905				1906				1907			
Жыл тоқсандары	I	II	III	IV	I	II	III	IV	I	II	III	IV
Әрбір үш айда (жыл тоқсаны) стачкашылардың саны (мың)	Революцияның басы			Революция		I Дума				II Дума		
Барлығы	810	481	294	1 277	269	479	296	63	146	323	77	193
Экономикалық	411	190	143	275	73	222	125	37	52	52	66	03
Саяси	399	291	151	1 002	196	257	171	26	94	271	11	163

Россияның түрлі аудандарындағы жұмысшылардың стачкаларға қатысуы мына деректерден көрінеді:

Фабрика-завод округтері	1905-жылғы ф.-з. жұмысшыларының саны (мың)	Стачкашылар саны (мың): 10 жылдың жиыны (1895—1904)	Стачкашылар саны (мың): Бір ғана 1905 жылда
С.-Петербург	299	137	1 033
Москва	567	123	540
Варшава	252	69	887
3 оңтүстік округ	543	102	403
Барлығы	1 661	431	2 863

Бұдан Петербург және оның ауданы (Рига да соның ішінде), сонымен қатар Польша үздік ілгеріде болып отырғанда, Москваның одан артта қалып қойғаны,

ал Оңтүстіктің одан да көп артта қалып қойғаны көрінеді.

Өнеркәсіптің басты салалары бойынша стачкашылардың бөлінуі мынадай:

Өндіріс топтары	1904 жылы барлық жұмысшылар саны (мың)	Стачкашылар саны (мың): 10 жылдың жиыны (1895—1904)	Стачкашылар саны (мың): Бір ғана 1905 жылда
Металлистер	252	117	811
Тоқымашылар	708	237	1 296
Баспаханашылар, ағаш шеберлері, былғарышылар және химия өнеркәсібіндегі жұмысшылар	277	38	471
Қыш өнеркәсібіндегі және азық-түлік өндірісіндегі жұмысшылар	454	39	285
Барлығы	1 691	431	2 863

Бұдан металлистердің озық ролі, тоқымашылардың артта қалғандығы, ал қалған жұмысшылардың одан да көп артта қалғандығы көрінеді.

Стачкалар себептері жағынан былайша топталады (14 жыл ішінде, 1895—1908): саяси стачкалар — стачкашылардың 59,9%; жалақы жөнінен — 24,3%; жұмыс күні жөнінен — 10,9%; еңбек жағдайлары жөнінен — 4,8%.

Стачкалар табыстылығы жағынан былайша бөлінеді (стачканы ымыраға келумен аяқтаған стачкашыларды жеңгендер мен жеңілгендерге тең бөлгенде):

Экономикалық стачкалардағы стачкашылардың саны (мың)

	10 жылдың (1895—1904) жиыны	%	1905	%	1906	%	1907	%	1911	%	1912	%
Жеңгендер	159	37,5	705	48,9	233	50,9	59	29,5	49	51	55	42
Жеңілгендер	265	62,5	734	51,1	225	49,1	141	70,5	47	49	77	58
Барлығы	424	100,0	1439	100,0	458	100,0	200	100,0	96	100	132	100

1911—1912 жылдардың деректері толық емес және алдыңғылармен салыстыруға сай келмейді.

Қорыта келе стачкалардың түрлі көлемді кәсіп орындарға қарай және олардың мекеніне қарай бөлінуі туралы қысқаша деректер келтірейік:

Әрбір разрядтың жүз жұмысшыларынан ереуіл жасағаны

Кәсіп орындар разряды	1895—1904, яғни 10 жылдың жиыны	Бір ғана 1905 жылда
20-ға дейін жұмысшысы бар	2,7	47,0
21 — 50-ге » » »	7,5	89,4
51 — 100-ге » » »	9,4	108,9
101 — 500-ге » » »	21,5	160,2
501 — 1000-ға » » »	49,9	163,8
1000-нан жоғары » »	89,7	231,9

Бұрынғы стачкалардың проценті:

	қалалардағы	қаладан тыс жерлердегі
1895 — 1904	75,1	24,9
1905	85,0	15,0

Бұл цифрлардан ереуіл қозғалысында ірі кәсіп орындардың басымдығы және олардан деревня фабрикаларының артта қалғандығы көрініп отыр.

1913 ж. жазылған

1913 ж. 14 (27) декабрьде, С.-Петербургтегі «Прибой» баспасында шыққан, «1914 жылға арналған Жұмысшы Серігі» календарында басылған
Қол қойған: В. И.

Календарьдың тексті бойынша басылып отыр

ОРЫС МЕКТЕБІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫ

Мектеп ісін ұлт-ұлтқа қарай бөлуге келіп тірелетін «мәдени-ұлттық автономияның» жоспары жөнінде неғұрлым дәл түсінік алу үшін орыс мектептеріндегі оқушылардың ұлттық құрамы жөніндегі нақты деректерді алып қараған жөн. Петербург оқу округі жөнінде мұндай деректер 1911 жылы 18 январьда жүргізілген мектеп санағы бойынша жиналған.

Халық ағарту министрлігінің бастауыш мектептеріндегі оқушылардың *ана тілі* бойынша бөлінуі жөніндегі деректер мынадай. Деректер бүкіл С.-Петербург оқу округі бойынша көрсетіледі, ал *жақшаның* ішінде біз С.-Петербург *жөніндегі цифрларды* келтіріп отырамыз. «Орыс тілі» деген атпен чиновниктер үнемі великорус, белорус және украин («малорос», қазыналық аты бойынша) тілдерін араластырып отырады. Барлық оқушы — 265 660 (48 076).

Орыс — 232 618 (44 223); поляк — 1737 (780); чех — 3 (2); литван — 84 (35); латыш — 1371 (113); жмуд— 1 (0); француз — 14 (13); итальян — 4 (4); румын — 2 (2); неміс — 2408 (845); швед — 228 (217); норвег— 31 (0); дат — 1 (1); голландиялық — 1 (0); ағылшын— 8 (7); армян —3 (3); цыган —4 (0); еврей—1196 (396); грузин —2 (1); осетин —1 (0); финн —10 750 (874); карел —3998 (2); чуд — 247 (0); эстон —4723 (536); лопар —9 (0); зырян —6008 (0); самоед —5 (0); татар —63 (13); парсы —1 (1); қытай —1 (1); белгісіздері —138 (7).

Біршама дәл деректер осындай. Бұл деректер,— Россияның неғұрлым великорустық аудандарының біріне жататын болса да,—халықтың ұлт жағынан өте ала-құла екендігін көрсетеді. Ірі С.-Петербург қаласының ұлт жағынан неғұрлым ала құлалығы бірден көзге түседі. Бұл — кездейсоқ құбылыс емес, барлық елдерде, дүние жүзінің барлық түкпірлерінде болатын капитализмнің *заңы.* Ірі қалалар, фабрикалық, кен заводтық, темір жолдық, жалпы алғанда сауда және өнеркәсіптік поселкелер халқының ұлт жағынан өте-мөте ала-құлалығымен сөзсіз көзге түседі, ал дәл осы сияқты елді мекендер меңіреу түкпірдегі деревняның тұрғындарын үнемі бірден бірге көбірек тартып алып, бәрінен де тез өседі.

Нақты өмірдің осы деректерімен енді ұлтшыл мещандардың «мәдени-ұлттық автономия» деп немесе (бундшылдардың аударуынша) «мемлекеттің қарамағынан» ұлттық мәдениет мәселелерін, яғни ең алдымен мектеп ісін «алу» деп аталатын өлі утопиясын салыстырып көріңізші.

Мектеп ісі «мемлекеттің қарамағынан алынады», сөйтіп ол әрқайсысы «өзінің» «ұлттық мәдениетін» өркендететін 23 (Петербург жөнінде) «ұлттық одақтың» қолына беріледі!!

Бұл сияқты «ұлттық программаның» сорақылығын, реакцияшылдығын дәлелдеуге тіпті сөзді шығын етудің өзі адам күлерлік нәрсе.

Бұл сияқты жоспарды уағыздау *іс жүзінде* буржуазиялық ұлтшылдықтың, шовинизмнің, клерикализмнің идеяларын жүргізу немесе қуаттау болатыны айдан анық. Жалпы алғанда демократияның мүдделері, ал әсіресе жұмысшы табының мүдделері осыған дәл қарама-қарсыны талап етеді: *барлық* ұлттардың балаларын осы жердегі *бірыңғай* мектептерде *біріктіруге* күш салу керек; барлық ұлттардың жұмысшылары мектеп ісінде пролетарлық саясатты *бірігіп* жүргізетін болуы керек, бұл саясатты Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының атынан Владимир жұмысшыларының депутаты Самойлов өте жақсы тұжырымдап берді[92]. Біз мектеп ісін ұлт-ұлтқа қарай бө-

лудің қандайына болса да мейлінше батыл қарсы шығуға тиіспіз.

Біз мектеп ісінде ұлттардың қандай түрде болса да арасын межелеуді көздемеуіміз керек, қайта керісінше — ұлттардың тең праволылық негізде тату бірге өмір сүруінің негізгі демократиялық жағдайларын жасауды көздеуіміз керек. Біз «ұлттық мәдениетті» дәріптемеуіміз керек, қайта бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының интернационалдық (халықаралық) мәдениеті жолында бұл ұранның клерикалдық және буржуазиялық сипатын әшкерелеуіміз керек.

Ал бізден былай деп сұрар: Петербургтің 48 076 оқушы балаларының ішіндегі *жалғыз* грузин баласының мүддесін, тең праволылық негізде, қамтамасыз етуге мүмкін бе? Біз бұған былай деп жауап береміз: Петербургте грузиннің «ұлттық мәдениеті» негіздерінде ерекше грузин мектебін ашу мүмкін емес, ал мұндай жоспарды уағыздау халық бұқарасының арасына *зиянды* идеялар тарату болады.

Бұл балаға грузин тілінен, грузин тарихынан, т. с. лекциялар оқылуы үшін тегін қазыналық үй болуын, оған орталық кітапханадан грузин тілінде кітаптар алдырып тұруды, грузин мұғаліміне төленетін қаржының бір бөлегін қазынаның төлеуін, т. с. талап етіп, біз зиянды ештеңені де жақтамаймыз және мүмкін емес бірдеңеге ұмтылмаймыз. Нағыз демократия тұсында, мектептен бюрократизм мен «передоновшылдықты»[93] толық аластаған жағдайда бұған халықтың қолы әбден жете алады. Ал *барлық* ұлттардың жұмысшыларының басып қоспайынша, бұл нағыз демократияға жетуге *болмайды.*

Әрбір «ұлттық мәдениет» үшін ерекше ұлт мектептерінің болуып уағыздау — реакцияшылдық. Бірақ нағыз демократия жағдайында ана тілінде оқыту, туған халқының тарихын оқыту және басқа мүдделерін мектептерді ұлт-ұлтқа *бөлмей-ақ* әбден қамтамасыз етуге болады. Жергілікті толық өзін өзі басқару дегеніміз еш нәрсені күштеп таңуға болмайды — мысал үшін айталық — Кемь уезіндегі 713 карел балаларына (мұнда орыс балалары 514 қана) немесе Печорск уезіндегі 681

зырян баласына (орыс балалары 153), немесе Новгород уезіндегі 267 латыш балаларына (орыс балалары 7000-нан астам), т. т., т. т. еш пәрсені күштеп тануга болмайды деген сөз.

Іс жүзінде орындалмайтын мәдени-ұлттық автономияны уағыздау — сорақылық, бұл жұмысшыларды идея жағынан қазірдің өзінде-ақ тек бытыратып отыр. Барлық ұлттар жұмысшыларының бірігуін уағыздау барлық ұлттардың тең праволы болуына және неғұрлым тату бірге өмір сүруіне кепіл бола алатын пролетарлық таптық ынтымақтың табысқа жетуін жеңілдетеді.

«Пролетарская Правда» № 7, 14 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП-ның ҰЛТТЫҚ ПРОГРАММАСЫ ТУРАЛЫ

Орталық Комитеттің кеңесі ұлт мәселесі жөнінде «Хабарда» басылған қарарды қабылдады* және съездің күн тәртібіне ұлттық программа туралы мәселе қойды.

Контрреволюцияның бүкіл саясатында да, буржуазияның таптық сана-сезімінде де, Россияның пролетарлық социал-демократиялық партиясында да ұлт мәселесі қазіргі кезеңде не себепті және қалайша көрнекті орынға көтерілді — бұл жөнінде қарардың өзінде толық көрсетілген. Істің жағдайы толық айқын болып отырғандықтан, бұған тоқталып жатудың қажеті де бола қоймас. Маркстік теориялық әдебиетте бұл істің жағдайы және социал-демократияның ұлттық программасының негіздері соңғы кезде әбден баяндалды (бұл арада ең алдымен көзге түсетін — Сталиннің мақаласы[94]). Сондықтан біз бұл мақалада мәселені тек партиялық тұрғыдан қоюмен және столыпиндік-маклаковтық қысымнан жаншылған жария баспасөз айта алмай отырғанды түсіндірумен тынған орынды деп есептейміз.

Россияда социал-демократия аға елдердің, яғни Европаның, тәжірибесіне және осы тәжірибенің теориялық жемісіне, атап айтқанда марксизмге толығынан сүйеніп қалыптасып келеді. Біздің елдің өзіндік өзгешелігі және онда социал-демократияны құрудағы тарихи кезеңнің өзіндік өзгешелігі мынада: 1-ден, бізде — Европадан өзгеше — социал-демократия буржуазиялық революциядан *бұрын* қалыптаса бастады және буржуа-

* Қараңыз: осы том, 64—66-беттер. *Ред.*

зиялық революция жүріп жатқан *кезде* қалыптаса берді. 2-ден, бізде пролетарлық демократияны жалпы буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық демократиядан бөліп алу жолындағы сөзсіз күрес,—күрес болғанда, негізі жағынан барлық елдер бастарынан кешірген күреспен бірдей күрес,— марксизмнің Батыста да, бізде де теория жүзінде толық жеңіске жеткен жағдайларында жүріп жатыр. Сондықтан бұл күрестің формасы — эсте марксизм үшін күресуден гөрі, «маркстік дерлік» жел сөздерді бүркеніп отырған ұсақ буржуазиялық теорияларды жақтап немесе оған қарсы күресу.

Істің жайы «экономизмнен» (1895—1901) және «жария марксизмнен» (1895—1901, 1902) бастап осылай болды. Тарихи шындықтан қорқатын адамдар ғана бұл ағымдардың меньшевизммен (1903—1907) және жойымпаздықпен (1908—1913) өте тығыз, тікелей байланысты екендігін және тектестігін ұмыта алады.

1901—1903 жылдарда Россиядағы жұмысшы қозғалысының теориясы мен практикасында марксизмді алғаш рет және түбегейлі негіздеумен бірге РСДРП программасын дайындаған және дайындап шыққан ескі «Искра»[95] ұлт мәселесінде, басқа да мәселелердегі сияқты, ұсақ буржуазиялық оппортунизммен күресіп отырды. Бұл оппортунизм ең алдымен Бундтың ұлтшылдық әуестенулерінен немесе ауытқуларынан көрінді. Ескі «Искра» Бундтың ұлтшылдығына қарсы табанды күрес жүргізді, ал бұл күрес туралы ұмыту тағы да Иван Непомнящий болу, Россияның бүкіл социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының тарихи және идеялық базасынан өзін бөліп тастау деген сөз.

Екінші жағынан, 1903 жылы августа екінші съезде РСДРП программасын біржолата бекітер кезде күрес болды — бұл күрес съездің протоколдарында көрсетілген жоқ, өйткені бұл іс *программа комиссиясында* болды, бұған съезд тегісінен дерлік қатысты,—күрес бірнеше поляк социал-демократтарының «ұлттардың өзін өзі билеу правосына» күмән келтіруге тырысқан дөрекі әрекеттеріне қарсы, яғни оппортунизм мен ұлтшылдыққа мүлдем басқа жағынан ауытқуға қарсы болды.

Қазір, он жылдан кейін де, күрес тап сол негізгі екі *бағытта* жүріп жатыр, бұл да дәл солай өз ретінде осы күрестің Россиядағы ұлт мәселесінің барлық объективті жағдайымен терең байланысы барлығын дәлелдейді.

Австрияда Брюнн съезінде (1899) «мәдени-ұлттық автономия» программасын (Кристан, Элленбоген және басқалар қорғаған, оңтүстік славяндардың жобасында көрсетілген программаны) *қабылдамай тастады. Территориялық* ұлттық автономия қабылданды, ал социал-демократияның барлық ұлттық облыстардың міндетті түрде одақтасуын ғана насихаттауы «мәдени-ұлттық автономия» идеясымен *ымыраға келгендік* болып табылды. Бұл идеяның еврейлер жөнінде *қолдануға келмейтіндігін* бейшара идеяның басты теоретиктері ерекше, әдейі атап көрсеткеп.

Россияда—*әрқашандағыдай*—болмашы оппортунистік қатені оппортунистік саясат системасына айналдыруды өзіне міндет еткен адамдар табыла кетті. Германиядағы Бернштейн Россияда оңшыл кадеттерді, Струвені, Булгаковты, Туганды және К⁰-ні туғызғаны сияқты, Отто Бауэрдің «интернационализмді ұмытуы» да (мейлінше сақ Каутскийдің бағалауы бойынша!) Россияда еврейлердің *барлық* буржуазиялық партияларының және бірқатар ұсақ буржуазиялық ағымдардың (Бунд және эсерлердің ұлттық партияларының 1907 жылғы *конференциясы)* «мәдени-ұлттық автономияны» *толық* қабылдауын *туғызды.* Артта қалған Россия, былайша айтқанда, батыс европалық оппортунизмнің микробтары біздің тың топырағымызда толып жатқан *індеттерді* қалай туғызып отырғандығының үлгісін көрсетіп отыр.

Европада Бернштейнге «төзіп отыр» ғой деп көрсетуді бізде ұнататындар бар, бірақ «қасиетті» анамыз-Русьтен басқа дүние жүзінің ешбір жерінде бернштейншілдік струвизмді туғызбағанын, ал «бауэршілдік» еврей буржуазиясының жымысқы ұлтшылдығын социал-демократтардың ақтауына әкелмегендігін қоса айтуды ұмытып жүр.

«Мәдени-ұлттық автономия» атап айтқанда нағыз жымысқы, сондықтан да нағыз зиянды ұлтшылдық бо-

лып табылады, жұмысшыларды ұлттық мәдениет ұраны арқылы аздыру, мектеп ісін аса зиянды, тіпті антидемократиялық түрдегі ұлт-ұлтқа бөлуді насихаттау болып табылады. Қысқасы, бұл программа пролетариаттың интернационализміне сөзсіз қайшы келіп, ұлтшыл мещандардың мұраттарына ғана сай келеді.

Сонымен қатар *бір жағдай* бар, ол жағдайда марксистер, егер өздері демократия мен пролетариатқа опасыздық еткісі келмесе, ұлт мәселесінде бір арнаулы талапты, атап айтқанда: ұлттардың өзін өзі билеу *правосын* (РСДРП программасының 9-параграфы), яғни саяси жағынан бөлінуге правосы болуын қорғауға міндетті. Кеңестің қарарының бұл талапты бүге-шігесіне дейін түсіндіріп, дәлелдейтіні соншалық, тіпті түсінбейтіндей ештеңе қалмайды.

Сондықтан біз программаның осы пунктіне қарсы жасалып отырған таңданарлық түрпайы, оппортунистік қарсылықтардың сипаттамасына қысқаша ғана тоқталмақпыз. Бұл арада мынаны көрсете кетелік: программа өмір сүрген *10 жыл ішінде* РСДРП-ның *бірде-бір бөлегі,* бірде-бір ұлттық ұйым, бірде-бір облыстық конференция, бірде-бір жергілікті комитет, съездің немесе кеңестің бірде-бір делегаты 9-параграфты өзгерту немесе алып тастау туралы мәселе көтеруге талаптанған емес!!

Мұны есте сақтау қажет. Бұл бізге осы пунктке жасалған қарсылықта инеңің жасуындай болса да байсалдылықтың, партиялылықтың бар-жоқтығын бірден-ақ көрсетеді.

Жойымпаздардың газетінен Семковский мырзаны алып қараңыз. Ол партияны жойған адамның ұшқалақтығына салып былай деп мәлімдейді: «Біз Роза Люксембургтің программадан 9-параграфты мүлде алып тастау керек деген ұсынысына кейбір пікірлер тұрғысынан қосылмаймыз» («Новая Рабочая Газетаның» 71-номері).

Пікірлері құпия! Иә, біздің программаның тарихы жөнінде мұндай түрпайылыққа салынып отырғанда қалайша «құпияласпауға» болады? Өзінің ұшқалақтығы жағынан дәл сол теңдесі жоқ (қайдағы бір партия, программа деген сөз бе екен!) Семковский мырза Фин-

ляндия үшін ерекшелік жасап отырғанда қалайша «құпияласпауға» болады?

«Егер Польша пролетариаты Россияның пролетариатымен бірігіп бір мемлекеттің шеңберінде күрес жүргізгісі келсе, ал Польша қоғамының реакциялық таптары, мұның керісінше, Польшаны Россиядан бөліп алғылары келсе және референдум (жалпы халықтың пікірін сұрап шығу) кезінде осының пайдасына көпшілік дауыс жинап алса... не істеу керек: біздер, орыс социал-демократтары, орталық парламентте өзіміздің поляк жолдастарымызбен бірге бөлінуге *қарсы* дауыс беруіміз керек пе әлде, «өзін өзі билеу правосын» бұзбау үшін, бөлініп шығуды *жақтап* дауыс беруіміз керек пе?»

Шынында да, сондай аңғал, сондай шиеленіскен шым-шытырық сұрақтар беріліп отырғанда не істеу керек?

Өзін өзі билеу *правосының* мәнісі — мәселені шешетін нақ орталық парламент емес, оны шешетін *бөлініп шыққалы отырған азшылықтың* парламенті, сеймі, референдумы деген сөз, құрметті жойымпаз мырза. Швециядан Норвегия бөлініп шыққан кезде (1905 ж.), мұны *бір ғана* Норвегия шешкен (Норвегия Швециядан екі есе кіші).

Семковский мырзаның сумдық шатастырып отырғанын тіпті бала да көре алады.

«Өзін өзі билеу правосы» *мынадай* демократиялық құрылыстың — онда жалпы алғанда демократия болуы былай тұрсын, сонымен қатар бөлініп шығу туралы мәселені *демократиялық емес* жолмен шешудің өзі де *болмауға тиісті* құрылыстың болуын көрсетеді. Демократия, жалпы айтқанда, өршеленген және езуші ұлтшылдықпен сыйыса береді. Пролетариат мемлекеттің шеңберінде ұлттардың бірін күштеп ұстауды *болдырмайтын* демократияны талап етеді. Сондықтан, «өзін өзі билеу правосын бұзбау үшін», біздің міндетіміз, зерек Семковский мырза ұйғарып отырғандай, «бөлініп шығуды жақтап дауыс беру» *емес,* қайта бұл мәселені бөлініп шығатын облыстың *өзінің* шешуіне берудi жақтап дауыс беру.

«Ажырасуға *праволылық»* ажырасуды жақтап *дауыс беруді* керек етпейді, мұны тіпті Семковский мырза-

ның ақыл-ой қабілетінің өзімен-ақ түсіну қиын емес сияқты! Бірақ 9-параграф сыншыларының тағдыры солай болған соң қайтерсің, олар логиканың әліппесін де ұмытып кетіп отыр.

Норвегия Швециядан бөлінген кезде, швед пролетариаты, егер ол ұлтшыл мещандардың соңынан ергісі келмесе, Швецияның поптары мен помещиктері көксегеніндей, Норвегияны күштеп қосып алуды жақтап емес, оған қарсы *дауыс беріп*, қарсы үгіт жүргізуге *тиіс* болды. Бұл айқын және мұны түсіну онша қиын да емес. Өзін өзі билеу *правосының* принципі *үстем, езуші* ұлттардың пролетариатынан талап ететін үгітті шведтің ұлтшыл демократиясы жүргізбесе де болатын еді.

«Егер реакционерлер көпшілік болса, не істеу керек»,— деп сұрайды Семковский мырза. 3-кластағы гимназиске лайық сұрақ. Ал егер демократиялық жолмен дауыс беру реакционерлерге көпшілік дауыс әпере қалса, онда *орыс* конституциясы жөнінде не істеу керек? Семковский мырзаның беріп отырған сұрағы еріккендік, бос, іске жанаспайтын сұрақ — бұл, жұрт айтатындай, жетпіс ақылдының жауап беріп үлгіргенінен жеті ақымақтың сұрап үлгіргені көп болады дейтін сұрақтардың қатарына жататын сұрақ.

Демократиялық жолмен дауыс беру кезінде реакционерлер көпшілік дауыс алып шықса, онда тегінде мына сияқты екінің бірі болады, болуы да мүмкін: не реакционерлердің шешімі жүзеге асырылады, сөйтіп, оның зиянды нәтижелері бұқараны азды-көпті тезірек реакционерлерге қарсы демократия жағына итермелейді; не демократияның реакционерлермен жанжалы азамат соғысы немесе өзге бір соғыс арқылы шешіледі, мұндай соғыстың демократия кезінде де болуы мүмкін (бәлкім, бұл туралы тіпті Семковскийлер де естіген болар).

Өзін өзі билеу правосын мойындау «нағыз барып тұрған буржуазиялық ұлтшылдыққа» «қызмет етеді» деп сендірмек болады Семковский мырза. Бұл — баланың сандырағы, өйткені бұл *правоны* мойындау бөлінуге *қарсы* насихат пен үгітті де, буржуазиялық ұлтшылдықты әшкерелеуді де ешбір жоққа шығармайды. Оның

ececiне мүлде даусыз нәрсе мынау: бөліну *правосын* теріске шығару *нағыз барып тұрған великорустық қаражүздік* ұлтшылдыққа «қызмет етеді»!

Роза Люксембургтің адам күлерлік қатесінің түйіні де осында,— осы қатесі үшін оны герман социал-демократиясында да, орыс социал-демократиясында да (август, 1903) әлдеқашан келеке еткен болатын,— езілген ұлттың буржуазиялық ұлтшылдығына қызмет етуден үрейленген адамдар *езуші* ұлттың буржуазиялық ұлтшылдығына ғана емес, сонымен қатар қаражүздік ұлтшылдығына да қызмет етіп отыр.

Егер Семковский мырза партия тарихы мен партия программасы істерінен мүлде хабарсыз болмаған болса, ол өзінің Плехановты теріске шығару міндетін түсінген болар еді, Плеханов *осыдан 11 жыл бұрын* «Заряда»[96], РСДРП программасының жобасын (1903 жылдан бастап программасы болған) қорғай келіп, өзін өзі билеу правосын *әдейі* бөліп қарап (38-бет), ол туралы былай деп жазды:

«Бұл талап — буржуазияның демократтар үшін тіпті теория жүзінде де міндетті емес — социал-демократтар ретінде біздер үшін міндетті. Бұл туралы біз ұмытсақ немесе великорус ұрпағынан шыққан отандастарымыздың ұлттық соқыр сенімдерін қозғаудан қауіптеніп, ол талапты қоюға батылымыз бармаса, онда халықаралық социал-демократияның: «барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген айбынды ұраны біздің сөзімізде масқара өтірік болып шығар еді».

Плеханов кеңестің қарарында толық дамытылған негізгі дәлелді — дәлел болғанда, Семковский мырзалар 11 жыл бойына назар аударғысы келмеген дәлелді — «Заряда» әлдеқашан ұсынған болатын. Россияда великорустар 43 процент, алайда великорус ұлтшылдығы халықтың 57 процентіне үстемдік жүргізуде және барлық ұлттарды жаншуда. Национал-реакционерлерге бізде қазірдің өзінде *национал*-либералдар (Струве және К⁰, прогрессистер, т. т.) қосылды және национал-демократизмнің «алғашқы қарлығаштары» пайда болды (Пешехонов мырзаның 1906 жылы августа мужиктің ұлтшылдық соқыр сенімдеріне сақтықпен қарауға шақырғанын еске түсіріңіз)[97].

Россияда тек жойымпаздар ғана буржуазиялық-демократиялық революцияны аяқталды деп есептейді, ал дүние жүзінің барлық жерінде *мұндай* революцияның серігі ұлттық қозғалыстар болып келді және бола береді де. Дәл Россияның өзінде толып жатқан шеткері аймақтарда езілген ұлттардың бар екендігін көреміз, мұндай ұлттар көршілес мемлекеттерде көбірек еркіндікпен пайдаланып отыр. Экономика жағынан еркін дамуға *аса үлкен* кедергі болып және великорустардың ұлтшылдығын барынша қоздырып отырған патша өкіметі көршілес мемлекеттерден гөрі реакцияшыл. Әрине, марксист, *басқа жағдайлары тең болғанның өзінде,* қашан да ұсақ мемлекеттерге қарағанда ірі мемлекеттердің болғанын артығырақ қалайды. Бірақ патша монархиясы тұсындағы жағдайлардың европалық мемлекеттердің барлығындағы және азиялық мемлекеттердің көпшілігіндегі жағдайлармен бірдей болуы туралы ойлаудың өзі кісі күлерлік әрі реакцияшыл нәрсе.

Сондықтан қазіргі Россияда ұлттардың өзін өзі билеу правосын теріске шығару күмәнсыз оппортунизм және осы уақытқа дейін құдіретті күш болып отырған қаражүздік великорус ұлтшылдығына қарсы күресуден бас тарту болып табылады.

«Социал-Демократ» № 32,
15 (28) декабрь, 1913 ж.

«Социал-Демократ» газетінің текстi бойынша басылып отыр

КАУТСКИЙДІҢ ӨРЕСКЕЛ ҚАТЕСІ ТУРАЛЫ

Біз «Пролетарская Правданың» 6-номерінде Каутский жолдастың Халықаралық социалистік бюрода орыс істері талқыланған кезде сөйлеген сөзін*, орыс істері жөнінде өзінің мүлде және өкінішті хабардар еместігімен кез келген орыс оқушысын таңдандыратын сөзін атап көрсеткенбіз.

Каутский өзінің сөзінде: Россияда «ескі партия өлді» деді. Бұған білдірілген қарсылыққа жауап ретінде Каутский екінші сөйлеген сөзінде: «мен орыс социал-демократиясы өлді дегенім жоқ, мен тек ескі формалар қирады, сондықтан жаңа формаларды жасау керек дегенді айтып отырмын» деді. Каутский делегаты болған неміс партиясының орталық органы,—«Vorwärts» («Алға») істі осылай баяндайды. «Алға» сол Каутский тұратын қалада шығады, сондықтан Каутский онда өзінің сөзін теріс беріп отыр деп тапқан болса, әрине, ол есепке өзінің түзетуін дереу енгізген болар еді, ол өзі бүтін бір партияның, оның үстіне Интернационалда өкіл болып отырған партияның «өмір сүруі туралы мәселеге» қарағанда әлдеқайда маңызы кемдеу мәселелер жөнінде де талай рет осындай түзетулерді енгізіп отырған-ды.

Міне «Новая Ликвидаторская Газетаның» 101-номерінде Халықаралық бюроның мәжілісі туралы газеттің *өзінің* есебі шықты. Онда Каутскийдің екінші сөйлеген

* Қараңыз: осы том, 230—233-беттер. *Ред.*

сөзі «партия өлді» деген өзінің мәлімдемесінен Каутский тікелей *танды* дегендей етіп көрсетілген.

Шындығында Каутский екінші рет сөз алғанда өзі айтып салған және орыс партиясының өмірімен асқан өкінішті түрдегі таныс еместігінен туған өзінің көзқарасынан батыл бас тарту үшін алған болса, онда бұған біз бірінші болып қуанар едік. Бірақ — әттең!— неміс партиясының орталық органы берген хабарға сенуден гөрі «Новая Ликвидаторская Газета» беріп отырған хабарга көбірек сенуге біздің ешқандай негізіміз жоқ.

Жойымпаздық газет мәселені жуып-шаюға тырысып отыр. Бірақ мәселе анық. Каутский өзінің ескі партия «өлді» деген сөзімен орыс жұмысшы қозғалысының фактілерімен таныс еместігін көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар шетелдік жолдастарымызға жойымпаздардың шетелдік өсекшілерінің қандайлық әсер етіп отырғандығын әшкерелеп берді.

Өзінің асқан сорақы сөзін айтып қалды да, ол сөз қарсылыққа кездескен соң, Каутский түзелуге әрекет етті: герман социал-демократиясының орталық органы «Алғаға» қарасаң ол нашар түзелген, жойымпаздық корреспонденцияға қарасаң — тәуір түзелген, бірақ айтарлықтай емес,— өйткені социал-демократияның «формасы» деген партия емей немене?

Бірақ әңгіме Каутский қалай *түзелген* дегенде емес, әңгіме оның қандай өрескел қате *жасағанында* — бұл қате жойымпаздардың шетелдегі әрекеттерінің нәтижесі. Россияның саналы жұмысшылары шетелдік өсекшілерді, әрине, оп-оңай әшкерелей алар еді. Бұған тек ниет қойса болғаны. Олар енді, ақырында, ниет қоюға тиіс те! Олар өздерінің қозғалыстары жөнінде шетелдік жолдастарды хабардар етіп отыру жұмысын ұйымдастырғанда бұл жұмысты шетелдік жауапсыз топсымақтардың қолынан жұлып алатындай етіп ұйымдастырулары керек. Олар шетелдік партиялардың хабардар еместігін (табиғи түрдегі) өздерінің жойымпаздық мақсаттарына пайдалануды көздеп жүрген өсекшілердің әрекеттерін *іске асыртқызбай тастауға* тиіс. Сондықтан да біз жұмысшы жолдастарды маркситер мен жойымпаздардың арасындағы алауыздықты айқындауға деген

Халықаралық бюроның шақыруына мүмкіндігінше жігерлі түрде жауап беруге шақырдық. Шетелдік жолдастар, ақырында, жойымпаздардың өсекшілерін емес, жұмысшылардың өздерінің дауысын естісін. Біз интернационалдық бірлік идеясын бағалайтын болсақ, бұл маңызды іс, бұл қажетті іс.

Алауыздықты шын айқындауға, шетелдік жолдастарды қарарлар, шешімдер арқылы, жұмысшылардың өздерінің дауыс беруі арқылы хабардар етуге осылай шақыруды біз Бюро мәжілісінде болған фактілерді жойымпаздардың бүркемелемекші, бұрмаламақшы болған әрекеттеріне қарсы қоямыз.

«Пролетарская Правда» № 8,
15 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ ШЕШІМІ ТУРАЛЫ ҚАРАР

Біз жұмысшы Интернационалының Россияда жұмысшы қозғалысына қатысушы саяси бағыттардың арасында орын алып отырған елеулі және түбегейлі алауыздықтарды толық және ақырына дейін айқындау қажеттігі жөніндегі шешімін қызу құттықтаймыз.

Интернационалдың ұсынысын мақұлдай отырып, біз, өз тарапымыздан, біздің пікірімізше, марксистер мен жойымпаздарды бітіспес екі лагерьге бөліп отырған негізгі алауыздықтарды көрсетіп беруді қажет деп санаймыз.

Біз ең алдымен мынаны мәлімдейміз: мәселе саналы жұмысшы атаулы үшін қандай да бір жаңа тұтас ұйым құруда болып отырған жоқ, қайта өзі бұдан 15 жылдан астам бұрын қалай қалыптасқан болса, дәл солай етіп, ескі программасымен және өзінің аса маңызды тактикалық шешімдерімен қосып, сол бұрынғы ұйымды нығайту және толық қайта құру жөнінде ғана болып отыр. Жойымпаздар осы маркстік ұйымнан бөлініп шықты. *Думадан тыс* жұмыс саласында олармен толық бірлікті қалпына келтіруге қажетті шарттар мыналар:

1) «астыртын ұйымды» толық және сөзсіз (іс жүзінде) мойындау, оның ұяларының шешімдеріне сөзсіз бағыну және ешбір ретте де баспасөз бетінде оған қандай да болсын шабуыл жасауға жол бермеуге міндеттеме алу.

2) Дәуірдің басты міндеті Россияның жұмысшы табы алға қойып отырған негізгі үш талап екендігін толық және сөзсіз мойындау, осы рухта жұмыс жүргізіп оты-

ру және бұрынғы міндеттерден безуге шақыратын либералдық-реформистік уағыздан бас тарту.

3) Марксистердің программасын өзгерту әрекеттерінің бәрін (мәдени-ұлттық автономия) кері қайтып алу және 1903 жылы жасалған программаны сөзсіз мойындау.

4) Стачкалық қозғалысқа байланысты мәселелерде маркстік-ұйымдасқан жұмысшылардың шешімдеріне толық бағыну және «стачкаға құмарлық» деп аталатынға қарсы күресуден бас тарту.

5) Пролетариаттың *дербес* тактикасын іс жүзінде мойындап, либералдармен блок жасасу мүдделеріне бола жұмысшы табының міндеттерін кемсітуден бас тарту.

6) Кәсіптік одақтарда жұмыс жүргізу туралы мәселеде Штутгарттағы халықаралық социалистік конгрестің және Россия марксистерінің Лондон конгресінің шешімдерін басшылыққа алу керек екенін мойындау.

7) Жұмысшы ұйымдарын ұлттық белгілері бойынша құру принципінен бас тарту. Польшада және Солтүстік-батыс өлкеде *біртұтас* ұйымдар құру. Жергілікті жерлерде тұтас бір ұйымға бірігу туралы Россия марксистері талай рет қайталап айтқан шешімді Бундтың орындайтын болуы.

Думадағы жұмыс саласында бірліктің шарттары мыналар:

I. Фракцияны маркстік тұтастың ұйымдасқан еркіне сөзсіз бағынатын органы деп тану.

II. Программаны бұзу атаулының бәрін (мәдени-ұлттық автономия, Ягеллоны қабылдау, т. т.) кері қайтып алу.

III. Халықаралық социалистік бюроға жолдаған хатында Г. В. Плеханов та айыптаған жетеудің жікшілдік әрекеттерін айыптау.

Жалпы пікір алысу үшін Халықаралық бюроның байланыс жасауы пайдалы болатын фракцияларға келетін болсақ, онда біз ең алдымен мынаны талап етеміз: бұл пікір алысуға Россияда өмір сүріп отырған жұмысшы ұйымдарының өкілдері *ғана және тек солар ғана* қатысуы керек, ал орыс жұмысымен байланысы жоқ шетелдік үйірмелер ешбір ретте де қатыстырылмауға тиіс.

Одан соң біз былай деп ұйғарамыз: 1) не Россияда күресіп жатқан негізгі *екі* ағымның, яғни марксистер мен жойымпаздардың өкілдерін *ғана* шақыру керек, 2) не болмаса, егер Россия социал-демократтары мен өздерін социал-демократтармыз деп есептейтіндердің арасындағы жалпы алауыздықтың бәрін айқындап алуды қалайтын болса, онда Россияда жұмыс істеп жатқан және өздерін социал-демократияға жақынбыз деп санайтын жұмысшы ұйымдарының бәрін түгелдей шақыру керек. Бұл жағдайда кейбір солшыл халықшылдарды да, сондай-ақ өздерін социалистік топтармыз деп санайтын, Бундпен бәсекелесуші еврей топтарын және т. т. қатыстырмай есептен шығарып тастауға негіз жоқ.

Ақырында, біз орыс социал-демократтарының арасындағы алауыздықтарды дұрыс баяндау үшін шетелдің социалистік баспасөзі орыс ұйымдарының жауапты өкілдеріне өз беттерінен орын берер деген сенімімізді білдіреміз, бұлар — эмиграңттық үйірмелерден және жауапсыз адамдардан өзгеше — шетелдік жолдастарға орыс жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтардың идеялық-саяси негізі жөнінде дәлме-дәл түсінік бере алған болар еді.

Ұйымдасқан марксистер тобы

«Пролетарская Правда» № 9
17 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

«С.-Петербург оқу округіндегі халық мектептері (18. I. 1911)» деген кесте; бұл кестені В. И. Ленин құрастырған.— 1913 ж. аяғы

Ғ. [illegible]

Нач. школы в СПб уч. округе (1.I.1911):

Положено законоучит[елей]...

	ч-ло училищ	Ч-ло учащих м.	ж.	Σ	Число учащихся м.	?	Σ	Среднее ч-ло ...	...	Продолж. курса ...	Ч-ло учащих с высш. образ. м.	... ж.	... всего	Среднее годовое содержание учащих м.	ж.	Расход в рублях	Расход на 1 учащ. в руб.
Города: Городск. одн. ...	329	14	864	878	22.590	22.771	45.361	2_6	12_4	7	1	670	671 (76%)	916	924	2.434.216	54
Частные III р. ...	139	36	298	334	2678	2.071	4.749	3_5	15_2	8	16	209	225 (67%)	453	609	183.174	39
Ц.-пр. одн. ...	177	42	232	274	5.568	5.522	11.090	2_6	12_7	8	1	50	51 (18%)	352	302	189.725	17
Селения: Земские одн. ...	2541	1506	2845	4.351	101.644	49.606	151.250	2_5	10_1	9	15	856	871 (20%)	393	374	2.627.078	17
Ч. III р. ...	33	5	49	54	547	479	1026	2_8	12_1	6	—	37	37 (68%)	280	267	23.944	23
Ц.-пр. одн. ...	2506	852	1.948	2800	61174	30.211	91.385	2_4	9_6	9	11	59	70 (2,5%)	287	301	1.102.013	12

% ко всему ч-лу учащих

ТАҒЫ ДА МЕКТЕП ІСІН ҰЛТ-ҰЛТҚА БӨЛУ ТУРАЛЫ

Марксистер, біздің билеп-төстеуші топтар мен оңшыл октябристік партиялардың дөрекі, реакциялық ұлтшылдығынан бастап, буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық партиялардың азды-көпті жымысқы, бүркемеленген ұлтшылдығына дейін, ұлтшылдықтың барлық түрлеріне қарсы батыл күрес жүргізіп отыр.

Реакциялық немесе қаражүздік ұлтшылдық ұлттардың бірінің пұрсаттылығын қамтамасыз етуге тырысады, басқа ұлттардың бәрін бағынышты, тең правосыз, тіпті мүлде правосыз жағдайға душар етеді. Бірде-бір марксист, тіпті бірде-бір демократ мұндай ұлтшылдыққа мейлінше қарсы болмай қоймайды.

Буржуазиялық және буржуазиялық-демократиялық ұлтшылдық, соз жүзінде ұлттардың тең праволы болуын мойындап, іс жүзінде ұлттардың біріне кейбір пұрсаттылық болуын қорғайды (көбінесе жасырын түрде, халықтың сыртынан) және үнемі «өз» ұлтына (ягни өз ұлтының буржуазиясына) үлкен пайда келтіруге, ұлттарды бөлуге, арасын ашуға, ұлт ерекшелігін, т. т. дамытуға тырысады. Буржуазиялық ұлтшылдық көбінесе «ұлттық мәдениет» туралы айтып, бір ұлтты екінші ұлттан бөлетін нәрсені баса көрсетіп, әр түрлі ұлттардың *жұмысшыларының арасын ашады* және «ұлттық ұрандармен» олардың басын айналдырады.

Саналы жұмысшылар ұлттық езгі *атаулыға* қарсы, ұлттық пұрсаттылық *атаулыға* қарсы күресе отырып, мұнымен шектелмейді. Олар қандай да болсын ұлтшылдықпен, тіпті неғұрлым жымысқы ұлтшылдықпен де күреседі, күрескенде, реакцияға, буржуазиялық ұлт-

шылдық атаулыға қарсы күресте *барлық* ұлттардың жұмысшыларының бірлігін ғана емес, сонымен қатар *бірігуін* де қорғай отырып күрес жүргізеді. Біздің ісіміз — ұлттардың арасын ашу емес, қайта барлық ұлттардың жұмысшыларын топтастыру. Біздің туымызға «ұлттық мәдениет» емес, барлық ұлттарды жоғары социалистік бірлікке қосатын *интернационалдық* (халықаралық) мәдениет жазылған, бұл мәдениет капиталдың интернационалдық бірігуі арқылы қазірдің өзінде-ақ әзірленіп жатыр.

Ұсақ буржуазиялық, мещандық ұлтшылдықтың әсері «мәдени-ағарту автономия» дейтінді қорғайтын, яғни мектеп ісін (жалпы алғанда ұлттық мәдениет ісін де) мемлекет қолынан алып, жеке ұлттардың қолына беруді қорғайтын кейбір «социалистер-сымақтарға» да тиді. Марксистердің *ұлттар арасын ашатын* осы уағызға қарсы, осы жымысқы ұлтшылдыққа қарсы, *мектеп ісін ұлт-ұлтқа бөлуге* қарсы күрес жүргізіп отырғаны түсінікті. Біздің бундшылдар, ал содан соң жойымпаздар, программаға *қарамастан,* «мәдени-ұлттық автономияны» қорғамақшы болған кезде, оларды большевиктер ғана айыптап қойған жоқ, сонымен қатар партияшылменьшевиктер де (Плеханов) айыптады.

Қазір Ан мырза «Новая Рабочая Газетада» (№ 103) мәселенің өңін өзгертіп, бізді мейлінше балағаттап, нашар істі қорғап көрмекші. Балағаттауды біз сабырлылықпен ысырып тастаймыз,— мұның өзі жойымпаздардың дәрменсіздігінің белгісі ғана.

Ана тіліндегі мектептер — деп сендірмек болады Ан мырза — мектеп ісін ұлт-ұлтқа бөлу деген сөз; правдистер бұратана халықтан олардың ұлттық мектептерін тартып алғылары келеді!

Ан мырзаның мұндай тәсілі күлкіні ғана келтіре алады, өйткені правдистер тілдердің барынша толық тең праволы болуын, тіпті мемлекеттік тілдің керексіздігін де жақтайды, мұны жұрттың бәрі біледі! Ан мырза дәрменсіз ашуға басып, есінен тана бастады,— бұл қауіпті іс, құрметті Ан мырза!

Ана тілі правосы марксистер программасының 8-параграфында әбден дәл және айқын мойындалған[98].

Егер Ан мырзаның айтқаны дұрыс болып, ана тіліндегі мектеп дегеніміз мектеп ісін ұлт-ұлтқа болудің дәл өзі болса,— онда 1903 жылы «мәдени-ұлттық автономияны» *қабылдамай тастаған* съездің дәл өзінде *ана тілін толық* мойындаған программаны бундшылдардың 1906 жылы, жойымпаздардың 1912 жылы «толықтыруының» (ал, дұрысырағы, *бұрмалауының)* не қажеті болды?

Жоқ, Ан мырза, мәселенің өңін айналдыру және бұл программаны жойымпаздардың *бұзғанын,* Плеханов жолдастың сөзімен айтқанда, олардың «социализмді ұлтшылдыққа бейімдеуін» шу көтеріп, байбалам салып, балагаттау арқылы бүркемелеу сіздің қолыңыздан келмейді.

Біз программаны бұзғымыз келмейді. Біз социализмді ұлтшылдыққа бейімдегіміз келмейді. Біз толық демократияның болуын, тілдердің толық еркін және тең праволы болуын жақтаймыз, біз бұлай етумен «мектеп ісін ұлттарға беруді», «мектеп ісін ұлт-ұлтқа бөлуді» ешбір қорғамаймыз.

«Мәселе мектептерді ұлт-ұлтқа болу туралы болып отыр ғой,— деп жазады Ан мырза,— демек, бірінің дамуына бірі кедергі жасайтын бұл ұлттар өз орнында болуға тиіс, олай болса, халыққа білім беру саласында да *олардың арасын ашу қажет».*

Жойымпаздықтың Ан мырзаны социализмнен аулақ ұлтшылдық жағына қалай тартып отырғанын біз астын сызып көрсеткен сөздер айқын аңғартады. Бір мемлекеттің шеңберінде ұлттардың *арасын ашу* зиянды; сондықтан біздер, марксистер, оларды *жақындастыруға, біріктіруге* тырысамыз. Біздің мақсатымыз — ұлттардың «арасын ашу» емес, қайта олардың тең праволы болуын толық демократиямен қамтамасыз ету, Швейцариядағы* сияқты, бірге тату (біршама) өмір сүрулерін қамтамасыз ету.

«Пролетарская Правда» № 9,
17 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

---

* Аң мырза «Швейцарияның кантондарында да ұлт араластығы жоқ» деп батыл айтады. Біз оған *төрт* кантонды: Берн, Фрейбург, Граубюнден, Валлис кантондарын атап берсек, ол ұялып қалмас па екен?

БІЗДІҢ МЕКТЕПТЕР ТУРАЛЫ

1911 жылы 18 январьда жүргізілген Бүкіл россиялық мектептер санағы,— деректердің барынша нашар өңделгеніне қарамастан,— қазыналық құпияның пердесін сәл-пәл ашуға мүмкіндік береді.

Әзірге тек Петербург оқу округі туралы ғана—қалалар мен селолар бойынша жеке-жеке деректер бар. Осы деректерді негізге алып, *шіркеу-приход* мектептерінің қандай екенін қарап көрейік.

Қалаларда қалалық бір класты 329 училище, жеке адамдар ұстайтын III разрядты 139 мектеп және бір класты 177 шіркеу-приход мектебі болған. Мұғалималардың орташа жалақысын салыстырайық (мұғалімдердің саны онша көп емес):— қалалық мектептерде — жылына 924 сом, жеке адамдар ұстайтын мектептерде— 609 сом, шіркеу-приход мектептерінде — *302 сом.*

Қайыршы, аш-жалаңаш мұғалималар — біздің шіркеу-приход мектептері дегеніміз, міне, осындай.

Жоғары және кәдуілгі жалпы орта білімі бар оқытушылардың проценті қаншалықты жоғары екенін қарап көрейік. Қалалық мектептерде — 76 процент, жеке адамдар ұстайтын мектептерде — 67 процент, шіркеу-приход мектептерінде — 18 процент!

Білімсіз мұғалималар (дін сабақтарын беретін мұғалімдер жайында әзір сөз етіп те отырғанымыз жоқ) — біздің шіркеу-приход мектептері дегеніміз, міне, осындай.

Деревняларда 3545 бір класты земство мектебі және 2506 бір класты шіркеу-приход мектебі бар. Земство

мектептерінде мұғалималардың орташа жалақысы жылына 374 сом, шіркеу-приход мектептерінде — *301 сом.*

Земство мектептерінде білімді мұғалімдердің (жалпы оқытушылардың) проценті — 20 процент, *шіркеу-приход мектептерінде* — 2,5 процент,— тағы да дін сабақтарын беретін мұғалімдерді есептемегенде.

Шіркеу-приход мектептерінің жағдайы қаншалықты аянышты екенін осы деректерден көруге болады!

Санақ орта есеппен бір оқушыға неше шаршы аршын еден және неше текше аршын ауа келетіні туралы да, яғни мектептердің тарлығы туралы да деректер жинаған.

Земство мектептерінде 2,6 шаршы аршын еденнен және 10,1 текше аршын ауадан, шіркеу-приход мектептерінде — 2,4 шаршы аршын еденнен және 9,6 текше аршын ауадан келеді.

Еденнің аумағы жарық беретін терезелердің аумағынан 6 есе үлкен болуға тиіс. Ал іс жүзінде еденнің аумағы 9 есе үлкен болып отыр, яғни мектептердің тарлығы былай тұрсын, оның үстіне *қараңғы* да.

Әрине, бұл деректер мейлінше мардымсыз. Мектептеріміздің қайыршылық жағдайы туралы егжей-тегжейлі, дәлме-дәл, толық деректердің *жиналмауы* үшін министрлік бар күшін салып тырысып бақты.

Дегенмен, шіркеу-приход мектептерінің аянышты, қайыршылық жағдайы тіпті толық емес, төрешілдік-күзелген, нашар өңделген деректердің өзінен-ақ көрініп тұр.

Мәдени-ағарту және жұмысшылардың кәсіптік ұйымдары өкілдерінің болғалы отырған халық ағарту жөніндегі Бүкіл россиялық съезіндегі көкейтесті міндеттерінің бірі — біздің мектептердің және мектеп мұғалімдерінің жағдайы туралы мәселені жан-жақты қойып, жан-жақты баяндау.

«Пролетарская Правда» № 10, 18 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ГОРСКИЙ МЫРЗА ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ЛАТЫННЫҢ БІР МАҚАЛЫ ТУРАЛЫ

«Қылмыс жазасына жататын әрекеттер» туралы өкінішті пункт қабылдаған жетеудің көрінеу қатесін Горский мырза жойымпаздардың газетінде жақтап отыр. Горский мырза, жалтаруыңыздың бәрі бекершілік! Ф. Д.-нің жобасын білмедім деп сіз бекер айтасыз — оны өз газетіңіздің редакциясы арқылы оп-оңай тауып алуыңызға болады. Ф. Д. «табуға болмайтын» куәның ролін атқармай-ақ қойсын. Бұл күлкі болар еді.

Ленин, Зиновьев және Каменев «өздерінің үндемеуі арқылы» Ф. Д. мен оның достарының жобасына жауапкершілікті өз мойындарына алды деп Горский мырза босқа сендірмек болады. Жалғанның жарығына шыға келетін өрескелдік атаулыны теріске шығарып отыру үшін, бұл аталған үш әдебиетшінің әрқайсысына 10 секретарьдан және бір-бір ерекше газеттен керек болар еді.

Горский мырза *ең нашар* (мүмкін болғанынан) социалистердің тасасына бекер жасырынады, мұндай социалистер «қылмыс жазасына жататын әрекеттерді» жайына лақтырып тастамағанның өзінде бұларға деген жазаны *азайтқан* болар еді. Латынның бір жақсы мақалы бар, онда былай дейді: «қателесу кімге болса да тән, ал қатені жақтап қасарысу тек кещеге тән».

Горский мырза мен Ф. Д. мырза, осы мақалды еске түсіріңіздер, сөйтіп жетеуге заң жобасынан «қылмыс жазасына жататын әрекеттер» туралы октябристік пунктті алып тастауға кеңес беріңіздер!

«Пролетарская Правда» № 10, 18 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ТАҒЫ ДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРО ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДАР ТУРАЛЫ

«Новая Ликвидаторская Газета» публицистерінің негізгі белгісі — дәрменсіз ашу қоздырып отырған екіжүзділік, мұның өзі олардың Халықаралық бюроның шешімдері[99] жөніндегі мақалаларында жеткен шегіне еш уақытта да жетіп көрген емес.

Олардың қандай іске дейін барғандығы мынадан-ақ корінеді: осы тақырыпта олардың алғашқы мақалалары шығысымен-ақ Халықаралық социалистік бюроның секретары Гюисманс «Новая Рабочая Газетаның» орыс оқушыларының «бейхабарлығын өздерінің фракциялық мүделері үшін пайдаланбақ» болған әрекеттеріне қарсы өзінің наразылығын, Бюроның шешімдері туралы жойымпаздардың басып шығарып отырған хабарларының «сөзсіз терістігіне және арам ниеттілігіне» қарсы өзінің наразылығын орыс жұмысшыларына жеткізу үшін Попов жолдасқа уәкілдік беруге мәжбүр болды.

«Новая Рабочая Газетаның» публицистері Бюро секретарының аузынан осыншама анық естілген... мінездеме алғаннан кейін, олардың *бізді* Лондонда қабылданған шешімдердің шын сипатын бұрмалады деп айыптауға тырысуына біз жайбарақат соқпай өте аламыз. Бюро шешімдерін «өздерінің фракциялық мүделері үшін пайдаланды» және бұл шешімдерге «арам ниетпен» қарады деп Бюро секретары жұртшылық алдында әшкерелеген адамдар өздерінің Интернационалды қадірлейтіндігі және т. т. туралы тілегенінше айғайлай берсін,— оларға ешкім де сене қоймас. Қолданылып отырған айла-шарғыларының шынында не екенін қазір көз

келген жұмысшы біледі, Д. мырза осы айла-шарғыларды пайдаланып, Бюроның қарарларынан партияны «құрудың әдістерін» де, большевиктік алтауды «айыптауды» да, біздің «талаптарымызды» «қабылдамауды» да, солшылдардың социал-демократиялық сипаты бар екенін «мойындауды» да тауып алуға мейлінше жанталаса тырысады. Бюроның қарарлары жөнінде әдеби сиқыршылыққа салыну — бұл қарарларды қадірлегендіктің белгісі бола қоймайды, Д. мырза!

Алайда бұл сиқыршылар қаншама сасқалақтады десеңізші! Әр қадам сайын олардың өздерін өздері қалай теріске шығаруға мәжбүр болып отырғанына қарап көріңіз!

1) Д. мырза 102-номерде салтанатты түрде былай деп хабарлайды: «Фракциядан 6 депутаттың кетіп қалғандығын Халықаралық социалистік бюро *айыптады»;* бұдан бір номерден соң, 104-номерде басқа бір сиқыршы, Л. С. мырза, әлгіден кем соқпайтын салтанатты түрде былай деп мәлімдеді: «Халықаралық социалистік бюро мақтау қағаз да шығарған жоқ, *жазғырған да жоқ».* Сөйтіп — байқап қойыңыз! — құрметті екі сабаздың екеуі де Бюроның шешіміне мейлінше риза: біреуі Бюро «айыптағаны» үшін, ал екіншісі Бюро ешқандай айып тақпағаны үшін риза! Сасқалақтаудың бұдан өткен көрінісін көзге елестетуге болар ма екен?

Ал жойымпаз мырзалардың сасқалақтайтын жөні де бар! Бюро қарарының негізгі пунктінде тұпа-тура былай делінген: *бірлікке қарай қандай да болсын практикалық қадам жасаудан бұрын ең алдымен қазіргі орын алып отырған алауыздықтарды алдын ала анықтап алу керек.*

Ал бұл өте дұрыс шешім.

Егер біз «бірлік» деген атақпен жұмысшы табына мейлінше әр алуан элементтердің қалыптаспаған қойыртпағын әкеп тартқымыз келмейтін болса, егер біз *жұмыста* шын бірлік болуын тілейтін болсақ, онда бұған жету жолындағы міндетті бірінші қадам — «келіспеушіліктің пункттерін» дәлме-дәл анықтап алу болуға тиіс. «Жалпы пікір алысу» арқылы «келіспеушіліктің пункттері» дәлме-дәл анықталатын болсын, міне, сонда бірігуге

қарай жасалатын белгілі бір практикалық қадамдар туралы айтуға болатын-болмайтындығы анықталады. Бюроның қарарында мәселенің қойылысы осындай. Мәселенің бұлай қойылуын біз бүтіндей қуаттаймыз. Халықаралық социалистік бюроның ұсынысына біз жұмысшыларды: алауыздықтарды тағы да бір рет байыпты түрде және зейін қойып талқылауға, келіспеушіліктің әрбір пункттері бойынша өз пікірлерін айтуға шақыру арқылы жауап бердік. Қазір болып отырған алауыздықтармен шетелдік жолдастардың танысуына біз өз тарапымыздан барынша көмектесеміз деп оларға уәде бердік. «Пролетарская Правданың» 9-номерінде басылған қарар бізді жойымпаздардан ажыратып отырған қағидалардың жөн-жосығын мейлінше дұрыс айтып береді*. Бюроның ұсынысына біздің беретін жауабымыз осындай болуға тиіс, ал Бюроның «келіспеушіліктің пункттері жөнінде жалпы пікір алысу» керек деген шешіміне байсалды қарайтын адам үшін, әрине, бұдан басқа жол болған жоқ және бұдан басқа жол жоқ та.

Бірақ,— ал барлық мәселе осында болып отыр!— жойымпаз мырзалар үшін қазір үстем болып отырған теориялық, программалық, тактикалық және ұйымдық алауыздықтарды анықтаудан бетер қолайсыз, керексіз, жарамсыз еш нәрсе жоқ. Олардың Бюро қарарына байланысты істеп отырған қулық-сұмдықтарының, бұрмалауларының, балағаттауларының бәрі қарардың алауыздықтарды алдын ала анықтап алу жөніндегі осы талабын *басып тастауға* ғана бағытталған. Л. С. мырза да, Д. мырза да барынша алдын орайды: Л. С. мырза бірігушілердің идеялық «формулярымен» «анықтама» алмай-ақ бір шарасын істеп «бірігуге» болмас па екен; «ескі журналдар мен газеттерден цитаттар» келтірмей-ақ қоюға болмас па екен деп қамқорсиды; Д. мырза «өткенді» еске алмауға болмас па екен деп әбігерленеді.— Біз оларды өте жақсы түсінеміз: Л. С. мырза үшін астыртын ұйым туралы мақалалар жайында («Луч» № 15 (101)) еске түсіруде, ал Д. мырза үшін «жариялылық жолындағы күрес» ұраны жайында еске түсіру-

---

* Қараңыз: осы том, 254—256-беттер. *Ред.*

де ұнамды еш нәрсе жоқ. Сондықтан біз Бюроның шешіміне бүтіндей қосыламыз, өйткені бұл шешім өткендегі қателердің қазбаланбауын ұсынады. «Өткендегі қателер» жөнінде жойымпаз мырзалардың өтініп отырған амнистиясын жасаудан біз бас тартпаймыз. Біз өткендегінің өзіне мүдделі емеспіз, біз бүгінгі және ертеңгі жұмысқа мүдделіміз. Міне, нақ осы жұмысқа байланысты біз мынаны білгіміз келеді: жойымпаздық органдарда астыртын ұйымды құдалаушылық *жалғастырыла* бере ме; олар «үш китті» қазіргі сәтте жарамсыз деп танығанын *жалғастыра* бере ме; олар «август блогын» жақтаушылардың программаны бұрмалауын қорғай бере ме, т. т.

Егер «бірлікті» жойымпаздарша өзін социал-демократпын деп бет алды атағысы келген адамдардың бәрін идеясыз түрде бір жерге үйе салу мағынасында түсінбейтін болсақ, онда бұл мәселелерді анықтау және бұл мәселелер жөніндегі келіспеушіліктің дәрежесін анықтау — Бюроның қарары бойынша бірлік ісінде алға қарай басылатын қандай да болсын қадамның *алғы* шарты болып табылады.

Л. С. мырза «айыптау пункттері қазірдің өзінде тұжырымдалды» деп зіркілдейді. Сезікті секірер деген мақалды біз бұл арада еске түсіргіміз келмеген еді, бірақ қарапайым бітім шарттарын Л. С. мырзаның «айыптау» деп қабылдайтын себебі не? Біз бірігуден барып туатын ұйым мынадай, мынадай принциптерге негізделуге тиіс: ескі программаны, ұйымның белгілі формасын, қысқартылмаған ұрандарды, батыл тактиканы, т. т. мойындауға негізделуге тиіс дейміз. Ал сіздер дереу: ұйым программасының, тактикасының және міндеттерінің бұл тұжырымы «жойымпаздық күнәлардың толық тізімінен» басқа еш нәрсе де емес деп жариялайсыздар. Біз сіздерді өте аяймыз, бірақ біз де, Бюро да жаңа ұйымдарды олардың программасын, тактикасын, т. т. анықтау жолымен құрудан басқа әдісті білмейміз.

Алайда біз бұдан да гөрі ауыр күнәға батып отырмыз. Біз ұйым құру шарттарын ұсынып қана қойғанымыз жоқ, яғни бітім шарттарын анықтап қана қойғаны-

мыз жоқ, сонымен қатар бұл шарттарды жұмысшылардың төрелігіне де бердік.

Біз Бюроның шешімін орындауда өзіміз таңдап отырған жолдан басқа ешқандай жол жоқ дегенімізден қайтпаймыз.

Бюро өздерін социал-демократтармыз деп атап жүрген адамдардың *бәрін* оларды ажыратып отырған алауыздықтарды анықтауға шақырады, мұны бірлік жөніндегі мәселені шешудің алдын ала жасалатын қадамы деп есептейді.

Бізде басылып отырған қарар Бюроның шақыруына программа мен тактиканың және ұйымның негізгі мәселелеріне деген көзқарастардың «тізімі» арқылы және біздің бұл «тізімді» жұмысшы жолдастардың талқылауына беру арқылы үн қосты. Егер жойымпаз мырзалар біздің үлгіміз бойынша істеген болса, бізде азды-көпті таяу уақыт ішінде барлық жақтардың анық тұжырымдалған пікірлері болар еді және ұйымдасқан жұмысшылардың көпшілігі кімнің жағында тұрғандығы дәлмедәл анықталған болар еді. Орыс пролетариатының алдына Халықаралық социалистік бюро қойған міндет өзінің шешімін табуға жақындаған болар еді. Бірақ жойымпаздар, әрине, бұл жолдан жай ғана мынадай себеппен: олардың саяси көзқарастарын айқын тұжырымдау да, бұл көзқарастарды жұмысшылардың қалың тобының төрелігіне беру де олардың үйірмелерінің мүдделеріне бірдей тиімді емес деп ақыр аяғына дейін жалтаратын болады.

Бұл жағдайларда олар, Бюро талап етіп отырғандай, «алауыздықтарды» ап-айқын «анықтауды» Бюроның жұмысын тек қиындата алатын ұсақ-түйек, жеке бастың ұрыс-керісімен, бұрмалаушылықтармен және қулық-сұмдықтармен алмастыруға сөзсіз тырысатын болады, сөйтіп жойымпаз мырзаларға Интернационалдың секретары қазірдің өзінде беруге мәжбүр болған «адал ниеттілік» сабақтарын ұдайы керек етіп отыратын болады.

«Пролетарская Правда» № 11,
19 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

НАЦИОНАЛ-ЛИБЕРАЛИЗМ ЖӘНЕ ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ

Шатасқан Могилянский мырзаға көмектесіп, либералдық «Речьтің» редакциясы таяуда (№ 340) маңызды мәселе жөнінде — ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы қол қойылмаған, яғни ресми-редакциялық мәлімдеме басып шығарды.

Тура жауап беруден жалтарып, Могилянский мырза: менің көзқарасымның «ұлттардың өзін өзі билеу правосын теріске шығарумен үш қайнаса сорпасы қосылмайды» деп сендірмек болды. Енді келіп «Речь» ресми түрде: конституциялық-демократиялық партияның программасында, оның 11-параграфында, «ерікті түрде *мәдениет жағынан* өзін өзі билеу правосы туралы мәселеге тіке, дәлме-дәл және анық жауап» беріліп отыр деп мәлімдейді.

Біз астын сызып көрсеткен сөз ерекше маңызды, өйткені Могилянский мырзаның бірінші мақаласында да, Донцов мырзаның оған берген жауабында да, Могилянский мырзаның Донцов мырзаға қарсы айтысында да әңгіме нақ сол «мәдениет жағынан» өзін өзі билеу туралы болған *жоқ*. Әңгіме ұлттардың *саяси жағынан* өзін өзі билеуі туралы, яғни ұлттардың бөлініп шығу правосы туралы болды, ал либералдар «мәдениет жағынан өзін өзі билеу» (сөзді мағынасыз, көпіртіп қолданушылық, мұның өзі демократияның *бүкіл* тарихына қайшы келеді) деп, шын мәнінде, тек тіл бостандығын ғана түсінеді.

Енді келіп «Речь»: «Пролетарская Правда» өзін өзі билеуді «сепаратизммен», белгілі бір ұлттың бөлініп

шығуымен әбден шатастырып отыр-мыс деп мәлімдейді.

Бұл арада әбден (әлде, мүмкін, әдейі қасақана...) шатастыру қай жағында болып отыр?

Халықаралық демократияның бүкіл тарихында, әсіресе XIX ғасырдың орта кезінен бастап, ұлттардың өзін өзі билеуі деп нақ *саяси жағынан* өзін өзі билеуі, ягни бөлініп шығып, өз алдына ұлттық мемлекет құруға праволы болуы түсінілетіндігін біздің көзі ашық «конституционалист-демократтар» бекер дей алар ма екен?

1896 жылы Лондонда болған халықаралық социалистік конгрестің қалыптасқан демократиялық принципті (әрине, конгресс мұнымен шектелген жоқ) қайталап, әсте қайдағы бір «мәдениет жағынан» өзін өзі билеуді емес, нақ сол *саяси жағынан* өзін өзі билеуді көрсеткендігін біздің көзі ашық «конституционалист-демократтар» бекер дей алар ма екен?

Мәселен, сонау 1902 жылы-ақ өзін өзі билеу туралы жазған Плехановтың мұны нақ саяси жағынан өзін өзі билеу деп түсінгенін біздің көзі ашық «конституционалист-демократтар» бекер дей алар ма екен?

Рақым етіңіз, толығырақ түсіндіріңіздер, мырзалар, өздеріңіздің «көзі ашықтығыңыздың» жемістерін «қара халықтан» жасырмаңыздар!

Мәселенің мәні жөнінде «Речь» былай деп мәлімдейді:

«Шындығында, орыс мемлекетінен «ұлттардың бөлініп шығу» правосын кадеттер еш уақытта да қорғап көрген де емес».

Өте тамаша! Ашық айтқаны үшін және мейлінше принципті мәлімдеме жасағаны үшін алғыс айтамыз! Кадеттердің ресми органының осы «тамаша-адал ниетті» мәлімдемесіне «Россияның», «Новое Времяның», «Земщинаның»[100], т. с. назарын аударамыз!

Бірақ, кадет мырзалар, сіздерді нақ сондықтан да *национал-либералдар* деп атауға тиіс болса, бұған ашулана көрмеңіздер. Сіздердің шовинизміңіздің және сіздердің Пуришкевичтермен идеялық-саяси блогыңыздың (немесе сіздердің оларға идеялық-саяси тәуелділігіңіз) негіздерінің бірі нақ осында жатыр. Пуришкевичтер

мен олардың табы қараңғы бұқараны «қамту, жібермеу» «правосын» «мықтап» түсінуге тәрбиелейді. Кадет мырзалар тарихты оқыған, сондықтан олар бұл «ежелгі правоны» практика жүзінде қолданушылықтың қандай... жұмсағырақ айтқанда... «ойран ету тәрізді» әрекеттерге жиі-жиі әкеп соқтырғандығын өте тамаша біледі. Демократ ұлттардың «өзін өзі билеуін» «мәдениет» мағынасында емес, саяси мағынасында нақ великорус бұқарасына, нақ орыс тілінде ұдайы уағыздамаса, демократ болып қала алмаған болар еді (біз пролетарлық демократия туралы айтып та отырғанымыз жоқ).

Национал-либерализм жер-жердің бәрінде де нақ мына тұрғыдан сипатталады: ол Пуришкевичтер табы белгілеп, Пуришкевичтердің әдістері арқылы қорғалып отырған (көбінесе экономикалық даму мен «мәдениеттің» талаптарына қарамастан) қатынастардың (және шектердің) негізін толық жақтайды. Мұның өзі іс жүзінде крепостниктердің мүдделеріне бейімделгендік және үстем ұлттың ең нашар ұлтшылдық соқыр сенімдеріне қарсы ұдайы күрес жүргізудің орнына сол соқыр сенімдерге бейімделгендік болып табылады.

«Пролетарская Правда» № 12, 20 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ ПЕН ЖОЙЫМПАЗДЫҚ — ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ЫДЫРАУ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Жуырда Петербургтегі халықшылдық «Северная Мысль» газетінде қауіпсіздендіру науқанының барысы туралы Ригадан түскен корреспонденция басылды. Автор, Б. Брайнес, айта кеткен жөн, былай деп жазды:

«Бойкоттық ағым тек етікшілерде ғана байқалып отыр, бұлардың арасында бойкоттық топтар құрылған. Бойкоттық топтардың басты дем берушілері, өкінішке орай, халықшылдар болып отыр. Басқа кәсіпорындарда науқан сылбыр өтіп жатыр».

Бұл ашық мойындау Россиядағы халықшылдықтың қазіргі хал-жайын және саяси маңызын айқын көрсетеді. Марксистер кеңесінің* халықшылдыққа берген бағасының дұрыстығын халықшылдардың өздері күтпеген жерден ерекше айқын дәлелдеп отыр.

Тек ойлап қараңыздар: теріске шығарарлық ешбір дәлел келтіре алмай, солшыл халықшылдық газет: бойкоттық топтардың *«басты дем берушілері» халықшылдар* болып табылады деген өз тілшісінің *өкінішін* басып шығарып отыр!

Халықшылдықтың саяси іріп-шіруінің үлгісі — міне, осындай. Россиялық бейпартиялықтың, партиялылық жөніндегі бейқамдықтың үлгісі — міне, осындай. Ал бұл үлгіге тоқталу керек, өйткені «бөтен» партияның өмірінен алынған мысал жалпы алғанда тым көп таралған

* Қараңыз: осы том, 66—68-беттер. *Ред.*

және бізді қатты қинап отырған қырсықтың шын себептерін бізге ерекше айқын көрсетеді.

Контрреволюция дәуірінде халықшылдарда іс жүзінде бір-біріне тәуелсіз дерлік көптеген әр алуан ағымдар мен топтар құрылды. Бұл жөнінде халықшылдарға да, марксистерге де, сірә, үшінші июнь системасының бүкіл тарихи жағдайына негізделген жалпы себептер әсер еткен болу керек. Халықшылдарда, мәселен, біздегіге қарағанда (1908—1910 жылдардағы Париждегі басылымдар) анағұрлым жойымпаздық топтар да, мүлде анархистік сипаттағы топтар да баспасөзде өз бетінше жазып тұрды, ал халықшылдық бағытындағы аса көрнекті әдебиетшілер либералдық және ренегаттық сөздермен әуестенді (В. Чернов мырза «Заветыда»), т. с.

Бірақ, солай бола тұрса да, формальдық жағынан және сыртқы дүние алдында халықшылдар марксистерге қарағанда анағұрлым *«біртұтас»* болып көрінеді. Халықшылдарда тікелей жікке бөлінушілік жоқ, кескілескен, табан тірескен, үздіксіз және ұзаққа созылған ішкі күрес жоқ, оларда барлық уақытта да — тосыннан қарағанда — бір түрлі жалпы байланыс бар, олардан өздерінің бүкіл әдебиетінде «маркстік» (және бәрінен де гөрі «большевиктік») «дау-жанжалдар мен жікке бөлінуге бейім тұруға» қарама-қарсы халықшылдық «бірлікке» тәкаппарлықпен сүйенушілікті ұдайы кездестіріп отырасың.

Кімде-кім Россияның жұмысшы қозғалысы мен социализмінде болып жатқан әрселердің мағынасы мен маңызын түсінгісі келсе, ол адам «халықшылдық бірлікті» «маркстік жікке бөлінулерге» осындай қарама-қарсы қоюшылықты өте-мөте зер салып ойластыруға тиіс.

Бізде де, марксистер арасында және марксистер маңында, іс жүзінде бір-біріне тәуелсіз дерлік және «бірлікті» барынша уағыздап жүрген — (халықшылдар рухында) — және «маркстік жікке бөлінулерді» одан да бетер барынша кінәлап жүрген топтар, топшалар мен топсымақтар аз емес.

Бұл арада істің мәні неде? «Халықшылдық бірлікке» біз қызығуға тиіспіз бе? Жоғарыда көрсетілген айыр-

машылықтың себептерін біз «кейбір» «көсемдердің» жеке басының жаман қасиеттерінен іздеуге тиіспіз бе (өте көп тараған тәсіл) әлде марксистердің «догматизмге», «шыдамсыздыққа», т. т. бейім тұратын жаман әдетінен іздеуге тиіспіз бе?

Фактілерге қарап көріңіздер. Фактілер бізге мынаны көрсетеді: халықшылдар анағұрлым шыдамды, ымырашыл, олар неғұрлым «біртұтас», топсымақтардың көптігі оларда айқын жікке бөліну туғызып отырмайды. Ал сонымен қатар фактілер бізге ешбір талассыз мынаны көрсетеді: халықшылдар саяси жағынан *дәрменсіз,* бұқара арасында ұйымдасқан және берік байланыстары жоқ, *ешқандай* бұқаралық саяси қимыл жасай алмайды. Риганың бойкотшы-халықшылдарының мысалы тек жалғыз қауіпсіздендіру науқанында байқалғандарды ғана емес, сонымен қатар Мемлекеттік дума сайлауында да, стачкалық қозғалыста да, жұмысшы баспасөзінде де (тіпті бұдан да кең: жалпы демократиялық баспасөзде), кәсіптік одақтарда да, т. т. байқалғандарды ерекше айқын көрсетеді. Мысалы, солшыл халықшылдық «Северная Мысльдің» 2-номерінен біз мынаны оқимыз:

«Марксистердің абыройына мынаны атап көрсету керек: қазір олардың одақтарда» (әңгіме кәсіптік одақтар жайында болып отыр) *«үлкен ықпалы бар, ал біз, солшыл халықшылдар, одақтарда белгілі бір жоспарсыз қимыл жасап отырмыз, сондықтан да өзімізді мүлдем көрсете алмадық деуге болады».*

Бұл не деген ғажап нәрсе? Ымырашыл, шыдамды, «біртұтас», жікке бөлінбейтін, кеңінен мәлім, догмашыл емес халықшылдардың — *олардың барынша ынталанып, тырысуына қарамастан* — қауіпсіздендіру науқаны да, кәсіптік одақтарға ықпалы да, Мемлекеттік думада ұйымдасқан тобы да *жоқ.* Ал «догмашыл», «тоқтаусыз жікке бөліне беретін», осы арқылы өздерін бейне бір әлсірете түсетін марксистердің IV Дума сайлауы науқанын тамаша жақсы өткізгендігін көреміз, кәсіптік одақтарда ойдағыдай жұмыс жүр-

гізгенін көреміз, қауіпсіздендіру науқанын өте жақсы және ұйымшылдықпен өткізгенін, стачкалық қозғалыста жаман жұмыс жүргізбегенін көреміз, топтасқан түрде қабылданған, принцип жағынан ұстамды шешімдері бар екенін көреміз, саналы жұмысшылардың айқын да даусыз көпшілігі бір кісідей, берік түрде, сеніммен осы шешімдерге еріп отыр.

Не деген ғажап нәрсе? Халықшылдардың «ымырашылдығы» және олардың тағы осы сияқты тамаша шын пейілді қасиеттері *бос нәрсе* емес пе екен?

Нақ бос нәрсе! Әр алуан сарындағы интеллигенттік топсымақтардың «бірлігі» халықшылдарда олардың бұқара арасындағы мүлдем саяси дәрменсіздігі арқылы орнап отыр. Бізде де, марксистерде, бірлік туралы бәрінен де көп даурығатын топсымақтар — троцкистер, жойымпаздар, «ымырашылдар», «тыппкошылдар» *нақ* сондай интеллигенттік дәрменсіздік тобы болып табылады, ал саналы жұмысшылардың *көпшілігі* «жікшілдердің» — бәрінен де гөрі жиі, бәрінен де гөрі мықтап, бәрінен де гөрі қатты ұрыс еститін адамдардың төңірегіне топтасты, мұны шын, ойдан шығарылмаған, қайта өмірден туған саяси науқандар (сайлау, қауіпсіздендіру, күнделікті баспасөз, стачка, т. т. науқандар) корсетіп отыр.

Қорытынды анық, ал, бұл қорытынды интеллигенттік топсымақтардың копшілігіне кандай қолайсыз болғанымен, жұмысшы қозғалысының барысы оны мойындауға *мәжбүр етеді.* Бұл қорытынды мынау: *іс жүзінде* жұмысшы қозғалысына *зиянды* тенденцияларды (халықшылдық, жойымпаздық, т. с.) жүргізіп отырған интеллигенттік топсымақтардың «келісуімен» немесе «одағымен» «бірлік» орнату әрекеттері,— міне, мұндай әрекеттер тек толық ыдырау мен дәрменсіздікке ғана әкеп соғады. Халықшылдық та, жойымпаздық та мұны өзінің өкінішті мысалы арқылы *дәлелдеді.*

Саналы пролетарлардың көпшілігі басшылық етіп отырған жұмысшылар бұқарасының шын бірлігі тек осы топтарға, топшаларға және топсымақтарға *қарсы* (буржуазиялық жағдай мен толып жатқан ұсақ бур-

жуазиялық ауытқулар кезінде сөзсіз болатын ауыр күресте) қалыптасады.

Сонда аңғал адамдар былай деп сұрайды: жұмысшы қозғалысына зиян келтіретін, оны ыдырататып, оны дәрменсіздікке ұшырататын интеллигенттік топсымақтарды идеялық жағынан жұмысшы қозғалысын білдіретін, оны топтастыра отырып, біріктіріп, нығайтатын топтардан немесе топтан қалай айыра білу керек? Айыра білу үшін екі-ақ құрал: теория мен практикалық тәжірибе ғана бар. Халықшылдық пен жойымпаздық (жұмысшы қозғалысына іріткі салып жүрген ұсақ буржуазиялық ағымдардың бастылары) сияқты *ой-пікір ағымдарының* теориялық мазмұнын мықтап түсініп алу керек. Бұқаралық жұмысшы қозғалысының практикалық тәжірибесін мұқият зерттеу керек, зерттегенде саналы жұмысшылар көпшілігінің сайлауға да, қауіпсіздендіруге де, кәсіптік одақтардағы жұмысқа да, стачкалық қозғалысқа да, «астыртын ұйымға» да, тағы басқаларға да қолданылатын біртұтас, ойластырылған, принципті шешімдердің төңірегіне топтасуы тұрғысынан қарап зерттеу керек.

Кімде-кім марксизм теориясына ой жіберсе, кімде-кім соңғы жылдардың практикалық тәжірибесіне зер салса, ол адам халықшылдардың, жойымпаздардың, тағы сондайлардың ала-құла, даурықпа, әулекі (ал іс жүзінде құр мағынасыз әрі зиянды) топсымақтарына *қарамастан,* Россияда нағыз жұмысшы партиясы элементтерінің топтасып келе жатқанын түсінеді. Жұмысшы табының бірлігі осы топсымақтардың ыдырауынан, олардың пролетариаттан қол үзуінен өсіп жетіледі.

«Пролетарская Правда» № 12,
20 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

КАУТСКИЙДІҢ ХАТЫ ТУРАЛЫ[101]

«Тышко» мен Роза Люксембургтің тышколық үйірмесі поляк социал-демократиялық жұмысшыларының өкілі емес екенін, Варшава және Лодзь коллективтерімен санасу керек екенін К. Каутский (ақырында!) көрді.

Россияның марксист-қызметкерлеріне *жылдар бойы* белгілі болып келген фактілерді оның, ақырында, түсінгені дұрыс болған. Бірақ Роза Л. мен Тышконың *жалғандықты жылдар бойы* шындық деп келгенінің өзі неміс социал-демократтарының, оның ішінде Каутскийдің өте-мөте өкінішті нашар хабардар болғанын көрсетеді!

Каутский, «өзіне мәлім болғанындай», Поляк социалистік партиясының «солшылдары» *толығынан* социал-демократиялық негізге кошу үшін Поляк социалистік партиясы «оңшылдарынан» бөлініп шығыпты деп жазғанда, өзінің іспен бұдан да гөрі нашар таныс екендігін байқатады.

Каутскийдің не туралы жазып отырғаны осы жолы оның өзіне *мүлде* анық *емес* екені — бұл арада осылай деуге болады — жұртқа мәлім. Оқушы ең болмағанда Генрих Каменскийдің «Ұлтшылдықтан жойымпаздыққа қарай» деген мақаласымен («Просвещение» № 10) танысып көрсін.— Бұл автор поляк және өзінің не жазып отырғанын жақсы *біледі*. Оқушылар осы мақаладан Поляк социалистік партиясы солшылдарының әсте де социал-демократтар *емес* екенін көреді. Социал-демократиялық негізге толығынан көшкісі келетін және көшуге *қабілеті бар* адамдар «өз» программасы мен

социал-демократиялық емес партияның атын сақтауы керек деп ойлау кісі күлерлік те нәрсе.

Халықаралық социалистік бюро Атқару комитетінің арада жүруі арқылы Россия мен Польшаның *барлық* социал-демократиялық фракцияларының алдағы уақыттағы «пікір алысуы» Каутскийдің қатесін түсіндіреді және поляк социал-демократтарының *бәрі* Поляк социалистік партиясы солшылдарын социал-демократиялық партия деп *санамайтынын*, санай алмайтынын көрсетеді.

Россиядағы «ескі партияның жойылып кетуі» туралы өзінің сөзін нақ сол «Vorwärts»-тың қалай баяндағанын Каутский (нақ «Vorwärts»-та («Алға») жазып отырса да) бекерге шығарып тіс жармағанын қоса айта кетейік. Алдағы уақыттағы «пікір алысу» Каутскийдің бұл асқан сорақы қатесін де әшкерелейді.

«Пролетарская Правда» № 12, 20 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«НОВОЕ ВРЕМЯ» МЕН «РЕЧЬ» ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ ТУРАЛЫ

Күткеніміздей-ақ, «Новое Время» ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде социал-демократтар мен кадеттердің айтысына көңіл бөлді. Великорус ұлтшылдығының басты органы 13563-номерінде былай деп жазады:

«Эсдектер үшін саяси даналықтың аксиомасы болып табылатын нәрсе» (яғни ұлттардың өзін өзі билеу, бөлініп шығу правосын мойындау), «ондай нәрсе қазіргі уақытқа қарағанда тіпті кадеттердің арасында да алауыздық туғыза бастады».

Либералдарды қаражүздіктердің осы түйреуіне («тіпті» деген сөз) қарамастан, «Новое Время» «Речьтің»: «орыс мемлекетінен ұлттардың бөлініп шығу правосын кадеттер еш уақытта да қорғап көрген емес» деген мәлімдемесін келтіруге мәжбүр болып отыр.

Бұл мәлімдеменің тіке айтылғаны соншалық, «Новое Времяға» бұлтақтауға тура келді. Ол былай деп жазды:

«Мәдениет жағынан өзін өзі билеу деген екіұшты түсініктің фактілерге қарағанда, кадеттік көзқарас тұрғысынан алғанда, сепаратизмді қорғаудан айырмашылығы, сірә, әрекет тәсілдерінде ғана болып отырған көрінеді».

Бірақ «Новое Времяның» өзі қисынсыз «мәдениет жағынан» өзін өзі билеу мен шын, яғни *саяси жағынан*, өзін өзі билеудің арасындағы айырмашылықты өте жақсы түсінген, өйткені одан әрі мынаны оқимыз:

«Ал кадет мырзалар... бұратана халықтар мен еврейлердің өз баспасөз органдарын әлдеқайда неғұрлым мәдени жолмен қаржыландыруы арқылы болмаса, орыс мемлекетінен ұлттар-

дың бөлініп шығу правосын шынында да еш уақытта басқаша қорғап көрген емес».

Либералдарды еврейлерден көмек алдың деп кінәлайтын қаражүздіктердің ескі, тозығы жеткен, адам күлерлік тәсілі! Ал осындай ақымақтық тәсілдерге бола елеулі нәрсені ұмытуға бола қоймас: елеулісі мынау — *бөлініп шығу правосын* кадеттер қорғап көрген емес дегенді мойындап, «Новое Время» социал-демократтар мен кадеттердің арасындағы айырмашылықты толық түсінген.

Кадеттер мен социал-демократтардың айырмасы дегеніміз — национал-либералдардың дәйекті демократтардан айырмашылығы.

«Пролетарская Правда» № 16,
25 декабрь, 1913 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ДУМАДАҒЫ ФРАКЦИЯ ЖӘНЕ ДУМАДАН ТЫСҚАРЫ КӨПШІЛІК

Ломтатидзенің алтау мен жетеудің Дума фракциясындағы күресі жөніндегі хатының жойымпаздар газетінде жойымпаздарды жақтап 3701 адам дауыс берді (№ 75, 2-бет) деген есеппен қатар басылып шыққаны оғаш-ақ нәрсе. Біз бұл цифрды тексеріп көруді келесі мақалаға дейін қалдыра тұрамыз, тек мұндағы айта кетеріміз, «За Правду» осыдан *үш күн бұрын* (№ 26) оппоненттер теріске шығара алмаған 5000 деген цифрды хабарлап еді.

Жетеу *тағы да* көрінеу көзге жұмысшылардың азшылығы жақтайтын фракция болып шығып отыр.

Сондықтан Ломтатидзенің «мықты сөздері» мейлінше ыңғайсыз әсер туғызады. Балағаттау, бұрынғы, негұрлым кескілескен күрестің түрлі көріністерін еске алу: «арсыздық, мағынасыздық, ұятсыздық», т. т. және т. с. деп айқай-шу көтеру — мұның бәрі шектен шыққан қауқарсыздықтың және дәрменсіз күйгелектіктің белгілері.

Теріске шығарылмаған және теріске шығаруға болмайтын нәрсе: 1) саналы жұмысшылардың көпшілігі алтау жағында; 2) жетеу көпшіліктің еркін және шешімдерін *мойындамайды*, көпшілік қабылдап отырған басшы мекемені де мойындамайды.

Ломтатидзенің мына сөздерін оқығанда оның ашу кернеп күйгелектенген қылығы адамды түп-тура ыңғайсыз жағдайда қалдырып, ұялтады:

«Думада сөйленген саяси сөздер біздің ісіміздің, біздің ұрандарымыздың, біздің дәстүріміздің мүдделеріне

қайшы келген тым болмаса бірде-бір кезін олар (алтау) көрсетті ме екен!»

Алтау ғана емес, сонымен қатар олар мойындайтын жоғарғы басшы мекеме де жетеудің басқаны қойып, тіпті *программаны бұзғанын* ресми түрде, формальды түрде әлдеқашан атап *көрсеткен-ді,* өзіміз осыны білетіндіктен де, Ломтатидзенің көтеріңкі әуені жалған әсер қалдырады!

Ломтатидзе өзінің ыңғайсыз ашу шақырып күйгелектенуі, өзінің орынсыз сұраулар беруі арқылы бүкіл жанжалдың шынайы терең *мәнін, партияда жоқтардың партиялылыққа* қарсы күресін күштірек баса көрсетеді. Мәселенің мәні осында. Ал мұның өзі әзіл емес, ұсақ-түйек нәрсе емес, ең елеулі және ең бір қиын мәселе.

«Құдайым! құдайым!» деушілердің бәрі бірдей о дүниелік өмірді көксей бермейді. Кеудесін қағып, бірлік, бірлік деп даурығатындардың бәрі бірдей іс жүзінде бірліктің пайдасына жұмыс істей бермейді.

Жұмысшы табының бірлігі дегеніміз не?

Бұл бәрінен бұрын және ең алдымен — оның саяси ұйымының, оның тұтастығының бірлігі. Думадағы фракцияның да, жалпы алғанда жұмысшы табының барлық бой көрсетулері мен бүкіл күресінің де шын бірлігін тек *осындай* бірлік қана қамтамасыз ете алады.

Жойымпаздық ағым дәл осы бірлікті бұзды, партияның ресми қарарлары 1908 жылдан бастап мұны талай рет осылай санап келді. Мәселенің түйіні осында. Мұны орағытып өту арқылы, Ломтатидзе өзінің қате айтып отырғанын ғана аңғартады.

Жіктің тууына түгелдей жетеу кінәлы, өйткені программаны бұзған *солар,* партияны күйретуші жойымпаздарды қорғап шыққан *солар,* көпшіліктің ресми шешімдерімен санаспаған *солар,* ұйымдасқан жұмысшылардың еркін бұзып отырған *солар.* Бұл жағдайдан құтылудың өз кінәсын мойындаудан, алтауды көпшіліктің өкілі деп танудан және келісім жасасу жолымен алтаумен үнемі жақындаса бастаудан басқа жолы жоқ.

«Пролетарская Правда» № 17,
29 декабрь, 1913 ж.
Қол қойған: И.

«Пролетарская Правда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

«Пролетарская Правдада» көрсетіліп өткен фактіні — стачкалар жөніндегі *кіші комиссияда* менің болмағанымды және *комиссияда* менің «қылмыс жазасына тартушылыққа» *қарсы* шығып сөйлегендігімді* Мартов мырза *растады*. Маған енді тек мынаны ғана қосып айту қалады: мен сөйлегенде, Мартов мырзаның «есінде қалғанындай», тіпті де жазаға тартушылықты «азайтуды» ғана жақтап сөйлегенім жоқ, қайта мұндай пункттің *мүлде жарамсыз* екенін жақтап сөйледім, бұл өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан менің түзетулер енгізуімнің қажеті де болмады, өйткені ол кезде талқыланған жобада мұндай пункт *әсте жоқ болатын*, тек Ф. Дан мырза ғана оны енгізуге тырысып әуре болды (ол кезде тіпті Л. Мартовтың да Ф. Дан мырзаға қарсы шығуға батылы барды).

«Пролетарская Правда» № 17, 29 декабрь, 1913 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Пролетарская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 217—219-беттер. *Ред.*

МАРКСТІҢ ЭНГЕЛЬСПЕН ЖАЗЫСҚАН ХАТТАРЫ[102]

Ғылыми социализмнің атақты негізін салушылардың әлдеқашан бастырып шығаруға ұйғарылған жазысқан хаттары, ақырында, жарық көрді. Бұл хаттарды бастырып шығаруды Энгельс Бебель мен Бернштейнге өсист етіп тапсырған болатын, ал Бебель редакциялау жұмысының өзіне тиісті бөлімін қайтыс болуының алдында бітіріп үлгірді.

Маркс пен Энгельстің бұдан бірнеше апта бұрын Штутгартта Дитцтің баспасында шыққан жазысқан хаттары үлкен-үлкен төрт том. Бұл томдарға Маркс пен Энгельстің 1844 жылдан 1883 жылға дейінгі ұзақ уақыт ішіндегі не бары 1386 хаты кірген.

Редакторлық жұмысын, яғни жеке кезеңдердегі жазысқан хаттарға арнап алғы сөздер жазуды Эд. Бернштейн орындаған. Күткендей-ақ, бұл жұмыс техникалық жағынан да, идеялық жағынан да қанағаттанғысыз болып шыққан. Бернштейн өзінің барып тұрған оппортунистік көзқарастарға қарай өкінішті де әйгілі «эволюция» жасауынан кейін,—өн бойы революциялық рухқа толы хаттарды редакциялау ісін қолға алмауы керек еді. Бернштейннің алғы сөздерінің кейбір бөлегі мазмұнсыз, кейбір бөлегі тұп-тура жалған,— мысалы Лассаль мен Швейцердің Маркс пен Энгельс әшкерелеген оппортунистік қателеріне дәл, айқын, тура сипаттама берудің орнына, «Маркс пен Энгельстің Лассальға қарсы шығулары әрқашан да дұрыс бола берген жоқ» (III том, XVIII бет) деген сияқты немесе олар тактика жөнінде Либкнехттен гөрі Швейцерге «жақын еді-міс»

(IV том, X бет) деген сияқты эклектикалық бос сөздер мен тиісулерді кездестіресіз. Бұл тиісулерде оппортунизмді бүркемелеп, боямалаудан басқа ешқандай мазмұн жоқ. Амал не, Маркстің өзінің көптеген қарсыластарына қарсы жүргізген идеялық күресі жөніндегі эклектикалық көзқарас қазіргі неміс социал-демократиясының арасында барған сайын күшті таралып барады.

Техникалық жағынан қарағанда, барлық төрт томға арналған жалгыз көрсеткіштің өзі қанағаттангысыз құрастырылган, (мәселен, Каутскийдің, Стирлингтің есімдері енгізілмей қалған); жеке хаттарға арналған ескертулер өте жұтаң және редактордың алғы сөздерінің арасында көрінбей қалган, шынында ол ескертулерді, Зоргенің істегеніндей, тиісті хаттармен қатар келтіру керек еді және т. т.

Жазысқан хаттар тым қымбат болып шыққан — барлық төрт томы 20 сомға жуық. Күмән жоқ, жазысқан хаттардың толық жинағын онша әшекейлемей-ақ неғұрлым арзанырақ бағамен басуға, оның үстіне — жұмысшылардың арасына кең тарату үшін — принциптік жағынан аса маңызды жерлерінен үзінділер алып шығаруға болатын еді және солай істеуге тиіс те еді.

Басылымның бұл кемшіліктерінің бәрі, әрине, жазысқан хаттармен танысуды қиындатады. Бұл қынжыларлық іс, өйткені жазысқан хаттардың ғылыми және саяси құндылыгы орасан зор. Мұнда оқушылардың алдында тек Маркс пен Энгельстің өздері ғана бүкіл кемелінде барынша айқын көрініп қана қоймайды. Мұнда марксизмнің аса бай теориялық мазмұны өте айқын түрде өрістетіледі, өйткені Маркс пен Энгельс хаттарында өздерінің ілімінің әр қилы жақтарына әлденеше рет қайта оралып отырады, ең жаңа (бұрынғы көзқарастарға қарағанда), ең маңызды, ең қиын мәселелерді баса көрсетіп, айқындай түседі,—кейде бірге талқылап, бірін-бірі сендіріп отырады.

Бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшы қозғалысының тарихы — оның аса маңызды кезеңдері мен неғұрлым елеулі пункттері адам таңданарлықтай қаз-қалпында оқушылардың көз алдынан өтіп жатады. Жұмысшы та-

бы *саясатының* тарихы бұдан да гөрі бағалы. Мейлінше әр түрлі себептерге байланысты, ескі дүниенің түрлі елдерінде және жаңа дүниеде, әр түрлі тарихи кезеңдерде Маркс пен Энгельс жұмысшы табының *саяси* міндеттері туралы мәселелердің *қойылуы* жөнінде неғұрлым принципті жайларды талқылап отырады. Ал бұл жазысқан хаттардың қамтитын дәуірі—нақ буржуазиялық демократиядан жұмысшы табының бөлініп шыққан дәуірі, дербес жұмысшы қозғалысының туған дәуірі, пролетарлық тактика мен саясаттың негіздерін белгілеу дәуірі. Қазіргі кезде буржуазияның тоқырауының және іріп-шіруінің салдарынан, жұмысшы көсемдері назарының күнделікті ұсақ-түйектерге ауып кетуінің салдарынан және т. т. түрлі елдердегі жұмысшы қозғалысының оппортунизмнен зардап шегіп отырғандығын неғұрлым жиі байқауға тура келіп отырған сайын,— жазысқан хаттардағы аса бай материал соғұрлым құнды бола түседі; бұл материал пролетариаттың *түбегейлі* өзгеріс жасау мақсаттарын аса терең түсінгендікті көрсетеді және осы революциялық мақсаттар тұрғысынан қарағанда, оппортунизм мен революциялық бос сөзге ешқандай жол берместен, тактиканың белгілі бір міндеттерін өте-мөте шебер белгілегендікті көрсетеді.

Егер барлық жазысқан хаттардың, былайша айтқанда, фокусын — айтылып отырған және талқыланып отырған идеялардың барлық тарамдарының келіп түйісетін өзекті пунктін бір сөзбен анықтауға әрекет жасайтын болсақ, ол сөз *диалектика* деген сөз болады. Бүкіл саяси экономияны негізінен бастап қайта құру ісіне — тарихқа, жаратылыс тануға, философияға, жұмысшы табының саясаты мен тактикасына —материалистік диалектиканы қолдану,— Маркс пен Энгельстің бәрінен де гөрі мейлінше назар аударған мәселесі, міне, осы, олардың енгізіп отырған неғұрлым елеулі, неғұрлым жаңа нәрселері, міне, осында, революциялық ойдың тарихында олардың алға қарай жасаған данышпандық қадамы, міне, осында.

Бұдан кейінгі баяндауымызда біз, жазысқан хаттарға жалпы шолу жасағаннан соң, Маркс пен Энгельстің неғұрлым назар аударарлық ескертпелері мен пайымдауларының очеркін бермекпіз, бірақ хаттардың бүкіл мазмұнын түгел баяндаймыз деп айта алмаймыз.

І. ЖАЛПЫ ШОЛУ

Жазысқан хаттар 24 жастағы Энгельстің 1844 жылы Маркске жазған хатымен ашылады. Германиядағы сол кездегі жағдай тамаша айқын корсетілген. Бірінші хат 1844 жылғы сентябрьдің аяқ кезі деп белгіленген және Барменнен жолданған; Барменде Энгельстің семьясы тұрған, оның озі де сонда туған. Ол кезде Энгельс әлі 24 жасқа толмаган еді. Ол семья жағдайынан жалығып, басқа жаққа кетіп қалуга асыгады. Әкесі — деспот, діншіл фабрикант; баласының саяси жиналыстарға барғыштай беруі мен коммунистік козқарастары оны ызаландырады. Егер озім оте жақсы көретін анам болмаса,— деп жазады Энгельс,— мен тіпті жүріп кетуіме дейін қалған бірнеше күнге де шыдамаған болар едім. Мұнда, семья ішінде, қандай ұсақ ойға салынып, әлдеқалай жоққа сенушіліктен қауіптеніп, менің жүруіме қарсы болып отырганын сен көз алдыңа елестете де алмайсың,— деп Маркске мұңын шағады[103].

Энгельс Барменде тұрған кезінде,— оны мұнда тағы да біраз уақытқа кідірткен бір құпітарлық оқиға болды,— ол әкесінің дегеніне коніп, екі аптадай фабрика конторына барып жұмыс істеп жүреді (оның әкесі фабрикант болған). «Сауда — оңбаған іс,— деп жазады ол Маркске,— Бармен — оңбаган қала, мұндағы уақыт оздыру да — оңбағандық, әсіресе, тек буржуа ғана емес, тіпті фабрикант болу, яғни пролетариатқа белсенді түрде қарсы шығып отырган буржуа болу— оңбағандық». Мен өзімді-өзім,— деп жалғастырады Энгельс,— жұмысшы табының жағдайы туралы кітабымды жазумен жұбатып жүрмін (жұртқа мәлім, бұл кітап 1845 жылы шықты және дүние жүзілік социалистік әдебиеттегі ең жақсы шығармалардың бірі болып табылады). «Әдебиет жұмысымен шұғылданбаган күнде, коммунист бола тұрып та, сыртқы жағдайлар бойынша бур-

жуа және саудагерлердің жүк таситын малы болып қала беруге болады,— бірақ бір уақыттың ішінде кең түрде коммунистік насихат жүргізу және саудагерлікпен, өнеркәсіп істерімен айналысу мүмкін емес... Мен кетемін. Және де оның үстіне барып тұрған христиандық-пруссиялық семьядағы адамның өмірін өксітетін бұл тұрмысқа мен бұдан әрі төзе алмаймын, мен мұнда қалсам, түбінде неміс филистеріне айналып, коммунизмге филистерлікті енгізген болар едім»[104]. Жас Энгельс осылай деп жазды. 1848 жылғы революциядан кейін өмірдің өзі оны әкесінің конторына қайтып оралуға және ұзақ жылдар бойына «саудагерлердің жүк таситын малы» болуға мәжбүр етті, бірақ ол осымен қатар табандылық көрсетіп, христиандық-пруссиялық жағдай емес, одан мүлде басқаша жолдастық жағдай жасай білді, өзінің бүкіл өмірі бойына «коммунизмге филистерлікті енгізудің» мейірімсіз жауы бола білді.

1844 жылғы неміс провинциясындағы қоғамдық өмір 20-ғасырдың бас кезіндегі, 1905 жылғы революцияның алдындағы орыстың қоғамдық өміріне ұқсас еді. Жұрттың бәрі саясатқа умтылады, жұрттың бәрі ызаланып, үкіметке қарсы оппозицияда болады, пасторлар атеизмі үшін жастарға қаһар төгеді, буржуазиялық семьялардағы балалар ата-аналарына «қызметші әйелдерге немесе жұмысшыларға аристократша қарағандықтары» үшін жанжалдар шығарады.

Жалпы оппозицияшылдық мынадан көрінеді: жұрттың бәрі өзін коммуниспін деп жариялайды. «Барменде полиция комиссары — коммунист»,— деп жазады Энгельс Маркске. Мен Кельнде, Дюссельдорфта, Эльберфельдте болдым — барлық жерде қадам басқан сайын коммунистерге кез боласың! «Бір жігерлі коммунист бар, өзі карикатура салатын суретші, фамилиясы Зеель, екі айдан соң Парижге барады. Оған мен сіздерге жолық деп айтамын. Ол сіздердің бәріңізге де ұнауға тиіс — энтузиаст, музыканы сүйеді, карикатурист ретінде пайдасы тиеді»[105].

«Мұнда, Эльберфельдте керемет оқиғалар болып жатыр. Кеше (1845 жылы 22 февральда жазылған) бізде ең үлкен залда, қаладағы ең таңдаулы ресторанда, ком-

мунистік үшінші жиналыс болды. Біріншісінде — 40 адам, екіншісінде — 130, үшіншісінде ең аз дегенде — 200 адам болды. Ақша аристократиясынан бастап ұсақ бақалшыларға дейін бүкіл Эльберфельд пен Барменнің өкілдері болды, тек пролетариаттың өкілдері ғана болған жоқ».

Энгельс дәл осылай деп жазады. Ол кезде Германияда пролетариаттан басқалардың бәрі коммунист болған. Коммунизм барлық жұрттың, бәрінен де гөрі буржуазияның оппозициялық пиғылын білдіру формасы болған. «Дүниеде еш нәрсе қызықтырмаған, ең топас, ең жалқау, ең филистер жұрт коммунизмге тура масаттана қарай бастады»[106]. Ол кезде коммунизмді уағыздаушы басты адамдар — біздегі халықшылдар, «социалист-революционерлер», «халықтық социалистер», т. с. сияқты адамдар еді, яғни, шынында үкіметке қарсы азды-көпті ресми пиғылдағы буржуалар еді.

Міне, осындай жағдайда, толып жатқан бейне бір социалистік бағыттар мен фракциялардың арасында жүріп, Энгельс өзіне *пролетарлық* социализмге қарай жол аша алды, ол қызба революционерлер, бірақ нашар коммунистер болған толып жатқан қайырымды адамдардан қол үзіп кетуден қорыққан жоқ.

1846 жыл. Энгельс Парижде. Ол кезде Парижде саясат жөнінде және түрлі социалистік теорияларды талқылау жөнінде айтыстар қайнап жатты. Энгельс бар зейінін салып социализмді зерттейді, Кабе, Луи Блан және басқа көрнекті социалистермен жүзбе-жүз танысады, редакцияларға, үйірмелерге жиі-жиі барып тұрады.

Ол өзінің назарын көбінесе сол кездегі ең елеулі, ең көп тараған социалистік ілімге — прудонизмге аударады. Прудонның «Қайыршылық философиясы» жарыққа шыққанға *дейін-ақ* (1846 жыл, октябрь; Маркстің жауабы — атақты «Философия қайыршылығы» — 1847 жылы жарыққа шықты) Энгельс аяусыз мысқылмен және асқан тереңдікпен Прудонның негізгі идеяларын сынайды; бұл идеяларды ол кезде өте-мөте жақтайтын неміс социалисі Грюн еді. Энгельстің ағылшын тілін (бұл тілді Маркс көп кейін игерген) және ағылшын әдебиетін өте жақсы білуі оған Прудонның атышулы

В. И. Лениннің

«Маркстің Энгельспен жазысқан хаттары» деген қолжазбасының бірінші беті. — 1913 ж. аяғы

Кішірейтілген

(1

Переписка Маркса с Энгельсом. — Энгельс как один из основателей коммунизма. 1)

Давно обещанное издание переписки знаменитых основателей научного социализма наконец увидело свет. Энгельс завещал издание Бебелю и Бернштейну, и Бебель успел незадолго до своей смерти покончить свою часть редакционной работы.

Переписка Маркса и Энгельса, вышедшая несколько недель тому назад в Штутгарте у Дитца, представляет из себя четыре больших тома. В них вошло всего 1386 писем Маркса и Энгельса за громадный промежуток времени от 1844 по 1883 год.

Редакторская работа, т. е. составление предисловий к переписке за отдельные периоды, выполнена Эд. Бернштейном. Как и следовало ожидать, эта работа неудовлетворительна ни с технической ни

1) Начало неоконченной статьи, написанной в 1913 или в начале 1914 года.

«еңбек базарларының»[107] Англияда банкрот болғанын мысалдар келтіріп бірден (1846 жылғы 16 сентябрьдегі хатында) көрсетуге мүмкіндік береді. Прудон социализмді *масқара етіп отыр,* деп ызаланады Энгельс, Прудонның айтуынша, жұмысшылар капиталды *сатып алуға* тиіс!

Жиырма алты жастағы Энгельс «ақиқат социализмнің» күл-талқанын шығарады,—«ақиқат социализм» деген сөзді біз оның, «Коммунистік манифестен» көп бұрын, 1846 жылы 23 октябрьде жазған хатынан кездестіреміз,—оның үстіне Грюнді осы «ақиқат социализмнің» басты өкілі деп атайды. «Антипролетарлық, ұсақ буржуазиялық, филистерлік» ілім, «бос сөздер», әр түрлі «жалпы адамзаттық» ниеттер, «жоққа сеніп «түрпайы» коммунизмнен қорқу» (Löffel-Kommunismus — сөзбе-сөз мағынасы: «шөміш коммунизмі» немесе ішіп-жеу коммунизмі), адамзатты «бақытты ету жөніндегі бейбіт жоспарлар»—міне, Маркске дейінгі социализмнің *барлық* түрлеріне Энгельстің берген бағасы осы.

«Біз,— деп жазады Энгельс,— прудонизм туралы үш кеш бойы таластық; Грюн бас болып, жұрттың бәрі дерлік маған қарсы шықты. Менің дәлелдеуіме тура келген басты нәрсе — зорлықты революцияның қажеттігі» (23 октябрь, 1846 жыл). Ақыр соңында мен қызып кеттім,— өзіме қарсыластарды қысқаным сонша —олар тіпті коммунизмге тура қарсы сөйлеуге мәжбүр болды. Мен — біз коммуниспіз бе, жоқ па, деген мәселені дауысқа қоюды талап еттім. Грюншілдер: «адамзаттың игілігін» талқылауға жиналдық, сондықтан коммунизм дегеннің *шынында не нәрсе* екендігін білу керек деп қатты ызаланып, сендіре бастады. Сол жерде мен оларға, мәселенің мәнінен ауып кетуге жол бермеу үшін, коммунизм туралы өте қарапайым анықтама бердім. Мен — деп жазады Энгельс — коммунистердің ниетін былай деп анықтадым: 1) буржуаның мүдделеріне қарама-қарсы пролетарлардың мүдделерін қорғау; 2) мұны жеке меншікті жойып, оны ортақ мүлікке айналдыру арқылы жүзеге асыру; 3) бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін зорлықты, демократиялық революциядан басқа

ешқандай жолды мойындамау (1848 жылғы революциядан $1^1/_2$ жыл бұрын жазылған) [108].

Айтыс жиналыстың 2 грюншілге қарсы 13 дауыспен Энгельстің анықтамасын қабылдауымен біткен. Бұл жиналыстарға 20-ға жуық қолөнерші-ағаш шеберлері қатысқан. Сөйтіп будан 67 жыл бұрын Парижде Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясының негізі қалана бастады.

Бір жылдан соң, 1847 жылы 24 ноябрьде жазған хатында, Энгельс Маркске өзінің «Коммунистік манифестің» алғашқы нұсқасын жасағанын хабарлайды; сонымен қатар, ол бұрынғы ұйғарылған катехизис формасына қарсы болады. «Мен коммунизм не деген мәселеден бастаймын,— деп жазады Энгельс,— ал одан соң тура пролетариатқа көшемін — оның шығу тарихы, бұрынғы жұмыскерлерден айырмашылығы, пролетариат пен буржуазияның арасындағы қарама-қарсылықтардың дамуы, дағдарыстар, қорытындылар айтылады». «Ең соңында коммунистердің партиялық саясаты келеді»[109].

Бүкіл дүние жүзін шарлаған және барлық негізгі мәселелерде осы күнге дейін дұрыс, күні кеше ғана жазылған сияқты соны, күнделікті маңызы бар шығарманың алғашқы нобайы туралы Энгельстің бұл тарихи хаты Маркс пен Энгельс есімдерінің қазіргі заманғы социализмнің негізін салушылардың есімдері ретінде қатар қойылуы әділетті екенін айқын көрсетеді.

1913 ж. алғында жазылған

Бірінші рет 1920 ж 28 ноябрьде «Правда» газетінің 268-номерінде басылған
Қол қойған Н Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

Н. К. КРУПСКАЯНЫҢ «ХАЛЫҚ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНА ҚОСЫМША

Цивилизациялы елдерде сауатсыздар жоқ деуге болады. Онда халықты мектепке тартуға тырысады. Кітапханалар ұйымдастыруға барынша комек корсетеді. Ал бізде халық,— ғапу етіңіз,—«ағарту» министрлігі білім беру ісін *қиындату* үшін, халықтың оқуына *кедергі жасау* үшін барынша жанталаса күш салады, нағыз масқара полициялық шаралар қолдануға ұмтылады! Бізде министрлік мектеп кітапханаларын *талқандады!!* Дүние жүзінің бірде-бір мәдениетті елінде кітапханаларға *қарсы* ерекше ережелер сақталып қалған жоқ, *цензура* сияқты жиіркенішті мекеме қалған жоқ. Ал бізде баспасозді жалпы қуғындаудың үстіне, жалпы алғанда кітапханаларға *қарсы* тағылық шаралардың үстіне халық кітапханаларына *қарсы* одан да жүз есе артық қысым корсететін ережелер шығарылады! Мұның өзі халықты *қараңғылықта ұстаудың* нағыз пасық саясаты, елдің *тағылануын* тілейтін помещиктердің нағыз пасық саясаты. Павленков сияқты кейбір бай адамдар халық кітапханаларына ақша берді. Енді келіп тағы помещиктердің үкіметі кітапханаларды талқандады. Россияда халық агарту ісіне *көмектескісі* келетін адамдардың министрлікке бағынатын және талқандалуға тиісті кітапханаларға ақша бергенше, саяси бостандық жолындағы күреске ақша беру керек екендігін түсінетін кезі жеткен жоқ па екен, ал саяси бостандықсыз Россия тағылықта тұншығып қала беретін болады.

1914 ж. январьда жазылған

Бірінші рет қолжазба бойынша басылып отыр

ЖЫЛЫНА 4000 СОМ ЖӘНЕ 6 САҒАТТЫҚ ЖҰМЫС КҮНІ

Американың саналы жұмысшыларының айбынды ұрапы осындай. Бізде — дейді олар — бір ғана саяси мәселе бар, мұның өзі — жұмысшылардың табысы туралы және олардың жұмыс күні туралы мәселе.

Барлық әлеуметтік және саяси мәселелерді осылай бір мәселеге әкеп тіреу тосыннан қарағанда орыс жұмысшысына мейлінше таңданарлық және түсініксіз болып көрінеді. Бірақ Америка Құрама Штаттарында, толық дерлік саяси бостандығы бар және неғұрлым дамыған демократиялық мекемелері бар ең алдыңғы қатарлы мемлекетте, еңбек өнімділігі орасан зор табыстарға жетіп отырғанда — социализм туралы мәселенің бірінші қатарға қойылуы әбден табиғи нәрсе.

Толық саяси бостандық болуының арқасында, Америкада ел ішіндегі өндірілген байлықтың бәрін есептеп, өндірістің статистикалық есебін басқа жерлердің қайқайсысынан болса да жақсылап есептеп шығаруға мүмкіндік бар. Ал талассыз деректерге негізделген бұл есеп Америкада, жинақтап алғанда, 15 миллион жұмысшы семьясы бар екендігін көрсетеді.

Бәрін қосып алғанда бұл жұмысшы семьялары әрбір жыл сайын 60 биллиондық, ягни 60 мың миллион сомдық тұтыну заттарын өндіреді. Бұл әрбір жұмысшы семьясына жылына 4000 сомнан келеді деген сөз.

Бірақ қазіргі уақытта, капиталистік қоғамдық құрылыс тұсында, мұндай орасан көп өнімнің тек жартысы ғана, тек 30 мың миллионы ғана халықтың оннан тоғызы болып отырған жұмысшыларға тиеді. Қалған жар-

тысын өзінің барлық қорғаушылары мен арамтамақтарын қосқанда халықтың не бары оннан бір болігі болып отырған капиталистер табы алады.

Басқа елдердегі сияқты, Америкада да жұмыссыздық жайлап, тұрмыстың қымбатшылығы барған сайын күшейе түсіп отыр. Жұмысшылардың мұқтаждығы барған сайын азапты және адам төзбестей болып келеді. Американың статистикасы барлық жұмысшылардың *жартысына таяуы* жұмыс уақытында *толық* пайдаланылмайтынын көрсетті. Ал мұның үстіне, ақылға сыйымсыз, мешеу, бытыранды ұсақ өндірістің, әсіресе, егіншілік пен саудада сақталуының салдарынан қаншалықты қыруар қоғамдық еңбек ысырап болып отыр десеңізші!

Толық саяси бостандық болуының және крепостник-помещиктердің жоқ болуының арқасында Америкада машинаны қолдану дүние жүзінің қай жерінен болса да күшті дамыған. Америкада бір ғана өңдеуші өнеркәсіпте машиналардың күші, жинақтап алғанда, *18 миллион* аттық бу күшіне тең деп есептеледі. Ал сонымен қатар сарқырама судың екпіні сияқты күштердің барлық көзін зерттеу ісі, 1912 жылғы 14 марттағы есеп бойынша, мынаны корсетті: сарқырама судың екпінін электрге айналдырудың арқасында Америка мұның үстіне бірден *60 миллион* ат күшін алады екен!

Ел қазірдің өзінде-ақ ұшан-теңіз бай және ол бірден-ақ оз байлығын *үш есе арттыра* алады, озінің қоғамдық еңбек өнімділігін *үш есе арттыра* алады, сөйтіп осы арқылы *барлық* жұмысшы семьяларын төзуге болатын, адамның дұрыстау күн көруіне лайықты табыс мөлшерімен және онша ұзақ емес, күніне 6 сағаттық жұмыс күнімен қамтамасыз ете алады.

Бірақ, капиталистік қоғамдық құрылыстың салдарынан, Американың үлкен қалаларында, тіпті деревняларының озінде де, жан түршігерлік жұмыссыздықпен және қайыршылықпен қатар,—адам еңбегін бостан-босқа ысырап етумен қатар — біз дәулеті миллиардтап, мыңдаған миллиондап саналатын миллиардерлердің, байлардың адам айтқысыз көл-көсір салтанатын көреміз.

Американ жұмысшы табының көзі тез ашылып келеді және айбынды пролетарлық партияға топтасуда. Барлық еңбекшілердің арасында бұл партияға деген тілектестік өсіп отыр. Тамаша жақсы машиналардың көмегімен жұмыс істеп, әрбір қадам басқан сайын техниканың кереметін және ірі өндірістің ұйымдастырылуынан еңбектің тамаша табысқа жеткендігін көре отырып, Американың жалдама құлдары өз міндеттерін айқын түсіне бастады және әрбір жұмысшы семьясының табысы 4000 сомға жетсін, 6 сағаттық жұмыс күні орнатылсын деген қарапайым, айқын, ең таяудағы талаптар қоя бастады.

Американ жұмысшыларының бұл мақсаты дүние жүзінің әрбір цивилизациялы елінде де толық қол жетерлік мақсат болып табылады; бірақ бұл үшін ел ішінде бостандықтың негізгі шарттары болуға тиіс...

Ал еркін болашаққа жетуге оздерінің жұмысшы ұйымы, ағарту, кәсіптік, кооперативтік және саяси ұйымы арқылы жетуден басқа жол жоқ.

«Пролетарская Правда» № 19,
1 январь, 1914 ж.
Қол қойған: И.

«Пролетарская Правда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ЗЕМСТВО СТАТИСТИКАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

(Пенза губерниялық земствосы. Пенза губерниясының бағалау-статистикалық зерттеуінің қорытындылары. III серия. Жер мүліктерін зерттеу. II б. Шаруалар шаруашылығының үй басы санағы. I бөлім. Селениелер туралы анықтама деректер және жаппай үй басы жүргізілген санақтың мәліметтері негізінде жасалған қауымдар бойынша кестелер. 3-кітап: Краснослободск уезі. Пенза. 1913 ж. Б. 1 сом. X + 191 бет.)

Пенза земствосы Россияның экономикалық құрылысын зерттеуші адамның қай-қайсысы үшін де өте-мөте көңіл бөлерлік болып табылатын осындай толық және егжей-тегжейлі программа бойынша бағалау-статистикалық зерттеу жүргізуде.

Қысқартылған шаруашылық карточкасы бойынша *барлық* шаруалар шаруашылығының жаппай үй басы санағы жүргізіледі. Содан соң әрбір үшінші шаруашылық неғұрлым толық *қысқаша* шаруашылық карточкасы бойынша суреттеледі,— әрбір тоғызыншы шаруашылық — бұдан да гөрі толық, *егжей-тегжейлі* деп аталатын шаруашылық карточкасы бойынша суреттеледі;— әрбір *жиырма жетінші* шаруашылық — бұдан да гөрі толық *арнаулы* шаруашылық карточкасы бойынша суреттеледі, ақырында, әрбір уездің 25 шаруашылығы (шамамен алғанда мұның өзі, сірә, барлық шаруашылық санының $^1/_{1000}$ бөлігіне жуық болса керек) мейлінше егжей-тегжейлі *бюджеттік* суреттеуге түседі.

Қорыта келгенде зерттеудің белгілі бір толықтығының *бес* дәрежесі келіп шығады, оның бер жағында неғұрлым толық программа онша толық емес программаның барлық сұрақтарын міндетті түрде қамтиды. Авторлар алғы сөзде суреттеулердің осы *бес* түрінің әрқайсысының толықтығын былайша анықтайды:

«Бюджет шаруа үйінің барлық өндірісі мен тұтынуын қамтиды.

Арнаулы суреттеу шаруашылық бойынша ауыл шаруашылық өнімдерінің сатылуы мен сатып алынуын және мал шаруашылығының айналымын (арнаулы бланкте) және толық шаруашылық карточкасына кіретін барлық сұрақтарды зерттейді.

Егжей-тегжейлі шаруашылық карточкасында шаруашылық мүшелерінің барлық иеліктері, кәсіпорындары мен кәсіптері атап көрсетіледі, семья мүшелерінің жынысы, жасы, сауаты туралы мәліметтер, көлік пен құрал-сайманның және қоражопсының құны тіркеледі, кәсіпорындар мен кәсіптерден түсетін табыстар, егін, жұмыс қолына жұмсалатын шығын есептеледі.

Қысқаша шаруашылық карточкасында семья мүшелерінің жынысы, жасы, сауаты туралы мәліметтер ғана сақталады, иеліктер, кәсіпорындар мен кәсіптер, көлік пен құрал-сайман көрсетіледі.

Қысқартылған шаруашылық карточкасында семьяны жынысқа бөліп, оның үлкен-кішілігі, еркек қызметкерлердің саны, арендадан басқа семьяның иеліктері мен кәсіпорындары, негізгі мал, еркек қызметкерлердің сауаты және айналысатын кәсібі, сондай-ақ оқушы ұлдар мен қыздардың саны жазылады».

Амал не, басылымда суреттеудің барлық бес түрі сұрақтарының толық тізімдері қоса берілмеген. Тек үй басы толтырылған ең қысқаша («қысқартылған») карточка ғана қоса берілген, бұл карточканың шаруашылықты толық суреттеуі европаша қойылған ауыл шаруашылық санақтарының карточкаларындағы суреттеуден (шамамен алғанда) кем түспейді.

Егер Пенза статистиктері жоғарыда көрсетілген программа бойынша бүкіл губернияны зерттейтін болса, онда жиналған деректер мүлтіксіз дәрежеге жақын болмақ десек, мұнымыз асырып айтқандық болмайды. Айталық, губернияда 270 000 үй бар делік (іс жүзінде,

сірә, олар бұдан көп болу керек). Сонда біз аренда туралы, барлық көлік пен құрал-сайман туралы деректері бар 90 000 суреттеме алған болар едік;— содан соң астық шығымдылығы туралы *(әрбір шаруашылықтың)*, жұмыс қолына жұмсалатын шығын туралы, құрал-сайман мен қора-қопсылардың құны туралы деректері бар 30 000 суреттеме алар едік;— одан кейін ауыл шаруашылық өнімдерінің сатылуы мен сатып алынуының, сондай-ақ «мал шаруашылығы айналымының» (яғни, сірә, малды күту мен азықтандыру жағдайларының, мал шаруашылығы өнімділігінің және басқаларының дәлме-дәл суреттемесі болар) 10 000 суреттемесін алған болар едік;— ақырында, *250* бюджет алган болар едік, бұл бюджеттер шаруалар шаруашылығының типтік 10 тобы бар деп есептегенде, *әрбір* топты *толық* суреттеген болар еді, әр топқа 25 бюджеттен келер еді, яғни бұл тұрақты орташа мөлшер шығару үшін толығынан жеткілікті.

Қысқасы, бұл программаны орындаған күнде, Пенза губерниясының шаруалар шаруашылығы тамаша жақсы зерттелген болар еді — батыс европалық санақтардағыдан (бұлар, рас, губернияларды емес, тұтасынан бүкіл елді қамтиды) анағұрлым жақсы зерттелген болар еді.

Істің бәрі осы тамаша деректерді *өңдеуге* ғана келіп тіреліп отыр. Негізгі қиыншылық осында. Жұмысының мұқияттылығы жағынан және өзінің толықтығы жағынан өте тамаша земстволық статистикамыздың ең бір осал жері осында болып отыр. 300 000 үйдің әрқайсысы туралы (немесе 90 000-ның әрқайсысы—30 000-ның әрқайсысы — 10 000-ның әрқайсысы туралы) деректер өте тамаша болуы мүмкін, бірақ, егер олардың өңделуі қанағаттанғысыз болса, ғылыми мақсаттар үшін, Россияның экономикасын түсіну үшін бұл деректер мүлде дерлік зая кетуі мүмкін. Өйткені қауым бойынша, болыс бойынша, уезд бойынша, губерния бойынша алынған жалпы орташа деректерден мардымды ештеңе біліп болмайды.

Жартылай орта ғасырлық (патриархтық және крепостниктік) егіншілікті капиталистік жолмен қайта құру

процесі Россияда дәл қазір жүріп жатыр. Бұл процесс бұдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын білінді. Осы орасан көп уақыт аралығында Россияның экономикалық әдебиетінде бұл процестің әр қилы белгілерін көрсететін жеке *көрсеткіштер* орасан көп жиналған. Істің бүкіл мәні қазір өзінің толықтығы жағынан, өзінің жиналып, тексерілуінің мұқияттылығы жағынан өте тамаша болып отырған земство статистикасының жаппай деректердің тиісінше *өңделуінде* болып отыр. Ол деректер өңделгенде дәлме-дәл, объективті, жаппай деректерді есепке алуға негізделген *жауап шығатындай* болып, Россияның реформадан кейінгі экономикасының жарты ғасырлық талдауы *көрсеткен* немесе белгілеген *барлық* мәселелерге (ал қазіргі уақытта столыпиндік аграрлық заң Россияның *революциядан кейінгі* экономикасы туралы тағы да көптеген өте қызықты мәселелер қойып отыр) жауап шығатындай болып өңделуге тиіс.

Статистика деректері былайша өңделуге тиіс: ескі крепостниктік, барщиналық, жұмыспен өтелетін, натуралды шаруашылықтың күйретілу процесі және оның сауда, капиталистік егіншілікпен алмастырылу процесі осы деректер бойынша зерттеліне *алатын болуы керек.* Бұл процестің болып жатқандығына Россиядағы бірде-бір сауатты (саяси-экономикалық мағынада) адам қазір күмәндана алмайды. Бүкіл мәселе үй басы алынған аса жақсы *деректердің зая кетпеуі* үшін, бұл өте күрделі, алуан түрлі процестің *барлық* жақтары солар бойынша зерттелетін болуы үшін осы деректердің *қалай* өңделуінде болып отыр.

Бұл шарттарды қанағаттандыру үшін, үй басы алынған деректердің өңделуі шаруашылықтардың өмірде белгіленген — немесе *белгіленіп келе жатқан* (мұның маңызы кем емес) — *барлық типтерін* жекелеп зерттеу үшін барынша тиімдірек және толығырақ жасалған *топтық және құрама кестелерді* мүмкіндігінше көбірек беруге тиіс. Жан-жақты және тиімді жасалған топтық және құрама кестелерсіз өте бай үй басы алынған деректер мүлде босқа қалады. Қазіргі статистиканың ең бір зор қаупі осында болып отыр, қазіргі статистика

соңғы кезде кейбір, мен былай дер едім, «статистикалық кретинизмге» барған сайын жиі шалдығып жүр, ағаш тасасынан орман көрінбей қалады, бықыған цифрлардың тасасынан құбылыстардың *экономикалық типтері,* тип болғанда, жан-жақты және тиімді жасалған топтық және құрама кестелер болғанда *ғана* көзге ілігетін типтері көрінбей қалады.

Ал оларды *тиімді етіп* жасаудың шарты ең алдымен мынау: капитализмнің даму процесі оның барлық тарамдары мен формаларында байқалатын болуы керек. Неғұрлым көп сақталған натуралды шаруашылықтың типін және оның сауда, капиталистік ауыл шаруашылығымен алмастырылуының (сауда егіншілігі рынок үшін өндіруге ауыл шаруашылығының біресе бір жағын, біресе екінші жағын тарта отырып, әр түрлі жерлерде түрліше формаға ие болады) әр түрлі дәрежелерін бөліп көрсетуге мүмкіндік беретін өңдеуді ғана тиімді деп табуға болады. Тұтас натуралды егіншіліктен жұмыс күшін *сатуға* («кәсіпшілік» деп аталатын, мұның мәнісі — жұмыс күшін сату),— сондай-ақ оны *сатып алуға* көшетін шаруашылықтардың түрлі типтері ерекше толық бөлініп көрсетілуге тиіс. Шаруашылықтардың түрлі типтері ауқаттылығына қарай (капиталдың қорлану дәрежесіне және оның құрылу және қорлану *мүмкіндігіне* қарай) ерекше толық бөлініп көрсетілуге тиіс,—содан соң бүкіл ауыл шаруашылық өндірісінің көлеміне қарай, сондай-ақ ауыл шаруашылық өндірісінің атап айтқанда белгілі бір жерде және белгілі бір уақытта *сауда* егіншілігіне немесе *сауда* мал шаруашылығына, т. т. және т. с. айналдыруға бәрінен де гөрі оңай бейімделетін салаларының көлеміне қарай ерекше толық бөлініп көрсетілуге тиіс.

Егіншіліктің қазіргі экономикасын зерттеудегі мәселенің бүкіл түйіні натуралды шаруашылықты *сауда* шаруашылығы етіп нақ осындай қайта құруда болып отыр, ал төрешілдік, либерал-профессорлық, мещандықхалықшылдық және оппортунистік «теорияның» сансыз көп қателері мен соқыр сенімдері осы алмасуды түсінбеушіліктен немесе оны өзінің өте-мөте алуан формаларынан байқап көре алмаушылықтан туып отыр.

Пенза статистиктерінің жұмысы, жоғарыда аталған жинаққа қарағанда, іске чиновникше қарамайтын адамдар, шын мүдделі және орасан зор құнды ғылыми зерттеу беруге қабілеті бар адамдар жүргізіп отырған жұмыс,— міне, бұл жұмыс осының өзінде де бәрібір статистикалық кертартпалықтың немесе «статистикалық әуестіктің» өте көп екені және саяси-экономикалық парасаттылықтың, жете ойланудың жеткіліксіз екені жөнінде әсер қалдырады.

Қаралып отырған жинақта, ең алдымен, селениелер туралы анықтама мәліметтер бар. Бұл мәліметтер бүкіл кітаптың $^1/_{10}$ бөлігінен аз-ақ кем бөлігін алып отыр. Қалған $^9/_{10}$ бөлігі қауымдар бойынша жасалған кестелермен толтырылған. Әрбір селениедегі әрбір қауым шаруаларының әрбір тобына (жер иелігінің көлеміне қарай) 139 тік графалары бар ерекше көлденең жол (уезд бойынша мұның барлығы 1009) арналған. Мәліметтері адам айтқысыз егжей-тегжейлі жасалған. Сірә, бұл мәліметтердің $^9/_{10}$ бөлігінің тіпті ең білуге құмар жергілікті тұрғындарға да ешқандай мағлұмат үшін еш уақытта қажеті бола қоймас.

Бірақ біз 119—139 графаларды, яғни уезд бойынша жасалған мың бөліктердің әр біреуіне *относительді сан* беретін, яғни есептеліп шығарылған проценттік қатынастарды беретін *жиырма бір* графаны көргенде, адам айтқысыз егжей-тегжейіне жетушілік статистикаға желіне әуестенушілікке ұқсас бірдемеге айналады!!! Статистиктер бір уезд үшін мыңдаған және он мыңдаған есептер жасаған, бұлары тіпті жергілікті тұрғындар үшін де тым ерекше жағдайларда ғана керек болуы мүмкін. Статистиктер шамамен алғанда 15—20 мың есеп жасап шығарған, бұлардың, сірә, әйтеуір бір он шақтысы *ғана* жергілікті тұрғындарға керек болуы мүмкін, ал оның бер жағында олар өздеріне қажет болған есепті, мұның қажет болуы да екіталай, *өздері-ақ* шығарып алған болар еді.

Статистиктердің зая кетірген орасан зор еңбегі олардың (қолдағы бар күш пен қолдағы бар бюджетті еске алғанда — земствоның статистикаға шығарған бюджеті тым аз!) зерттеуге жұмсай алатын еңбегінің жалпы

мөлшеріп кеміту болып табылады. Ешкімге керегі жоқ статистикалық «молшылықтың» мыңдаған цифрлары бар қаралып отырған осы жинақ *бірде-бір* қорытынды бермейді. Қорытынды атаулының қандайы болсын бәрі де келесі кітаптарға қалдырылған. 1-ден, келесі кітаптар бола ма, болмай ма, біз бұған сене алмаймыз, полициялық озбырлыққа тым тәуелді болып отырған орыс земство статистиктері де бұған сене алмайды. Ал, 2-ден, уездер бойынша жасалған әр алуан топтық және құрама кестелерді байқап *көрмейінше*, губерния бойынша, ғылыми мағынада айтқанда, толық қанағаттанарлық қорытынды, топтық және құрама кестелер системасы еш уақытта да жасалмайды.

Әзірге біз мынадай өкінішті фактіні көріп отырмыз: земстволық статистикалық жинақтың ғылыми жағынан құндылығы болмашы, мүлде жоқ дерлік, ал бұған қыруар көп еңбек жұмсалған және мұнда толып жатқан өте-мөте бай, құнды, жаңа *(9 ноябрьдегі заңның нәтижелері!)* деректер бар,— бұлар қорытылмаған, бір жерге жинақталмаған, топталмаған, құрастырылмаған деректер.

Ең болмағанда, өте бай земстволық-статистикалық материалды пайдалану үшін жасала алатын және жасалуға тиісті топтаулардың кейбіреуін көрсете кетейік. Уезд бен губернияны сауда егіншілігінің әр алуан түрінің (астық пен картоптан шарап жасау; сүт өнімдерін өткізу; май шайқау; ерекше сауда өсімдіктері, т. т. және т. с.) неғұрлым көп таралғанына қарай аудандарға бөлген дұрыс;—содан соң егіншілік емес кәсіпшіліктер мен шет кәсіп бойынша бөлген дұрыс;— помещиктік шаруашылықтың жағдайларына қарай (помещиктік экономиялардың жақындығы немесе олардың болмауы, крепостниктік, жұмыспен өтейтін, барщиналық, жарма-жарлық, бұйымдық т. с. шаруашылықтың немесе капиталистік, ерікті жалдамалық, помещиктік шаруашылықтың басым болуы) бөлген дұрыс;— одан әрі, сауданың және жалпы алғанда капиталистік айналымының даму дәрежесіне қарай бөлген дұрыс (мұның өзі өте маңызды болу, саяси экономияның әліппесінің тұрғысынан қарағанда бұл міндетті түрде істелуге тиіс

және әдетте істелмей жүргенімен, мұның істелуі оп-оңай: темір жолдан, базарлардан, сауда орталықтарынан, т. т. қашықтығына қарай селениелерді топ-топқа бөлу керек); — селениелердің көлеміне қарай бөлген дұрыс (Краснослободск уезінде 278 селениеде 30 мыңға жуық үй бар, ал ең ірі 19 селениеде 9 мыңнан аса үй бар — сірә, жағдайлары басқаша болар).

Үйлерді тек жер иелігіне қарай емес, сонымен қатар егіс көлеміне де қарай топ-топқа бөлген жөн және солай болу қажет (құрастырушылар алғы сөзде: Пенза губерниясының шаруалар шаруашылығы «арендаланған жерде емес, көбінесе өз жерінде жүргізіледі» дейді, бірақ бұл тым дәлелсіз бага, ал аренда туралы мәселенің орасан зор маңызы бар және толық талдап тексеруді керек етеді); — содан соң сауда өсімдіктерін байқауға және бөліп қарауға мүмкін болғандықтан сауда өсімдіктері егісінің көлемі бойынша бөлген жөн; — одан соң, «кәсіпшіліктер» бойынша бөлген жөн (саяси экономияны тура мазақ еткендей болып, «шаруашылықтарды өнеркәсіпшілермен қоса» және оларсыз алып қарайтын өрескел формада болу керек емес, әдетте жұрт осындай формада болумен шектеліп жүр, қайта кәсіпшіліктегі адамдардың жағдайларын міндетті түрде есепке алып: жалдама жұмысшыларды шетке көп, орта мөлшерде, аз жіберетін шаруашылықтарды, ұсақ және ірі кәсіп орындары бар, жұмысшыларды болмашы мөлшерде, орта мөлшерде және көптен жалдайтын шаруашылықтарды, т. т. міндетті түрде есепке алып бөлген жөн); — иелігіндегі мал санына қарай бөлген жөн (жинақта бұл қазірдің өзінде ішінара жасалған), т. т.

Шаруашылықтарды капитализмнің егіншілікке енуінің әр түрлі белгілері бойынша он (бұл да шамамен алғанда) топқа бөлуші, айталық, он кесте болатын құрама кестелер — 80 тік графасы бар деп шамалағанда — 8000 жаңа есептер берген болар еді, яғни әрбір қауым бойынша жеке алынған проценттік қатынастардың ешкімге керегі жоқ 20 000 есебінен гөрі анағұрлым аз орын алған болар еді.

Ал мұндай, әр алуан, сондықтан да егіншілік пен егіншінің рынокқа бағыну формаларының орасан зор

ор қилылығын есепке алатын құрама кестелердің ғылыми маңызы орасан зор болар еді. Ешбір асырмай айтқанның өзінде — бұл кестелер егіншілік экономикасы жөніндегі ғылымда бүтіндей төңкеріс жасар еді деуге болады.

«Просвещение» № 1,
январь, 1914 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Просвещение» журналының текcті бойынша басылып отыр

РЕЦЕНЗИЯ

„1913 ж. С.-Петербургте болған Бүкіл россиялық тазалық көрмесіндегі еңбек қорғау жөніндегі экспонаттар“. СПБ. 1913 ж.
78 бет. Бағасы көрсетілмеген

Бұл өте-мөте пайдалы басылым еңбек қорғау мәселелері жөнінде Бүкіл россиялық тазалық көрмесінде қойылған материалдың қысқаша мәліметін береді. Басылым жұмысшы өмірінің бірқатар мәселелері жөнінде: өнеркәсіптің кейбір салаларындағы жұмысшылардың саны, әйелдер мен балалар еңбегі, жұмыс күні мен жалақы, санитарлық жағдайлар мен еңбек қорғау, жұмысшылардың ауру-сырқауы мен өлім-жітімі, алкоголизм, жұмысшыларды қауіпсіздендіру, т. т. және т. с. жөнінде толып жатқан құнды статистикалық деректер береді.

Еңбек қорғау мәселелері жөніндегі әдебиеттердің тамаша көрсеткіші кітапқа қосымша етіліп берілген.

Кітаптың кемшілігі — көп реттерде абсолюттік цифрлардың жоқтығы (тек относительді цифрлар ғана көрсетілген) және жекелеген мәселелер бойынша тиісті деректерді тез табуға мүмкіндік бере алатын жалпы *атау* көрсеткішінің жоқтығы.

Келесі басылуларында бұл кемшіліктердің түзетілгені дұрыс болар еді. Жұмысшы мәселесіне көңіл қоятындардың бәрі, барлық кәсіптік, қауіпсіздендіру қоғамдары және басқа жұмысшы қоғамдары бұл кітапты пайдаланатыны күмәнсыз. Келесі басылуларында бұл кітап Россиядағы еңбек жағдайы мен еңбек қорғау мәселелері жөніндегі материалдардың жүйелі жиынтығына айнала алар еді, айналуға да тиіс болар еді.

«Просвещение» № 1,
январь, 1914 ж
Қол қойған: В. И.

«Просвещение» журналының
тексті бойынша басылып
отыр

ЛАТЫШ ӨЛКЕСІ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ IV СЪЕЗІ

13—26 ЯНВАРЬ (26 ЯНВАРЬ—8 ФЕВРАЛЬ), 1914 ж.[110]

Баяндама мен қорытынды сөз бірінші рет 1915 ж. 14 майда және 24 июльде «Stradniekc» газетінің 37 және 63-номерлерінде латыш тілінде басылған (Бостон)

Орыс тілінде бірінші рет газеттің тексті бойынша басылып отыр
Латыш тілінен аударма

Латыш өлкесі Социал-демократиясының РСДРП-ға көзқарасы туралы қарардың жобасы бірінші рет 1957 ж. «Вопросы истории КПСС» журналының 3-номерінде басылған (толық емес)

Қолжазба бойынша басылып отыр

1
ЛАТЫШ ӨЛКЕСІ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ IV СЪЕЗІНДЕ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАЯНДАМАСЫ

Ленин (Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің өкілі). Браун жолдас қоқсықты, ескі қағаздарды ақтарып жатудың керегі жоқ деді. Бұл дұрыс. Бірақ солай бола тұрса да, документтер мен басқа да дәлелдерге сүйену қажет. РСДРП-ның соңғы екі жыл ішіндегі қызметімен жақынырақ танысқаннан кейін партияны қалпына келтіруге кедергі жасаған жойымпаздықтың бар екендігі айқын болады. Егер біз партияның жікке бөлінуінің саяси себептерімен танысқасақ, онда бізге алауыздықтың қазіргі жайы да түсініксіз болып шығады. 1908 жылғы конференцияның өзінде-ақ, ал кейініректе 1910 жылғы пленумда да қате ағымдардың бар екендігі көрсетілген болатын. Бір жағынан — Россияның жаңа жағдайларын түсінбейтін шақырымпаздық, екінші жағынан — партияны жоққа шығаратын немесе құпия партияның маңызын төмендететін жойымпаздық. Бұл ағымдар буржуазияның ықпалымен пайда болды. Жойымпаздық — кең тараған құбылыс. 1906 жылдың өзінде-ақ социалист-революционерлердің (халықшылдардың) ішінде партияны жария жағдайға көшіргісі келген адамдар пайда болды. Бұл — бейімделу саясаты, біз мұны кадеттерден көріп отырмыз. Осындай бейімделу рухы социал-демократтардың жойымпаздық ағымында үстем болып отыр. Осы жойымпаздықпен күрес үстінде ғана күшті партия құруға болады. 1908 жылғы конференция бұл жөнінде айқын мәлімдеген болатын. Партия пленумнан кейін жікке бөлінді. Орталық Комитеттің шетелдік бюросы[111] кейін,

пленум шақырмастан, өзінен-өзі жойылды. Партияны жойымпаздармен күрес үстінде қайта қалпына келтіруге тура келді, мұны да январь конференциясы істеді. Бұл конференция жұмысшы куриясында жойымпаздарға қарсы күресу қажет деген шешім қабылдады, бірақ Браун жолдас мұны азиаттық шешім деп атады. Алайда бұл шешім пленум қабылдаған қарардан туындайтын негұрлым дәйекті қорытынды ғана болып табылады. Январь конференциясын тұс-тұстан айыптады.

Ал шындығында осы январь конференциясының жайы қалай болып еді? Егер бұл шынында да жікшілдердің конференциясы болған болса, онда мұндай жағдайда бүкіл партия бірігіп, бұл конференцияның партия атынан өкілдік жасай алмайтындығын дәлелдеу керек еді. Бірақ бұлай болмады. Браун жолдас қалың бұқара Лениннің соңынан ермейді деді. Бірақ байсалды адам мәселені бұлай шешпейді; фактілерді барынша кеңінен алып қарау керек. Фактілер не деп отыр? Жұмысшы куриясындағы сайлаулардың қорытындылары туралы деректер жарияланды: II Дума сайлауында большевиктерге дауыстардың 47 проценті, III Дума сайлауында — 50 проценті, IV Дума сайлауында — 67 проценті берілді. Бұлар даусыз фактілер, бұл фактілер январь конференциясы шешімдерінің дұрыс болғанын көрсетеді. Конференцияның шешімі сайлауларда жүзеге асты. Россияның саналы жұмысшыларының көпшілігі большевиктер жағында, ал мұның өзі жойымпаздарға қарсы күрестің қажет болғандығын дәлелдейді. Қазір саналы жұмысшылар көпшілігінің большевиктерді жақтайтынын жария баспасөз де мойындап отыр.

Браун жолдастың айтуына қарағанда, август конференциясы оның қойған талаптарын: демократиялық республика ұранын, құпия партияның қажеттігін қабылдаған көрінеді. Олай болса, Браун жолдастың осы конференция құрған Ұйымдастыру комитетінен кеткісі келетіні неліктен? Мұнысы саяси қызметте саяси ақылдылықты және табандылықты көрсетпейді. Браун жолдас: қазір әдебиетшілер арасында тек жекелеген жойымпаздар ғана бар, ал жойымпаздық атымен жоқ деді.

Бірақ «Лучтың» құпия партияға қарсы шабуыл жасауы, партия мүшелеріне қарсы күресуі нені көрсетіп отыр? Жойымпаздар Браун жолдасқа берген уәдесін орындамады: демократиялық революция ұранын және құпия партияның қажеттігін қолдамады. Латыштар Ұйымдастыру комитетінен кетіп қалмақшы. Бұл да Август блогының жалған екендігін дәлелдейді. Жойымпаздар қазіргі козқарастарынан бас тартып, тура (толығынан) қарама-қарсы козқарас ұстамайынша, жойымпаздармен бірлік туралы сөз ету күлкі келтіреді, керек десе демагогия болып табылады. Жойымпаздық қазір қандай болса, сондай болып қалып отырғанда,—бірліктің болуы мүмкін емес. Жария партияны жақтаушылар құпия партияны жақтаушылармен біріге алмайды. Қазір екі партия бар, бірі — шын партия, екіншісі — жалған партия, бос қиял. Бұл жалған партия құпия партияға шабуыл жасауы арқылы жұмысшыларға тек қана іріткі салып жүрген интеллигенттер тобы болып табылады. «Луч» тіпті Август блогының барлық әдебиетшілерінің өзін де біріктіріп отырған жоқ, тек жойымпаздарды ғана біріктіріп отыр. Жойымпаздарга қарсы тек күресу ғана қажет.

«Демагогия», «бірлік», «жікшілдер» деген — тек даурықпа сөздер ғана; мұндай создерді тоты құс та қайталай алады. Бірақ фактілерге көз жіберіп қарау керек. Бір жылдың ішінде «Правда» шамамен 2000 жұмысшы топтарын біріктірді, ал «Луч» тек 550 топты біріктірді. Құпия партияны жақтап отырған орган «барлық бағыттардағы» газетке қарағанда жақтаушыларды 4 есе көп жинады. Олардың, большевиктердің, орыс жұмысшыларының көпшілігін біріктіргенін фактілер корсетіп отыр. Жазда шақырылған кеңес те осыны дәлелдеді.

Ленинді фракцияны жікке бөлді деп кінәлайды. Бірақ 6 депутат бір жыл бойы фракция ішіндегі жойымпаздыққа қарсы күресіп келді. Көпшілік большевиктер жағында, партия — осылар жағында. Фракция партия көпшілігіне бағынып, сол көпшілікпен бірге әрекет жасауға тиіс. Егер олар осыны істемесе, онда олар өзін партиядан тыс, партияның маңына қояды. Барлық жердегі тәртіп бойынша, фракция партия шешімдеріне ба-

ғынуға тиіс. Россияда да осылай болуға тиіс. Мемлекеттік думаның депутаттары қайдағы бір социал-демократиялық мылжыңдар емес, партияға бағынуға тиісті партия қызметкерлері.

Жойымпаздарды қолдаушылықтың бәрі де жалған, бос сөз, былшыл. Фракция жікке бөлінгеннен кейін қандай оқиға болды? 6 депутатты жақтап 6000 адам қол қойды, жетеуді жақтап қол қойғандар—2000. Бұл туралы баспасөзден әркім де оқи алады. Мартов жетеуді марксистер мекемелері жақтап отыр деді, бірақ бұлар — партия мүшелері бұқарасының атынан өкілдік ете алмайтын, жалған мекемелер ғана.

Большевиктер бірлікті жақтайды. Ал бірақ құпия партияға кіре алмайтындар кімдер еді? Құпия партияның бірлігі қажет. Төменнен болатын бірлік. Бірақ құпия партияға шабуыл жасаушыларға, бұл партияның маңызын төмендетушілерге қарсы, міне, бұларға қарсы тек күрес жүргізуге тура келеді. Құпия партияға тиіспейтініне, демократиялық республика ұранына дақ түсірмейтініне кепілдік берсін,— тек сонда ғана жоғарыдан бастап төменге дейін бірліктің болуы мүмкін. Азияда қалай екенін білмеймін, ал Европада кім көпшілікті мойындамаса, оларды жікшілдер деп атайды. Көпшіліктің шешімдеріне бағынбай отырған азшылық жікшілдер болып табылады.

2
ЛАТЫШ ӨЛКЕСІ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ IV СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Л е н и н. «Демагогиялық әдістері» үшін, жік салғаны үшін, т. т. үшін деп маған шабуыл жасалып жүр. Ал қарсыластар қалай істеп отыр? Олар әрқашан да большевиктерге күйе жағады. Бұған Мартовтың жексұрын кітапшасының[112] өзі мысал бола алады.— Мен Халықаралық бюроның конференциясына большевиктер қатысады деп өз пікірімді ғана айттым. Бірақ мұны Орталық Комитет әлі шешуі керек, онда жұмысшылар отыр. Бұл мәселені шешетін Ленин емес, солар.— Ал жойымпаздық жоқ деушілер съезді сыйламайды. Жойымпаздықтың не екені 1908 жылдан бастап-ақ партия шешімдерінде анық айтылған. Бұл шешімдер әлі күшінде, олармен санасу қажет. Қазір жойымпаздық идеяларды «Август блогының» газеттері уағыздап отыр. Осында Ұйымдастыру комитетін жақтаушылар партияға қарсы шығып отырған жоқпыз деген болады, ал олардың газеттері не айтып отыр? Мұндай мысалдар көп. Ымырашыл Ан да партиялық емес үгітке қарсы шықпақшы болды, бірақ редакция өз пікірінде қалды. «Луч» газетінің көзқарастарын қорғаушылармен бірігуге болмайды. «Ашық жұмысшы партиясы» жолындағы күрес жойымпаздық болып табылады.— Шақырылғалы отырған конференцияға жойымпаздармен бірігу үшін емес, қайта оларды әшкерелеу үшін және «Август блогы» жалған екенін дәлелдеу үшін бару керек.— Жойымпаздық баспасөз ұрандардың өрісін тарылтады, революциялық тактиканы шектейді. Жойымпаздардың ешқандай құпия әдебиеті жоқ, мұндай әдебиет большевиктерде ғана

бар. Россияда большевиктердің ұйымдары бар екені соңғы (31) номерден көрінеді. Жұмысшылардың басым көпшілігі большевиктер жағында болып отырғанын IV Мемлекеттік дума сайлауы да көрсетті. Бұл — жұрттың бәрі-ақ тексеріп көруге болатын фактілер. Газетті материалдық жағынан қолдау да осыны корсетеді.— Бірлік туралы даурығулардың әлі ешқандай маңызы жоқ, біріктіре білу керек. Россияда большевиктер көпшілікті біріктірді, ал август конференциясы, керісінше, ештеңені де біріктірген жоқ. Одан Браун аулақтап барады, Троцкий аулақтап барады,—«Август блогы» ыдырап жатыр. Бурьянов та 7 депутаттың қатарында қалған жоқ.—Бірігу мүмкін болу үшін жойымпаздарды айыптау қажет.

3
ЛАТЫШ ӨЛКЕСІ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ РСДРП-ға КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Зиемелистің қарары

1. Әсіресе қазір, жұмысшы табының күресі барған сайын өріс алып отырған кезде — Россияда барлық шын социал-демократиялық күштердің бірігуі және партияның қатаң бірлігі мейлінше қажет. Өз қызметінде мыналарды мойындайтын социал-демократтар арасында ғана бұл бірліктің болуы мүмкін:

а) қазіргі кезеңде РСДРП тек қана құпия жағдайда өмір сүре алады және барлық социал-демократтар құпия партия ұйымына кіруге тиіс;

б) жұмысшыларды бүкіл азаттық қозғалысының алдында болуға және жаңа революция жолында күрес жүргізуге шақыра отырып, Россия социал-демократиясы бұқара арасында үгітті 1905 ж. революциялық талаптар рухында жүргізуге тиіс.

Съезд әрбір қалада бір ғана *біріккен социал-демократиялық ұйым* болуға тиіс деп табады, бұл ұйымға барлық ұлттардың жұмысшылары кіруге тиіс және бұл ұйым жергілікті пролетариат сөйлейтін тілдердің бәрінде де жұмыс жүргізуге тиіс. Съезд барлық ұлттардың социал-демократтарын жұмысшылардың өздері төменнен орнататын, шын, берік, нағыз пролетарлық бірлік жолында қажырлы күрес жүргізуге шақырады.

2. Соңғы 5 жыл бойында партия ішіндегі күрестің өзекті мәселесі *жойымпаздық бағыт* туралы мәселе болып келді. Жікке бөліну атаулыдан бұрын, 1908 жылғы Бүкіл россиялық конференцияның өзінде-ақ партия былай деп қаулы алды: партия жойымпаздықты партиялық интеллигенцияның кейбір бөлегінің қазіргі РСДРП

ұйымын жойып, оны қайткен күнде де, тіпті жариялылықтың өзі партияның программасынан, тактикасынан және дәстүрлерінен көрінеу бас тарту арқылы түсетін болса да, жариялылық шеңбердегі бейнесіз бірлестікпен ауыстыруға тырысу әрекеті деп түсінеді.

Партияның барлық бағыттары мен ағымдарының өкілдері қатысқан РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы январьдағы пленум мәжілісінде: жойымпаздықты құпия социал-демократиялық партияны теріске шығару, оның ролі мен маңызын төмендету, революциялық социал-демократияның программалық және тактикалық міндеттері мен ұрандарын келтелеуге әрекет жасау және тағысын тағылар түрінде байқалған «буржуазияның пролетариатқа ықпал етуінің көрінісі» деп бүкіл партия тағы да *бірауыздан* айыптаған болатын.

Жойымпаздармен қайткен күнде де бірігу керек деген ымырашылдар тарапынан болған әрекет (1912 жылғы август конференциясы) пайдасыз болып шықты да, біріктірушілердің өздері жойымпаздарға идеялық-саяси жағынан тәуелділікке душар болды.

Латыш өлкесі Социал-демократиясының IV съезі жойымпаздық бағытты нақты айыптап, жойымпаздардан іргесін аулақ салмаған Ұйымдастыру комитетінен өз өкілін кері шақырып алуға қаулы етеді.

3. Съезд кең көлемде саяси науқан жүргізу үшін саяси бағыты съезде қабылданған қарарларға сай келетін ұйымдармен қарым-қатынас жасауды Орталық Комитетке тапсырады.

4. Россия социал-демократиясындағы бірігу ісін күн тәртібіне қою жөніндегі Халықаралық социалистік бюроның инициативасын съезд құптайды және осы қарарда білдірілген көзқарастарды қорғай отырып, барлық тиісті қадамдар арқылы көмек көрсетуді Орталық Комитетке тапсырады.

МІНДЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҚАЖЕТ ПЕ?

Либералдардың реакционерлерден айырмашылығы сол — олар, ең болмағанда, *бастауыш* мектепте ана тілінде оқыту правосын мойындайды. Бірақ либералдар міндетті мемлекеттік тілдің болуы тиіс екені жөнінде реакционерлермен мүлде бір жерден шығады.

Міндетті мемлекеттік тіл дегеннің мәнісі не? Практика жүзінде алғанда бұл — Россия халқының *азшылығы* болып отырған великоростардың тілі Россияның барлық былайғы халқына еріксіз таңылады деген сөз. Әрбір мектепте мемлекеттік тілді оқыту *міндетті* болуға тиіс. Ресми іс жүргізу жұмысының бәрі жергілікті халықтың тілінде емес, міндетті түрде мемлекеттік тілде жүргізілуге тиіс.

Міндетті мемлекеттік тілді жақтаушы партиялар оның қажеттігін немен дәлелдейді?

Қаражүздіктердің «дәлелдері», әрине, қып-қысқа: барлық бұратана халықтарды қыспақта ұстау керек, олардың «еркіндеп кетуіне» жол бермеу керек дейді. Россия бөлінбейтін болуға тиіс, сөйтіп барлық халықтар великорустық негізге бағынуға тиіс, өйткені великоростар орыс жерін құрушы және құрастырушы болыпты-мыс. Сондықтан билеуші таптың тілі міндетті мемлекеттік тіл болуға тиіс. Пуришкевич мырзалар тіпті Россия халқының 60 процентіне дейінгі великорус емес халқы сөйлейтін «ит тілдеріне» мүлде тыйым салудан да тайынбаған болар еді.

Либералдардың позициясы анағұрлым «мәдениетті» де «ептірек». Олар белгілі бір шекке дейін (мәселен, төменгі мектепте) ана тіліне жол берілуін жақтайды.

Бірақ мұнымен бірге олар міндетті мемлекеттік тілдің болуын қолдайды. Мұның өзі «мәдениет» мүдделері үшін, «бірыңғай» және «бөлінбейтін» Россияның мүдделері, т. т. үшін қажет көрінеді-міс.

«Мемлекеттік дегеніміз мәдени бірліктің орнауы... Мемлекеттік мәдениеттің құрамына мемлекеттік тіл сөзсіз кіреді... Мемлекеттіктің негізіне алынатын нәрсе — өкімет билігінің бірлігі, ал мемлекеттік тіл — осы бірліктің құралы. Мемлекеттіктің барлық өзге формалары сияқты, мемлекеттік тілдің де зорлықты және жалпыға міндетті күші бар...

Егер Россия біртұтас және бөлінбейтін болып қалатын болса, онда орыстың әдеби тілінің мемлекет тұрғысынан қолайлылығын мейлінше қолдау керек болады».

Мемлекеттік тілдің қажеттігі жөнінде либералдың дағдылы философиясы, міне, осындай.

Жоғарыда келтірілген сөздерді біз С. Патрашкин мырзаның либералдық «День»[113] (№ 7) газетінде басылған мақаласынан алдық. Мұндай пікірлері үшін, әбден түсінікті себептерден, қаражүздік «Новое Время» бұл пікірлердің авторының бетінен шөпілдетіп сүйіп отыр. Патрашкин мырза бұл жерде «әбден ақылды пікір» айтып отыр, деді Меньшиковтың газеті (№ 13588). Мұндай тым «ақылды» пікірлері үшін қаражүздіктер национал-либералдық «Русская Мысльді» де үнемі мақтап келеді. Либералдар «мәдениетті» дәлелдер арқылы нововремяшылдарға әбден ұнайтын нәрсені насихаттап отырғанда, оны қалай мақтамасын?

Орыс тілі — ұлы да құдіретті тіл, дейді бізге либералдар. Олай болса, Россияның кез келген шеткері аймағында тұратын әрбір адамның осы ұлы да құдіретті тілді білгенін сіздер қалай тілемейсіздер? Орыс тілі бұратана халықтардың әдебиетін байытатындығын, олардың ұлы мәдени қазынаға араласуына, т. т. мүмкіндік туғызатынын сіздер қалай көрмейсіздер?

Мұның бәрі де дұрыс, либерал мырзалар,— деп жауап береміз біз оларға. Тургеневтің, Толстойдың, Добролюбовтың, Чернышевскийдің тілінің ұлы да құдіретті тіл екенін сізерден гөрі біз жақсы білеміз. Біз Россияны мекендеп отырған қандай да болсын барлық ұлттардың езілген таптарының арасында мүмкіндігінше неғұрлым тығыз қарым-қатынас және туысқандық бірлік

орнауын сіздерден гөрі көбірек тілейміз. Сондықтан біз, әлбетте, Россияның әрбір тұрғынының ұлы орыс тілін үйренуге мүмкіндік алуын жақтаймыз.

Біз тек бір ғана нәрсені: *зорлау* элементінің болғанын тілемейміз. Біз жұмаққа дүремен айдап кіргізгіміз келмейді. Өйткені, сіздер «мәдениет» туралы қаншама әсем сөздер айтсаңыздар да, *міндетті* мемлекеттік тіл — зорлаумен, күштеп енгізілетін нәрсе. Біз ұлы да құдіретті орыс тілі өзін кімнің болса да *таяқтың күшімен* үйренетін болуын керек етпейді деп ойлаймыз. Россияда капитализмнің дамуы, жалпы алғанда қоғамдық өмірдің бүкіл барысы барлық ұлттарды өзара жақындастыруға бастап отырғанына біз кәміл сенеміз. Жүз мыңдаған адамдар Россияның бір түкпірінен екінші түкпіріне ауысып отырады, халықтың ұлттық құрамы араласып отырады, оқшаулық пен ұлттық томаға тұйықтық жойылуға тиіс. Өзінің өмірі мен жұмыс жағдайларына қарай орыс тілін білуге мұқтаж адамдар оны таяқтың күшінсіз де үйренеді. Ал зорлау (таяқтың күші) тек мынаған ғана әкеп соғады: ол ұлы да құдіретті орыс тілінің басқа ұлттық топтарға тарауын қиындатады, ал ең бастысы — өшпенділікті қоздырады, миллиондаған жаңа егестер туғызады, ашу-араздықты, өзара түсініспеушілікті, т. т. күшейте түседі.

Бұл кімге керек? Орыс халқына, орыс демократиясына мұның керегі жоқ. Тіпті «орыс мәдениеті мен мемлекеттігінің мүдделері үшін» болса да орыс халқы *ешқандай* ұлттық езгіні қабылдамайды.

Міне, сондықтан да орыс марксистері: — міндетті мемлекеттік тілдің *болмауын*..., халықты жергілікті тілдердің бәрінде де оқытатын мектептермен қамтамасыз еткенде ғана және ұлттардың бірінің қандай да болсын пұрсаттылығы болуын және аз ұлттың праволарын қандай да болсын бұзушылықтарды заңсыз деп жариялайтын негізгі заңды конституцияға енгізу қажет дейді...*

«Пролетарская Правда»
№ 14 (32), 18 январь,
1914 ж.

«Пролетарская Правда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

---

* Қараңыз: осы том, 64—65-беттер. *Ред.*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОҒА БАЯНДАМА

Гюисманс жолдасқа

Сіздің жеке өтінішіңіз бойынша мен өз атымнан төмендегі қысқаша баяндаманы (bref rapport) жазып отырмын, уақытым тым жеткіліксіз болғандықтан бұл баяндаманың (rapport) кемшілігі үшін алдын ала кешірім сұраймын. Біздің партияның Орталық Комитеті, сірә, Халықаралық социалистік бюроның Атқару комиссиясына өзінің ресми баяндамасын* жіберуге, сондай-ақ менің жеке баяндамамда болуы мүмкін қателерін түзетуге орайын табатын болар.

Біздің партияның Орталық Комитеті мен *Ұйымдастыру комитетінің* арасындағы келіспеушіліктер (dissentiments) неде болып отыр? Мәселе осындай. Бұл келіспеушіліктерді мынадай алты пунктпен жинақтап көрсетуге болады:

I

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы *құпия* партия ретінде 1898 жылы негізделіп, *барлық уақытта* да құпия партия болып қалды. Қазірде де біздің партия құпия болмаса, өмір сүре алмайды, өйткені баяу либералдар партиясының өзі де Россияда жария емес.

Бірақ Россиядағы 1905 жылғы революцияға дейін либералдардың шетелде құпия органы болды[114]. Революция жеңілгеннен кейін либералдар одан сырт айналып кетті де, құпия баспасөз туралы пікірді ызалана қабылдамай тастады. Міне, сөйтіп, революциядан кейін, біздің партияның оппортунистік қанатының арасында құ-

* Қараңыз: Шығармалар, 20-том, 234—237-беттер. *Ред.*

пия партиядан бас тарту, оны *жою* (*«жойымпаздар»* деген ат осыдан шыққан), оны жария («ашық») партиямен *алмастыру* идеясы туды.

Біздің бүкіл партия жойымпаздықты екі рет, 1908 жылы да, 1910 жылы да *формальды* түрде және сөзсіз айыптады. Бұл арадағы алауыздық ешбір келісімге келмейді. Құпия партияға сенбейтін және жалпы алғанда оны құрғысы келмейтін адамдармен бірге құпия партияны қалпына келтіруге және құруға болмайды.

Ұйымдастыру комитеті және оны сайлаған 1912 жылғы август конференциясы құпия партияны *сөз жүзінде* мойындайды. Ал *іс жүзінде* жойымпаздардың Россиядағы газеті («Луч» және «Новая Рабочая Газета» 1912—1913 жылдарда) август конференциясының шешімдерінен кейін жария баспасөзде құпия партияның өмір сүруінің өзіне *шабуыл жасай* берді (Л. С., Ф. Д., Засулич және басқалардың көп мақалалары).

Сонымен, Ұйымдастыру комитетінен бізді ажырататын жағдай мынадай: Ұйымдастыру комитеті сөз жүзінде өзінің жойымпаздығын мойындамай, ал іс жүзінде Россиядағы жойымпаздар тобын бүркемелеп, боямалай отырып, жалған нәрсе болып табылады.

Бізді ажырататын нәрсе сол — Ұйымдастыру комитеті жойымпаздықты батыл және біржолата айыптағысы келмейді (айыптай алмайды да — өйткені ол жойымпаздар тобына қарсы дәрменсіз болып отыр).

Жария баспасөзде құпия партияға шабуыл жасайтын адамдарға қарсы күреспейінше, біз құпия партияны құра алмаймыз. Россияда қазір (1912 жылдан бастап) Санкт-Петербургте күнделікті *екі* жұмысшы газеті бар: біреуі құпия партияның шешімдерін орындайды, оларды жүзеге асырып отырады («Правда»). Екіншісі («Луч» және «Новая Рабочая Газета») құпия партияға шабуыл жасайды, оны мазақ етеді, оны керексіз деп жұмысшыларды сендірмек болады. Жойымпаздар тобының бұл газеті өз бағытын түбегейлі өзгертпейінше немесе Ұйымдастыру комитеті оны үзілді-кесілді айыптап, одан байланыстарын үзбейінше, құпия партияның өмір сүруіне қарсы күресіп отырған топпен құпия партияның бірлігі болуы мүмкін емес.

II

Барлық жерлерде реформистер мен революционерлерді қандай алауыздықтар ажыратып отырса, бізді жойымпаздардан ажыратып отырған нақ сондай алауыздықтар. Бірақ бұл алауыздықтарды бізде әсіресе шиеленістіріп және оларды келісімге келмейтіндей етіп отырған жағдай—жойымпаздар жария баспасөзде революциялық ұрандарға қарсы күресіп отыр. Мәселен, жария баспасөзде республика ұраны немесе помещиктік жерлерді конфискелеу ұраны бұқара арасында үгіт жүргізу үшін жарамсыз деп отырған топпен бірлік болуы мүмкін емес. Мұндай насихатты,— объективті жағынан алғанда,— социализмге опасыздық жасап, либерализм мен монархияның ырқына көнумен бара-бар келетін насихатты біз жария баспасөзде теріске шығара алмаймыз.

Ал орыс монархиясы мынадай: орыс патшаларын конституционализмге үйрету үшін әлі де бірқатар революциялар керек болады.

Революциялық стачкалар мен демонстрацияларды астыртын ұйымдастыратын біздің құпия партияның стачкалық қозғалысты жария баспасөзде «стачка құмарлық» деп атап жүрген әдебиетшілер тобымен бірлігі болуы мүмкін емес.

III

Бізді ұлт мәселесі ажыратып отыр. Бұл мәселе Россияда өте қатты қойылып отыр. Біздің партияның программасы «экстерриториялық ұлттық автономия» дейтінді сөзсіз мойындамайды. Мұны қорғау іс жүзінде буржуазиялық жымысқы ұлтшылдықты уағыздаумен бірдей. Оның бер жағында жойымпаздардың август конференциясы (1912 жылғы) партия программасын тікелей бұзып, осы «экстерриториялық ұлттық автономияны» мойындады. Орталық Комитет пен Ұйымдастыру комитетінің арасында бейтарап болып отырған Плеханов жолдас программаны мұндай бұзушылыққа қарсы шықты және оны социализмді ұлтшылдыққа бейімдеу деп атады.

Ұйымдастыру комитеті біздің партиялық программаны бұзатын өзінің шешімін қайтып алғысы келмейді, бізді осы ажыратып отыр.

IV

Бұдан соң бізді ұлт мәселесі ұйымдастыру жағынан алғанда ажыратып отыр. Копенгаген конгресі кәсіптік одақтарды ұлт-ұлтқа қарай бөлуді тікелей айыптады. Ал бұл жөнінде кәсіптік одақтар мен пролетариаттың саяси партиясының арасына айырма қою мүмкін емес екендігін Австрияның тәжірибесі көрсетті.

Біздің партия социал-демократиялық партияның біртұтас, интернационалдық ұйым болу позициясын әрқашан жақтап келді. Жергілікті жерлердегі барлық ұлттық социал-демократиялық ұйымдарды біріктіру талабын партия 1908 жылы, жікке бөлінуден бұрын, қайталап қойған болатын.

Бізді Бундтан, Ұйымдастыру комитетін қолдайтын еврей жұмысшыларының жеке ұйымынан, ажыратып отырған жағдай мынау: Бунд, партияның шешімдеріне қарамастан, жергілікті жерлердегі барлық ұлттық ұйымдардың бірлігі болу принципін жариялаудан және іс жүзінде мұндай біріктіруді жүргізуден үзілді-кесілді бас тартады.

Бундтың тек біздің Орталық Комитетке бағынған ұйымдармен ғана емес, сонымен қатар Латыш социал-демократиялық партиясымен де, Поляк социал-демократиясымен де, Поляк социалистік партиясымен де (солшылдармен) мұндай бірігу ісін жүргізуден бас тартып отырғанын атап көрсеткен жөн. Сондықтан, Бунд өзін біріктіруші етіп көрсеткен кезде, біз мұнысын қабылдамай, былай деп мәлімдейміз: жергілікті ұйымдардағы социал-демократ жұмысшылардың интернационалдық бірлігін жүзеге асырмай отырған Бундтың нақ өзі жікшіл болып табылады.

V

Бізді Ұйымдастыру комитетінің мынадай қадамы ажыратып отыр, ол поляк социал-демократиясының екі бөлегінің де қарсылығына *қарамастан,* жойымпаздар

мен Бундтың социал-демократиялық партия емес Поляк социалистік партиясымен (солшылдармен) одақтасуын қорғайды.

Поляк социал-демократиясы 1906—1907 жылдардан бастап-ақ біздің партияға кірді.

Поляк социалистік партиясы (солшылдар) *еш уақытта да* біздің партияға кірген емес.

Поляк социал-демократиясының екі бөлегіне де *қарсы* Поляк социалистік партиясымен одақ жасасып, Ұйымдастыру комитеті іс жүзінде барып тұрған жікшілдік жасап отыр.

Поляк социал-демократиясының екі бөлегінің де формальды қарсылық білдіруіне қарамастан социал-демократ емес Ягеллоны, Поляк социалистік партиясының мүшесін, Думадағы социал-демократиялық фракцияға қабылдап, Ұйымдастыру комитеті мен оның Дума депутаттары ішіндегі жақтастары іс жүзінде барып тұрған жікшілдік жасап отыр.

Бізді Ұйымдастыру комитетінен ажыратып отырған жағдай — Ұйымдастыру комитеті Поляк социалистік партиясымен (солшылдармен) жасалған осы жікшілдік одақты айыптағысы, бұзғысы келмейді.

VI

Ақырында, бізді Ұйымдастыру комитетінен де, көптеген шетелдік топтар мен жалған ұйымдардан да ажыратып отырған жағдай мынау: біздің партиямызды Россияның саналы жұмысшыларының басым көпшілігі қолдайтындығын біздің қарсыластарымыз ашықтанашық, адал ниетпен және сөзсіз мойындағысы келмейді.

Бұл жағдайға біз орасан зор мән береміз, өйткені тексеруге болатын, дәлме-дәл деректермен дәлелденбеген сылдыр сөзді мәлімдемелерге сүйеніп, шетелде Россиядағы істердің жайы туралы барып тұрған өтірікті жиі-жиі таратып жүр.

Екінің бірі: немесе біздің қарсыластарымыз бізбен келісімге келмейтін алауыздықтардың бар екенін мойындайды (онда олардың бірлік туралы сөздері екіжүзді сөз), немесе олар келісімге келмейтін алауыздықтар

Объединение (29

За 2 года громадное
большинство рабочих
С.Д. групп в Россiи,
нам заявлено ~~треб~~-
ванiе признать наш
организационный
метод. Отвергнуть
его мы не можем.

Кто признаёт
нелегальную пар-
тию, того мы обви-
нять в расколе,

В. И. Лениннің «Халықаралық социалистік бюроға баяндама» деген қолжазбасының 29—30-беттері. — 31 январь — 1 февраль, 1914 ж.

(30

если онъ не
уважаетъ приговоръ
нашъ организацион-
ной методъ, подтвер-
жденный долгимъ
опытомъ и волей
большинства созна-
тельныхъ рабочихъ.

Таковъ мой
краткій докладъ.

Съ сд. прив. Н. Ленинъ.
вторникъ
Брюссель 31 I - 1 II - 1914.

жоқ деп біледі (онда олар, егер жікшілдер деп танылғысы келмесе, біздің сөзсіз көпшілік екенімізді адал ниетпен мойындауға тиіс).

Россияның саналы және ұйымдасқан социал-демократ жұмысшыларының шын көпшілігі кімнің жағында екендігін ашық және тексеруге болатын қандай фактілермен *дәлелдеуге* болады?

Біріншіден, Мемлекеттік дума сайлауы арқылы дәлелдеуге болады.

Екіншіден, социал-демократиялық екі газеттің бүкіл 1912 жылғы және бүкіл дерлік 1913 жылғы деректері арқылы дәлелдеуге болады.

Екі бағыттың екеуінің осы екі жыл ішінде С.-Петербургте шыққан күнделікті газеттері біздің даулы мәселелеріміз жөнінде бірден-бір елеулі материал беретінін түсіну қиын емес.

Үшіншіден, Россиядағы жұмысшылардың *(екі* газеттің де беттерінде) Думадағы социал-демократиялық 2 фракцияның белгілі біреуін жақтап ашықтан-ашық жасаған мәлімдемелері жөніндегі деректер арқылы дәлелдеуге болады.

Осы үш түрлі деректің бәрі біздің Орталық Комитеттің Халықаралық социалистік бюроға арнаған ресми баяндамасында жарияланды (1913 жылғы 14 декабрьдегі сессия). Мен бұл деректерді қысқаша қайталап өтемін:

Бірінші. II Дума сайлауында (1907) «большевиктерде» (яғни біздің жақтаушыларымызда) жұмысшы куриясының барлық депутаттарының 47 проценті болды; III Думада (1907—1912) —50%; IV Думада — 67% болды.

Екінші. 21 ай ішінде, 1912 жылдың 1 январынан бастап 1913 жылдың 1 октябріне дейін С.-Петербургтің екі жұмысшы газетінде жұмысшы топтарының ақша есептері жарияланды—жойымпаздар мен олардың *барлық* одақтастарында 556 топ; біздің партияда 2181 топ болды.

Үшіншіден, Думадағы біздің фракциямызды (1913 ж. 20 ноябрьге дейін), *өз қолдарын қойып,* 4850 жұмысшы жақтап шықты, ал жойымпаздарды (және олардың

барлық одақтастарын, Бундты, кавказдықтарды, т. т. және т. с.) 2539 жұмысшы жақтап шыққан.

Бұл дәлме-дәл және тексеруге болатын деректер Россиядағы құпия партияның адам айтқысыз қиыншылықтарына қарамастан, екі жыл ішінде біздің Россиядағы социал-демократиялық жұмысшы топтарының *басым көпшілігін біріктіргенімізді* дәлелдейді.

(Құпия әдебиетті басып шығарудағы және нағыз партиялық құпия конференцияларды ұйымдастырудағы біздің басымдығымыз мұнан да зор).

2 жыл ішінде Россиядағы социал-демократиялық жұмысшы топтарының орасан көпшілігін біріктіріп, біз өзіміздің ұйымдастыру әдісімізді мойындау талабын қоямыз. Біз одан шегіне алмаймыз.

2 жылдық тәжірибе арқылы және саналы жұмысшылар көпшілігінің еркі арқылы дәлелденген біздің ұйымдастыру әдісімізді мойындағысы келмей, құпия партияны мойындаған адамды біз жікшілдік жолына түсті деп айыптаймыз.

Менің қысқаша баяндамам осындай.

Социал-демократиялық сәлеммен *Н. Ленин*

Брюссель, 31. I.—1. II. 1914.

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ЛИБЕРАЛДЫҚ АЗДЫРУ

Бойкот немесе, дұрысырақ айтқанда, барған сайын жойымпаздық шимайлардың бірден-бір мазмұнына айналып келе жатқан ащы тілді радикалдық мылжың сөз жойымпаздардың *принципті* уағызын екінің бірінде оқушылардың назарынан бүркеп отырады. Либерал жұмысшы саясатшыларының тілегенінің өзі де осы: жалпы радикалдық құрғақ сөздің айғай-шуының, фейерверкінің тасасында маркстік ұйымға *қарсы* буржуазиялық пасықтықтың білінбей өте бергенін тілейді.

Бірақ жұмысшы ұйымын күйретушілер қолданып отырған ойыншық «саяси науқандардың» құрғақ қиқуы саналы жұмысшыларды алдай алмайды. Саналы жұмысшыларға әрбір баспасөз органында ең алдымен және бәрінен бұрын сол органның принциптілігі қымбат. «Оппозициялық» әрекеттер мен айғайларды бүркеніп, жұмысшылардың мүдделерін қорғаймыз дегенді бүркеніп, іс жүзінде жұмысшыларды не нәрсеге үйретіп жүр?—ойлай білетін жұмысшы үшін ең басты, түбегейлі және, расын айтқанда, бірден-бір маңызды мәселе осы. Өйткені ойлай білетін жұмысшы мынаны жақсы біледі: пролетариаттың таптық дербестігін және оның ұйымын іс жүзінде бұзып, жұмысшылардың мүдделерін қорғауға кірісіп жүрген кеңесшілер ролінде жұмысшылардың нақ либерал достары бәрінен де гөрі қауіпті.

Сондықтан жойымпаздардың ол ұйымды қалай бұзып жүргендігіне жұмысшылардың көзін ашу біздің тікелей борышымыз. Мәселен, жойымпаздық органның жаңа жылға арналған программалық бас мақаласын қарап көріңіздер. Бізге былай дейді:

«Жұмысшы табы пролетариаттың ашық қимыл жасайтын саяси партиясына қарай, саяси режимнің бірде-бірі оны мүлде правосыздық жағдайға қоя алмауы үшін, өзінің саяси басшылық етудегі қалыпты қызметтерін орындау мүмкіншілігінен оны айыра алмауы үшін жеткілікті дәрежеде күшті және кең көлемді партияға қарай аяқ басып келеді».

«Қалыпты» либералдық мылжыңның бар тамашасы міне, осындай! Бұл тамаша формулаға екі қолын бірдей көтеруден есті либералдардың бірде-бірі бас тартпайды, бұл формуланың соңғы жиырма жыл ішінде маркстік топтасу ісінде пролетариаттың соншама қиындықпен қолы жеткен нәрсесінің бәрін бұзуға қарай «бара жатқанын» және соған тырысып отырғанын жойымпаздық газет осы формула арқылы *бүркемелейді.*

Ал бұдан әрі мұнан да гөрі ашық айтылған:

«Қимыл жасаудың ашық саяси партиясына апаратын жол сонымен қатар партиялық бірлікке апаратын да жол болып табылады».

Мұндай сөздер ескіден бас тарту, оны жою болып табылады деп 1908 жылдың өзінде-ақ, 1910 жылдың өзінде-ақ мейлінше ресми, мейлінше салтанатты мәлімдемелерде мың-мың рет мәлімделген болатын. Ал жойымпаз мырзалар кейбір өте-мөте қараңғы адамдарды «бірлік» туралы даурығумен алдауға дәмеленіп, беті шіміріктестен өз жырын жырлай береді.

«Ашық партия»,—және «бірлік» туралы даурығушылар бүкіл маркстік өткендегіге опасыздық жасаушылар!.. Мұның өзі саналы жұмысшыларды қорлағандық қой. Мұның өзі тіпті 1912 жылғы «август» конференциясын да қорлағандық қой, бұл конференцияда ат төбеліндей азғана аңқау адамдар ашық партия деген масқара либералдық ұраннан жойымпаздар безді дегенге сеніп қалған-ды.

Бірақ істің мәні дәл мынада болып отыр: либерал жазушысымақ сыбайластар, барлық осы Ф. Д., Гаммалар, Л. М., Эм-Эль, Ракитин мырзалар мен тағысын-тағылар және сол сияқтылар 1908 және 1910 жылдардағы қарарлармен қасақана санаспай, санасы жетілмеген жұмысшыларды алдауға тырысып, маркстік ұйымды күйрету жолында *өздерінің* либералдық күресін жүргізуде.

«Ашық партия» деген уәделерге сенетін, мұның өзі — шын маркстік ұйымның өмір сүруіне қарсы либералдық күрестің тек әншейін бір түрі екенін түсінбейтін қараңғы адамдар әлі де табылады деседі! Ал әзірге қараңғы адамдар бар болып тұрғанда, өткендегіні жоюшы ат төбеліндей азғана либерал жазушысымақтар өздерінің арам істерін істей беретін болады, оларға осы бүлдірушілермен және іріткі салушылармен «бірлік» жасасу оңбағандық және алдау болып табылады деп қаншама қайталап айтсаң да, солай істей беретін болады.

Жойымпаздық газеттің жаңа жылғы «бас мақалашысы» тіпті де жалғыз емес. Оның соңынан жойымпаздардың бәрі еріп отыр, мәселен, П. Карпов мырза «Новая Рабочая Газетаның» 5 (123)-номерінде оған ілесе былай деп сендірмек болады:

«жеңіп шығу (жұмысшы съездерін ұйымдастыру жолында қойылып жүрген кедергілердің бәрін) дегеніміз — коалициялар бостандығы жолындағы, яғни социал-демократиялық жұмысшы партиясының ашық өмір сүруі жолындағы күреспен тығыз байланысты жұмысшы қозғалысының жариялылығы жолындағы нағыз шын күрестің дәл өзі».

Жұмысшы қозғалысының жариялылығы жолындағы күреске тілектес болудан бірде-бір либерал және тіпті бірде-бір октябрист бас тартпайды! Бірде-бір либерал «ашық партияға» қарсы жұмған аузын ашпайды, керек десе ол мұндай партияны уағыздаушыларды жұмысшыларды ақымақ ету ісінде өзінің ең жақсы көмекшілері ретінде қолдайды.

Өз борышымызды орындай отырып, біз саналы жұмысшыларға: ашық жұмысшы партиясын уағыздау деген — жұмысшыларды аздырып, маркстік ұйымды күйрететін құр бос либералдық мылжың болады деп қайталаудан жалықпаймыз. Соңғы екі жыл ішіндегі өрлеу жаңадан өмірлік тамаша нәр берген маркстік организмді бүлдіруге бар күшін жұмсап жүрген адамдарға қарсы үзілді-кесілді және аяусыз күрес жүргізбейінше, маркстік ұйымның өмір сүріп, дамуы *мүмкін емес.*

«Путь Правды» № 9,
31 январь, 1914 ж.
Қол қойған: К. Т.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

А. Богданов «Новая Рабочая Газетаның» 16-номерінде басылған хатында өзінің «Правдамен» келіспеушілігінің басты себебін жасырды.

Бұл себеп мынадай — А. Богданов сонау жылдардан бері марксизм философиясының дұшпаны болып келеді және Маркс пен Энгельстің материализміне қарсы буржуазиялық-идеалистік көзқарастарды қорғап келеді.

Осы себептен марксист-большевиктер бұдан бірнеше жыл бұрын-ақ Богдановқа қарсы шығуды өздеріне борыш санады. Нақ осы себептен марксист-меньшевиктер Г. В. Плеханов арқылы Богдановқа қарсы әдеби күрес жүргізіп отыр. Ақырында, Богдановтың тіпті «Вперед» тобы дейтінмен ажырасуы да нақ осы себептен болды.

Біз, шынында, Богдановтың «Правдаға» ең алғаш жаза бастағаннан-ақ марксизм философиясына қарсы өзінің күресін жұмысшы газетінің бетіне аудармай тұра алмайтындығына шүбәланған едік. Ал А. Богданов, өкінішке орай, біздің қауіптенуімізді растауға асықты. Жай тақырыптардағы көпшілікке арналған бірнеше мақаласымағын «Правдада» бастырып шығарды да, ол көп ұзамай-ақ редакцияға «Идеология» атты мақала жіберді, бұл мақалада — ең «түсінікті» формада — марксизм философиясына қарсы күрес бастады. *Редакция бұл антимарксстік мақаланы басудан бас тартты. Осыдан барды да жанжал туды.*

Біз А. Богдановқа «семьялық» мінез-құлық деп шағым жасаудың орнына *осы көрсетілген* мақаланы «Идеология» деген тақырыппен *басып шығару керек* деп ке-

цес береміз (антимаркстік мақаланы жылы қабылдаудан жойымпаздық газет, әрине, бас тартпайды). Ал сонда біздің Богдановпен шын келіспеушілігіміздің неде екенін марксистердің бәрі көреді, бұл келіспеушілік туралы Богданов өзінің көлемді хатында *бірде-бір сөз* айтқан жоқ.

Біздің ойымызша, жұмысшылар өз газетін марксизмді буржуазиялық «ғалымдардың» рухында бұрмалауға жол беру үшін емес, марксизмді *қорғау* үшін құрды.

Сондай-ақ біз А. Богдановтың «Вперед» тобы жөнінде өзінің жазда «Правдада» басылған мақаласы туралы мәселені тағы да көтергеніне өте қуаныштымыз. Егер А. Богданов мұны тілейді екен, онда ол бұл мақалада қаншама жалған дүниелердің болғандығы жөнінде және бұл авантюристік топтың[115] Россиядағы жұмысшы қозғалысына қаншама көп зиян келтіргені жөнінде мейлінше толық түсінік («Просвещение» журналында) алады.

«Путь Правды» № 9,
31 январь, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ЖОЙЫМПАЗДАР КӨСЕМІ «БІРЛІКТІҢ» ЖОЙЫМПАЗДЫҚ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ

Белгілі бір қозғалыстағы дағдарыс атаулының, ондағы бет бұрыс пункт атаулының ерекше қызғылықты (және қозғалысқа қатысушылар үшін ерекше пайдалы) болатын себебі — қозғалыстың негізгі тенденциялары, негізгі заңдары айқын да анық көрінеді.

Россиядағы жұмысшы қозғалысының барлық фракцияларының «пікір алысуын» ұйымдастыру туралы Халықаралық социалистік бюроның шешімі де қозғалыстың белгілі бір дағдарысын немесе бет бұрыс пункті білдіреді. Беделді халықаралық коллегия алдында «адал» — Халықаралық социалистік бюро қарарының айтуы бойынша — яғни шын ниетпен «пікір алысу» — сөзсіз пайдалы нәрсе. Ол *жұрттың бәрін* Россиядағы жұмысшы қозғалысының *барысына* анығырақ, тереңірек көз жүгіртуге мәжбүр етеді.

Жойымпаздардың белгілі көсемі Ф. Д. мырзаға ерекше және төтенше рақмет айту керек, оның *өзі* «Новая Рабочая Газетаның» 108-номерінде «бірігу» жөніндегі тамаша бағалы көзқарастарын баяндады, ол мұны тек шарттылық пен ұялшақтықтың жеңіл-желпі пердесімен бүркемеледі. Ф. Д. мырзаға ең жақсы құттықтау жолдаймыз! Шатасқан немесе дәрменсіз делдалдармен, т. т. әңгімелескеннен гөрі дұшпанның *өзімен* әңгімелескен анағұрлым жайлырақ!

Ф. Д. мырза бірігу жөніндегі е к і көзқарасты барынша мақтауға тұрарлық ашықтықпен баяндап, салыстырады: біреуін, «мейлінше қатесін» ол қабылдамай тастайды; екіншісін қабылдайды және жүзеге асырады.

Ф. Д. мырзаның өзі бірінші көзқарасты былай баяндайды:

«Былайша пайымдауға болады: Россиядағы социал-демократиялық ағымдар арасындағы алауыздықтар болмашы ғана. Сондықтан, олардың болмашылығын ескере отырып, Интернационалдың көмегімен, бірігудің белгілі бір *ұйымдық формасын,*— мейлі ол федерация болсын немесе белгілі норма кесушілік, көпшілік атаулының правоға ие болу қабілетіне шек қою болсын,— ойлап табу керек. «Бірліктің» мүмкін боларлық жарасымды *сыртқы формасы* табылатын болса, онда болмашы алауыздықтар өзінен-өзі «құриды»— жүре келе, жарасып кетеді!»

Бұл көзқарасты Ф. Д. мырза «мейлінше қате» деп атайды, бірақ неліктен екені белгісіз, оның жақтаушыларын (Троцкийді, Каутскийді және жалпы алғанда барлық «ымырашылдарды») атап көрсетпейді. Сірә, бұл «мейлінше қате» идеяны жақтаушылардың жалпыға мәлім есімдерін атап көрсетуге Ф. Д. мырзаға шарттылықтың немесе ұялшақтықтың пердесі кедергі жасаған болса керек! Ал шындықты жасыру *іс жүзінде* жұмысшы табының дұшпандарына ғана пайдалы!

Сонымен, ымырашылдардың көзқарастары «мейлінше қате». Неліктен?

Бұл сұраққа жауап бере отырып, Ф. Д. мырза өзінің ұялшақ жүзін пердемен үш қабат орайды. *«А л а у ы з д ы қ т а р к ө п б о л с а д а, а з б о л с а д а»,*— дейді ол,— «бұзып-жарады, ыдырауға әкеп соқтырады!!»

Біз екі рет астын сызып көрсетіп отырған бұл сөздер Ф. Д. мырзаны түгелдей әшкерелейді. «Перде» түгіл, тіпті қап түбінде де біз жатпайды.

Сіз өте-мөте ашық айтып отырғанда, Ф. Д. мырза, ұсақ-түйек бұлтарыстар пайдасыз және кісі күлерлік нәрсе. Екінің бірі: алауыздықтар *болмашы* ма әлде *болмашы емес пе?* Тура айтсаңызшы. Бұл жерде аралық нәрсе жоқ, өйткені әңгіме нақ мынада: бірлік болуы *мүмкін бе* (егер алауыздықтар болмашы немесе аз болса *онда мүмкін)* әлде мүмкін емес пе (егер алауыздықтар «болмашы» *емес* екен, *онда мүмкін емес)* дегенде болып отыр.

Алауыздықтар «болмашы» дейтін көзқарасты айыптап, Ф. Д. мырза *мұнысымен* алауыздықтардың елеулі

екендігін мойындады. Бірақ ол мұны тура айтудан қорықты («жетеу» не дейді? Троцкий, бундшылдар, Ан және барлық ымырашылдар не дейді?). Ол өзінің жауабын бірлік жөніндегі *екінші* көзқарас *жайындағы* ұзыннан-ұзақ, адамды мейлінше жалықтыратын пайымдаулардың арасына жасыруға тырысты.

Алайда осы ұзақ пайымдаулардың өзінен де істің қысқаша мәнісін анықтау оп-оңай:

«Бұл платформа (ягни Ф. Д. мырзаның тілегіне сай, ол үшін қолайлы платформа) ленинщіл еместерге, біртұтас социал-демократия шеңберінде, социал-демократияның ашықтан-ашық өмір сүруін насихаттауға және сол үшін күрес жүргізуге толық мүмкіндікті қамтамасыз етуге тиіс».

Жетіп жатыр! Әбден жетіп жатыр, Ф. Д. мырза! Міне, бұл — бос сөз емес, декламация емес, істің мәнісі.

Астыртын ұйымға қарсы күрес жүргізу үшін жойымпаздарға толық мүмкіндік беру — Ф. Д. мырзаның «платформасы», міне, осыған келіп тіреледі, өйткені «ашық өмір сүру жолындағы күрес» дейтін бүркеншін жамылып барлық жұмысшыларға әлдеқашаннан белгілі «астыртын ұйымға» қарсы күресті жасырғысы келетінін кім болса да өте жақсы түсінеді.

Міне, істің мәнісі осында болып отыр, ал анау бір Троцкийлер, Андар, бундистер, ымырашылдар, «жетеуліктер» және басқалар, міне бұлардың бәрі — кең пейіл адамдар, бірақ саяси жағынан ешбір мәні жоқ жандар. Істің мәнісі Ф. Д. мырзаның тобында, «ескі» жойымпаздық топта болып отыр.

Маркстік ұйымның бұл топпен арадағы алауыздықтары ешбір ымыраға келмейді, өйткені «астыртын ұйымды» теріске шығаратындар былай тұрсын, сонымен қатар бұл жөнінде күмәнданушылармен де келісім жасасу туралы (бірлік туралы айтпағанның өзінде) сөз болуы да мүмкін емес. Жұмысшылар жойымпаз мырзалар ісінің бұл мәнісін әлдеқашан түсініп, *оларды* жұмысшы қозғалысының *барлық* салаларындағы *орындарынан алып тастады.*

Маркстік ұйымның жойымпаздарды айыптаған кезі болды (1908—1909). Бұл кез әлдеқашан өтті. Маркстік

ұйымның жойымпаздықтан безуге дайын адамдардың бәріне кешірім жасаған және татулық жариялаған кезі де болды (1910—1911). Бұл кез әлдеқашан отті. Маркстік ұйымның өз ұйымын жойымпаздарға *қарсы* қойған кезі де болды (1912—1913). Бұл кез де отті. Жаңа кез — маркстік ұйымның жойымпаздар атаулының және *олардың* одақтастарымен қоса алғанда бәріне қарама-қарсы, саналы жұмысшылардың басым көпшілігін өз жағына *жеңіп алған* кезі туды.

Мұны мейлінше даусыз фактілер дәлелдеді. II Дума сайлауында жұмысшы куриясында 47 процент болған большевиктер III Дума сайлауында 50 процентке дейін және IV Дума сайлауында (1912 жылдың күзі) 67 процентке дейін көбейді. 1912 жылғы 1 январьдан бастап 1913 жылғы 1 октябрьге дейінгі 21 ай ішінде партия жұмысшылардың *екі мың* тобын топтастырды, ал жойымпаздар мен олардың *барлық* одақтастары *жарты мың* ғана топты топтастырды. Ф. Д. мырзалар мен олардың достары даусыз фактілерді теріске шығаруға тырыспағаны былай тұрсын, қайта *өздері жұмысшы бұқарасының* большевиктер жағында екенін Ракитин мырзаның сөзімен «Наша Заряда» мойындады.

Жойымпаздарға маркстік ұйымды жоюға «толық мүмкіндік» беретін «платформаны» маркстік ұйымға ұсынатын адам!—«бірлікке бола» саналы жұмысшылардың орасан көпшілігінің еркін мойындағысы және сыйлағысы келмейтін адам «бірлікті» тура қорлайды, бұл айдан анық.

Бірлікті тілейсіздер ме? Жойымпаздықтан, «ашық өмір сүру жолындағы күрестен» сөзсіз безуді мойындаңыздар, көпшілікке бағынуды адал мойындаңыздар. Тілемейсіздер ме?— еркіңіз білсін, бірақ бірнеше айдан кейін мүлде жұмысшыларсыз қалсаңыздар, егер онда «партия маңындағы» емес, «кадеттер маңындағы» интеллигенттерге айналып кетсеңіздер, онда жылап-сықтап жүрмеңіздер.

«Путь Правды» № 12,
4 февраль, 1914 ж.
Қол қойған: К. Т.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

АВСТРИЯДАҒЫ ЖӘНЕ РОССИЯДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ПРОГРАММАНЫҢ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕ

Австрияда социал-демократияның ұлттық программасы 1899 жылы Брюнндегі съезде талқыланып, қабылданды. Бұл съезде «мәдени-ұлттық автономия» делінетін қабылданыпты деген қате пікір мейлінше көп тараған. Мұның керісінше. Съезде ол *бірауыздан қабылданбай тасталды.*

Оңтүстік-славян социал-демократтары Брюнн съезіне (неміс тіліндегі ресми протоколдардың XV бетін қараңыз) мәдени-ұлттық автономия программасын ұсынды, онда былай делінген:

(§ 2) «Австрияда тұратын әрбір халық, *оның мүшелерінің мекендеп отырған территориясына қарамастан,* автономиялы топ болып құрылады, бұл топ өзінің бүкіл ұлттық (тіл және мәдениет) істерін мүлдем дербес басқарады».

Біз астын сызған сөздер «мәдени-ұлттық автономияның» (басқаша айтқанда, экстерриториялық деп аталатын) *мәнісін* ерекше айқын білдіреді: әркімнің кез келген ұлтқа жазылу еркі бар жағдайда мемлекет мектеп ісінде, т. с. істе ұлттардың шегін айыруды баянды етуге тиіс.

Бұл программаны съезде Кристан да, ықпалды Элленбоген де жақтады. Бірақ кейін оны алып тастады. Оны жақтап бірде-бір дауыс берілмеді. Партияның көсемі Виктор Адлер былай деді: «...қазіргі уақытта біреу болмаса біреудің бұл жоспар іс жүзіне асырылады деп есептейтіндігіне мен күмәнданамын» (протоколдардың 82-беті).

Принципті тұрғыдан Прейслер мынадай қарсылық білдіреді: «Кристан мен Элленбоген жолдастардың ұсыныстары мынадай нәтижеге әкеп соқтырар еді: шови-

низм мәңгілік етіліп, әрбір ең ұсақ қауымға, әрбір болмашы топқа енгізілген болар еді» (бұл да сонда, 92-бет).

Брюнн съезінде қабылданған программаның осыған қатысты 3-параграфында былай делінген:

«белгілі бір ұлттың өзін өзі басқаратын *облыстары* бірігіп, ұлттық бірыңғай одақ құрады, бұл одақ өзінің ұлттық істерін толық автономиялы түрде шешеді».

Бұл — *территориялистік* программа, сондықтан, мәселен, *еврейлердің* мәдени-ұлттық автономиясын *тікелей жоққа шығарады.* «Мәдени-ұлттық автономияның» ең басты теоретигі Отто Бауэр еврейлер үшін «мәдени-ұлттық автономияны» талап етудің мүмкін еместігін дәлелдеуге өз кітабының (1907 ж.) *әдейі бір тарауын* арнады.

Істің мәні жағынан мынаны көрсете кетейік: марксистер одақтардың, оның ішінде кез келген ұлттық облыстар (уездер, болыстар, деревнялар, т. т.) одақтарының толық бостандығын жақтайды; бірақ мемлекет ішіндегі бірыңғай *ұлттық одақтарды* мемлекет заңы арқылы *бекітуге* социал-демократтар ешбір келісе алмайды.

Россияда еврейлердің нақ *барлық* буржуазиялық партиялары (сондай-ақ іс жүзінде бұлардың сойылшысы болып отырған Бунд) Австрияның барлық теоретиктері және Австрия социал-демократтарының съезі қабылдамай тастаған «экстерриториялық (мәдени-ұлттық) автономия» программасын *қабылдады!!*

Бундшылдар екінің бірінде және әбден түсінікті себеппен бекерге шығаруға тырысқан бұл фактіні «Ұлттық қозғалыстың формалары» (СПБ. 1910) деген белгілі кітаптың мағлұматы арқылы тексеру оп-оңай,— сондай-ақ мынаны қараңыз: «Просвещение», 1913, № 3.

Бұл факт Россияның неғұрлым артта қалған және неғұрлым ұсақ буржуазиялық қоғамдық құрылымы марксистердің бір бөлегінің буржуазиялық ұлтшылдыққа анағұрлым көп шалдығуына әкеп соққандығын айқын көрсетеді.

Бундтың ұлтшылдық ауытқуларын *екінші* (1903 ж.) съездің өзі-ақ ресми түрде және үзілді-кесілді айыпта-

ған болатын, съезд бундшыл Гольдблаттың «ұлттардың даму бостандығын кепілдендіретін мекемелер құру» («мәдени-ұлттық автономияның» бүркеншік аты) туралы түзетуін *тура қабылдамай тастады.*

Жойымпаздардың 1912 жылғы август конференциясында кавказдық меньшевиктердің өздері,— бұған дейін ондаған жыл бойы Бундқа қарсы үзілді-кесілді күресіп келген,— контрреволюцияның бүкіл *ұлтшылдық* жағдайының әсерімен ұлтшылдыққа ауытқыған кезде, оларды *әсте жалғыз* большевиктер *ғана* айыптаған жоқ. Оларды меньшевик Плеханов та үзілді-кесілді айыптап, олардың шешімін «социализмді ұлтшылдыққа бейімдеу» деп атады.

«Саяси автономияның орнына,—деп жазды Плеханов,— мәдени автономия туралы сөз қозғаған кавказдық жолдастар өздерінің Бунд гегемониясына парасатсыз бағыну фактісін ғана дәлелдеді».

«Мәдени-ұлттық автономияны», еврейлердің буржуазиялық партияларынан, Бундтан және жойымпаздардан басқа, солшыл халықшылдық бағыттағы ұсақ буржуазиялық ұлттық партиялардың конференциясы ғана қабылдады. Бірақ мұнда да бұл программаны 4 партия («Сежп»—социалистік еврей жұмысшы партиясы; белорус громадасы, дашнакцутюн және грузин социалист-федералистері[116]) қабылдап, ал ең ірі 2 партия *қалыс қалды*: орыстың солшыл халықшылдары да, поляк «фрактары» (ППС) да қалыс қалды!

Әсіресе орыстың солшыл халықшылдары атақты бунд жоспарындағы *күшпен құрылатын,* ұлттардың мемлекеттік-праволық одақтарына қарсы шықты.

Марксистердің 1913 жылғы февральдағы кеңесінің де, жазғы кеңесінің де «мәдени-ұлттық автономияның» ұсақ буржуазиялық және ұлтшылдық идеясын не себепті үзілді-кесілді айыптағаны осы қысқаша тарихи анықтамадан түсінікті болып отыр*.

«Путь Правды» № 13,
5 февраль, 1914 ж.
Қол қойған: М.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 22-том, 292, 297—299-беттер және осы том, 65-бет. *Ред.*

МӘРТЕБЕЛІ ЛИБЕРАЛ ПОМЕЩИК «ЗЕМСТВОЛЫҚ ЖАҢА РОССИЯ» ТУРАЛЫ

Алып-қашты либералдық бос сөздердің айғай-шуына алданып, бізде либералдық партияның нағыз «қожайындарының» шын таптық позициясын тым жиі ұмытады. Князь Евгений Трубецкой «Русская Мысльдің» 12-номерінде бұл позицияны тамаша ашып береді, бізде қазірдің өзінде либерал помещиктер Трубецкойлар мен оңшыл помещиктер Пуришкевичтердің барлық елеулі мәселелерде қандай дәрежеде жақындасқанын ап-айқын көрсетеді.

Мұндай ең елеулі мәселелердің бірі — столыпиндік аграрлық саясат. Мәртебелі либерал помещик бұл туралы былай дейді:

> «Столыпин премьер бола бастағаннан бері деревня туралы үкімет қамқорлықтарының бәрі негізінен екі себептен туып отыр: 1905 жылы соншалық қырсық келтірген пугачевшілдіктен үрейленуден және пугачевшілдікке қарама-қарсы шаруаның жаңа типін—ауқатты, сондықтан да меншікті мықтап ұстайтын, революциялық насихат дарымайтын типін құруға тырысудан туып отыр...»

Өзінің Пуришкевичтермен толық келісетіндігін біздің либерал «пугачевшілдік» деген бір сөзімен-ақ байқатып алып отыр. Айырмашылық тек мынада ғана: Пуришкевичтер бұл сөзді зығыры қайнап және қоқан-лоққы көрсете айтады, ал Трубецкойлар Маниловша, қулықпен жымысқылап айтады, мәдениет туралы бос сөздермен, «жаңа шаруалар жұртшылығы» және «деревняны демократияландыру» туралы жиіркенішті-екіжүзді дау-

рықпа сөздермен, құдірет ісі туралы елжіреген сөздермен айтады.

Жаңа аграрлық саясаттың арқасында шаруалар буржуазиясы бұрынғыға қарағанда анағұрлым тез өсіп келеді. Бұл даусыз. Россияның қандай да болсын саяси және қандай да болсын аграрлық құрылысы тұсында шаруалар буржуазиясы өспей тұра алмайды, өйткені Россия — дүние жүзілік капитализм айналысына толық тартылған капиталистік ел. Егер өзі шексіз өр көкіректікпен және нақ сондай шексіз надандықпен сөз етіп отырған «марксизмнің басты негіздері» туралы ең болмағанда әліппелік мағлұматы болса, либерал князьсымақ мұны білген болар еді. Бірақ князьсымақ барлық күш-жігерін ешбір Пуришкевичтер *болмағанда* және олардың табының октемдігі жүріп *тұрғанда* капитализм дамуы қандай болады деген түбегейлі мәселені бүркемелеуге жұмсайды. Тұрмыстың қымбатшылығы туралы да, шаруалардың жаппай күйзелуі туралы да, діңке құртқан қайыршылық пен ашаршылық туралы да, жұмыспен өтеушілік, т. т. туралы да бірде-бір сөз айтпастан, князьсымақ кооперациялардың, шөп егудің табыстары, «әл-ауқаттың жақсаруы» туралы асығып-аптығып сөйлейді. «Шаруалар буржуазияланып келеді»— міне, князьсымақ осыны көріп, осыған масаттанады, ал крепостниктік-кіріптарлық қатынастардың сақталуы жағдайында шаруалардың жалдама жұмысшыға айналып келе жатқанын біздің либерал помещиктің көргісі де келмейді.

«Интеллигенцияның,— деп жазады ол,— шаруалардың қалың бұқарасымен алғаш араласуы 1905 жылдың өзінде-ақ болды, бірақ ол кезде мүлде басқаша сипатта — жасампаздық сипатта емес, қиратушылық сипатында болған еді. Ол кезде бірігудің бірден-бір мақсаты өмірдің ескі формаларын қосылып қирату болатын, сондықтан ол үстірт бірігу болды. Демагог-интеллигент шаруа санасы мен шаруа өміріне өзіндік дербес мазмұн енгізген жоқ, қайта ең алдымен оның өзі халық бұқарасының инстинктін басшылыққа алды, оларға өзінің партиялық программасы мен тактикасын бейімдеп, жағымпазданды».

Таныс, пуришкевичтік сөздер! Кішкене мысал: егер Трубецкой мырзалардың 2000 десятина жеріне 25 деся-

тинадан жер беріп, шаруалардың 80 хуторын орналастырса, онда бұл «қирату» болады екен; ал егер жиырма шақты осындай хуторларды күйзелген қауымшылар жеріне орналастырса, онда бұл «жасампаздық» болады екен. Осылай емес пе, мәртебелі князь? Бірінші жағдайда Россия шын мәнінде «буржуазиялық-демократиялық» болып, ал екінші жағдайда талай-талай ондаған жылдар бойына пуришкевичтік болып қала беретінін сіздер аңғармайсыздар ма?

Бірақ либерал князь, ұнамсыз мәселелерден бойын тасалап, ірі жер иелері жерлерін сатып-сатып, «таяуда, өте таяуда» біржола жоқ болады деп оқушыларды сендірмек болады.

«Егер үкімет өзінің шаралары арқылы болашақ революцияны тым тездетіп жібермесе, онда, революция болған кезде, «күшпен иеліктен айыру» туралы мәселе әсте мәселе болудан қалады, өйткені ол кезде иеліктен айыратын да ештеңе қалмайды».

Ішкі істер министрлігінің соңғы статистикасы[117] бойынша, 1905 жылы 30 000 помещикте 70 миллион десятина жер болған, ал 10 000 000 шаруада да нақ осындай жер болған, бірақ либерал князьдің мұнымен ісі жоқ! Пуришкевичтер өте «таяуда» жоғалады деп оқушыларды сендірмек болу оған Пуришкевичтерді қорғау үшін керек. Оған шындап керегі мынау ғана:

«пугачевтік насихатқа ғана емес, сонымен қатар социалистік насихаттың қандайына болса да қарсы күресу үшін деревняда меншікке мүдделі адамдар жеткілікті болады».

Ашық айтқанына рақмет!

«Нәтиже қандай болмақ?» — деп сұрайды либерал князь. «Үкімет интеллигенцияның көмегімен» (кооперативтерге және басқаларға баратын) «шаруаларды адал ниетті ұсақ помещиктер етіп қайта тәрбиелей ме әлде, мұның керісінше, интеллигенция үкіметтен алған қарыздардың есебінен шаруаларға тәрбие бере ме?»

Князь мұның екеуі де болмайды деп күтеді. Бірақ мұның өзі екіжүзділік сөз орамы ғана. Жоғарыда өзіміз көргендей, ол іс жүзінде шаруаларды «адал ниетті ұсақ

помещиктер» етіп қайта тәрбиелеуді жан-тәнімен жақтайды, «интеллигенция бекініп келеді», ал социалистердің «демагогтық аграрлық программасы» (мәртебелі князьдің ойынша: «марксизмнің басты негіздеріне» түбегейлі қайшы келетін программа, бұған күлмеңіздер, оқушылар!) үшін орын қалмайды деп сендірмек болады.

Помещиктің мұндай көзқараста болуы таңданарлық емес. Атеизмнің осуіне оның ызалануы және оның тәңірге жалбарынғыштық сөздері таңданарлық емес. Тек мұндай помещиктер мен мұндай саясатшылар бүкіл либералдық, соның ішінде кадеттік, партияда жөн сілтеп отырғанда, либералдар мен кадеттердің «қатысуымен» халық мүдделерін шын мәнінде қорғауға болады деп үміттенудің күлкілі екенін түсінбейтін ақымақ адамдардың Русьте әлі де болып отырғаны таңданарлық.

«Путь Правды» № 13, 5 февраль, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛДАМА ЖҰМЫСШЫЛАР ТАБЫ

Либерал-халықшыл жазушы Михайловскийдің қайтыс болғанына он жыл толуы халықшылдарға қарсы маркстік күрестің маңызы туралы ескі таласты халықшылдардың қайтадан қоздыруына желеу болды. Бұл таластың назар аударар жағы аз емес: біріншіден, тарихи жағынан назар аударарлық, ойткені бұл арада әңгіме Россияда марксизмнің пайда болуы туралы болды; екіншіден, теориялық жағынан назар аударарлық—талас марксизм теориясының негізгі мәселелеріне жанасты болды; үшіншіден, практикалық жағынан назар аударарлық, *ойткені* Петербургтегі солшыл халықшылдық газет жұмысшыларды өз жағына тартуға әрекет жасап отыр. Халықшыл Ракитников мырза былай деп жазады:

> «Әрине, мәселені қазір 60 және 70-жылдарда қойылған формада: Россияның капитализм фазасына» (яғни, сатысына, кезеңіне) соқпай өтуі туралы формада ешкім де коймайды. Россия қазірдің озінде осы фазада тұр».

Солшыл халықшылдың бұл көңіл бөлерлік мәлімдемесі бізді бірден мәселенің «мәнісіне» жетелейді. «Россияның капитализм фазасына соқпай өтуі» туралы тек 60 және 70-жылдарда ғана айтылды деу дұрыс па? Жоқ, бұл мүлде дұрыс емес. Бұл туралы 80-жылдарда да, 90-жылдарда да жалпы алғанда халықшылдар, ал әсіресе «Русское Богатство» журналындағы (яғни, Михайловский тобындағы) жазушылар айтқан болатын. Мәселен, Николай — он мырзаны атасақ та жеткілікті.

Ал Ракитников мырза 80 және 90-жылдарды оқушылардан не үшін *жасырды?* Сонда тек халықшылдардың қателерін бүркей жауып, сол арқылы олардың жұмысшылар арасына тарауын жеңілдету үшін ғана істегені ме? Бұл тәсіл — өте нашар тәсіл және мұндай тәсілдерді қолданатын адамның халі де нашар.

Өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін орын теуіп келген «Россияның капитализм фазасына соқпай өтуі» туралы теорияның, Михайловский мен оның тобының осы теориясының қандай маңызы бар?

Бұл теория утопиялық, мещандық социализм теориясы еді, яғни капитализмнен құтылудың жолын жалдама жұмысшылардың буржуазияға қарсы *таптық күресінен* іздемей, «бүкіл халыққа», «қоғамға», *яғни нақ сол буржуазияға үндеулер* жазудан іздеген ұсақ буржуазиялық интеллигенттердің *арманы* болды.

Жұмысшы қозғалысы пайда болғанға дейін барлық елдерде «социализмнің» осы ілімдері, іс жүзінде ұсақ буржуазиялық теоретиктердің тап күресінен құтылу туралы, онсыз да күнелту туралы арманы ғана болған ілімдері басым болды. Россиядағы сияқты, барлық елдерде де саналы жұмысшы қозғалысының ұсақ қожайынсымақтардың жағдайы мен көзқарасына сай келетін, ұсақ буржуазиялық «социализмнің» осы сияқты ілімдеріне қарсы табан тірескен күресті басынан кешіруіне тура келді.

Көңілшек қожайынсымақтардың капитализмге «соқпай өту» мүмкіндігі туралы бұл теориясы теріске шығарылмайынша, жұмысшы қозғалысы өмір сүре алмайды және ойдағыдай дами алмайды. Михайловский тобының негізгі қатесін бүркемелеп, Ракитников мырза сонысымен *тап күресі* теориясын шатастырады. Ал жұмысшыларға өздері душар болып отырған жағдайдан құтылудың жолын тек осы теория ғана көрсетіп берді, жұмысшылардың өзін азат етуге қалай ұмтыла алатынын және ұмтылуға тиіс екенін көрсетіп берді.

«Россия қазірдің өзінде капитализм фазасында тұр»,— деп жазады Ракитников мырза.

Бұл тамаша мойындау Михайловский мен оның тобының негізгі қатесін мойындаумен тең.

Ол ол ма. Мұның өзі халықшылдықтан толық безгендікпен тең.

Бұл мойындауға қосылатын солшыл халықшылдар енді марксистерге қарсы күрескенде халықшылдар ретінде емес, қайта социализмдегі оппортунистер ретінде, социализмнен ұсақ буржуазиялық шегінушіліктің жақтаушылары ретінде күресіп отыр.

Шын мәнісінде, егер «Россия қазірдің өзінде капитализм фазасында тұрған» болса, демек, Россия капиталистік ел. Демек, кез келген капиталистік елдегі сияқты, ондағы *ұсақ қожайынсымақтар* — оның ішінде шаруалар да — ұсақ буржуа болып табылады. Демек, онда, кез келген капиталистік елдегі сияқты, тек жалдама жұмысшылардың буржуазияға қарсы таптық күресі ғана социализмді жүзеге асырудың жолы болып табылады.

Солшыл халықшылдардың (олардың «Русское Богатстводағы» достары туралы айтпағанның өзінде) программасы Россияны капиталистік ел деп мойындауға осы уақытқа дейін бара алмай отыр. Ракитников мырза халықшылдықты қорғағанда, марксистердің алдында халықшылдардың программасын *жығып беру* арқылы қорғайды! Сенімсіз қорғау.

Ракитников мырза марксистермен халықшылша емес, оппортунисше таласады, ол былай дейді:

> «шаруалар шаруашылығын қолдау дегеніміз — болмай қоймайтын экономикалық дамудың күшіне қарсы тіпті де бет алды кимелеу деген сөз емес. *Ал Батыста социалистердің көпшілігі нақ осы көзқарасқа ойысып отыр»*.

Бейшара «солшыл халықшылды» бұлтартпай ұстап беретін сөздердің біз астын сызып көрсеттік! Жұртқа мәлім, Батыста *тек* жалдама жұмысшылар табы *ғана*, тап ретінде, социалистік партиялар құра білді. Жұртқа мәлім, Батыста *шаруалар,* тап ретінде, социалистік партия емес, буржуазиялық партиялар құрып жатыр. Жұртқа мәлім, Батыста социалистер *емес,* оппортунистер ұсақ буржуаның шаруашылығын қолдап отыр.

«Шаруалар шаруашылығын қолдау»!.. Айналаңызға көз салып көріңізші. Астықты, пішенді, сүтті, етті қым-

батырақ сату үшін, қызметкерлерді арзанырақ жалдау үшін *қожайын*-шаруалар одақтар құрып отыр. Шаруалар неғұрлым ерікті болған сайын, олардың жері неғұрлым көп болған сайын, мұның өзі соғұрлым айқын көрініп отыр.

Жалдама жұмысшылар табына Ракитников мырза ұсақ буржуа «шаруашылығын қолдауды» әкеп таңады. «Социализм» болғанына!!

Жалдама жұмысшылар шаруалардың крепостниктерге және крепостниктік тәртіпке қарсы күресін ғана қолдайды — мұның өзі Ракитников мырзаның тілеп отырғанына мүлде, ешбір ұқсас емес.

Социалистік күш ретінде бір ғана жалдама жұмысшылар табы бой көрсетіп, топтасқанын Россияда ұлы жылдар, 1905—1907 жылдар, әбден дәлелдеді. Шаруалар буржуазиялық-демократиялық күш ретінде бой көрсетіп, топтасты. Капитализм күннен-күнге дамыған сайын таптардың айырмашылығы үсті-үстіне күшейіп келеді.

«Солшыл халықшылдық» уағыз іс жүзінде жалдама жұмысшылар табының қозғалысын ұсақ буржуазиялық ұрандар арқылы аздырып, іріткі салу болып табылады. Солшыл халықшыл мырзалардың мұнан гөрі шаруалар арасындағы демократиялық жұмысқа ойысқаны жөн еді — бұл жұмысқа социалист *еместер* де жарап жатады.

«Путь Правды» № 15,
18 февраль, 1914 ж.
Қол қойған: В. И.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ТАҒЫ ДА «ҰЛТШЫЛДЫҚ» ТУРАЛЫ

«Біздің заманымызда», Бейлистің ісін тағы ұйымдастыруға әрекет жасалып жүрген кезде, ұлтшылдардың үгітін жиірек қадағалап отыру керек. «Бүкіл россиялық ұлттық одақ» өкілдерінің таяуда болған екінші съезі бұл үгіттің қандай екендігін ерекше айқын көрсетті.

Бұл үгіттің маңызы түкке тұрғысыз, өйткені Россияның барлық түкпірлерінен не бары 21 делегаты болған «бүкіл россиялық одақтың» өзі түгелдей түкке тұрғысыз және жалган (құр елес) деп ойлау үлкен қате де болар еді. «Бүкіл россиялық ұлттық одақ» түкке тұрғысыз және құр елес, бірақ оның уағызын барлық оңшыл партиялар мен барлық *ресми* мекемелер қолдап отыр, оның уағызы әрбір деревня мектебінде, әрбір казармада, әрбір шіркеуде жүргізіліп отыр.

Осы съезде 2 февральда оқылған бір баяндама жөніндегі газет хабары мынадай:

«Мемлекеттік думаның мүшесі Савенко «мазепашылдық» туралы баяндама жасады, украин қозғалысы ұлтшылдар жаргонында осылай аталатын. Баяндамашы белорустар мен украиндардың арасындағы сепаратизмге (яғни мемлекеттен бөлінушілікке) ұмтылуды ерекше қауіпті деп санайды. Әсіресе украин қозғалысы Россияның бірлігі үшін үлкен және нақты қауіп болып табылады. Украиндардың ең таяудағы программасы Украина федерализмі мен автономиясына келіп саяды.

Украиндар автономияны жүзеге асыру жөніндегі өздерінің үміттерін Австро-Венгриямен және Германиямен болатын келешек соғыста Россияның талқандалуымен байланыстырады. Ұлы Россияның тас-талқан болып қираған орнында Австро-Венгрия шеңберінде Габсбургтердің қол астында автономиялы Польша мен Украина негізделетін болады.

Егер украиндарға, шын мәнісінде, орыс халқынан 30 миллион малоростарды бөліп әкету сәті түссе, онда ұлы Россия империясы құритын болады. (Қол шапалақтау.)»

Ал бұл «федерализм» Солтүстік Америка Құрама Штаттарының бірлігіне де, Швейцарияның бірлігіне де неліктен бөгет жасамайды? Неліктен «автономия» Австро-Венгрия бірлігіне бөгет жасамайды? Неліктен «автономия» Англия мен оның отарларының көбісінің бірлігін қайта ұзақ уақытқа нығайта түсті?

Савенко мырза өзі қорғап отырған «ұлтшылдықты» тым қисынсыз етіп көрсетті, сөйтіп өзінің идеяларын жоққа шығару ісін барынша жеңілдетті. Россияның бірлігіне, қарап көріңіз, Украина автономиясы «қауіп төндіріп отыр» екен, ал Австро-Венгрияның бірлігін жалпыға бірдей сайлау правосы мен оның кейбір облыстарының автономиясы *нығайтып* отыр екен! Бұл не деген ғажап? «Ұлтшылдық» уағыздың оқушылары мен тыңдаушыларының басына: Россияның бірлігін Украина автономиясы *арқылы нығайту* неліктен мүмкін емес деген ой келмес пе екен?

Помещиктік және буржуазиялық ұлтшылдық «бұратаналарды» қудалау арқылы жұмысшы табын бөлшектеуге және аздыруға тырысады, сөйтіп оны бейқам етуді оңайлатпақ болады. Саналы жұмысшылар бұған барлық ұлт жұмысшыларының толық тең праволылығы мен *бірлігін іс жүзінде* қорғап қалумен жауап беріп отыр.

Белорустар мен украиндарды бұратаналар деп жариялай отырып, ұлтшыл мырзалар Россияда великорустар (бірден-бір «бұратана» еместер) халықтың 43 процентінен аспайтынын қосып айтуды ұмытып отыр. Демек, «бұратаналар» көпшілік болғаны ғой! Ал осы көпшілікке *пайдалы* ештеңе бермей тұрып, саяси бостандық, ұлттық тең праволылық, жергілікті және облыстық автономия жөнінде пайдалы ештеңе бермей тұрып, азшылық көпшілікті қалайша ұстап отыра алады?

Украиндарды және басқаларды «сепаратизм» үшін, бөлініп шығуға ұмтылғаны үшін қудалай отырып, ұлтшылдар осы арқылы великорус помещиктері мен великорус буржуазиясының «өз» мемлекетін құруға

пұрсаттылығын қорғап отыр. Жұмысшы табы пұрсаттылық *атаулының* қайсысына болмасын қарсы; сондықтан ол ұлттардың өзін өзі билеу *правосын* қорғайды.

Саналы жұмысшылар *бөлініп шығуды* уағыздамайды; олар үлкен мемлекеттердің және жұмысшылардың қалың бұқарасын біріктірудің пайдалы екенін біледі. Бірақ үлкен мемлекеттер ұлттардың нағыз толық тең праволы болған жағдайында ғана демократиялы бола алады, ал мұндай тең праволылық бар жерде бөлініп шығуға *право* да бар деген сөз.

Ұлттық езгіге қарсы және ұлттық пұрсаттылықтарға қарсы жүргізілетін күрес осы правоны қорғаумен тығыз байланысты.

«Путь Правды» № 17,
20 февраль, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ШАРУАЛАР ЖӘНЕ ЖАЛДАМА ЕҢБЕК

Халықшылдарда марксистер жалдама жұмысшыларды шаруалардан бөле отырып және біріншілерін екіншілеріне қарама-қарсы қоя отырып, еңбекшілерді «маңдайларымен соғыстырып қойды» дегеннен көп айтылатын жел сөз жоқ. Қожайынсымақтың, ұсақ буржуаның, жалдама жұмысшыларды қанаушының мүдделерін қорғауды бүркемелейтін жел сөзден өтірік сөз және жоқ.

Москваның 1913 жылғы земстволық-статистикалық басылымынан («Экономикалық-статистикалық жинақ», VII кітап, М. 1913) алынған қызғылықты деректер міне мынадай. Москва статистиктері Москва уезіндегі огород, бау-бақша шаруашылығын зерттеген. Зерттеу 5000-нан астам үйді қамтыған, статистиктер бұларды Москваға жақын орналасуына және шаруашылықтың интенсивтік дәрежесіне (яғни әрбір десятина жерге капитал мен еңбектің көп жұмсалуына) *қарай* 7 аудан-ға бөлген.

Шаруалардағы жалдама жұмысшылар туралы мәселе айтарлықтай толық зерттелген. Сонда не болып шықты?

Алғашқы төртауданда жұмысшылар жалдайтын үйлердің жалпы саны 67 процент (яғни барлық үй санының үштен екісінен астамы) болды; қалған аудандарда 43 проценттен 64 процентке дейін. Бұдан Москва маңындағы шаруа үйлерінің басым көпшілігі жұмысшылар жалдайтын ұсақ капиталистер шаруашылығы екендігі түсінікті.

Жылдық және мерзімді жұмысшылар жалдайтын үйлер жөніндегі деректер бұдан да қызғылықты. Мұндай үйлердің проценті мынадай болған:

I	ауданда	26,6	процент
II	»	16,7	»
III	»	16,4	»
IV	»	19,0	»
V	»	9,9	»
VI	»	5,[illegible]	»
VII	»	6,4	»

Жалпы ереже бойынша, аудан неғұрлым интенсивті болса, жылдық және мерзімді жұмысшылар жалдайтын шаруалар проценті соғұрлым жоғары.

Бірақ, тұтас аудандар жөніндегі деректер әрбір ауданның кедей және бай шаруаларын бірге қосып жібереді. Демек, бұл деректер өте тұрпайы және қайыршылық пен байлықтың, пролетариат пен буржуазияның арасындағы қарама-қарсылықты *бүркемелеп,* шындықты *боямалайды.*

Жерді пайдалануына (ягни өңделіп жүрген жер молшеріне) қарай бөлінетін шаруашылықтардың топтары туралы деректерді алайық. Бұл деректер *тіпті Москва маңында* әлі күнге дейін крепостниктік-қазыналық сипатын сақтап отырған үлесті жер иелігі жөніндегі деректерден әлдеқайда сенімдірек: аз үлесті шаруалар арасында арендаға жер алатын байлары бар, ал көп үлесті шаруалар арасында үлесті жерлерін жалға беретін және жерсіз, дұрысырақ айтқанда, шаруашылығы жоқ, кедейлер бар.

Барлық аудандардағы шаруашылығы жоқ шаруаларда жұмысшы жалдаушылардың проценті нольге тең. Бұл түсінікті. Шаруашылығы жоқ адам — өзі пролетар.

Шаруашылығында $^1/_2$ десятинадан кем жері бар шаруалар: жалдама жұмысшылары бар үйлердің проценті 0-ден (нольден) 57 процентке дейін ауытқиды (істі қиындатпау үшін біз үш шағын топтың біреуін алып отырмыз).

$^1/_2$ десятинадан 1 десятинаға дейін жері бар қожайындар: жалдама жұмысшылары бар үйлер 0-ден 100 процентке дейін.

1—3 десятина жері бар қожайындар: жалдама жұмысшылары бар үйлер 46 проценттен 100 процентке дейін (әр түрлі аудандар бойынша).

3 десятинадан 5 десятинаға дейін жері бар қожайындар: жалдама жұмысшылары бар үйлер 66 проценттен 97 процентке дейін.

5 десятинадан 10 десятинаға дейін өңдейтін жері бар қожайындар,— жалдама жұмысшылары бар үйлер 75 проценттен 100 процентке дейін.

Бұдан біз мынаны анық көреміз: шаруашылығы жоқ шаруалар — өздері пролетарлар (жалдама жұмысшылар). Ал шаруашылық негұрлым көлемді болса, жалдама еңбекті қанау *соғұрлым жиі* қолданылады: тіпті 3—5 десятина жері бар қожайындарда қожайындардың жалпы санының *кемінде* $^2/_3$ бөлігі *қазірдің өзінде-ақ* жалдама еңбекті қанаушылар!!

Халықшылдар бұрмалап отырған қарапайым, жалпыға мәлім және айқын факт осындай. Москва маңында болып жатқан нәрсе —біраз кемірек дәрежеде—барлық жерде болып жатыр. *Әрбір* қала, темір жолдың *әрбір* шақырымы шаруалар шаруашылығын сауда айналымы мен капиталистік айналымға тартып отырғанын әркімақ біледі. Тек «солшыл халықшылдар» ғана өздерінің мещандық теориясын тас-талқап ететін шындықты көргісі келмейді.

Бұл шындық мынада: темір жолдың *әрбір* шақырымы, деревнядағы *әрбір* жаңа дүкенше, сатып алуды жеңілдететін *әрбір* кооператив, *әрбір* фабрика, т. т. шаруалар шаруашылығын сауда айналымына тартып отыр. Ал мұның өзі шаруалар пролетарлар болып және жалдама жұмысшылар жалдайтын *қожайынсымақтар болып жіктеледі* деген сөз.

Шаруалар шаруашылығында жақсарып келе жатқан шаруашылықтардың жалдама еңбекті қанауын күшейте түспейтін *бірде-бір* жақсартудың *болуы мүмкін емес.*

Сондықтан пролетарларды, жалдама жұмысшылар-

ды қалада да, деревняда да өз алдына бөліп қарап, еңбек мүдделерін тек марксистер ғана қорғайды.

Ал халықшылдар «шаруалар» туралы, «шаруалар шаруашылығы» туралы айтқанда жалдама жұмысшы күшін *қанаушылардың* мүдделерін (іс жүзінде) қорғайды, өйткені шаруа «қожайынға» неғұрлым көбірек ұқсас болса, жалдама еңбекті ол соғұрлым *күштірек қанайды*.

Буржуазияның мүдделері (халықшылдар олардың соңынан көз жұмып еріп жүр) шаруа пролетариатын шаруа буржуазиясымен араластыруды талап етеді.

Пролетариаттың мүдделері осы араластырумен күресуді талап етеді, *барлық жерде*, соның ішінде шаруалар арасында да, таптарды айқын ажыратуды талап етеді. «Шаруалар» туралы айтқан болып, өзіңді де, өзгені де алдаудың қажеті жоқ: тіпті шаруалардың ішінде де пролетариат пен буржуазияның арасындағы тұңғиық күннен күнге неғұрлым тереңдей түсіп отыр, мұны өзің де білуің керек, шаруаларға да үйретуің керек.

«Путь Правды» № 17,
20 февраль, 1914 ж.
Қол қойған: В. И.

«Путь Правды» газетінің текcті бойынша басылып отыр

СТРУВЕ МЫРЗА «ӨКІМЕТТІ САУЫҚТЫРУ» ТУРАЛЫ

Струве мырза ең ашық контрреволюцияшыл либералдардың қатарына жатады. Сондықтан оппортунизмге жасалған маркстік талдауды аса көрнекі түрде растап қуаттаған жазушының саяси пайымдауларына назар аудару көп жағдайда өте тәлім аларлық болады (өйткені Струве мырза, жұртқа мәлім, оппортунизмнен, «Марксті сынаудан» бастады да, бірнеше жылда-ақ контрреволюцияшыл буржуазиялық ұлтшыл-либерализмге дейін құлдырады).

«Русская Мысльдің» январьдағы кітапшасында Струве мырза «өкіметті сауықтыру» туралы пайымдайды. Ол ең алдымен, 1907—1914 жылдардағы бүкіл реакцияның *банкрот болғаны* сияқты, Столыпин саясаты мен октябризмнің банкрот болғанын мойындайды. Реакция «дағдарысқа тірелді»— деп жазады Струве мырза. Думаны заң жөніндегі кеңесші мекемеге айналдыру тәрізді шегіншек реформалар жасауға әрекет ету, оның кірінше, мынаған әкеліп соғады: «өкіметті дәл сол 1905 жылға дейінгі қалпына әкеліп қояды», тек мұндағы бір елеулі айырмашылық — халық енді басқаша болып алды. «Халық бұқарасының тілектестігі мен инстинкті 1905 жылы интеллигенция жағына қарай ойысты».

Мұны «вехишілдердің» бірі, революцияның барып тұрған қас дұшпаны, нағыз қаратүнек теорияларды жақтаушы жазып отыр. Сөйтіп ол *бұқараның* солшыл болғанын мойындауға мәжбүр болды, бірақ осы бұқараның ішінде қандай таптардың қандай партияларға қо-

сылып отырғанын туралап, айқынырақ, дәлірек айтуға либералдың батылы бармай отыр!

«Біздің халқымыз әлі қалыптасып болған жоқ және әлі жіктеліп болған жоқ. Оның ұзақ уақыт самарқау болып келіп, бірден революцияшыл бола кеткендігі,— бойындағы мүмкіндіктердің бәрі өрістей алған кезде оның кім болатындығы туралы еш нәрсені де аңғартпайды».

Буржуаның өздері үшін ұнамсыз ақиқатты *бүркемелейтін* жел сөздерінің үлгісі, міне, осы. Халық деп бұл жерде шаруалардың айтылып отырғаны айқын, өйткені буржуазия (помещиктер туралы айтпағанның өзінде) мен жұмысшы табы жеткілікті дәрежеде қалыптасып, жеткілікті дәрежеде орнықты. Жаңа аграрлық саясаттың жанталаса күш салуына *қарамастан буржуазиялық шаруалардың* «әлі қалыптаспағанын» тура мойындауға либералдың батылы бармайды.

Струве мырза: «қазіргі жағдайдан құтылудың қандай жолы бар?» — деп сұрақ қояды да, оған былай деп жауап береді: «Одан құтылудың тек екі жолы болуы мүмкін: не мемлекеттік талас-тартыстың бірте-бірте орнин түсуі, мұнда ұшқары элементтер дем беріп отырған халық бұқарасының стихиялық тегеуріні орта таптар мен оларды білдіретін баяу элементтерді...» (сонымен, баяу элементтер орта таптарды «білдіре ме»? — Бұл онша сауатты емес, бірақ саяси жағынан жеткілікті айқын айтылған; ал шаруалар мен жұмысшыларды қандай элементтер «білдіреді» екен?) «қайтадан кейінгі қатарға ығыстырып тастайды, не *өкіметті сауықтыру* қажет. Бірінші жол қазір біздің талқылауымызға жатпайды. Біз орыс жағдайларында саналы түрде мына көзқараста: озімізге әрі осы жолға пәрменді ұмтылуға, әрі тіпті оны жай ғана тілеуге мүмкіндік қалдырмайтын көзқараста тұрмыз...» (Ашық айтқаныңызға рақмет, Струве мырза! Январьдағы «Наша Заряда» Л. М. сияқты төңіректеп айналсоқтай бергеннен гөрі, біздің жойымпаздар турасын, ашығын айтуды, міне, кімнен үйренуі керек еді.)

«...Сондықтан бізге қоғамдық сананың тура алдына кезекті проблема ретінде екінші жолды қою ғана қалады, ол бүкіл

прогрестік және сонымен қатар қорғаушы күштердің бірігіп күш салуы арқылы іске асырылуға тиіс».

Екінші жол туралы Струве мырза жел сөзден басқа ештеңе, мүлде ештеңе айта алмайды. Буржуазия баяулық жағында, бұқара «ұшқарылық» жағында,— мұны либерал мойындауға мәжбүр болды. Ал сауықтырылуға тиісті «өкіметтің» әлеуметтік құрылымы (құрылысы, түзілісі) қандай, оның таптық тірегі қандай, буржуазияға дейін бір өзі өктемдік құрып, билеп-төстеп келген помещиктер қайда кетті, Струве мырза осының бәрін тіпті ойға алудан да қорқады. Бейшаралық, дәрменсіздік, идеясыздық — әзірге Пуришкевичтер алдында құрдай жорғалап (Струве мырза мен К⁰ сияқты) жүрген либерал буржуазияның душар болатын сөзсіз бет келбеті міне осындай.

«Бұл қандай оғаш болғанымен,— деп жазады Струве мырза,— бірақ өкіметке орыс революциясы деп атау дағдыға айналған бір кездегі оқиғалар мен фактілердің және пиғылдардың болғандығын ұмыту керек дегеннен артық еш нәрсе тілеуге болмайды».

Тамаша, терең ойлы, тауып айтылған, байыпты саяси кеңес! Мейлі, «өкімет ұмыта берсін» — қарт адамдардың кейде өздерінде және төңірегінде не болып жатқанның бәрін де ұмытатын кездері болады ғой!

Россия либерализмінің кәрі тобеттей сорлы өкілдері басқаларды өз шама-шарқымен өлшейді.

«Путь Правды» № 18, 21 февраль, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚШЫЛДАР Н. К. МИХАЙЛОВСКИЙ ТУРАЛЫ

Н. К. Михайловскийдің қайтыс болғанына (1904 жылы 28 январьда қайтыс болды) он жыл толуы либералдық-буржуазиялық және халықшылдық (яғни буржуазиялық-демократиялық) газеттерде толып жатқан мадақтау мақалаларын басумен аталып өтті. Либералдар мен буржуазияшыл демократтардың Н. К. Михайловскийді мадақтауы таңданарлық емес, бірақ олардың Михайловскийді социалист етіп көрсетуге және оның буржуазиялық философиясы мен социологиясы марксизммен ымыраға келеді деп дәлелдеуге тырысқанда, шындықты адам айтқысыз бұрмалайтындығына және пролетарлық таптық сананы аздыратындығына наразылық білдірмеу мүмкін емес.

Михайловский өткен ғасырдың соңғы отыз жылындағы орыс буржуазиялық демократиясының көзқарастарын білдірушілердің және таңдаулы өкілдерінің бірі болды. Буржуазиялық-демократиялық идеялардың Россиядағы бірден-бір елеулі және жаппай (қалалық ұсақ буржуазияны есептемегенде) иемденушісі болып табылатын шаруалар бұқарасы ол кезде әлі терең ұйқыда жатқан еді. Оның ортасынан шыққан таңдаулы адамдар және оның ауыр жағдайына барынша бүйрегі бұратын адамдар, әр текті лер деп аталатындар — негізінен оқушы жастар, мұғалімдер және интеллигенцияның басқа да өкілдері — ұйқыда жатқан шаруалар бұқарасын ағартуға және оятуға тырысты.

Россияны азат ету кәдесіне асатын буржуазиялық-демократиялық қозғалыстағы Михайловскийдің ұлы тари-

хи еңбегі мынада: ол шаруалардың езілген жағдайына барынша аяныш білдірді, крепостниктік езгі атаулыға және оның барлық көріністеріне қарсы жігерлі күрес жүргізді, жария, ашық баспасөзде — емеуріинмен болса да нағыз дәйекті және батыл демократ әр тектілер қимыл жасаған «астыртын ұйымға» тілектес болуды, оны қадірлеуді қорғап отырды және осы астыртын ұйымға тіпті өзі де тікелей көмектесті. Біздің заманымызда либералдар ғана емес, сонымен қатар халықшыл («Русское Богатство») жойымпаздар да, әрі сондай-ақ маркстік жойымпаздар да астыртын ұйымға арсыздық, көбіне ренегаттық тұрғыдан қарап отырғанда, Михайловскийдің осы еңбегін жылы сөзбен еске түсірмеске болмайды.

Бірақ бостандықтың және езілген шаруалар бұқарасының нағыз жақтаушысы бола тұра, Михайловский буржуазиялық-демократиялық қозғалыстың барлық әлсіз жақтарына ортақ болды. Барлық жерді шаруаларға беру,— әсіресе құнын төлетпей беру,— оған «социалистік» бірдеңе сияқты болып көрінді; сондықтан ол өзін «социалиспін» деп санады. Әлбетте, бұл — терең қателік, оны Маркс те, крепостниктік тәртіп пен абсолютизм толық құлағанға дейін буржуазияшыл демократтар *үнемі* өздерін «социалистерміз» деп ойлаған *барлық* цивилизациялы елдердің тәжірибесі де толығынан әшкерелеген. Барлық жерді шаруаларға беру, әсіресе жоғарыда көрсетілген шарттар негізінде беру, крепостник-помещиктер үстемдік құрып тұрғанда аса пайдалы шара, бірақ бұл — буржуазиялық-демократиялық шара. Біздің заманымызда әрбір пайымды социалист мұны біледі. Бүкіл дүние жүзінің барлық тәжірибесі мынаны дәлелдеді: шаруалар крепостниктік бариндерден жерді неғұрлым көп (және неғұрлым арзан) алса, «жер мен ерік» неғұрлым көп болса, капитализмнің дамуы соғұрлым *тезірек* жүрді, шаруаның *буржуазиялық* табиғаты соғұрлым *тезірек* аңғарылып отырды. Егер Н. Ракитников мырза («Верная Мысльдің» 3-номерінде) пролетариаттың крепостниктерге қарсы *буржуазиялық*-демократиялық шаруаларды қолдауы әсте де «социализм» емес екенін осы уақытқа дейін түсінбесе, онда мұндай аңқаулыққа күлу ғана қалады. Бүкіл саналы жұмыс-

шылар әлдеқашан теріске шығарған қателерді теріске шығарып жату ығыр ететін жұмыс екен.

Экономикалық салада ғана емес, сондай-ақ философияда да, социологияда да Михайловскийдің көзқарастары *бейне* «социалистік» жел сөздермен бүркемеленген *буржуазиялық-демократиялық* көзқарас болды. Оның «прогресс формуласы», оның «өзіндік-даралық үшін күрес» теориясы және басқалары осындай. Философияда Михайловский Россиядағы утопиялық социализмнің аса ұлы өкілі Чернышевскийден *бір адым кері* шегінді. Чернышевский материалист болды және өмірінің ақырғы күндеріне дейін (яғни XIX ғасырдың 80-жылдарына дейін) сәнге айналған «позитивистердің» (кантшылдар, махистер және т. с.) идеализм мен мистикаға кеңшілік жасағандарын мазақ етті. Ал Михайловский нақ осындай позитивистердің соңында салпақтады. Және Михайловский шәкірттерінің, тіпті нағыз «солшыл» халықшылдардың (Чернов мырза тәрізді) арасында бұл реакциялық философиялық көзқарастар осы уақытқа дейін үстем болып отыр.

Михайловский мен халықшылдардың «социализмі» — бар болғаны буржуазиялық-демократиялық жел сөз, мұны барлық таптардың 1905—1907 жылдардағы қимылдары мен олардың бұқаралық күресінің тәжірибесі біржолата дәлелдеді. Шаруа депутаттарының көпшілігі I Думада да, II Думада да солшыл халықшылдар жағына *емес,* «трудовиктер» мен «халықтық социалистер» жағына шықты. Бұл ұмытуға немесе бұрмалауға болмайтын факт. Сөйтіп, марксистердің ізінше, тіпті солшыл халықшылдардың өздері де, мәселен, Вихляев, Чернов мырзалар мен тағы басқалар арқылы, халықтық еңбек социалистерінің буржуазияшылдығын мойындауға мәжбүр болды!!

Солшыл халықшылдарға тілектес жекелеген жұмысшылар өздерінің ұстаздарынан «халықтық еңбек социалистеріне» қарсы жазылған солшыл халықшылдардың 1906—1907 жылдардағы барлық шығармаларын сұрап алсын.

Шаруалардың бұл жылдардағы жаппай бой көрсетулері шаруалардың нақ *буржуазиялық-демократиялық*

позицияда тұрғандығын біржолата дәлелдеді. Солшыл халықшылдық, ең мықтағанда, Россиядағы шаруалар (яғни буржуазиялық) демократиясының шағын қанаты ғана. Жұмысшылар шаруаларды (крепостниктерге қарсы) қолдап келді және қолдай береді, бірақ бұл таптарды араластыру, буржуазиялық демократияны социалистік пролетариатпен араластыру реакциялық авантюра болып табылады. Әсіресе қазір, таптардың жіктелуі 1905—1907 жылдардағы бұқаралық күрестің ұлы тәжірибесімен әбден дәлелденіп отырған қазіргі кезде және бұл біздің деревнямызда күн санап барған сайын айқын көрініп отырған кезде барлық саналы жұмысшылар бұл авантюраға қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізетін болады.

Михайловский өте ұзақ, он жылдан астам уақыт бойына «Русское Богатство» әдебиетшілері тобының басшысы және ұйытқысы болды. Ал ұлы 1905—1907 жылдары бұл топтан не шықты?

Демократия арасында алғашқы жойымпаздар шықты!

Солшыл халықшылдарға тілектес жекелеген жұмысшылар өздерінің ұстаздарынан «Русское Богатствоның» 1906 жылғы августағы кітапшасын және солшыл халықшылдардың осы топты «социал-кадеттер», т. т. деп атаған барлық шимай-шатпақтарын сұрап алсын!

Михайловский тобынан алғашқы жойымпаздар шықты, бұлар 1906 жылдың күзінде «ашық партия» жариялады, біздің, маркстік, жойымпаздардан 2—3 жыл бұрын «астыртын ұйымнан» және оның ұрандарынан безді. Мякотин, Пешехонов мырзалардың және Михайловскийдің басқа да серіктерінің «ашық партиясынан» не шықты? Қандай да болсын партия атаулының мүлде болмауы, халықшылдық оппортунистері «ашық» тобының бұқарадан толық қол үзуі шықты.

Астыртын ұйымнан еш уақытта бас тартпаған Михайловскийге (немесе дұрысырақ айтқанда: өз тобының жойымпаздыққа көшуінен біраз бұрын қайтыс болған Михайловскийге) Пешехонов, Мякотин және К° мырзалардың бейшара, жиіркенішті оппортунизмі үшін бүтіндей жауапкершілік артуға болмайды. Бірақ «Верная Мысльдің» Михайловскийге арналған 3-номерінде «сол-

шыл» халықшылдардың «Русское Богатствоның» «социал-кадеттерімен» жасасқан шірік блогын (одағын) біз тағы да көріп отырмыз, бұл көңіл бөлерлік жай емес пе? Ал егер өзінің революционерлерге көзқарасы туралы Михайловскийдің Лавровқа не жазғанын еске түсірсек, онда «социал-кадеттер», жалпы алғанда, оның жолын қуған адал серіктестері екенін мойындауға тура келмес пе екен?

Біз Михайловскийді оның буржуазиялық-демократиялық көзқарастары үшін емес, оның либерализмге қарай ауытқығаны үшін емес, оның «Русское Богатстводағы» «социал-кадеттер» тобы үшін емес, крепостниктік тәртіпке, «бюрократияға» (дәл айтылмаған сөз үшін кешіріңіздер), т. т. қарсы адал ниетімен, талантты түрде күрес жүргізгені үшін, оның астыртын ұйымды қадірлегені үшін және оған көмектескені үшін құрмет көрсетеміз.

Россияның буржуазиялық демократиясы, яғни ең алдымен шаруалар, либерал буржуа мен пролетариат арасында кездейсоқ ауытқып жүрген жоқ, қайта өзінің таптық жағдайының себебімен ауытқып жүр. Жұмысшылардың ісі — «халықшылдық» ілімдермен аяусыз күресе отырып, шаруаларды либералдардың ықпалынан құтқарып алу.

«Путь Правды» № 19,
22 февраль, 1914 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

А. БОГДАНОВ ТУРАЛЫ

Редакция А. Богдановтың жазып тұруына редакцияның көзқарасы туралы сұраған 13 «солшыл большевиктің» қолы қойылған және «Тифлис-Кавказ» деген жазуы бар хат алды. Хаттың авторлары өздерін ««Вперед» тобының идеялық жақтаушыларымыз» деп атайды және олардың әуенінен біздің газетімізге деген дұшпандық әуені барынша анық та айқын көрінеді.

Бұған қарамастан, біз олармен біржолата түсінісіп алуымыз керек деп есептейміз.

Дәйекті марксизм көзқарасында тұрған жұмысшы газеттері мен журналдарына А. Богдановтың жазып тұруы не себептен мүмкін болмады?— Себебі — А. Богданов марксист емес.

Хаттың авторлары өздеріне Богдановтың өзі жойымпаздық газетке жазған хатында айтып берген жолмен жүре отырып, біздің газеттеріміздің беттерінен А. Богдановтың көрінбеуінің түсінігін адамдардың қайдағы бір жеке қатынастарынан, кейбір адамдардың қаскойлігінен т. т. іздейді. Мұның бәрі талдауға да, түсіндіріп жатуға да тұрмайтын бір оңкей болмашы нәрсе. Істің жайы әлдеқайда оңайырақ және айқынырақ.

Егер хаттың авторлары «жеке адамдармен» емес, марксистер арасындағы ұйымдық және идеялық қатынастардың тарихымен шұғылданған болса, онда олар большевиктердің өкілдік жиналысы 1909 жылдың майында-ақ алдын ала болған толық және ұзақ айтыстан кейін А. Богдановтың әдеби-саяси әрекеттері үшін *өзіне жауапкершілікті алудан бас тартқанын* білген болар еді[118]. Егер хаттың авторлары тоғышарлардың өсек-аяң-

дары мен сырттан тон пішуіне жөнді мән бермей, маркс-истер арасындағы идеялық күреспен көбірек санасқан болса, онда олар А. Богданов өзінің кітаптарында белгілі әлеуметтік-философиялық жүйе жасағанын және маркстік емес, Маркске қарсы жасалған бұл жүйеге фракцияларының айырмашылығына қарамастан *барлық* марксистердің қарсы шыққанын білген болар еді. А. Богдановтың жұмысшы газетіне жазып тұруы туралы мәселенің тасасында Маркстің философиясы мен А. Богдановтың ілімі арасындағы қатынас жөніндегі неғұрлым маңызды, принципті мәселе тұрғандығын Россиядағы марксизм мен жұмысшы қозғалысының тарихына ден қойып жүрген адамдардың бәрі біледі, ал кімде-кім оны білмесе, онда ол үйренуге, оқуға және білуге *тиіс.* Бұл мәселе кітаптарда, кітапшаларда, мақалаларда талданған, қаралған, түсіндіріліп берілген. Белгілі бір әдебиетшінің жұмысшы баспасөзіне жазып тұруына саяси көзқарастың мәні мына тұрғыдан: осы жазушының стилі, тапқырлығы, жұртшылыққа түсіндіру таланты тұрғысынан емес, оның тұтас алғандағы бағыты тұрғысынан, өзінің ілімімен жұмысшы бұқарасына оның *не* жеткізетіндігі тұрғысынан қаралатын болуы керек. А. Богдановтың әдеби қызметі тұтасынан алғанда буржуазиялық философтардың боямаланған идеалистік түсініктерін пролетариаттың санасына сіңіру әрекеттеріне әкеп саятынына марксистердің көзі әбден жетті.

Егер кімде-кім бұл бұлай емес, марксизмнің философиялық негіздері туралы таласта Плехановтың да, Ильиннің де пікірі дұрыс емес, қайта Богдановтың пікірі дұрыс деп ойласа, онда ол адам Богдановтың көпшілікке арналған белгілі бір мақаласы жұмысшы газетінің беттерінен өзіне орын таба алады деп көрсетпей-ақ Богдановтың жүйесін қорғап шығуға тиіс. Бірақ біз марксистер арасында Богдановтың жүйесін қорғаушыларды білмейміз. Богдановтың іліміне «фракциялық» қарсыластары ғана емес, сондай-ақ, саяси топта бірге болған оның бұрынғы қызметтестері де қарсы шықты.

Богданов жөнінде істің жайы осындай. Оның марксизмді «өзгерту» және «түзету» әрекеттерін марксистер талдап, қазіргі заманғы жұмысшы қозғалысының рухы-

на жат деп тапты. Богдановтың әдеби қызметі мен қандай да болсын өзге қызметіне жауапкершіліктен онымен істес болған топтар бас тартты. Осыдан кейін А. Богдановқа қалай болса солай қарауға болады, бірақ марксизмнің әліппесін дамытуға міндетті жұмысшы баспасөзінің беттерінен оған орын берілуін талап ету — марксизмді де, Богдановтың ілімін де, жұмысшылар бұқарасын маркстік тұрғыдан ағартудың міндеттерін де түсінбегендік.

Біздің газетіміз қызмет етіп отырған осы жұмысшылар бұқарасын ағарту ісінде Богдановпен біздің жолымыз бір емес, өйткені ол және біз бұл ағарту ісін түрліше түсінеміз. Жеке бастың қатынастарына мегзеумен өз қамына бола күңгірттетіліп отырған істің мәнісі, міне, осындай. Өз газетінің *бағытын* қымбат тұтатын жұмысшылар істі белгілі бір әдебиетшілердің «жеке басына» байланыстырмақшы болатын осы әрекеттердің бәрін лас қоқыс ретінде сыпырып тастауға тиіс, олар Богданов ілімінің сипаты туралы мәселені түсініп алуға тиіс. Ал мұны түсіне бастағанда, біз келген қорытындыға: марксизм — бір басқа да, Богдановтың ілімі мүлде бір басқа деген қорытындыға олар да тез келетін болады. Ал жұмысшы газеті пролетариаттың санасын буржуазиялық-идеалистік қойыртпақтан тазартып отыруға тиіс, өзінің беттерінен мұндай сіңімсіз қойыртпақты ұсынуға тиісті емес.

Дегенмен «Правда» А. Богдановтың біреше мақалаларын басып шығарды ғой деп айтатындар болар бізге. Иә, басып шығарды.

Алайда бұл, қазіргі жұрттың бәріне айқын болып отырғанындай, Россияда алғашқы жұмысшы газетін жолға қою сияқты жаңа жұмыста болмай қоймайтын қателік қана еді. Бұл істің басында тұрған жолдастар Богдановтың газетке ұсынған көпшілікке арналған мақалаларындағы маркстік әліппені насихаттау ісі Богданов ілімінің ерекше сипаттарын екінші қатарға ығыстырар деп сенді. Күткендей-ақ бұлай болып шықпады. Алғашқы азды-көпті бейтарап жазылған мақалаларынан кейін Богдановтан тағы бір мақала түсті, онда ол жұмысшы газетін марксизмді насихаттау емес, өзінің эм-

пириомонизмін насихаттау құралына айналдыруға көріпеу-көзге әрекет жасады. Өзінің бұл мақаласына А. Богданов, сірә, соншалық зор маңыз берген болу керек, осыдан кейін, яғни 1913 жылдың көктемінен бастап, ешқандай мақала жіберген жоқ.

Содан кейін газетке жазып тұру мәселесі редакцияда принципті түрде қойылып, оқушыларға белгілі мағынада шешілді.

Енді «Вперед» тобы туралы бірнеше сөз. Бұл топ біздің газетімізде «авантюристік» топ деп аталған болатын*.

Өздерінің тоғышарларша ойлап, саяси ойлай білмейтіндігінен хаттың авторлары мұнда да топ мүшелерінің жеке басына қайдағы бір мегзеушілік бар деп білді. Бұл тағы да қисынсыздық. Марксистер «авантюристік» деп ғылыми социализм негізінде тұрмайтын топтардың,— мәселен, анархистердің, террорист-халықшылдардың, т. т. саясатын атайды. Впередшілдердің анархизм-синдикализм жағына қарай ауытқуларын, олардың Луначарскийдің «құдай жасампаздығына», Богдановтың идеализміне, Ст. Вольскийдің теориялық-анархистік қылықтарына және т. т. көз жұмушылығын жоққа шығаруға ешкімнің де батылы бармайды. Ал впередшілдердің саясаты анархизм мен синдикализмге бой ұрады екен, онда оны кез келген марксист авантюризм саясаты деп атайды.

Мұның өзі «Вперед» тобының толық күйреуімен дәлелденген кәдімгі факт. Жұмысшы қозғалысы қайта жанданысымен-ақ, әр алуан элементтерден құрастыра салынған, белгілі бір саяси бағыты жоқ, таптық саясат пен марксизм негіздерін түсінбеген бұл топ түгі қалмай ыдырап кетті.

Жұмысшы қозғалысы бұл топтарға, «эмпириомонистерге», «құдай жасампаздарға», «анархистерге» және т. т. соқпастан, марксизм туы астында алға баса береді.

«Путь Правды» № 21,
25 февраль, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

---

* Қараңыз. осы том, 331-бет. *Ред.*

ВЕТЕРАННЫҢ «ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ЛАТЫШ ПРОЛЕТАРИАТЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНА РЕДАКЦИЯДАН

Жалпы алғанда латыштардағы, әсіресе латыш социал-демократтарындағы ұлт мәселесінің тарихи очеркін беретін Ветеран жолдастың мақаласын шын ықласпен басып отырмыз. Латыш марксистері тарапынан жазғы (1913 ж.) кеңестің шешіміне енгізілетін өзгерістердің немесе толықтырулардың жобалары болғаны аса жақсы болар еді. Латыш социал-демократтарында Бундқа деген іш тартушылық баяғыдан бар-ды, бұлар, 1-ден, марксистердің теориялық сынының салдарынан; 2-ден, бундшылдардың, әсіресе 1906 жылдан кейінгі практикалық сепаратизмі салдарынан толқи бастады. Латыш социал-демократтары арасында ұлт мәселесі жөніндегі айтыстың жалғаса түсуін және оның әбден кесімді шешімдер қабылдауға жеткізуін тілейміз.

Ветеран жолдастың ескертпелерінің мәні жөнінде мыналарды ғана атап өтеміз. Біздің Швейцарияға сілтеме жасауымыз* оған дәлелсіз сияқты болып көрінеді, өйткені ондағы барлық үш ұлт—әуел бастан-ақ тарихи және тең праволы ұлттар. Бірақ «тарихы жоқ ұлттар» үшін мысал мен үлгіні тарихи ұлттардың арасынан басқа ешқайдан (егер қиялдан болмаса) іздеуге болмайды. Ал ұлттардың тең праволы болуын «мәдени-ұлттық автономияны» жақтаушылардың өздері де көздеп отыр. Демек, цивилизациялы адамзаттың тәжірибесі бізге мынаны көрсетіп отыр: ұлттардың шын тең праволылығы және дәйекті демократизм *болған жағдайда,*

* Қараңыз: осы том, 131-бет. *Ред.*

«мәдени-ұлттық автономия» артық нәрсе; ал бұл жағдайлар *болмайынша*, ол утопия болып қала береді, сондықтан оны насихаттау жымысқы ұлтшылдықты уағыздау болып шығады.

«Просвещение» № 2, февраль, 1914 ж.

«Просвещение» журналының тексті бойынша басылып отыр

«МАРКСИЗМ ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДЫҚ»[119] ДЕГЕН ЖИНАҚҚА АЛҒЫ СӨЗ

Оқушыға ұсынылып отырған жинақ 1909—1914 жылдарда жазылған мақалалардан құрастырылған. Бұл кез — Россиядағы жұмысшы қозғалысының ерекше зор қиыншылықтарды басынан кешіріп жатқан дәуірінің дәл өзі еді. Алайда, марксистер бұл қиыншылықтарды жай ғана көрсетіп қоюмен, жаппай күйреу, ыдырау және т. т. жөнінде жай ғана шағынумен қанағаттанбады, қанағаттана да алмады. Россияның капиталистік дамуының ерекше кезеңі тұрғысынан қарағанда күйреудің экономикалық және саяси себептері қандай екенін, осы ыдырауды білдіріп отырған неғұрлым кең ағымның, атап айтқанда *жойымпаздық* ағымның, *таптық* маңызының қандай екенін айқындау қажет болды.

Марксистер жұмысшы қозғалысы үшін осы ең маңызды мәселеге негізгі жауабын әбден дәл, тұжырымды және ресми шешімдер түрінде 1908 жылдың декабрінде берген-ді. Бұл шешімдерді түсіндіру, тарату, экономикалық және саяси қозғалыстың күнделікті мәселелеріне қолдану керек болды. Біздің осы жинақта құрастырған мақалаларымызда осы талдау,— «редакцияға байланысты емес» себептердің салдарынан өкінішке орай, өте толық емес түрде,— беріліп те отыр.

Қазіргі уақытта, Петербургте маркстік күнделікті баспасөздің екі жыл дерлік өмір сүргенінен кейін, жойымпаздықтың маңызы туралы және оған берілетін баға туралы мәселе теория жүзінде ғана емес, сондай-ақ практика жүзінде де түгелдей — егер осылай деп айтуға болатын болса — жұмысшылардың өздерінің шешуіне *бе-*

рілді. Ал мұның өзі Россияның жұмысшы қозғалысы үшін аса зор бақыт және оның пісіп жетілгендігінің ұлы нышаны. Саналы жұмысшылардың өздері шындық іздеп отыр және оны табады да, жойымпаздықтың таптық маңызын анықтайды, оған берілген бағаны өздерінің бұқаралық қозғалысының практикасымен тексереді, жойымпаздықпен күресудің қолайлы тәсілдерін жасап шығарады.

Өз табы қозғалысының тағдырларын ойлайтын барлық жұмысшыларға біз осы жинақты басып шығарумен көмекке келсек деп едік. Мақалалар мұнда хронологиялық тәртіпте емес, *тақырыптар* бойынша, теориядан практикаға өту тәртібіне қарай (шамамен) орналастырылды.

Бірінші кезекке (1-бөлім) негізгі мәселелер қойылды, бұларды шешпейінше жалпы тиянақты тактика мен саясат туралы сөз болуы да мүмкін емес. Мұнда оқушы тарихи кезең мен маркстік ағымдар күресінің таптық маңызына берілген бағаны,— одан кейін, жойымпаздардың басты «еңбегін» («Қоғамдық қозғалыс») сынаумен байланысты пролетариаттың гегемондығы туралы мәселені талдауды,— ақырында, буржуазияның «солшылдануы» туралы мәселе жөніндегі мақалаларды табады.

Одан әрі (2-бөлім) сайлау науқаны туралы, IV Думаға сайлаудың қорытындысы туралы және думалық тактика туралы мақалалар келеді.

Келесі орынды (3-бөлім) «ашық партия» туралы мәселе және онымен тығыз байланысты бірлік мәселесі алып отыр.

Төртінші бөлім әр түрлі қолданылып жүрген либералдық жұмысшы саясатына арналған. Реформизмге жалпы баға берілгеннен кейін мұнда «жеке талаптар» туралы, коалициялар бостандығы туралы, стачкалық қозғалыс туралы, жойымпаздардың либералдарға және либералдардың жойымпаздарға көзқарасы туралы мәселелер талданады.

Ақырында, соңғы тақырып (5-бөлім) — жойымпаздар және жұмысшы қозғалысы. Мұнда оқушы жойымпаздық көсемдерінің бірі (Кольцов) өзінің басты еңбегінде 1905—1907 жылдардағы жұмысшы қозғалысына

берген бағаны да,— жұмысшылардың жойымпаздарға практика жүзіндегі көзқарасы туралы мәселенің талдауын да,— Думадағы Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылу тарихы жөніндегі неғұрлым көкейтесті материалды да табады.

«Қорытындыда» қазіргі заманғы жұмысшы қозғалысындағы ағымдардың күресі туралы мәселе жөнінде кейбір жалпы қорытындылар шығаруға әрекет жасалған.

Біздің жинағымыз жұмысшыларға даулы мәселелер жөніндегі деректерді табуды және зерттеп білуді жеңілдетеді деген үміттеміз. Әлбетте, біз өте көптеген және өте маңызды нәрселерді келтіре *алмадық*. Екінші жағынан, әр түрлі авторлардың бірнеше жыл бойындағы мақалаларынан құралған жинақта қайталау болуы сөзсіз. Авторлардың арасында, әрине, өзіндік-даралық сарындар да бар. Бірақ олардың барлық мақалалары тұтас алғанда қалыптасқан маркстік шешімдердің түсіндірмелері (ұғындырылуы), қолданылуы ғана болып табылады, бұл шешімдерді мойындау, былайша айтқанда, ұйымдасқан саналы жұмысшы-марксистерді жұмысшы партиясының жойымпаздарынан және бұл партиядан шеттеп отырған адамдардан бөліп көрсетеді. Бұл шешімдерді анықтап түсіндіру және тексеру, бәлкім, біраз уақыт өткеннен кейін бұларға қажетті түзетулер мен толықтырулар енгізуді жеңілдету — біздің басты мақсаттарымыздың бірі, міне, осындай.

Февраль, 1914.

С.-Петербургте 1914 ж. июльде «Прибой» баспасы шығарған мына жинақта басылған: «Марксизм және жойымпаздық», II бөлім

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛДАР АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ТАЛАСТАР

Өткен жұма күні «Путь Правды» (№ 18) «Струве мырза «өкіметті сауықтыру» туралы»* деген мақала басып шығарды, сөйтіп өте-мөте ашық және дәйекті контрреволюцияшыл либералдардың бірінің Россияның саяси жағдайына берген бағасымен өзінің оқушыларын таныстырды.

Келесі күні «Речь» газеті Струве мырзаға «қарсы» оның өкіметті сауықтыру туралы нақ сол мақаласы жөнінде Милюков мырзаның үлкен, «принципті» фельетонын басты. Бұл екі либералдың таласына тоқталып оту пайдалы, өйткені, біріншіден, талас орыс саясатының аса маңызды мәселелеріне қатысты, ал, екіншіден, талас буржуазия қайраткерлерінің *екі түрлі саяси типін* ашып береді. Ал бұл типтер — ұзақ уақыт, ондаған жылдар бойы Россияда елеулі саяси маңыз алатын, барлық капиталистік елдерде де осы сияқты маңыз алып отырған типтер. Пролетариат өз мүдделері үшін бұл типтерді біліп қоюға тиіс.

Соңғы жылдарда Струве мырза өз көзқарасын ерекше айқын етіп «Вехи»[120] кітабында толық білдірді. Бұл — контрреволюцияшыл либералдың, дінді (және дінге апаратын аса сенімді және «асқан оқымыстылық» жол ретіндегі философиялық идеализмді) жақтаушының, демократия дұшпанының көзқарасы. Бұл — жеке адамның басына ғана қатысты емес, таптық маңызы бар айқын да ашық көзқарас, өйткені Россияда октябристік

---

* Қараңыз: осы том, 354—356-беттер. *Ред.*

және *кадеттік* буржуазияның *бүкіл жұртшылығы* 1907—1914 жылдарда іс жүзінде нақ осы көзқараста болды.

Істің мәнісі — октябристік буржуазияның да, кадеттік буржуазияның да оңға қарай, демократиядан аулаққа бет бұрыс жасап отырғандығында. Істің мәнісі — бұл буржуазияның реакциядан гөрі халықтан көбірек қорқатындығында. Істің мәнісі — бұл бет бұрысты кездейсоқтық емес, буржуазияның пролетариатқа қарсы тап күресі тудырғандығында. Істің мәнісі — Струвенің, ал оған ілесе Маклаковтың өз табы туралы, өз партиясы туралы шындықты басқа кадеттерден гөрі ашығырақ айтқандығында ғана.

Бұл шындық кадет партиясының демократиямен ымдасуды қажет деп санайтын дипломаттарын (олардың басшысы Милюков мырзаны) көзге түртеді, олар бұл демократияның ролі әлі толық атқарылып болған жоқ және буржуазияға, сірә, Пуришкевичтер ғана жасайтын тәртіптерде емес, тіпті — кім білген — демократия, «қара халық», «көше», жұмысшылар жасайтын тәртіптерде де өмір сүріп, әрекет етуге тура келер деп ойлайды.

Струве мырза мен Маклаков мырза ұстаған бағытты өзі де жүргізе отырып, Милюков мырза оны бүркемелегісі, жұртшылық алдында жақсы көрінгісі келеді, демократияны алдап, оны жетегінде жүргізгісі келеді. Сондықтан Милюков мырза «Вехимен» таласқан, Струвемен таласқан, Маклаковты теріске шығарған *түр білдіріп отыр,* ал *іс жүзінде* ол Струве мен Маклаковты өз ойларын айлакерлікпен жасыруға ғана үйретеді.

Милюков мырзаның Струвеге қарсы ұзақ фельетонының түйіні — Струвені «тұйыққа тіреп шатастырып отыр» деп кінәлау.

Зілді және күшті айтылған — рас емес пе?

Ал шатастырушылық неде болып отыр? Ол мынада: Струве өкіметтің сауығуына «оптимистік түрде» сеніп отыр, бірақ өзі өкімет «күйзелістерден» сабақ жасамай отыр, осынысымен бұл күйзелістердің болуын сөзсіз етіп отыр дейді. Струве мырзаның ойынша, бұдан құтылудың жолы не «талас-тартыс», не өкіметттің сауы-

ғуы. Ал бірінші жолға Струвенің «пәрменді түрде ұмтылғысы» да келмейді, оны тіпті «тілегісі» де келмейді.

Шындығында, Струведе шатасушылық бар, бірақ *ол* шатасушылық толығымен және түгелімен *Милюковта да* бар. Өйткені кадеттер партиясы,— оның көсемі Милюков та,— сол сияқты бірінші жолды «тілей де алмайды», «оған пәрменді түрде ұмтыла» да алмайды.

Мұны олардың сөздері емес (саясатта кімде-кім адамдар мен партиялар туралы олардың сөздеріне қарай пайымдаса, ол ақымақ), *істері* дәлелдейді, яғни кадеттер партиясының 1905 жылдан 1914 жылға дейінгі артық-кемі жоқ тұтас он жылдағы *бүкіл тарихы* дәлелдейді.

Конституциялық-демократиялық партия Пуришкевичтерге тәуелді болғаннан гөрі жұмысшылар жағына (әрине, программа-минимум мәселелерінде) шығудан көбірек қорқады.

Мұның өзі бүкіл партияға, бүкіл кадеттік және октябристік буржуазияға қатысты, ал осыдан келіп жалғыз Струвеге қарсы кінә тағуға әрекеттенгенде Милюков тіпті мазақ болады.

Прогресті тілейтін буржуазияның жұмысшылар жағына шығу керек пе немесе Пуришкевичтерге тәуелді болу керек пе дегеннің арасында ауытқып жүргенін бізге тарих тәжірибесі барлық елдерде көрсетіп отыр. Барлық елдерде буржуазия саясатшыларының екі типі байқалып отыр — және ел неғұрлым цивилизациялы, неғұрлым еркінірек болса, бұл соғұрлым күштірек байқалып отыр. Бір тип ашықтан-ашық дінге, Пуришкевичтерге, демократиямен тікелей күреске тартады және бұған тартылуын дәйекті-теориялық түрде негіздеуге тырысады. Екінші тип демократиямен *ымдасу* арқылы нақ осы тартылудың өзін *бүркемелеуге* маманданады.

Енді Милюковтар барлық жерде де бар, сондықтан жұмысшыларға «түлкі бұлаңды» бірден ажырата білу қажет.

«Путь Правды» № 25,
1 март, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің текстi бойынша басылып отыр

«ЕҢБЕКШІ» ШАРУАЛАР ЖӘНЕ ЖЕРМЕН САУДА ЖАСАУ

Солшыл халықшылдардың «еңбекші» шаруалар туралы әңгімелерінің барын тұрған сұрқиялық алдау және жұмысшылардың *социалистік* санасын аздыру екені соншалықты айқын, сондықтан осы алдауды талдап көрсетуге қайта-қайта тоқтау қажет.

Біздің солшыл халықшылдар жалпылама бос сөздер мен майы тамған әңгімелерді неғұрлым мол төгілтсе, оларға шаруалар шаруашылығы туралы дәлме-дәл деректерді қарама-қарсы қою соғұрлым маңыздырақ.

Солшыл халықшылдың ең қатты қорқатыны — шаруа буржуазиясы мен шаруа пролетариаты туралы *дәлме-дәл* деректер.

Москва маңындағы шаруалар туралы соңғы земстволық-статистикалық еңбектің деректерін алайық[121]. Бау-бақша мен огород шаруашылығының өте-мөте көп дамуының нәтижесінде мұнда ауыл шаруашылығы, біршама, өте күшті дәрежеде саудалық сипат алды. Рыноктың үстем болуы жағынан алғанда неғұрлым дамыған өлкенің мысалы бізге капитализм үстемдігі тұсындағы *қандай да болсын* шаруалар шаруашылығының *негізгі* белгілерін соғұрлым айқын көрсетеді.

Москва маңындағы шаруалар шаруашылығының бірінші ауданы (біз жалғыз бірінші ауданды аламыз, өйткені статистиктер, өкінішке қарай, жалпы қорытындылар берген жоқ) *2 мыңнан астам* шаруалар шаруашылығын қамтиды. Бұл сан «еңбекші» шаруалар ішіндегі пролетариат пен буржуазияның арасындағы типтік

қатынастарды зерттеу үшін жеткілікті дәрежеде көп сан.

Бір қызығы, мұнда капиталистік егіншілік дағдылы жерде, шаруашылықтың мөлшері тым ұсақ болып отырған жағдайда, қалыптасып отыр. Шаруалардың 2336 шаруашылығында 4253 десятина үлесті жер бар — орта есеппен әр шаруашылыққа 2 десятинадан кемірек келеді. Бұған арендаға алынған 1761 десятина жерді қосып, арендаға берілген 625 десятина жерді шығарып тастағанда 5389 десятина болады — бір шаруашылыққа екі десятинадан сәл көбірек келеді. Сөйте тұрса да шаруалардың үштен екісінде жалдама жұмысшылар бар!

Егіншілік техникасының дәрежесі неғұрлым жоғары болса, шаруашылық неғұрлым интенсивті болса, рыноктың ықпалы неғұрлым күштірек болса, жердің *ұсақ* учаскелерінде *ірі* өндіріс соғұрлым жиі кездеседі. Буржуазиялық профессорлар мен біздің солшыл халықшылдар ұсақ (жерінің мөлшері жағынан) шаруашылықтарға масаттана және жұмысшылар жалдайтын қазіргі замангы ұсақ шаруашылықтардың капиталистік сипатын *көмескілей отырып,* мұны үнемі ұмыт қалдырып жүр.

Үлесті жерден болатын сауда айналымын қарап көрейік. Арендаға жер алу және жер беру цифрларынан бұл сауда айналымының айтарлықтай елеулі екендігі көрініп отыр. Арендаға алынатын жердің жартысына жуығы *үлесті* жерге жатады. *Үлесті* жердің не бары 625 десятинасы арендаға беріледі, ал 845 десятина арендаға алынады. Өзінің бүкіл сипатына қарағанда крепостниктік тәртіппен және орта ғасырлықпен байланысты болып отырған ескі үлесті жер иелігі қазіргі замангы сауда айналымы мен капиталистік айналымға *кедергі* бола бастағаны айқын. Капитализм ескі үлесті жер иелігін *қиратуда.* Шаруашылық *қазыналық* үлеске бейімделмей, қайта рынок талабына, буржуазиялық экономикалық укладтың талабына сай келетін жермен *еркін* сауда айналымын жасауды, жердің арендаға еркін алынып және еркін берілуін талап етеді.

Шаруа пролетариатын алайық. Бұған ең алдымен жерсіз және шаруашылығында жарты десятинаға дейін жері бар 405 үйді (2336 үйден) жатқызу керек. Бұл 405

үйдің 437 десятина үлесті жері бар. Бірақ бұлар — кедейлер, бәрінде дерлік ат жоқ. Олардың шаруашылық жүргізуге шамасы келмейді. Міне, сондықтан олар 372 десятина жерді, өз жерінің көпшілігін — арендаға береді, ал өздері жалдама жұмысшыларға айналады: 405 үйден 376 үй не село жұмысшыларын, не егіншіліктен қол үзетін өнеркәсіп жұмысшыларын «жіберіп отырады».

Ең бай шаруа буржуазиясын алайық. 526 үйдің шаруашылығында 3 десятинадан астам жері бар: мұның өзі енді бау-бақша және огород шаруашылығы бар капиталистік егіншілік. 526 қожайыннан 509 қожайын жұмысшылар жалдайды. Оларда істейтін күндікшілерді (51 мың күндікші жұмыс күнін) есептемегеннің өзінде, 1706 семьялы жұмысшыға 1248 жалдама (жылдық және мерзімді) жұмысшы келеді.

Олардың 1540 десятина жері бар. Үй басына 3 десятинадан кемірек үлесті жер келеді. Бірақ олар арендаға не бары 42 десятина жер береді, ал арендаға 1102 десятина жер алады, оның 512 десятинасы үлесті жер! Жерді осылай «жинай» отырып, әр шаруашылықта *үш семьялы жұмысшысы* бар осы «еңбекші» шаруалар кәдуілгі буржуаға айналады: әр шаруашылыққа орта есеппен 2 жарым *жалдама* жұмысшы және жүзге тарта жалдама күндік жұмыс күні келеді. Жер *өнімдерін* сатып алу-сату ісі *жердің өзін* сатып алу-сатудың (арендаға алу және арендаға беру) дамуына, ал одан кейін, *жұмысшы күшін* сатып алу-сату ісіне де әкеп соғады.

Енді солшыл халықшылдардың: жерге жеке меншікті жою — сауда айналымынан «жерді шығарып тастау» болады-мыс дейтін дәлеліне ой жіберіп көріңіздерші! Бұл — нағыз мещандық ертегі. Іс жүзінде дәл осының керісінше: жерге жеке меншікті жою жерді сауда айналымына тарту ісін өте зор мөлшерде *күшейте түскен* болар еді. Қазір жер сатып алуға жұмсалып отырған капиталдар босаған болар еді, жерді қолдан-қолға еркін өткізудің крепостниктік және бюрократтық (чиновниктік) кедергілері жойылар еді,— капитализм, яғни пролетариаттың жерді өткізуі, буржуазияның жерді «жинауы» бұрынғыдан да күштірек дамыған болар еді.

Солшыл халықшылдар крепостниктерге қарсы күрес тұрғысынан пайдалы шараны «социализм» деп көрсетеді, ал іс жүзінде бұл — буржуазиялық шара. Шаруа пролетариатында да, шаруа буржуасында да помещиктерге қарсы *ортақ* мүдделер бар, бұл даусыз. Мұны әрбір жұмысшы-марксист біледі, бірақ пролетариат пен буржуазия арасындағы таптық қарама-қарсылықты түсінушілікті «еңбекші» шаруалар туралы мылжыңдау арқылы *көмескілеу* — буржуазия жағына өту деген сөз, социализм жаулары жағына шығу деген сөз.

Москва маңындағы шаруашылық бізге — үлкейткіш шыныныц көрсеткеніндей — Россияның *барлық жерінде* неғұрлым әлсіз және анықтау онша оңай емес формада не болып жатқанын көрсетеді. Өзі жалданбайтын немесе жалдамайтын («қызметкер» жалдамайтын) шаруа барлық жерде сирек ұшырайтын болып отыр. Әрбір күн, тіпті шалғай түкпірлерде де, сауданың барған сайын дами түсуін, пролетарлар (жалдама жұмысшылар) мен қожайынсымақтардың, ұсақ буржуаның, шаруалардың арасындағы тұңғиықтың барған сайын тереңдей түсуін тудырып отыр.

Қала пролетарының міндеті — деревняда егіншіліктің ерекшеліктерімен және крепостниктік тәртіптің қалдықтарымен *бүркемеленген* осы таптық қарама-қарсылықты ашық түсінуді өрістете беру. Буржуазияның міндеті — «еңбекші» шаруалар туралы бос, мағынасыз және барынша-жалған құрғақ сөздер арқылы осы таптық қарама-қарсылықты түсінушілікті *қиындата түсу*, ал ұсақ буржуазияшыл солшыл халықшылдар түсінбеушілікпен солардың соңынан салпақтап еріп келеді.

«Путь Правды» № 26,
2 март, 1914 ж.
Қол қойған: В. И.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ЛИБЕРАЛДАРДЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Соңғы кезде, В. Маклаковтың Думада сөйлеген сөздеріне байланысты және оның кадеттер мен октябристердің тактикасын біріктірудің «жаңа» жоспарын жақтаған газет бетіндегі материалдарына байланысты либерализмнің жандануы туралы аз айтылган жоқ. Москвада болған Земство банкеті де бұл лақаптарды күшейте түсті.

Мұнда *тіпті* ең баяу және октябризмге бүйрегі бұратын либерал В. Маклаковтың «революциялық дүмпулер мен апаттарсыз тұйықтан шығудың жолын табу мүмкіндігіне сенімін» жоғалтқандығы ерекше баса көрсетіледі, мұны атап өту керек. Либералдардың басты органы «Речьте» Шингарев мырза дәл осылай деп жазды, ол Милюков мырзамен бірігіп «оңшыл» кадеттерді, В. Маклаков пен П. Струвені *«сол жақтан»* сынапты*мыс*.

Бірақ кадеттердің өзара таластары — масқара ұсақ. Олар: октябристерге оппозицияға көшіңдер деген ұсыныс жаңа ма әлде жаңа емес пе, жүз рет жасалған және ешқандай нәтиже бермеген осы ұсынысты жүз бірінші рет қайталауға тұра ма дегендер жайында таласты. Россияны азат ету ісін октябристердің ауытқуынан сәл ғана азырақ тежейтін либералдардың жалпы және негізгі *қамқорлығы* осы мүлде мазмұнсыз таластардың айқай-шуы тасасында елеусіз дерлік түрде жүріп жатыр. Сіздер әлі октябристермен және октябристер туралы таласып отырсыздар, либерал мырзалар! Алайда, өздеріңізге де қарап көріңіздерші.

Міне, сіздердің алдарыңызда «Речь» газеті 1914 жылға арнап «Әржылдық» деген атпен шығарған кішкене саяси энциклопедия жатыр. Бұған ең көрнекті және неғұрлым жауапты деген кадеттер, партияның Милюков пен Шингарев мырзалар бастаған жұрт таныған көсемдері, қатысқан. «Біздің қоғамдық өмірімізге» шолудан (Изгоев мырзанікі) Россияның ішкі саясатының түбегейлі мәселелеріне берілген төмендегідей принципті бағаны оқимыз:

«Әкімшілік өзінің шамадан тыс ынта көрсетуі арқылы қоғамның өз ішіндегі антиреволюциялық күштерді тек әлсіретеді».

Кадет мырзалар, сіздердің өз басылымдарыңызда нағыз барып тұрған октябризм уағыздалып отырғанда, октябристерге қыр көрсетіп, қаһар төгулерің күлкі келтірмей ме екен?

Әкімшіліктің ағарту мекемелерімен «үмітсіз және ақылға сыйымсыз» күресінің нәтижесінде — деп жазады Изгоев мырза — былай болып шығады:

«елімізге шынымен қауіп төндіруші идеяларға қарсы рухани ем жасап отырған таза қоғамдық (!) тіршілік әрекетін әлсіретуге әкеп соғатын өмір бұрмаланады».

Ал мұның өзі тек октябристік әуен ғана емес, бұл, шынында, прокурорлық, щегловитовтық әуен. Сөйтіп, осы «елге қауіп төндіруші идеялардың» қандай екенін көрнекті түрде түсіндіргісі келгендей, біздің либерал былай дейді:

«Жұмысшы жиналыстары мен одақтарда жұмысшы қозғалысының неғұрлым байсалды және мәдениетті көсемдерінен (!?) большевиктердің неліктен басым түсетіндігі түсінікті (әкімшіліктің шолақ ойлап өмірді бұрмалауы тұрғысынан қарағанда түсінікті)».

Либералдар жойымпаздар берген осы саяси бағаны беріп және оны сансыз көп қайталап отыр. Іс жүзінде біз бұл арада либералдар мен жойымпаздардың саяси одағынан басқа еш нәрсе көріп отырғанымыз жоқ. Жо-

йымпаздар астыртын ұйымнап сырт айналып, ашық партияны уағыздағанда, олар жұмысшылар ортасында либералдарға керекті нәрсенің өзін, нақ соның өзін жүзеге асырып отыр.

«Путь Правды» № 29,
6 март, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

КӘСІПТІК ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ ХАЛЫҚШЫЛДАР МЕН ЖОЙЫМПАЗДАР

(БАҒАЛЫ МОЙЫНДАУЛАР)

Солшыл халықшылдық газеттің соңғы номерлерінде біздің (правдистердің) «фракцияшылдығымыз» жөніндегі шағымдармен қатар, бірнеше халықшылдың кәсіптік қозғалыс туралы маңызды мәселеде өздерінің көзқарастары жойымпаздардың көзқарастарымен дәл келетіндігі жөнінде бағалы мойындауларын табамыз. Біз әрқашан да осылай деп келгенбіз. Бірақ мойындауды қарсыластардың өз аузынан есту тіпті жақсы.

— «Бұл мәселе жөнінде бізде большевиктермен арада тым үлкен алшақтық бар, өйткені олар одаққа өздерінің вотчинасы (!) сияқты қарайды... Ал «меньшевиктердің» (неге екені белгісіз, халықшылдар «жойымпаздар» деудің орнына «меньшевиктер» дейді) одаққа фракциядан тыс ұйым деп қарайтын көзқарасы біздің (халықшылдық) көзқарасымызбен барабар. Өткен жұмыста меньшевиктермен біздің жақсы қарым-қатынаста болғанымыз, мүмкін, осымен түсіндірілетін шығар». «Верная Мысль» 6-номерінде осылай деп жазды.

«Үнемі солшыл халықшылдардың қолында болған одақтардың басқармалары ұстаған бағыттың жойымпаздық одақтар деп аталатындар ұстаған бағыттан ешқандай айырмашылығы болған жоқ»,— деп қоса түсті нақ әлгі солшыл халықшылдық газет.

Сирек кездесетін ашық және бағалы мойындаулар! Біздің «сұмдық солшыл» халықшылдар, олардың өз мойындауы бойынша, кәсіптік қозғалыста өздерін дәл жойымпаздар сияқты ұстап жүр екен.

Жойымпаздардың марксистерге қарсы халықшылдармен жасасып жүрген блоктары (одақтары, келісімдері) осыдан келіп шығады, мұны біздің баспасөз талай рет атап көрсетті.

Халықшылдық «Стойкая Мысль» солшыл халықшылдардың марксистерге қарсы жойымпаздармен жасасып жүрген бұл блоктарын тіпті ашықтан-ашық қорғап отыр.

— Қазір кәсіптік ұйымдарда правдистер басым болып отырған кезеңде... халықшылдардың лучистермен уақытша келісім жасасып отырғанында қорқынышты да, таңдапатын да ештеңе жоқ — «Стойкая Мысль» 2-номерінде осылай деп жазады*.

Жойымпаздар онша ашық емес. Олар «мұны» істеп отырғанын біледі, бірақ «ол» туралы айтпайды. Өздерін социал-демократтар деп атау, сөйте тұра социал-демократияға қарсы бөтен партиямен одақ жасасу — мұндай «тактиканы» жымысқылап қана жүргізуге болады.

Бірақ бұдан істің жайы өзгермейді. Кәсіптік қозғалыста (ағарту қоғамдарында да) жойымпаздардың халықшылдармен одақтасуы *факт*. Және істің қазіргі жағдайында бұл болмай қоймайтын нәрсе. Жойымпаздар мен халықшылдарды жұмыстың барлық саласында дәйекті марксизмге дұшпандық көзқараста болу біріктіріп отыр. Ал одақ жөніндегі жұмыста оларды біріктіріп отырған нәрсе — бұлардың екеуінің де *«әлсіздік* бейтараптықтың», *«еріксіз* бейтараптықтың» өкілдері екендігі. Жойымпаздардың да, халықшылдардың да кәсіптік қозғалыста елеулі ықпалы жоқ. Әлсіз азшылық ретінде, олар марксистермен «тең» болуға ұмтылады. Мұндай талапты «теория жүзінде» қорғау бейтараптық көзқарас тұрғысынан ғана мүмкін. Жұмысшы қозғалысындағы барлық ықпалы нашар топтардың «бейтараптығы» осыдан келіп туады.

---

* Мақаланың авторы Борис Воронов мырза: бір одақ басқармасының мәжілістерінде «правдистік баспасөзге көмек көрсету мәселелері, техникалық редакциялық мәселелер (тілшілер бөлімін қайткенде жақсы жабдықтау, т. т.) талқыланып отырғанын» ақылға қонбастық «фракцияшылдық» деп көзі шарасынан шыға әңгіме етеді. О, сұмдық! Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың $9/10$ бөлігін біріктіріп отырған газетке корреспонденциялармен, тағы басқалармен көмектесу — қандай қылмыс! Ал осыдан кейін халықшылдар жойымпаздардың құшағына қалайша кірмесін...

Халықшылдар: *«правдистердің шамадан тыс талаптарынан жұмысшы ұйымдарының фракциядан тыс болуын қорғау негізінде ғана»* біздер жойымпаздармен қосылып отырмыз дейді («Стойкая Мысль» №№ 2 және 4).

Ал правдистердің бұл «талаптары» неде? Олар басқаша саяси көзқарастағы жұмысшыларға қандай да болсын одақтың немесе қоғамның есігін жапты ма? Олар одақтардың қайсы біреуіне «айдар» тақты ма? Олар белгілі бір ұйымды жікке бөліп, ажыратты ма? Әсте де ондай болған жоқ! Біздің қарсыластарымыз бірде-бір *факт* келтірген жоқ, келтіре де алмайды. Правдистердің «шамадан тыс талаптары» деп олар мынаны атайды: правдистер халықшылдар мен жойымпаздардың ұсақ буржуазиялық саясатына қосылғысы келмейді, ал *бірыңғай одақтың ішінде*, жұмысшылардың көпшілігіне адалдықпен бағына отырып, өздерінің маркстік идеяларының ықпалы үшін күреседі.

Бізге таңып отырған кінәлары жөнінде біз ешқашан да айыпты болған емеспіз. Оған нақ халықшылдар мен жойымпаздар айыпты. Фактілер міне ки. Бұдан бірнеше жыл бұрын темір жолшылар одағында халықшылдар басым болды. Мұның бұлай болған себебі,— олар жұмысшыларға емес, темір жол қызметшілеріне сүйенді және кейбір басқа да кездейсоқ себептерден болды. Сонда халықшылдар не істеді? Олар дереу осы одаққа «айдар тақты», оны өзінің ерекше «платформасын» қабылдауға мәжбүр етті, социал-демократтар мен партияда жоқтарды ығыстырып шығарып, оларды өзіндік қосарлас одақ құруға мәжбүр етті.

Міне, бұл нағыз «шамадан тыс талап» болды. Бірінші кездейсоқ жеңісті айдар тагумен баянды етуге асықты. Егер халықшылдар басқа одақтарда мұны жасамай отырса, оның себебі олардың аса ізгі жандар болуынан емес, мұның себебі, қайта, олардың жұмысшылар арасындағы ықпалының барлық жерде де *тым нашар* болуынан.

Дәл мұның жойымпаздарға да қатысы бар. Металлистер одағы олардың қолында болған кезде, олар оны жойымпаздардың филиал бөлімшесіне айналдырды. Одақ

мүшелерінің бірде-бір жалпы жиналысы жойымпаздық бағытты ешбір мақұлдамаса да, одақтың органында астыртын ұйымға қарсы қыр көрсеткен мақалалар басылып отырды (қараңыз: «Наш Путь» № 20, 2-бет, «Металлист» № 3, т. б.[122]).

Шын фактілер осындай. Правдистердің «шамадан тыс талаптары» деп правдистердің істі көпшілік дауыспен жұмысшылардың өздері шешуін талап етуін айтады. Егер металлистердің жалпы жиналысында 3000 адам правдистерді жақтап шығып, ал халықшылдармен қоса жойымпаздарды бірер жүз адам жақтаса, бейне «фракциядан тыс» болу үшін біз 3000 мен 200 арасындағы теңдікті мойындауга тиіспіз! Жойымпаздық-халықшылдық «фракциядан тыс» болудың мағынасы осындай.

Біз бейтараптықты жақтамаймыз, біз оның қарсыластарымыз. Бірақ біз қайсыбір одақта кездейсоқ көпшілік болған халықшылдар мен жойымпаздардың істегеніндей істемейміз де. Дәрменсіз, принципсіз топтар ғана бірінші «жеңісте-ақ» осылай есі кетіп, өзінің жеңісін бар-жоғы он шақты көпшілік дауыспен «баянды етуге» асығады. Реті келген жағдайды пайдаланып қалу үшін «тыпыршып, тағатсызданып», өзінің «принциптерін» асыға-үсіге қайта қарайды, өзінің бейтараптығын ұмытады да, айдар тағады. Марксистер бұлай істемейді. Марксистер жұмысшы қозғалысындағы кездейсоқ қонақтар емес. Олар ерте ме, кеш пе одақтардың бәрі маркстік көзқараста болатындығын біледі. Олар өз идеяларына болашақтың негізделетініне кәміл сенеді, сондықтан да олар оқиғаларды жеделдетпейді, одақтарды қамшылап асықтырмайды, айдарсымақтар тақпайды, одақтарды жікке бөлмейді.

Олар өздерінің маркстік насихатын байсалды, сенімді түрде жүргізе береді. Олар жұмысшыларды шыдамдылықпен, өмір сабақтары үстінде марксизмге үйретеді. Сондықтан принципсіз топтардың өзара келісімдерінің қандайы да оларды бұл жолдан тайдыра алмайды.

Қазіргі жойымпаздардың одақтардың партиялылығын және партия ішінде олардың ұйымдық өкілдігі болуын талап еткен кезі болған. Халықшылдардың темір

жол одағын өзінің программасына ресми түрде бас июге мәжбүр еткен кезі болған. Енді бұлардың екеуі де басқа жаққа тайқып шығып, бейтараптықты қорғап отыр. Бұған оларды өз позицияларының саяси әлсіздігі еріксіз мәжбүр етіп отыр.

Біз өзіміздің әлдеқашан жарияланған және маркстік тұтастық қорғап отырған байырғы жолымызбен жүре береміз. Жойымпаздардың халықшылдармен одақтасуға толық правосы бар. Бірақ бұл одақ — принципсіздік пен әлсіздік одағы. Одақтарға жойымпаздық-халықшылдық блок ұсынып отырған жол алдыңғы қатарлы жұмысшылардың жүретін жолы емес.

«Путь Правды» № 30,
7 март, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

МҮЛӘЙІМ ТІЛЕКТЕР

Жақында либералдық газеттерде К. Арсеньевтің әкімшілік жер аударулар жөнінде мәліметтер жинауға көбірек көңіл аудару керек деген үндеуі басылды және ол тілектестік сыңайда қайталанып баяндалды.

«Газеттерде жарияланып жүрген әкімшілік заңсыздық пен зорлық көріністері қаншалықты көп болғанымен,— деп жазды К. Арсеньев,— көптеген өзге, өрескел қиянаттылығы одан кем соқпайтын заңсыздықтар мен зорлықтар аталмай, елеусіз өтіп жатады. Егер тиісті мәліметтерді жинауға біраз жүйе енгізілген болса, бұл кемшіліктің орны едәуір дәрежеде толықтырылған болар еді. Осы уақытқа дейін, әсіресе жұмысшылар арасында, аса кеңінен қолданылып жүрген әкімшілік жер аудару мен тұтқынға алу себептері кездейсоқ қана белгілі болады, сондықтан да толық белгілі болмай шығады. Жер аударылғандардың айдау орындарындағы жағдайлары туралы хабар да баспасөз бетіне кездейсоқ өтіп жүр».

Дұрысын дұрыс деу керек! Либералдық партияларға, Думаның либерал мүшелеріне, либерал адвокаттарға, либерал журналистерге, либералдардың жеке топтарына, т. т. «әсіресе жұмысшылар арасында аса кеңінен қолданылып жүргендердің» *әрбір* жағдайы жөнінде қол жететін мөлшерде де, ондайдан тыс мөлшерде де өте-мөте толық және жүйелі материал жинап, оны жариялап отыру әбден мүмкін болар еді.

Міне, мәселен, «Речь» газеті «құрметті қоғам қайраткері» К. Арсеньевтің «осы кеңесі мен үндеуінің бәрін қызу құттықтады».

Немене кедергі болды, мырзалар? Басқанікі басқа, ал сіздер бәріңіз ашынып отырған, сіздер бәріңіз айыптап отырған, сіздер бәріңіз әңгіме етіп отырған Россия өмірінің «тұрмыстық көрінісі» туралы мәліметтерді дұрыс жинау және жариялау ісін ұйымдастыруға мүмкіндік пен қаржы сіздерде баршылық қой! Ал қарап көріңіздерші: әр алуан кедергі, кеселден 1000 рет неғұрлым «қамтамасыз етілген» (барлық мағынада) либералдық газеттің бірде-біреуінде *барлық* жер аудару мен тұтқынға алу туралы дәлме-дәл мәліметтер жиналмайды.

Мынаны айтуға тура келеді: мүләйім ізгі тілектерге келгенде біздің либералдар шебер-ақ, ал сол арсеньевтік «Вестник Европыда», сол «Русские Ведомостиде» немесе «Речьте» барлық жер аударылғандардың есімдерін, олар туралы мәліметтерді, олардың тағдыры туралы жүйелі деректерді басуға келгенде,— бұлай істемейді.

Үндеулерді *орындау* үшін бірдемелер *істеуден* гөрі үндеулерді сөз жүзінде «қолдау», сірә, оңай (және қауіпсіздеу) болса керек...

«Путь Правды» № 32, 9 март, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛ ПРОФЕССОР ТЕҢДІК ТУРАЛЫ

Либерал профессор Туган-Барановский мырза социализмге қарсы жорыққа аттанды. Бұл жолы ол мәселеге саяси-экономикалық жағынан емес, қайта теңдік туралы жалпы пайымдаулар тұрғысынан келіп отыр (бәлкім, бұл жалпы пайымдаулар профессорға өзі айтып келген діни-философиялық әңгімелері үшін неғұрлым қолайлы көрінген шығар?).

«Егер социализмді,— деп жариялады Туган мырза,— экономикалық теория ретінде алмай, өмірлік мұрат ретінде алатын болсақ, онда ол күмәнсыз теңдік мұратымен байланысты, бірақ теңдік дегеніміз — тәжірибе мен парасаттан шығарылмайтын... түсінік».

Тәжірибе мен парасат адамдардың тең *емес* екенін анық дәлелдейді, ал социализм өз мұратын теңдікке негіздейді-міс дейтін барынша жауыр болып, тозығы жеткен дәлелдерді қайталайтын либерал ғалымның пайымдауы, міне, осындай. Демек, социализм, байқасаңыз, қисынсыздық, тәжірибе мен парасатқа және тағысын тағыларға қайшы келеді екен!

Туган мырза реакционерлердің ескі тәсілін қайталайды: социализмге қисынсыздықты таңып, алдымен оны бұрмалау керек, ал одан соң қисынсыздықтарды жеңімпаздықпен жоққа шығару керек! Тәжірибе мен парасат адамдардың тең *емес* екенін дәлелдейді дегенде, теңдік деп адамдардың *қабілеттерінің* теңдігін немесе дене күштері мен рухани қабілеттіліктерінің *бірдейлігін* түсінеді.

Бұл мағынада алғанда адамдардың тең *емес* екендігі өзінен-өзі түсінікті. Бірде-бір парасатты адам және бірде-бір социалист мұны ұмытпайды. Тек *мұндай* теңдіктің социализмге *ешқандай* қатысы жоқ. Егер Туган мырза мүлде *ойлай* білмейтін болса, онда ол ең болмағанда оқи *біледі* ғой, сондықтан ол ғылыми социализмнің негізін салушылардың бірі, Фридрих Энгельстің, Дюрингке қарсы жазған белгілі шығармасын алып қараса, Туган мырза одан — экономикалық салада теңдік деп *таптарды жоюдан* басқа нәрсені түсіну ақымақтық болар еді деген арнайы түсіндірмесін оқыған болар еді. Бірақ, профессор мырзалар социализмді жоққа шығаруға кіріскен кезде,—олардың топастығына немесе надандығына немесе арсыздығына ма — не нәрсеге көбірек таңданарыңды білмейсің.

Туган мырзамен байланысқан екенсің, енді әліптен бастауға тура келеді.

Социал-демократтар саяси салада теңдік деп *тең правомылықты* түсінеді, ал экономикалық салада, жоғарыда айтқанымыздай, *таптарды жоюды* түсінеді. Ал күштер мен қабілеттердің тең болуы (дене және рухани) мағынасында айтқанда адам теңдігін орнату туралы социалистер ойлаған да емес.

Тең правомылық — мемлекеттің белгілі бір жасқа келген және дағдылы да, либералдық-профессорлық та жарымес емес *барлық* азаматтарына бірдей саяси праволарды талап ету. Бұл талапты бірінші рет әсте де социалистер емес, пролетариат емес, қайта *буржуазия* қойды. Дүние жүзіндегі барлық елдердің жалпыға мәлім тарихи тәжірибесі мұны дәлелдейді, ал егер Туган мырза «тәжірибеге» студенттер мен жұмысшыларды тек қана ақымақ ету мақсатымен, қолында билік барларға социализмді «жою» арқылы жағыну мақсатымен сүйенбесе, онда ол мұны оңай білген болар еді.

Буржуазия орта ғасырлық, феодалдық, крепостниктік, сословиелік пұрсаттылықтарға қарсы күресте барлық азаматтар праволарының *тең* болу талабын қойды. Россияның, мәселен, Америкадан, Швейцариядан және т. с. өзгешелігі — мұнда қазірдің өзінде дворяндар сословиесінің пұрсаттылық жағдайлары бүкіл саяси өмір-

де де, Мемлекеттік совет сайлауында да, Дума сайлауында да, жергілікті басқармада да, салықтар жөнінде де және көптеген тағы-тағыларда да сақталып отыр.

«Алым-салық төлеуші», «қара халық», «төменгі» немесе «пұрсаттылығы жоқ» шаруалар сословиесіне жататын адамдардың да өзара тең *еместігі* сияқты, дворяндар сословиесіне жататын жеке адамдардың өздерінің дене және рухани қабілеті жағынан тең *емес* екендігін тіпті ең аңқау және надан адам да түсіне алады. Бірақ өздерінің *праволары* жағынан барлық дворяндар тең, ал барлық шаруалар өздерінің правосыздығы жағынан тең.

Тең праволылық мағынасындағы теңдік пен күштің, қабілеттіліктің теңдігі мағынасындағы теңдік арасындағы айырмашылықты ғалым және либерал профессор Туган мырза енді түсіне ме екен?

Енді экономикалық мағынадағы теңдікке көшейік. Америка Құрама Штаттарында, басқа да алдыңғы қатарлы мемлекеттердегі сияқты, орта ғасырлық пұрсаттылықтар жоқ. Саяси праволар мағынасында барлық азаматтар тең. Бірақ *қоғамдық өндірістегі жағдайы бойынша* олар тең бе?

— Жоқ, Туган мырза, тең емес. Біреулері жерге, фабрикаларға, капиталдарға ие болып, жұмысшылардың ақысы төленбеген еңбегінің есебінен өмір сүреді;— мұндайлар болмашы азшылық. Екіншілерінің, атап айтқанда халықтың орасан көп бұқарасының, ешқандай өндіріс құрал-жабдықтары жоқ және тек өз жұмыс күшін сату арқылы ғана өмір сүреді; бұл — пролетарлар.

Америка Құрама Штаттарында дворяндар жоқ, ал буржуа мен пролетарлардың *тең* саяси праволары бар. Бірақ олар өздерінің *таптық* жағдайы жағынан тең *емес:* біреулері, капиталистер табы, өндіріс құрал-жабдықтарына ие болып, жұмысшылардың ақысы төленбеген еңбегінің есебінен өмір сүреді; екіншілерінің, жалдама жұмысшылар, пролетарлар табының, өндіріс құрал-жабдықтары жоқ және рынокта өз жұмыс күшін сату арқылы өмір сүреді.

Таптарды жою — бүкіл қоғамның *өндіріс құрал-жабдықтары* жөнінде *барлық* азаматтарды *бірдей* жағдайға қою деген сөз, мұның өзі — қоғамдық өндіріс құрал-

жабдықтарын пайдаланып жұмыс істеуге, қоғамдық жерде, қоғамдық фабрикаларда, тағы сондайларда жұмыс істеуге барлық азаматтардың *бірдей* еркі бар деген сөз.

Социализмнің не екенін бұлайша түсіндіру ғалым либерал профессор Туган мырзаның көзін ашу үшін қажет болды, социалистік қоғамда адамдардың күштері мен қабілетінің *тең болуын* күтудің қисынсыз екендігін, мүмкін, ол енді зорлана-зорлана түсінер.

Қысқаша айтқанда: социалистер теңдік туралы сөз қозғағанда, олар теңдік деп әсте де жеке адамдардың дене және рухани қабілеттерінің теңдігін емес, әрқашан *қоғамдық* теңдікті, қоғамдық жағдайдың теңдігін түсінеді.

Бәлкім, оқушы таңданып: социализм көзқарастары баяндалатын кез келген деректерден әркімге белгілі мұндай ап-айқын ақиқатты ғалым либерал профессор қалайша ұмытқан?— деп сұрар. Мұның жауабы оңай: қазіргі профессорлардың *жеке бастарының* ерекшеліктері сондай—олардың арасынан тіпті Туган сияқты сирек кездесетін топас адамдарды да ұшыратуға болады. Бірақ буржуазиялық қоғамда профессорлардың *қоғамдық* дәрежесі сондай — бұл лауазымға ғылымды капитал мүдделеріне қызмет етуге сататын адамдарды ғана, социалистерге қарсы ең барып тұрған сандырақтарды айтуға, ең арсыз жөнсіздіктер мен түкке тұрғысыз сөздерді айтуға келісетін адамдарды ғана жібереді. Профессорлар социализмді «жою» жұмысымен шұғылданса болғаны, буржуазия олардың мұнысының бәрін кешіре береді.

«Путь Правды» № 33,
11 март, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің текстi бойынша басылып отыр

АҒЫЛШЫН ЛИБЕРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ИРЛАНДИЯ

Қазір Ирландия *гомрулі* (өзін өзі басқару немесе, дұрысырағы, Ирландияға автономия беру) туралы заң жобасына байланысты ағылшын парламентінде болып жатқан жағдай таптық қатынастар тұрғысынан да, ұлттық және аграрлық мәселелерді анықтау тұрғысынан да өте-мөте көңіл бөлерлік мәселе болып табылады.

Англия Ирландияны ғасырлар бойы езіп-жаншып келді, ирланд шаруаларын аштықтың адам айтқысыз азаптарына, аштан өлуге дейін жеткізді, оларды жерлерінен қуып, жүз мыңдап, миллиондап отанын тастап кетуге, сөйтіп Америкаға қоныс аударуға мәжбүр етті. XIX ғасырдың басында Ирландияда $5^1/_2$ миллион халық болған болса, қазір тек $4^1/_3$ миллион ғана халық бар. Ирландия адамсыз қаңырап қалды. XIX ғасырдың ішінде 5 миллионнан астам ирландықтар Америкаға қоныс аударды, сөйтіп қазір Құрама Штаттарда ирландықтар Ирландиядағыдан *көп!*

Ирланд шаруаларының адам айтқысыз бақытсыздыққа ұшырауы және азап шегуі — «үстем» ұлттың помещиктері мен либерал буржуасының қандай шекке дейін баратындығын көрсететін сабақ боларлық үлгісымақтарының бірі. Англия өзінің «тамаша» экономикалық дамуына, өзінің өнеркәсібі мен саудасының «гүлденуіне» ирланд шаруалары жөнінде соншалық озбырлық жасау арқылы жетті, мұнысы орыстың крепостник барынясы Салтычиханы еске түсіреді.

Англия «гүлдене түсті», ал Ирландия өлімші, мешеу, жартылай жабайы, таза егіншілік ел болып, қайыршы

арендалаушы-шаруалар елі болып қала берді. Бірақ Англияның «көзі ашық және либерал» буржуазиясы Ирландияның езіліп-жаншылуын және оның қайыршылығын мәңгілік етуді қаншама тілесе де, дегенмен реформа сөзсіз таяныл төне бастады,—оның үстіне ирланд халқының бостандық жолындағы және жер үшін күресінің революциялық дүмпулері барған сайын қаһарлы бола бастады. 1861 жылы фенилердің ирландиялық революциялық ұйымы құрылды. Америкаға қоныс аударған ирландықтар оған барынша көмектесті.

1868 жылдан бастап, либерал буржуа мен топас мещандардың сабазы Гладстонның министрлігінен бастап, Ирландияда *реформалар дәуірі* басталады,— бұл дәуір сәтті жағдайда қазіргі уақытқа дейін, яғни жарты ғасырға аз-ақ жетпейтін уақытқа созылды. Несін айтасыз, либерал буржуазияның мемлекеттік дана адамдары өздерінің «реформалары» жөнінде өте-мөте «жайлап асыға» біледі!

Ол кезде Карл Маркстің Лондонда тұрғанына 15 жылдан астам уақыт болып қалған-ды, ол ирландықтардың күресін аса зор көңіл бөліп, асқан тілектестікпен қадағалап отырды. 1867 жылы 2 ноябрьде Фридрих Энгельске ол былай деп жазды: «Мен фенилердің күресіне ағылшын жұмысшылары тарапынан тілектестік демонстрациясын туғызуға барынша тырысып бақтым. Бұрын мен Ирландияны Англиядан бөлуді мүмкін емес деп санап келген едім. Енді мен оны сөзсіз болатын нәрсе деп санаймын, тіпті бөлінгеннен кейін федерация туатын болса да осылай деп санаймын...[123]» Сол жылғы 30 ноябрьдегі хатында Маркс бұл тақырыпқа тағы да оралады: «...Ағылшын жұмысшыларына біз нендей кеңес беруге тиістіміз?—деген сұрау туады. Меніңше, олар одақты жоюды» (Ирландия одағын жоюды) «өз программасының пункті етуге тиіс — қысқасын айтқанда, 1783 жылдың талабын қайтадан қалпына келтіріп, тек оны демократияландыруға және қазіргі жағдайларға сай қолдануға тиіс. Ирландияның бөлініп шығуы —Ирландияны азат етудің бірден-бір жария формасы және сондықтан да *ағылшын* жұмысшы партиясының программасына енуге тиісті бірден-бір мүмкін де форма»[124].

Ал одан әрі Маркс ирландықтар өзін өзі басқаруды және Англияға тәуелсіз болуды, аграрлық революция, Англияға қарсы таможнялық баж салығын салуды қажет ететінін дәлелдеді.

Ирландияның азат болу, қоғамдық дамуды тездету және ағылшын жұмысшыларының бостандық алу мүдделері үшін К. Маркстің ағылшын жұмысшыларына ұсынған программасы осындай еді; өйткені өздері басқа халықты езіп-жаншуға көмектесіп (немесе тіпті жол беріп) отырғанда, ағылшын жұмысшылары бостандыққа жете алмайтын еді.

Бірақ не пайда! Бірқатар ерекше тарихи себептерден ағылшын жұмысшылары XIX ғасырдың соңғы үшінші бөлігінде либералдық жұмысшы саясатының рухын бойына сіңіріп, либералдарға тәуелді болып шықты. Олар бостандық үшін күресуші халықтар мен таптардың бастаушысы болмай, қайта ақшалы қапшықтың жиіркеніште малайларының, ағылшын либерал мырзаларының соңында салпақтаушылар болып шықты.

Сөйтіп либералдар Ирландияның азаттық алуын *жарты ғасырға* созды, күні бүгінге дейін де аяқталған жоқ! Ирланд шаруасы тек XX ғасырда ғана арендаға жер алушыдан ерікті жер иесіне айнала бастады, бірақ либерал мырзалар оған *«әділетті» баға бойынша төлем ақыны* әкеп таңды! Өзін бірнеше ғасырлар бойы тонап, ұдайы ашаршылыққа ұшыратқаны үшін шаруа сыйлық ретінде ағылшын помещиктеріне миллион, миллион ақы төлейді және әлі де көптеген жылдар бойына төлейтін болады. Ағылшын либерал буржуасы ирланд шаруаларын тонап, ашықтырғаны үшін помещиктерге таза ақша беріп алғыс айтуға мәжбүр етті...

Қазір парламент арқылы Ирландияның *гомрулі* (өзін өзі басқаруы) туралы заң өткізіліп жатыр. Бірақ Ирландияда солтүстікте орналасқан Ольстер (немесе Ульстер, кейде осылай қате жазады) провинциясы бар; мұның бір бөлегінде Англиядан шыққандар, католик-ирландықтардан өзгеше протестанттар тұрады. Енді, міне, қаражүздік-помещик Пуришкевич... яғни Карсон бастаған ағылшын консерваторлары Ирландияға автономия берілуіне қарсы құтырына байбалам салып отыр. Мұ-

ның өзі ольстерліктерді жат дінділер мен бұратаналарға бағындырып беру деген сөз! Лорд Карсон көтеріліс жасаймыз деп қорқытып, қаражүздіктердің қаруланған бандаларын ұйымдастырды.

Әлбетте, бұл жай қоқан-лоққы. Ат төбеліндей бұзақылардың көтерілісі туралы сөз болуы да мүмкін емес. Ирландия парламентінің (мұның өкімет билігін *ағылшын* заңы белгілеген) протестанттарды «қанауы» туралы да сөз болуы мүмкін емес.

Істің мәні тек мынада: қаражүздік-помещиктер либералдарды *қорқытып* отыр.

Ал либералдар қорқып отыр, қаражүздіктерге бас иеді, оларға кеңшілік жасайды. Ольстерде *ерекше жалпы халықтық дауысқа қою ісін* (референдум дейтінді) жүргізуді, сөйтіп Ольстер үшін жасалатын реформаны *алты* жылға кейін қалдыруды ұсынады!

Либералдар мен қаражүздіктер арасындағы саудаласушылық әлі де жүріп жатыр. Реформа күте тұрады: жарты ғасыр күтті ғой — ирландықтар әлі де күте тұрар, помещиктерді «ренжітуге» болмайды ғой!

Әрине, егер либералдар Англия халқынан, пролетариаттан көмек сұраса, Карсонның қаражүздік бандасы бірден құрып, ғайып болар еді. Ирландияға бейбіт жолмен және толық азаттық беру қамтамасыз етілген болар еді.

Бірақ либерал буржуаның помещиктерге қарсы пролетариаттан көмек сұрауы ақылға сыйымды бола қояр ма екен? Өйткені Англиядағы либералдар да ақшалы қапшықтың малайлары ғой, олар Карсондардың алдында құлдық ұруға ғана қабілетті.

«Путь Правды» № 34,
12 март, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ТЕЙЛОР СИСТЕМАСЫ — АДАМДЫ МАШИНА АРҚЫЛЫ ҚАНАП-ЖАНШУ[125]

Капитализм бір орында бір минут тұра алмайды. Ол алға қарай жылжи беруге тиіс, жылжи беруге тиіс. Дағдарыс дәуірлерінде, біздегі сияқты, ерекше шиеленісе түсетін бәсеке өндірісті арзандату үшін барған сайын жаңа құралдар ойлап шығаруға мәжбүр етеді. Ал капиталдың үстемдігі мұндай құралдардың бәрін жұмысшыны одан әрі езу қаруына айналдырады.

Тейлор системасы — осындай құралдардың бірі.

Таяуда Америкада осы системаны жақтаушылар мынадай тәсілдер қолданды.

Жұмысшының қолына электр шамын байлайды. Жұмысшының қимылдарын суретке түсіріп, шамның қозғалыстарын зерттейді. Белгілі бір қимылдар «артық» болды деп табады — сөйтіп жұмысшыны мұндай қимыл жасамауға, яғни интенсивті жұмыс істеуге, демалысқа бірде-бір секунд жоғалтпауға мәжбүр етеді.

Фабрикалық жаңа құрылыстардың тұтас жоспарларын жасайды — бұларды фабрикаға материалдар жеткізуде, материалдарды бір шеберханадан екінші шеберханаға жіберуде, дайын өнімді алып шығуда бірде-бір минут артық жоғалмайтындай етіп жасайды. Ең жақсы жұмысшылардың жұмысын зерттеу үшін және жұмыстың интенсивтілігін арттыру үшін, яғни жұмысшыны неғұрлым көп «тықсырып» отыру үшін кинематограф ұдайы қолданылады.

Мәселен, тұтас бір күн бойы монтердің жұмысы киноға түсіріледі. Монтердің қимылын зерттеп, оның еңкеюіне уақыт жібермейтіндей етіп ерекше биік орындық

жасаған. Бір баланы монтерге көмекші етіп жанына қойған. Бала машинаның әрбір бөлшегін белгілі бір, неғұрлым қолайлы тәсілмен монтерге әперіп тұруға тиіс болған. Бірнеше күннен соң монтер машинаны құрастыру жөніндегі осы жұмысты өзінің бұрын жұмсаған уақытының *төрттен бір бөлігінде* орындаған!

Еңбек өнімділігі қандай табысқа жеткен десеңізші!.. бірақ жұмысшыға төленетін ақыны төрт есе емес, ең көп дегенде, не бары бір жарым есе өсіреді, онда да *тек алғашқы кезде ғана.* Жұмысшылар жаңа системаға дағдыланысымен-ақ ақыны қайтадан бұрынғы дәрежесіне дейін төмендетеді. Капиталист орасан көп пайда келтіреді, ал жұмысшы төрт есе интенсивті еңбек етеді, өзінің жүйкесі мен бұлшық етін төрт есе тез қажытады.

Жаңадан келген жұмысшыны завод кинематографына алып барады, кинематограф оған істейтін жұмысының «үлгі» өндірісін көрсетеді. Жұмысшыны сол үлгіні «қуып жетуге» мәжбүр етеді. Бір аптадан кейін кинематографта жұмысшыға оның өз жұмысын көрсетіп, оны «үлгімен» салыстырады.

Бұл орасан зор жетілдірулердің бәрі жұмысшыға *қарсы* жасалады, оны бұрынғыдан да гөрі жаныштап, езуге әкеп соғады, оның үстіне және сонымен қатар *фабрика ішінде* тиімді, ақылға сыйымды еңбек бөлінісімен шектейді.

Заңды түрде мынадай ой туады: ал бүкіл қоғам ішіндегі еңбек бөлінісі ше? Бүкіл капиталистік өндірістің салдыр-салақ, қалай болса солай бытысып жатушылығынан қазіргі уақытта қаншама ұшы-қиыры жоқ көп еңбек зая кетіп жатыр десеңізші! Рыноктың талаптары белгісіз болып отырғанда, жүздеген саудагерлер мен алыпсатарлар арқылы шикі материалдың фабрикантқа жеткенінше қаншама уақыт ысырап болады десеңізші! Тек уақыт қана емес, сонымен қатар өнімдердің өздері де кеми түседі және бүлінеді. Дайын өнімді ұшы-қиыры жоқ ұсақ делдалдар арқылы тұтынушыларға жеткізуге жоғалатын уақыт пен еңбек қаншама, өйткені бұл делдалдар да сатып алушылардың талаптарын білмейді, сондықтан толып жатқан артық қимылдар жасағаны былай тұрсын, сонымен қатар артық өнім сатып

алады, артық жүріс-тұрыстар, тағысын-тағылар және тағы сондайлар жасайды!

Капитал жұмысшыны бұдан былай да езгіге сала беру үшін, өзінің пайдасын көбейте түсу үшін фабрика ішіндегі еңбекті ұйымдастырып, тәртіпке салады. Ал бүкіл қоғамдық өндірісте дағдарыстарға киліктіретін былық сақталып қала береді, өсе береді, жиналған байлықты сатып алушылар табылмайды, миллиондаған жұмысшылар жұмыс таба алмай, аштыққа ұшырап, қырыла береді.

Тейлор системасы — оның авторларының еркінсіз және олардың еркіне қарсы — бүкіл қоғамдық өндірісті пролетариаттың өз қолына алатын және бүкіл қоғамдық еңбекті дұрыстап бөліп, тәртіпке келтіру үшін пролетариаттың өзінің жұмысшы комиссияларын тағайындайтын уақытын дайындайды. Ірі өндіріс, машиналар, темір жолдар, телефон — міне. мұның бәрі ұйымдасқан жұмысшылардың жұмыс уақытын төрт есе қысқартуға мыңдаған мүмкіндіктер береді, жұмысшылардың әл-ауқатының қазіргіге қарағанда төрт есе жақсаруын қамтамасыз етеді.

Ал қоғамдық жұмыс капиталдың құлдығынан құтылған кезде, жұмысшы комиссиялары жұмысшы одақтарының көмегімен қоғамдық жұмысты ойдағыдай дұрыс бөлудің бұл принциптерін қолдана алады.

«Путь Правды» № 35,
13 март, 1914 ж.
Қол қойған: М. М.

«Путь Правды» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

«ЖАУАПТЫ ОППОЗИЦИЯ» ЖӘНЕ КАДЕТТЕРДІҢ БІРІНШІ МАРТТАҒЫ КЕҢЕСКЕ ҚАТЫСУЫ

Үкімет өкілдерінің Думаның кейбір депутаттарымен бірінші марттағы кеңесі жөнінде газеттерде қазірдің өзінде көп айтылды. Бірақ Думадағы «оппозицияның» жағдайлары мен міндеттері тұрғысынан қарағанда бұл кеңестің маңызы тіпті де жеткілікті түсіндірілген жоқ. Еске түсірелік: нақ бірінші марттың алдында либералдық баспасөздің бірсыпыра органдарында, Петербургте де, Москвада да, провинцияда да, Думадағы жым-жырт тыныштық туралы, оның дәрменсіздігі мен жансыздығы туралы, депутаттардың Думадан қашуы туралы, оппозицияның міндеттері және т. с. туралы жалпы мәселе көтеріліп, қатты талқыланды.

Нақ бірінші марттың алдында «конституциялық-демократиялық» партияның аса көрнекті көсемдері, Милюков пен Шингарев мырзалар, екі астананың баспасөзінде «өкіметті сауықтыруға» шақырғаны үшін Струве мырзаға да, октябристермен келісім жасасу жөніндегі «пессимистік-оптимистік» шақырулары үшін оңшыл кадет В. Маклаковқа да қарсы шықты. Нақ бірінші марттың алдында Милюков мырза өзін «вехизмнің», яғни контрреволюциялық либерализмнің дәйекті және ашықтан-ашық идеяларының дұшпаны етіп көрсетуге барлық күшін сала тырысты.

Кадеттер партиясы көсемдерінің Струве мен В. Маклаковқа қарсы бүкіл осы ескертулерінің бәрі, аты аталған саясатшылардан өздерін «солшылдау» етіп көрсетуге тырысушылықтың бәрі — барып тұрған екіжүзділік және демократияны алдау екенін бірінші марттағы

кеңестің құрамы мен сипаты дәлелдеген үстіне дәлелдей түсті. *Іс жүзінде* бұл кеңесте конституциялық-демократиялық партияның ресми көсемдері мен дипломаттарының, Милюков, Шингарев және $К^{0}$ мырзалардың саясаты емес, либералдардың ішіндегі нақ «вехишілдердің» саясаты, нақ Струве мен В. Маклаков мырзалардың саясаты салтанат құрды.

Кеңеске тек үкіметтік партиялардың және либералдық-буржуазиялық оппозицияның өкілдері ғана қатысты,— социал-демократтар да, трудовиктер де (буржуазиялық демократия) шақырылған жоқ (олар «принципті антимилитаристер және әрқашан барлық соғыс кредитіне қарсы дауыс береді» деп шақырылмады-мыс, ал іс жүзінде — дөрекі және жұрт алдындағы бас тартушылықтан аулақ болғысы келгендіктен шақырмады; мұндай бас тартушылық ең болмағанда социал-демократтар тарапынан жасалатын еді).

Оппозиция депутаттары,— «Речьтің» мәртебелі-ресми хабары бойынша—*«біздің ішкі саясат туралы да мәселе көтеруге әрекет жасаған»* кезде, оларға: әңгіме тек соғыс кредиттері туралы ғана болуға тиіс, сондықтан «ішкі саясат мәселелері жөнінде түсінік беріп жатуды үкімет өкілдері қазіргі кеңесте мүмкін деп санамайды» деп мәлімделді.

«Солай бола тұрса да,— деп жазды «Речь»,— кейбір депутаттар, оның ішінде И. Н. Ефремов, А. И. Шингарев және басқалар, өздерінің сөйлеген сөздерінде біздің ішкі жағдай туралы да мәселелерді *қозғады»*.

Солай болғандықтан — бұл мәлімдеме жөнінде былай деуге тура келеді — кадеттік, конституциялық-демократиялық депутаттардың ролі орынсыз, адам күлерлік, қисынсыз және лайықсыз болды. Егер олардың партиясы баяу либералдық-монархиялық партия деп аталған болса,— яғни таптық мәні мен шын саяси жаратылысын дұрыс көрсететін атпен аталса,— онда конституциялық-демократиялық депутаттардың мінез-құлқы партиялық дұрыс мінез-құлық болар еді! Бірақ өздерін демократтар деп санауды тілейтін адамдарға, іштеріндегі тіпті В. Маклаков сияқты ең оңшылдары жұрт алдында: «революциялық дүмпулер мен апаттарсыз тұйық-

тан шығатын жол табудың мүмкіндігіне» *сенімімізді жоғалттық* деп жариялап отырған адамдарға (В. Маклаковтың көзқарастарын Шингарев мырзаның *өзі* 26 февральда «Речьтің» 55-номерінде нақ осылай деп баяндады, 25 февральдағы номерінде Милюков мырзаның *өзі де* осы сарында жазған болатын),— міне, бұл сияқтыларға оңшылдармен және октябристермен бірге кеңеске қатысу жұрт алдында соққы болып тиді.

Кадет мырзалар өздеріне өздері соққы берді. Олар — өздерінің қатысуы арқылы—«сенім жоғалту» тұрғысындағы сөздерінен жұрт алдында безді. Олар *өз сенімінің жанды екенін* дәлелдеуге өздерінің дайын екендігін жұрт алдында көрсетті, олардың бұл дайындығы қызмет өтуге және жарамсақтануға дайын болумен тең.

Өйткені — басқа болмаса да, нақ кадеттер ішкі саясаттың сыртқы саясатпен тығыз байланысты екенін де, кредиттік «ассигновканың» маңызын да өте жақсы түсінеді...

«Путь Правды» № 36,
14 март, 1914 ж.

«Путь Правды» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ НОБАЙЫ[126]

Ұлт мәселесі жөніндегі қарар

I. 1. Мына себептерге байланысты ұлт мәселесіне өзінің көзқарасын егжей-тегжейлі және міндетті түрде толық жете белгілеу өте-мөте қажет.

(α) тарихи (объективті): контрреволюциялық дәуірдегі реакциялық ұлтшылдық және буржуазиялық-прогресшіл (тіпті буржуазиялық-демократиялық) ұлтшылдық

(β) партия өміріне: Бундтың жікке бөлінуі, оның сепаратизмі, ұлттық белгілерді сақтап отырған (P. P. S.) социал-демократиялық *емес* партиялармен оның блок жасасуы, Стокгольм съезінің ымырашыл шешімімен оның күйреуі[127]. «Ең нашар түрдегі федерацияның» ыдырауы[128].

II. 2. Өзін өзі билеу туралы § *тек* саяси бөлінуді білдіреді.

{3. Россия үшін бұл § қажеттігі мынадан туады

(α) демократияның жалпы принциптерінен

(β) шет аймақтарда езілген ұлттардың болуынан

(γ) жалпы алғанда Европаның шығысында, әсіресе Россияда буржуазиялық-демократиялық төңкерістің аяқталмағандығынан

(δ) Батыспен және Шығыспен салыстырғанда Россияда мемлекеттік құрылыстың *(монархияның)* барынша реакцияшылдығынан.

4. Өзін өзі билеу правосын мойындау *тек қана* мынаны білдіреді
   (α) мәселені Норвегия à la демократиялық жолмен шешуді талап ету
   (β) бұл правоны теріске шығарып отырған қаражүздіктермен және *либералдармен* күрес жүргізу,— бұқараны (мужик!) ұлтшылдыққа қарсы рухта тәрбиелеу.
5. Бұл право дербес пролетарлық бағаны әсте жоққа шығармайды, қайта, керісінше, оны талап етеді.
6. 1905 ж. Польша мен Финляндияның мысалы помещиктік және буржуазиялық-ұлтшылдық партиялардың II Николайдың *монархиясымен жақындасқанын* корсетеді,— Польша мен Финляндияның жұмысшыларын оз елінің ұлтшыл буржуазиясының алдағандыгын көрсетеді,— басқа ұлттардың пролетариатымен *бірлікті* сақтаудан гөрі *өзінің* буржуазиясымен саяси (және идеялық) жақындасуды артық көретін жұмысшылар болса, олардың социализмге де, демократияға да, *өзінің отанына да* опасыздық жасайтындығын көрсетеді.

I. 7. Ұлттар мен тілдердің сөзсіз тең праволылығы. Жергілікті халық үшін тілдің мемлекет есебінен қамтамасыз етілуі.
8. «Мемлекеттік» тілді теріске шығару.
9. Мемлекеттің әкімшілік бөлінуін қайта құру.
10. Аз ұлттардың праволарына кепілдік туралы жалпы мемлекеттік заң және т. б.

V. 11. Мәдени-ұлттық автономияға теріс көзқарас
   (α) «ұлттық мәдениет» ұранының идеялық-саяси терістігі
   (β) пролетариаттың интернационализміне қайшы келеді
   (γ) бұқараны буржуазиялық ұлтшылдық идеяларына тартады
   (δ) о[рталықтандырылған] демократиялық төңкеріс міндеттерінен назарды басқа жаққа аударады (бейне ұлттық бөлектену жо-

лын көрсетеді, ал іс жүзінде тек о[рталықтандырылған] демократиялық төңкеріс қана мүмкін)

(ε) бұл ұранды каста жағдайына қойылған белгілі бір ұлттың (еврей) *барлық* буржуазиялық партияларының насихаттауы

(ζ) мектеп ісінде пролетариатты (бірге өмір сүріп отырған ұлттардың) бөлектеу зиянды, біріктіру керек.

V. 12. Бүкіл ұлттардың жұмысшыларын барлық ұйымдарда біріктіру.

13. Партияның федеративтік емес, біртұтас құрылуы (Кавказ etc.).

1913 ж. сентябрьде жазылған
Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ӨТКІЗІЛГЕН ПОРОНИН КЕҢЕСІ (1913) ТУРАЛЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕ ОҚЫЛАТЫН БАЯНДАМАНЫҢ КОНСПЕКТІСІ[129]

Жергілікті жерлерде оқылатын
баяндаманың конспектісі

12/XII.

Жалпы тақырып — стачкалық қозғалыс пен партия өмірінің 1913 жылдың жазынан бергі оқиғалары. Кеңестің қарарлары. Соның ішінде әсіресе мына пункттер ұсынылады:

1. 1914 ж. 9 январьдағы жаппай стачка. Кеңестің шешімі. Стачканың қажеттігі. Оның ұрандары (демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні, помещиктік жерді конфискелеу). Стачкаға барынша күшті әзірлену.

2. *Қауіпсіздендіру науқаны.* «Вопросы страхования» журналын бар күшті сала тарату.— *Барлық* кассалар мен *барлық* басқармалар ішінде партия ұяларын құру. Басқармаларда өзінің, партиялық, көпшілік (сондай-ақ кәсіптік одақтарда, клубтарда etc. etc.) болуын өткізу.

3. *6- мен 7-еу.* Жікке бөлінудің басты негіздері: а) жойымпаздық = партияны талқандау. Күрес *осыдан келіп туды.* 7-еу жойымпаздыққа қарай *бұрады;* (б) 7-еу партияның шешімдерін *мойындамайды;* (в) 6-ды *партияның көпшілігі* жақтайтындығы дәлелденді. «Правдадан» алынған негізгі цифрлар. Жікке бөліну туралы мәселеге қатысты *материалдар* бар номерлер қолда болуға тиіс. (6-ды жақтаған қарарлардың көп болуына *күш салу* қажет).

4. Партия съезі. Оның қажеттігі. Оған *барлық* құ-

пия партия ұяларының қатысуы. Съезді әзірлеу: ең бастысы — *а қ ш а*. Съезге *қор* жинау (негізінен депутаттар арқылы) қажет. Міндет — көктемге дейін әрбір топқа немесе топтар одағына жұмсалуға тиісті шығынның *екі есе сомасын* жинау керек (1 делегатқа жұмсалатын шығын — 150 сом. Топ немесе жақын тұрған топтар одағы 300 сом жинауы тиіс).

5. Байланысты дамыту қажеттігі,— оларды ныгайту (С.-Петербург және Шетелдік бюролармен хат-хабар жазысуға үйрету). Хат-хабар алысу ақсап жатыр: *осыдан келіп транспорт* нашар болып отыр. Барлық жерде жұрт сенген өкіл болуға тиіс.

6. Кеңестің қарарларынан ең басты жерлеріне шолу жасау. Мәселен, ұлт мәселесі бойынша: (а) ұлтшылдық атаулының бәріне, тіпті жымысқы ұлтшылдыққа да (мәдени-ұлттық автономия) қарсы күресу; (б) *барлық* ұлттардың жұмысшыларының бірлігі; (в) *великорустық* қаражүздік ұлтшылдыққа қарсы күресу. (Басқа қарарлар туралы да қысқаша осылай болу керек.)

7. Құпия және жария баспасөз. Қаржы жинауды күшейту. Жария баспасөз сөзсіз *құриды:* барлық күшті құпия баспасөзді құруға жұмсау (қараңыз: «Хабар», әсіресе 9—10-беттер).

1913 ж 29 ноябрьде (12 декабрьде) жазылған

Бірінші рет 1923 ж. мына кітапта басылған: ««Звезда» мен «Правда» дәуірінен (1911—1914 жж.)», III кітап

Н. К. Крупскаяның қолымен жазылған көшірме бойынша басылып отыр

ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ РЕФЕРАТТЫҢ ТЕЗИСТЕРІ[130]

Ұлт мәселесі

(Есте қалғандар бойынша тезистер)

А) Қазіргі кезеңдегі ұлт мәселесінің маңызы.
Б) Ұлттық қозғалыстардың тарихи орны (resp.* ұлт мәселесінің тарихи қойылысы).
В) Ұлт мәселесі жөніндегі екі теория.
Г) Ұлттардың өзін өзі билеуі.
Д) Аз ұлттардың тең праволылығы және праволарының кепілдігі. Автономия.
Е) Мәдени-ұлттық автономия.
Ж) Партияны құрудағы ұлттық принцип.

А. Кіріспе.

Қазіргі бастан өткізіп жатқан тарихи кезеңде ұлт мәселесінің маңызы

1. Үкіметтің ұлтшылдығы. Бүкіл контрреволюция ұлтшылдық бояуға боялған.
2. Буржуазиялық либерализм де сондай (Струве & К⁰).
3. Ұлттарды (Россия халқының 57 проценті) адам айтқысыз, масқара езушілік жағдайында —

* — respective — немесе, тиісінше. *Ред.*

В. И. Лениннің «Ұлт мәселесі (Есте қалғандар бойынша тезистер)» деген қолжазбасының бірінші беті. — Январь, 1914 ж.

Кішірейтілген

езілген ұлттардағы ұлтшылдық (панъевропалық төбелес).

4. РСДРП программасын бұзу (өзін өзі билеудің өңін айналдыру + мәдени-ұлттық автономия).

5. Еврей сепаратизмінің жікке бөлінуі. Ұлттық оқшаулану.

Б. 6. Ұлт мәселесі тарихи және экономикалық тұрғыдан қойылуға тиіс. Ұлт мәселесі — *дүние жүзілік* құбылыс.

7. Ұлттық қозғалыстар заманы — орта ғасырлардың аяғы мен жаңа заманның басы, *буржуазиялық-демократиялық* революциялар заманы. Бұл уақытта *барлық жерде* ұлттық қозғалыстар.

8. Экономикалық негіздер? Капитализм ішкі рынокты топтастыруды талап етеді. Рынок —сауда қатынастарының орталығы. Адамдардың сауда қатынастарының басты құралы — *тіл.*

9. Ұлттық облыстарды топтастыру (тілді қайта қалыптастыру, ұлттық ояну etc.) және *ұлттық мемлекет* құру. Оның экономикалық қажеттігі.

10. Экономикадағы саяси қондырма. Демократизм, ұлттың суверендігі. *Inde** *«ұлттық мемлекет»*...

11. Ұлттық мемлекет *дүние жүзілік ереже* (К. Каутский «Internationalität»-тың I, 18**, *23* және *23—25*-беттерінде), ал *«ұлттар мемлекеті — ілуде біреу»*[131].
К. Каутский О. Бауэр туралы: Бауэр ұлттық мемлекетке ұмтылушылықты *жете бағаламайды.*
(«Drang'-тің күшін») | Бұл NB |

* — Осыдан келіп. *Ред.*
** Сілтеме ұлт мәселесі жөніндегі бірінші дәптердің 18-бетіне жасалды. *Ред.*

Жақша ішінде: кейбір адамдар ұлттық мемлекет мәдени-ұлттық автономияға қарағанда *үлкен* ұлтшылдық болады деп ойлайды. Аңғал және мазақы болып адасушылық! Ұлттық мемлекет—дүние жүзілік тарихтың тәжірибесінде бар ереже. Мәдени-ұлттық автономия — еш жерде жүзеге асырылмаған, нашар интеллигенттің ойдан шығарғаны.

12. XIX ғасырдағы ұлттық (буржуазиялық-демократиялық) революциялар заманы (Италия, Германия). Бұл революция Европаның Батысында аяқталып бітті. *Шығысында енді ғана басталды және Азияда да...*

В. Ұлт мәселесі жөніндегі марксизмнің екі теориясы.

13. Ұлттық мемлекеттерде пролетарлар партиясының пайда болуы. Артта қалған Шығыс. Ұлт мәселесінің *«теориялары». (Теориялық* негізге аз көңіл бөлінген. К. Каутский + О. Бауэр.)

14. *О. Бауэр.* Ұлт = Kulturgemeinschaft*. «Ұлттық мәдениет» ұраны ((өн бойын алып отыр)). Ең бастысы — ұлттық сипат. (Сылтаулар көпақ, бірақ бұл маңызды емес.)

    (Каутскийдің бағасы: Kulturgemeinschaft = О. Бауэрдің басты қатесі.)

15. «Социализм ұлттық принципті күшейте түседі» (О. Бауэр I, 5** — *оның кітабының 532*-беті).

16. Бауэрдің түбегейлі қатесі — жымысқы ұлтшылдық. Таза, қанаусыз, төбелессіз ұлтшылдық.

    NB ||| Прудон капитализмді тазартып бақты, дәріптеді, боямалады, О. Бауэр — ұлтшылдықты.

17. Үстем таптардың саясаты «консервативтік-ұлттық», біздің саясатымыз — «эволюциялық-ұлттық» (О. Бауэр).

* — мәдениет ортақтығы. *Ред.*

** Осы жерде және төменде сілтемелер ұлт мәселесі жөніндегі бірінші дәптердің 5, 6 және 17-беттеріне жасалды. *Ред.*

18. «Бізді ескі интернационализм қанағаттандырмайды» (О. Бауэр)
(О. Бауэр I, 6).

19. О. Бауэрде ΣΣ*
(α) ұлттың идеалистік теориясы
(β) ұлттық мәдениет (=буржуазиялық) ұраны
(γ) социализмге дейін тазартылған, жымысқыланған, абсолюттік ұлтшылдық
(δ) интернационализмді біржола ұмыту.

Σ=*ұлттық оппортунизм* (Паннекук).

20. *К. Каутский* әшкерелеген шатасқан О. Бауэр.
(α) Eigentümlich und hinfällig **, О. Бауэр үнемі ұлттық мәдениет туралы айтады. (I, 17) (Internationalität, 15-бет)
(β) «Nie ist eine rein nationale Kultur weniger möglich gewesen» (ibidem, 15 Internationalität) *** —

ығыстырып шығару:

— Мысалы:		агылш.	франц.	нем.	
	1800:	20 —	30 —	30	(Σ=80)
	1900:	125 —	40 —	70	(Σ=235)

((бүкіл дүние жүзілік тіл, бәлкім, ағылшын тілі болар, тіпті бәлкім, + орыс тілі болар))

NB ‖ (γ) «Біздің интернационализміміз буржуазиялық ұлтшылдықтан агрессияшыл еместігімен, тең праволылығымен etc. ерекшеленетін ұлтшылдықтың айрықша түрі емес, қайта шаруашылық және мәдениет жағынан біртұтас қоғамдық организм» (ibidem, 17-бет).

* Summa summarum — Жалпы жиыны. *Ред.*
** Ерекшелік және нашар пункт мынада. *Ред.*
*** — «Таза ұлттық мәдениет әлі еш уақытта аз да болса мүмкін болып көрген емес» (бұл да сонда, «Интернационалдық», 15). *Ред.*

NB || О. Бауэрде бұл көзқарас — «Betonung der nationalen Kultur»* тасасында жойылып кетті.

(δ) Ұлт — Kultur- емес, Schicksal- емес, бұл — Sprachgemeinschaft**.

(ε) О. Бауэрде *«ұлттық жағдайдың күшеюі»* болып шығады...

NB ||| (ζ) ΣΣ (К. Каутскийде) — gewaltige Ueberschätzung des nationalen... Momentes (35 Internationalität). Völlige Vernachlässigung internationalen ***.

21. К. Каутскийде Sprache und Territorium****
тарихи-экономикалық теория
сонда буржуазиялық-**демократиялық қозғалыстағы**
жəне **ұлттық мемлекет** NB

қазір **қазір интернационализм**

Г. Программаның 9 § = саяси өзін өзі билеу.

22. Оның принцип бойынша маңызы жəне 1848 жылдан бастап бүкіл халықаралық демократияда бұл сөздің қолданылуы = саяси бөліну, ұлттық мемлекеттің құрылуы.

23. Бүкіл дүние жүзіндегі ұлттық қозғалыстар *тарихы* тұрғысынан қарағанда оның маңызы = ұлттық мемлекет құру.

24. Бұл § басқаша түсіндіруге əрекет жасау оғаш (күлкілі!)!! Ұлттық мəселедегі *демократиялық принцип* ұлттық қозғалыстардың *тарихи экономикалық* жағдайларымен *тығыз* байланысты.
(α) (α)

---

* — «ұлттық мəдениетті баса көрсетудің». *Ред.*

** — мəдениеттің, тағдырдың ортақтығы емес, тілдің ортақтығы. *Ред.*

*** — ұлттық... жағдайды орасан зор асыра көрсету (35 Интернационалдық). Интернационалдықты біржола ұмыту. *Ред.*

**** — тіл жəне территория. *Ред.*

25. Демократиялық принциптен бас тарту — бүкіл тарихқа опасыздық жасағандық және оны ұмытқандық.

Буржуазиялық революция аяқталған жоқ

(β) (β) Россия = әуел бастан ұлттық мемлекет, негізі, орталық

Псков — Дондағы Ростов

Шет аймақтар — ұлттық.

Нағыз езгілік.

Буржуазиялық-демократиялық революция аяқталған жоқ, ұлттық қозғалыс болмайынша және жалпы алғанда *ұлттық* мемлекеттер құруға ұмтылмайынша, мұндай революцияның болуы *мүмкін емес.*

26. Россияның халықаралық жағдайы: онымен Ав-
(γ) (γ) стрия (ұлт мәселесі жөнінен аяқталмаған буржуазиялық революциясымен) және оянған Азия (республикалық Қытай) қатар тұр.

Патша өкіметі — ең нағыз реакциялық мемлекеттік құрылыс. Осыдан келіп ұлттық қозғалыстың сөзсіздігі және великорустардан ұлттардың өзін өзі билеу правосын тануды талап ету туады.

27. Нақты мысал. Норвегия (6 ғасыр бойы Данияның қол астында болды). 19-ғасырдың басында [наполеондық соғыстар заманы] *Швецияға* (Швеция, Англия және Россия жасасқан шарт бойынша) *берілді.* Шведтердің норвегтермен *соғысында* алынды.

Швецияға қосылды. *Толық* автономиясын (сейм, армия, салықтар, баж салығы, т. т.) сақтап қалды. Ондаған жылдарға созылған қақтығысулар мен егестер.

1905 жыл. Европаның шығысында ұлы революцияның басталуы — көрші, батыс европалық, өте ерікті мемлекетте *аяқталмаған буржуазиялық-демократиялық революция* онымен

қатар тұр. Қорытындысында? **1905 ж. Норвегия революциясы.**

Норвегиядағы август революциясы. Сеймнің қаулысы (17 август, 1905). Швециядағы поптар мен помещиктердің үгіті.

Референдум	5 миллион шведтер және 2 » норвегтер

Көрші мемлекетпен шарт жасасу. Бітім және толық аяқталуы.

Швед жұмысшысының міндеті? Тек жалпы бостандықты ғана емес, тек автономияны ғана емес, сондай-ақ міндетті түрде бөлініп шығу **правосын** да жақтауға тиіс.

28. 1905-жыл. Финляндия және Польша.

Ұлттық буржуазияның орыс буржуазиясымен мәмлеге келуі. Таптық партиялардың міндеттері: ұлтшылдық мәмлеге қарсы, *Россиядағы революциялық пролетариатпен одақтасу* жолында күресу.

29. Қорытынды:
(α) Ұлттық қозғалыстың бүкіл тарихынан 9-§ маңызы.
(β) Негізі ұлттық мемлекет жағдайында Россиядағы ұлттық езгі және шет аймақтардағы ұлттық қанаушылық.
(γ) Россиядағы аяқталмаған буржуазиялық-демократиялық революция.
(δ) Россияның халықаралық жағдайы.
(ε) Бөлініп шығу туралы мәселені дербес шешу, бірақ насихаттың болуы міндетті.

---

30. P. S. D.-нің айрықша позициясы.

Капитализмнің дамуы Польша мен Россияны тығыз байланыстырды. Лодзь фабрикалары

орыс рыногына жұмыс істейді. Жаңа таптық мемлекет құру біздің ісіміз емес. Тек қана!!

(α) Жете айтылмаған: Россияда және *Шығыста* да буржуазиялық-демократиялық революция аяқталды ма? *Жоқ.*

(β) Істің мәні Польша мен оның бөлінуінде емес, қайта *орыс мужигінде* болып отыр

1863

XI. 1905

Орыс мужигінің ұлтшылдығына тойтарыс беру ұлттарды қанамауды талап етуде ғана емес, автономияда ғана емес, міндетті түрде **бөлініп шығу правосында** болып отыр.

Мұны жоққа шығару немесе әлсірету ақымақтық әрі реакциялық.

Бөлініп шығу *правосын* жоққа шығару патша өкіметіне көмектесу, орыс мужигінің ұлтшылдығын *қостау* деген сөз. NB

(γ) Мысал: Marx-тің Польшаға (Лопатин) және Ирландияға көзқарасы...[132]

Marx Ирландия туралы. *Басқа халықтың бостандығын жаныштап отырған халық ерікті бола алмайды.* NB

P. S. D.-дағы қисынсыздық қайдан?

Өңі айналдырылған ұлтшылдық.

Папуастар үрейлендірген.

Мысал — Краков.

Ол бағытпен емес.

P. S. D.-нің өзінің қисынсыз және реакциялық идеясымен бой көрсету тарихы.

1895: К. Каутский

(α) Materialismus *einseitig**

(β) ұсақ буржуазияның ұлтшылдығын қос-

* — Материализм *бір жақты. Ред.*

тауға қорқасыздар ма? *Орыс реакциясына көмектесесіздер!*

1903. II съездің комиссиясы vs* Варский[133].

Д. *Ұлттардың тең праволылығы және аз ұлттардың праволары...*

31. Ешбір ұлтқа, ешбір тілге ешқандай артықшылық болмасын.
Бұл демократизм әліппесі мен жұмысшы ынтымақтығы тұрғысынан қажет.

32. Мемлекеттік тіл. Оның керексіздігі.

43%	великорустар
17	малоростар
6	белорустар
66	
6	поляктар
72%	славяндар.

33. Швейцарияның мысалы. Айрықша листок.

(α) Үш тіл (70—22—7%).
(β) Граубюнденде 100 000 тұрғын
$<$30 000 романдар [1%]**.
ad (γ) Аз ұлттардың праволары және *негізгі заң.*
(δ) *Буржуазиялық* қогамда ұлт мәселесін шешудің үлгісі.
(Бельгия, *Финляндия* etc.) [Ойдан шығарылмаған]

34. Демократиялық құрылыстың жалпы принципі = облыстардың автономиялылығы және жергілікті жерде өзін өзі басқару. Шекаралар? Ұлттық + шаруашылық + тұрмыстық etc.

* — versus — қарсы, жөнінде алғанда. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 131-бет. *Ред.*

35. Жүзеге асыруға бола ма? *Фортунатов versus Медем.*

Ұлттық орталықтарды территориялық максимумге қарап емес, минимумге қарап бағалау керек.

«Ескерусіз қалған» Медемнің көзқарасы: ұсақ ұлттық бөлшектердің толық ұлтшылдығы!!!

36. «Егер экономикадан қол үзетін болса» (Медем).

37. Аз ұлттардың праволарына кепілдік беру. Мемлекеттің негізгі заңы (Брюннің 4§ салыстыр).

38. Медемнің қарсылығы I, 2* NB))

39. Осындай жалпы, орталық заңның (Швейцарияны салыстыр) қажеттігі.

40. Жалпы демократиялық және *орталықтандырылған* демократиялық құрылыс қана кепіл болады.

Е. *Мәдени-ұлттық автономия.*

Терминдер:

{ экстерриториялық
дербес
ұлттық }

41. Жоспардың мәні неде? (1) Кадастр
(2) Сейм
(3) Күшпен салық салу.

42. Австрияның тәжірибесі (Брюнн).

Мәдени-ұлттық автономия программасы. Күйреу. Клерикализм. Жүзеге асырылмайды.

---

* Сілтеме ұлт мәселесі жөніндегі бірінші дәптердің 2-бетіне жасалды *Ред.*

Программа $^{1}/_{2}$* қабылданды. *Бірден қисынсыздығы* көрініп тұр.

43. Жоспардың принципті негіздері.

(0) Толық, тазартылған ұлтшылдық. Ақырына дейін жеткізілген.

(α) *Ұлттық мәдениет* ұраны. Жұмысшы қозғалысы мен интернационализмге versus реакциялық, буржуазиялық ұран.

Ұлттық мәдениет пен интернационалдық мәдениет:

оқшаулық	— топтасқандық
буржуазиямен,	— демократиямен және
клерикалдармен	басқа ұлттардың
бірігу etc.	социалистерімен
	бірігу.

NB:
Львовтағы ұлттық музей = «ұлттық мәдениет»!!

(β) «Қарамағынан шығарып алу». **Утопия!** Оның ұсақ буржуазиялық негізі. Нашар интеллигенттің ойдан шығарғаны.

«Басып алушылық жоқ, майоризациялау жоқ, күрес жоқ» (Медем). *К. Каутскийді* салыстыр.

(γ) Мектеп ісіндегі ұлттық куриялар. Зиянды. Америкадағы негрлер.

(δ) Объективті логика: орталықтандырылған демократияның «орнына емес, сонымен бірге». Австрия Швейцарияға versus.

(ε) Әр түрлі ұлттардың таптық құрамының әр келкі болуы.
Бөлшектеу емес, бөліп шығару.

мужиктік ұлттар
және қалалар

(ζ) еврейлер — негізінен саудагерлер.

* Жартыкеш. *Ред.*

Бундшылдардың софизмі: *таза* тап күресі үшін бөліп шығарамыз.

44. Еврейлер үшін ұлттық автономия?
О. Бауэр және К. Каутский. «Каста».
Еврейлердің дүние жүзілік мәдениеттегі еңбегі және еврейліктегі *екі* ағым.

45. Россияда еврейлердің касталық оқшаулануы.
Жолы қайсы? (1) Оны қалай да болса бекіндіру
(2) диаспора[134] елдерінің *демократиялық* және *социалистік* қозғалысымен жақындастыру.

«Еврейлерді ұлттардың қатарынан айдап шығу»...

46. Дүние жүзінде $10^1/_2$ миллион. Екі жарты
Ашер Вена туралы — 150 000.

47. Еврейлердің *барлық* буржуазиялық партиялары Россияда мәдени-ұлттық автономияны қабылдады
{ + 1907 ж. ұсақ буржуазиялық демократия
+ Бунд? *(бөлігі)* }

Бауэрдің (ұсақ буржуазиялық оппортунистік) ойдан шығарғаны қандай сылаққа жарады?

Ж. Социалистік партияларды ұйымдастырудағы ұлттық принцип.

Австрия. Тек Вимбергтен бастап (1907). (Отто Бауэр.

I, 7. 1907 ж.)
Отто Бауэр I, 7 оның қарсыластары туралы idem I, 8*.

* Сілтеме ұлт мәселесі жөніндегі бірінші дәптердің 7 және 8-беттеріне жасалды. *Ред.*

Жікке бөліну және *к у й р е у*. Чех сепаратистері (1910 ж. Копенгаген конгресі) және олардың Бундқа тілектестігі.

Р о с с и я

«Нашар типті федерация» | 1898—1903. Бундтың партиядан шығуы. 1903—1906 1907—1911. Медем. | айрықша листок |

Бірігу (Кавказ, Рига, Вильна).
Төменнен болған бірлік.

Тіл*:

1) Т і л д е р д і ң т а р а л у ы н с а л ы с т ы р у.

Льеж: 2. II. 1914
Рабинович: Ұлт мәселесі = «ойдан шығарылған»

1914 ж. 10 және 20 январь (23 январь және 2 февраль) аралығында жазылған

Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Жазба осыдан бастап аяғына дейін дәптердің екінші мұқабасына қарындашпен жасалған. Адрес те сонда жазылған: «Parvis St.-Grilles, Maison du Peuple. | № 15 | | 10 ч. | ». *Ред.*

ЛАТЫШ ӨЛКЕСІ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ IV СЪЕЗІНДЕГІ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ БАЯНДАМАСЫНЫҢ КОНСПЕКТІСІ

Орталық Комитет баяндамасының конспектісі

1. Жойымпаздарға қарсы құпия партияны қалпына келтіру.

2. Ескі партияның ыдырауы (бундшылдар + латыштар + меньшевиктер = 5-тен 3). Плехановтың пікірі

3. Январь конференциясы: барлығының шабуылы...

4. IV Мемлекеттік дума сайлауы ((67%))...
{ СПБ.
Орталықтың
3 губерниясы
оңтүстік }

5. Жұмысшы баспасөзі... (2000 және 500)
((1912 ж. 1. I-дан 1913 ж.
1. X-ге дейін))

6. Россияда Орталық Комитетті қалпына келтіру.

1912 — 1 көктемде орасан зор сәтсіздік
(барлық уақытта) көпшілігінде *2—3*
1913—2 барлық уақытта
½ 1913 — 3 барлық уақытта } көпшілігінде 4—5
((көпшілігі
жұмысшылар)).

7. Металлистер одағы (II кеңес).
8. Жазғы кеңес және 6 vs* 7 (Мартов)
«**Н а ш а   З а р я н ы ң**» 10—11-номерлері
4 8 0 0   v e r s u s   2 5 0 0 { 1000 / 600 }

9. **К ө п ш і л і к** қалпына келтірілді.

10. Бірлік? **Қ а н д а й   п а р т и я н ы ң   б і р л і г і?**

1914 ж. январьда жазылған

Бірінші рет қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — versus — қарсы, жөнінде алғанда. *Ред.*

ЛАТЫШ ӨЛКЕСІ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ IV СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗДІҢ КОНСПЕКТІСІ

Қорытынды сөздің конспектісі:

1) Халықаралық социалистік бюро. Барамыз ба? (Ленин Орталық Комитетпен)
((Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының ақшасы))

2) Құп. үш жоққа шығ.*

{Республика және конференция}

(1) «Луч» («рецидив»)
(2) Засулич } nil**
(3) Ф. Дан }

СПБ. комитеті
Москва облыстық бюросы
Москва комитеті (және топтар)
Кострома конференциясы
Урал
Одесса комитеті
Киев комитеті

3) Үш факті:
(1) депутаттар 47—50—67%
(2) 6 және 7
(3) **2000** және **500 топ.**

4) Ұйымдар және бұқаралар:
((*Январь конференциясы...*
2 кеңес...)) *Орталық орган*

5) Россиядағы Орталық Комитет
{{1912 —
1913 —
1913 —

Шетелдегі *ыдырау* және Россиядағы бірігу

* Бұл арада, сірә, «Құпияны үш рет жоққа шығару» деп оқу керек шығар. *Ред.*
** — nihil — түк жоқ. *Ред.*

I
- 1⁰. Құпия партия.
- 2⁰. Жария баспасөзде революциялық ұрандармен күрес.
- 3⁰. Ұлт мәселесі (α) мәдени-ұлттық автономия
  (β) ұлттық ұйымдар.
- 4⁰. Ягелло...

II
- 5⁰. Methode d'organisation et la majorité*.

1914 ж. январьда жазылған

Бірінші рет қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Ұйымдастыру әдісі және көпшілік. *Ред.*

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Сентябрь, 1913 — март, 1914)

1913 ж.

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ӨТКІЗІЛГЕН ПОРОНИН («ЖАЗҒЫ») КЕҢЕСІНДЕГІ БАЯНДАМАЛАР МЕН СӨЗДЕР, КЕҢЕС 1913 ЖЫЛҒЫ 25 СЕНТЯБРЬДЕ — 1 ОКТЯБРЬДЕ (8—14 ОКТЯБРЬДЕ) ӨТТІ

Поронин кеңесінің протоколдары табылған жоқ. Полиция департаментінің директоры С. Я. Белецкийге хабарлама хаттарда: В. И. Ленин кеңестің ашылуында 25 сентябрьде (8 октябрьде) құттықтау соз сойледі, 26 сентябрьде (9 октябрьде) РСДРП Орталық Комитетінің есепті баяндамасын жасады, 26 және 28 сентябрьде (9 және 11 октябрьде) ұлт мәселесі жөнінде баяндама жасады, 30 сентябрьде (13 октябрьде) Венадағы социалистік конгресс туралы баяндама жасады және 1 (14) октябрьде кеңестің жабылуында қорытынды сөз сөйледі деген деректер бар. Бұл хабарлама хаттарда Лениннің баяндамаларының қысқаша мазмұны келтіріледі (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві, сондай-ақ қараңыз: А. Бадаев. «Большевиктер Мемлекеттік думада», 1954, 179-бет).

М. М. ЛИТВИНОВҚА ХАТ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде М. М. Литвиновтың үш хаты сақталған, оларда Лениннің хаттары туралы деректер бар. 1913 жылғы 29 ноябрьдегі (12 декабрьдегі) хатта Литвинов былай деп жазады: «Қымбатты достым, осы қазір мандаттарды және Гюисманстың хабарланғаны туралы Сіздің хатыңызды алдым». Литвиновтың хатының бұдан былайғы мазмұнынан мынаны білуге болады: Ленин Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне әзірлікке назар аударған, бұл мәжіліс 1913 жылы 1 (14) декабрьде Лондонда өтті, және Литвиновтан

Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне арналған РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасы мен қарарларының француз, ағылшын және неміс тілдеріндегі аудармаларын оның алған-алмағандығын сұрайды.

Литвинов сол күні Ленинге жолдаған екінші хатында былай деп жазады: «Құмбатты Владимир Ильич, Венадан хабарлар айтылған Сіздің хатыңызды алдым» және одан әрі өзінің Лейпцигтен Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне арналған РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасы мен қарарларының неміс тіліндегі аудармасын алғандығын хабарлайды.

Литвинов 1913 жылғы 3 (16) декабрьдегі үшінші хатында Ленинге былай деп жазады: «Екі пакетті де: 1) кеңестің протоколдарын және 2) басқа документтер мен қиындыларды алдым. Сіздің хатыңыздан мен мынаны түсіндім: барлық документтерді — баяндаманы, оған қосымшаны және қарарларды Лейпцигте Загорский неміс тіліне аударып жатыр. Бірақ мені: «міндетті түрде жақсы аудармашы немісті табыңыз» деген сөздер абыржытып отыр».

1914 ж.

ИНЕССА АРМАНДҚА ХАТ

Тегінде, 1914 жылы январьдың басында жазылған Лениннің хаты туралы осы хаттың сақталып қалған постскриптумынан белгілі: онда Ленин өзін 1905 жылғы 9 январь оқиғаларының жылдығына арналған, Парижде болатын митингте сөйлейтін шешендердің тізіміне енгізуге келісім береді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

И. А. ПЯТНИЦКИЙГЕ ЕКІ ХАТ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде А. А. Бекзадянның 1914 жылы 12 (25) апрельде Ленинге жазған хаты бар, онда былай делінген: «Альберттен (Пятницкийден) хат алдым. Ол сізге екі хат жібергендігін өзіңізге хабарлауды өтінеді, бірақ ол сіздің 10. III хатыңызды түсінбедім дейді, онда сіз одан 13. I хатыңызды алған-алмағанын сұрайтын көрінесіз».

ЛАТЫШ ӨЛКЕСІ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ IV СЪЕЗІНДЕГІ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАЯНДАМАСЫ МЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Латыш өлкесі социал-демократиясының төртінші съезі 1914 жылы 13—26 январьда (26 январьда —8 февральда) Брюссельде болды. Съездің протоколдары табылған жоқ. КПСС Орталық

Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы съезге қатысқан Лениннің бірқатар документтері сақталған: съездің күн тәртібінің жазбалары, мәжілістің өту барысы туралы және шешендердің сөздері туралы заметкалар, РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасы мен қорытынды сөздің конспектілері және басқалар. РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасы мен қорытынды сөздің қысқаша желісі бірінші рет 1915 жылы Америкада (Бостон) шығып тұрған латыш газеті «Страдниексте» басылған (қараңыз: осы том, 307—312-беттер).

ЛАТЫШ ӨЛКЕСІ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ IV СЪЕЗІНДЕ ЫМЫРАШЫЛ БРАУННЫҢ СӨЗІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Ленин 1914 жылы 15 (28) январьда сөйледі. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Я. Э. Янсонның (Браунның) сөзінің Ленин жасаған жазбасы сақталған, оның аяқ жағына В. И. Ленин былай деп жазған: «Бұл сөзге мен сол мәжілісте, 1914 жылғы 28 январьда жауап берген болатынмын».

«ЗАРЯ ПОВОЛЖЬЯ» ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Заря Поволжья» журналы редакциясының секретары С. Беловтың 1914 жылы 17 февральда (2 мартта) Ленинге жазған хаты сақталған. Бұл хаттың мазмұнынан мынаны білуге болады: Ленин журнал үшін «Баспасөз бостандығы жолындағы күрес» деген тақырып белгілеген және журналдың болашақта қандай тақырыпты қалайтындығын сұрастырған. Оның үстіне, Ленин журналдың барлық шыққан номерлерін жіберуді сұраған. Белов жауап хатында былай деп хабарлаған: «Сіздің хатыңызды алғаннан кейін журналдың шыққан барлық 5 номерін 3 данадан жай бандерольмен жібердік».

И. Ф. ПОПОВҚА ХАТТАР

Бұл хаттар туралы Карлсон 1914 жылы 24 февральда (9 мартта) В. И. Ленинге былай деп хабарлайды: «Бүгін Поповта болдым, ол маған Сіздің хаттарыңызды өзінің алғандығын айтты». И. Ф. Попов 27 февральда (12 мартта) Брюссельден Краковтағы Ленинге былай деп жазады: «Сіздің Винкпен бірге іс-қимыл жасау жоспары ұсынылған хаттарыңызды алдым. Дәл Сіздің көрсетуіңіз бойынша әрекет ететін боламын, ал «іс тек жөнге қойылған бойда» егжей-тегжейлі есеп жіберемін» (КПСС

Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

К. М. КАРЛСОНҒА ХАТ

К. М. Карлсон («Огретис») 1914 жылы 24 февральда (9 мартта) В. И. Ленинге жолдаған хатында былай деп жазды: «Құрметті жолдас! Сіздің хатыңызды алдым және Сіздің өтінішіңізді дереу орындадым» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Н. В. РОМАНОВҚА ХАТ

Н. В. Романов 1914 жылы 3 (16) мартта Ленинге жолдаған хатында былай деп хабарлайды: «Мен Сіздің хатыңызды алған бойда дереу Поповта болдым. Ол Сізге бейсенбі күні кеште (12. III) хат жібердім дейді. Сіз маған жазғаныңыздай, сірә оны сол күні алған боларсыз» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

П. М. КЕРЖЕНЦЕВКЕ (ЛЕБЕДЕВКЕ) ХАТ

Лениннің, тегі, 1914 жылғы марттың басында жазған бұл хаты жөнінде 8 (21) мартта Керженцевтің Краковтағы Ленинге жазған жауабынан белгілі: «Сіздің педагогтық әдебиет туралы сұрағыңыз тым көп нәрсені қамтыған, сондықтан нені таңдап аларымды білмей қиналып жүрмін» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

О. Н. ЛОЛАҒА (В. СТЕПАНЮККЕ) ХАТ

Хат 1914 жылы мартта жазылған. Лоланың 1914 жылғы 10 (23) марттағы жауап хатына қарағанда Ленин өзінің хатында ұлт мәселесі жөнінде украин әдебиетін, 1901 жылы болған Революциялық украин партиясының (РУП) бірінші съезінің шешімдерін, Россияда украиндықтарға қысым көрсету фактілерін білгісі келеді және Думада сөз сөйлеу үшін Лоладан осы мәселе жөнінде материал жинастыруды өтінеді. Ленин өзінің хатында Лоланың мақаласына сын ескертпелер айтады, буржуазиялық ұлтшылдығы үшін «Дзвін» журналын айыптауды ұсынады. Ленин украин ұлтшылдары Левинский мен Юркевичтің чех сепаратизмінің ықпалында болып отырғандарымен тұрмай, жұмысшыларды ұлт-ұлтқа қарай бөлуді қорғап, осы сепаратизмді үнемі насихаттап келгендіктерін атап көрсетеді. Ленин оларға қарсы ымырасыз соғыс жариялауды ұсынады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Ленин 1914 жылы 1 апрельде (жаңаша) Инесса Армандқа жолдаған хатында былай деп жазады: «Лола маған Юркевичке *қарсы* мені мақұлдайтынын айтып жазған, бірақ Лола аңғал. Ал істі кешеуілдетуге болмайды. *Украин социал-демократтарының арасынан* жұмысшыларды ұлттарына қарай болуге *қарсы* бірлікті жақтаған үн шығуы өте маңызды...» (Шығармалар, 35-том, 110-бет).

ИНЕССА АРМАНДҚА ХАТ

Хат 1914 жылы 13 (26) мартта жазылған. Онда неміс социал-демократиялық партиясына сипаттама берілген.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде хаттың соңғы, 5-беті сақталған.

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«ПРОСВЕЩЕНИЕ» ЖУРНАЛЫ

№ 9 — сентябрь, 1913 ж.
№ 10 — октябрь, 1913 ж.
№ 11 — ноябрь, 1913 ж.
№ 12 — декабрь, 1913 ж.
№ 1 — январь, 1914 ж.
№ 2 — февраль, 1914 ж.
№ 3 — март, 1914 ж.

«РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ӨТКІЗІЛГЕН 1913 ЖЫЛҒЫ ЖАЗҒЫ КЕҢЕСІНІҢ ҚАРАРЛАРЫ ЖӘНЕ ХАБАР»

Орталық Комитеттің басылымы, [Париж], 1913

«1914 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖҰМЫСШЫ СЕРІГІ»

С.-Петербург, «Прибой» баспасы, 1913

«1914 жылға арналған Жұмысшы Серігі» деген қойын календарь 1913 жылы 14 (27) декабрьде жарыққа шықты. Онда В. И. Лениннің «Россиядағы стачкалар» деген мақаласы басылды. Ленин бұл кітаптың жарыққа шығуына үлкен маңыз берді және оның таралуын мұқият қадағалап отырды. 1913 жылы декабрьдің аяғында ол Инесса Армандқа былай деп жазды: «Жұмысшы серігінің» 1 данасын алдым. 5000 данасы *қазір-ақ* таралып кетті!! Ура!!» (Шығармалар, 35-том, 106-бет).

«РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БЮЛЛЕТЕНІ»

№ 1—15 (28) январь, 1914 ж.

«МАРКСИЗМ ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДЫҚ»

Қазіргі заманғы жұмысшы қозғалысының негізгі мәселелері туралы мақалалар жинағы. II бөлім. С.-Петербург, «Прибой» баспасы, 1914

В. И. Ленин «Марксизм және жойымпаздық» деген жинаққа алғы сөз және қорытынды жазды (қараңыз: осы том, 368—370-беттер және Шығармалар, 20-том, 267—276-беттер).

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақтың Ленин жазған жоспары, сондай-ақ оған жазған алғы сөз бен соңғы сөздің жоспары сақталған.

ЕСКЕРТУЛЕР

1 1912 жылы 22 апрельден (5 майдан) бастап Петербургте шығып тұрған күнделікті большевиктік жария *«Правда»* («Шындық») газетінің аттарының бірі.

Күнделікті бұқаралық жұмысшы газетін шығару қажеттігі туралы шешім РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының жұмыс барысында қабылданды. «Правданы» шығаруды әзірлеуде «Звезда» газеті үлкен роль атқарды, ол 1911 жылдың аяғынан бастап күнделікті жұмысшы газетін құру жолында кең науқан ашқан болатын. «Звезда» Петербург жұмысшыларының осындай газетті құруды ұсынған және оны ерікті түрде жиналатын жарналардың есебінен қаржыландырып отыруға әзір екендіктерін білдірген көптеген хаттары мен мақалаларын жариялады. Петербургтің алдыңғы қатарлы жұмысшыларының инициативасы бүкіл Россия жұмысшыларынан қызу қолдау тапты.

«Правда» Ленадағы атқылауға байланысты бүкіл елде бұқаралық саяси стачкалар толқыны кең өріс алған жаңа революциялық өрлеу жағдайында жарыққа шықты. «Жұмысшылардың *дәл апрельдегі өрлеуі,*— деп жазды В. И. Ленин,— жұмысшы газеті «Правданы» құрды» (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 478-бет).

Газет жұмысшылардың өздері жинаған қаржыға шығарылып тұрды; ол 40 мың данаға дейін таратылды, жекелеген номерлерінің тиражы 60 мыңға дейін жетіп жүрді. Күнделікті жұмысшы газетін шығаруды жолға қоюды Ленин Петербург жұмысшылары жүзеге асырған ұлы тарихи іс деп сипаттады.

Ленин «Правдаға» идеялық басшылық етті, газетке күн сайын дерлік жазып тұрды, оның редакциясына нұсқаулар беріп отырды. Ол газеттің жауынгерлік, революциялық рухта болуына күш салды, принципті мәселелер бойынша жеткілікті айқындығы жоқ мақалалар басқаны үшін редакцияны сынап отырды. «Правдада» Лениннің: В. Ильин,

В. Фрей, К. Т., В. И., И., Правдист, Статистик, Читатель, М. Н. деген және басқа бүркеншік аттармен қол қойылған 270-ке жуық мақалалары мен заметкалары жарияланды.

Н. Н. Батурин, Демьян Бедный, К. С. Еремеев, М. И. Калинин, Н. К. Крупская, С. В. Малышев, Л. Р. және В. Р. Менжинскийлер, В. М. Молотов, В. И. Невский, М. С. Ольминский, Н. И. Подвойский, Н. Г. Полетаев, М. А. Савельев, К. Н. Самойлова, Я. М. Свердлов, Н. А. Скрыпник, И. В. Сталин, П. И. Стучка, А. И. Ульянова-Елизарова және басқалар түрлі уақыттарда «Правда» редакциясының мүшелері және белсенді қызметкерлері болды. IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары газетке белсене қатысып тұрды. А. М. Горький «Правдада» өзінің шығармаларын бастырды.

«Правда» партияны халықтың қалың бұқарасымен күн сайын байланыстырып отырды. Газет төңірегінде жұмысшы тілшілердің толып жатқан армиясы қалыптасты. Газеттің әрбір номерінде жұмысшылардың ондаған корреспонденциялары басылып тұрды. Екі жылдан астам уақыт ішінде жұмысшылардың 17 мыңнан аса корреспонденциясы жарияланды. Газет еңбекшілердің правосыздығы туралы жазды, жұмысшылардың экономикалық мұқтаждықтарын көрсететін мысалдар келтірді, стачкалар мен ереуілдердің барысы туралы жазды, өскелең революциялық қозғалысқа басшылық ету жөніндегі партияның саясатын жүргізді, бұқараны пролетарлық ынтымақ, пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеледі. «Правда» жұмысшылар арасында зор беделге ие болды. Газетте патшалық Россиядағы шаруалардың жағдайын баяндауға едәуір орын берілді. Газетте «Шаруалар бөлімі» болды. «Правданың» беттерінде Ленин болашақ революциядағы пролетариаттың гегемондығы жолында, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы жолында дәйекті күрес жүргізді, либерал буржуазияның контрреволюцияшылдығын әшкереледі, IV Мемлекеттік думаның сайлауы науқаны кезінде газет маңызды роль атқарды.

1912 жылғы декабрьдің аяғында (ескіше) РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген Краков кеңесінде «Правда» редакциясының жұмысы туралы мәселе арнайы талқыланды. Кеңес В. И. Ленин әзірлеген ««Правда» газеті редакциясын қайта құру және оның жұмысы туралы» қарарды қабылдады, онда редакцияның қызметін жақсарту жөнінде шаралар белгіленді.

«Правда» редакциясында партияның ұйымдастыру жұмысының едәуір бөлегі шоғырландырылды. Мұнда жергілікті партия ұялары өкілдерімен кездесулер өткізіліп тұрды, фабрикалар мен заводтардағы партиялық жұмыс туралы мәліметтер осында түсіп отырды, партияның Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің партиялық директивалары осы жерден берілді.

«Правданы» полиция үнемі қудалады. Газет өмір сүрген алғашқы жылдың өзінде ғана оның редакторларына қарсы 36 рет сот ісі қозғалды. Редакторлар жалпы алғанда 48 айға жуық түрмеде отырды. Газеттің 41 номері конфискеленді. Патша үкіметі газетті сегіз рет жауып тастады, бірақ ол: «Рабочая Правда», «Северная Правда», «Правда Труда», «За Правду», «Пролетарская Правда», «Путь Правды», «Рабочий», «Трудовая Правда» деген басқа аттармен шыға берді. Осындай қиын жағдайларда большевиктер екі жылдан астам уақыттың ішінде «Правданың» 636 номерін шығарды. 1914 жылы 8 (21) июльде газет жабылды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін ғана «Правда» қайтадан шығарылды. 1917 жылғы 5 (18) марттан бастап «Правда» РСДРП Орталық Комитеті мен Петербург комитетінің органы ретінде шыға бастады. 5 (18) апрельде, шетелден қайтып келген соң, В. И. Ленин редакция құрамына кіріп, «Правдаға» басшылық етуді өз қолына алды. 1917 жылы июль — октябрьде контрреволюциялық буржуазиялық Уақытша үкімет қудалаған «Правда» өзінің атын бірнеше рет өзгертті, «Листок «Правды»», «Пролетарий», «Рабочий», «Рабочий Путь» деген аттармен шығып тұрды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, 1917 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрьден) бастап, партияның Орталық Органы өзінің «Правда» деген бұрынғы атымен шыға бастады.

Большевиктік партия мен революция тарихында «Правданың» маңызы ерекше зор. Партия саясатын жүзеге асыру жолындағы күресте газет коллективтік насихатшы, үгітші және ұйымдастырушы болды. Ол партиялылық жолындағы күрестің бел ортасында болып, жойымпаз-меньшевиктермен, шақырымпаздармен, троцкистермен батыл күрес жүргізді, олардың сатқындық ролін әшкерелеп отырды.

«Правда» халықаралық оппортунизм мен центризмге қарсы күресті. Газет жұмысшыларды революциялық марксизм рухында тәрбиеледі. Ол партияның айтарлықтай өсуіне, оның қатарының топтасуына, оның бұқарамен байланысының нығаюына көмектесті. «Правданың» қызметі нәтижесінде бұқаралық большевиктік партияның берік ірге тасы қаланды. «Правда» тәрбиелеген алдыңғы қатарлы жұмысшылар ұрпағы Ұлы Октябрь социалистік революциясында және социализм құрылысында аса көрнекті роль атқарды.

«Правда» большевиктік баспасөз тарихында аса маңызды орын алады. Ол тұңғыш жария шығатын бұқаралық жұмысшы газеті болды және Россияның жұмысшы табы мен халықаралық пролетариаттың баспасөзін дамытудағы жаңа кезеңді бейнеледі. 1914 жылдан бастап «Правданың» бірінші номері шыққан күн жұмысшы баспасөзінің мереке күніне айналды.

Ленин мына мақалаларында «Правдаға» баға берді: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындылары», «Жұмысшылар

және «Правда»», «Жұмысшы табы мен жұмысшы баспасөзі», «Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің жасайтын баяндамасы және ондағы Орталық Комитет делегациясына берілген жетекші нұсқаулар», «Жұмысшы баспасөзі күнінің қорытындылары жөнінде», ««Правданың» онжылдық мерекесіне» және басқалар (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 472—489-беттер; 22-том, 77—79-беттер; Шығармалар, 20-том, 374—382, 517—560, 574—582-беттер; 33-том, 345—348-беттер).— *2*.

² *«Үш кит»* — жария большевиктік баспасөзде және ашық, жария жиналыстарда негізгі («қысқартылмаған») революциялық үш ұран: демократиялық республика, сегіз сағаттық жұмыс күні, барлық помещиктік жерлерді конфискелеу — шартты түрде осылай аталды.— *3*.

³ Бұл арада 1912 жылы августа Венада болған жойымпаздардың август конференциясы айтылып отыр; осы конференцияда антипартиялық Август блогы құрылды, оның ұйымдастырушысы Троцкий болды. Конференцияға Бундтың, Закавказье облыстық комитетінің, Латыш өлкесі социал-демократиясының және шетелдегі жойымпаздық, троцкистік, шақырымпаздық топсымақтардың («Голос Социал-Демократа», Троцкийдің Венадағы «Правдасы» редакцияларының және «Вперед» тобының) өкілдері қатысты. Россиядан жойымпаздардың Петербургтегі және Москвадағы «инициативалы топтары», Красноярск ұйымы, «Севастополь социал-демократиялық әскери ұйымы», жойымпаздық басылымдар «Наша Заря» мен «Невский Голос» редакциялары делегаттар жіберді; сондай-ақ конференцияға «Спилки» шетелдік комитетінің өкілі қатысты. Делегаттардың басым көпшілігі шетелдерде тұратын, Россияның жұмысшы табынан қол үзген, жергілікті жердегі партиялық жұмыспен тікелей байланысы жоқ адамдар болды.

Конференция социал-демократиялық тактиканың барлық мәселелері бойынша антипартиялық, жойымпаздық шешімдер қабылдады және құпия партияның өмір сүруіне қарсы шықты. Конференция сайлау платформасынан демократиялық республика ұранын алып тастап, оны жалпыға бірдей сайлау правосы және толық билікті Дума болу ұранымен алмастырды; шаруалардың пайдасына помещиктік жерлерді конфискелеу ұранын қабылдамай, конференция III Мемлекеттік дума шығарған аграрлық заңды қайта қарау талабын ұсынды; ұлттардың өзін өзі билеу правосы ұранының орнына конференция партия съездерінің шешімдерінде ұлтшылдықтың көрінісі деп айыпталған мәдени-ұлттық автономия талабын қойды. Конференция сайлау тактикасы туралы мәселе жөнінде либерал буржуазиялық партиялардың кандидаттарын, жалпыға бірдей сайлау правосын және коалициялар бостандығын қорғауды міндетіне алған кандидат-

тарды қолдауға болады деп таныды. Конференцияда қабылданған платформа көрінеу оппортунистік сипатта болды. Ленин бұл платформаға «Реформистердің платформасы және революцияшыл социал-демократтардың платформасы» деген мақаласында баға берді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 22-том, 183—193-беттер).

Жойымпаздардың Россияда өзінің центристік партиясын құрмақ болған әрекетін жұмысшылар қолдамады. Жойымпаздар Орталық Комитетті сайлай алмады да, Ұйымдастыру комитетін құрумен шектелді. Ала-құла элементтерден құралған антибольшевиктік блок конференцияның үстінде-ақ ыдырай бастады, ал мұндай блокты құру, конференцияның басты мақсаты болған еді. Конференцияның аяқталуын күтпей-ақ впередшіл кетіп қалды, көп кешікпей латыш социал-демократтары, одан соң қалған қатысушылар кетті. Август блогы большевиктердің соққысынан бір — бір жарым жылдан кейін іс жүзінде ыдырап кетті. Август блогының ыдырауы туралы В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: ««Август» блогының ыдырауы», ««Августық» жалғандықты әшкерелеу», «Бірлік туралы байбаламды бүркеніп, бірлікті бұзушылық туралы» (Шығармалар, 20-том, 155—158, 181—184, 333—357-беттер).—*3.*

[4] *«Киевская Мысль»* («Киев Ойы») — буржуазиялық-демократиялық бағыттағы күнделікті газет, 1906 жылдан 1918 жылға дейін Киевте шығарылып тұрды. 1915 жылға дейін апта сайынғы суретті қосымшамен шықты; 1917 жылдан—таңертең және кешкісін шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында газет қорғампаздық позиция ұстады.—*6.*

[5] *Кадеттер* — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар болды. Еңбекші бұқараны алдау үшін кадеттер өздеріне «халық бостандығы партиясы» деген жалған ат алды, іс жүзінде олар конституциялық монархияны талап етуден әрі аспады. Кадеттер өздерінің басты мақсаты революциялық қозғалыспен күресу деп білді, өкімет билігін патшамен және крепостник-помещиктермен бөлісуге ұмтылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде олар монархияны сақтап қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие бола отырып, кадеттер халыққа қарсы, американ-ағыл-

шын-француз империалистеріне жағымды контрреволюциялық саясат жүргізді. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жауы болды, барлық контрреволюциялық қарулы қимылдарға және интервенттердің жорықтарына белсене қатысты. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін эмиграцияда жүріп, кадеттер өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекеттерін тоқтатқан жоқ.— *8.*

[6] Әңгіме деревняда кулактар арқылы мықты тірек орнатуды көздеген столыпиндік жер реформасы жөнінде болып отыр. 1906 жылы 9 (22) ноябрьде патша үкіметі шаруалардың қауымнан шығуы және үлесті жерлерді өзінің жеке меншігіне алуы тәртібі туралы указ шығарды. Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік Совет кейбір өзгерістер енгізіп бекіткеннен кейін бұл указ 1910 жылғы 14 июньдегі заң деп аталды. Осы столыпиндік заң (Министрлер советінің председателі П. А. Столыпиннің есімімен аталған заң) бойынша шаруа қауымнан шығып, өзінің үлесті жерін жеке иелігіне алатын және оны сата да алатын болды. Селолық қоғам қауымнан шығушы шаруаларға бір жерден тұтас жер (хутор, отруб) бөліп беруге міндетті еді. Столыпиндік реформа ауыл шаруашылығында капитализмнің даму процесін, шаруалардың жіктелуін күшейтті және деревняда тап күресін шиеленістірді.

В. И. Лениннің бірқатар еңбектерінде, атап айтқанда «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 205—444-беттер) деген еңбегінде столыпиншілдікке сипаттама және баға беріледі.— *9.*

[7] *«Новая Рабочая Газета»* («Жаңа Жұмысшы Газеті») — жойымпаз-меньшевиктердің күнделікті газеті, 1913 жылғы 8 (21) августан 1914 жылғы 23 январьға (5 февральға) дейін Петербургте «Живая Жизньнің» орнына шығарылып тұрды. Ленин оны «Новая Ликвидаторская Газета» деп талай рет атаған болатын.— *13.*

[8] *Бернштейншілдік* — герман және халықаралық социал-демократиядағы марксизмге дұшпан оппортунистік ағым; ол XIX ғасырдың аяғында пайда болды және Герман социал-демократиялық партиясындағы оңшыл оппортунистік тенденциялардың неғұрлым айқын өкілі Эд. Бернштейннің есімімен аталды.

1896—1898 жылдары Бернштейн герман социал-демократиясының теориялық органы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалаларын бастырып, бұл мақалаларында «сын еркіндігі» деген желеумен революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздерін қайта қарауға (ревизиялауға, «ревизионизм» осыдан шыққан), сөйтіп

оларды таптық қайшылықтарды ымыраластыру және таптық ынтымақ жөніндегі буржуазиялық теориялармен алмастыруға тырысты; ол жұмысшы табының қайыршылануы туралы, таптық қайшылықтардың шиеленісуі туралы, дағдарыстар туралы, капитализмнің сөзсіз күйрейтіні туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы Маркстің іліміне шабуыл жасап, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген формулада тұжырымдалған социал-реформизм программасын ұсынды. 1899 жылы Бернштейннің мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып шықты. Бұл кітап герман социал-демократиясының оң қанатынан және II Интернационалдың басқа партияларының оппортунистік элементтерінен, оның ішінде Россия «экономистерінен» қолдау тапты.

Герман социал-демократиялық партиясының съездерінде — Штутгарт (октябрь, 1898), Ганновер (октябрь, 1899) және Любек (сентябрь, 1901) съездерінде — бернштейншілдік айыпталды, алайда партия ымырашылдық позиция ұстап, Бернштейннен іргесін аулақ салмады. Бернштейншілдер «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналында және партия ұйымдарында ревизионистік идеяларды ашық насихаттай берді.

Бернштейншілдікке және Россиядағы оның жақтаушыларына қарсы В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясы ғана дәйекті және батыл күрес жүргізді. Ленин 1899 жылдың өзінде-ақ «Россия социал-демократтарының наразылығында» және «Біздің программа» деген мақаласында бернштейншілдерге қарсы шыққан болатын; сондай-ақ бернштейншілдікті әшкерелеуге оның «Марксизм және ревизионизм», «Европа жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» деген еңбектері және басқалар арналды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189 және 196—204-беттер; 17-том, 15—26-беттер; 20-том, 67—75-беттер).—*14.*

9 *«Речь»* («Тіл») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) іс жүзінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциясымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің және басқалардың белсене ат салысуымен Петербургте шығып тұрды. Газетті 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. Кейіннен газет «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен (1918 жылғы августқа дейін) шығып келді.— *15.*

10 Ленин бұл арада 1913 жылы 25 августа (7 сентябрьде) болған Петербург металлистер одағының басқармасын қайтадан сайлау туралы айтып отыр. Жиналысқа үш мыңға жуық

адам қатысты. Жиналысқа қатысқан жойымпаздар жиналыс жұмысының шырқын бұзуға және жиналғандарды одақтың большевиктік басқармасына қарсы қоюға тырысты, алайда басқармаға оның жұмысы үшін алғыс айтылған қарар зор көпшілік дауыспен қабылданды. Жойымпаздар тізімі 150-ге жуық қана дауыс алды. «Северная Правда» газетінде алдын ала басылған большевиктік тізім басым көпшілік дауыспен қабылданды.— *17.*

11 *1906 жылғы 4 (17) марттағы заң* — қоғамдар, одақтар және көпшілік жиналыстары туралы уақытша ережелер — қоғамдар, одақтар және т. т. құруға рұқсат берді, бірақ сонымен қатар заңды іс жүзінде жоққа шығарған бірқатар кедергілер қойды. Заң ішкі істер министріне, өзінің үйғарымы бойынша, қоғамдар мен одақтарды жауып тастауға ғана емес, жаңа одақтарды тіркеуден бас тартуға да, көпшілік жиналыстарын өткізуге рұқсат етпеуге де право берді.

1905 жылғы 2 (15) декабрьдегі заң деп уақытша ережелер аталды; бұл ережелер бойынша ереуілге қатысу жазаға тартылатын қылмыс деп қаралды.— *18.*

12 *1907 жылы 3 (16) июньде* II Мемлекеттік думаны тарату жөнінде және сайлау заңына өзгерістер енгізу жөнінде патша манифесі жарияланды. Жаңа заң Думада помещиктер мен сауда-өнеркәсіп буржуазиясының өкілдерін айтарлықтай көбейтіп, шаруалар мен жұмысшылардың онсыз да аз өкілдерін бірнеше есе кемітті. Бұл 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифесті және 1906 жылғы Негізгі заңды өрескел бұзғандық болды, бұл манифест пен заң бойынша Мемлекеттік дума мақұлдамайынша үкімет заң шығара алмайтын еді. Осы заң негізінде сайланған және 1907 жылы 1 (14) ноябрьде жиналған III Мемлекеттік дума өзінің құрамы жағынан қаражүздік-октябристік болды.

Үшінші июньдегі мемлекеттік төңкеріс столыпиндік реакция дәуіріне жол ашты.— *21.*

13 *«Енисейская Мысль»* («Енисей Ойы») — либералдық-буржуазиялық бағыттағы күнделікті газет, 1912 жылдан 1915 жылға дейін Красноярскіде шығып тұрды.— *22.*

14 *«Гражданин»* («Азамат») — реакциялық журнал, Петербургте 1872 жылдан 1914 жылға дейін шығып тұрды. XIX ғасырдың 80-жылдарынан — нағыз монархистердің органы; князь Мещерский редакциялады, үкімет қаржы беріп тұрды. Көп тараған жоқ, бірақ чиновниктік-бюрократиялық топтарға ықпал жасап отырды.— *24.*

15 *«Живая Жизнь»* («Өзекті Өмір») — жойымпаз-меньшевиктердің күнделікті жария газеті, 1913 жылғы 11 (24) июльден Петербургте шығып тұрды, жойымпаздық «Луч» газетінің

орнын басты. Барлығы 19 номері шықты; 1 (14) августа газет жабылды. «Живая Жизньнің» орнына 8 (21) августан *«Новая Рабочая Газета»* шыға бастады. «Живая Жизнь» мен «Новая Рабочая Газетаның» редакторы іс жүзінде Ф. И. Дан болды.— *26.*

16 Ленин бұл арада 1898 жылғы 1—3 (13—15) мартта Минскіде болған *РСДРП I съезін* айтып отыр. Съезге 6 ұйымнан: Петербург, Москва, Екатеринослав және Киев «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одақтарынан», Киевтің «Рабочая Газета» тобынан және Бундтан 9 делегат қатысты. Съезд партияның Орталық Комитетін сайлады, «Рабочая Газетаны» партияның ресми органы етіп бекітті, «Манифест» жариялады және «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағын» партияның шетелдегі өкілі деп жариялады (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 11—16-беттер).

РСДРП I съезінің маңызы мынада: ол өзінің шешімдері мен «Манифесте» Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының құрылғанын жариялады және сол арқылы үлкен революциялық-насихатшылық роль атқарды. Алайда съезд программа қабылдаған жоқ, партияның уставын жасай алмады; съезде сайланған Орталық Комитет көп ұзамай тұтқынға алынып, «Рабочая Газетаның» баспаханасы қолға түсті, сондықтан да съезд жекелеген маркстік үйірмелер мен ұйымдарды біріктіріп байланыстыра алмады. Бір орталықтан жасалған басшылық және жергілікті ұйымдардың жұмысында бірыңғай бағыт болмады.—*26.*

17 *«Экономистер»* — экономизмді — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы Россия социал-демократиясындағы оппортунистік ағымды жақтаушылар; экономизм халықаралық оппортунизмнің бір түрі болды. «Экономистердің» баспасөз органдары—«Рабочая Мысль» газеті (1897—1902) және «Рабочее Дело» журналы (1899—1902) болды. Ленин орыс бернштейншілдері деп атаған «экономистердің» программалық документі 1899 жылы Е. Д. Кускова жазған «Credo» дейтін болды.

«Экономистер» саяси күрес либерал буржуазия айналысатын іс деп санап, жұмысшы табының міндеттерін жалақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту және т. б. жолындағы экономикалық күреспен шектеді. Олар партия қозғалыстың стихиялық процесіне сырттай зер салып, оқиғаларды тіркеп отырушы ғана болуға тиіс деп санап, жұмысшы табы партиясының басшылық ролін теріске шығарды. Жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иген «экономистер» революциялық теорияның, саналылықтың маңызын төмендетті, социалистік идеология стихиялы жұ-

мысшы қозғалысынан пайда бола алады деп пайымдады; олар жұмысшы қозғалысына социалистік сананы сырттан, маркстік партияның енгізуі қажеттігін теріске шығарды, сөйтіп бұл арқылы буржуазиялық идеологияға жол ашып берді. «Экономистер» жұмысшы табының бір орталыққа бағындырылған партиясын құрудың қажеттігіне қарсы шығып, социал-демократиялық қозғалыстағы бытыраңқылық пен майдагерлікті қорғады. «Экономизм» жұмысшы табын таптық революциялық жолдан тайдырып, оны буржуазияның саяси шылауына айналдыру қаупін туғызды.

Лениннің мына шығармалары «экономистердің» көзқарастарын жан-жақты сынауға арналған: «Россия социал-демократтарының наразылығы» («Credo»-ға қарсы бағытталған, 1899 жылы Сибирьде айдауда жүргенде жазылған, айдаудағы он жеті марксист қол қойған), «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты», ««Profession de foi» жөнінде», «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 260—297, 337—348-беттер; 5-том, 392—400-беттер). Ленин «Не істеу керек?» деген кітабында «экономизмді» идеялық жағынан біржола талқандады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер). «Экономизммен» күресте лениндік «Искра» үлкен роль атқарды.— *33.*

18 В. И. Ленин столыпиндік реакция дәуіріндегі патша өкіметінің эволюциясын сипаттай келіп, 1908 жылғы РСДРП-ның бесінші (Жалпы россиялық) конференциясының «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» деген қарарынан цитат алып отыр. Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 269-бет.— *34.*

19 1906 жылы 10—25 апрельде Стокгольмде өткен РСДРП төртінші (Бірігу) съезінде РСДРП екінші съезі қабылдаған партия уставы бірінші параграфының Мартов ұсынған тұжырымы алынып тасталып, Ленин ұсынған тұжырым қабылданды, бұл тұжырым бойынша «партия программасын қабылдаушы, партияны материалдық қаражатпен қолдаушы және қандай да болсын бір партия ұйымына кіруші әрбір адам» партия мүшесі деп саналады (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 196-бет).— *35.*

20 *«Понтийден Пилатқа сілтеу»* деген сөз өзінің екіжүзділігімен және мейірімсіздігімен атағы шыққан, біздің заманның 26—36 жылдарында Иудеяда Рим прокураторы (наместнигі) болған Понтий Пилаттың (Pontius Pilatus) есімімен байланысты; біреу-міреуді сілікпесі шыққанша әуре-сарсаңға са-

луды білдіреді, өйткені бұл есімдердің екеуі де бір адамдікі. Бұл сөз тіркесін В. И. Ленин жиі қолданады.— *37.*

21 *Француз социалистік партиясының Брест (X) съезі* 1913 жылы 10—16 (23—29) мартта Брест қаласында (Франция) өтті.— *39.*

22 Ленин бұл арада 1913 жылы 29 июньде — 3 июльде (12—16 июльде) Москвада өткен сауда-өнеркәсіп қызметшілерінің төртінші съезін айтып отыр. Съезде 378 делегат болды. Барлық делегаттардың жартысы дерлік большевиктерге қосылды, сондай-ақ большевиктер съездің солшыл халықшылдық бөлегін соңынан ертіп, солармен бірге съезде көпшілік болды. Жойымпаздар болмашы ғана топ құрады. Съезд жұмысы «Правда» беттерінде жан-жақты жазылды. Съезд ішкі істер министрінің жарлығы бойынша жабылды.— *44.*

23 *«Наша Заря»* («Біздің Таң») — жойымпаз-меньшевиктердің ай сайын шыққан жария журналы; 1910 жылғы январьдан 1914 жылғы сентябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға А. Н. Потресов басшылық етті, оған Ф. И. Дан, С. О. Цедербаум (В. Ежов) және басқалар қатысты. «Наша Заряның» төңірегінде Россиядағы жойымпаздардың орталығы құрылды. 1912 жылғы РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының қарарында былай деп атап көрсетілген: «Социал-демократияның «Наша Заря» мен «Дело Жизни» журналдарының төңірегіне топтасқан бір бөлегі бүкіл партия пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың нәтижесі деп таныған ағымды ашық қорғап шықты» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 21-том, 166-бет).—*47.*

24 *«Луч»* («Сәуле») — жойымпаз-меньшевиктердің күнделікті жария газеті, 1912 жылғы 16 (29) сентябрьден 1913 жылғы 5 (18) июльге дейін Петербургте шығып тұрды. 237 номері шықты. Газет негізінен либералдардың ақшалай жәрдемі есебінен өмір сүрді. Газетке идеялық басшылық ету П. Б. Аксельродтың, Ф. И. Данның, Л. Мартовтың, А. С. Мартыновтың қолында болды. Газет беттерінде жойымпаздар большевиктердің революциялық тактикасына қарсы шықты, «ашық партия» дейтінді құру жөніндегі оппортунистік ұранды уағыздады, жұмысшылардың революциялық бұқаралық стачкаларына қарсы шықты, партия программасының аса маңызды қағидаларын ревизиялауға әрекет жасады. Ленин ««Луч» либералдық саясаттың құлдығына түскен» деп жазып, газетті ренегаттардың органы деп атады.—*47.*

25 Ленин Н. А. Некрасовтың «Қырқыншы жылдар адамы» деген өлеңіндегі:

«Кейде бір қиын-қыстау мәселеде
Жалтарып, жанамалап өте шығар...»

(Н. А. Некрасов. Шығармаларының үш томдығы, екінші том, М., 1953, 99-бет) деген жолдарын шамалы өзгертіп цитатқа келтіреді.— *47.*

[26] *РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген кеңесі* (құпиялықты сақтау мақсатымен «жазғы» деп аталған кеңесі) 1913 жылы 23 сентябрьде —1 октябрьде (6—14 октябрьде) Поронин деревнясында (Краков маңында) өтті; осы кезде сол деревняда В. И. Ленин тұрды. Бұл— Орталық Комитеттің Прага конференциясынан кейінгі кеңейтілген екінші кеңесі еді, кеңес Орталық Комитеттің Краков кеңесі өткеннен кейінгі уақыттағы большевиктік партияның жұмысына қорытынды жасады және партияның жаңа міндеттерін белгілеп берді.

Поронин кеңесінде 22 делегат (шешуші дауыспен 17 және кеңесші дауыспен 5 делегат) болды. 16 делегат (төрттен үші дерлік) жергілікті партия ұйымдарының өкілдері еді: Петербургтен — Инесса Арманд, А. Е. Бадаев және А. В. Шотман; Москва мен Орталық-өнеркәсіпті облыстан — Ф. А. Балашов, Я. Т. Новожилов. Р. В. Малиновский және А. И. Лобов (соңғы екеуі арандатушылар болып шықты); Екатеринославтан — Г. И. Петровский; Харьковтан — М. К. Муранов; Костромадан — Н. Р. Шагов; Киевтен — Е. Ф. Розмирович («Галина»); Уралдан — С. И. Дерябина («Сима», «Елена»).

В. И. Ленин, Н. К. Крупская, А. А. Трояновский және басқалар Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының, партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» газеті мен «Просвещение» журналының өкілдері еді. IV Мемлекеттік думаға депутат-большевиктер өздері Думаға сайланған сол қаланың жергілікті партия ұйымы мен сайлау округінің де өкілі болды. Кеңеске кеңесші дауыс правосы бар поляк социал-демократиясының сол қанатының өкілдері «розламовыйлар»— Я. С. Ганецкий, Г. Каменский («Домский») және басқалар қатысты.

Кеңестің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды:

1) Жергілікті жерлердің баяндамалары, Польша мен Литва социал-демократиясының жұмысы туралы баяндама, Прага конференциясында сайланған Орталық Комитеттің жұмысы туралы есеп; 2) Үгіттің қазіргі кезеңдегі міндеттері туралы; 3) Ұйымдастыру мәселесі және партия съезі туралы; 4) Стачкалық қозғалыс туралы; 5) Партия баспасөзі туралы; 6) Социал-демократтардың думадағы жұмысы туралы; 7) Думадағы социал-демократиялық фракция туралы; 8) Жария қоғамдардағы жұмыс туралы; 9) Ұлт мәселесі; 10) Халықшылдар туралы; 11) Жақын арада (Венада) болғалы тұрған халықаралық социалистік конгресс туралы.

Кеңесті В. И. Ленин басқарды. Ол кеңесті кіріспе сөзбен ашты, Орталық Комитеттің жұмысы туралы есепті баяндама, ұлт мәселесі жөнінде, Венада өтетін халықаралық социалистік конгресс туралы баяндама жасады. Сонымен қатар Ленин күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дерлік жарыс сөздерде сөйледі, жергілікті партия ұйымдары делегаттарының сөздерін жазып отырды, өз ұсыныстарын енгізді, қарарлардың жобаларын әзірлеп, оларды редакциялады.

Жергілікті жерлердің баяндамаларында делегаттар құпия, астыртын жағдайларда өмір сүріп, партиялық жұмыс жүргізудің тәжірибелерін ортаға салды. Жария ұйымдарда — кәсіподақтарда, қауіпсіздендіру ұйымдарында және ауырғандарға жәрдем беру кассаларында, тұтынушылар қоғамдарында, т. б. партиялық жұмыстың нәтижелі өріс алғандығы көрсетіліп, партиялық құпия жұмыс пен жария жұмысты икемді ұштастыру атап айтылды. Баяндамалар большевиктердің беделі жұмысшылар арасында мықтап өскендігін көрсетті. Партия ұйымдарында жұмысшылар арасынан ұйымдастырушыларды, насихатшыларды өсіру кең өріс алғандығы баяндамаларда атап айтылды. Кеңес бұл фактіні партия құрылысы саласында алға басқан ірі қадам деп сипаттады.

Жергілікті партия ұйымдарын нығайтумен қатар, облыстық бірлестіктер құру ісі де кезектегі ең маңызды міндет екенін кеңес атап көрсетті, сонымен бірге облыстық және бүкіл россиялық басшылық ісін жұмысшылар өз қолдарына алуы тиіс екені де атап айтылды. Жұмысшылар өз ортасынан жұрт сенген, жергілікті партия жұмысына басшылық жасауда тәжірибеге ие болған адамдарды ұсынуға тиіс, партия олардың ішінен орталық партия қызметіне кандидаттар таңдап алатындай болуы керек. Жұмысшы қозғалысының әрбір ірі орталығында жұрт сенген адамдарды мүмкіндігінше көп ұсыну жергілікті ұйымдарға тапсырылды.

Жергілікті жерлердің баяндамаларынан кейін В. И. Ленин партияның Орталық Комитетінің жұмысы туралы есепті баяндама жасады. Баяндамасының тексті табылған жоқ. А. Е. Бадаев өзінің естелігінде Ленин жасаған баяндаманың кейбір жерлерінің қысқаша мазмұнын баяндайды. Ленин есепті баяндамасында былай деп көрсетті: революциялық қозғалыстың дамуы және Россияда партиялық жұмыстың табысты болуы большевиктік партияның 1912 жылғы Прага конференциясы мен РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген 1913 жылғы Краков кеңесі белгілеген бағытының дұрыс екендігін дәлелдеп берді. IV Дума сайлауында қол жеткен аса көрнекті табыс, жария «Правда» газетін құру, Петербургте металлистер одағы басқармасын сайлаудағы қол жеткен табыс, елдегі стачкалық қозғалыстың жоғары өрлеуі — осының бәрі Орталық Комитеттің басшылығымен партия жүргізген жұмыс-

тың нәтижесі. «Сөйтіп,— деп мәлімдеді Ленин кеңесте,—біз алға қойған міндеттерді ақырына дейін орындап шықтық деп еркін айта аламыз. Жергілікті жерлердің баяндамалары жұмысшылардың өз ұйымдарын құрып, нығайтуға ынталы, мүдделі екенін көрсетті. Өз ұйымдарын жұмысшылардың өздері ғана құра алады, мұны жұмысшылар білуі керек. Ұйымды олардың өздерінен басқа ешкім де құрмайды» (А. Бадаев—«Большевиктер Мемлекеттік думада», 1939, 186-бет). Орталық Комитеттің секретары Н. К. Крупская өзінің кеңесте сөйлеген сөзінде Орталық Комитеттің ұйымдастыру-техникалық жұмысы жөнінде — хат-хабар алысу, байланыс, транспорт жөнінде, Орталық Комитеттің жұрт сенген адамдары мен агенттері жөнінде хабарлады, бұлар ірі қалалардың көбінде бар еді.

Орталық Комитеттің есепті баяндамасы мен жергілікті жерлердің баяндамалары бойынша кеңес Ленин жазған екі қарарды: «Үгіттің қазіргі кезеңдегі міндеттері туралы» және «Ұйымдық мәселе жөніндегі және партия съезі туралы» қарарлар қабылдады; бұл қарарларда партияның міндеттері және жаңа тарихи жағдайлардағы партиялық жұмыстың негізгі формалары белгіленді. Кеңес құпия партия ұйымдарын және олардың бұқарамен жария, жартылай жария байланыстарын нығайту арқылы ғана, жойымпаздармен және келісімпаздармен күресте ғана жұмысшы табының нағыз бірлігі жүзеге асырылады деп атап айтты.

Үгіт жұмысы туралы қарарда кеңес былай деп көрсетті: партияның негізгі міндеті патша өкіметін құлату жолында, демократиялық республика жолында бұқара арасында кең үгіт жүргізу болып табылады және большевиктік программа-минимумның негізгі революциялық талаптары: демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні және помещиктік жерлерді конфискелеу бұрынғысынша басты революциялық ұрандар болып қала береді. Кеңес бүкіл россиялық саяси стачкаға әзірлік жолындағы үгітті дереу және барлық жерде кең өрістету жөнінде қаулы алды, бұл стачканы 1914 жылғы 9 январь күніне ұштастырып өткізу ұйғарылды.

Кеңесте ұлт мәселесі басты мәселелердің бірі болды, ол кезде ұлт мәселесі Россияның қоғамдық өмірінде басқа мәселелердің ішінде маңызды мәселеге айналған еді.

Ұлт мәселесі туралы баяндамасында Ленин былай деп атап айтты: ұлттық езгіге қарсы күрес патша өкіметіне қарсы күреспен, бостандық және демократия жолындағы күреспен тығыз байланысты. Бұл күрес Россияның барлық ұлттары жұмысшыларын бірыңғай пролетарлық ұйымдарға топтастырған жағдайда ғана табысты бола алады. Кеңес партияның программасына сүйене отырып, меньшевиктер мен бундшылдардың «мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі оппортунистік талабын үзілді-кесілді қабылдамай тастады да, Ленин талдап жасаған ұлт мәселесі жөніндегі программа-

лық қағиданы қабылдады. Кеңес ұлттың өзін өзі билеу правосы, яғни бөлініп шығуға және дербес мемлекет құруға праволы болуы партияның ұлт мәселесі жөніндегі негізгі ұраны болып қалатынын қуаттады; (ұранның екінші бөлегі партиялық документте бірінші рет тұжырымдалды), сонымен қатар белгілі бір ұлттың бөлініп шығуының тиімді-тиімсіздігі туралы мәселе бүкіл қоғамдық даму мүдделері мен пролетариаттың социализм жолындағы таптық күресі мүдделері тұрғысынан қаралып, әрбір жеке жағдайда дербес шешілуі керек. Кеңес қабылдаған ұлт мәселесі туралы қарарды Ленин партияның программалық декларациясы деп білді. Кеңес ұлттық программа туралы мәселені алдағы партия съезінің күн тәртібіне енгізу жөнінде шешім қабылдады.

Думадағы социал-демократиялық фракция туралы қарарда кеңес фракцияның большевиктік бөлегі мен меньшевиктік бөлегінің тең праволы болуын талап етті және бір дауыстың кездейсоқ артық болуын пайдаланып, фракцияның меньшевиктік бөлегінің Россия жұмысшыларының орасан көпшілігінің өкілдері болып отырған большевик-депутаттардың ең қарапайым праволарын бұзған әрекеттерін үзілдікесілді айыптады. Лениннің және большевиктік партияның Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша большевик-депутаттар 1913 жылы октябрьде біріккен социал-демократиялық фракциядан шығып, Мемлекеттік думада дербес большевиктік фракция («Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясын») құрды.

1914 жылы Венада болатын халықаралық социалистік конгресс туралы баяндамада Ленин конгресспен бір мезгілде партия съезін шақыруды белгілеп, конгреске құпия және жария ұйымдардан делегаттарды мүмкіндігінше көп жіберуді ұсынды.

Кеңес Лениннің қорытынды сөзімен жабылды. Талқылаған мәселелердің және сол мәселелер бойынша қабылданған шешімдердің маңыздылығы себепті Поронин кеңесі өзінің мәні жағынан партия конференциясына барабар болды. Поронин кеңесінің протоколдары табылған жоқ. Кеңес жөніндегі хабар мен қабылданған қарарларды Орталық Комитет шетелде жеке кітапша («РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген 1913 жылғы жазғы кеңесінің хабары мен қарарлары») етіп басып шығарды. Құпиялықты сақтау мақсатында кейбір қарарлар толық жарияланған жоқ: стачкалық қозғалыс туралы қарардың 6-пункті мен партия баспасөзі туралы қарардың 1—5-пункттері енгізілмеді. Қарарлардың толық тексті гектографта басылған құпия басылымда жарияланды. Полиция департаментінде Орталық Комитеттің Поронин кеңесі жөнінде материалдар бар, департамент арандатушылар Малиновский мен Лобов арқылы кеңес жөнінде толық хабардар болып отырған. — *51.*

27 Партияның Прага конференциясы қабылдаған ««Петициялық науқан» туралы» қарар цитатқа алынып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің. конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 370-бет).

РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясы 1912 жылы 5—17 (18—30) январьда Прагада өтті. Конференция іс жүзінде съездің ролін атқарды.

Конференцияда 20-дан астам партия ұйымының өкілдері болды. Петербургтен, Москвадан, Орталық-өнеркәсіпті облыстан, Саратовтан, Тифлистен, Бакуден, Николаевтан, Қазаннан, Киевтен, Екатеринославтан, Двинскіден және Вильнодан делегаттар қатысты. Полициялық қудалаулар мен басқа да қиыншылықтар Екатеринбург, Тюмень, Уфа, Самара, Нижний Новгород, Сормово, Луганск, Дондағы Ростов, Барнаул және басқа партия ұйымдарының, делегаттарының конференцияға келуіне кедергі жасады. Бұл ұйымдар конференцияға қосылатындығы жөнінде жазбаша мәлімдемелер жіберді. Конференцияға Орталық Орган редакциясы — «Социал-Демократ» газетінің, «Рабочая Газета» редакциясының, Шетелдік ұйым комитетінің, РСДРП Орталық Комитеті транспорт тобының өкілдері қатынасты. Партияшыл-меньшевик екі делегатты айтпағанда, делегаттардың құрамы большевиктік болды. Конференция делегаттарының ішінде: Г. К. Орджоникидзе — Тифлис ұйымынан, С. С. Спандарян — Бакуден, Е. П. Онуфриев— Петербургтен, Ф. И. Голощекин — Москвадан болды. Шетелдік ұйым комитетінен — Н. А. Семашко, Орталық Комитеттің транспорт тобынан — И. А. Пятницкий болды.

В. И. Ленин конференцияга Орталық Орган редакциясынан қатысты.

Конференцияға Ленин басшылық етті. Ол конференция ашыларда, оны заңдастыру туралы мәселе жөнінде сөз сөйледі, қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы, Халықаралық социалистік бюроның жұмысы туралы баяндамалар жасады, Орталық Органның жұмысы туралы, ашаршылықпен күресте социал-демократияның міндеттері туралы, ұйымдық мәселе жөнінде, шетелдегі партия ұйымының жұмысы туралы және басқа мәселелер жөнінде хабарлама жасады, сондай-ақ жарыс сөзде сөз сөйледі. Ленин конференцияның күн тәртібіне қойылған барлық аса маңызды мәселелер бойынша қарарлар жобаларының авторы болды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 133—172-беттер).

Лениннің «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» баяндамасында және конференцияның қарарында елдегі саяси жағдайға терең талдау жасалды, бұқараның революциялық пиғылының өсіп келе жатқаны көрсетілді. Конференция шаруаларды өзінің соңынан ерткен пролетариаттың өкімет билігін жеңіп алу міндеті бұрынғысынша

Россиядағы демократиялық төңкерістің міндеті болып қала беретінін атап көрсетті.

Партияны оппортунистерден тазарту конференцияның аса маңызды ісі болды. Конференция қабылдаған «Жойымпаздық туралы және жойымпаздар тобы туралы», «Шетелдегі партия ұйымы туралы» қарарлардың орасан зор принциптік және практикалық маңызы болды. Жойымпаздар жария екі журналдың—«Наша Заря» мен «Дело Жизнидің» төңірегіне топтасты. Конференция ««Наша Заря» мен «Дело Жизни» тобы өзінің әрекетімен өзін біржолата партиядан тыс қойды» деп мәлімдеді. Жойымпаздар РСДРП қатарынан шығарылды. Конференция шетелдегі антипартиялық топтардың — голосшыл-меньшевиктердің, впередшілдердің, троцкистердің іс-әрекеттерін айыптады. Конференция шетелде Орталық Комитеттің бақылауымен және басшылығымен партияға жәрдемдесу жұмысын жүргізетін біртұтас партия ұйымының болуын сөзсіз қажет деп таныды және «социал-демократиялық жұмыстың орыстық орталығына, яғни Орталық Комитетке бағынбайтын және Россиямен Орталық Комитеттен тыс ерекше қатынастар жасау арқылы жұмысқа іріткі салатын» шетелдік топтарды «РСДРП атағымен пайдалана алмайды» деп көрсетті. Бұл қарарлар Россиядағы маркстік партияның бірлігін нығайтуда орасан зор роль атқарды.

IV Мемлекеттік дума сайлауы науқанына қатысу туралы мәселе конференцияның жұмысында үлкен орын алды. Конференция партияның сайлаудағы және социал-демократиялық фракцияның Думаның өзіндегі негізгі міндеті социалистік таптық насихат пен жұмысшы табын ұйымдастыру екенін атап көрсетті. Конференция программа-минимумның негізгі талаптарын: демократиялық республиканы, 8 сағаттық жұмыс күнін, бүкіл помещиктік жерді конфискелеуді партияның Дума сайлауы кезіндегі басты сайлау ұрандары етіп ұсынды.

Конференция «Партия жұмысының сипаты және ұйымдық формалары туралы» қарар қабылдады, партияның ұйымдық уставына енгізілетін өзгерістердің Ленин ұсынған жобасын бекітті, партияның Орталық Органы етіп «Социал-Демократ» газетін бекітті, партияның Орталық Комитетін сайлады және Орталық Комитеттің Орыс бюросын құрды.

РСДРП Прага конференциясы большевиктер партиясының, жаңа түрпатты партияның құрылысында аса үздік роль атқарды. Конференция большевиктердің меньшевиктерге қарсы күрестегі тұтас бір тарихи кезеңнің қорытындысын шығарды, большевиктердің жеңісін баянды етті. Жойымпаз-меньшевиктер партиядан қуылды. Конференция шешімдері негізінде жергілікті жерлердегі партия ұйымдары топтаса түсті. Конференция партияны жалпы россиялық ұйым ретінде нығайтты. Конференция жаңа революциялық өрлеу жағдайында партияның саяси бағыты мен тактика-

сын белгілеп берді. Оппортунистерден арылған большевиктер партиясы халық бұқарасының революциялық күресінің қуатты жаңа өрлеуін басқарды. Прага конференциясының халықаралық зор маңызы болды. Конференция II Интернационал партияларының революциялық элементтеріне оппортунизмге қарсы батыл күрес жүргізудің үлгісін көрсетіп, бұл күресті оппортунистерден ұйымдық жағынан толық ажырасуға дейін жеткізді. — *57.*

28 *РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген кеңесі,* құпиялықты сақтау мақсатымен «февраль» кеңесі деп аталған кеңес, 1912 жылғы 26 декабрьде — 1913 жылғы 1 январьда (1913 жылғы 8—14 январьда) Краковта өтті. Оның жұмысына В. И. Ленин, Н. К. Крупская, И. В. Сталин, IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары А. Е. Бадаев, Г. И. Петровский, Н. Р. Шагов және басқалар қатысты. Кеңесте Петербургтің, Москва облысының, Оңтүстіктің, Уралдың және Кавказдың құпия партия ұйымдарының өкілдері болды. Краков кеңесі В. И. Лениннің председательдік етуімен өтті. Ол «Революциялық өрлеу, стачкалар және партияның міндеттері» деген, «Жойымпаздыққа көзқарас туралы және бірлік туралы» баяндамалар жасады (баяндамалардың тексті сақталмаған), кеңестің барлық қарарларын әзірледі және редакциялады, РСДРП Орталық Комитетінің кеңес туралы «Хабарын» жазды.

Кеңес жұмысшы қозғалысының аса маңызды мәселелері жөнінде: жаңа революциялық өрлеуге және стачкалық қозғалыстың өсуіне байланысты партияның міндеттері туралы, құпия ұйымды құру туралы, Думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысы туралы, қауіпсіздендіру науқаны туралы, партиялық баспасөз туралы, ұлттық социал-демократиялық ұйымдар туралы, жойымпаздыққа қарсы күрес және пролетариат партиясының бірлігі туралы шешімдер қабылдады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 22-том, 277—300-беттер).

Кеңестің шешімдері партияны және оның бірлігін нығайтуда, партияның еңбекшілердің қалың бұқарасымен байланысын ұлғайтуда және нығайтуда, жұмысшы қозғалысы өрлеп келе жатқан жағдайда партиялық жұмыстың жаңа формаларын жасауда үлкен роль атқарды.

Краков кеңесінің қарарларын РСДРП Орталық Комитеті бекітті және кеңес жұмысы аяқталғаннан кейін көп ұзамай гектографта басылып шығарылды. 1913 жылы февральдың (жаңаша) бірінші жартысында қарарлар Орталық Комитеттің кеңес туралы «Хабарымен» бірге Парижде жеке кітапша болып басылып шықты. Кеңес аяқталғаннан кейін, сірә, Орталық Комитеттің жабық мәжілісінде талқыланған ««Правда» газетінің редакциясын қайта құру және оның жұмысы туралы» қарар құпиялық мақсатымен жарияланған жоқ. Қаулының Н. К. Крупскаяның қолымен жазылған ко-

шірмесі сақталған (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 22-том, 299—300-беттер).

Кеңестің протоколдары сақталмаған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде кейбір мәселелерді талқылаудың барысындағы жарыс сөздер бойынша Лениннің тек қысқаша конспект түріндегі жазбалары мен революциялық өрлеу, стачкалар және партияның міндеттері туралы оның баяндамасының қысқаша жоспары бар. — *58.*

29 *Партия съезін* шақыруды 1914 жылы августа Венада өткізілмекші болған халықаралық социалистік конгреске ұштастыру ұйғарылған болатын. Съезді әзірлеу үшін Орталық Комитеттің орыс коллегиясы жанынан съезд шақыру жөніндегі ұйымдастыру комиссиясы құрылды. Сондай-ақ Москвада, Кавказда, Оңтүстік пен Уралда комиссиялар құруға ұйғарылды. Съезд алдында Орталық Комитеттің агенттері ұйымдастыру мәселесімен жергілікті партия ұйымдарына баруға, сондай-ақ Мемлекеттік думаның мүшелері большевик-депутаттар да жер-жерге баруға тиіс болды. Әрбір депутаттың жұмыс жүргізуге тиіс ауданын В. И. Лениннің өзі бөліп берді. Петровский Украинадан кейін Эстонияға, Муранов — Уралға, Шагов — Костромадан кейін Владимирге баруға тиіс болды. Бадаев Петербургте жұмыс істеумен бірге Поволжьеге және Кавказға баруға тиіс болды.

1914 жылы апрельде Думадағы большевиктер фракциясы партия съезіне әзірлік жұмысын күшейте түсу жөнінде В. И. Ленин нұсқау алды. Әсіресе 1914 жылдың көктемі мен жазында съезге әзірлік жұмысы мықтап өрістеді. Съездің күн тәртібі, тіпті оның құрамы да белгіленді. Съезде мына мәселелер талқыланбақшы болды: Орталық Комитеттің есебі және жергілікті жерлердің есебі, саяси кезең, партияның ұйымдық міндеттері, стачкалық қозғалыстың міндеттері, қауіпсіздендіру қозғалысының тактикасы, программа-минимумге енгізілетін кейбір толықтырулар, ұлт мәселесі, Халықаралық социалистік бюро жанындағы кеңеске байланысты жойымпаздар туралы, буржуазиялық баспасөзге қатысу және сол кезеңдегі басқа да актуалды мәселелер. 1914 жылы июльдің аяғына таман съезге әзірлік жұмысы және халықаралық социалистік конгреске сайлау аяқталып қалған еді. Делегаттардың көпшілігі сайланды, тапсырмалар талданып жасалды, мандаттар жиналды. Сондай-ақ, техникалық жағын ұйымдастыру — құпия кездесетін орындар, маршруттар, паспорттар дайындау да аяқталған еді. Бірақ соғыс жариялау және соның ізінше реакцияның өршеленуі елдегі жағдайды күрт өзгертіп жіберді. Ал соғыс басталысымен шекараның жабылуы басқа елдермен қандай да болсын байланысты үзіп тастады. Партияның кезекті съезі қолайлы кезеңге дейін кейінге қалдырылды. Мұндай жағдайда Халықаралық конгресті де өткізуге болмайтын еді. Партия

съезі өткізілмегенімен, оған әзірлік партия ұйымдарын күшейтуде және нығайтуда үлкен роль атқарды. — *58.*

30 Әңгіме *«Наш Путь»* («Біздің Жол») газеті жайында болып отыр. Москвада жария жұмысшы газетін шығару қажеттігі туралы Ленин 1912 жылдың жазында-ақ айтқан болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 482-бет). Сонымен бірге Ленин әуелі «Правданы» нығайтып алу қажет, ал содан соң Москвада—«Московская Правданы», А. М. Горькийге жазған хатында ол газетті осылай атады, ұйымдастыру қажет деп есептеді. Москвада партиялық органды шығару туралы мәселе РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің 1913 жылы 27 июльде (9 августа) Поронинде партия қызметкерлерімен өткізілген кеңесінде талқыланған болатын.

Москваның жұмысшы газетіне ақша жинау «Правда» редакциясы арқылы ұйымдастырылды. 1912 жылы 24 ноябрьде «Правда» Москваның бір топ жұмысшыларының хатын басты, онда Москвада жұмысшы газетін ашудың маңыздылығы және мұның дер кезінде қойылып отырғандығы көрсетілді. Жұмысшылар газет қорына ақша жинауға шақырған үндеу тастады. Үндеуді жұмысшылар қолдап, іліп әкетті. Газетті шығару Москваның партия қызметкерлерінің біразының тұтқынға алынуы салдарынан кідіріп қалды.

Москваның жұмысшы газеті —«Наш Путьтің» бірінші номері 1913 жылы 25 августа (7 сентябрьде) шықты. В. И. Ленин газетке белсене қатысты, ол өзінің мақалаларын «Правдаға» да, «Наш Путьке» де жіберіп отырды. «Наш Путь» газетінде Лениннің бірқатар мақалалары басылды, олар: «Россиялық буржуазия және россиялық реформизм», «Азаттық қозғалысында сословиелер мен таптардың ролі», «Дублиндегі таптық шайқас», «Дублиндегі шайқастан кейін бір апта өткен соң», «Саясаттың принциптік мәселелері», «Гарри Квелч» және басқалар.

«Наш Путь» газеті қызметкерлері ішінде мыналар болды: А. М. Горький, Демьян Бедный, М. С. Ольминский, И. И. Скворцов-Степанов, И. В. Сталин, IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары — А. Е. Бадаев, Ф. Н. Самойлов, Н. Р. Шагов.

«Наш Путь» газеті жұмысшылар арасында үлкен беделге ие болды, жұмысшылардың 395 тобы өздерінің жинаған ақшасымен газетті қолдап отырды. Газет полиция тарапынан үздіксіз қуғынға ұшырады, сөйтіп 1913 жылы 12 (25) сентябрьде жабылды; барлығы 16 номері шықты. Газеттің жабылуына Москва жұмысшылары ереуіл жасап қарсылық білдірді, бірақ оны қайтадан шығарудың сәті түспеді.— *59.*

31 *«Просвещение»* («Ағарту») — ай сайын шыққан большевиктік теориялық жария журнал; 1911 жылғы декабрьден 1914 жылғы июньге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналдың тиражы 5 мың данаға дейін жетті.

Журнал Москвада шығып тұрған, патша үкіметі жауып тастаған большевиктік «Мысль» журналының орнына В. И. Лениннің инициативасы бойынша құрылды. Журналға В. В. Воровский, А. И. Ульянова-Елизарова, Н. К. Крупская, В. М. Молотов, М. С. Ольминский, И. В. Сталин, М. А. Савельев қатысып тұрды. Ленин «Просвещениенің» беллетристика бөліміне басшылық ету ісіне А. М. Горькийді тартты. Ленин Париждеи, ал кейін Краков пен Поронинпен «Просвещениеге» басшылық етіп отырды, мақалаларды редакциялады, редакциялық коллегия мүшелерімен ұдайы хат жазысып тұрды. Журналда Лениннің «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі», «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар», «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы», «Бірлік туралы байбаламды бүркеніп, бірлікті бұзушылық туралы» деген және басқа еңбектері жарияланды.

Журнал оппортунистерді — жойымпаздарды, шақырымпаздарды, троцкистерді, сондай-ақ буржуазияшыл ұлтшылдарды әшкереледі, жұмысшы табының жаңа революциялық өрлеу жағдайындағы күресін жазып тұрды, IV Мемлекеттік дума сайлауы науқаны тұсында большевиктік ұрандарды насихаттады; ол II Интернационал партиялары ішіндегі ревизионизмге және центризмге қарсы шықты. Журнал Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшыларына маркстік интернационалдық тәрбие беруде үлкен роль атқарды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында «Просвещение» журналын патша үкіметі жауып тастады. 1917 жылдың күзінде журналды шығару қайта қолға алынды, бірақ бір (қосарланған) номері шықты, онда Лениннің «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?», «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген еңбектері басылды.—*60.*

32 Бұл арада ең алдымен большевиктік жария кітап баспасы — «Прибой» жайында айтылып отыр, ол 1913 жылдың бас кезінде Петербургте құрылды және партияның Орталық Комитетінің басшылығымен жұмыс істеді.

«Прибой» баспасы жұмысшы қозғалысының сан алуан мәселелеріне үн қосып отырды. «Қауіпсіздендіру науқаны» деп аталатын кезеңде пайда болған баспа жұмысшыларды әлеуметтік қауіпсіздендіру мәселелері жөнінде көптеген әдебиет шығарды. Одан әрі баспа партияның Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша әлеуметтік-саяси және партиялық мәселелер жөнінде көпшілікке арналған үгіт-насихат сипатындағы кітапшалар шығаруға үлкен көңіл бөлді. 1913 жылы декабрьде «1914 жылға арналған Жұмысшы Серігі» деген қойын календары шығарылды, онда В. И. Лениннің «Россиядағы стачкалар» деген мақаласы басылды; 1914 жылы — Лениннің мақалаларынан құралған «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақ, И. В. Сталиннің «Ұлт мәселесі және марксизм» деген кітапшасы және басқа да маркстік әдебиет шығарылды.

Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде патша үкіметінің жұмысшы баспасөзін қуғындауды күшейтуі салдарынан «Прибой» баспасы өзінің қызметін тоқтатуға мәжбүр болды, оны 1917 жылы мартта ғана қайта бастай алды.

1917 жылы баспа В. И. Лениннің бірқатар еңбектерін шығарды: «Тактика туралы хаттар. 1-хат», бүгіп Апрель тезистері — қосымша етіп берілді, «Біздің революциядағы пролетариаттың міндеттері», «Революцияның сабақтары», «Партия программасын қайта қарау жөніндегі материалдар», «Төнген апат және онымен қалай күресу керек». 1918 жылы «Прибой» баспасы бірнеше баспаның («Волна», «Жизнь и знание» және т. б.) бірігуі арқылы құрылған «Коммунист» баспасына қосылды.— *60.*

33 *РСДРП-ның Орталық Органы — «Социал-Демократ»* құпия газеті 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін шығарылып тұрды. Большевиктер дайындап, Вильнода жеке меншіктегі баспаханада ішінара басылып та қойылған бірінші номерін патша охранкасы конфискеледі. Көп кешікпей Петербургте газетті екінші рет шығаруға әрекет жасалды. Газеттің басылып қойған тиражының көбісі тағы да жандармдардың қолына түсті. Одан әрі газетті шығару шетелге көшірілді: 2—32-номерлері (февраль, 1909 — декабрь, 1913) Парижде, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914 — январь, 1917) Женевада шықты. Барлығы 58 номері шықты, оның ішінде бесеуінің қосымшасы болды.

«Социал-Демократтың» редакциясы V (Лондон) съезде сайланған РСДРП Орталық Комитетінің шешіміне сәйкес большевиктердің, меньшевиктердің және поляк социал-демократтарының өкілдерінен құрылды. Іс жүзінде газеттің басшысы В. И. Ленин еді. Оның мақалалары «Социал-Демократтың» негізгі арқауы болды. Газетте В. И. Лениннің 80-нен астам мақалалары мен заметкалары жарияланды.

«Социал-Демократ» редакциясы ішінде В. И. Ленин дәйекті большевиктік бағыт үшін жойымпаз-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. Редакцияның бір бөлегі (Каменев пен Зиновьев) жойымпаздарға ымырашылдықпен қарап, лениндік бағыттың жүзеге асырылуына бөгет жасауға тырысты. Редакцияның мүшелері меньшевиктер — Мартов пен Дан Орталық Орган редакциясындағы жұмысқа саботаж жасап, сонымен бірге «Голос Социал-Демократада» жойымпаздықты ашық қорғады; олар партияшыл-меньшевиктердің Орталық Органға қатысып тұруына бөгет жасады. Лениннің жойымпаздарға қарсы ымырасыз күресуі нәтижесінде Мартов пен Дан 1911 жылы июньде редакцияның құрамынан кетті. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады.

Реакцияның ауыр жылдарында және революциялық қозғалыстың жаңа өрлеуі дәуірінде большевиктердің құпия маркстік партияны сақтап қалу, оның бірлігін нығайту,

оның бұқарамен байланысын күшейту жолында жойымпаздарға, троцкистерге, шақырымпаздарға қарсы күресінде «Социал-Демократтың» зор маңызы болды.

Большевиктік партияның Орталық Органы болған «Социал-Демократ» бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөніндегі большевиктік ұрандарды насихаттау ісінде айрықша маңызды роль атқарды.

Газет бетінде В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттарының ұраны туралы» деген мақаласы жарияланды, социализмнің бастапқыда бірнеше елде немесе тіпті жеке алынған, капиталистік бір елде жеңуі мүмкін деген қорытындыны Ленин алғашқы рет осы мақаласында тұжырымдады. «Социал-Демократтың» Россияда тарауы, оның аса маңызды мақалаларының жергілікті большевиктік газеттерде көшіріліп басылуы Россия пролетариатын саяси жағынан ағартуға, оған интернационалдық тәрбие беруге, бұқараны революцияға әзірлеуге жәрдемдесті.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезіндегі «Социал-демократтың» қызметін жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин кейініректе: «халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25 октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін саналы жұмысшылардың бірде-бірі» (Шығармалар, 27-том, 212-бет) онда басылған мақалаларды зерттемей тұра алмайды деп жазды.— *60.*

34 Бұл арада 1908 жылғы РСДРП-ның бесінші (Жалпы россиялық) конференциясы қабылдаған «Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» қарардың 3(з) пункті туралы айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері». 1-том. «Қазақстан» баспасы, 1971, 274-бет). 1908 жылғы Бесінші конференцияда Ленин Думадағы социал-демократиялық фракцияның бюджетке дауыс беруі жөніндегі қарардың пунктіне екі жоба ұсынды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 364—365-беттер). Қабылданған қарарда мәдени қажеттер мен реформаларға арналған шығындар жөніндегі статьяларды жақтап дауыс беру шарттары Ленин ұсынған жобаларға қарағанда айтарлықтай айқын белгіленбеген еді. Орталық Комитеттің партия қызметкерлерімен өткізілген 1913 жылғы Поронин кеңесінің «Социал-демократтардың Думадағы жұмысы туралы» қарарында осы бөлім жаңа, жақсартылған редакцияда бекітілді.— *60.*

35 *Думадағы социал-демократиялық фракцияда* 6 большевик-депутат және 7 меньшевик болды. Большевик-депутаттар А. Е. Бадаев, Г. И. Петровский, М. К. Муранов, Ф. Н. Самойлов, Н. Р. Шагов және Р. В. Малиновский (кейін арандатушы ретінде әшкереленді) Думаға негізгі алты өнеркәсіп

орталығынан сайланды, Россия жұмысшыларының бестен төрті осы орталықтарда еді. Меньшевиктер өнеркәсіпті емес губерниялардан өтті. Дума жұмыс істей бастаған кезде социал-демократиялық фракция жалпы фракция болды, бірақ большевик-депутаттар фракция ішінде олардың революциялық жұмысына кедергі жасап отырған меньшевиктік жетеуге қарсы үнемі күрес жүргізіп келді. Думадағы социал-демократиялық фракция жұмысының үлкен мәні болды, ол аса маңызды әрі жауапты жұмыс еді. Бұл — партиялық жұмыстың аса маңызды жария формаларының бірінен саналды. Жұмысшылар депутаттары Дума трибунасынан патшалық Россиядағы еңбекшілердің ауыр жағдайы жөнінде шындықты айтты, революциялық идеяларды насихаттады, халықтың қалың бұқарасы арасында революциялық жұмыс жүргізді. Большевик-депутаттар партияның Орталық Комитетімен, В. И. Ленинмен тығыз байланысты болды. Ленин олардың қызметін мұқият қадағалап, барлық маңызды мәселелер бойынша нақты нұсқау беріп отырды. Фракциядағы социал-демократиялық депутаттардың жұмысына Лениннің тікелей басшылық еткенін, депутаттардың сөйлейтін сөздерінің жобасын дайындағанын, сөйленетін сөздердің жоспарын жасағанын көрсететін бірқатар документтер КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы. Большевик-депутаттар Ленинге жиі келетін, онымен әңгімелесіп, Думада іс-қимылдарының бағытын дұрыс бағдарлауға көмек алатын.

1913 жылы 1 (14) октябрьде, Орталық Комитеттің Поронин кеңесі аяқталысымен, IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары қатысқан партияның Орталық Комитетінің шағын мәжілісі болды, оны Ленин басқарды. Осы мәжілісте меньшевиктердің әрекетіне байланысты большевик-депутаттар тарапынан жасалатын нақты іс-қимылдар талқыланды. Мәселе былай шешілді: большевик-депутаттар Россияға қайтып келісімен фракцияда тең праволылық орнату жөнінде меньшевиктік «жетеудің» алдына ультиматумдық талап қоятын болды. Егер меньшевиктер большевиктердің ультиматумына оң жауап бермеген күнде большевик-депутаттар фракцияға тапсыруға тиіс болатын мәлімдеменің текстін де Ленин жазып берді (қараңыз: осы том, 91—93-беттер). Бұл мәлімдеме Орталық Комитеттің мәжілісінде талқыланды.

1913 жылы 16 (29) октябрьде Мемлекеттік думаның екінші сессиясы басталысымен, Думадағы социал-демократиялық фракцияның бірінші мәжілісінде-ақ, большевик-депутаттар меньшевик депутаттарға Думадағы социал-демократиялық фракцияда барлық мәселелерді шешу кезінде «алтау» мен «жетеудің» тең праволы болуы жөнінде ультиматумдық талап қойды. Қанағаттанарлық жауап ала алмаған большевик-депутаттар фракция мәжілісінен шығып кетті, сөйтіп Лениннің басшылығымен Орталық Комитеттің мәжілісінде

талдап жасалған жазбаша ресми «Мәлімдемені» келесі күні меньшевиктік «жетеуге» тапсырды.

Большевик-депутаттардың қолдары қойылған бұл «Мәлімдеме» 1913 жылы 18 (31) октябрьде «За Правду» газетінде жарияланды, онда жұмысшылардан большевиктік «алтаудың» талаптарын талқылап, жұмысшы депутаттарға Думадағы социал-демократиялық фракцияның бірлігін қалпына келтіруге жәрдемдесу сұралды. Лениннің нұсқауымен «За Правду» газеті меньшевиктік «жетеудің» іріткі салушылық қызметіне қарсы кең науқан ашты. Газет фракция ішіндегі өріс алған күрестің маңызын түсіндірді және жұмысшылардың орасан зор бұқарасы большевик-депутаттар жағында екенін дәлелдейтін цифрлы деректер келтірді. Бұл деректер жұмысшылардың барлық санының оннан тоғызы большевик-депутаттар сайланған аудандарда екенін, ал меньшевик депутаттардың үлесіне не бары оннан бір бөлігі ғана келетінін көрсетіп берді.

Большевик-депутаттардың шақыруына жұмысшылар бірауыздан үн қосты. «За Правду» газетіне көптеген қарарлар түсіп жатты, оларда жұмысшылар жойымпаздық «жетеудің» іріткі салушылық әрекетіне үзілді-кесілді қарсы шықты және большевиктік «алтауды» қызу қолдады. «Біз, Путилов заводы зеңбірек шеберханасының жұмысшылары,— делінген алғашқы қарарлардың бірінде,— Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияда болып жатқан талас-жанжалдарды газеттен оқып, Россияның бүкіл жұмысшы табының тікелей өкілдері ретіндегі алты жұмысшы куриясы депутаттарының талабын дұрыс деп санаймыз және жұмысшы тактикасының барлық мәселесі жөніндегі жұмысқа басшылық жасаудағы алты депутаттың правосын тануды жеті депутаттан талап етеміз».

25 октябрьде (7 ноябрьде) меньшевиктік «жетеу» өзінің ресми жауабында большевиктік «алтаумен» тең болуды мойындаудан бас тартты. Будан кейін большевик-депутаттар «Барлық жұмысшыларға» екі үндеу («За Правду» газетінің 20 және 26 октябрьдегі (2 және 8 ноябрьдегі) 15 және 20-номерлерінде басылған) шығарды, оларда жікке бөліну тарихын баяндай келіп, жұмысшыларды большевиктік «алтауды» қолдауға шақырады. Большевик-депутаттар меньшевиктік «жетеуге» берген жауабында өздерінің дербес фракция құратынын мәлімдеді, сонымен қатар Дума трибунасынан сөйленетін сөздердің екеуіне ортақ болуын ұсынды.

Ленин большевиктік «алтаудың» Думада дербес өмір сүруі жолындағы барлық күресіне басшылық жасап отырды. Бөлініп шыққан большевиктік фракцияның *«Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы»* деген атын да Ленин ұсынды. Большевик-депутаттардың IV Мемлекеттік думада дербес фракция болып құрылуы жөніндегі мәлімдемесі («7 депутатқа жауабы») «За Правду» газетінің 29 октябрьдегі (11 ноябрьдегі) 22-номерінде басылды. Газеттің осы номе-

рінде Лениннің «Думадағы социал-демократиялық фракция ішіндегі күрес туралы мәселе жөніндегі материалдар» деген үлкен мақаласы (осы том, 105—123-беттер) басылды, онда меньшевиктік «жетеудің» ірітки салушылық әрекеттері әшкереленді.

Дербес фракция болып бөлінген большевиктік «алтау» меньшевиктік «жетеумен» бірлесіп әрекет жасауға тырысты. Думада жұмысшыларды қауіпсіздендіру жөніндегі мәселе бойынша, сауда-өнеркәсіп қызметшілерінің демалысы туралы заң жобасын жасауда ортақ сөз сөйлеуге де ишара білдірді. Бірақ меньшевиктік «жетеу» большевик-депутаттардың барлық усыныстарын қабылдамайтынын білдіріп жауап берді. «Жетеудің» атынан «Новая Рабочая Газетаға» жолдаған арнаулы хатында (1913 жылғы 3 (16) ноябрьдегі 74-номерінде жарияланды) Чхеидзе олардың большевиктік «алтаумен» ешқандай да келісімге келмейтінін мәлімдеді. Қала берді, 1914 жылы 19 февральда (4 мартта) болған мәжілісте большевик-депутат Г. Петровскийді сөз сөйлеу правосынан айыру жөніндегі Думаның шешіміне қарсы меньшевиктік «жетеу» наразылық білдірген де жоқ.

Меньшевиктік «жетеу» өзінің ресми тіркелген фракция болған жағдайын пайдаланып, Дума комиссияларындағы барлық орындарды басып алғаннан кейін большевик-депутаттар толық және біржола ажырасуға дейін барды. Дербес большевиктік фракция болып құрылу жөніндегі мәлімдеме Мемлекеттік думаның президиумына жіберілді.

Большевиктік «алтау» мен меньшевиктік «жетеу» арасындағы күрес, әсіресе Петербургте жұмысшы бұқарасын қатты толқытты. Думадағы социал-демократиялық фракциядағы жағдай туралы мәселе бойынша жұмысшылар жиналыстарында әңгімелер, айтыстар өткізілді. Бұл жиналыстар жұмысшылардың ықыласы большевиктер жағында екенін көрсетті. Бұл күндері «За Правду» газеті «Жұмысшылар өздерінің жұмысшы депутаттарын жақтайды» деген жалпы тақырыппен жұмысшылардың көптеген қарарларын жариялады. В. И. Лениннің «Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылуына жұмысшылардың үн қосуы» деген мақаласында қарарлардың жалпы қорытындысы берілген (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 25-том, 406—413-беттер).

Дербес фракция құру большевиктердің Думада сөз сөйлеу мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтті, сондай-ақ Думадан тыс жүргізілетін жұмыстың пәрменділігін күшейтті. 1913 жылы 20 декабрьде Ленин былай деп жазды: «7-ге қарсы 6-ды жақтаған науқан соншалық тамаша өріс алды! Либерал жұмысшы саясатшыларына қарсы жұмысшыларды топтастыру мен тәрбиелеудің өзі соншалық ғажап емес пе! Жұмысшы партиясы Думадағы *өз* өкілдігінің тағдырын өзі *шешеді*, мұның өзі Россияда бірінші тамаша мысал емес пе! Бұл «оқта-текте оқып қоятын» топыр ғана емес, бұл —

ұйымдасқан күш. Кеңес шешті — алтау орындады — ұйымдасқан мыңдар талқылап, қолдарын қойып, мақұлдады — *партия* деген, міне, осы» (Шығармалар толық жинағы, 48-том, 240—241-беттер).

Осы өткізілген науқанда В. И. Ленин, большевиктік партия парламентті революциялық мақсатқа жақсы пайдалануға жағдай туғызу үшін жұмысшы депутаттарының қалай іс-әрекет жасауы керек екені жөнінде өнегелі үлгі көрсетті. IV Думадағы большевиктік фракция Орталық Комитеттің тікелей басшылығымен және бақылауымен жұмыс істей отырып, партияның еркін, саналы жұмысшылар көпшілігінің еркін жүзеге асырды. Большевиктік фракцияның Думадағы жұмысы пролетарлық партияның парламенттік қызметінің үлгісі болды және бүкіл халықаралық коммунистік қозғалыс үшін орасан зор маңыз алды.— *61.*

36 Әңгіме 1907 жылы Лондонда өткен РСДРП V съезінің және сол жылы Штутгартта өткен Халықаралық социалистік конгрестің шешімдері жөнінде болып отыр, бұл шешімдер кәсіподақтардың «бейтараптығы» жөніндегі оппортунистік принципке қарсы бағытталған болатын.— *63.*

37 *Бунд* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнода еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде ұйымдасты; Россияның батыс облыстарындағы көбінесе еврей қолөнершілерінің жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. Бунд РСДРП I съезінде (1898) РСДРП құрамына «автономиялы ұйым ретінде кіреді, ол тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес ұйым болады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет.

Бунд Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылы апрельде Бундтың IV съезі РСДРП I съезі белгілеген РСДРП-мен ұйымдық қатынастарды өзгерту жөнінде қаулы алды. Съезд өзінің қарарында: ол РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірлестігі деп қарайды, сондықтан Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруі керек деп мәлімдеді.

РСДРП II съезінде, Бундтың оны еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану туралы талабы қабылданбағаннан кейін, Бунд партиядан шықты. 1906 жылы, партияның IV (Бірігу) съезінің шешімі негізінде, Бунд РСДРП құрамына қайтадан кірді.

РСДРП ішінде бундшылдар үнемі партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) қолдап отырды, большевиктерге және большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі большевиктердің программалық талабына Бунд

мәдени-ұлттық автономия құру талабын қарсы қойды. Столыпиндік реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады; антипартиялық Август блогын құруға белсене қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—1918) кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады, Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюциялық күштермен қосылып кетті. Сонымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды жақтаған бет бұрыс байқалды. 1921 жылы мартта Бунд өзін өзі жойды, оның мүшелерінің бір бөлегі жалпы негізде РКП(б) қатарына қабылданды.—*64.*

38 Ленин бұл арада 1912 жылы Венада өткен жойымпаздардың август конференциясының шешімін айтып отыр, онда «мәдени-ұлттық автономия» деген оппортунистік ұран РСДРП программасымен сыйысады деп танылды.— *64.*

39 *Эсерлер — социалист-революционерлер* — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің бірігуі нәтижесінде пайда болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иесінің арасындағы таптық айырмашылықтарды көрмеді, шаруалар ішіндегі таптық жіктелуді және қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін жоққа шығарды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қоспасы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» жөндеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет).

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және оны қауым қарамағына беруді, жерді пайдалануда «еңбек негізін» және «теңгермелікті» қолдануды, сондай-ақ кооперацияны дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» деп атаған осы программада шынында социалистік дейтіндей түк жоқ еді. В. И. Ленин эсерлер программасын талдай келіп, ортақ жерде товар өндірісін және жеке меншік шаруашылықты сақтау капитал үстемдігін жоя алмайды, еңбекші шаруаларды қаналу мен күйзелістен құтқара алмайды, капитализм жағдайында кооперация да ұсақ шаруалар үшін аман қалудың құралы бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясын байыту үшін қызмет етеді деп көрсетті. Сонымен қатар жерді теңгермелі түрде пайдалану талаптарының, социалистік болмағанымен, деп атап көрсетті Ленин, тарихи прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болды, өйткені ол талаптар реакциялық помещиктік жер иеленушілікке қарсы бағытталған болатын.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер болып көрінуге тырысқан әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал жасау үшін эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор тактикасы жұмысшы қозғалысына зиянды екенін көрсетіп отырды. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте эсерлермен, белгілі бір жағдайда, уақытша келісім жасаудан да қашпады.

Шаруалардың таптық жағынан әр тектілігі эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрақсыздық, ұйымдық алауыздық, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында үнемі ауытқуын тудырды. Бірінші орыс революциясы жылдарының өзінде-ақ эсерлер партиясынан оның оң қанаты бөлініп шығып, жария Халықтық-социалистік еңбек партиясын (энестер) құрды, ол өзінің көзқарасы жағынан кадеттерге жақын тұрды, ал сол қанатынан жартылай анархистік «максималистер» одағы құрылды. Столыпиндік реакция кезінде эсерлер партиясы идеялық және ұйымдық жағынан толық күйреді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) үкімет құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иеленушілікті жою жөніндегі шаруалар талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік жеке меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін басып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберді.

1917 жылы ноябрьдің аяқ кезінде эсерлердің сол қанаты дербес солшыл эсерлер партиясын құрды. Солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасында өзінің ықпалын сақтауға тырысып, Совет өкіметін формальды түрде таныған болды және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық қастандық жұмыс жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыларды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін де эсерлер ел ішінде және эмиграциядағы ақ гвардияшылар жағында жүріп, Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекетін тоқтатпады.— *66*.

40 *«Заветы»* («Өсиеттер») — эсерлік бағыттағы ай сайын шыққан жария әдеби-саяси журнал; 1912 жылғы апрельден 1914 жылғы июльге дейін Петербургте шығып тұрды. Оған

В. Чернов, Б. Савинков, П. Сорокин, А. Пешехонов, Иванов-Разумник және басқалар қатысты.— *69.*

41 *Трудовиктер* (Еңбек тобы) — Россияның Мемлекеттік думаларындағы ұсақ буржуазияшыл демократтар тобы; бұл топта халықшылдық сарындағы шаруалар мен интеллигенттер болды. Трудовиктер фракциясы 1906 жылы апрельде I Мемлекеттік думаның шаруа депутаттарынан құрылды.

Трудовиктер барлық сословиелік және ұлттық шектеулерді жою, земстволық және қалалық өзін өзі басқаруды демократияландыру, Мемлекеттік дума сайлауы үшін жалпыға бірдей сайлау правосын жүзеге асыру талабын қойды. Трудовиктердің аграрлық программасы жерді пайдаланудың халықшылдық «теңгерме» принциптеріне негізделді: қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік жерлерден, сондай-ақ, егер иеліктегі жер көлемі белгіленген еңбек нормасынан асса, жеке меншіктегі жерлерден жалпы халықтық қор ұйымдастырылады; иеліктен айырған жеке меншіктегі жерлер үшін ақы төлеу көзделді. Кәдуілгі трудовик — шаруа,— деп көрсетті В. И. Ленин 1906 жылы,— ол «монархиямен мәмілеге келуден, буржуазиялық құрылыс шеңберінде *өзінің* ұлтарақтай жерінде тыныштыққа ұмтылудан қашпайды, бірақ қазіргі уақытта оның басты күші жер үшін помещиктермен күресуге, демократия үшін крепостниктік мемлекетпен күресуге жұмсалып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 27-бет).

Трудовиктер Мемлекеттік думада кадеттер мен социал-демократтардың арасында ауытқумен болды. Бұл ауытқу сол ұсақ қожайындардың — шаруалардың таптық табиғатына байланысты еді. Әйтсе де, трудовиктер белгілі дәрежеде шаруалар бұқарасының өкілдері болғандықтан, большевиктер Думада патша өкіметіне және кадеттерге қарсы бірлесе күрес жүргізу үшін жекелеген мәселелер жөнінде олармен келісімге келу тактикасын жүргізді. 1917 жылы трудовиктер тобы «халықтық социалистер» партиясымен бірігіп кетті, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін трудовиктер буржуазиялық контрреволюция жағында әрекет жасады.—*69.*

42 Бұл арада 1907 жылғы РСДРП бесінші (Лондон) съезінің пролетарлық емес партияларға көзқарас туралы қарары айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 229—231-беттер).—*75.*

43 *Октябристер* — Россияда 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесі жарияланғаннан кейін құрылған «17 октябрь одағы» партиясының мүшелері. Бұл — ірі буржуазияның және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещик-

тердің мүдделерін білдіретін және қорғайтын контрреволюциялық партия еді; оны белгілі өнеркәсіпші және Москвадағы үйлер иесі А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын толық қолдап отырды.— *82.*

44 *Прогрессистер* — орыс либерал-монархиялық буржуазиясының саяси тобы, ол Мемлекеттік думалар сайлауларында және Думаларда әр түрлі буржуазиялық-помещиктік партиялар мен топтардың элементтерін «бейпартиялықтың» туы астында біріктіруге әрекет жасады.

III Мемлекеттік думада прогрессистер фракция құрып, оған «бейбіт жаңарту» және «демократиялық реформалар» партияларының өкілдері кірді. Жаңа революциялық дүмпуден қорыққан прогрессистер патша үкіметінің «ұшқарылығын» сынауға дейін барды, олардың ойынша, патша үкіметі өзінің қасарысуымен солшыл, революциялық күштердің қызметіне жағдай туғызып отыр. 1912 жылы IV Мемлекеттік дума сайлауында прогрессистер кадеттермен блок жасасты, өзінің жалған бейпартиялылығымен оларға «буржуазиялық үшінші июнь сайлаушысының» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 21-том, 348-бет) дауыстарын қағып ала беруге көмектесті.

1912 жылы ноябрьде прогрессистер дербес саяси партия болып қалыптасты, мынадай программасы болды: баяу, тар цензді конституция, ұсақ реформалар, жауапты министрлік, яғни Дума алдында жауапты үкімет, революциялық қозғалысты басу. В. И. Ленин өзінің құрамы, өзінің идеологиясы жағынан прогрессистер — *«октябристердің кадеттермен қосындысы»* деп көрсетті; ал прогрессистер партиясының программасын национал-либералдық программа деп сипаттады. «Бұл,— деп жазды ол,— Германияда да біздің көріп отырғанымыздай — «нағыз» капиталистік буржуазияның партиясы болады» (Шығармалар толық жинағы, 22-том, 364, 272-беттер).

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында прогрессистер өзінің қызметін жандандыра түсіп, әскери басшыларды ауыстыруды, өнеркәсіпті майдан мұқтаждарын өтеуге жұмылдыруды және орыс буржуазиясы өкілдерінің қатысуымен «жауапты министрлік» құруды талап етті. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның кейбір лидерлері буржуазиялық Уақытша үкіметке кірді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін прогрессистер партиясы Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді.

Прогрессистер лидерлерінің ішінде Москваның белгілі фабриканттары П. П. Рябушинский мен А. И. Коновалов, помещик И. Н. Ефремов болды. Прогрессистер әр кезде өздерінің саяси органдарын: «Московский Еженедельник»

журналын, «Слово», «Русская Молва» және «Утро России» газеттерін шығарып тұрды.— *82.*

45 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; 1863 жылдан Москвада шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдары газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалар) қатысты, либерал халықшылдардың шығармалары басылды. 1905 жылдан газет кадеттер партиясының оң қанатының органы болды. «Русские Ведомости» деп атап көрсетті В. И. Ленин, «оңшыл кадетизмді халықшылдық сарынмен» (Шығармалар толық жинағы, 23-том, 212-бет) ерекше ұштастырды. 1918 жылы «Русские Ведомости» басқа да контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды.—*85.*

46 Марксизм-ленинизм институты архивінде «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақты әзірлеу жөніндегі материалдар бар. Газет қиындысындағы «Жаман істі жаман қорғау» деген мақаланың тақырыбына В. И. Ленин қосымша, «(немесе: Партия қайда?)» деген тақырыпша енгізген.—*88.*

47 Ленин *«Думадағы социал-демократиялық фракция ішіндегі күрес туралы мәселе жөніндегі материалдар»* деген мақаласын «За Правду» газетінің редакциясына жібере отырып, 1913 жылғы 27 октябрьдегі (9 ноябрьдегі) жексенбі күнгі номерде большевиктік «алтауды» қолдау жолындағы науқанға түгелдей арналған арнаулы қосымша бет беруді ұсынды. «За Правду» газетінің Лениннің мақаласы басылған 22-номері жексенбі күні шыққан жоқ, 1913 жылы 29 октябрьде (11 ноябрьде) сейсенбі күні шықты. Ленин газеттің осы номерінің конфискеленгенін естіп, редакцияға жазған хатында «Материалдарды» газеттің келесі номерлерінде қайта басу жөнінде пікір айтады. Бірақ мақала газетке екінші рет басылған жоқ. Мақала 1914 жылы «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақта «Думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылу тарихы жөніндегі материалдар» деген тақырыппен «Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылуына жұмысшылардың үн қосуы» деген бөлім қосылып қайта басылды.— *105.*

48 *«Звезда»* («Жұлдыз») — большевиктік жария газет; 1910 жылғы 16 (29) декабрьден 1912 жылғы 22 апрельге (5 майға) дейін Петербургте шығып тұрды. Бастапқыда газет апта сайын шықты; 1912 жылғы 21 январьдан (3 февральдан) бастап аптасына 2 рет, ал 8 (21) марттан — аптасына 3 рет шығарылды. «Звезданың» жиі-жиі конфискеленуіне байланысты «Невская Звезда» газеті шығарылды, ол «Звезданың» тікелей жалғасы болды. «Звезданың» тиражы шығарыла бас-

таған кезде 7—10 мың дана болды. 1912 жылғы Лена оқиғалары күндерінде газеттің тиражы 50—60 мың данаға жетті.

Россияда революциялық қозғалыстың жандана бастауына байланысты жария маркстік баспасөзді қалпына келтіру мәселесі аса күшті қойылды. 1910 жылы күзде Копенгагенде Халықаралық социалистік конгресс жұмыс істеп жатқан кезде кеңес өтті, оған В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның мүшесі большевик Н. Г. Полетаев және басқалар қатысты. Кеңесте Россияда жария орган шығару және оған партияшыл-меньшевиктердің қатысуы жөнінде келісімге қол жетті. Осы келісімнің негізінде «Звезда» редакциясының құрамына В. Д. Бонч-Бруевич (большевиктерден), Н. И. Иорданский (партияшыл-меньшевиктерден) және И. П. Покровский (III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракциядан) кірді. Газетті шығаруды жолға қоюда Н. Г. Полетаев үлкен роль атқарды. «Звезда» бұл кезеңде Думадағы социал-демократиялық фракцияның органы болып саналды. 1911 жылы 11 (24) июньде 25-номерінен бастап газетті шығару уақытша тоқтатылды. 1911 жылы октябрьде «Звезда» редакциялық құрамы өзгеріп, партияшыл-меньшевиктердің қатысуынсыз қайта шығарылды.

В. И. Ленин «Звездаға» идеялық басшылық етті; ол редакция мүшелерімен хат-хабар алысып, олардың жұмысын бағыттап отырды, «Звезданың» қателерін, әсіресе ол шыға бастаған бастапқы кездегі қателерін сынға алды, газеттің ұстамды маркстік бағыты болуы үшін күрес жүргізді. «Звезда» мен «Невская Звездада» В. И. Лениннің 50-ге жуық мақаласы жарияланды, оларға былай деп қол қойылған: В. Ильин, В. Ф., Вильям Фрей, Ф. Л-ко, К. Т., Т., Б. К., М. Ш., П. П., Р. Силин, Р. С., Б. Г., Либерал-емес скептик, К. Ф., Ф. Ф., М. М. және т. б.

«Звездада» Н. Н. Батурин, Н. Г. Полетаев, К. С. Еремеев, М. С. Ольминский орасан зор редакциялық және ұйымдастыру жұмысын жүргізді. В. Д. Бонч-Бруевич, Демьян Бедный және басқалар газетке белсене қатысып тұрды. «Звездада» Г. В. Плехановтың бірқатар мақалалары басылды. Ленин «Звездаға» қатысуға А. М. Горькийді тартты.

Лениннің басшылығымен «Звезда» айбынды маркстік газетке айналды. Ол революциялық марксизм принциптерін қорғады және насихаттады, маркстік партияны нығайту жолында, жұмысшы табы мен шаруалардың революциялық одағы жолында жойымпаздарға және шақырымпаздарға қарсы күресті, IV Мемлекеттік дума сайлауында большевиктердің сайлау платформасын қорғады. «Звезда» Думадағы социал-демократиялық фракция мүшелерінің сөйлеген сөздерін және фракцияның Думаға қойған сұрауларын басып отырды. Газет РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының шешімдерін жүзеге асыру жолында белсенді күрес жүргізді.

«Звезда» фабрикалар мен заводтардағы жұмысшылармен тұрақты тығыз байланыс орнатты; жұмысшы қозғалысы бөлімінде газет жұмысшылардың ең көкейтесті мұқтаждарына үн қосып отырды. Россияның жұмысшылары арасында «Звезданың» үлкен беделі болды. 1912 жылы көктемде жұмысшы қозғалысының өрлеуіне байланысты «Звезданың» ролі орасан зор артты. Әсіресе жұмысшы хроникасы бөлімі айрықша кеңейді, онда Лена оқиғаларына байланысты пікірлер басылды. Газетте Россияның түрлі қалаларынан ереуілдер, демонстрациялар мен митингілер туралы көптеген хабарлар жарияланды, жұмысшылардың «Звездаға» жазған хаттары, жұмысшылар жиналыстарында Ленадағы атқылауға қарсы наразылық білдіріліп қабылданған қарарлар басылды.

Газет редакциясына патша үкіметі тарапынан үнемі болып тұрған: газет номерлерін конфискелеу, штрафтар салу, газетке тыйым салу, редакторларды тұтқынға алу сияқты қудалау жағдайында жұмыс істеуге тура келді. 1912 жылғы Лена оқиғалары күндерінде «Звезданың» әрбір номері конфискеленді, бірақ конфискеленгенге дейін тираждың біраз бөлегі жұмысшылар арасына таратылып үлгерілетін еді.

«Звезда» газеті күн сайын шығып тұрған жоқ және пролетариаттың алдыңғы қатарлы тобына арналған болатын. Большевиктік күнделікті бұқаралық газет шығару қажет болды. «Звезда» сондай органды құру идеясын насихаттауда үлкен роль атқарды. «Звезда» редакциясы жариялаған күнделікті жұмысшы газетінің қорына қаржы жинау жұмысшылар бұқарасы арасында қызу қолдау тапты. «Звезда» жұмысшылардың үн қосуы жөнінде өз оқушыларына үнемі хабарлап, жаңа баспасөз органын шығару қорына жиналған қаржының сомасы жөнінде есеп жариялап отырды. «Звезда» газеті бұқаралық жария большевиктік газет — «Правданы» шығаруды әзірлеп берді.—*111.*

49 Бұл арада 1908 жылы декабрьде Парижде өткен РСДРП бесінші (Жалпы россиялық) конференциясының, Орталық Комитеттің 1910 жылғы Январь пленумының және 1912 жылғы РСДРП Бүкіл россиялық алтыншы (Прага) конференциясының шешімдері айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері». 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 268, 314—317, 371—372-беттер).— *115.*

50 *«Городское Дело»* («Қала Ісі») — қала шаруашылығы мен басқару мәселелеріне арналған екі аптада бір рет шыққан кадеттік журнал; 1909 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Журнал буржуазияның контрреволюциялық мәнін, оның пролетариатты идеялық жағынан қарусыздандыруға, оны демократиялық бостандық жолындағы саяси

күрес — жұмысшы табының ісі емес, буржуазияның ісі деп сендіруге тырысқан көзқарасын білдіріп отырды.— *124.*

51 *«Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар»* деген мақаланы Ленин 1913 жылы октябрь — декабрьде жазды және мақала сол жылы большевиктік жария «Просвещение» журналының 10, 11, және 12-номерлерінде басылды.

Бұл мақаладан бұрын ұлт мәселесі туралы Ленин рефераттар жазып, 1913 жылдың жазында оларды Швейцарияның бірқатар қалаларында — Цюрихте, Женевада, Лозаннада және Бернде оқыды.

1913 жылдың күзінде Ленин РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесінде ұлт мәселесі туралы үлкен баяндама жасады. Лениннің баяндамасы бойынша оның өзі жазған қарар қабылданды. Кеңес аяқталысымен Ленин «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар» деген мақаланы жазуға кірісті.— *127.*

52 *«Цайт»* («Уақыт») — апталық газет, Бундтың органы, 1912 жылғы 20 декабрьден (1913 ж. 2 январьдан) 1914 жылғы 5 (18) майға дейін Петербургте еврей тілінде шығып тұрды.— *129.*

53 *«Дзвін»* («Қоңырау») — ай сайын шыққан жария буржуазиялық-ұлтшылдық журнал; 1913 жылдың январынан 1914 жылдың орта кезіне дейін Киевте украин тілінде шығарылды. Барлығы 18 номері шықты. Журналға В. Левинский, В. Винниченко, Л. Юркевич (Рыбалка), Д. Донцов, С. Петлюра, Г. Алексинский, П. Аксельрод, Л. Троцкий және басқалар қатысып тұрды. Бірінші дүние жүзілік империалистік соғыс басталысымен журналдың шығарылуы тоқтатылды.— *129.*

54 *«Русское Слово»* («Орыс Сөзі») — күнделікті газет; 1895 жылдан Москвада шығып тұрды (байқау ретіндегі бірінші номері 1894 ж. шықты); И. Д. Сытин шығарды. Ресми түрде бейпартиялық делінген газет орыс буржуазиясының мүдделерін баяу-либералдық позиция тұрғысынан қорғады. Газетте хабарға кең орын берілді. Бұл елдің барлық ірі қалаларына және дүние жүзінің көптеген астаналарына меншікті тілшілерін жіберген Россиядағы бірінші газет болды.

1917 жылдың ноябрінде жалақорлық антисоветтік хабарлар басқаны үшін газет жабылды. 1918 жылдың январынан бастап біраз уақыт газет «Новое Слово» және «Наше Слово» деген аттармен шығып тұрды, ал 1918 жылы июльде біржола жабылды.— *130.*

55 Бұл арада 1899 жылы сентябрьдің 24-інен 29-ына дейін (жаңаша) Брюнн қаласында (Австрия) өткен Австрия социал-демократиялық партиясының съезі айтылып отыр. Съездің

күн тәртібінде ұлт мәселесі басты мәселе болды. Съезге екі түрлі көзқарасты білдірген екі қарар ұсынылды: 1) партияның Орталық Комитетінің қарары жалпы алғанда ұлттардың территориялық автономиясын жақтады және 2) Оңтүстік-славян социал-демократиялық партиясы комитетінің қарары экстерриториялық мәдени-ұлттық автономияны жақтады.

Съезд мәдени-ұлттық автономия программасын бірауыздан қабылдамады, Австрия мемлекеті ішінде ұлттық автономияны таныған ымырашыл қарар қабылдады (В. И. Лениннің «Австриядағы және Россиядағы ұлттық программаның тарихы жөнінде» деген мақаласын қараңыз, осы том, 336—338-беттер).

Ленин съезде мәдени-ұлттық автономия программасына қарсы екі дәлел келтірілді деп атап көрсетеді: бірінші дәлел — бұл программа клерикализмнің күшеюіне әкеліп соқтырар еді және екінші дәлел — «шовинизмнің мәңгілік етілуі, оның әрбір шағын қауымға, әрбір шағын топқа енгізілуі бұл программаның нәтижесі болар еді» — цитат Брюнн съезі ресми протоколдарының 92-бетінен алынып отыр.— *149.*

56 *СЕЖП* — Социалистік еврей жұмысшы партиясы — ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық ұйым, 1906 жылы құрылды. Социалистік еврей жұмысшы партиясы программасының негізіне еврейлердің ұлттық автономиясын құру — Россияда еврейлердің саяси орналасу мәселесін шешуге уәкілдігі бар экстерриториялық еврей парламенттерін (сеймдерін) құру талабы алынды. Социалистік еврей жұмысшы партиясы эсерлерге жақын болды және солармен бірге РСДРП-ға қарсы күрес жүргізді.— *149.*

57 *ППС* — Поляк социалистік партиясы (Polska Partia Socjalistyczna) — 1892 жылы құрылған реформистік ұлтшыл партия. Тәуелсіз Польша үшін күрес ұранымен әрекет жасаған, Пилсудский және оның жақтастары басқарған Поляк социалистік партиясы поляк жұмысшылары арасында сепаратистік, ұлтшылдық насихат жүргізді, сөйтіп оларды самодержавие мен капитализмге қарсы орыс жұмысшыларымен бірлесіп күресуден басқа жаққа бұрып әкетуге тырысты. Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойына қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар туып отырды. Кейінірек олардың кейбіреуі поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және оңшыл, шовинистік Поляк социалистік партиясы-«оңшылдар» («революциялық фракция») делінетін екі жікке бөлінді. Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» большевиктер партиясының, сондай-ақ Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының

(ПКмЛСД-ның) ықпалымен біртіндеп дәйекті революциялық позицияға көше бастады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» көпшілік бөлегі интернационалистік позицияда болды; ол 1918 жылғы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (Польша Коммунистік партиясы 1925 жылға дейін осылай аталды).

Оңшыл Поляк социалистік партиясы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде национал-шовинизм саясатын жүргізе берді; ол Галиция территориясында поляк легиондарын ұйымдастырды, бұл легиондар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты. Поляк буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрынырақта Германия мен Австрия басып алған Польша территориясындағы Поляк социалистік партиясының бөліктерімен бірігіп, қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды. Үкімет басына келген соң, ол өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына көшуіне жәрдемдесті, ұдайы антикоммунистік насихат жүргізді және Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және қанау саясатын қолдады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясатпен келіспеген жекелеген топтары Польша Коммунистік партиясына қосылып отырды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (1926 жылғы май) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік режимге қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, антикоммунистік және антисоветтік насихатты одан әрі жалғастыра берді. Бұл жылдары Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері бірқатар науқандарда бірыңғай майдан тактикасын қолдап, поляк коммунистерімен ынтымақтаса әрекет жасады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да жікке бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталған реакциялық, шовинистік бөлегі Лондондағы реакциялық поляк эмиграннтық «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған екінші, солшыл бөлегі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлершіл оккупанттарға қарсы күрестің халықтық майданына еніп, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күрес жүргізді, сөйтіп СССР-мен достық байланыс орнату позициясына көшті.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлегі неміс оккупациясынан азат етіліп, Поляк ұлт-азаттық комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан

Поляк социалистік партиясы деп аталды да, Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаны орнатуға қатысты. 1948 жылы декабрьде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды.— *151.*

58 Ленин бұл арада И. В. Сталиннің «Ұлт мәселесі және марксизм» деген мақаласын айтып отыр; бұл мақала «Ұлт мәселесі және социал-демократия» деген тақырыппен большевиктік жария «Просвещение» журналының 1913 жылғы 3, 4 және 5-номерлерінде басылды. Сталин еңбегінің төртінші тарауында Австрия социал-демократиялық партиясының Брюнн съезінде қабылдаған ұлттық программасының тексті келтіріледі (қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 2-том, 1947 ж., 359—360-беттер).— *153.*

59 Келтірілген деректерді Ленин мына статистикалық жинақтан алды: «1911 жылы 18 январьда өткізілген Империядағы бастауыш мектептердің бір күндік санағы. 1-кітап, 2-бөлім. С.-Петербург оқу округі. Архангельск, Вологда, Новгород, Олонец, Псков және С.-Петербург губерниялары». С.-Петербург, 1913, 72-бет.— *158.*

60 *«Przegląd Socjaldemokratyczny»* («Социал-Демократиялық Шолу») — журнал, поляк социал-демократтары 1902 жылдан 1904 жылға дейін және 1908 жылдан 1910 жылға дейін Краковта Р. Люксембургтің белсенді ат салысуымен шығарып тұрды.— *161.*

61 *«Вестник Европы»* («Европа Хабаршысы») — ай сайын шығып тұрған буржуазиялық-либералдық бағыттағы тарихи-саяси және әдеби журнал; 1866 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Журналда революцияшыл марксистерге қарсы бағытталған мақалалар басылды.—*164.*

62 Ленин бұл арада өзі жазбақшы болған «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген еңбек жайында айтып отыр; ол еңбек 1914 жылы февраль — майда жазылып, апрель — июньде «Просвещение» журналының 4, 5 және 6-номерлерінде басылды (қараңыз: Шығармалар, 20-том, 405—471-беттер).—*166.*

63 *«Думадағы орыс социал-демократиялық фракциясындағы жікке бөліну туралы»* деген мақала 1913 жылы 15 ноябрьде (жаңаша) неміс социал-демократиялық «Leipziger Volkszeitung» («Лейпциг Халық Газеті») газетінде қол қойылмай басылған Думадағы орыс социал-демократиялық фракциясындағы жікке бөліну туралы жалақорлық мақалаға жауап ретінде жазылды.

Ленин халықаралық социал-демократияны, әсіресе герман социал-демократиясын Россия жұмысшы қозғалысындағы істің ақиқат жағдайымен таныстыруға тырысты, бірақ Герман социал-демократиялық партиясының оппортунистік басшылығы өзінің орталық органы «Vorwärts»-те большевиктердің мақалаларын баспай қойды. Лениннің осы мақаласын тек «Leipziger Volkszeitung» редакциясы ғана жариялады, бірақ өте кеш жариялап, оны орынның жеткіліксіздігінен және «басқа да себептерден» деп түсіндірді.— *170.*

64 *«Вольная Мысль»* («Еркін Ой») — солшыл халықшылдық (эсерлік) жария «Живая Мысль» газетінің басқа бір аты, ол газет 1913 жылғы августан 1914 жылғы июльге дейін Петербургте шығып тұрған-ды; газет өзінің атын бірнеше рет өзгертті: «Верная Мысль», «Мысль Труда», «Северная Мысль», «Стойкая Мысль» және басқалар.— *175.*

65 *«Русская Мысль»* («Орыс Ой-пікірі») — ай сайын шығып тұрған әдеби-саяси журнал; 1880 жылдан 1918 жылға дейін Москвада шығып тұрды; 1905 жылға дейін либералдық-халықшылдық бағытта болды. 1905 жылғы революциядан кейін—кадеттер партиясы оң қанатының органы; П. Б. Струвенің редакциясымен шығып тұрды. Журнал ұлтшылдықты, «вехишілдікті», попшылдықты уағыздады, помещиктік меншікті қорғады.— *178.*

66 Бисмарк үкіметімен келісу саясатын Маркс пен Энгельс «корольдік-пруссиялық үкімет социализмі» деп атады; бұл саясатты Лассальдан кейін оның ізбасары, лассальдық орган — «Социал-Демократтың» редакторы Швейцер жүргізді.— *181.*

67 1913 жылы 23 октябрьде (5 ноябрьде) Мемлекеттік думада 1906 жылғы 4 (17) марттағы жиналыс бостандығы туралы заңның бұзылуы жөнінде мәселе талқыланды. Жарыс сөзде меньшевиктік жетеудің атынан сөйлеген депутат Туляков өзінің сөзін «коалициялар бостандығы» жөніндегі мәселеге әкеліп тіреді; большевик Бадаев былай деді: қазіргі құрылыс еңбекшілерді сөз бостандығынан айыра отырып, жұмысшыларды астыртын қимылға еріксіз итермелейді, демек «1904 жылғы астыртын жұмыстың 1905 жылғы революцияға алып келгеніндей», қозғалыс бұл жолы да іріген патшалық құрылысты қара, помещиктік Думамен бірге көп кешікпей күл-талқан етуге әкеліп соқтырады,— «сонда ғана жұмысшы табы өзі талап етіп отырған барлық бостандықты жүзеге асыра алады». Бадаевтың бұл сөзін Мемлекеттік думаның председателі Родзянко үш рет бөлді.

Бадаев пен Туляковтың сөздері 1913 жылы 25 октябрьде «За Правду» газетінің 19-номерінде басылып шықты.— *182.*

68 Польша мен Литва социал-демократиялық партиясының Бас басқармасы мен Варшава ұйымы — поляк социал-демокра-

тиясының революциялық жағынан алып қарағанда анағұрлым күшті әрі табанды ұйымы — арасындағы алауыздық 1908 жылдан, осы партияның VI съезінен басталды. Съезде Р. Люксембург, Л. Тышка және басқалар басқарған Бас басқарманың ұстаған бағыты оның РСДРП ішіндегі принципсіз позициясы үшін, жергілікті ұйымдар тарапынан айтылатын сынға жол бермегені т. т. үшін қатты сыналды. Съезд Бас басқармаға сенімсіздік білдірді.

1912 жылы Бас басқарма Варшава комитетіне охранкамен байланыста болды деген негізсіз күдік туғызып, оны «жікшіл» («розламовый») ретінде таратылды деп жариялады және өз жақтастарынан жаңа Варшава комитетін тағайындады. Осы кезден бастап Польша мен Литва социал-демократиялық партиясы жікке бөлінді.

Ленин поляк социал-демократиясы ішіндегі күрестің барысын үнемі қадағалап отырды. Ол орыс партиялық баспасөзінде ғана емес, поляк баспасөзінде де поляк социал-демократиялық партиясының жікке бөлінуіне арналған бірқатар мақалалар жариялады, сондай-ақ Бас басқарманың Варшава ұйымына жасаған шабуылына қарсы Халықаралық социалистік бюрода ашық сөз сөйледі.

«Розламовыйлар» большевиктердің тактикалық бағытының бірқатар негізгі пункттерін қостай отырып, бұлардың арасында ұлт мәселесі жөнінде алауыздық бар екеніне қарамастан («розламовыйлар» жартылай меньшевиктік люксембургшілдік позиция ұстады), большевиктермен ұйымдық жағынан да жақындасуға тырысты. «Розламовыйлар» РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен 1913 жылы сентябрьде өткізілген Поронин («жазғы») кеңесіне қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918 жж.) поляк социал-демократиясының екі фракциясы біріңғай партияға қайта қосылып, интернационалистік платформада болды. 1918 жылы декабрьде Польша мен Литва социал-демократиялық партиясы Поляк социалистік партиясы —«солшылдармен» бірге Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды. — ***186.***

69 *Халықаралық социалистік бюро* (ХСБ) — II Интернационалдың тұрақты атқару-информациялық органы; барлық елдердің социалистік партиялары өкілдерінен Халықаралық социалистік бюро құру туралы шешім II Интернационалдың Париж конгресінде (1900 ж. сентябрь) қабылданды. Г. В. Плеханов пен Б. Н. Кричевский орыс социал-демократтарының Халықаралық социалистік бюродағы өкілдері болып сайланды. 1905 жылдан бастап В. И. Ленин Халықаралық социалистік бюроға РСДРП өкілі ретінде кірді. Бүкілроссиялық VI (Прага) партия конференциясы 1912 жылы В. И. Ленинді Халықаралық социалистік бюроға РСДРП өкілі етіп қайта сайлады. Бюро ішінде Ленин II Интернационал лидерлерінің оппортунизміне қарсы батыл күрес жүр-

гізді. Халықаралық социалистік бюро 1914 жылы өз қызметін тоқтатты. — *187.*

70 Вена конгресі туралы мәселе 1913 жылы декабрьде Халықаралық социалистік бюроның мәжілісінде талқыланды. Конгресті 1914 жылы августа, Бірінші Интернационалдың елу жылдығын тойлау күніне ұштастырып шақыруға қаулы алынды. Конгрестің күн тәртібіне мына мәселелер енгізілді: 1) тұрмыстың қымбатшылығы, 2) империализм және милитаризмге қарсы күрес, бұл мәселеге оның тараулары ретінде мыналар енгізілді: а) шығыс мәселесі, б) ұлттар арасындағы міндетті арбитраж соттары және в) Европа Құрама Штаттары, 3) алкоголизм, 4) жұмыссыздық, 5) Россиядағы саяси тұтқындар мен жер аударылғандардың жағдайы және 6) әр түрлі мәселелер.

Делегаттар саны елдің дауыс санынан көп дегенде алты еседен артық болмауы тиіс еді. Россияның 20 дауысы болды, демек социал-демократтардың екі кіші секциясы мен солшыл халықшылдарды және кәсіподақтарды қоса есептегенде 120 делегаттан аспауы керек.

Венадағы халықаралық социалистік конгресс туралы мәселе Орталық Комитеттің партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесінде талқыланды. Ленин осы мәселе жөнінде баяндама жасап, Вена конгресінде делегаттардың көпшілігі жұмысшы социал-демократтар болуы үшін барлық шараларды қолдануды ұсынды.

1914 жылы июльдің аяқ кезіне таман халықаралық социалистік конгреске сайлау аяқталып қалған еді, бірақ дүние жүзілік соғыстың басталуы Вена конгресін шақыруға бөгет жасады.— *188.*

71 *II Интернационалдың Амстердам халықаралық социалистік конгресі* 1904 жылы 14 августан 20 августқа дейін өтті. Конгресс мына мәселелерді қарады: 1) социалистік тактиканың халықаралық ережелері; 2) партиялардың бірлігі туралы; 3) жаппай стачка туралы; 4) отар саясаты туралы және басқалар. Конгресс социалистік қозғалыстың бірлігі туралы қарарда Франциядағы социалистік қозғалыстың әр түрлі бағыттарының өкілдеріне — жоресшілдерге және гедшілдерге, сондай-ақ басқа елдердегі әр түрлі социалистік ағымдарға капитализмге қарсы күресті табысты жүргізу мақсатында біртұтас социалистік партияға бірігуді ұсынды. Бұл қарардың мазмұны «пролетариаттың өзі біртұтас болғаны сияқты, әрбір елде буржуазиялық партияларға біртұтас социалистік партия қарама-қарсы тұруы қажет» дегенге сайды. Алайда қарарда бірігу тек революциялық марксизм принциптерін мойындау негізінде ғана мүмкін, мұнсыз бірігу шарттары революциялық ағымды оппортунистік ағымға бағындыру болып табылады деп атап көрсетпеді. Конгрестің шешімдері, алға кейбір қадам жасағанына қарамастан,

тұтас алғанда жартыкеш шешімдер еді және оппортунизмге одан әрі икемделе беру болды. Конгресс бұқаралық стачканы қарулы көтеріліске ұластыру туралы мәселе қойған жоқ, империалистік мемлекеттердің отар саясатын ақтаған оңшыл оппортунистерге тойтарыс бермеді. Ревизионизмді сөз жүзінде айыптай отырып, конгресс өзінің қарарында одан іргені аулақ салу туралы мәлімдеген жоқ, пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасы туралы мәселені ауызға да алмады.— *188.*

72 *II Интернационалдың Копенгаген конгресі* 1910 жылы 28 августан 3 сентябрьге дейін өтті. Онда 33 елден 896 делегат болды.

Австрия социал-демократиялық партиясынан чех социал-демократиясының бөлініп шығуы туралы мәселені талқылауға байланысты социалистік қозғалыстың бірлігі туралы қарар қабылданды. Бұл қарар Амстердам конгресінің осыған ұқсас шешімін еске салып, бірлік принципін қорғау жөнінде француз социалистік партияларының бірігуін мысалға алды. Конгресс сондай-ақ кәсіптік қозғалыстың бірлігі жөнінде, әрбір мемлекетте кәсіподақтардың бірыңғай ұйымының болуы жөнінде принциптік жағынан дұрыс қарар қабылдады, бұл соңғы қарар негізінен кәсіподақтарды бір елдің ішінде ұлттар бойынша ұйымдастыруды талап еткен чех делегациясына қарсы бағытталды. Австриялықтар және олармен бірге Австриядағы басқа ұлттардың өкілдері кәсіподақтардың бірлігін жақтап, оларды ұлттар бойынша бөлшектеуге қарсы шықты. Бұл мәселе конгрестің екінші комиссиясында талқыланды, ол комиссия кәсіптік қозғалыстың бірлігі жөніндегі және халықаралық ынтымақ жөніндегі мәселелерді талдап қараумен шұғылданды. Конгрестің комиссиясы, одан соң пленумы кәсіптік қозғалыстағы чехтардың ұлттық сепаратизміне қарсы болды. Кәсіптік қозғалыстағы бірлік туралы қарарда конгресс былай деп мәлімдеді: «интернационалдық рухта біріккен одақтарды ұлттық бөліктерге бөлшектеу әрекетінің қандайы болсын Халықаралық социалистік конгресс қарарының (яғни Штутгарт конгресінің саяси партиялар мен кәсіподақтар арасындағы қарым-қатынас туралы қарарының. *Ред.*) маңызы мен рухына қайшы келеді. Осы мәселеге байланысты қандай да бір дау-жанжал туа қалса, ондай дау-жанжалды келісім және социалистік туысқандық рухында реттеу мақсатын көздеп, тікелей мүдделі партияларға өз жәрдемін көрсету Халықаралық социалистік бюродан және кәсіподақтардың Халықаралық секретариатынан сұралады».

Бірақ Копенгаген конгресінің кәсіподақтардың бірлігі туралы қарары Австрияда жүзеге асырылған жоқ. Бұған чехтың ашық сепаратистері ғана жауапты емес, «ұлттық автономия» жөнінде теория шығарған Австрияның О. Бауэр мен Реннер типтес «жымысқы ұлтшылдары» да жауапты.

Ленин өзінің ұлт мәселесі жөніндегі еңбектерінде бұл теорияның пролетариатты бір-бірімен күресетін «ұлттық» ұйымдарға бөлінуге апарып соқтыратынын, сөйтіп пролетариатты әлсіретететінін көрсетті.— *188.*

73 Бұл арада әр түрлі ұлттардың ұсақ буржуазиялық, солшыл халықшылдық партияларының конференциясы немесе *Россия ұлттық-социалистік партияларының конференциясы* айтылып отыр, конференция 1907 жылы 16—20 апрельде Финляндияда өтті. Конференцияда эсерлер партиясының, Поляк социалистік партиясының, Поляк социалистік партиясы революциялық фракциясының (фраки), Социалистік еврей жұмысшы партиясының (СЕЖП), Грузин социалист-федералистер партиясының, Белорусс громадасы мен Армян Дашнакцутюн партиясының өкілдері болды. Конференцияның соңына таман Латыш социал-демократиялық одағының өкілі келді, ол конференцияның шешімдеріне қосылды.

Конференция жыл сайын ұлттық-социалистік партиялардың съезін шақыру туралы, кеңестің шешімдерін орындау үшін арнаулы секретариат ұйымдастыру туралы, ұлттық социалистік партиялардың өзара қарым-қатынастары және секретариаттың мерзімді органын құру туралы бірқатар шешімдер қабылдады. «Россия ұлттық-социалистік партияларының 1907 жылғы 16—20 апрельдегі конференциясының протоколдары» 1908 жылы шықты (Спб., «Сейм» кітап баспасы). — *194.*

74 *«Социалистік Әрайлық»* («Sozialistische Monatshefte»)— журнал, неміс оппортунистерінің басты органы және халықаралық ревизионизм органдарының бірі. 1897 жылдан 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік позиция ұстады.— *197.*

75 *P. P. S. «солшыл» (ППС-«солшыл»)*— Поляк социалистік партиясының (57-ескертуді қараңыз) жікке бөлінуі нәтижесінде 1906 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясы.— *198.*

76 *Бейлис ісі*— 1913 жылы Киевте патша үкіметі еврей Бейлиске қарсы арандатушылық ниетпен ұйымдастырған сот процесі; Бейлиске салт жорасын көздеп, христиан бала Ющинскийді өлтірді деп жалған айып тағылды (шынында өлтіруді қаражүздіктер ұйымдастырған). Патша үкіметі бұл процесті әдейі жасап, антисемитизмді өршітуге, еврей ойрандарын туғызуға тырысты, сөйтіп бұқараның назарын елде өріс алған революциялық қозғалыстан басқа жаққа аудару мақсатын көздеді. Процесс жұртшылықты қатты қобалжытты; бірқатар қалаларда наразылық білдірген жұмысшылар

демонстрациялары болып өтті. Сот үкімімен Бейлис ақталды. — *201.*

77 В. И. Ленин бұл арада француз бас штабының офицері, ұлты еврей *«Дрейфустың ісі»* дейтінді айтып отыр, оған шпиондық және мемлекетке опасыздық жасады деген көрінеу жалған айып тағылып, 1894 жылы әскери сот өмір бойы тұтқында болуға жазықсыз үкім шығарды. Реакциялық әскери сойқаншылар Дрейфуске қарсы әдейі ұйымдастырып шығарған үкімді Францияның реакциялық топтары антисемитизмді өршіту және республикалық режим мен демократиялық бостандықтарға қарсы шабуылға шығу үшін пайдаланды. 1898 жылы социалистер, буржуазиялық демократияның алдыңғы қатарлы өкілдері (олардың ішінде Э. Золя, Ж. Жорес, А. Франс және басқалар бар) Дрейфустың ісін қайта қарау үшін науқан ашқан кезде, бұл іс бірден ашық саяси сипат алды және елді екі лагерьге: бір жағынан, республикашылдар мен демократтар лагеріне, екінші жағынан, монархистердің, клерикалдардың, антисемиттер мен ұлтшылдардың блогы лагеріне бөлді. 1899 жылы жұртшылық пікірінің қысымымен Дрейфусқа кешірім жасалып, ол босатылды; алайда 1906 жылы ғана кассациялық соттың шешімі бойынша ол кінәсыз деп танылып, армияға қайта алынды.— *203.*

78 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 24-бет. — *203.*

79 *«Вперед»* — шақырымпаздардың, ультиматистердің және құдай жасампаздардың антипартиялық тобы; ультиматистік-шақырымпаздық фракциялық орталық — Капридегі мектеп сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, 1909 жылы декабрьде А. Богданов пен Г. А. Алексинскийдің инициативасымен құрылды, «Вперед» деп аталатын баспасөз органы болды, ол 1910—1911 жылдары Женевада шығып тұрды. Партияның 1912 жылғы Прага конференциясынан кейін впередшілдер конференция шешімдеріне қарсы күресте жойымпаз-меньшевиктермен және троцкистермен бірігіп кетті. «Вперед» тобының антипартиялық және антимарксистік принципсіздік іс-әрекеттері жұмысшыларды одан бездірді. «Бұл топтың ықпалы,— деп жазды Ленин,— әрқашан өте мардымсыз болды, сондықтан ол Россиядан қол үзген және дәрменсіз әр түрлі шетелдік топтармен келісімпаздықтың арқасында ғана амалдап тіршілік етті» (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 231-бет). Жұмысшы қозғалысында тірегі болмаған «Вперед» тобы іс жүзінде 1913—1914 жылдары тарап кетті; ол формальды түрде 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін өзінің өмір сүруін тоқтатты.— *205.*

80 *«Бюро шешімдері туралы мәселе жөнінде»*—«За Правду» газетінің редакциясына хат, мұны Ленин II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросы декабрь сессиясының РСДРП-ны біріктіру туралы мәселе жөніндегі шешімдері жайында алғашқы хабарларды алысымен жазды.

Бұл мәселе сессияға Роза Люксембургтің (ол Халықаралық социалистік бюроға Польша мен Литва социал-демократиясынан енген болатын) инициативасымен қойылды, ондағы мақсаты —большевиктермен күресте жеңіліске ұшыраған орыс жойымпаздарын қолдау еді. Өзінің 1913 жылы 1 (14) ноябрьде Халықаралық социалистік бюроға тапсырған мәлімдемесінде— хатында Роза Люксембург РСДРП-дағы істің жайын бір жақты, теріс көрсетті, жікке бөлінудің жауапкершілігін Ленинге, большевиктерге жүктеді. Роза Люксембург сондай-ақ Польша мен Литва социал-демократиясының қатарында да жік туғызды деп Ленинді айыптады. Ол Венада өтетін Халықаралық конгрестің күн тәртібіне РСДРП-ның бірлігі туралы мәселе қоюды ұсынды.

Халықаралық социалистік бюроның декабрь сессиясы 1913 жылы 13 және 14 декабрьде (жаңаша) Лондонда өтті; онда ағылшын социалистік және жұмысшы партияларының бірігуі туралы, Вена конгресі туралы, орыс істері туралы және басқа да мәселелер талқыланды. Россиядағы социал-демократиялық партияның бірігуі туралы мәселе сессияның жұмысы дәл аяқталар алдында ғана талқылауға қойылды. Уақыттың тарлығынан бұл мәселе жан-жақты талқыланған жоқ, ал Бюро герман делегациясы атынан Каутский ұсынған қарарды қабылдаумен шектелді. Қарарда «Россиядағы, оған қоса орыс Польшасындағы да, жұмысшы қозғалысының партиялық программаны мойындайтын немесе программалары социал-демократтардың программасына сай келетін барлық фракциялар келісе алмай жүрген мәселелер жөнінде өзара пікір алысу (Aussprache) үшін» олардың өкілдерінің кеңесін шақыру Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитетіне жүктелді. Каутский 1 (14) декабрьде сөйлеген сөзінде осы қарарды негіздей келіп былай деді: Россияда ескі социал-демократиялық партия өлді. Орыс жұмысшыларының бірлікке ұмтылған талабына сүйене отырып, оны қалпына келтіру қажет. Ленин «Жақсы қарар және жаман сөз» деген мақаласында қарардың мазмұнын ашты және Каутскийдің сөзін асқан сорақы сөз деп бағалады (қараңыз: осы том, 231-бет). Инесса Армандқа Каутскийдің мәлімдемесі жарияланған неміс газеті «Vorwärts»-тің номерін хабарлап, Ленин былай деп жазды: «Оны тауып алып... наразылық науқанын ұйымдастыру керек. Біз пікір алысуды *ж а қ т а й м ы з*, Халықаралық социалистік бюроның қарарын *ж а қ т а й м ы з* — бұл NB—бірақ Каутскийдің сұрқиялық сөзіне мүлде қарсымыз. Мұнысы үшін оған аяусыз соққы беру керек...» (Шығармалар толық жинағы, 48-том, 238-бет). Ленин 1914 жылғы январьда жазған хатында бы-

лай деп көрсетті: *«Секция* Каутскийге қарсы (оның партияны өлді деп мәлімдеуін *ұятсыздық, арсыздық, өрескелдік, менмендік* деп атап) *үр да жық* қарар қабылдаса өте-мөте дұрыс болар еді». (Шығармалар толық жинағы, 48-том, 254-бет).

Халықаралық социалистік бюроның 1 (14) декабрьдегі сол мәжілісінде-ақ Плехановтың хаты оқылды, хатта ол жойымпаздардың кінәсынан Думадағы фракцияның жікке бөлінуі жұмысшы қозғалысының бірлігіне соққы болып тиетінін атап көрсетіп, сол себепті бүкіл партияның Халықаралық социалистік бюродағы өкілі ретінде өзінің отставкаға шығатынын мәлімдеді. Халықаралық социалистік бюроға Плехановтың орнына жойымпаздық Ұйымдастыру комитетінен өкіл болып П. Б. Аксельрод енгізілді.

Халықаралық социалистік бюроның шешіміне сәйкес 1914 жылы июльде Брюссельде өткен кеңесте II Интернационалдың басшылары большевиктерді жойымпаздармен «ымыраластыруды» бетке ұстап, большевиктерден жойымпаздарды сынауды тоқтатуды талап етті. Большевиктер бұл талапты мойындаудан бас тартты, сөйтіп жойымпаздармен — жұмысшы қозғалысының осы жауларымен ымырасыз күресті жүргізе берді.— *207.*

81 *Ұйымдастыру комитеті* 1912 жылы январьда жойымпаздардың — Бунд, Закавказье облыстық комитеті және Латыш өлкесі социал-демократиясының Орталық Комитеті өкілдерінің кеңесінде құрылды. Ұйымдастыру комитетінің жұмысына, ұлттық социал-демократиялық ұйымдардан басқа, Веналық «Правда» мен «Голос Социал-Демократаның» редакциялары, «Вперед» тобы, жойымпаздардың Петербург «инициативалы тобының» өкілдері белсене қатысты. Ұйымдастыру комитетінің іс жүзіндегі басшысы Троцкий болды. Бастапқыда Ұйымдастыру комитеті 1912 жылғы август антипартиялық конференциясын шақыру жөніндегі ресми орган, одан соң — меньшевиктердің басшылық орталығы болды; 1917 жылы августа меньшевиктік партияның Орталық Комитеті сайланғанға дейін өмір сүрді.— *207.*

82 *«Халық мұғалімдерінің қайыршылығы»* деген мақаланы В. И. Ленин халыққа білім беру жөніндегі Бүкіл россиялық съезге байланысты жазды, съезд 1913 жылы декабрьдің аяғында Петербургте қысқы мектеп каникулы кезінде өтуге тиіс еді. Большевиктер мұғалімдер съезін большевиктік идеялар мен революциялық талаптарды таратудың жария мүмкіндіктерінің бірі ретінде пайдаланбақшы болды. Бұл мақала өзінің мазмұны жағынан В. И. Лениннің «Халық ағарту министрлігінің саясаты туралы мәселе жөнінде» деген еңбегімен (Шығармалар толық жинағы, 23-том, 137—148-беттер) өте-мөте үндес.— *214.*

83 Меньшевиктік «Новая Рабочая Газетаны» Ленин мысқылдап, *«Новая Ликвидаторская Газета»* («Жаңа Жойымпаздық Газет») деп атады. — *217.*

84 Әңгіме III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияға заң жобаларын дайындау жөнінде жәрдемдесетін комиссия туралы болып отыр, бұл комиссия 1909 жылы Парижде большевиктер мен меньшевиктердің қатысуымен ұйымдастырылды. Комиссия жанынан 8 сағаттық жұмыс күні туралы, стачкалар бостандығы туралы, кәсіптік одақтар туралы заң жобасын дайындау жөніндегі кіші комиссиялар құрылды. Большевиктер бірнеше заң жобасын, мысалы, 8 сағаттық жұмыс күні туралы заң жобасын талдап әзірледі (заң жобасына «Түсінік хатты» В. И. Ленин жазған болатын—қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 169—176-беттер), бірақ меньшевиктердің саботаж жасауы салдарынан бұл заң жобалары аяқсыз қалды. Стачкалар туралы заң жобасын меньшевик Дан әзірледі, ол заң жобасына стачкаларға қатысушы қылмыскер ретінде жазаға тартылады деген пункт енгізді. Заң жобасы комиссияда талқыланған кезде Ленин бұл пунктке үзілді-кесілді қарсы шықты.—*217.*

85 *Сионист-социалистер* —1904 жылы құрылған ұсақ буржуазиялық еврей ұлтшылдық ұйымы — Сионистік-социалистік жұмысшы партиясының мүшелері. Сионист-социалистер еврей пролетариатының басты міндеті өзінің меншікті территориясы болу үшін және өзінің ұлттық мемлекетін құру үшін күресу болып табылады деп есептеді. Олар еврей буржуазиясымен таптық ынтымақты уағыздады, орыс және халықаралық пролетариатының революциялық қозғалысынан еврей жұмысшыларын оқшаулауды көздеді, түрлі ұлттардың жұмысшылары арасында дұшпандық сезім туғызуға тырысты. Сионист-социалистердің ұлтшылдық әрекеті еврей жұмысшыларының таптық санасын көмескіледі, жұмысшы қозғалысына зор нұқсан келтірді.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Сионистік-социалистік жұмысшы партиясы Социалистік еврей жұмысшы партиясымен («СЕЖП») Біріккен еврей социалистік жұмысшы партиясына бірікті. — *221.*

86 В. И. Ленин бұл арада И. Ветровтың (М. А. Савельевтің) «Пролетарская Правда» газетінің 1913 жылғы 7 (20) декабрьдегі 1-номерінде жарияланған «Интернационал және бірлік туралы мәселе» деген мақаласын айтып отыр, онда былай делінген: «Қорытындыда Бюро 6-ға ерекше өкілдік беруден бас тартып, мұнымен социал-демократиялық фракциядағы 6 жұмысшы депутат ұсынған «федерация» принципін айыптады-мыс деп пайымдаған жойымпаздардың өтіріктерін айтпай кете алмаймыз. Алтауға ерекше өкілдік беру талабы әсте таза формальды себептерден Бюроның ал-

дына қойылған жоқ. Сондықтан «Н. Р. Г»-ның Бюро 6-ды айыптады-мыс деуі жойымпаздардың арсыз өтірігінің бірі, олар осылай етіп, жұмысшы табының санасын үнемі көмескілеуге тырысады». — *224.*

87 *«Шляхи»* («Жолдар») — ұлтшылдық бағыттағы Украин студенттік одағының органы; 1913 жылғы апрельден 1914 жылғы мартқа дейін Львовта шығып тұрды. — *227.*

88 *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы»)—ай сайын шыққан журнал, 1876 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. 90-жылдардың бас кезінде журнал Н. К. Михайловский бастаған либерал халықшылдардың қолына көшті. Кейін эсерлер, «халықтық социалистер» партиялары мен Мемлекеттік думалардағы трудовиктердің көрнекті мүшелері болған публицистер осы «Русское Богатствоның» төңірегіне топталды. 1906 жылдан бастап «Русское Богатство» жартылай кадеттік Халықтық-социалистік еңбек партиясының (энестер) органына айналды. — *229.*

89 *«Vorwärts»* («Алға»)—күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халықтық Газеті») газетінің жалғасы ретінде партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. РСДРП қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті сыңар жақ көрсете отырып, «Vorwärts» «экономистерді», ал одан соң, партия жікке бөлінгеннен кейін,— меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басты, ал Лениннің, большевиктердің ол мақалаларды теріске шығарып жауап беруіне және партиядағы істің жайын объективті тұрғыдан бағалауына мүмкіндік бермеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды. — *231.*

90 *«Россиядағы стачкалар»* деген мақаланы Ленин 1913 жылы 14 (27) декабрьде партиялық «Прибой» баспасы шығарған «1914 жылға арналған Жұмысшы Серігі» деген календарьға арнап жазды. Календарьда Россиядағы жұмысшы заңдары жөнінде, орыс жұмысшы қозғалысы мен халықаралық жұмысшы қозғалысы жөнінде, саяси партиялар, қоғамдар мен одақтар жөнінде, баспасөз жөнінде, т. б. қажетті мәліметтер басылды, Маркстің, Бебельдің, Лассальдің, Чернышев-

скийдің (суреттерімен) және басқалардың өмірбаяны берілді. «Жұмысшы Серігіне» тыйым салынды, алайда полиция конфискелеп үлгіргенше, басылым бір-ақ күнде таралып кетті. Ленин «Жұмысшы Серігінің» бір данасын алған соң, Инесса Армандқа жазған хатында 5000 данасы таратылып та үлгірді деп хабарлайды. 1914 жылы февральда календарьдың қайта өңделген екінші басылымы шықты, онда цензуралық жағдайға сәйкес кейбір қысқартулар мен өзгертулер жасалды, сондай-ақ жаңа материал — өздігінен білім алу үшін кітаптардың көрсеткіші берілді. «Жұмысшы Серігінің» барлығы 20 000 данасы таратылды. — *234.*

91 Бұл арада 1885 жылғы Морозов стачкасына қатысушыларға болған сотқа байланысты реакцияшыл публицист Катковтың баспасөз бетіндегі сөзі айтылып отыр; сотта жұмысшыларға қысымшылық көрсетудің және оларды қанаудың жан түршігерлік жағдайлары анықталды. Сотталушылардың кінәлылығы жөнінде присяжный ұсынған 101 сұраққа сотталушылар 101 қарсы жауап берді. 1886 жылы 29 майда «Московские Ведомостидің» 146-номерінде Катков былай деп жазды: «Кеше құдай жарылқаған ескі қала Владимирде Русьте көріне бастаған жұмысшы мәселесінің құрметіне жүз бір дүркін салют берілді». — *235.*

92 Ленин бұл арада 1913 жылы 26 ноябрьде (9 декабрьде) Мемлекеттік дума мәжілісінде төменгі ауыл шаруашылық мектептерінде құдай заңы мұғалімдерінің жалақысына үстеме қосу туралы заң жобасын талқылауға байланысты большевик-депутат Ф. Н. Самойловтың жасаған мәлімдемесін айтып отыр. Мәлімдеменің жобасын В. И. Ленин жазды немесе, тым болмағанда, редакциялады деп ұйғаруға негіз бар.

Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының атынан Самойлов мынадай мәлімдеме жасады:

«Мыналарды ескеру керек:

1) социал-демократия шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден бөлу принципін әрқашан қорғап келді, мұның өзі, атап айтқанда, мектептерде құдай заңдарын оқытуды мүлдем тоқтату және мемлекет тарапынан дін басыларын ұстауға қандай да болсын қаржы бөлуге жол бермеу талабын іске асыруды көздеді;

2) орыс шындығы жағдайында нақ священниктер мен төменгі мектептердің құдай заңы мұғалімдері үкімет пен қасиетті Синодтың реакциялық саясатының — халықтың алдында діни беделдің көмегімен өздерінің осы реакциялық саясатын ақтау үшін балалар мен халықтың аңғал діни сезімін пайдалануға тырысқан саясатының өте-мөте сенімді бір тірегі болды және болып та отыр;

3) социал-демократия халық мектептері мұғалімдерінің жартымсыз жалақысын көбейту жолында үнемі күресе оты-

рып, қазіргі заңға ұсынылған түзетуді бәз-баяғы реакциялық мақсатқа бола балалардың басын айналдырудың бәзбаяғы мақсатын көздеп және сол саясатты сенімді түрде жүзеге асырушылар болып отырған төменгі мектептердің құдай заңы мұғалімдерін шіркеулік және бюрократиялық иерархияның қазіргі системасына бұрынғыдан да бетер мықтап қосақтау әрекеті деп қарамай отыра алмайды.

Осылардың бәрін ескере отырып, социал-демократиялық фракция төменгі ауыл шаруашылық халық мектептерінің құдай заңы мұғалімдерінің жалақысына көп жылдық қызметі үшін үстеме белгілеу туралы ұсынылған түзетуге қарсы дауыс береді» («За Правду» № 45, 27 ноябрь (10 декабрь), 1913 ж.).— *240.*

93 *«Передоновшылдық»*— Сологубтың «Әзәзіл» деген романының кейіпкері —гимназия мұғалімі Передоновтың есімімен аталған. Передонов— бүкіл мектеп тәртібі езіп, топастандырған оқушыларға мұғалімдердің есерсоқтығы, кертартпалық, ескішілдік, төрешілдік жайлаған, революциядан бұрынғы ескі гимназияның кәдуілгі өкілі. Ленин «Халық ағарту министрлігінің саясаты туралы мәселе жөнінде» деген еңбегінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 23-том, 137—148-беттер) Передоновқа мінездеме береді. — *241.*

94 Бұл арада И. В. Сталиннің «Марксизм және ұлт мәселесі» деген мақаласы айтылып отыр; мақала 1912 жылдың аяғы—1913 жылдың бас кезінде Венада жазылды, «Ұлт мәселесі және социал-демократия» деген атпен «Просвещение» журналының 1913 жылғы 3, 4, 5-номерлерінде басылды. 1914 жылы бұл мақала большевиктік «Прибой» баспасында (Петербург) «Ұлт мәселесі және марксизм» деген атпен жеке кітапша болып басылып шықты. Бірақ ішкі істер министрінің бұйрығы бойынша Сталиннің кітапшасы барлық көпшілік кітапханалары мен қоғамдық оқу үйлерінен алынды. Ленин бұл еңбектің үлкен теориялық және саяси маңызын атап көрсетті (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 65, 67-беттер). —*243.*

95 *«Искра»* («Ұшқын») (ескі)— 1900 жылы В. И. Ленин негізін қалаған және Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылдың декабрінде Лейпцигте шықты; келесі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден — Лондонда және 1903 жылдың көктемінен—Женевада шығып тұрды. Газетті жолға қоюға (астыртын баспахананы ұйымдастыруға, орысша шрифтер тауып алуға және т. т.) герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский, ағылшын Социал-

демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искра» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич енді. Редакцияның секретары әуелі И. Г. Смидович-Леман, одан соң, 1901 жылдың көктемінен — Н. К. Крупская болды, ол сонымен бірге «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысып тұру ісін жүргізіп отырды. «Искра» Россия пролетариаты мен барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы революциялық күресі мәселелеріне баса назар аударып, халықаралық өмірдің, негізінен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды оқиғаларына зор көңіл бөлді. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы әрі басшысы болды, партия құрылысының және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазып отырды.

«Искра» партия күштерін біріктіру, партия кадрларын топтастыру және тәрбиелеу орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара және т. б.) РСДРП-ның лениндік-искралық бағыттағы топтары мен комитеттері құрылды, ал 1902 жылы январьда искрашылдардың Самарада болған съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искралық ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын жасады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП II съезін әзірледі. Съезді шақыру қарсаңында Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасын және ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өздерінің басшы органы деп таныды. Съезд арнаулы қаулысында «Искраның» партия үшін күресте айрықша роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады.

Партияның II съезінен кейін көп кешікпей меньшевиктер Плехановтың қолдауымен «Искраны» өз қолдарына алды. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің жауынгер органы болудан қалды. — *244.*

96 *«Заря»* («Таң»)—маркстік ғылыми-саяси журнал; Штутгартта 1901—1902 жылдары «Искра» редакциясы жария түрде шығарып тұрды. «Заряның» не бары төрт номері (үш кітабы) шықты: 1-номері — 1901 жылдың апрелінде (іс жүзінде 10 (23) мартта), 2—3-номері — 1901 жылдың декабрінде, 4-номері — 1902 жылдың августында шықты. Журналдың

міндеттері В. И. Ленин Россияда жазған ««Искра» мен «Заря» редакциясы мәлімдемесінің жобасында» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 349—361-беттер) белгіленген болатын. 1902 жылы «Искра» және «Заря» редакциясының ішінде алауыздық туып, жанжал шыққан кезде Г. В. Плеханов («Заряны» өзі редакциялауды көздеп) журналды газеттен бөлу жобасын ұсынды, бірақ бұл ұсыныс қабылданбады, сөйтіп ол органдардың редакциясы үнемі ортақ қалпында қала берді.

«Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін сынады, марксизмнің теориялық негіздерін қорғады. «Заряда» Лениннің «Кездейсоқ заметкалар», «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», ««Сыншы» мырзалар аграрлық мәселе жөнінде» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Ішкі жағдайға шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген еңбектері, сондай-ақ Плехановтың «Біздің сыншыларға сын. 1-бөлім, П. Струве мырза Маркстің әлеуметтік даму теориясының сыншысы ролінде», «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейн мырзаның рухани өсиеті» деген және басқа еңбектері басылды.—*249.*

97 Бұл арада А. В. Пешехоновтың «Кезекті тақырыптар. Біздің платформамыз (оның бейнесі мен көлемі)» деген мақаласы айтылып отыр; мақала 1906 жылы августа «Русское Богатство» журналының 8-номерінде жарияланды. В. И. Ленин өзінің «Эсер меньшевиктер» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 436—447-беттер) Пешехоновтың осы мақаласын өлтіре сынайды.—*249.*

98 Бұл арада партияның II съезі қабылдаған РСДРП программасының 8-параграфы айтылып отыр, онда халықтың ана тілінде білім алуға правосы болуы, жиналыстарда әрбір азаматтың ана тілінде сөйлеуге правосы болуы, барлық жергілікті қоғамдық және мемлекеттік мекемелерде мемлекеттік тілмен қатар жергілікті халықтың ана тілінің енгізілуі жарияланған болатын (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 65—66-беттер).— *258.*

99 Халықаралық социалистік бюроның РСДРП-ның бірлігін қалпына келтіруді көздеген «Россиядағы жұмысшы қозғалысының барлық фракцияларының» кеңесін шақыру туралы шешіміне байланысты жойымпаздық «Новая Рабочая Газета» Лондоннан алынған телеграмманы басты, онда былай деп хабарлайды: II Интернационалдың парламентаралық секциясына Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық жұмысшы фракциясының («алтаудың») өкілін жіберу жөніндегі большевиктердің талабы Халықаралық социалистік бюро мәжілісінде қабылданбай тасталыпты-мыс. Лениннің

тапсыруымен Орталық Комитеттің Брюссельдегі өкілі Халықаралық социалистік бюроның секретары Гюисмансқа: «Жойымпаздардың осы қылығына сіз қалай қарайсыз?»—деп сұрақ қойды. Гюисманс «Новая Рабочая Газета» берген жалған хабарды ресми түрде теріске шығаруға мәжбүр болды.— *263.*

100 *«Россия»*— реакциялық, қаражүздік сипаттағы күнделікті газет; 1905 жылғы ноябрьден 1914 жылғы апрельге дейін Петербургте шығып тұрды. 1906 жылдан— ішкі істер министрлігінің органы. Газет үкіметтің ішкі істер министрінің қарамағына берілген құпия («сатқын») қорынан қаржыландырылып тұрды. В. И. Ленин «Россияны» «полициялық сатқын газет» деп атады.

«Новое Время» («Жаңа Заман») — күнделікті газет, 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; әр түрлі бастырушылардың қолында болды, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық газет болды, ал 1876 жылы бастырушысы А. С. Суворин болғаннан кейін ол реакциялық дворяндар тобы мен чиновниктік-бюрократтық топтың органына айналды. 1905 жылдан — қаражүздікшілдердің органы. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдады және большевиктерге өршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) газетті жауып тастады.

«Земщина» («Земствошылдық») — қаражүздік күнделікті газет, 1909 жылғы июньнен 1917 жылғы февральға дейін Петербургте шығып тұрды. — *269.*

101 Бұл заметка Халықаралық социалистік бюроның мәжілісі жөніндегі есепке байланысты 1913 жылы 24 декабрьде (жаңаша) герман социал-демократиясының орталық органы — «Vorwärts» газетінің 339-номерінде жарияланған және 1913 жылы 20 декабрьде (ескіше) «Пролетарская Правда» газетінің 12-номерінде орыс тілінде көшіріліп басылған Каутскийдің хатына соңғы сөз болып табылады. Каутскийдің хаты Р. Люксембургтің «Vorwärts» редакциясына жазған хатына жауап болды.— *276.*

102 *«Маркстің Энгельспен жазысқан хаттары»* деген мақала Маркс пен Энгельстің жазысқан хаттары төрт томдығының 1913 жылы сентябрьде неміс тілінде жарық көруіне байланысты Лениннің жазбақшы болған үлкен еңбегінің бастамасы еді; хаттар мынадай атпен жарық көрді: «Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx 1844 bis 1883», herausgegeben von A. Bebel und Ed. Bernstein. Vier Bände, Stuttgart, 1913. («Фридрих Энгельс пен Карл Маркстің 1844

жылдан 1883 жылға дейін жазысқан хаттары», А. Бебель мен Эд. Бернштейн шығарған. Төрт том, Штутгарт, 1913).

Бұл «Хаттар» Маркс пен Энгельстің бір-біріне жазған барлық хаттарын жинап, жариялаудың алғашқы әрекеті еді. Бірақ бұл жұмыстың орындалуы қанағаттандырарлық болмады, сөйтіп хаттар толық басылмады (бұған жалпы саны 1500-ден астам хаттан 1386 хат енді), текске үлкен қысқартулар жасалды, ғылыми-анықтама аппараты көңілдегідей болмады. Ленин «К. Маркс пен Ф. Энгельстің жазысқан хаттарын» терең зерттеп, мұқият конспектіледі. 1913 жылы 13 немесе 14 ноябрьде қарындасы М. И. Ульяноваға жолдаған хатында В. И. Ленин былай деп жазды: «Маркстің Энгельспен жазысқан хаттарының төрт томын жаңа ғана оқып бітірдім. Ол туралы «Просвещениеге» жазғым келеді. Қызық жерлері көп» (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 442-бет).

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде көлемі 76 беттік үлкен дәптер бар, оған Ленин К. Маркс пен Ф. Энгельстің 300-ге жуық хаттарын конспектілеген, теориялық жағынан маңызды деген 15 хаттан көшірмелер алып, конспектіге қысқаша тақырыптық көрсеткіш жасаған. Сондай-ақ «Хаттардың» Ленин оқып, зерттеген төрт томы да сақталған, онда Лениннің текске, беттің ашық жерлеріне төрт түрлі қарындашпен қойған белгілері (астын сызу, белгі қою, NB) бар. Осы материалдардың бәрі жеке кітап болып басылып шықты (қараңыз: В. И. Ленин. ««К. Маркс пен Ф. Энгельстің жазысқан хаттарынан» конспект». М., Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1959).

Лениннің «Маркстің Энгельспен жазысқан хаттары» деген еңбегін 1914 жылы «Просвещение» журналында басу ұйғарылған еді, бұл жөнінде 1913 жылы 14 декабрьде «Пролетарская Правда» газетінің 7-номерінде хабар да берілді, бірақ мақала бітпей қалып, тек қана 1920 жылы 28 ноябрьде Энгельстің туғанына жүз жыл толған күні «Правдада» басылды. Осы датаға байланысты Ленин мақаланы баспаға дайындау үстінде оның тақырыбына қосымша: «Энгельс — коммунизмнің негізін салушылардың бірі» деген тақырыпша қойды, сондай-ақ мақалаға «1913 жылы немесе 1914 жылдың бас кезінде жазылған, бітпей қалған мақаланың басы» деп бет соңынан ескерту берді.—*283.*

103 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXI том, 1932, 1—4, 20-беттер.—*286.*

104 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, 1958, Қаз. мемл. баспасы, 16, 17-беттер. — *287.*

105 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXI том, 1932, 1, 2, 3-беттер. — *287.*

106 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXI том, 1932, 14-бет. — *288*.

107 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXI том, 1932, 33-бет. — *289*.

108 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. 1958, Қаз. мемл. баспасы, 21, 22, 23, 24-беттер. —*290*.

109 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. 1958, Қаз. мемл. баспасы, 38-бет. — *290*.

110 *Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезі* 1914 жылы 13—26 январьда (26 январь — 8 февральда) Бельгияда, Брюссель қаласында өтті. Латыш социал-демократиясы қатарындағы большевиктер мен меньшевиктер арасында қатты күрес жүріп жатқан-ды. 1913 жылдың аяғына таман партияның барлық орталық мекемелерін жойымпаз-меньшевиктер мен ымырашылдар басып алды. Большевиктік ниеттегі жұмысшыларға сүйене отырып, латыш большевиктері өз фракциясын құрды, Латыш өлкесі социал-демократиясының шетелдік топтарының Бюросы фракцияның ұйымдық орталығы болды. Бюро өзінің органы «Biletens»-ті («Бюллетень») шығарып тұрды, ол съезд шақыру жолындағы күреске басшылық етті.

В. И. Ленин латыш большевиктерінің жойымпаздық басшылыққа қарсы күресінде оларға көмек беріп отырды. Тіпті 1913 жылы майда латыш большевиктерінің тілегі бойынша В. И. Ленин «Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезіне арналған платформаның жобасын» жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 23-том, 222—232-беттер), мұны Латыш өлкесі социал-демократиясының шетелдік топтарының Бюросы жеке листовка етіп жариялады. Оны сондай-ақ 1913 жылы августа «Цинияс биедрис» газеті, сол жылы ноябрьде «Бюллетень» «Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезіне арналған біздің платформамыз» деген тақырыппен жариялады. «Бюллетень» редакциясы өз қатарындағы ымырашыл элементтердің ықпалымен жобаны жариялағанда ұлт мәселесіне арналған бөлімді алып тастады, басқа бөлімдерді ішінара қысқартып, өзгертті. Платформа жобасы жергілікті партия ұйымдарында кеңінен талқыланды, мұның өзі Латвия большевиктеріне съезге дейін-ақ бірқатар аса маңызды мәселелер бойынша табанды принципті нұсқау жасап алуға мүмкіндік берді.

Латыш өлкесі социал-демократиясының жергілікті ұйымдарының конференциясы большевиктер партиясы Орталық Комитетінің өкілі ретінде В. И. Ленинді съезге шақырды. В. И. Ленин съезді әзірлеуге және өткізуге мықтап ат салысты. Ол съезд алдында съезге әзірлік мәселелерін, съездің құрамын, съездегі күрестің қандай нәтиже беретінін

т. б. анықтап алу үшін Латвия большевиктерімен жиі-жиі хат алысты, олармен жүзбе-жүз кездесек болып Берлинге, Парижге барды. Съезде Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясының РСДРП-ға және Думадағы фракцияның жікке бөлінуіне көзқарасы туралы баяндама жасады, большевик-делегаттардың кеңестеріне қатысты, оларға қарарлардың жобаларын дайындауға көмектесті.

Съезд қарсаңында, 1914 жылы 12 (25) январьдың кешінде, Ленин Брюссельде съезд делегаттарына арнап ұлт мәселесі жөнінде реферат оқыды, онда большевизмнің ұлт мәселесі жөніндегі теориясы мен тактикасын баяндады. Ленин Латвия марксистерін партияның жалған бірлігін емес, шын бірлігін нығайтуға, оның қатарын тұрлаусыздар мен жойымпаздардан, жұмысшы табы ісіне ашықтан-ашық опасыздық жасаушылардан сақтауға шақырды.

Съезде 35 адам, оның ішінде шешуші дауыспен 18 адам, кеңесші дауыспен 11 адам және қонақ ретінде 6 адам болды. Съездің күн тәртібіне 17 мәселе қойылды: Орталық Комитеттің баяндамасы және жергілікті жерлердің баяндамалары. РСДРП-ға көзқарас және Думадағы фракция. Қазіргі кезең және партияның міндеттері. Кәсіптік ұйымдар және экономикалық күрес. Кооперативтік қозғалыс. Жұмысшылардың мәдени-ағарту және басқа да қоғамдары. Жұмысшыларды қауіпсіздендіру. Жергілікті өзін өзі басқару орындары. Буржуазиялық партияларға көзқарас. Аграрлық мәселе және ауыл шаруашылық жұмысшыларының қозғалысы және басқа мәселелер.

Съезде большевиктер берік көпшілік бола алмады. Шешуші даусы бар 18 делегаттың арасында 8 большевик, 8 меньшевик және 2 ымырашыл болды. Сондықтан съездің бірқатар негізгі қарарлары келісімпаздық, ымырашылдық сипат алды. Съезд делегаттары екі лагерьге — большевиктік және меньшевиктік лагерьлерге бөлінді, большевиктік лагерьді В. И. Ленин бастады, ал меньшевиктік лагерьді, сондай-ақ қонақтардың бір бөлегі де қолдады. Янсон-Браун бастаған ымырашылдар большевиктер мен меньшевиктердің арасында ауытқып, келісімпаздық сипаттағы ұсыныстар енгізді.

Съезд делегаттарының көпшілігі Латыш өлкесі социал-демократиясының Орталық Комитетін оның оппортунизмі үшін, троцкистік антипартиялық Август блогына қатысқаны үшін қатты сынады. Большевик-делегаттар былай деді: Латвияда жұмысшы қозғалысы Орталық Комитетке тәуелсіз және оның реформистік тактикасына қарамай өріс алып келеді.

Съезде әсіресе Латыш өлкесі социал-демократиясының РСДРП-ға және Думадағы социал-демократиялық фракцияның жікке бөлінуіне көзқарасы туралы мәселе бойынша қатты күрес болды. Бұл мәселе бойынша большевиктердің Орталық Комитеті атынан В. И. Ленин баяндама жасады. Ол өзінің баяндамасында Россиядағы жойымпаздыққа қар-

сы күреске тоқталды және Россияда саналы жұмысшылардың $^4/_5$ бөлігі большевиктік партияның төңірегіне топтасып, жойымпаздарды айыптап отырғанын нақты объективті деректер негізінде дәлелдеп берді. Жойымпаздық қауіп жойылды-мыс деген ымырашыл Янсон-Браунның козқарасын В. И. Ленин қатты сынға алды. Жойымпаздар жергілікті жерлерде өздерінің жікшілдік әрекетін тоқтатпай отырған кезде, деді Ленин, олармен күрес жүргізу сөзсіз және қажет болады. Партияны бүлдіріп жүргендермен ешқандай да бірлік болуы мүмкін емес. Ленин тек принциптік негізде ғана, революциялық тактиканы және оппортунизмге қарсы күресті мойындау негізінде ғана бірлік болуы мүмкін деп түсіндірді. Ленин латыш социал-демократтарын жойымпаздардан үзілді-кесілді ажырасуға шақырды.

Съезд большевиктік қарарды қабылдады, оның жобасын В. И. Ленин жазған болатын. Қарар жойымпаздық пен ымырашылдықты айыптады, партияны біріктірудің большевиктік принципін ұсынды және антипартиялық Август блогынан дереу қол үзуді талап етті. Қарарды талқылау үстінде меньшевиктер мен ымырашылдар оған өздерінің түзетулерін енгізе алды. Мәселен, ымырашыл Браунның Латыш өлкесі социал-демократиясын «бірігу ісі әзірге нық негізге қойылмай тұрғанда» Орталық Комитетпен де, Ұйымдастыру комитетімен де уақытша ұйымдық жағынан байланыс жасамауға міндеттеген ұсынысы қабылданды. Жойымпаздықты айыптау жөніндегі пунктке де түзету қабылданды, онда жойымпаздық жөнінде айыптаудың Ұйымдастыру комитетіне жанасатын құпия ұйымдарға қатысы жоқ екендігі айтылған. Тұтас алғанда қарар жойымпаздықты айыптады және латыш социал-демократиясы өкілінің жойымпаздардың Ұйымдастыру комитетінен кетуін талап етті.

Думадағы социал-демократиялық фракцияның жікке бөлінуіне көзқарас туралы қарар Думадағы социал-демократ депутаттардан жойымпаздықты пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың көрінісі ретінде айыптаған 1908 жылғы Бүкіл россиялық декабрь конференциясы мен Орталық Комитеттің 1910 жылғы пленумының партиялық шешімдерін негізге алып, бірлескен жұмысты жөнге салуды талап етті. Съезде ымырашылдық тенденцияның күшті болғанына қарамастан бұл қарар бірауыздан қабылданды.

Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы қарарда барлық помещиктік, монастырьлік және қазыналық жерлерді конфискелеу талабы айтылды. Аграрлық мәселе және ауыл шаруашылық жұмысшыларының қозғалысы туралы қарар село пролетариатын ұйымдастыру және оның күресіне басшылық ету жұмысын күшейтуді талап етті. Басқа барлық мәселелер жөнінде — экономикалық күрес және кәсіподақтар туралы, жұмысшыларды қауіпсіздендіру туралы, жергілікті өзін өзі басқару орындары туралы, буржуазия-

лық партияларға көзқарас туралы қарарлар да большевиктік рухта қабылданды.

Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің қарарлары пролетарлық интернационализм рухына толы болды. Съезд жергілікті партия ұйымдары құрылысының негізіне интернационализм принципі алынуы керек, әрбір қалада тек қана бірыңғай социал-демократиялық ұйым болуы тиіс деп қаулы алды. Съезд латыш буржуазиясының саяси екіжүзділігі мен тұрлаусыздығын айыптап, латыш пролетариатын интернационалдық бірлікті, басқа ұлттардың пролетариатымен бірлікті нығайтуға шақырды. Осы шешімге байланысты В. И. Ленин съезден кейін былай деп жазды: «...жұмысшы табының жергілікті ұйымдарының *интернационалдық бірлік* принципінің дұрыс екендігіне көп жылдар бойы жасалған тәжірибе латыш марксистерінің көзін толық жеткізді» (қараңыз: Шығармалар, 20-том, 183-бет). В. И. Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің қарарларын жойымпаздар мен троцкистерге қарсы күресте кеңінен пайдаланды (оның мына мақалаларын қараңыз: «Латыш жұмысшылары социал-демократиялық фракциядағы жікке бөліну туралы», ««Август» фикциясын әшкерелеу», «Жойымпаздар және латыш жұмысшы қозғалысы», т. б.). Съезде В. И. Лениннің және латыш большевиктерінің ымырашылдық тенденцияларға қарсы күш сала күресуі нәтижесінде латыш социал-демократтарының Август блогынан шығуына қол жетті. Латыштардың бұл блоктан шығуын Ленин троцкистік бірлестікке «өлтіре соққы беру» деп бағалады.

Лениннің тікелей қатысуымен өткен Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезі Латыш өлкесі социал-демократиясы тарихында шұғыл өзгеріс кезеңі болды. Съезде большевиктік позиция ұстаған Орталық Комитетті сайлау, сондай-ақ Латыш өлкесі социал-демократиясының орталық органы «Ciņa»-ның большевиктерді жақтаушылардың қолына көшуі аса ірі жеңіс болды.

Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің протоколдары табылған жоқ. Протоколдарды Янсон-Браун баспаға әзірлегені және олардың Брюссельде қалғаны анық. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркснзм-ленинизм институтының Орталық партия архивіндегі Поронин-Краков архивінің материалдары ішінде Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезіне қатысты және Ленин мен съездің большевиктік бөлегінің жойымпаздарға қарсы күресін сипаттайтын лениндік документтер бар. Документтердің ішінде — Лениннің қолымен жазылған күн тәртібі, съезд мәжілістерінің барысы жөніндегі және шешендердің сөздері жөніндегі жазбалар, сондай-ақ Латыш өлкесі социал-демократиясының РСДРП-ға көзқарасы туралы қарардың жобасы, баяндаманың және қорытынды сөздің конспектісі (қараңыз: осы том, 313—314, 425—428-беттер) бар. Лениннің шешендердің

сөздері жөніндегі жазбасы мен оған берген түсініктемесі аса назар аударарлық материалдар. Мәселен, Браунның 1914 жылы 15 (28) январьда съезде сөйлеген сөзі жөнінде Лениннің жазбасы бар. Браун өзінің ымырашылдығын қорғай келіп, ымырашылдық позиция «тым нәзік» деген жеріне В. И. Ленин: *«Нәзік жерде кәдік бар!»*,— деп жазды.— *305.*

111 *Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросын* (ОКШБ) Орталық Комитеттің Орыс бюросына бағынатын шетелдегі жалпы партиялық өкілдік ретінде (құрамында үш адам) 1908 жылы августа РСДРП Орталық Комитетінің пленумы құрды. Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросының міндеті Россияда жұмыс істейтін Орталық Комитетпен және шетелде жұмыс істейтін Орталық Комитет мүшелерімен ұдайы байланыс жасап отыру, РСДРП-ға жәрдемдесетін шетелдік топтардың және олардың Орталық бюросының қызметін бақылау, шетелдегі ұйымдардың Орталық Комитет кассасына өткізуге тиісті ақшасын қабылдау және Орталық Комитеттің пайдасына ақша жинауды ұйымдастыру болды. РСДРП-ға жәрдемдесетін шетелдік топтардың бәрін біріктіру және оларды бірыңғай жалпы партиялық басшылыққа бағындыру мақсатымен Орталық Комитеттің август пленумы Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросына бұл топтардың арнаулы съезін өткізуді тапсырды. Бірақ жойымпаз-меньшевиктер қолға түсіріп алған Шетелдік топтардың Орталық бюросының қасарыса қарсыласуы салдарынан Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросы 1909 жыл бойына съезді шақыра алмады. 1910 жылы өткен Орталық Комитеттің январь пленумы Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросын қайта құрып, оның жалпы партиялық істерге басшылық ролін шектеді, бірақ керісінше Орталық Комитеттің Орыс бюросының өкілдігін күшейтті. Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросының құрамы 5 адамнан белгіленді, олардың үшеуі ұлттық ұйымдардың орталық комитеттерінің өкілдері болды. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына мыналар кірді: большевиктерден — А. И. Любимов, меньшевиктерден — Б. И. Горев (Гольман), поляк социал-демократтарынан —Л. Тышка, бундшылдардан — Ф. М. Ионов (Ф. М. Койген) және латыш социал-демократтарынан —Я. А. Берзин. Көп кешікпей Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросының құрамы өзгерді: большевиктерден Н. А. Семашко (Александров), бундшылдардан М. И. Либер және латыш социал-демократтарынан Шварц (Ю. Элиас) кірді; соңғы екеуі— жойымпаздар. Сонымен, Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросында тұрақты жойымпаздық көпшілік қалыптасты, ол партияның орталық мекемелерінің жұмысына қалайда іріткі салуға тырысып бақты. Орталық Комитеттің январь пленумының шешімдерін жойымпаздардың орындамауымен байланысты большевиктер Орталық Комитеттің пленумын өткізуге күш салды,

бірақ Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросы оны үнемі шақыртпай тастап отырды, бұл әрекетінен оның антипартиялық позициясы ерекше айқын көрінді. Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросының жойымпаздық тактикасы большевиктердің өкілі Н. А. Семашконың оның құрамынан шығу туралы өтініш беруге (1911 жылы майда) мәжбүр болуына әкеп соқтырды.

РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің 1911 жылы июньде Парижде өткізілген кеңесі Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросының саяси бағытын айыптаған шешім қабылдады. Кеңестің қарарында Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросы бірқатар жағдайларда, мысалы, РСДРП-ның шетелдік топтарын біріктіру туралы, Орталық Комитеттің пленумын шақыру туралы мәселеде, Россиядағы социал-демократиялық жария басылымдарды қолдап отыру туралы мәселеде және көптеген басқа мәселелерде 1910 жылғы пленумның қаулыларын бұзып, антипартиялық, фракциялық саясат жолына түскендігі айтылды. Кеңес Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросының антипартиялық әрекеттерін айыптап, оның одан арғы болу-болмауы туралы мәселені ең таяудағы пленумның шешуіне тапсырды.

1911 жылы ноябрьде Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросынан поляк социал-демократиясының өкілі, одан соң латыш социал-демократиясының өкілі де кейін шақырып алынды. 1912 жылы январьда Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросы өзін таратылды деп жариялады.— *307.*

112 Бұл арада Мартовтың жалақорлық мына кітапшасы айтылып отыр: «Құтқарушылар ма әлде жоюшылар ма? (РСДРП-ны кім және қалай күйретті)», «Голос Социал-Демократа» басылымы. Париж, 1911, бұл кітапшада Ленинге және большевиктерге жала жапқаны сонша, тіпті жойымпаздарға ниеттес К. Каутский де мұны «жексұрындық» деп атады. К. Каутский 1911 жылы 9 августа А. В. Луначарскийге жолдаған хатында Мартовтың кітапшасы жөнінде былай деп жазды: «Сіз сияқты, біз де жікке бөлінудің себептерін Ленин мен оның серіктерінен көре алмаймыз. Біз Лениннің іс-әрекетін өзіне қарсы жазған жексұрын кітапшаға жауап деп қана түсінеміз; егер кітапша жікке бөлінуге мәжбүр ету мақсатын көздемеген күнде, тұп-тура мағынасыздық болып шығар еді».

Бұл хаттан үзіндіні Плеханов 1911 жылы октябрьде «Дневник Социал-Демократаның» 15-номерінде басып шығарды. — *311.*

113 *«День»* («Күн») — либералдық-буржуазиялық күнделікті газет. 1912 жылы Петербургте И. Д. Сытин негізін салды. Банктердің қаржысымен шығарылып тұрды. Газетке жойымпаз-меньшевиктер қатысты, 1917 жылы февральдан кейін газет тұтас солардың қолына көшті. Империалистік со-

ғыстың алғашқы кезеңінде қорғампаздық позиция ұстады. Октябрь социалистік революциясынан кейін газет Совет өкіметіне қарсы ашық күрес жүргізді. Газет контрреволюциялық қызметі үшін Әскери-революциялық комитеттің нұсқауымен 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) жабылды.— *316.*

[114] Бұл арада 1902 жылғы 18 июньнен (1 июльден) 1905 жылғы 5 (18) октябрьге дейін П. Б. Струвенің редакциясымен шетелде екі аптада бір рет шығып тұрған *«Освобождение»* («Азаттық») журналы айтылып отыр. Журнал орыс либерал буржуазиясының органы болды және баяу-монархистік либерализм идеяларын жүргізді. 1903 жылы журналдың төңірегінде «Азаттық одағы» құрылып (ол 1904 жылғы январьда қалыптасты), 1905 жылғы октябрьге дейін өмір сүрді. Земствошыл-конституционалистермен қатар «освобождениешілдер» 1905 жылғы октябрьде құрылған конституциялық-демократиялық партияның (кадеттер) ұйтқысы болды. — *318.*

[115] Ленин бұл арада «Просвещение» журналына арнап өзі жазбақшы болған ««Впередшілдер» туралы және «Вперед» тобы туралы» деген мақаланы айтып отыр; мақала 1914 жылы «Просвещение» журналының 6-номерінде жарияланды (қараңыз: Шығармалар, 20-том, 507—514-беттер). — *331.*

[116] *«Белорус социалистік громадасы»*— ұлтшылдық ұйым, 1902 жылы «Белорус революциялық громадасы» деген атпен пайда болды. Ол белорус буржуазиясының, помещиктері мен кулактарының мүдделерін қорғады, революциялық тап күресін бекерге шығарды, белорус халқын орыс революцияшыл жұмысшы табынан бөліп алуға, оқшаулауға тырысты. Белорус халқының еңбекшілер бұқарасы олардың бұл әрекеттерін мүлдем қолдамады. Ұлт мәселесінде олар «мәдени-ұлттық автономияны» талап етті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «Белорус социалистік громадасы» буржуазиялық Уақытша үкіметтің саясатын қолдап отырды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Белорус громадасы бірқатар контрреволюциялық топтарға бөлініп кетті; бұл топтар ақ гвардияшылармен және шетел интервенттерімен бірге Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді.

Дашнакцутюндер — ұлтшыл буржуазиялық Дашнакцутюн партиясының мүшелері. XIX ғасырдың 90-жылдарының басында сұлтандардың езгісінен түрік армяндарын азат ету мақсатымен Түрік Арменниясында құрылған бұл партия әр түрлі таптар өкілдерінің буржуазиялық-демократиялық қырық құрауы болды. Оның құрамында буржуазиямен бірге ұлттық интеллигенция едәуір орын алды, сондай-ақ

социал-демократиялық насихаттың шарпуы тимеген шаруалар мен жұмысшылар және «зинворлар» деп аталатынның жасақтарын құрайтын люмпен-пролетариаттың бір бөлегі болды.

1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында Дашнакцутюн өзінің қызметін Кавказға көшіріп, эсерлермен жақындасады. Партияның «жас дашнакцутюндер» тобын құрған сол қанаты 1907 жылы эсерлер партиясының құрамына енді.

Дашнакцутюннің қызметі халыққа қарсы сипатта болды. Дашнакцутюн өзінің ұлтшылдық насихатымен Армения мен бүкіл Закавказьенің пролетариатын және еңбекшілер бұқарасын интернационалдық тәрбиелеу ісіне орасан зор зиян тигізді.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін дашнактар буржуазиялық Уақытша үкіметтің саясатын қолдады; Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктермен, эсерлермен және мусаватистермен контрреволюциялық блок жасасып, большевиктерге қарсы шықты. 1918—1920 жылдарда дашнактар Арменияның буржуазиялық-ұлтшыл контрреволюциялық үкіметін басқарды; олардың бүкіл әрекеті Арменияны шетел империалистерінің отарына және ағылшын-француз интервенттері мен орыс ақ гвардияшыларының Совет өкіметіне қарсы күресте тірек пунктіне айналдыруға жәрдемдесті. Армения еңбекшілері большевиктер партиясының басшылығымен, Қызыл Армияның қолдауы арқасында 1920 жылы ноябрьде дашнактар үкіметін құлатты. Совет өкіметінің жеңуімен байланысты Закавказьеде Дашнакцутюн ұйымдары талқандалып, жойылды.— *338.*

117 Бұл арада мына кітап айтылып отыр: «1905 жылғы жер иелігі статистикасы. Европалық Россияның 50 губерниясы бойынша деректер жинағы». СПБ., Ішкі істер министрлігінің орталық статистика комитетінің басылымы, 1907.— *341.*

118 Бұл арада 1909 жылы 8—17 (21—30) июньде Парижде болған *«Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының Кеңесі* айтылып отыр. Кеңеске РСДРП V (Лондон) съезінің большевик-делегаттары 1907 жылы сайлаған большевиктік фракцияның жоғары мекемесі —Большевиктік орталықтың 9 мүшесі, сондай-ақ Петербург, Москва облыстық және Урал ұйымдарының өкілдері қатысты. Кеңес В. И. Лениннің басшылығымен өтті; күн тәртібіндегі барлық негізгі мәселелер бойынша оның сөйлеген сөздері Кеңестің бүкіл жұмысының сипатын белгіледі. Кеңесте А. Богданов (Максимов) пен В. Л. Шанцер (Марат) шақырымпаздардың, ультиматистердің және құдай жасампаздардың өкілі болды, оларды Москва облыстық ұйымының өкілі В. М. Шулятиков (До-

пат) қолдады. Г. Е. Зиновьев, Л. Б. Каменев, А. И. Рыков және М. П. Томский бірқатар мәселелер жөнінде ымырашылдық позиция ұстады.

Кеңес мына мәселелерді талқылады: шақырымпаздық пен ультиматизм туралы; социал-демократиялық ортадағы құдай жасампаздық тенденциялар туралы; партиялық жұмыстың басқа салаларымен қатар Дума қызметіне көзқарас туралы; большевиктердің партия ішіндегі міндеттері; Капри аралында құрылып жатқан партия мектебі туралы; фракциялардың бірлігі туралы; партиядан бөлек большевиктік съезд немесе большевиктік конференция шақыру жолындағы үгіт туралы; А. Богдановтың бөлініп шығуы туралы және басқа да мәселелер. Бұл мәселелердің бәрі Кеңестің қарсаңында шақырымпаз-ультиматистік оппозиция өкілдері қатыстырылмаған большевиктердің жеке жиналысында алдын ала қаралды, онда В. И. Ленин партиядағы және большевиктік фракциядағы істің жайы жөнінде жан-жақты хабарлама жасады. Ленин ұсынған қағидалар «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының Кеңесі қабылдаған шешімдердің негізіне алынды.

Кеңес шақырымпаздықты-ультиматизмді жұмысшы қозғалысы ішіндегі зиянды және қауіпті ағым ретінде үзілді-кесілді теріс деп тапты. Кеңес осы мәселе жөніндегі қарарда: шақырымпаздық пен ультиматизм теориясы пролетарлық идеологияны ұсақ буржуазиялық анархистік-синдикалистік тенденциялармен ауыстыратынын атап көрсетіп, «РСДРП ішіндегі белгілі бір ағым ретінде большевизмнің шақырымпаздықпен және ультиматизммен ортақ ештеңесі жоқ» деп мәлімдеді және барлық большевиктерді «революциялық марксизмнің жолынан бұл сияқты ауытқушылықтарға қарсы нағыз батыл күрес жүргізуге» (Шығармалар толық жинағы, 19-том, 37-бет) шақырды.

Партиядан бөлек большевиктік съезд немесе большевиктік конференция шақыру жолындағы үгіт туралы және большевиктердің партия ішіндегі міндеттері туралы мәселелерді талқылағанда шақырымпаздар мен ультиматистердің «топастанған фракцияшылдығы», РСДРП-ны сақтауда және нығайтуда большевиктердің алдында тұрған міндеттерді олардың түсінбеуі қатты айыпталды. Кеңес большевиктердің міндеті «басқа фракциялардың маркстік және партиялық элементтерімен жақындаса түсу болып табылады; мұны РСДЖ Партиясын сақтау және оны нығайту үшін күрестегі мақсаттардың ортақтығы талап етіп отыр» (40-бет) деп атап көрсетті.

Кеңес Капридегі мектеп туралы мәселе қарап, былай деп тапты: шақырымпаздар мен ультиматистер осы мектепті бетке ұстап, Каприде өздерінің фракциялық орталығын ұйымдастырып жатыр, соның өзінде олар «партияның ішіндегі идеялық ағым ретіндегі большевиктік фракцияның мақсаттарын көздеп отырған жоқ, қайта өздерінің ерекше,

топтық идеялық-саяси мақсаттарын» (42-бет) көздеп отыр. Кеңес бұл мектепті «большевиктерден бөлініп жатқан фракцияның жаңа орталығы» (42-бет) ретінде айыптап, шақырымпаз-ультиматистердің жікшілдік саясатына үзілді-кесілді қарсы шықты.

Кеңес шақырымпаз-ультиматистердің, әсіресе құдай жасампаздықты уағыздауда айқын білінген философиялық көзқарастарын қатты айыптады. Құдай жасампаздық туралы мәселе бойынша қабылданған қарарда былай деп атап көрсетілді: большевизмнің құдай жасампаздықпен ортақ еш теңесі жоқ, большевиктер құдай жасампаздықты марксизм негіздерінен қол үзуші ағым деп қарайды. Богданов Кеңестің шешімдеріне бағынбайтынын, оларды жүзеге асырмайтынын мәлімдегеннен кейін, ол шақырымпаздардың, ультиматистер мен құдай жасампаздардың лидері, дем берушісі ретінде, большевиктік фракцияның бірлігіне қол сұғып, марксизмді ревизиялау жолына, оны идеалистік, реакциялық философиямен ауыстыру жолына түскендігі үшін большевиктік фракциядан шығарылды. «Партиялық жұмыстың басқа салаларымен қатар Дума қызметіне көзқарас туралы» Кеңес қабылдаған қарарда парламенттік трибунаны революциялық жолмен пайдаланудың оппортунистік жолмен пайдаланудан түбегейлі айырмашылығы жөніндегі қағида атап көрсетілді, Думадағы фракцияның жұмысы жөнінде нақты нұсқаулар берілді.

Кеңес шешімдерінің жалпы партиялық зор маңызы болды. Бұл шешімдер, деп атап көрсетті Ленин, реакция жылдарында партия талдап жасаған саяси бағытты мейлінше сындарлы және тыңғылықты жүйеге келтірді. Кеңесте нағыз көкейтесті мәселелер төңірегінде өріс алған идеялық күрес партия кадрларын саяси жағынан тәрбиелеуде үлкен роль атқарды, нағыз партиялық элементтерді большевиктердің төңірегіне бұрынғыдан да мықтап топтастыруға көмектесті. Кеңес шешімдерін Россияның жергілікті партия ұйымдары мақұлдап, өздерінің қызметіне директива ретінде қабылдады. — *362.*

119 *«Марксизм және жойымпаздық. Қазіргі жұмысшы қозғалысының негізгі мәселелері туралы мақалалар жинағы. II бөлім»* 1914 жылы июльде партиялық «Прибой» баспасында жарыққа шықты. Бұл жинақтың Ленин жазған жоспарында оның өзі жинаққа енгізу қажет деп санаған мақалалар, сондай-ақ мақалалар көшіріліп алынуға тиісті газет номерлерінің тізімі (жинақта Ленин бірқатар мақалалардың аттарын өзгерткен) көрсетілген. Осы жоспар бойынша жинақ екі бөлімнен құралуға тиіс болды, бұл бөлімдердің мазмұны жөнінде «Путь Правды» газетінің 1914 жылғы 21 марттағы 42-номерінде хабарландырылды.

Жинақтың бірінші бөлімі шыққан жоқ. Баспа дер кезінде баспаханадан әкете алмаған жинақтың екінші бөлімінің

ондаған данасы конфискеленді. Тираждың негізгі бөлегі таратылды.

Жинақтың екінші бөліміне 1914 жылғы февраль деп көрсетілген алғы сөз бен қорытындыдан басқа Лениннің 14 еңбегі енді: «Ашық партия және марксистер» (қараңыз: «Даулы мәселелер»), «Либералдық жұмысшы партиясының манифесі», «П. Б. Аксельрод жойымпаздарды қалай әшкерелейді», «Бундтың сепаратизмі туралы» (қараңыз: «Россиядағы сепаратистер мен Австриядағы сепаратистер», ««Правда» бундшылдардың сепаратизмін дәлелдей алды ма?»), «Марксизм және реформизм», «Либерал буржуазия және реформизм», «Либералдық соқырлық. Қажетті түсініктеме» (қараңыз: «Публицистің заметкалары»), «Экономикалық және саяси стачка», ««Кадетті құртушылық» туралы әңгіме», «Біздің либералдармен айтысымыздың сипаты мен маңызы туралы», «Либерал буржуазия және жойымпаздар», «Жұмысшы табы және жұмысшы баспасөзі», «Думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылу тарихы жөніндегі материалдар».

Соңғы еңбек жинаққа арнайы жазылған — «Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылуына жұмысшылардың үн қосуы» деген мақаламен (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 25-том) толықтырылған. 1914 жылы июньде Ленин осы мақалаға сілтеме жасап, маркстік және жойымпаздық газеттерге Думадағы фракциялар арқылы түскен қаржы жөнінде жаңа деректер келтірді.— *368.*

120 *«Вехи»*— контрреволюциялық либерал буржуазияның өкілдері, көрнекті кадет публицистері — Н. А. Бердяевтің, С. Н. Булгаковтың, М. О. Гершензонның, А. С. Изгоевтың, Б. А. Кистяковскийдің, П. Б. Струвенің және С. Л. Франктың мақалалар жинағы; 1909 жылдың көктемінде Москвада шықты. В. И. Ленин ««Вехи» туралы» деген мақаласында кадеттік қаражүзділіктердің жинағына сын көзбен талдау жасап, саяси баға берді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 179—188-беттер). — *371.*

121 Бұл арада Ленин мына жинақты айтып отыр: «Экономикалық-статистикалық жинақ. VII кітап. Москва уезіндегі огород шаруашылығы мен бау шаруашылығы». Москва, 1913.— *374.*

122 *«Металлист»*— апталық журнал, металлистер кәсіптік одағының органы. 1911 жылғы 26 сентябрьден (9 октябрьден) 1914 жылғы 12 (25) июньге дейін Петербургте шығып тұрды. 45 номері шығарылды. 1913 жылға дейін одақтың басқармасы мен журналдың редакциясы жойымпаздардың қолында болды. 1913 жылы майда одақтың басқармасы қайта сайланғаннан кейін одақ басшылығы мен журнал редак-

циясы большевиктердің қолына көшті. Журналдың 1913 жылғы 7 (31), 8 (32), 10 (34)-номерлерінде В. И. Лениннің «1912 жылғы металлистер стачкалары» деген мақаласы басылды. Журналға М. С. Ольминский, А. Е. Бадаев, Г. И. Петровский жазып тұрды. «Металлист» жұмысшы бұқарасымен тығыз байланысты болды, оларды большевиктік партияның төңірегіне топтастыруда үлкен роль атқарды. Патша үкіметі журналды қудалады: кейбір номерлеріне тыйым салынды. 24-номерінен кейін журналдың шығуы 4 айға тоқтатылды. Цензурадан сақтану мақсатымен журнал өзінің атын өзгертіп отырды: «Кузнец», «Надежда», «Единство», «Наш Путь», т. б.

Ленин бұл арада «Наш Путь» журналының 1911 жылғы 11 августағы 20-номеріндегі және «Металлист» журналының 1911 жылғы 27 октябрьдегі 3-номеріндегі бас мақалаларды айтып отыр. — *384.*

123 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, XXIII том, 1932, 464-бет. — *393.*

124 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, 1958, Қаз. мемл. баспасы, 211-бет. — *393.*

125 *«Тейлор системасы—адамды машина арқылы қанап-жаншу»* деген мақаланың қолжазбасы ұзақ уақыт беймәлім болды. Ол 1959 жылы ғана Москвадағы СССР Орталық мемлекеттік тарих архивінде сақтаулы жатқан 15 мыңнан астам сақталатын единицалар кіретін «Айғақ заттар» (1167 фонд) коллекциясындағы 1914 жылғы «Путь Правды» газеті редакциясының қолжазбалары арасынан табылды. «Правда» газеті, «Просвещение» журналы және басқа да большевиктік баспасөз редакцияларының көптеген документтері сияқты, бұл қолжазбаны да Полиция департаменті «Правда» газетінің үкіметке қарсы қызметінің айғақ заттары ретінде жинап алған болатын. — *396.*

126 1913 жылы 26 және 28 сентябрьде (9 және 11 октябрьде) В. И. Ленин РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесінде ұлт мәселесі жөнінде үлкен баяндама жасады. Бұл мәселе жөніндегі қарардың жобасы сақталмаған. Қарардың осы нобайы, сірә, қарардың нақ сол жобасының конспектісі болуы керек. — *405.*

127 Бұл арада *«Бундты РСДРП-мен біріктіру шарттарының жобасы»* айтылып отыр; жоба 1906 жылы Стокгольмде өткен РСДРП төртінші (Бірігу) съезінде қабылданған-ды. Жобаның бірінші пункті бойынша Бунд «еврей пролетариатының өз қызметінде аудандық шеңбермен шектелмеген ұйымы»

деп танылды; ал сегізінші пункт бойынша Бунд РСДРП Орталық Комитетінде және халықаралық социалистік конгрестерге жіберілетін делегацияларда өкілдері болуына право алды («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 195—196-беттер). — *405.*

128 *«Ең нашар типтегі федерация»*— партияның 1912 жылғы Прага конференциясының шешімдерінде ұлттық социал-демократиялық ұйымдармен арадағы қарым-қатынас осылай деп сипатталды; мұндай қарым-қатынас РСДРП-да IV (Бірігу) съезінен бастап, «ұлт өкілдері» «орыс ұйымдарынан мүлдем оқшау» жұмыс істеген кезде мүмкін болды, мұның өзі РСДРП-ның бүкіл жұмысына өте-мөте нұқсан келтірді. Польша мен Литваның, Латыш өлкесі социал-демократиялық ұйымдары және Бунд РСДРП-ға кіргеніне қарамастан, олар өздерін іс жүзінде оқшау ұстады. Олардың өкілдері жалпы россиялық партиялық жұмысқа басшылық ету ісіне қатыспады; олар жойымпаздардың антипартиялық қызметіне тікелей немесе жанамалап көмектесті (бұл туралы мыналарды қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 147—148-беттер, 22-том, 254—256-беттер). — *405.*

129 Жергілікті жерлерде жасалатын баяндаманың конспектісін Ленин Петербургке 1913 жылы 29 ноябрьде (12 декабрьде) жіберді. Конспект IV Мемлекеттік думадағы большевик-депутаттарға арналып жазылды, олар Думадағы жаңа жылдық каникул кезінде жергілікті жерлерге барып, РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесі туралы баяндама жасағанда осы конспектіні басшылыққа алуға тиіс болды. — *408.*

130 Ұлт мәселесі жөніндегі рефераттың тезистерін Ленин, сірә, 1914 жылы 10 (23) январьда Парижде оқыған рефератынан кейін жазған болуы керек (қараңыз: Лениннің XXX жинағы, 51—57-беттер). Дәптердің мұқабасындағы «Ұлт мәселесі III» деген жазу Ленин өзінің Париж рефератын 1914 жылы 2 февральда (жаңаша) Льежде қайталағанын көрсетеді. — *410.*

131 К. Каутскийдің «Nationalität und Internationalität» («Ұлттық және интернационалдық») деген кітапшасын В. И. Ленин «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген еңбегінде талдайды. Қараңыз: Шығармалар, 20-том, 405—471-беттер. — *413.*

132 Қараңыз: Лениннің мына кітаптан алған көшірмесі: «Der Briefwechsel zwischen Fr. Engels u. K. Marx», Bd. IV. Stutt-

gart, 1913, S. 292 Лениннің XVII жинағы, 291-бет; қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIV том, 1931, 347—348-беттер. — *419.*

133 РСДРП II съезінің программа жөніндегі комиссиясының үшінші мәжілісінде Польша мен Литва социал-демократиясының делегаты «мемлекет құрамына кіретін барлық ұлттардың мәдени дамуына еркіндік беру» кепілдігі туралы пунктті қабылдау жөнінде ұсыныс енгізді (Лениннің осы мәжілісте жасаған жазбасын Лениннің VI жинағының 105-бетінен қараңыз). — *420.*

134 *Диаспора* (грекше — шашырау) — Иудеядан тысқары жерде тұрған еврейлер. Біздің заманымыздан бұрынғы VI ғасырдың бас кезінде Египетте, Вавилонияда және басқа да Жерорта теңізі елдерінде еврейлердің колониялары болды. Біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырдан бастап диаспораның тез өскені сонша, біздің заманымыздан бұрынғы I ғасырда диаспора еврейлердің саны $4^1/_2$ миллионға дейін жетті. Рим империясында диаспора еврейлер қауым болып тұрған, кейде көпшілік-праволық сипаттағы корпорация (мысалы, Александрияда), кейде тек жеке, діни одақтар (мысалы, Римде) құрды. Диаспора еврейлер, бір жағынан, иудаизмді насихаттауда табыссыз болған жоқ, екінші жағынан—өздері ұлттық ерекшеліктері мен тілін жоғалта берді.—*423.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

26 октября, стр. 1. Подписи: Н. Чхеидзе, В. Хаустов, И. Туляков, И. Маньков, А Бурьянов, Е. Ягелло, А. Чхенкели, М. Скобелев.— *184, 185.*

К левонароднической позиции в профессиональном движении.—«Северная Мысль», Спб., 1913, № 2, 26 ноября, стр. 2. Подпись: Б. Г—н. — *273.*

К общему собранию металлистов.—«Новая Рабочая Газета», Спб., 1913, № 15, 25 августа, стр. 1—2. Подпись: Ф. Ю.— *113—114.*

К открытию Думы. [Передовая].—«Металлист», Спб., 1911, № 3, 27 октября, стр. 1. — *384.*

К товарищам металлистам. —«Новая Рабочая Газета», Спб., 1913, № 15, 25 августа, стр. 1. — *113—114.*

Как ведут полемику. —«Стойкая Мысль», Спб., 1914, № 4, 5 марта, стр. 2. — *383.*

Каменский, Г. — қараңыз: Домский, Г. Г.

Карпов, П. О рабочих съездах. —«Новая Рабочая Газета», Спб., 1914, № 5 (123), 7 января, стр. 1. — *329.*

[*Катков, М. Н.*] *Москва, 28 мая.*—«Московские Ведомости», 1886, № 146, 29 мая, стр. 2. — *235.*

«Киевская Мысль». — 47.

— 1913, № 242, 2 сентября, стр. 2. — *6.*

— 1913, № 244, 4 сентября, стр. 3. — *6—9.*

— 1913, № 246, 6 сентября, стр. 3. — *10—12.*

[*Кольцов, Д.*] *Еще о решении Междунар. соц. бюро.*— «Новая Рабочая Газета», Спб., 1913, № 104, 11 декабря, стр. 1. Подпись: Л. С.— *264, 265, 266.*

— *Рабочие в 1905—1907 гг.* — В кн.: Общественное движение в России в начале XX-го века. Под ред. Л. Мартова, П. Маслова и А. Потресова. Т. II. Ч. I. а) Международное положение России перед революцией. b) Массовое движение. Спб., тип. «Общественная Польза», 1909, стр. 185—341. — *369—370.*

— *Рабочие массы и подполье.*—«Луч», Спб., 1913, № 15 (101), 19 января, стр. 1. — *265.*

— *С кем мы.*—«Луч», Спб., 1913, № 108 (194), 12 мая, стр. 1. Подпись: Л. С.— *2—3, 56, 320.*

— *О партийной печати.* [Резолюция, принятая на летнем 1913 г. совещании ЦК РСДРП с партийными работниками]. — В кн.: Извещение и резолюции летнего 1913 года совещания Центрального Комитета РСДРП с партийными работниками. Изд. ЦК. [Париж, декабрь] 1913, стр. 15. (РСДРП). — *409.*

— *О «петиционной кампании».* [Резолюция, принятая на Шестой (Пражской) Всероссийской конференции РСДРП в январе 1912 г.].— В кн.: Всероссийская конференция Рос. соц.-дем. раб. партии 1912 года. Изд. ЦК. Paris, кооп. тип. «Идеал», 1912, стр. 27. (РСДРП). — *57.*

— *О праве наций на самоопределение.*—«Просвещение», Спб., 1914, *№ 4, стр. 34—47; № 5, стр. 57—71; № 6, стр. 33—47. Подпись: В. Ильин. — *160, 166.*

— *О работе в легальных обществах.* [Резолюция, принятая на летнем 1913 г. совещании ЦК РСДРП с партийными работниками].— В кн.: Извещение и резолюции летнего 1913 года совещания Центрального Комитета РСДРП с партийными работниками. Изд. ЦК. [Париж, декабрь] 1913, стр. 19—20. (РСДРП). — *408.*

— *О современном моменте и задачах партии.* [Резолюция, принятая на Шестой (Пражской) Всероссийской конференции РСДРП в январе 1912 г.]. —В кн.: Всероссийская конференция Рос. соц.-дем. раб. партии 1912 года. Изд. ЦК. Paris, кооп. тип. «Идеал», 1912, стр. 17—18. (РСДРП).—58.

— *О стачечном движении.* [Резолюция, принятая на летнем 1913 г. совещании ЦК РСДРП с партийными работниками].— В кн.: Извещение и резолюции летнего 1913 года совещания Центрального Комитета РСДРП с партийными работниками. Изд. ЦК. [Париж, декабрь] 1913, стр. 14—15. (РСДРП). — *408.*

— *Об отколе т. Максимова.* [Резолюция совещания расширенной редакции «Пролетария»].—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 7. —*330, 362, 363.*

— *Об отношении к ликвидаторству и об единстве.* [Резолюция, принятая на Краковском совещании ЦК РСДРП с партийными работниками].— В кн.: [Ленин, В. И.] Извещение и резолюции совещания Центрального Комитета РСДРП с партийными работниками. Февраль 1913. Изд. ЦК РСДРП. [Париж, первая половина февраля 1913], стр. 18—21. (РСДРП). — *311.*

— *Об отсутствии делегатов от национальных центров на общепартийной конференции.* [Резолюция, принятая на Шестой (Пражской) Всероссийской конференции РСДРП в январе 1912 г.].— В кн.: Всероссийская конференция Рос. соц.-

Манифест. 17 (30) октября 1905 г. —«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 222, 18 (31) октября, стр. 1. — *83.*

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Манифест Коммунистической партии. Декабрь 1847 г.— январь 1848 г. — *290.*

Маркс, К. Критика Готской программы. Замечания к программе германской рабочей партии. 5 мая 1875 г. — *203.*

[*Мартов, Л.*] *Вмешательство Интернационала и с.-д. единство в России.*—«Наша Заря», Спб., 1914, № 1, стр. 104—112. Подпись: Л. М. — *355—356.*

— *По поводу одной неправды.*—«Новая Рабочая Газета», Спб., 1913, № 111, 19 декабря, стр. 2. — *282.*

— *Раскол в социал-демократической фракции.*—«Наша Заря», Спб., 1913, № 10—11, стр. 89—101. — *426.*

— *Спасители или упразднители?* (Кто и как разрушал РСДРП). Изд. «Голоса Социал-Демократа». Париж, imp. Gņatovsky, 1911. 47 стр. (РСДРП).— *311.*

— *Холостой выстрел.*—«Новая Рабочая Газета», Спб., 1913, № 87, 20 ноября, стр. 1—2. Подпись: Гамма. — *218—219.*

Медем, В. Д. К постановке национального вопроса в России.— «Вестник Европы», Спб., 1912, [№ 8], стр. 149—163; [№ 9], стр. 149—165. — *163—164, 420—421, 422.*

«Металлист», Спб., 1911, № 3, 27 октября, стр. 1. — *384.*

[*Мещерский,* В. П.] *Дневники.*— «Гражданин», Спб., 1913, № 36, 15 сентября, стр. 10—15. — *24—25.*

Милюков, П. Н. В тисках доктрины. —«Речь», Спб., 1914, № 51 (2720), 22 февраля (7 марта), стр. 3—4. — *371, 372, 373, 378, 399.*

— *Новый путь?* — «Речь», Спб., 1914, № 54 (2723), 25 февраля (10 марта), стр. 2. Подпись: П. Н. — *372, 378, 399, 401.*

Михайлов, Ф. Одноединство, двуединство или триединство.— «Вольная Мысль», Спб., 1913, № 3, 1 ноября, стр. 1. — *175—176.*

Михайловский, Н. К. Два письма П. Л. Лаврову (1873).—В кн.: [Михайловский, Н. К.] Полное собрание сочинений Н. К. Михайловского. Т. 10. Под ред. и с примеч. Е. Е. Колосова. С прил. вступ. статьи Н. С. Русанова, предметного систематического указателя ко всем сочинениям Н. К. Михайловского, указателя литературы о нем и краткого имен-

Проект программы Российской социал-демократической рабочей партии. (Выработанный редакцией «Искры» и «Зари»).—«Заря», Stuttgart, 1902, № 4, август, стр. 1—10, в отд.: А. — *249.*

[*Проект условия объединения Бунда с РСДРП, принятый на IV (Объединительном) съезде РСДРП*].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 362—363. —*405.*

«Пролетарий», [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 7. — *330, 362, 363.*

«Пролетарская Правда», Спб. — *222, 223, 268—269.*

— 1913, № 1, 7 декабря, стр. 1, 2. — *224, 282.*

— 1913, № 2, 8 декабря, стр. 1—2. — *220, 221, 222, 224, 225, 226, 230, 231, 233, 254, 255, 263—264, 265, 266—267, 314, 332.*

— 1913, № 4, 11 декабря, стр. 1. — *263, 267.*

— 1913, № 6, 13 декабря, стр. 1. — *251.*

— 1913, № 9, 17 декабря, стр. 2. — *265, 266.*

«Просвещение», Спб. — *60.*

— 1913, № 3, стр. 50—62, 77—81; № 4, стр. 22—41; № 5, стр. 25—36. — *151, 153, 243, 337.*

— 1913, № 9, стр. 46—61. — *88—89.*

— 1913, № 10, стр. 83—95, 95—105; № 11, стр. 55—59; *№ 12, стр. 56—64. — *153, 276, 366—367, 420.*

— 1914, № 2, стр. 32—48. — *366—367.*

«Просвещение», Спб., 1914, *№ 4, стр. 34—47; № 5, стр. 57—71; № 6, стр. 33—47, 85—89. — *160, 166, 331.*

«Путь Правды», Спб. — *362, 364.*

— 1914, № 2, 23 января, стр. 3. — *330.*

— 1914, № 9, 31 января, стр. 3. — *365.*

— 1914, № 18, 21 февраля, стр. 1. — *371.*

— 1914, № 61, 15 апреля, стр. 1. — *318.*

Пушкин, А. С. Евгений Онегин. — *161.*

— *Ex ungue leonem.* (По когтям узнают льва). — *198.*

«Рабочая Правда», Спб., 1913, № 3, 16 июля, стр. 1. — *228.*

«Русская Мысль», М. — Пб. — *316*.

— 1913, кн. VIII, стр. 55—70. — *178—179, 180, 182.*

— 1913, кн. XII, стр. 1—12. — *339—342.*

— 1914, кн. I, стр. 148—158. — *354—356, 371, 372, 373, 378, 399.*

«Русские Ведомости», М. — *85—86, 387.*

— 1905, № 210, 5 августа, стр. 3. — *86.*

— 1914, № 45, 23 февраля, стр. 2—3. — *372, 378, 399.*

— 1914, № 49, 28 февраля, стр. 2. — *386, 387.*

Русский язык. [Передовая]. —«Русское Слово», М., 1913, № 198, 28 августа (10 сентября), стр. 2. — *130—131.*

«Русское Богатство», Спб. — *343, 345, 358, 360, 361.*

— 1906, [№ 8], стр. 178—206. — *229, 249, 360.*

«Русское Слово», М., 1913, № 198, 28 августа (10 сентября), стр. 2. — *130—131.*

[*Савельев, М. А.*] *Интернационал и вопрос о единстве.* —«Пролетарская Правда», Спб., 1913, № 1, 7 декабря, стр. 1. Подпись: И. Ветров. — *224.*

С.-Петербург, 11 августа. [Передовая].—«Наш Путь», Спб., 1911, № 20, 11 августа, стр. 1—3. — *384.*

С.-Петербург, 20 октября. [Передовая]. —«Речь», Спб., 1913, № 287 (2599), 20 октября (2 ноября), стр. 2.—*97, 98—99, 117.*

«Северная Мысль», Спб., 1913, № 1, 23 ноября, стр. 3. — *271, 273.*

— 1913, № 2, 26 ноября, стр. 2. — *273.*

«Северная Правда», Спб. — *16.*

— 1913, № 20, 25 августа, стр. 2. — *113.*

*— 1913, № 21, 27 августа, стр. 1.—*2.*

*— 1913, № 27, 3 сентября, стр. 2.—*13, 17.*

— 1913, № 29, 5 сентября, стр. 1. — *129—133, 134—135, 136, 138, 153, 156, 366.*

Семковский, С. Ю. Упрощенный марксизм в национальном вопросе.—«Новая Рабочая Газета», Спб., 1913, № 71, 31 октября, стр. 2. — *153, 154, 156, 166, 246—248, 249.*

— *Оздоровление власти.* Посвящается С. Л. Франку. —«Русская Мысль», М.—Пб., 1914, кн. I, стр. 148—158. — *354—356, 371, 372, 373, 378, 399.*

[*Стучка, П. И.*] *Национальный вопрос и латышский пролетариат* —«Просвещение», Спб., 1914, № 2, стр. 32—48. Подпись: Ветеран. — *366—367.*

Съезд националистов. —«Речь», Спб., 1914, № 33 (2702), 3 (16) февраля, стр. 2. — *347—348.*

Трубецкой, Е. Н. Новая земская Россия. (Из наблюдений земского деятеля).—«Русская Мысль», М. — Пб., 1913, кн. XII, стр. 1—12. — *339—342.*

Угроза единству с.-д. фракции!—«Новая Рабочая Газета», Спб., 1913, № 60, 18 октября, стр. 1. Подписи: Депутаты Н. Чхеидзе, И. Туляков, Е. Ягелло, В. Хаустов, А. Бурьянов, Мат. Скобелев. — *105, 108.*

Указ правительствующему Сенату [*о выходе крестьян из общин и закреплении в собственность надельных участков.* 9 (22) ноября 1906 г.]— «Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 252, 12 (25) ноября, стр. 1. — *301.*

Успенский, Г. И. Будка. — *269.*

Ф. О «некоторых цифрах». —«Новая Рабочая Газета», Спб., 1913, № 61, 19 октября, стр. 1. — *110.*

Ф. Д. — *қараңыз:* Дан, Ф. И.

Фабрика Немирова-Колодкина.—«Новая Рабочая Газета», Спб., 1913, № 24, 5 сентября, стр. 2, в отд.: Рабочие о рабочей печати. — *76.*

Формы национального движения в современных государствах. Австро-Венгрия. Россия. Германия. Под ред. А. И. Кастелянского. Спб., «Общественная Польза», 1910, XIII, 821 стр. — *65, 191, 192, 240, 337.*

«Цайт», Пб., 1913, № 28, 17 (30) сентября, стр. 3—4. На евр. яз. — *129—130, 134—135, 138—140, 153, 154, 156—157, 159, 166.*

Церетели, И. Г. Балаганск. [Телеграмма предс. с.-д. фракции Чхеидзе].—«Новая Рабочая Газета», Спб., 1913, № 81, 13 ноября, стр. 2, в отд.: За с.-д. фракцию. — *210, 212.*

Чем мы больны? (Рабочий—рабочим).—«Луч», Спб., 1912, № 56, 21 ноября, стр. 2. Подпись: В. А. — *3.*

*_Череванин, Н. Лондонский съезд РСДРП._ 1907 г. С прилож. принятых резолюций и их проектов. [Спб.], «Борьба», [1907]. 102 стр. — _36._

Что же дальше?—«Луч», Спб., 1912, № 53, 17 ноября, стр. 1.— _3, 47, 222, 255, 320._

Шингарев, А. И. Тернистый путь. —«Русские Ведомости», М., 1914, № 45, 23 февраля, стр. 2—3. — _399._

— _Факты и тактика пессимистического оптимизма._—«Речь», Спб., 1914, № 55 (2724), 26 февраля (11 марта), стр. 2. — _378, 399, 400—401._

«Шляхи», Львов, 1913, № 8—9, 1 падолиста. — _227—228, 268._

Экономическо-статистический сборник. Вып. VII. Огородничество и садоводство в Московском уезде. М., 1913. [292] стр. (Статистич. отд-ние Моск. уезд. земской управы).— _350—353, 374—377._

Экспонаты по охране труда на Всероссийской гигиенической выставке в С.-Петербурге в 1913 г. Спб., тип. Борозина, 1913. I, 78 стр. — _304._

Энгельс, Ф. Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом. 1876—1878 гг. — _389._

*_Юркевич, Л. Російські марксісти і український робітничий рух._—«Дзвін», [Київ], 1913, № 7—8, стр. 83—94. — _129—130, 142—143, 144, 151, 166._

Abstract of the Twelfth Census of the United States. 1900. 3-d ed. Washington, Government Printing Office, 1904. XV, 454 p. (Bureau of the Census. S. N. D. North, Director). — _141._

Bauer, O. Die Nationalitätenfrage und die Sozialdemokratie. Wien, Volksbuchh. Brand, 1907. VIII, 576 S. (Marx—Studien. Blätter zur Theorie und Politik des wissenschaftlichen Sozialismus. Hrsg. von M. Adler und R. Hilferding. Bd. 2). — _140, 151, 195, 245, 337, 414—415, 416, 422, 423._

[_Bernstein, E._] _Vorbemerkung_ [_zu dem Buch: «Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx...»_].— In: Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx. 1844 bis 1883. Hrsg. von A. Bebel und E. Bernstein. Bd. 1. Stuttgart, Dietz, 1913, S. XI—XX.—_283, 284._

— *Vorbemerkung [zu dem Buch: «Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx...»]*. — Ibidem, Bd. 2, S. VII—XXIV. — *283, 284.*

— *Vorbemerkung [zu dem Buch: «Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx...»]*.—Ibidem, Bd. 3, S. VII—XXIV. — *283—284.*

— *Vorbemerkung [zu dem Buch: «Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx...»]*.—Ibidem, Bd. 4, S. VII—XX. — *283—284.*

Die Beziehungen zwischen der politischen Partei und den Gewerkschaften. [Die Resolution des Internationalen Sozialistenkongresses zu Stuttgart].— In: Internationaler Sozialistenkongreβ zu Stuttgart. 18. bis 24. August 1907. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907, S. 50—51. — *63, 255.*

Blocher, E. Die Nationalitäten in der Schweiz. —«Preuβische Jahrbücher», Berlin, 1910, Bd. 140, Hft. III, Juni, S. 470—480. — *131, 155.*

**Briefe und Auszüge aus Briefen von Joh. Phil. Becker, Jos. Dietzgen, Friedrich Engels, Karl Marx und A. an F. A. Sorge u. Andere.* Stuttgart, Dietz, 1906. XII, 422 S. — *284.*

**Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx.* 1844 bis 1883. Hrsg. von A. Bebel und E. Bernstein. Bd. 1—4. Stuttgart, Dietz, 1913. 4 Bd. —*283—290.*

*— Bd. 1. XX, 448 S.—*283, 284, 286—290.*

*— Bd. 2. XXIV, 429 S. — *283, 284.*

*— Bd. 3. XXIV, 442 S. — *181, 283—284, 393—394, 419.*

*— Bd. 4. XX, 536 S. — *283—284, 419.*

Der Čechoslavische Sozialdemokrat», Prag, 1913, Nr. 3, 15. April, S. 23.— *423.*

10-e Congrès National tenu à Brest les 23, 24 et 25 Mars 1913. Compte rendu sténographique. Au Siège du Conseil National. Paris, [1913]. 358 p. (Parti Socialiste. (Section Française de l'Internationale Ouvrière)). — *39, 40.*

Die Einheit der Gewerkschaftsbewegung. [Die Resolution des Internationalen Sozialistenkongresses zu Kopenhagen].—In: Internationaler Sozialistenkongreβ zu Kopenhagen. 28. August bis 3. September 1910. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1910, S. 43—44. — *188, 320—321, 423.*

Einheit der Partei. [Die Resolution des Internationalen Sozialistenkongresses zu Amsterdam].— In: Internationaler Soziali-

stenkongreβ zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1904, S. 32. — *188.*

Engels, F. Brief an das Brüsseler Komitee. Nr. II. 19. [16.] September 1846. — In: Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx. 1844 bis 1883. Hrsg. von A. Bebel und E. Bernstein. Bd. 1. Stuttgart, Dietz, 1913, S. 28—34. — *288—289.*

— *Brief an das Brüsseler Komitee.* Nr. III. 23. Oktober 1846 — Ibidem, S. 40—45. — *289—290.*

*— [*Brief an K. Marx*]. Ende September 1844. — Ibidem, S. 1—4. — *286—287, 288.*

*— [*Brief an K. Marx*]. 20. Januar 1845.— Ibidem, S. 10—14. — *286—287.*

**Engels, F.* [*Brief an K. Marx*]. 22. Februar 1845. — Ibidem, S. 14—18. — *287—288.*

*— [*Brief an K. Marx*]. 24. November 1847.— Ibidem, S. 83—84. — *289—290.*

— *Die Lage der arbeitenden Klasse in England.* Nach eigner Anschauung und authentischen Quellen. Leipzig, Wigand, 1845. 358 S. — *286—287.*

«Frankfurter Zeitung», Frankfurt am Main. — *196.*

Henry, R. La Suisse et la question des langues, avec une carte des groupes linguistiques et de cartons. Bern, 1907. 34 p. — *155.*

Hourwich, I. Immigration and Labor. The Economic Aspects of European Immigration to the United States. New York — London, Putnam, 1912. XVII, 544 p. — *103.*

Das Internationale Bureau. —«Vorwärts», Berlin, 1913, Nr. 333, 18. Dezember, S. 3. Unter der Rubrik: Aus der Partei. — *231—232, 251, 252, 277.*

Internationale Regeln der sozialistischen Taktik. [Die Resolution des Internationalen Sozialistenkongresses zu Amsterdam]. — In: Internationaler Sozialistenkongreβ zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1904, S. 31—32. — *188.*

Die Internationale Sozialdemokratie und der Nationalitätenstreit in Österreich. [Die Resolution des Gesamtparteitages der Sozialdemokratie in Österreich, abgehalten zu Brünn]. — In: Verhandlungen des Gesamtparteitages der Sozialdemo-

kratie in Österreich, abgehalten zu Brünn vom 24. bis 29. September 1899 im «Arbeiterheim». Nach dem stenographischen Protokolle. Wien, Volksbuchh. Brand, 1899, S. XV—XVI — *153, 157, 164—165, 166, 195, 245, 336, 337, 421.*

Die internationale Sozialdemokratie und der Nationalitätenstreit in Österreich. [Der Resolutionsentwurf der Exekutive der südslavischen sozialdemokratischen Partei, angetragen dem Gesamtparteitag der Sozialdemokratie in Österreich, abgehalten zu Brünn]. — Ibidem, S. XV. — *149, 152—153, 155, 193, 195, 245, 336, 337.*

J. K. — *қараңыз:* Мархлевский, Ю. Ю.

Kautsky, K. Nationalität und Internationalität. [Stuttgart, Singer, 1908]. 36 S. (Ergänzungshefte zur «Neuen Zeit». Nr. 1. 1907/1908. Ausgegeben am 18. Januar 1908).—*140, 154, 245, 413, 414, 415, 416, 419, 422.*

*— *Nochmals das Internationale Bureau.*—«Vorwärts», Berlin, 1913, Nr. 339, 24. Dezember, S. 3. Unter der Rubrik: Aus der Partei. — *276—277.*

Land «campaign». Opening speeches by Mr. Lloyd-George.—«The Times», London, 1913, No. 40, 341, October 13. — *78—81.*

«Leipziger Volkszeitung», 1913, Nr. 266, 15. November, 3. Beilage zu Nr. 266 «Leipziger Volkszeitung», S. 1. — *170—174, 197.*

— 1913, Nr. 276, 28. November, S. 2. — *197—198.*

— 1913, Nr. 282, 5. Dezember, S. 2. — *203.*

Luxemburg, R. Kwestja narodowościowa i autonomja.—«Przegląd Socjaldemokratyczny», [Kraków], 1908, N 6, sierpień, s. 482—515; N 7, wrzesień, s. 597—631; N 8—9, październik—listopad, s. 687—710; N 10, grudzień, s. 795—818; 1909, *N 12, czerwiec, s. 136—163; N 14—15, sierpień—wrzesień, s. 351—376.—*161—163, 166.*

[*Marchlewski, J.*] *Die Spaltung in der russischen sozialdemokratischen Fraktion.*—«Leipziger Volkszeitung», 1913, Nr 276, 28. November, S. 2. Unterschrift: J. K. — *197—198.*

Marx, K. u. Engels, F. Manifest der Kommunistischen Partei. London, «Bildungs-Gesellschaft für Arbeiter», 1848. 30 S. — *289.*

**Marx, K.* [*Brief an F. Engels*]. 2. November 1867. — In: Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx. 1844 bis 1883. Hrsg. von A. Bebel und E. Bernstein. Bd. 3. Stuttgart, Dietz, 1913, S. 419—422. — *293—294, 419.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 30. November 1867.— Ibidem, S. 433—436. — *393—394, 419.*

— [*Brief an F. Engels*]. 5. Juli 1870. — Ibidem, Bd. 4, S. 291—294. — *419.*

— *Erklärung.* An die Redaktion des Sozialdemokrat!—Ibidem. Bd. 3, S. 231. — *181.*

— *Misère de la philosophie.* Réponse à la philosophie de la misère de M. Proudhon. Paris —Bruxelles, Frank —Vogler, 1847. 178 p. — *288.*

Das Parlamentsurteil gegen den Kanzler.—«Leipziger Volkszeitung», 1913, Nr. 282, 5. Dezember, S. 2. — *203.*

Die politische Aktion. [Die Resolution des Internationalen Sozialistischen Arbeiter- und Gewerkschaftskongresses zu London].— In: Verhandlungen und Beschlüsse des Internationalen Sozialistischen Arbeiter- und Gewerkschaftskongresses zu London vom 27. Juli bis 1. August 1896. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1896, S. 18. — *269.*

«Preußische Jahrbücher», Berlin, 1910, Bd. 140, Hft. III, Juni, S. 470—480. — *131, 155.*

Proudhon, P. J. Système des contradictions économiques, ou Philosophie de la misère. Nouvelle édition. T. 1—2. Paris. Guillaumin, Marpon — Flammarion, 1846. 2 vol. — *146, 288—289.*

«Przeglad Socjaldemokratyczny», [Kraków], 1908, N 6, sierpień, s. 482—515; N 7, wrzesień, s. 597—631; N 8—9, październik — listopad, s. 687—710; N 10, grudzień, s. 795—818; 1909, *N 12, czerwiec, s. 136—163; N 14—15, sierpień—wrzesień, s. 351—376. — *161—163, 166.*

«Sozialistische Monatshefte», Berlin. — *197.*

Die Spaltung in der russischen sozialdemokratischen Dumafraktion. —«Leipziger Volkszeitung», 1913, Nr. 266, 15. November. 3. Beilage zu Nr. 266 «Leipziger Volkszeitung», S. 1.— *170—174, 197.*

**Statistical abstract of the United States.* 1911. No. 34. Prepared by the Bureau of the secretary of commerce and labor. Washingion, 1912. 803 p. (Department of commerce and labor).— *102.*

«The Times», London, 1913, No. 40,341, October 13, p. 13.— *78—81.*

[*Trotzki, L.*] *Aus dem russischen Parteileben.*—«Vorwärts», Berlin, 1912, Nr. 72, 26. März. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1. — *233.*

Eine Wendung zum Besseren.—«Der Cechoslavische Sozialdemokrat», Prag, 1913, Nr. 3, 15. April, S. 23. Unter der Rubrik: Notizen. — *423.*

**Verhandlungen des Gesamtparteitages der Sozialdemokratie in Österreich, abgehalten zu Brünn vom 24. bis 29. September 1899 im «Arbeiterheim».* Nach dem stenographischen Protokolle. Wien, Volksbuchh. Brand, 1899. XX, 144 S. — *149, 152—153, 155, 157, 164, 165, 193, 195, 245, 336—337, 421.*

«Vorwärts», Berlin, 1912, Nr. 72, 26. März. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1. — *233.*

— 1913, Nr. 306, 21. November. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 2. — *187, 188.*

— 1913, Nr. 333, 18 Dezember, S. 3. — *231—232, 251, 252, 277.*

*— 1913, Nr. 339, 24. Dezember, S. 3. — *276—277.*

Zur Spaltung in der sozialdemokratischen Dumafraktion.—«Vorwärts», Berlin, 1913, Nr. 306, 21. November. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 2. Unter der Rubrik: Aus der Partei. — *187, 188.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Адлер (Adler), *Виктор* (1852—1918) — Австрия социал-демократиясын ұйымдастырушылардың және лидерлерінің бірі; саяси қызметін буржуазиялық радикал ретінде бастады, 80-жылдардың орта шенінен бастап жұмысшы қозғалысына қатысты. 1886 жылы Адлер «Gleichheit» («Теңдік») газетін ұйымдастырды, 1889 жылдан бастап Австрия социал-демократиясының орталық органы «Arbeiter Zeitung»-тің («Жұмысшы Газеті») редакторы болды. 80—90-жылдарда Ф. Энгельспен қарым-қатынас жасап тұрды, бірақ Энгельс қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай реформизмге қарай құлдырап кетті және оппортунизм көсемдерінің бірі ретінде әрекет етті. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Адлер центристік позиция ұстап, «таптық бітімді» уағыздады және жұмысшы табының революциялық бой көрсетулеріне қарсы күресті. 1918 жылы, Австрияда буржуазиялық республика орнағаннан кейін, аз уақыт сыртқы істер министрі болды. —*336*.

Акимов (Маxновец), В. П.* (1872—1921) — социал-демократ, «экономизмнің» көрнекті өкілі, барып тұрған оппортунист. «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі болды, «Еңбекті азат ету» тобына, ал кейін «Искра»-ға да қарсы шықты. РСДРП II съезінен кейін — меньшевизмнің оң қанатының өкілі. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде бейпартиялық жұмысшы ұйымын құру жөніндегі жойымпаздық идеяны қорғады, бұл идея бойынша социал-демократия әлгі ұйымның ішіндегі идеялық ағымдардың бірі ғана болып қалуға тиіс еді. Реакция жылдарында социал-демократиядан шеттеп кетті. — *47*.

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 1900 жылдан—«Искра» мен «Заря» редакциясының мүшесі.

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

РСДРП II съезінен кейін — белсенді меньшевик. 1905 жылы «жұмысшы съезін» шақыру жөнінде оппортунистік идеяны ұсынып, бұл съезді ол пролетариат партиясына қарама-қарсы қойды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздар басшыларының бірі, жойымпаз-меньшевиктердің «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына кірді; 1912 жылы антипартиялық Август блогына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияны насихаттады.— *48—50.*

Алексинский, Г. А. (1879 ж. туған) — өзінің саяси қызметінің бас кезінде — социал-демократ. Бірінші орыс революциясы дәуірінде большевиктерге қосылды. Реакция жылдарында—шақырымпаз, антипартиялық «Вперед» тобын ұйымдастырушылардың бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде—социал-шовинист, бірқатар буржуазиялық газеттердің қызметкері. 1917 жылы Плехановтың «Бірлік» табына қосылып, контрреволюциялық позиция ұстады. 1917 жылы июльде, әскери контрразведкамен бірігіп жалған документтер жасап, В. И. Ленин мен большевиктерге жала жапты. 1918 жылы апрельде шетелге қашып кетті. Эмиграцияда барып тұрған реакция лагеріне қосылды. — *205.*

Ан — қараңыз: Жордания, Н. Н.

Анри (Henry), *Рене* (1871 ж. туған) — Париждегі әлеуметтік-саяси ғылымдар жоғары мектебінің профессоры. 1907 жылы Бернде шыққан «La Suisse et la question des langues» («Швейцария және тілдер туралы мәселе») деген кітаптың авторы. — *155.*

Ансель (Anseele), *Эдуар* (1856—1938) — Бельгия жұмысшы партиясының негізін салушылардың және лидерлерінің бірі, оппортунист, Бельгия кооперативтік қозғалысының ірі қайраткері. II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросы Атқару комитетіне кірді. 1918—1921 жылдары Бельгияның қоғамдық жұмыстар министрі болды, 1925—1927 жылдары — қатынас жолдар министрі. — *208.*

Арсеньев, К. К. (1837—1919) — либерал публицист, қоғам қайраткері, адвокат. Бірнеше жыл земство органдарында сайланып қойылатын қызметтерде болды. 1880 жылдан бастап әдебиет жұмысымен айналысты. «Вестник Европыдың» ішкі шолуын жүргізді. Демократиялық реформалар партиясының негізін қалаушылардың бірі болды. Негізінен заң мәселелері

Б

шылардың бірі. 1894 жылдан — парламент депутаты, парламентте бірнеше жыл бойы социалистік фракцияны басқарды. «Peuple» («Халық») газетін құрды және редакциялады, Халықаралық социалистік бюроның мүшесі болды. 1918 жылы министрлер кабинетіне кірді. — *208.*

Бирнбаум (Birnbaum), *Натан* (Ашер) (1864—1937) — Австрия философы, реакциялық ұлтшылдық қозғалыстың — сионизмнің теоретиктерінің және басшыларының бірі. Соңғы жылдары атеист болды. — *423.*

Блан (Blanc), *Луи* (1811—1882) — француздың ұсақ буржуазияшыл социалисі, тарихшы. Капитализм тұсында таптық қайшылықтардың ымырасыздығын теріске шығарып, пролетарлық революцияның дұшпаны болды, буржуазиямен келісімге келу позициясын ұстады. Өзінің келісімпаздық тактикасымен буржуазияның жұмысшыларды революциялық күрестен алаңдатуына жәрдемдесті. «Луиблапшылдық» деген сөзбен Ленин меньшевиктердің, каутскийшілдердің және революция ісі мен жұмысшы табы мүдделеріне сатқындық жасаған басқалардың оппортунистік, келісімпаздық тактикасын атады. Луи Бланның негізгі шығармалары: «Еңбекті ұйымдастыру», 12 томдық «Француз революциясының [1789 жылғы] тарихы» және басқалар. — *288.*

Блохер (Blocher), *Эдуард* (1870 ж. туған) — неміс священнигі. 1899 жылдан «Preuβische Jahrbücher» («Пруссия Әржылдығы») журналына және басқа да кертартпа органдарға жазып тұрды. Неміс-швейцар лингвистік қоғамының негізін салушылардың бірі болды, бірқатар ғылыми мақалалардың авторы. — *155.*

Богданов, А. (Малиновский, А. А.) (1873—1928) —социал-демократ, философ, социолог, экономист, кәсібі жөнінен дәрігер. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шақырымпаздарды басқарды, антипартиялық «Вперед» тобының лидері болды. Философия мәселелерінде «эмпириомонизм» (субъективтік-идеалистік махистік философияның бір түрі) деп аталған өз жүйесін жасауға тырысты; Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде бұл жүйені қатты сынға алды. «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакциясының кеңесінде 1909 жылы июньде Богданов большевиктер қатарынан шығарылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін «Пролеткультті» ұйымдастырушылардың және басшыларының бірі болды. 1926 жылдан — өзі негізін қалаған Қан құю институтының директоры. — *330—331, 362—365.*

Брайнес, Б. (1884 ж. туған) — журналист, 1904 жылдан революциялық қозғалысқа қатысты, бастапқыда социал-демократ,

одан соң эсер болды. 1912 жылдан Ригада металлистер кәсіптік одағының қызметіне қатысты, эсерлік баспасөзге жазып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроград Советінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. 1918 жылы эсерлерден қол үзді, 1923 жылы большевиктер партиясына қабылданды, шаруашылық жұмысында болды. — *271.*

Браун — қараңыз: Янсон, Я. Э.

Броштейн, С. Ю. — қараңыз: Семковский, С.

Булгаков, С. Н. (1871—1944) — буржуазияшыл экономист, идеалист-философ, 90-жылдарда «жария марксист» болды. Маркстің аграрлық мәселе жөніндегі ілiміне ревизия жасады; халық бұқарасының қайыршылануын «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» деп аталатын заңның әсерінен деп түсіндірді. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін кадеттерге қосылды, философиялық мистицизмді уағыздады, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. 1918 жылдан бастап — священник. 1922 жылы контрреволюциялық қызметі үшін шетелге қуылды, онда СССР-ге қарсы дұшпандық насихат жүргізді.— *245.*

Бунин, Ю. А. — журналист, жаңа революциялық өрлеу жылдарында кадеттік «Русские Ведомости» газетінің қызметкері.— *85.*

Буренин, В. П. (1841—1926) — реакцияшыл публицист әрі әдебиетші. 1876 жылдан бастап «Новое Время» газетінің редакциясына кіріп, «нововремяшылардың» сатқын әдеби тобын басқарды. В. И. Ленин айтыстың арам ниетті әдістерін көрсету үшін Бурениннің есімін жиі қолданды. (Бұл арада «Буренин-Гамма» деген сөз Л. Мартовқа қатысты болып отыр.) — *217, 218, 219.*

Бурьянов, А. Ф. (1880 ж. туған) — меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Таврия губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы социал-демократиялық фракцияға кірді. 1914 жылы жойымпаздардан шеттеп, партияшыл-меньшевиктерге қосылды, бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында қорғампаздық жағында болды. — *109, 172, 312.*

В

Вандервельде (Vandervelde), *Эмиль* (1866—1938) — Бельгия жұмысшы партиясының лидері, II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының председателі, барып тұрған оппортунистік позицияда болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс

кезінде — социал-шовинист; буржуазиялық үкіметке кірді, әр түрлі министрлік қызметтерде болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін империалистік соғысты одан әрі жүргізуге үгіттеу үшін Россияға келді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияға белсене жәрдемдесті; II Интернационалды қалпына келтіру үшін аз күш жұмсаған жоқ. 1925—1927 жылдарда — Бельгияның сыртқы істер министрі, СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерін (1925) жасасуға қатысты, коммунистер мен социалистердің біртұтас антифашистік майданын құруға қарсы белсене күресті. Бірқатар кітаптар мен кітапшалардың авторы. В. И. Ленин атап көрсеткендей, Вандервельденің еңбектерінде «мещандық эклектицизм» «марксизмге қарсы, софистика диалектикаға қарсы, филистерлік реформизм пролетарлық революцияға қарсы шығады» (Шығармалар, 28-том, 327-бет). — *208.*

Варский (Warski), *Адольф (Варшавский. А. С.)* (1868—1937)—поляк революциялық қозғалысының көрнекті қайраткері. 80-жылдардың аяқ кезінде «Поляк жұмысшылары одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды, Польша Корольдігі социал-демократиясын, одан кейін — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясын құруға белсене қатысты. РСДРП IV (Бірігу) съезінің делегаты. Съезден кейін РСДРП Орталық Комитетінің құрамына енді. 1909—1910 жылдарда—РСДРП-ның Орталық Органы —«Социал-Демократ» газеті редакциясының құрамына кірді. В. И. Ленин осы кезеңде Варскийді «тәжірибелі әдебиетші, ақылды марксист және тамаша жолдас» (Шығармалар, 36-том, 145-бет) деп сипаттады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист. 1917 жылы Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының басшылығы құрамына енді. Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің мүшесі болды. Поляк сейміне депутат болып сайланды, сеймнің коммунистік фракциясының председателі болды. 1929 жылы СССР-ге эмиграцияға кетті; Маркс — Энгельс — Ленин институтында поляк жұмысшы қозғалысының тарихын зерттеумен шұғылданды. — *420.*

Велихов, Л. А. (1875 ж. туған) — кадет, Петербургтен IV Мемлекеттік думаға депутат, Думада финанс және қалалық істер жөніндегі комиссиялардың секретары болды. 1909 жылдан — кадеттік «Городское Дело» журналының шығарушы-редакторы. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Одессада Уақытша үкіметтің комиссары. Октябрь социалистік революциясынан кейін елдің бірқатар жоғары оқу орындарында сабақ берді. 1923 жылдан Солтүстік Кавказ университетінде саяси экономия кафедрасының профессоры болды.—*124—125.*

Ветеран — қараңыз: Стучка, П. И.

Виноградов, П. Г. (1854—1925) — тарихшы, Москва университетінің, кейін Оксфорд университетінің профессоры. Өзінің саяси көзқарастары жөнінен кадеттерге қосылды. Революциялық қозғалысқа қарсы шықты, бұл оның 1905 жылы 5 августа «Русские Ведомости» газетінде жарияланған «Саяси хаттарынан» айқын көрінді. Осы хаттарда Виноградов, В. И. Ленин атап көрсеткендей, «құлқыншыл буржуазияның мүдделерін, тактикасын, психологиясын сирек кездесетін айқындықпен көрсетіп берді...» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 244-бет). Октябрь социалистік революциясына және Совет өкіметіне дұшпандықпен қарады. — *86.*

Вихляев, П. А. (1869—1928) —статистик және агроном, либерал халықшыл. Тверь земство басқармасы экономикалық бөлімінің меңгерушісі болды, ал 1907 жылдан 1917 жылға дейін Москва земство басқармасының статистика бөлімін басқарды. Патшалық Россиядағы шаруалар шаруашылығы туралы бірқатар статистикалық еңбектердің авторы, бұл еңбектерде шаруалардың таптық жіктелуі бекерге шығарылып, селолық қауым дәріптелді. Буржуазиялық Уақытша үкіметте егіншілік министрінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Орталық статистика басқармасында істеді және Москваның жоғары оқу орындарының профессоры болды.—*359.*

Вольский, С. (Соколов, А. В.) (1880 ж. туған) — социал-демократ. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — шақырымпаздар лидерлерінің бірі, Капри мен Болоньядағы (Италия) фракциялық мектептерді ұйымдастыруға және оның жұмысына қатысты, антипартиялық «Вперед» тобына кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроград Советінің әскери секциясында істеді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, шетелге эмиграцияға кетті, бірақ көп кешікпей Советтік Россияға қайтып келді. Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында, Сауда халық комиссариатында істеді. 1927 жылдан әдеби жұмыспен шұғылданды. — *365.*

Воронов, Б. (Лебедев, Б. Н.) (1883—1919) — эсер, экономист және публицист. 1909—1910 жылдары эсер партиясының Орталық Комитетіне кірді. 1912 жылдан бірқатар эсерлік басылымдарға белсенді жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында—социал-шовинист. 1917—1918 жылдары эсерлік «Власть Народа» газетінің редакциясына кірді, одан соң кооперация жүйесінде істеді. — *382.*

Г

Г. Р. — *қараңыз:* Левицкий, В.

Гаазе (Haase), *Гуго* (1863—1919) — герман социал-демократиясы лидерлерінің бірі, центрист. 1911 жылы Герман социал-

демократиялық партиясы Басқармасының председателі болып сайланды. 1897—1907 және 1912—1918 жылдары рейхстаг депутаты. 1912 жылдан — рейхстагтағы социал-демократиялық фракцияның председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позицияда болды. 1917 жылы Каутскиймен бірлесіп «Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясын» құрған. Ленин Гаазені және неміс «тәуелсіздер» партиясының басқа да лидерлерін «малай жандар, доктринерлер, қорқақтар, буржуазияның жігерсіз жәрдемшілері және реформистер» (Шығармалар, 29-том, 565-бет) деп атады. Германияда 1918 жылы болған Ноябрь революциясы кезінде Гаазе революциялық қозғалысты басып-жаншу саясатын жүргізген Халық уәкілдерінің советі дейтіннің құрамына кірді. — *225.*

Гамма — қараңыз: Мартов, Л.

Гегечкори. Е. П. (1879 ж. туған) — меньшевик. Кутаиси губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы социал-демократиялық фракция лидерлерінің бірі. 1917 жылғы ноябрьден — Закавказье контрреволюциялық үкіметінің (Закавказье комиссариатының) председателі, одан соң Грузияның меньшевиктік үкіметінің сыртқы істер министрі және үкімет председателінің орынбасары. 1921 жылы Грузияда Совет өкіметі орнатылғаннан кейін — ақ эмигрант. — *210, 212.*

Герш, П. М. — қараңыз: Либман, Ф.

Гинзбург, Б. А. — қараңыз: Кольцов, Д.

Гладстон (Gladstone), *Уильям Юарт* (1809—1898) — ағылшынның саяси және мемлекет қайраткері, либералдық партияның лидері. Бірқатар кабинеттерде министр қызметін атқарды, ал 1868—1874, 1880—1885, 1886, 1892—1894 жылдары премьер-министр болды. Халықтың ұсақ буржуазиялық топтарын және жұмысшы табының жоғары тобын либералдар жағына тарту үшін әлеуметтік демагогия құралдарын және жартыкеш реформаларды (1884 жылғы сайлау реформасы және басқалар) кеңінен пайдаланды. Басқыншылық отарлық саясат жүргізді. Саяси қайраткер ретіндегі Гладстонның—«либерал буржуалар мен топас мещандардың осы батырының» ерекшелігі,—В. И. Лениннің баға беруі бойынша,— мейлінше принципсіздік, арсыздық және екіжүзділік болды. — *393.*

Голосов, Гр. — қараңыз: Николаевский, Б. И.

Гольдблат — қараңыз: Медем, В. Д.

Горский, А. В. (Дюбуа, А. Э.) (1881 ж. туған) — жойымпаз-меньшевик. «Возрождение» журналына, «Новая Рабочая Газетаға» және басқа да жойымпаздық органдарға жазып тұрды,

жойымпаздық «Наша Заря» журналын бастырып шығарушы болды; III және IV Мемлекеттік думалардағы социал-демократиялық фракциялардың жұмысына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет мемлекетіне қарсы белсенді күресті, одан соң — ақ эмигрант.—*217, 218, 262.*

Григорьев (Патрашкин), С. Т. (1875—1953) — әдебиетші және публицист, 1899 жылдан Самара мен Саратовтағы бірқатар буржуазиялық газеттерге жазып тұрды. 1913—1917 жылдары либералдық-буржуазиялық «День» және «Русское Слово» газеттері редакцияларының құрамына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Самара мен Москвада шаруашылық жұмысында болды; 1922 жылдан — кәсіби жазушы, балалар мен жасөспірімдерге арналған көптеген кітаптардың авторы. — *316.*

Грюн (Grün), *Карл* (1817—1887) — немістің ұсақ буржуазияшыл публицисі, 40-жылдардың ортасында—«ақиқат социализмнің» басты өкілдерінің бірі. 1848—1849 жылдардағы революция дәуірінде — ұсақ буржуазияшыл демократ, Пруссия Ұлттық жиналысының мүшесі; 1850 жылы Брюссельге эмиграцияға кетті, 1861 жылы Германияға қайтып келді. Грюннің «ақиқат социализмі» утопиялық ілім еді, бұл ілім бойынша ағартудың, жақынға деген сүйіспеншіліктің және т. т. көмегімен орнатылатын болашақ қоғамда «ақиқат» адамның мәні іске асырылады, «ақиқат гуманизм» жүзеге асырылады. Грюн Л. Фейербах философиясының абстрактілі, идеалистік жақтарын П. Ж. Прудонның анархистік идеяларымен ұштастырды. К. Маркс пен Ф. Энгельс «ақиқат социализмді» «реакциялық мүдделердің, неміс мещандары мүдделерінің бейнесі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 453-бет) ретінде сынға алды. — *288—289.*

Гурвич, И. А. (1860—1924) — экономист. 1881 жылы халықшылдық баспахананың ісі бойынша Сибирьге жер аударылды. Айдаудан қайтып оралғаннан кейін жұмысшылар арасында революциялық насихат жүргізді және Минскіде еврейлердің тұңғыш жұмысшы үйірмесін ұйымдастырушылардың бірі болды. 1889 жылы Америкаға эмиграцияға кетіп, американ кәсіптік және социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты. Оның «Орыс деревнясының экономикалық жағдайы» (1892, орыс тілінде 1896 ж. басылып шықты) және «Immigration and Labor» («Иммиграция және еңбек») (1912) деген еңбектеріне В. И. Ленин ұнамды баға берді. 900-жылдардың бас кезінде ревизионист болды. — *103.*

Гучков, А. И. (1862—1936) — ірі капиталист, октябристер партиясын ұйымдастырушы және лидері. Бірінші орыс революциясы дәуірінде жұмысшы табы мен шаруалар жөніндегі үкіметтің аяусыз жазалау саясат жүргізуін жақтады. 1910—1911

Д

паз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. Совет мемлекетінің жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді. — *15—17, 45, 47, 167, 184, 187, 189, 218, 262, 263—264, 265, 282, 319, 328, 332—335, 427.*

Даниельсон, Н. Ф. (Николай — он) (1844—1918) — экономист-жазушы, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдықтың идеологтарының бірі. К. Маркс «Капиталының» Г. А. Лопатин бастаған орыс тіліндегі тұңғыш аудармасын аяқтады, осыған байланысты К. Маркспен және Ф. Энгельспен хат жазысып тұрды. Алайда Даниельсон марксизмнің мәнін ұқпады, сөйтіп ақырында оған қарсы шықты. 1893 жылы «Реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері» деген кітабын бастырып шығарды, бұл кітап В. П. Воронцовтың еңбектерімен бірге либерал халықшылдықтың теориялық негізі болды. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Даниельсонның көзқарастарын қатаң сынға алды.—*343.*

Дитц (Dietz), *Иоганн Генрих Вильгельм* (1843—1922) — герман социал-демократы, 1881 жылдан 1918 жылға дейін рейхстаг депутаты. Социал-демократиялық партияның баспасына басшылық етті, бұл баспа Маркс пен Энгельстің шығармаларын басып шығарды; оның баспаханасында «Искра» газетінің алғашқы номерлері, «Заря» журналы, В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген еңбегі басылды.— *283.*

Добролюбов, Н. А. (1836—1861) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, аса көрнекті әдебиет сыншысы және философ-материалист, Н. Г. Чернышевскийдің ең жақын досы және серігі. 1857 жылдың күзінен бастап Добролюбов «Современник» журналының сын-библиография бөлімін басқарды, кейіннен журналдың «Свисток» атты сатиралық бөліміне де басшылық етті. Самодержавие мен крепостниктік тәртіптің ымырасыз жауы болды, патшаның самодержавиелік үкіметіне қарсы халықтық көтерілісті жақтады. А. И. Герценмен, В. Г. Белинскиймен және Н. Г. Чернышевскиймен бірге Добролюбов Россиядағы революциялық социал-демократияның ізашарларының бірі болды. — *316.*

Домский (Каменский), *Г. Г.* (1883 ж. туған) — журналист және публицист, 1904 жылдан партияда болды. 1906 жылы—Польша мен Литва социал-демократиясы Варшава комитетінің мүшесі, бірқатар поляк социал-демократиялық басылымдарына қатысты. 1912 жылдан большевиктік «Правдаға», «Просвещениеге» жазып тұрды. 1915 жылдан —Польша және Литва социал-демократиясының Өлкелік басқармасының мүшесі,

«Наша Трибунаны» редакциялады, Циммервальд конференциясына қатысты. 1918 жылғы декабрьден Польша Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. 1923—1928 жылдары троцкистік-зиновьевшілдік антипартиялық оппозицияның мүшесі, 1928 жылы партиядан шығарылды, 1930 жылы — қайта алынды, 1935 жылы — қайта шығарылды. — *276.*

Донцов, Д. — ұсақ буржуазиялық Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі, Львовтағы «Шляхи» газетінің және Москвада шыққан «Украинская Жизнь» журналының қызметкері. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде ұлтшылдық ұйым —«Украинаны азат ету одағын» құрушылардың бірі болды, бұл ұйым Австрия монархиясының көмегімен «дербес» Украина деген ұранды жүзеге асыруға тырысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — эмигрант. — *140, 144, 227—228, 268.*

Драгоманов, М. П. (1841—1895) — украин тарихшысы, этнограф және публицист, буржуазиялық либерализм өкілдерінің бірі. Либералдық журналдарға қатысып тұрды, патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады, шетелге эмигарцияға кетті. Эмиграцияда жүріп патша өкіметінің саясатын әшкереледі, сонымен бірге социализм мен тап күресі теориясына батыл қарсы шықты, халық ерікшілері мен социал-демократтарды сынады. Украин ұлт-азаттық қозғалысының баяу қанатының аса көрнекті басшыларының бірі болды, мәдени-ұлттық автономияны жақтады. — *160.*

Дрейфус (Dreyfus), *Альфред* (1859—1935) — француз бас штабының офицері, еврей, мемлекетке опасыздық жасады деген жалған айыппен әдейі айыпталып, 1894 жылы жазықсыз өмірбақи каторгаға кесілді. Француз реакциялық топтары Дрейфусқа болған сотты шовинизм мен антисемитизмді өршіту үшін және республикалық режим мен демократиялық бостандықтарға қарсы шабуыл жасау үшін пайдаланды. Жұмысшы табы мен прогрестік пиғылдағы интеллигенцияның Дрейфусты қорғауы арқасында, ол 1899 жылы кешірім алды, ал 1906 жылы біржола ақталды. — *202—203.*

Дюбуа, А. Э. — *қараңыз:* Горский, А. В.

Дюринг (Dühring), *Евгений* (1833—1921) — неміс философы және экономисі, ұсақ буржуазияшыл идеолог. Дюрингтің философиялық көзқарастары позитивизмнің, метафизикалық материализмнің және идеализмнің эклектикалық қойыртпағы болды. Дюрингтің герман социал-демократиясының бір бөлегінен қолдау тапқан көзқарастарын Энгельс «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» деген кітабында сынады. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында және басқа бірқатар шығармала-

рында Дюрингтің эклектикалық көзқарастарын талай рет сынға алды.

Дюрингтің негізгі еңбектері: «Ұлттық экономия мен социализмнің сын тұрғысынан жазылған тарихы», «Ұлттық және әлеуметтік экономия курсы», «Философия курсы». — *389.*

Е

Ежов, В. — *қараңыз:* Цедербаум, С. О.

Ефремов, И. Н. (1866 ж. туған) — ірі помещик, І, ІІІ және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. «Бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі, кейіннен — буржуазиялық прогрессистер партиясының лидері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Мемлекеттік дума Атқару комитетінің мүшесі болды, буржуазиялық Уақытша үкіметтің құрамына кірді. — *400.*

Ж

Жордания, Н. Н. (Ан) (1870—1953) — социал-демократ, Кавказ меньшевиктері лидерлерінің бірі. 1905 жылы меньшевиктік «Социал-Демократи» газетін (грузин тілінде) редакциялады. 1906 жылы — І Мемлекеттік думаның депутаты. Партияның V (Лондон) съезінде меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Жордания формальды түрде партияшыл-меньшевиктерге қосылды, іс жүзінде жойымпаздарды қолдады. 1914 жылы Троцкийдің «Борьба» журналына жазып тұрды; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі болды, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды; 1921 жылдан — ақ эмигрант. — *48, 258—259, 311, 334.*

З

Зак, С. С. (1868—1930) — экономист және публицист, эсер. Халықшыл бағыттағы бірқатар журналдарға жазып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін солшыл эсерлерге қосылды, жұмысшы және солдат депутаттары Одесса Советі Атқару комитетінің құрамына кірді, екінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. 1920 жылдан бастап солшыл эсерлерден қол үзіп, ғылыми және әдеби жұмыспен шұғылданды. Өмірінің соңғы жылдарында — РСФСР Мемлекеттік жоспарлау

комиссиясының ғылыми қызметкері, бірқатар экономикалық еңбектердің авторы. — *69—70.*

Засулич, В. И. (1849—1919) — Россиядағы халықшылдық, ал одан кейін социал-демократиялық қозғалыстың көрнекті қатысушысы болған әйел. «Еңбекті азат ету» тобын құруға және оның жұмысына қатысты. 1900 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясына кірді. РСДРП II съезінен кейін меньшевизм лидерлерінің бірі болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға қосылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясын ұстады. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды. — *26—46, 319, 427.*

Зеель (Seel), *Рихард* (1819—1875) — неміс суретшісі, 1845—1848 жылдары Парижде тұрды, Ф. Энгельспен таныс болды. Композитор және жазушы ретінде де танылды. — *287.*

Зиемелис — қараңыз: Берзин, Я. А.

Зиновьев, Г. Е. (Радомысльский, Г. Е., Ск., Н., Скоп., Н.) (1883—1936) — 1901 жылдан РСДРП мүшесі. 1908 жылдан 1917 жылғы апрельге дейін эмиграцияда болды, партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» пен большевиктік газет — «Пролетарийдің» редакцияларына кірді. Реакция жылдарында жойымпаздарға, шақырымпаздарға және троцкистерге ымырашылдықпен қарады. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті, 1917 жылдың октябрінде Каменевпен бірге жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің шешімімен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады, сөйтіп партияның жоспарын буржуазиялық Уақытша үкіметке білдіріп қойды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроград Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды; 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі; 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блоктың лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракциялық қызметі үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы қайта алынып, 1932 жылы партиядан қайтадан шығарылды. 1933 жылы қайта алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды. — *151, 262.*

Зорге (Sorge), *Фридрих Адольф* (1828—1906) — неміс социалисі, халықаралық жұмысшы және социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, К. Маркс пен Ф. Энгельстің досы және серігі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қа-

тысты. Революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға, одан соң Америкаға эмиграцияға кетті. Америкада I Интернационалдың секцияларын ұйымдастырушы, I Интернационалдың Бас Советінің секретары (1872—1874). Америка Құрама Штаттары Социалистік жұмысшы партиясының және Интернационалдық жұмысшы одағының негізін қалауға белсене қатысты. Зорге өзінің К. Маркспен, Ф. Энгельспен және басқа адамдармен жазысқан хаттарын баспаға әзірледі. Ленин Зоргенің қызметін жоғары бағалады, оны I Интернационалдың ардагері деп атады.— *284.*

И

Изгоев (Ланде), А. С. (1872 ж. туған) — буржуазияшыл публицист, кадеттер партиясы идеологтарының бірі. Бастапқыда «жария марксист» болды, бір кездерде социал-демократтарға қосылды, 1905 жылы кадеттер партиясына ауып кетті. Кадеттердің органдары: «Речь» газетіне, «Южные Записки» және «Русская Мысль» журналдарына жазып тұрды, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін декаденттенуші интеллигенттер тобының журналы —«Вестник Литературыға» жазып тұрды. 1922 жылы контрреволюциялық публицистік қызметі үшін шетелге қуылды. — *229, 379.*

К

Кабе (Kabet), *Этьенн* (1788—1856) — французадың ұсақ буржуазиялық публицисі, утопиялық коммунизмнің көрнекті өкілі. Кабе буржуазиялық құрылыстың кемшіліктерін күш қолданбай-ақ, қоғамды бейбіт жолмен қайта құру арқылы жөндеуге болады деп есептеді. Өзінің көзқарасын «Икарияға саяхат» (1840) деген кітапта баяндады және Америкада коммунистік қауым құру арқылы оны практикада жүзеге асырмақшы болды, бірақ оның эксперименті түгелдей сәтсіздікке ұшырады. К. Маркс оны «коммунизмнің, ең үстірт болса да, ең көрнекті өкілі» деп атады (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 146-бет). — *288.*

Каменев, Л. Б. (Розенфельд, Л. Б.) (1883—1936) — 1901 жылдан РСДРП мүшесі. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция жылдарында жойымпаздар, шақырымпаздар және троцкистер жөнінде ымырашылдық позицияда болды. 1915 жылы, қамауға алынған кезінде, патша сотының алдында империалистік соғыста патша үкіметінің жеңіліске ұшырауын жақтаған большевиктік ұраннан бас тартты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған бағытына және В. И. Лениннің Апрель тезистеріне қарсы шықты. 1917 жылдың октябрінде Зиновьевпен бірге жартылай меньшевиктік «Новая

Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің шешімімен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады, сөйтіп партияның жоспарын буржуазиялық Уақытша үкіметке білдіріп қойды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін бірқатар жауапты қызметтерде болды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1917 жылдың ноябрінде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, 1925 жылы —«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блоктың лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды. —*262.*

Каменский, Г. — *қараңыз:* Домский, Г. Г.

Карпов, П. — жойымпаз-меньшевик, 1913 жылы «Новая Рабочая Газетаға» жазып тұрды. — *329.*

Карсон (Carson), *Эдуард Генри* (1854—1935) — ағылшынның реакцияшыл саяси қайраткері, консерватор, лорд, Ирландияның өзін өзі басқаруына өршелене қарсы шықты. Ирланд ұлтазаттық қозғалысына қарсы күресу мақсатымен Карсон 1912 жылы Олстерде (Ирландияның солтүстік бөлегі) қарулы қаражүздік «юнионистер» бандасын (ағылшын-ирланд униясын жақтаушылар) ұйымдастырды. 1915 жылы Асквиттің коалициялық үкіметінің құрамына кірді, 1917—1918 жылдары — Ллойд-Джорджның кабинетінде портфельсіз министр болды. 1921 жылы белсенді саяси қызметтен қол үзді.—*394, 395.*

Катков, М. Н. (1818—1887) — помещик, реакцияшыл публицист. Саяси қызметін баяу дворяндық либерализмнің жақтаушысы ретінде бастады. 60-жылдардың бас кезінде реакциялық лагерьге ауып кетті. 1863—1887 жылдары монархиялық реакцияның жаршысына айналған «Московские Ведомостидың» шығарушы-редакторы болды. Катков өзін «самодержавиенің сенімді қарғылы төбетімін» деп атады. Катковтың есімі ең өршеленген реакцияның бейнесіне айналды. — *235.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Markспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынаған болатын. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» және басқалар; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, революциялық қозғалыс кеңінен өрістеген кезеңде, оппортунизм позициясына көшті. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Каутский социал-шовинизм позициясында болды, онысын интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Әсіре империализм теориясының авторы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революция мен жұмысшы табының диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы», «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және бірқатар басқа шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. — *140, 153—154, 209, 230—233, 245, 251—252, 276—277, 284, 333, 413, 414, 415, 416, 419, 422—423.*

Керенский, А. Ф. (1881—1970) — эсер, Саратов губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, кейіннен буржуазиялық Уақытша үкіметтің басына келді. Думада біраз уақыт трудовиктер тобына қосылды, оның председателі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметтің министрі, одан кейін премьер-министрі және жоғарғы бас қолбасшы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет мемлекетіне қарсы белсенді күресті, 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда жүріп антисоветтік насихат жүргізді. — *194.*

Ковалевский, М. М. (1851—1916) — тарихшы, буржуазиялық-либералдық бағыттағы саяси қайраткер. 1880 жылдан —Москва университетінің профессоры. Харьков губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат болды; кейінірек — Мемлекеттік советтің мүшесі. Кадеттерден гөрі оңшылдау тұрған Демократиялық реформалар партиясының негізін салушылардың бірі болды.

«Қауымдық жер иелену, оның ыдырауының себептері, барысы және салдары», «Семьяның және жеке меншіктің шығуы мен дамуының очеркі», «Қазіргі демократияның шығуы», «Социология» және басқа еңбектердің авторы. — *85.*

Кольцов, Д. (Гинзбург, Б. А., Л. С., Седов, Л.) (1863—1920) — социал-демократ, РСДРП II съезінен кейін — белсенді меньше-

вик, бірқатар меньшевиктік басылымдардың қызметкері. Бірінші орыс революциясы дәуірінде Петербургте кәсіптік қозғалысқа қатысты; 1908 жылдан бастап Бакуде жұмыс істеді. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздық позицияда болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист; 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінде еңбек комиссары. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1918—1919 жылдарда кооперация ұйымдарында жұмыс істеді. — *3, 45, 264, 265, 266, 319.*

Косинский, В. А. (1866 ж. туған) — халықшылдық бағыттағы аграршы-экономист, Киев политехникалық институтының профессоры. Мына еңбектің авторы: «Аграрлық мәселе жөнінде», I кітап («Шаруалар шаруашылығы және помещиктік шаруашылық») және II кітап («Меншікті жерлерді мобилизациялаудағы негізгі тенденциялар және олардың әлеуметтік-экономикалық факторлары»). 1918 жылы гетман Скоропадскийдің контрреволюциялық үкіметінде еңбек министрінің орынбасары болды, кейіннен шетелге эмиграцияға кетті. — *6.*

Кристан (Kristan), *Этбин* (1867—1953) — словен саяси қайраткері, жазушы және журналист. Бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін — словен социал-демократиясы лидерлерінің бірі. Бірқатар жұмысшы газеттеріне жазып тұрды. 1914 жылы Америка Құрама Штаттарына эмиграцияға кетті, югослав еңбекші эмигранттары арасында жұмыс жүргізді, словен-демократтар ассоциациясының председателі болды. 1921 жылы Словенияға қайтып келді, бірақ көп ұзамай Америка Құрама Штаттарына қайтадан эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Югославиядағы халық-азаттық қозғалысты жақтады. 1951 жылы Югославияға қайтып келді. Бірқатар өлеңдердің, очерктердің, әңгімелер мен пьесалардың авторы. — *152, 245, 336.*

Крупская, Н. К. (1869—1939) — профессионал революционер, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері; В. И. Лениннің әйелі.

Революциялық қызметін 1890 жылы Петербургте студенттердің маркстік үйірмелерінде бастады. 1891 жылдан 1896 жылға дейін Нева заставасының сыртындағы жексенбілік кешкі мектепте мұғалім болды, жұмысшылар арасында социал-демократиялық насихат жүргізді. 1895 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды. 1896 жылы августа тұтқынға алынып, 3 жылға жер аударуға үкім шығарылды, жер аударылу мерзімін Шушенское селосында, содан соң Уфада өтеді. 1901 жылы эмиграцияға кетті, «Искра» редакциясының секретары болып істеді. РСДРП II съезін дайындауға белсене ат салысып, оған кеңесші дауыспен қатысты. Съезден кейін большевиктік «Вперед»

және «Пролетарий» газеттері редакцияларының секретары болды. Партияның III съезін дайындау жөнінде белсене жұмыс жүргізді. Шетелде жұмыс істей жүріп, Россиядағы партия ұйымдарымен кең түрде хат-хабар алысып тұрды. Реакция жылдарында жойымпаздармен және шақырымпаздармен күреске белсене қатысты, 1911 жылы Лонжюмодағы партия мектебінде жұмыс істеді; РСДРП Прага конференциясынан (1912) кейін Россиядағы партия ұйымдарымен, «Правда» газетімен және IV Мемлекеттік думадағы большевиктік фракциямен байланыс орнатуда В. И. Ленинге көмектесіп отырды. 1915 жылы Әйелдердің Берндегі халықаралық конференциясына делегат болды.

1917 жылғы Февраль революциясынан кейін В. И. Ленинмен бірге Россияға қайтып оралып, партияның Орталық Комитетінің секретариатында жұмыс істеді; Октябрь социалистік революциясын әзірлеуге және оны жүзеге асыруға белсене қатысты. Революциядан кейін — Халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі, Республиканың саяси ағарту бас комитетіне басшылық етті; 1929 жылдан — халық ағарту комиссарының орынбасары. Халыққа білім берудің советтік жүйесін құрушылардың бірі, совет педагогикасының аса ірі теоретигі болды. Халыққа білім беру, коммунистік тәрбие, әйелдер және жастар қозғалысы мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды. В. И. Ленин туралы естеліктердің авторы. Барлық партия съездеріне (I және V съездерден басқа) қатысты; 1924 жылдан — Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі, ал 1927 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі. Барлық сайлауларда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің депутаты және Президиум мүшесі болды. — *291.*

Л

Л. М. — *қараңыз:* Мартов, Л.

Л. С. — *қараңыз:* Кольцов, Д.

Лавров, П. Л. (1823—1900) — халықшылдықтың көрнекті идеологы, социологиядағы субъективтік мектептің өкілі; «Тарихи хаттар» (1868—1869) деген кітаптың авторы. «Ерлер» мен «тобыр» жөніндегі реакциялық халықшылдық теорияның негізін қалаушы болды; бұл теория қоғам дамуының объективті заңдылықтарын теріске шығарып, адамзаттың прогресін «сын тұрғысынан ойлайтын жеке адамдар» қызметінің нәтижесі деп санады.

Лавров «Жер және ерік» қоғамының, кейінірек «Халық еркі» партиясының мүшесі болды. 1870 жылдан эмиграцияда болған ол, «Вперед!» журналын (Цюрих — Лондон, 1873—1876) шығарып тұрды, «Вестник Народной Волидің» (1883—1886) редакторы болды, халық еркшілерінің «Орыстың әлеуметтік-ре-

ны «Vorwärts»-тің («Алға») жауапты редакторы болды. 1867 жылдан 1870 жылға дейін — Солтүстік-герман рейхстагының депутаты, ал 1874 жылдан герман рейхстагының депутаты болып бірнеше рет сайланды; Пруссия юнкерлерінің реакциялық сыртқы және ішкі саясатын әшкерелеу үшін парламент трибунасын шебер пайдаланды. Революциялық қызметі үшін талай рет түрмеге қамалды. I Интернационалдың қызметіне және II Интернационалды құруға белсене қатысты. К. Маркс пен Ф. Энгельс Либкнехтті жоғары бағалады. Сонымен бірге олар Либкнехттің ымырашылдық сипаттағы жекелеген қателерін сынап, оның дұрыс позицияға көшуіне көмектесті. — *283.*

Либман, Ф. (Герш, П. М.) (1882 ж. туған) — көрнекті бундшыл, 1911 жылы Бунд Орталық Комитетінің құрамына кірді, «Отклики Бунда» редакциясының мүшесі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында патша өкіметінің аннексияшылдық саясатын қолдады; Швейцарияда тұрды. — *129—130, 134, 135, 138—139, 153, 154, 156, 157, 159, 166.*

Ллойд Джордж (Lloyd George), *Дэвид* (1863—1945) — ағылшынның мемлекет қайраткері және дипломаты, либералдар партиясының лидері. 1890 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1908 жылдары — сауда министрі; 1908—1915 жылдары — финанс министрі. Англия үкіметінің бірінші дүние жүзілік соғысты әзірлеудегі саяси бағытын белгілеуде көрнекті роль атқарды. Пролетариаттың революциялық қозғалысына қарсы шықты; арбау, алдау арқылы, жұмысшыларға уәде беру арқылы жұмысшы табының революциялық партиясын құруды тоқтатуға немесе болдырмауға тырысты. В. И. Ленин: «Ллойд Джордж буржуазияға айта қалғандай қызмет етеді және оған нақ жұмысшылардың *арасында* қызмет етеді, *нақ* пролетариаттың ішінде, бұқараны моральдық жағынан өзіне бағындыру бәрінен гөрі керек, бәрінен гөрі қиын жерде буржуазияның ықпалын жүргізіп отырады» (Шығармалар, 23-том, 119—120-беттер) деп жазды. 1916—1922 жылдары — премьер-министр, ағылшын империализмінің Таяу және Орта Шығыстағы, Балқандағы позициясын нығайтуға тырысып бақты, отар және тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын қаталдықпен басып-жаншып отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы бағытталған соғыс интервенциясы мен блокаданы ұйымдастырушылардың, оған дем берушілердің бірі. 1922 жылы, бірқатар саяси сәтсіздіктерден кейін, отставкаға шықты, бірақ өмірінің соңғы күніне дейін саяси ықпалын белгілі дәрежеде сақтап келді. — *78—81.*

Ломтатидзе, В. Б. (1879—1915) — социал-демократ, меньшевик, реакция кезеңінде — жойымпаз. Гурия партия ұйымының делегаты ретінде РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысына қатысты. 1907 жылы — Кутаиси губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. II Думадағы социал-демократиялық фракция-

ның ісі бойынша каторгаға кесілді, кейін бұл үкім жеті жылға түрмеге жабумен ауыстырылды. — *280—281.*

Лопатин, Г. А. (1845—1918) — белгілі халықшыл-революционер. 70-жылдары шетелде жүріп, К. Маркспен және Ф. Энгельспен достық қатынаста болды, I Интернационалдың Бас советіне сайланды. Лопатин жайында К. Маркс: «Менің Лопатиндей сыйлайтын, жақсы көретін адамым аз»,— деп жазды (Шығармалар, XXVI том, 1935, 260-бет). Лопатин Н. Ф. Даниельсонмен бірге «Капиталдың» 1-томын орыс тіліне аударды. Революциялық қызметі үшін талай рет тұтқынға алынды. 1887 жылы өлім жазасына кесіліп, мәңгілік каторгада болумен ауыстырылды, жазасын Шлиссельбург қамалының жеке камерасында отырып өтеді. 1905 жылы амнистия бойынша босатылды, кейіннен саяси қызметтен қол үзді.—*419.*

Лукашевич (Тучапский), П. Л. (1869—1922) — революциялық қозғалысқа 1893 жылдан бастап қатысты, Киевтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» мүшесі. Жер аударылды, одан соң эмиграцияға кетті; Украин социал-демократиялық одағы («Спилка») Орталық Комитетінің мүшесі болды, бұл одақ 1905 жылы апрельде РСДРП меньшевиктік фракциясының құрамына кірген болатын. «Спилка» ыдырағаннан кейін меньшевиктердің қатарында жұмыс істеді. 1917—1918 жылдары меньшевиктік «Южный Рабочий» газетін (Одесса) редакциялады. 1921 жылдан — Украин Ғылым академиясының кітапханашысы. — *142.*

Лукомский, М. Я. (Эм-Эль) (1872—1931) — 1916 жылға дейін меньшевик, одан соң — партияда жоқ, кәсібі жөнінен дәрігер. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында—жойымпаз. 1912—1913 жылдары — жойымпаз-меньшевиктік «Луч» газеті редакциясының мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында майданда дәрігер болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Денсаулық сақтау халық комиссариаты органдарында істеді.— *328.*

Луначарский, А. В. (1875—1933)—профессионал революционер, көрнекті совет мемлекет қайраткері. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін — большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», одан соң «Новая Жизнь» газеттері редакцияларының құрамына кірді. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен жанастыру жөнінде талап қойды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Луначарский интернационализм позициясында болды. 1917 жылдың бас кезінде «аудан аралықшылар» тобына кірді, солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін 1929 жылға дейін — халық ағарту комиссары, одан соң СССР Орталық Атқару Ко-

митеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі болды. 1930 жылдан — академик. 1933 жылы августа СССР-дің Испаниядағы уәкілетті окілі болып тағайындалды. Өнер және әдебиет жөнінде бірқатар еңбектердің авторы. — *365.*

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Революциялық қызметін 80-жылдардың екінші жартысында бастады, Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі болды, поляк жұмысшы қозғалысы қатарындағы ұлтшылдыққа қарсы күресті. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты. 1907 жылы РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысып, онда большевиктерді қолдады. Алайда реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Люксембург жойымпаздарга ымырашылдық тұрғыдан қарады, 1912 жылы поляк социал-демократиясында большевиктерге неғұрлым жақын тұрған «розламовыйлар» оппозициясы деп аталатынды айыптады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етуге қатысты. 1919 жылдың январында тұтқынға алынып, шейдемандық үкіметтің бұйрығы бойынша өлтірілді. Ленин Р. Люксембургті жоғары бағалады, оның қателіктерін талай рет сынады, сөйтіп оның дұрыс позицияға көшуіне көмектесті. — *161—163, 166, 186—189, 198, 205, 209, 230—231, 232, 246, 249, 276.*

М

Маклаков, В. А. (1870—1957) — оңшыл кадет, помещик, кәсібі жөнінен адвокат, көптеген саяси процестерде сөз сөйледі. Москвадан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—буржуазиялық Уақытша үкіметтің Париждегі елшісі, одан соң — ақ эмигрант. — *200—201, 372, 378, 399—401.*

Малиновский, А. А. — қараңыз: Богданов, А.

Малиновский, Р. В. (1876—1918) — арандатушы, Москва охранка бөлімінің құпия қызметкері. 1906 жылы арам ниетпен жұмысшы қозғалысына қосылды, металлистер одағы жұмыс-

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О., Гамма, Л. М.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады, антипартиялық август конференциясына (1912) қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды.— ***45, 186, 217, 218, 219, 225, 282, 310, 311, 328, 355, 426.***

Мархлевский (Marchlewski), *Юлиан* (J. K.) (1866—1925) — поляк және халықаралық жұмысшы қозғалысының корнекті қайраткері. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты. РСДРП V (Лондон) съезінде РСДРП Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат болып сайланды. II Интернационалдың Цюрих және Штутгарт конгрестерінің делегаты. 1909 жылдан бастап көбіне герман социал-демократиясында жұмыс істеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында К. Либкнехтпен және Р. Люксембургпен бірге социал-шовинистерге қарсы күресті, «Спартак одағын» құруға қатысты. Революциялық қызметі үшін талай рет қуғынға ұшырады.

1918 жылы Совет үкіметінің талап етуімен герман концентрациялық лагерінен босап, Советтік Россияға келді; Бүкіл Россиялық Орталық Атқару Комитетіне сайланып, өмірінің ақырына дейін оның мүшесі болды. 1919 жылы Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетіне енгізілді. Коммунистік Интернационалды құруға қатысты. 1923 жылдан бастап МОПР (Революция күрескерлеріне көмек берудің халықаралық ұйымы) Орталық Комитетінің председателі болды. Экономикалық мәселелер, Польша тарихы және халықаралық қатынастар жөніндегі бірнеше еңбектердің авторы. — *198.*

Махновец — қараңыз: Акимов, В. П.

Медем, В. Д. (Гринберг, В. Д., Гольдблат) (1879—1923) — Бунд лидерлерінің бірі. 1906 жылы Бунд Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты, меньшевиктерді қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Польшадағы Бунд ұйымдарын басқарды; 1921 жылы Америка Құрама Штаттарына кетіп, оңшыл социалистік еврей газеті — «Vorwards»-тің («Алға») беттерінде Советтік Россияға қарсы жалақорлық мақалалар жазды.—***163, 164, 337—338, 421, 422, 423.***

Меленевский (Басок, Соколовский), *М. И.* (1879—1938)—ұсақ буржуазияшыл украин ұлтшылы, меньшевик, Украин социал-

листік революциясынан кейін эмиганттық меньшевиктік баспасөз бетінде Совет өкіметіне қарсы шықты. Кейіннен Америка Құрама Штаттарында тұрды, марксизм-ленинизмді және КПСС тарихын бұрмалаумен шұғылданды. — *88—90.*

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылғы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды. — *406.*

Николай — он — қараңыз: Даниельсон, Н. Ф.

Никон (Бессонов, Н.) (1868—1919) — Волынь губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думада оңшылдар фракциясына кірді. 1913 жылы Енисейск епископы және Красноярск викарийі болып тағайындалды. 1917 жылы епископтық атақтан бас тартты. Октябрь социалистік революциясынан кейін ақ гвардияшылар қатарында Совет мемлекетіне қарсы күресті, украин буржуазиялық-ұлтшылдық Директория үкіметінде діп істері жөніндегі министр болды. — *10—12, 22—23.*

П

Павленков, Ф. Ф. (1839—1900) — прогресшіл кітап бастырып шығарушы. Ғылыми-көпшілік серия, орыс және батыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын және басқа да көптеген кітаптар шығарды. Ол Ф. Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген кітабын, В. Г. Белинскийдің, Д. И. Писаревтің шығармаларын шығарды, Россияда тұңғыш рет А. И. Герценнің шығармаларын баспаға әзірледі. Павленков өзі қайтыс болғаннан кейін қалған қаржысын 2000 тегін халық кітапханасын ұйымдастыру үшін жұмсауға өсиет қалдырды. — *291.*

Паннекук (Pannekoek), *Антони* (1873—1960) — голланд социал-демократы, Амстердам университетінің астрономия профессоры. 1907 жылы — голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясы сол қанатының органы — «De Tribune» («Трибуна») газетінің негізін салушылардың бірі. 1910 жылдан бастап герман солшыл социал-демократтарымен тығыз байланысты болды, олардың органдарына белсенді жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд солшылдарының теориялық органы — «Vorbote» («Жаршы») журналын шығаруға қатысты. 1918—1921 жылдары Голландия Коммунистік партиясында болды, Коминтерннің жұмысына қатысты. Әсіре солшыл, сектанттық позиция ұстады. В. И. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде Паннекуктің және басқа да «әсіре солшылдар-

дың» көзқарастарын қатты сынға алды. 1921 жылы Паннекук компартиядан шықты, көп ұзамай белсенді саяси қызметтен қол үзді. — *415.*

Патрашкин, С. — қараңыз: Григорьев, С. Т.

Петровский, Г. И. (1878—1958) — революциялық жұмысшы қозғалысына ертеден қатысушылардың бірі, большевик, кейіннен советтің көрнекті партия және мемлекет қайраткері. 1897 жылдан партия мүшесі. Бірінші орыс революциясы кезінде — Екатеринославта (қазір Днепропетровск) жұмысшы қозғалысы басшыларының бірі. Екатеринослав губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді. 1914 жылы өзге большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. Айдауда жүріп те революциялық жұмысты жүргізе берді. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. 1917—1919 жылдары — РСФСР ішкі істер халық комиссары, 1919 жылдан 1938 жылға дейін Бүкіл украиналық Орталық Атқару Комитетінің председателі болды, СССР құрылғаннан кейін — СССР Орталық Атқару Комитеті Председательдерінің бірі, 1938—1940 жылдары — СССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары. 1926—1939 жылдары — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат. 1940 жылдан — СССР Революция музейі директорының орынбасары. — *105, 108, 109, 172, 200—201.*

Пешехонов, А. В. (1867—1933) — буржуазиялық қоғам қайраткері және публицист. 90-жылдары — либерал халықшыл, «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап — осы журнал редакциясының мүшесі; либералдық-монархиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне жазып тұрды. 1906 жылдан бастап — ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан бастап —ақ эмигрант. — *229, 249, 360.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы —«Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған «Социализм және саяси күрес», «Біздегі алауыздық-

тар», «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде», «Материализм тарихы жөніндегі очерктер», «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясын ұстады, ал кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы дәуірінде барлық негізгі мәселелер бойынша меньшевиктік позицияларда болды. 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісін айыптады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Плеханов Россияға қайтып келіп, қорғампаз-меньшевиктердің барып тұрған оңшыл «Бірлік» тобын басқарды, социализмге көшу үшін Россия пісіп-жетілген жоқ деп санап, большевиктерге, социалистік революцияға белсене қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

В. И. Ленин Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін жоғары бағалады; сонымен бірге ол Плехановты марксизмнен ауытқығаны үшін және саяси қызметіндегі ірі қателері үшін қатты сынады. — *144, 172, 205, 206, 207, 222, 249, 255, 258, 259, 269, 320, 338, 363, 425.*

Покровский, В. И. (1838—1915) — экономист және статистик; 1871 жылдан 1893 жылға дейін Тверь губерниясында земстволық статистикаға басшылық жасады; оның қатысуымен Тверь губерниясын зерттеу жөнінде құрастырылған еңбектер 20 томнан асады. 1893 жылы Петербургте қалалық статистиканы басқарды, ал 1894 жылдан бастап финанс министрлігінің баж салығы департаментінің статистика бөлімшесін меңгерді; Ерікті экономикалық қоғамның статистика комиссиясын басқарды, ал 1902 жылы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. — *214, 215.*

Полферов, Я. Я. — либерал журналист және публицист, буржуазиялық экономикалық газеттердің қызметкері, 1913 жылы кадеттік «Русская Мысль» журналына қатысып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін оқытушылық жұмыста болды. —*178—182.*

Попов, И. Ф. (1886—1957)—«Правданың» ең байырғы және тұрақты тілшілерінің бірі, кейіннен көрнекті совет жазушысы. 1905—1914 жылдары большевиктік партияның мүшесі болды, Москвада және шетелде революциялық жұмыс жүргізді. 1908—1914 жылдары РСДРП Орталық Комитетінің Халықаралық

социалистік бюро жанындағы өкілдігін жүзеге асырды, бірқатар большевиктік басылымдарға қатысып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Германияда тұтқында болды. 1918 жылы Советтік Россияға қайтып келді, Жұмысшы-Шаруа Инспекциясында, баспасөз органдарында және театр ұйымдарында істеді. Россиядағы революциялық оқиғалар туралы шығармалардың авторы, В. И. Лениннің жастық шағы жайында «Семья» деген жұртқа кең танылған пьеса жазды. — *263.*

Потресов, А. Н. (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықтың идеологы, жойымпаз-меньшевиктердің «Возрождение», «Наша Заря» журналдарында және басқа органдарында басшы роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті; шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына жазып тұрды, Советтік Россияға жала жапты. — *45, 232.*

Прейслер (Preuβler), *Роберт* — Австрия социал-демократы. 90-жылдардың бас кезінде керамика өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының негізін қалаушылардың бірі болды. Австрия социал-демократиясы Брюнн съезінің (1899) жұмысына қатысты. — *336.*

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — буржуазияшыл экономист және публицист. 90-жылдардың аяқ шенінде — «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Кейінірек — либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды.—*33—34, 47, 235.*

Прудон (Proudhon), *Пьер-Жозеф* (1809—1865) — француз публицисі, экономист және социолог, ұсақ буржуазияның идеологы, анархизмнің негізін салушылардың бірі, кәсібі жөнінен əріп теруші. 1840 жылы «Меншік дегеніміз не?» деген кітабын жариялады. Прудон ұсақ жеке меншікті мәңгілік етуді армандады және ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық позициядан сынады, «тегін кредиттің» көмегімен жұмысшылардың өз өндіріс құрал-жабдықтары болып, қолөнершіге айналуына мүмкіндік жасайтын арнаулы «халық банкін» ұйымдастыруды ұсынды. Прудонның ерекше «айырбас банктерін» құру жөніндегі утопиясының да нақ осындай реакциялық сипаты болды, ол осы банктер еңбекшілердің өз еңбегінің өнімін «әділетті түрде» өткізуін қамтамасыз етеді-міс және сонымен

қатар өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарына капиталистік меншіктің болуына тиіспейді деп санады. Прудон тап қайшылықтарының басты қайнар көзі мемлекет деп есептеді, ол «мемлекетті» бейбіт жолмен «жоюдың» утопиялық жобаларын ұсынды, саяси күреске теріс көзқарасты уағыздады. 1846 жылы «Экономикалық қайшылықтар системасы немесе Қайыршылық философиясы» деген кітабын шығарды, онда өзінің ұсақ буржуазиялық философиялық-экономикалық көзқарастарын баяндады. Маркс «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде Прудон кітабының ғылыми жағынан негізсіз екенін көрсетіп, оны өлтіре сынады. 1848 жылғы революция кезінде Құрылтай жиналысына сайланған Прудон жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін айыптады; ол Францияда Екінші империя режимінің орнауына әкеп соқтырған 1851 жылғы 2 декабрьдегі бонапарттық төңкерісті мақұлдады. — *146, 288—289, 414.*

Пуришкевич, В. М. (1870—1920) — ірі помещик, нағыз реакцияшыл-қаражүздік, монархист. Қаражүздік «Орыс халқы одағын» құрудың инициаторларының бірі болды; 1907 жылы бұл одақтан шығып, монархиялық контрреволюциялық жаңа ұйым — «Михаил архангел палатасы» ұйымын құрды. Бессарабия губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат; Думада ойран салуға шақырған, антисемиттік сөздер сөйлеуімен әйгілі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті. — *8, 10, 86, 132, 137, 140, 144, 176, 181, 201, 202, 204, 269, 270, 315, 339, 340, 341, 356, 372, 373, 394.*

Р

Ракитин, Г. — *қараңыз:* Левицкий, В.

Ракитников, Н. И. (1864 ж. туған) — халықшыл, одан соң эсер, журналист. 1901 жылдан — эсерлер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Россияның бірқатар қалаларында және шетелде жұмыс жүргізді, әр түрлі эсерлік органдарға жазып тұрды. 1916 жылы Россияға қайтып келді, «Саратовский Вестник» газетіне жазып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін егіншілік министрінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Самарада Құрылтай жиналысы мүшелері контрреволюциялық Комитетінің қызметіне қатысты. 1919 жылы эсерлер партиясының Орталық Комитетінен шықты, Совет өкіметін мойындады. Одан әрі саяси қызметтен қол үзді. — *343—346, 358.*

Раппопорт (Rappoport), *Шарль* (1865 ж. туған) — француз социалисі, маркстік философияға ревизия жасады, бұл үшін оны П. Лафарг қатты сынады. Философия және социология жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *205.*

Рожков, Н. А. (1868—1927) — тарихшы және публицист. 1905 жылдың басында РСДРП-ға кірді, біраз уақыт большевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін жойымпаздықтың идеялық басшыларының бірі болды; «Наша Заря» журналына жазып тұрды, жойымпаздық-меньшевиктік бағыттағы «Новая Сибирь» газетін редакциялады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Рожков меньшевиктердің Орталық Комитетінің құрамына кірді, буржуазиялық Уақытша үкіметте бірнеше ай почта және телеграф министрінің орынбасары болып істеді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Совет өкіметіне қарсы күресті. 1922 жылы меньшевиктерден қол үзді. Одан кейінгі жылдарда ғылыми-педагогтық қызметте және әр түрлі мекемелерде әкімшілік жұмыста болды. Россия тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *178—182.*

Рыбалка, Л. — қараңыз: Юркевич, Л.

С

Савенко, А. И. (1874 ж. туған) — буржуазияшыл ұлтшыл, публицист, ірі помещик. 1908 жылы Киевте «Орыс ұлтшылдары клубының» негізін салды. Киев губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думада «прогресшіл блок» құрамына кірді. Қаражүздік «Новое Время» және «Киевлянин» газеттеріне жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет мемлекетіне қарсы күресті, кейінірек — ақ эмигрант. — *347—348.*

Салтычиха (Салтыкова, Д. И.) (1730—1801)—крепостной шаруаларға аса қаталдығымен әйгілі болған Москва губерниясы Подольск уезіндегі помещик әйел. 139 шаруаны өлімші етіп азаптаған. Жұртшылық пікірінің қысымымен II Екатерина Салтычиханың ісі жөнінде тергеу жүргізуге мәжбүр болды; 1768 жылы Салтычиха өлім жазасына кесілді, бірақ бұл жаза монастырь түрмесінде өмір бойы қамауда болумен ауыстырылды. Салтычиханың есімі крепостник-помещиктердің шаруаларға деген рақымсыз қатыгездігінің синониміне айналды. — *392.*

Самойлов, Ф. Н. (1882—1952) — 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі, бірінші орыс революциясына белсене қатысты, Иваново-Вознесенскіде партиялық жұмыс жүргізді. Владимир губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат. 1914 жылы патша үкіметі басқа да большевик-депутаттармен бірге империалистік соғысқа қарсы революциялық насихат жүргізгені үшін Туруханск өлкесіне өмір бойы қоныстануға жер аударды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократия-

нистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді; партияның II съезінен кейін — большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитеттің құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакциялауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде көтерілісті әзірлеу жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Республиканың Революциялық-әскери советінің мүшесі ретінде бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және зор ұйымдастырушы ретінде Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, Қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия өмірі нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалану шараларына ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын, марксизм-ленинизмге жат осы жайды батыл айыптап, оған біржола тыйым салды, партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қалпына келтіру және оларды дамыту жөніндегі Орталық Комитеттің жұмысын мақұлдады, болашақта мұндай қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу шараларын қолданды. — *243.*

Стирлинг (Stirling), *Джемс Хатчисон* (1820—1909) — шотланд философы, Гегель жайында кітап және басқа да еңбектер жазды. — *284.*

Столыпин, П. А. (1862—1911) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик. 1906—1911 жылдарда—министрлер Советінің председателі және ішкі істер министрі. Революциялық қозғалысты басып жаныштау мақсатымен өлім жазасы кең қолданылған аса қатал саяси реакция кезеңі (1907—1910 жылдардағы столыпиндік реакция) оның есімімен байланысты болды. Столыпин деревняда кулактардан патша самодержавиесіне тірек жасау мақсатымен аграрлық реформа жүргізді. Алайда буржуазия мен помещиктердің мүдделерін көздеп, жоғарыдан кейбір реформалар жасау жолымен самодержавиені нығайтуға тырысқан оның әрекеті сәтсіздікке ұшырады. 1911 жылы Столыпинді Киевте эсер Богров өлтірді. — *354.*

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдарда—«жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтырды» және «сынады», марксизм мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бейімдеуге тырысты. Струве либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» (1903—1905) теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі және оның құпия органы—«Освобождение» журналының редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант. *—46—47, 137, 144, 152, 229, 245, 249, 354—356, 371, 372, 373, 378, 399—400, 410.*

Стучка, П. И. (Ветеран) (1865—1932) — социал-демократиялық қозғалыстың ең байырғы қайраткерлерінің бірі, кейіннен советтің көрнекті мемлекет қайраткері. 1895 жылдан партия мүшесі, Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің председателі болды, патша үкіметі тарапынан қудалауға ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитеті большевиктік фракциясының мүшесі және сол кезден бастап Орталық Атқару Комитетінің үздіксіз мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — юстиция халық комиссары, 1918—1919 жылдары — Латвия Совет үкіметінің председателі, одан кейін — РСФСР юстиция халық комиссарының орынбасары, 1923 жылдан — РСФСР Жоғарғы Сотының председателі. Мемлекет және право мәселелері жөніндегі бірқатар ғылыми еңбектердің авторы. — *366.*

Т

Тейлор (Taylor), *Фредерик Уинслоу* (1856—1915) — американ инженері, жұмыс күнін мейлінше толық пайдалануды көздеген

еңбек ұйымдастыру системасының негізін салушы. Капитализм жағдайында бұл система еңбекшілерді қанауды күшейту үшін пайдаланылады. — *396, 398.*

Толстой, Л. Н. (1828—1910) — орыстың данышпан жазушысы, орыс және дүние жүзі әдебиетінің дамуына орасан зор ықпалын тигізген дүние жүзіндегі аса ұлы жазушылардың бірі.

Толстойдың дүниеге көзқарасын сипаттауға және оның бүкіл қызметін бағалауға В. И. Ленин мынадай бірқатар шығармаларын арнады: «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы», «Л. Н. Толстой», «Л. Н. Толстой және қазіргі замандағы жұмысшы қозғалысы», «Толстой және пролетарлық күрес», «Л. Н. Толстой және оның дәуірі» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 225—233-беттер; 20-том, 20—25, 40—43, 76—77, 108—112-беттер) және басқалар. — *316.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — ленинизмнің қас жауы. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды, 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады, соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленинге қарсы күрес жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «аудан аралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бірқатар мемлекеттік қызметтерде болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады. — *312, 333, 334.*

Трубецкой, Е. Н. (1863—1920) — князь, орыс буржуазиялық либерализмі идеологтарының бірі, идеалист-философ. Киев университетінде, одан кейін Москва университетінде право философиясының профессоры болды. 1906 жылға дейін — кадет. 1906 жылдан—конституциялық-монархиялық «бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Патша өкіметінің бірінші орыс революциясын жаныштауында, елде столыпиндік режим орнатуда көрнекті роль атқарды. Бірінші дүние

жүзілік соғыс кезінде — Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, белсенді деникиншіл. — *339—342.*

Туган-Барановский, М. И. (1865—1919)—орыстың буржуазияшыл экономисі, 90-жылдарда —«жария марксизмнің» көрнекті өкілі. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде — кадеттер партиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін— Украинадағы контрреволюцияның белсенді қайраткері, буржуазиялық Украин орталық радасының финанс министрі. Туган-Барановскийдің 90-жылдардағы негізгі еңбектері: «Қазіргі Англиядағы өнеркәсіп дағдарыстары, олардың себептері және халық өміріне әсері» (1894), «Орыс фабрикасының өткендегісі мен қазіргісі» (1898) және басқалар. — *152, 245, 388—391.*

Туляков, И. Н. (1877 ж. туған)—жұмысшы, социал-демократ, меньшевик, Дон әскери облысынан IV Мемлекеттік думаға депутат.— *109, 172, 182.*

Тургенев, И. С. (1818—1883) — орыстың ұлы жазушысы, ол орыс әдеби тілінің дамуына көп еңбек сіңірді. Тургенев өз шығармаларында орыстың қоғамдық өміріне тән қайшылықтарды суреттеді. Тургеневтің крепостниктік тәртіпке қарсы қатты наразылығы баяу-либералдық талаптармен ұштасып жатты. Лениннің айтуынша, «...Тургенев Добролюбов пен Чернышевскийдің мужиктік демократизмінен жиреніп, баяу монархиялық және дворяндық конституцияға тартты...» (Шығармалар, 27-том, 267-бет). — *316.*

Тучапский, П. Л. — қараңыз: Лукашевич, П.

Тышка (Tyszka), *Ян (Иогихес, Лео)* (1867—1919) — поляк және неміс жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. Польша Корольдігі социал-демократиясының негізін салушылардың бірі және осы партияның Бас басқармасының мүшесі болды. Халықаралық жұмысшы қозғалысында ревизионизммен күрес жүргізді, поляк және орыс пролетариатының бірлескен күресінің қажет екенін қорғай отырып, ұлтшылдыққа қарсы шықты. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсенді қатысты. РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты, онда Орталық Комитет құрамына сайланды. Реакция жылдарында Тышка жойымпаздарды айыптай отырып, алайда, кейбір реттерде олар жөнінде ымырашылдық позиция ұстады. 1912 жылы Прага конференциясының шешімдеріне қарсы шықты. В. И. Ленин Тышканың осы кезеңдегі қызметін қатты сынады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Тышка Германияда болып, герман социал-демократиясының жұмысына қатысты, интернационалистік позиция ұстады; «Спартак одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды. 1916—1918 жылдары тұтқында болды. 1918

жылғы Ноябрь революциясы босатқаннан кейін Германия Коммунистік партиясын құруға қатысты және оның Орталық Комитетінің секретары болып сайланды. 1919 жылы мартта тұтқынға алынып, кейін Берлин түрмесінде өлтірілді. — *186—189, 198, 276.*

Ф

Ф. Д.— қараңыз: Дан, Ф. И.

Форстнер (Forstner) — Пруссия дворяны, барон, Цабернде (Эльзас) орналасқан 99-жаяу әскер полкінің лейтенанты.— *202.*

Фортунатов, К. А. —«Россияның ұлт облыстары. (1897 жылғы жалпы санақтың деректері бойынша статистикалық зерттеудің тәжірибесі)» деген кітаптың авторы; бұл кітап 1906 жылы Петербургте «Труд и борьба» кітап баспасынан шықты.—*421.*

Франк (Frank), *Людвиг* (1874—1914) — неміс социал-демократы, ревизионистер лидерлерінің бірі, социал-шовинист, кәсібі жөнінен адвокат. 1907 жылдан— рейхстаг мүшесі. Магдебург партейтагінде (1910) соғыс кредиттеріне дауыс беруді жақтап сөйледі. Бірінші империалистік соғыстың бас кезінде өз еркімен армияға барды, майданда қаза тапты. — *171.*

Х

Хаустов, В. И. (1884 ж. туған)—социал-демократ, меньшевик. кәсібі жөнінен токарь, Уфа губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, социал-демократиялық фракцияға кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында —интернационалист. — *109, 172.*

Ц

Цедербаум, В. О — қараңыз: Левицкий, В.

Цедербаум, С. О. (Ежов, В.) (1879—1939) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — белсенді жойымпаз, жойымпаз-меньшевиктердің газеттері мен журналдарына қатысып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде—қорғампаз. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. — *45.*

Церетели, И. Г. (1882—1959)—меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде— центрист. 1917

Ч

Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына қамады, мұнда ол екі жылдай болып, одан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский 20 жыл айдауда болды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қала берді.— *144, 316, 359.*

Чхеидзе, Н. С. (1864—1926)— меньшевизм лидерлерінің бірі. Тифлис губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, IV Думада меньшевиктік фракцияны басқарды. Ленин Чхеидзені Думада «оппортунистерді қорғаштай да және оларға қызмет ете де білген» «партия маңындағы социал-демократ» деп атады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде — Мемлекеттік думаның Уақытша комитетінің мүшесі, қорғампаз. Чхеидзе жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің председателі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің председателі болды, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене жақтады. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Грузияның Құрылтай жиналысының — контрреволюциялық меньшевиктік үкіметтің председателі. 1921 жылы, Грузияда Совет өкіметі орнағаннан кейін, Парижге эмиграцияға кетті.—*47—48, 88, 89, 90, 109, 172.*

Чхенкели, А. И. (1874 ж. туған)— социал-демократ, меньшевик, кәсібі жөнінен юрист. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Батум және Карс облыстары мен Сухуми округінен IV Мемлекеттік думаға депутат. Думада меньшевиктік фракция құрамына кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Закавказьедегі өкілі. 1918—1921 жылдары — Грузияның меньшевиктік үкіметінің сыртқы істер министрі, одан соң ақ эмигрант.—*109, 121, 172, 194.*

Ш

Шагов, Н. Р. (1882—1918) — революциялық қозғалысқа белсене қатысушы, большевик, Кострома губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, мамандығы жөнінен тоқымашы-жұмысшы. Думада социал-демократиялық фракциядағы большевиктік алтаудың құрамына, ал кейін большевиктік фракцияға кірді. РСДРП Орталық Комитетінің Краковта және Поронинде партия қызметкерлерімен өткізілген кеңестеріне қатысты. 1914 жылы Думадағы большевиктік фракцияның басқа мүшелерімен бірге тұтқынға алынып, Сибирьде мәңгі қоныстануға жер

аударылды, одан тек 1917 жылы қайтып оралды. — *105, 108, 109, 172.*

Шаховской, Д. И. (1861 ж. туған) — князь, земство қайраткері, либералдық-монархиялық «Азаттық одағын» ұйымдастырушылардың бірі, 1905 жылдан кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. I Мемлекеттік думаның депутаты және оның секретары. 1917 жылы майдан июньге дейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші коалициялық құрамында мемлекеттік қамқорлық министрі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет кооперациясы жүйесінде істеді.—*8.*

Швейцер (Schweitzer), *Иоганн Баптист* (1833—1875) — неміс-тің қоғам қайраткері және жазушысы, Ф. Лассальдың ізбасары, кәсібі жөнінен адвокат. Саяси қызметін либерал ретінде бастады, Лассальдың ықпалымен жұмысшы қозғалысына қосылды. 1864 жылдан Жалпы германдық жұмысшы одағының орталық органы — «Der Sozial-Demokrat» («Социал-Демократ») газетін редакциялады, 1867 жылы Одақтың президенті болып сайланды. Швейцер Пруссия үкіметімен келісім жасаудың лассальшылдық, оппортунистік тактикасын жүргізді, Германияны «жоғарыдан» біріктірудің юнкерлік-пруссиялық жолын жақтаушы болды. К. Маркс пен Ф. Энгельс Швейцердің «корольдік-пруссиялық үкіметтік социализмін» қатты сынға алды. Одақ ішінде Швейцер өзінің жеке диктатура саясатын жүргізді, сөйтіп Одақ мүшелерінің наразылығын туғызды. 1871 жылы Швейцер президенттік қызметінен кетуге мәжбүр болды да, саяси қызметтен шеттеп кетті. — *181, 283.*

Шингарев, А. И. (1869—1918) — кадет, земство қайраткері, кәсібі жөнінен дәрігер. 1907 жылдан — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Воронеж губерниясынан II және III Мемлекеттік думаларға, Петербургтен IV Мемлекеттік думаға депутат; Думадағы кадеттер фракциясы лидерлерінің бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында егіншілік министрі, екінші құрамында финанс министрі. — *378—379, 399—401.*

Э

Элленбоген (Ellenbogen), *Вильгельм,* (1863 ж. туған) — Австрия социал-демократиясының ревизионист лидерлерінің бірі. 1901—1914 жылдары Австрия парламентінің мүшесі болды, бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. Ұлт мәселесінде мәдени-ұлттық автономияны жақтады. 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Австрия Ұлттық жиналысының мүшесі, одан соң сауда және өнеркәсіп министрі болды; фашизмді қолпаштау саясатын жүргізді, СССР-ге қарсы шықты. — *152, 245, 336.*

қозғалыстың басшыларының бірі, патша үкіметі тарапынан талай рет қуғындалды; 1906 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздар жөнінде ымырашылдық позиция ұстады, антипартиялық Август блогына қатысты. Латыш өлкесі социал-демократиясы Шетелдік комитетінің құрамына кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келе жатып қаза тапты. — *307, 308, 309, 312.*

J. K. — *қараңыз:* Мархлевский, Ю. Ю.

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Сентябрь, 1913 — март, 1914)

1913

Сентябрь, 1913— 1914 жылғы март. Ленин Галицияда — Поронин деревнясында және Краковта тұрады, большевиктік жария газет—«Правдаға», Россиядағы партия ұйымдарының жұмысына, IV Мемлекеттік думадағы большевик-депутаттардың қызметіне басшылық етеді. РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесін басқарды; Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезінің жұмысына қатысады, Парижге, Брюссельге, Льежге, Лейпцигке барып, ұлт мәселесі жөнінде рефераттар оқиды.

12 (25) сентябрь. Лениннің «Марксизм және реформизм» деген мақаласы «Правда Труда» газетінің 2-номерінде жарияланады.

13 (26) сентябрь. Лениннің «Жерге орналастыру және деревня кедейлері», «Епископ Никон украиндарды қалай қорғап отыр?» және «Публицистің заметкалары» деген мақалалары «Правда Труда» газетінің 3-номерінде жарияланады.

17 (30) сентябрь. Лениннің «Цивилизациялы варварлық» деген мақаласы «Правда Труда» газетінің 6-номерінде жарияланады.

Ленин А. М. Горькийге жазған хатында оның денсаулығының жайы туралы қапаланғандық ниет білдіреді, дұрыстап емделу жөнінде кеңес береді; большевиктік жаңа жария газет —«Наш Путьтің» шыққандығын хабарлайды.

Ерте дегенде 17 (30) сентябрь. Ленин «Правда Труда» газетінің редакциясына жазған хатында бірсыпыра хроникалардың сарыны мен мазмұнын өзгерту, газеттің неғұрлым жариялы және цензураға икемді болуына жету қажеттігіне редакцияның назарын аударады.

23—24 сентябрь (6—7 октябрь). Ленин IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттарымен Думадағы практикалық жұмыс мәселелері жөнінде алдын ала жеке кеңес өткізеді.

23 сентябрь — 1 октябрь (6—14 октябрь). Ленин Поронинде РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген «жазғы» кеңесін басқарады; мәжілістерде председательдік етеді, кеңесте қабылданған қарарлар жобасын жазады және редакциялайды, жарыс сөздерде сөйлейді, баяндамалар мен сөйленген сөздер бойынша заметкалар жасайды.

26 сентябрь (9 октябрь). Ленин кеңестің таңертеңгі мәжілісінде РСДРП Орталық Комитетінің есепті баяндамасын жасайды, онда Орталық Комитеттің 1912 жылғы Прага конференциясынан бергі мерзімдегі жұмысын қорытындылайды, жаңа жағдайда партияның міндеттерін және партиялық жұмыстың негізгі формаларын белгілейді.

Кеңестің кешкі мәжілісінде Ленин ұлт мәселесі жөнінде баяндама жасайды.

Лениннің «Қаражүздіктік туралы» (бас мақала) және «Орыс басқару орындары туралы және орыс реформалары туралы» деген мақалалары «Правда Труда» газетінің 14-номерінде жарияланады.

27 сентябрь (10 октябрь). Ленин кеңесте Думадағы социал-демократиялық фракцияның жайы туралы баяндама бойынша жарыс сөзде шығып сөйлейді, меньшевиктік депутаттардың («жетеудің») антипартиялық әрекеттерін әшкерелейді және большевик-депутаттардың («алтаудың») саяси жұмысының орасан зор маңызын атап көрсетеді.

28 сентябрь (11 октябрь). Ленин кеңестің кешкі мәжілісінде ұлт мәселесі жөніндегі баяндамасын жалғастырады.

29 сентябрь (12 октябрь).	Лениннің «В. Засулич жойымпаздықты қалай талқандап отыр» деген мақаласы «Просвещение» журналының 9-номерінде жарияланады.
29—30 сентябрь (12—13 октябрь).	Ленин кеңестің ұлт мәселесі жөніндегі қарарының нобайын жазады.
	Ленин ұлт мәселесі жөніндегі қарарға енгізілген түзетулерді жазып алады.
30 сентябрь (13 октябрь).	Кеңестің таңертеңгі мәжілісінде ұлт мәселесі жөніндегі Лениннің қарары қабылданады.
	Ленин кеңесте Венадағы социалистік конгресс туралы баяндама жасайды, конгреске орыс делегациясынан кемінде 30 адам жіберуді ұсынады және конгреспен бір уақытта РСДРП партиялық съезін өткізу мәселесін келіседі.
	Ленин РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесінде қорытынды соз сөйлеп, кеңесті жабады.
1 (14) октябрь.	Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісін басқарады, онда Думадағы большевиктік депутаттардың меньшевик депутаттар жөніндегі практикалық іс-әрекеті талқыланады; И. В. Сталин мен Я. М. Свердловтың айдаудан қашып шығуын ұйымдастыру туралы мәселе және басқа мәселелер шешіледі.
	Лениннің «Трудовик-сымақ» деген мақаласы «Правда Труда» газетінің 18-номерінде жарияланады.
4 (17) октябрь.	Лениннің «Шатасқан бейпартияшылдар» деген мақаласы «За Правду» газетінің 3-номерінде жарияланады.
7 (20) октябрь.	Ленин мен Н. К. Крупская Поронинnен Краковқа қайтып келеді.
12 (25) октябрь.	Лениннің «Либералдар және Англиядағы жер мәселесі» деген мақаласы «За Правду» газетінің 8-номерінде жарияланады.
12 және 18 (25 және 31) октябрь аралығында.	Ленин «За Правду» газетінің редакциясына жазған хатында «газетті **жариялылау** етіп жүргізу» жөнінде кеңес береді және оған газеттің жетіспейтін номерлерін жіберуді сұрайды.

13 (26) октябрь-ден ертерек. Ленин «За Правду» газетінің редакциясына жазған хатында газет қорына түскен ақша қаражатының есебін жариялау туралы және оның жариялылығын нығайта түсу қажеттігі туралы нұсқау береді, газеттің тиражы мен жазылушылардың саны жөнінде сұрайды.

Ерте дегенде 14 (27) октябрь. Ленин «За Правду» газетінің редакциясына жазған хатында редакцияның газеттің 8-номерінде «Марксистер кеңесі» деген мақаланы абайламай жариялап қойып, қателік жасағанын атап көрсетеді; мақалада Орталық Комитеттің партия қызметкерлерімен өткізілген құпия Поронин кеңесінің жұмысы егжей-тегжейлі баяндалған. (Мақала авторы М. Е. Черномазов, кейіннен анықталғанындай, охранканың агенті болып шықты.)

15 (28) октябрь. Лениннің «Октябристер және жұмысшы қозғалысы» және ««Орыс интеллигенциясының мерекесі» туралы» деген мақалалары «За Правду» газетінің 10-номерінде жарияланады.

17 (30) октябрь. Лениннің «Жаман істі жаман қорғау» деген мақаласы «За Правду» газетінің 12-номерінде жарияланады.

18 (31) октябрь. Ленин жазған, большевик-депутаттар меньшевик депутаттарға ұсынған «Мәлімдеме» «За Правду» газетінің 13-номерінде жарияланады.

Ерте дегенде 19 октябрь (1 ноябрь). Ленин қауіпсіздендіру қайраткері Х.-ны (К. А. Комаровскийді) жойымпаздардың жалақорлықпен айыптауы жөнінде баспасөзге арнап жұмысшы ұйымдары қарарының жобасын жазады.

20 октябрь (2 ноябрь). Ленин IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияны қауіпсіздендіру науқанын сәтті бастауымен құттықтайды.

20 және 25 октябрь (2 және 7 ноябрь) аралығында. Ленин «За Правду» газетінің редакциясына жазған хатында большевиктік «алты» жұмысшы депутатының меньшевиктік «жетеудің» іріткі салушылық әрекеттеріне қарсы ашық күрес бастағанын құттықтайды және Думада тіпті дербес большевиктік фракция

болып қалыптасуға дейін бару қажеттігін айтып, күрестің бұдан былайғы жоспарын хабарлайды.

Ерте дегенде 21 октябрь (3 ноябрь). Ленин «За Правду» газетінің редакциясына жазған хатында большевик-депутаттардың праволарын қорғау жолындағы науқанның өте тамаша басталғандығы жөнінде қанағаттанғандық ниет білдіреді; Думадағы фракцияға жұмысшы депутацияларын ұйымдастыру керектігін баса көрсетеді.

25 октябрь (7 ноябрь). Ленин «За Правду» газетінің редакциясына жазған хатында большевиктік «алтаудың» әрекетінің дәйексіздігін атап көрсетеді және оларға өздерін Думадағы дербес фракция деп жариялауға кеңес береді.

Лениннің «Думадағы «жетеу»» деген мақаласы «За Правду» газетінің 19-номерінде жарияланады.

26 октябрь (8 ноябрь). Лениннің «Либерал буржуазия және жойымпаздар» деген мақаласы «За Правду» газетінің 20-номерінде жарияланады.

27 октябрьден (9 ноябрьден) ертерек. Ленин «За Правду» газетінің редакциясына газеттің жексенбілік номерін 1913 жылы 27 октябрьде (9 ноябрьде) большевиктік «алтауды» жақтаған науқанға арналған қосымша бетпен шығаруға нұсқау береді.

29 октябрьден (11 ноябрьден) ертерек. Ленин «Думадағы социал-демократиялық фракция ішіндегі күрес туралы мәселе жөніндегі материалдар» деген мақаланың жоспарын жасайды.

29 октябрь (11 ноябрь). Лениннің «Капитализм және жұмысшылардың иммиграциясы» және «Думадағы социал-демократиялық фракция ішіндегі күрес туралы мәселе жөніндегі материалдар» деген мақалалары «За Правду» газетінің 22-номерінде жарияланады.

29 октябрь мен 15 ноябрь (11 және 28 ноябрь) аралығында. Ленин IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттарына дербес фракция болып бөлініп шығуға ұсыныс жасайды және фракцияны Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы деп атауды ұсынады.

30 октябрь (12 ноябрь). Лениннің ««Марксше» пайымдайтын кадеттік үй иеленуші» деген мақаласы «За Правду» газетінің 23-номерінде жарияланады.

Ерте дегенде 30 октябрь (12 ноябрь). Ленин «За Правду» газетінің редакциясына жазған хатында барлық марксист қызметкерлерді партияға іріткі салушыларды — меньшевиктік «жетеуді» жеңумен, Думада социал-демократиялық жұмысшы фракциясын заңды түрде құрумен құттықтайды.

30—31 октябрь (12—13 ноябрь). Ленин қарындасы М. И. Ульяноваға жазған хатында К. Маркстің Ф. Энгельспен жазысқан төрт томдық хаттарын зерттеуді аяқтағанын және ол туралы «Просвещение» журналына мақала жазу ниеті барын хабарлайды.

Октябрьдің аяғы. Ленин А. М. Горькийге жазған хатында жария жұмысшы қоғамдарында партиялық жұмыстың жандана бастағанын хабарлайды; оған жақсылап емделуге кеңес береді.

Октябрь. Ленин поляктың 1908 және 1909 жылдардағы «Przeglad Socjaldemokratyczny» («Социал-Демократиялық Шолу») журналында жарияланған Р. Люксембургтің «Ұлт мәселесі және автономия» деген мақаласына белгілер соғып, астын сызады және «Роза Люксембург өзін өзі билеу туралы» деген жалпы тақырыппен көшірмелер жасайды.

Октябрь — декабрь. Ленин «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар» деген мақала жазады. Мақала «Просвещение» журналының 1913 жылғы 10, 11 және 12-номерлерінде жарияланады.

Ноябрьдің басы. Ленин А. М. Горькийге хат жазады, онда Горькийдің «Новая Рабочая Газетаның» 1913 жылғы 29 октябрьдегі (11 ноябрьдегі) 69-номерінде басылған «Тағы да карамазовшылдық туралы» деген мақаласында айтылған құдай жасампаздық көзқарастарын сынайды.

Ленин «Жұмысшы бұқара мен жұмысшы интеллигенция» және «Думадағы орыс социал-демократиялық фракциясындағы жікке бөліну туралы» деген мақалалар жазады. Соңғы мақала немістің «Leipziger Volkszeitung» газетінің 1913 жылғы 24 декабрьдегі 298-номерінде жарияланады.

Ерте дегенде 1 (14) ноябрь.	Ленин «За Правду» газетінің редакциясына жазған хатында өзінің «Думадағы социал-демократиялық фракция ішіндегі күрес туралы мәселе жөніндегі материалдар» деген мақаласын «За Правду» газетінің конфискеленген 22-номерінен көшіріп басу қажеттігін көрсетеді.
2 (15) ноябрьден кешірек.	Ленин Англиядағы қоғамдық қозғалыс мәселелеріне назар аударады, М. Бсердің «Англиядағы социализм тарихы» (Штутгарт, 1913) деген кітабын зерттейді және одан көшірмелер жасайды.
Ерте дегенде 3 (16) ноябрь.	Ленин «За Правду» газетінің редакторына записка жазады, онда газеттің 1 ноябрьдегі 25-номерінде «Өзіміз» деп қол қойылып басылған мақаланың нашарлығы жөнінде айтады, газетті конфискеге ұрындырмау үшін орынсыз қатты сөздерге әуес болмауға кеңес береді. (Мақала авторы кейіннен арандатушы ретінде әшкереленген М. Е. Черномазов болатын.)
10 (23) ноябрьден кешірек.	Ленин «Просвещение» журналының 1913 жылғы 10-номерінде жарияланған К. Маркстің «Саяси индифферентизм» және И. И. Степановтың «Империализм» деген мақалаларына сызып белгілер салады, астын сызады.
12 және 15 (25 және 28) ноябрь аралығында.	Ленин Халықаралық социалистік бюроның декабрь сессиясының күн тәртібіне поляк социал-демократиясын біріктіру туралы мәселе қою жөнінде, сондай-ақ Халықаралық социалистік бюрода Роза Люксембургтің Польша социал-демократиясының өкілі болуының дұрыстығы жөнінде Халықаралық социалистік бюроға РСДРП Орталық Комитеті атынан ұсыныс енгізеді.
13 (26) ноябрь.	Лениннің «Солшыл халықшылдар марксистер арасындағы күрес туралы» деген мақаласы «За Правду» газетінің 34-номерінде жарияланады.
15 (28) ноябрьден ертерек.	Ленин жойымпаздық «Наша Заря» журналының 1913 жылғы 6-номерінде басылған Н. Рожковтың «Россиядағы аграрлық мәселенің қазіргі жағдайы» деген мақаласын оқиды, белгілер салып, сызады, астын сыза-

ды. Ленин бұл мақаланы өзінің «Аграрлық мәселе және Россияның қазіргі жағдайы» деген еңбегінде талдап, сынайды.

15 (28) ноябрь. Лениннің «Аграрлық мәселе және Россияның қазіргі жағдайы (Публицистің заметкалары)», «Таластар мен күрестің екі тәсілі» және ««Біріктіруші»-сымақтар» деген мақалалары «За Правду» газетінің 36-номерінде жарияланады.

Ноябрьдің ортасы. Ленин А. М. Горькийге жазған хатында құдай жасампаздықтың реакциялық мәнін ашып көрсетеді және Горькийдің осы мәселе жөніндегі көзқарастарын сынайды.

20 ноябрь мен 1 декабрь (3 және 14 декабрь) аралығында. Ленин «Думадағы социал-демократиялық фракцияның жікке бөлінуіне Россия жұмысшыларының бағасы» деген заметканы — РСДРП Орталық Комитетінің Халықаралық социалистік бюроға баяндамасына қосымшаны жазады.

23 ноябрь (6 декабрь). Ленин С. Г. Шаумянға ұлт мәселесіне арналған хат жазады.

28 ноябрь (11 декабрь). Лениннің ««Мәдени-ұлттық» автономия туралы» және Шетелдегі топсымақтар және орыс жойымпаздары» деген мақалалары «За Правду» газетінің 46-номерінде жарияланады.

29 ноябрь (12 декабрь). Ленин РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесі туралы «Жергілікті жерлерде оқылатын баяндаманың конспектісін» Петербургке жібереді.

Лениннің «Кадет Маклаков және социал-демократ Петровский», «Цаберн» деген мақалалары «За Правду» газетінің 47-номерінде жарияланады.

Кеш дегенде 1 (14) декабрь. Ленин «За Правду» газетінің редакциясына «Бюроның ең таяудағы қадамдары туралы мәселе жөнінде» хат жазады.

1 (14) декабрьден кешірек. Ленин «Bulletiņ périodique du Bureau Socialiste Iņternational» (Bruxelles, 1914) («Халықаралық социалистік бюроның мерзімді бюлле-

тені») 11-номеріне қосымшада басылған Халықаралық социалистік бюроның 1913 жылғы 13 және 14 декабрьде Лондонда болған мәжілісі туралы есепке белгілер салады.

2 (15) декабрь. Ленин «За Правду» газетінің редакциясына «Бюро шешімдері туралы мәселе жөнінде» хат жазады.

Ерте дегенде 2 (15) декабрь— 1914 жылғы январьдың басы. Ленин «За Правду» газетінің редакциясына жазған хатында IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияларды біріктірудің шарттарын және Халықаралық социалистік бюроның РСДРП-ны біріктіру мәселесі жөніндегі декабрь сессиясының қарарына байланысты РСДРП-ның бірлігін қалпына келтірудің шарттарын баяндайды.

3 (16) декабрь. Лениннің «Жұмысшылар бірлігі туралы» мақаласы «За Правду» газетінің 50-номерінде жарияланады.

Ленин Халықаралық социалистік бюроның РСДРП-ны біріктіру туралы мәселе жөніндегі декабрь сессиясының шешімдері жайында «За Правду» газетінің редакциясына хат жазады; осы шешімге байланысты редакциялық мәлімдеменің текстін ұсынады.

4 (17) декабрьден ертерек. Ленин «Империядағы бастауыш мектептердің бір күндік санағы», I кітап, I бөлім, 1913, деген кітап бойынша «Санкт-Петербург оқу округіндегі халықтық мектептер (18. I. 1911)» деген кесте жасайды.

4 (17) декабрь. Лениннің «Халық мұғалімдерінің қайыршылығы» деген мақаласы «За Правду» газетінің 51-номерінде жарияланады.

Ерте дегенде 5 (18) декабрь. Ленин «Leipziger Volkszeitung» газетінің 17 декабрьдегі 292-номерінде жарияланған «Die sozialistische Einigkeit in England» («Англиядағы социалистік бірлік») деген мақалаға белгілер салып, астын сызады.

5 (18) декабрьден кешірек. Ленин И. Ф. Армандқа жазған хатында «Vorwärts» газетінің 1913 жылғы 18 декабрьдегі 333-номерінде басылған К. Каутскийдің РСДРП-дағы істің жайы туралы жалақорлық мәлімдемесіне қарсы нағыз батыл наразылық науқанын ұйымдастыруды ұсынады.

7 (20) декабрь. Лениннің «Жаман істі қорғаудағы қасарушылық» деген мақаласы «Пролетарская Правда» газетінің 1-номерінде жарияланады.

Ленин В. С. Войтинскийге жазған хатында «Просвещение» журналына басуға ұсынылған «Ортақ ту жолында» деген мақаланы ұнатпайтыны жөнінде мейлінше қатал пікір айтады; Думадағы меньшевиктік «жетеуге» қарсы большевиктік «алтауды» жақтаған науқанның ойдағыдай өріс алғандығына өте қанағаттанғандық ниет білдіреді.

8 (21) декабрь. Лениннің «Орыс жұмысшылары және Интернационал» деген мақаласы «Пролетарская Правда» газетінің 2-номерінде жарияланады.

10 (23) декабрь. Лениннің «Жойымпаздар жұмысшыларды қалай алдап отыр» деген мақаласы «Пролетарская Правда» газетінің 3-номерінде жарияланады.

11 (24) декабрь. Лениннің «Кадеттер және «халықтардың өзін өзі билеу правосы»» деген мақаласы «Пролетарская Правда» газетінің 4-номерінде жарияланады.

11 (24) декабрьден кешірек Ленин РСДРП-дағы істің жайы туралы мәселе қараған Халықаралық социалистік бюроның мәжілісі жөніндегі К. Каутскийдің хатына белгілер соғып, сызады, бұл хат «Vorwärts» газетінің 1913 жылғы 24 декабрьдегі 339-номерінде жарияланған болатын.

13 (26) декабрь. Лениннің «Жақсы қарар және жаман сөз» деген мақаласы «Пролетарская Правда» газетінің 6-номерінде жарияланады.

14 (27) декабрь. Лениннің «Орыс мектебіндегі оқушылардың ұлттық құрамы» деген мақаласы «Пролетарская Правда» газетінің 7-номерінде жарияланады.

Ленин әзірлеген және редакциялаған «1914 жылға арналған Жұмысшы Серігі» деген қойын календары жарыққа шығады, онда Лениннің «Россиядағы стачкалар» деген мақаласы басылған.

15 (28) декабрь. Лениннің «РСДРП-ның ұлттық программасы туралы» деген мақаласы «Социал-Демократ» газетінің 32-номерінде жарияланады.

Лениннің «Катускийдің өрескел қатесі туралы» деген мақаласы «Пролетарская Правда» газетінің 8-номерінде жарияланады.

17 (30) декабрь. Лениннің «Тағы да мектеп ісін ұлт-ұлтқа бөлу туралы» және «Социалистік бюроның шешімі туралы қарар» деген мақалалары «Пролетарская Правда» газетінің 9-номерінде жарияланады.

18 (31) декабрь. Лениннің «Горский мырза туралы және латынның бір мақалы туралы» деген заметкасы мен «Біздің мектептер туралы» деген мақаласы «Пролетарская Правда» газетінің 10-номерінде жарияланады.

19 декабрь (1 январь, 1914 ж.). Лениннің «Тағы да Халықаралық социалистік бюро туралы және жойымпаздар туралы» деген мақаласы «Пролетарская Правда» газетінің 11-номерінде жарияланады.

20 декабрь (2 январь, 1914 ж.). Лениннің «Национал-либерализм және ұлттардың өзін өзі билеу правосы», «Халықшылдық пен жойымпаздық — жұмысшы қозғалысындағы ыдырау элементтері» және «Каутскийдің хаты туралы» деген мақалалары «Пролетарская Правда» газетінің 12-номерінде жарияланады.

Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің жұмысына қатысуға шақырған хатқа жауап беріп, латыш большевиктерінен съездің құрамы, болатын орны және шақырылу мерзімі туралы сұрастырады.

25 декабрь (7 январь, 1914 ж.). Ленин латыш большевиктеріне жазған хатында латыш социал-демократиясының алдағы болатын съезіне олардың топтаса түсуі қажеттігін баса көрсетеді және олармен кездесетін орын және уақыт жөнінде келіседі.

Лениннің ««Новое Время» мен «Речь» ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген мақаласы «Пролетарская Правда» газетінің 16-номерінде жарияланады.

27—29 декабрь (9—11 январь, 1914 ж.). Ленин Думадағы большевиктер фракциясының жұмысы жөніндегі мәселелер бойынша Краковта РСДРП Орталық Комитетінің мүшелерінің кеңесін өткізеді.

29 декабрь (11 январь, 1914 ж.). Ленин Рудис-Гипслиске немесе Германға жазған хатында Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезіне сайланған делегаттың сенімсіздігі жөнінде хабарлайды.

Лениннің «Думадағы фракция және Думадан тысқары көпшілік» деген мақаласы «Пролетарская Правда» газетінің 17-номерінде жарияланады.

Ленин «Пролетарская Правда» газетінің редакциясына жазған хатында III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияға жәрдемдесу жөніндегі комиссияда (1909 жылы Парижде ұйымдастырылған) стачкалар туралы заң жобасын талқылағанда сөйлеген сөзі жөнінде түсінік береді.

30 декабрь (12 январь, 1914 ж.). Ленин Д. Вайнкопқа жазған хатында неміс социал-демократиялық баспасөзінің большевиктердің жойымпаздарға қарсы күресінде оларға бойкот жасап отырған жағымсыз позициясын атап көрсетеді және РСДРП-ның бірлігі туралы мәселе жөнінде К. Каутскийдің теріс позициясына реніш білдіреді.

Декабрь. Ленин «Пенза губерниясын бағалау-статистикалық зерттеу қорытындылары» (1913) деген кітапқа белгілер салып, цифрлардың есебін шығарады, сызады, қайта сызады.

Декабрьдің аяғы. Ленин И. Ф. Армандқа жазған хатында бұқара арасында партиялық жұмыстың жаңа формаларын пайдалану қажеттігін атап көрсетеді, «жұрт сенген өкілдердің» ролі мен маңызын айтады, әйелдердің «Работница» журналын шығаруға әзірленуге батылырақ кірісуді ұсынады.

Декабрь, 1913—1914 жыл. Ленин «1914 жылға арналған Жұмысшы Серігі» деген календарьдың деректері бойынша құрастырылған Петербург және Москва кәсіптік одақтарының тізіміне белгілер салады, цифрлардың есебін шығарады, астын сызады, тізімде сондай-ақ одақ мүшелерінің саны және ол одақтарға большевиктердің, жойымпаздардың және эсерлердің ықпалы көрсетілген.

Жылдың аяғы. Ленин Маркс пен Энгельстің жазысқан хаттарының неміс тіліндегі төрт томдық басылымын зерттейді; хаттарды конспектілейді және көшірмелер жасайды.

Ленин «Маркстің Энгельспен жазысқан хаттары» деген мақала жазады.

1913 жыл. Ленин «Statistical abstract of the United States» («Құрама Штаттардың статистикалық анықтамасы») деген кітапқа белгілер салады, цифрлардың есебін шығарады және астын сызады.

1913 жылдың аяғы — 1914 жылдың басы. Ленин Н. К. Крупскаяның «Халық ағарту министрлігінің саясаты туралы мәселе жөнінде» деген мақаласын редакциялайды, мақалаға қосымша жазады, тақырыбын белгілейді.

1914

1 (14) январь. Лениннің «Жылына 4000 сом және 6 сағаттық жұмыс күні» деген мақаласы «Пролетарская Правда» газетінің 19-номерінде жарияланады.

2 (15) январь. Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезі шақырылуына байланысты латыш большевиктерімен кездесу үшін Берлинге келеді.

Кеш дегенде 5 (18) январь. Ленин Парижге келеді.

5 (18) январь. Ленин большевиктердің Парижде болған жиналысында большевиктер мен меньшевиктердің бірлігі туралы мәселені шешу үшін олардың арасындағы «алшақ пункттерді» анықтау мақсатында Халықаралық социалистік бюроның РСДРП-ның ісіне араласу ниеті бар екендігін хабарлайды.

9 (22) январьдан ертерек. Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Парижде, 1905 жылғы 9 январь оқиғаларын еске алуға арналған митингте сөз сөйлеуге келісім береді.

9 (22) январь. Ленин Парижде 1905 жылғы 9 январь оқиғасының жылдығына арналған социал-демократтардың екі митингісінде сөз сөйлейді.

10 (23) январь. Ленин Парижде географиялық қоғамның үлкен залында «Ұлт мәселесі» деген тақырыпта реферат оқиды.

10 жэне 20 январь (23 январь мен 2 февраль) аралығында.	Ленин «Ұлт мәселесі (Есте қалғандар бойынша тезистер)» деген тезистер жазады.
Кеш дегенде 12 (25) январь.	Ленин Брюссельге келеді.
12 (25) январь.	Ленин Брюссельде Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің делегаттары үшін ұлт мәселесі жөнінде реферат оқиды. Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің делегаттары ішінде большевиктердің қолы жеткен жеңісі туралы хабарлайды.
13 (26) январь.	Ленин «РСДРП Орталық Комитеті бюллетенінің» 1-номері үшін өзі редакциялаған материалдарды Парижге жібереді; бюллетень Парижде 15 (28) январьда шықты. Ленин Н. В. Кузнецовқа жазған хатында «РСДРП Орталық Комитетінің бюллетені» үшін материалдар жібергенін, бюллетеньнің форматы мен оны шығару тәртібі туралы хабарлайды. Ленин Париждегі Инесса Армандқа жазған хатында Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезінде ымырашылдардың басым екендігі туралы және большевиктердің олармен алдағы күресі туралы хабарлайды.
13—20 январь (26 январь— 2 февраль).	Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің жұмысына қатысады, РСДРП Орталық Комитетінің атынан баяндама жасайды, онда латыш социал-демократиясы Орталық Комитетінің жойымпаздықпен күрес мәселесінде оппортунистік позиция ұстаған қызметін қатты сынайды. Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің мәжілісінде Я. Янсон-Браунның баяндамасы бойынша жарыс сөзде сөз сөйлейді және оны жойымпаздарға ымырашылдығы үшін қатты сынайды. Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезінде қорытынды сөз сөйлейді, онда социал-демократияның бірлігі тек прин-

	ципті негізде ғана, революциялық тактика мен жойымпаздардың оппортунизміне қарсы күрес негізінде ғана мүмкін екендігін түсіндіреді.
	Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясының РСДРП-ға көзқарасы туралы қарардың жобасын жазады.
14—15 (27—28) январь.	Ленин Инесса Армандқа жолдаған хатында Шетелдік ұйым комитетін қайта құру туралы, Париждегі «РСДРП Орталық Комитетінің бюллетенін» тезірек шығару туралы жазады.
18 (31) январь.	Лениннің «Міндетті мемлекеттік тіл қажет пе?» деген мақаласы «Пролетарская Правда» газетінің 14-номерінде жарияланады.
18—19 январь (31 январь— 1 февраль).	Ленин РСДРП Орталық Комитеті мен жойымпаздық Ұйымдастыру комитеті арасындағы алауыздықтардың негізгі пункттері туралы Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа қысқаша баяндама жазады.
20 январь (2 февраль).	Ленин Льежде «Ұлт мәселесі» деген тақырыпта реферат оқиды.
21 және 24 январь (3 және 6 февраль) аралығында.	Ленин Лейпцигте «Ұлт мәселесі» деген тақырыпта реферат оқиды.
24 январь (6 февраль).	Ленин Краковқа қайтып келеді.
25 январь (7 февраль).	«Просвещение» журналының 1-номері шығады, онда Лениннің «Земство статистикасының міндеттері туралы мәселе жөнінде» деген мақаласы мен «1913 ж. С.-Петербургте болған Бүкіл россиялық тазалық көрмесіндегі еңбек қорғау жөніндегі экспонаттар» деген кітапқа жазған рецензиясы басылған.
27 январь (9 февраль).	Ленин «Путь Правды» газетінің редакциясына жазған хатында газетті жауып тастауға себепші болған мақаланың абайсыз басылып кеткеніне өкініш білдіреді; бірлік туралы мәселе жөнінде Ф. Данға жауап болып санала-

тын өзінің екі мақаласының басылуына кедергінің себебін сұрастырады және бұл мақалаларды Троцкийдің «Борьба» журналы жарыққа шыққанға дейін жариялау қажеттігін талап етеді.

Ерте дегенде 29 январь (11 февраль). Ленин А. А. Трояновскийге жазған хатында жойымпаздық Ұйымдастыру комитетінен латыш социал-демократиясының шыққандығы туралы хабарлайды, мұның өзі троцкистік Август блогының толық күйреуіне барабар екендігін баса көрсетеді.

29 январь (11 февраль). Ленин Петербургке апасы А. И. Ульянова-Елизароваға жазған хатында өзінің Краковқа қайтып келгендігін, ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мақала жазу ниеті бар екендігін хабарлайды. Мақала «Просвещение» журналының 4-номерінде басылды.

29 январьдан (11 февральдан) кешірек. Ленин В. М. Каспаровқа жазған хатында өзіне «Vorwärts» газетін жіберуді тоқтатып тастаудың себебін анықтап білуді сұрайды.

31 январь (13 февраль). Лениннің «Жұмысшыларды либералдық аздыру» деген мақаласы мен «Редакцияға хаты» «Путь Правды» газетінің 9-номерінде жарияланады.

Январьдың аяғы—февраль. Ленин большевиктік «Мысль» журналының 1911 жылғы январьдағы 2-номерінің мұқабасына белгілер салады, астын сызады.

3 (16) февраль. Ленин М. И. Ульяноваға жазған хатында 10 (23) январьда Парижде оқыған ұлт мәселесі жөніндегі өзінің рефераты туралы хабарлайды.

Ленин Н. К. Крупскаяның М. А. Ульяноваға жолдаған хатына жазған қосымшада Краковта Т. Г. Шевченконың туғанына жүз жыл толуына арналған украин кешіне қатысқанын хабарлайды, «Бейлистің ісі» деген кинофильмнің өзіне қандай әсер қалдырғанын жазады.

4 (17) февраль. Лениннің «Жойымпаздардың көсемі «бірліктің» жойымпаздық шарттары туралы» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 12-номерінде жарияланады.

5 (18) февраль. Лениннің «Австриядағы және Россиядағы ұлттық программаның тарихы жөнінде» және «Мәртебелі либерал помещик «земстволық жаңа Россия» туралы» деген мақалалары «Путь Правды» газетінің 13-номерінде жарияланады.

14 (27) февраль. Ленин «Просвещение» журналының редакциясына жазған хатында «Правда» газеті редакциясының А. А. Богдановпен байланысты үзгендігін хабарлайды, журналда бұдан былай «Вперед» тобының авантюризмін әшкерелей беру қажеттігін атап көрсетеді.

Ленин Вашингтондағы Н. А. Гурвичке оның «Immigration and Labor» («Иммиграция және еңбек») деген кітабын алғандығы туралы хат жазады, кітапты жібергендігіне алғыс айтады, 1900 және 1910 жылдардағы санақ бойынша Америка статистика бюросының материалдарын алуға жәрдемдесуін өтінеді.

Ленин А. И. Ульянова-Елизароваға «Просвещение» журналының редакциясына хат жазады, онда А. А. Богдановтың «Правда» газетінің редакциясынан кеткендігі туралы және бұл жөніндегі жалған лақаптармен күресу қажеттігі туралы айтады.

17 февраль (2 март). Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Петербург комитетінің жұмысы туралы мәліметтер алғанын хабарлайды; Халықаралық социалистік бюро жанындағы РСДРП өкілі И. Ф. Поповтың партиялық тапсырманы орындағындығы не орындамағандығы туралы оның үндемей отырғандығы жөнінде қапаланғандық білдіреді.

18 февраль (3 март). Лениннің «Халықшылдық және жалдама жұмысшылар табы» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 15-номерінде жарияланады.

19 февраль (4 март). Ленин Е. Ф. Розмировичке жазған хатында РСДРП Орталық Комитетінің Орыс бюросына питердің 3—4 жұмысшысын кооптация жасау қажеттігін атап көрсетеді және кооптацияланған жұмысшылардың құпия жағдайға көшуін талап етеді; ақшаның жоқтығынан ұйымдастыру жұмысын жолға қоюдың қиындыққа ұшырап отырғандығын хабарлайды.

20 февральдан (5 марттан) ертерек. — Ленин «Экономикалық-статистикалық жинақтан», VII кітап (М., 1913), статистикалық деректерді зерттейді, көшірмелер жасайды, есептерді қорытып, оларды «Шаруалар және жалдама еңбек» деген мақалада пайдаланады.

20 февраль (5 март). — Лениннің «Тағы да «ұлтшылдық» туралы» және «Шаруалар және жалдама еңбек» деген мақалалары «Путь Правды» газетінің 17-номерінде жарияланады.

21 февраль (6 март). — Лениннің «Струве мырза «өкіметті сауықтыру» туралы» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 18-номерінде жарияланады.

22 февральдан (7 марттан) ертерек. — Ленин Парижге Инесса Армандқа жазған хатында Г. В. Плехановтың «Единство» газетін шығару ниеті бар екендігі туралы және таяу уақытта Л. Троцкийдің «Борьба» журналы шығатыны туралы хабарлайды.

22 февраль (7 март). — Лениннің «Халықшылдар Н. К. Михайловский туралы» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 19-номерінде жарияланады.

23 февраль (8 март). — Ленин Инесса Армандқа жазған хатында К. Гюисманстың хатының намысқа тиерлік сарынына және партиялық тапсырманы орындамаған И. Ф. Поповтың қылығына (В. И. Лениннің Халықаралық социалистік бюроға баяндамасының аудармасын уақытында табыс етпегеніне) өзінің реніш білдіргенін хабарлайды.

25 февраль (10 март). — В. И. Лениннің «А. Богданов туралы» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 21-номерінде жарияланады.

27 февральдан (12 марттан) кешірек. — Ленин Берлинге Рудис-Гипслиске жолдаған хатында Латыш өлкесі социал-демократиясының IV съезінде қабылданған қарарлар туралы, ымырашылдармен бұдан былай да күресе беру қажеттігі туралы жазады; съездің қарарын «Правда» газетінде жариялауды ұсынады.

28 февраль (13 март). — «Просвещение» журналының 2-номері шығады, онда Лениннің «Ветеранның «Ұлт мәселесі және латыш пролетариаты» деген мақаласына редакциядан» деген мақаласы басылған.

Февраль.	Ленин «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақтың жоспарын жасайды, оған алғы сөз жазады. Ленин «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген мақаланы жазуды бастайды.
Февраль—март.	Ленин «Марксизм және жойымпаздық» деген жинаққа кіргізілген «Даулы мәселелер. Ашық партия және марксистер» деген өзінің мақаласының текстіне өзгерістер енгізеді. (Мақала бұрын «Правда» газетінде басылған болатын.)
Февраль—май.	Ленин Ludwig Bernhard. «Das Polnische Gemeinwesen im preuβischen Staat. Die Polenfrage». Leipzig, 1907. (Людвиг Бернгард. «Пруссиядағы поляктар. Поляк мәселесі». Лейпциг, 1907) деген кітаптан ескертпелер жазып, көшірмелер жасайды. Ленин бұл кітапты «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген мақаланы жазғанда пайдаланды.
1 (14) март.	Лениннің «Либералдар арасындағы саяси таластар» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 25-номерінде жарияланады.
2 (15) март.	Лениннің ««Еңбекші» шаруалар және жермен сауда жасау» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 26-номерінде жарияланады.
2 және 6 (15 және 19) март аралығында.	Ленин «Просвещение» журналы редакциясы үшін жіберген О. Н. Лоланың (В. Степанюктің) «Украин марксизмі тарихынан» деген мақаласына редакциялық түзетулер енгізеді.
6 (19) март.	Лениннің «Либералдардың қамқорлығы» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 29-номерінде басылды.
7 (20) март.	Лениннің «Кәсіптік қозғалыстағы халықшылдар мен жойымпаздар (Бағалы мойындаулар)» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 30-номерінде жарияланады.
8 (21) март.	Ленин Краковта «Россия социал-демократиясы және ұлт мәселесі» деген тақырыпта реферат оқиды және реферат бойынша болған жарыс сөздерді жазып алады.

9 (22) март. Лениннің «Мүләйім тілектер» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 32-номерінде жарияланады.

11 (24) март. Ленин «Современник» редакциясының журналға жазып тұру жөніндегі ұсынысынан бас тартады, оған журналдың бағытымен және программасымен келіспейтіндігін дәлел етеді.

Лениннің «Либерал профессор теңдік туралы» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 33-номерінде жарияланады.

12 (25) март. Лениннің «Ағылшын либералдары және Ирландия» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 34-номерінде жарияланады.

13 (26) март. Лениннің «Тейлор системасы—адамды машина арқылы қанап-жаншу» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 35-номерінде жарияланады.

14 (27) март. Лениннің ««Жауапты оппозиция» және кадеттердің бірінші марттағы кеңеске қатысуы» деген мақаласы «Путь Правды» газетінің 36-номерінде жарияланады.

МАЗМҰНЫ

1914 ж.

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.

Шығармалар толық жинағы, Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық. Т. 1— Алматы, «Қазақстан», 1977.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 24. Сентябрь, 1913— март, 1914.
612 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
М. Г. Власова

Дайындаушының көмекшісі
Г. Ю. Вульман

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Я. С. Цырульников

Есімдер көрсеткішін дайындаған
М. М. Вассер

Редактор *К. А. Остроухова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

ИБ № 301

Сдано в набор 19/XI-1976 г Подписано к печати 19/XII-1977 г.
Формат $84\times108^{1}/_{32}$—20,125=34,0 усл. п. л (33,26 уч.-изд. л.)
Бумага № 1. Тираж 15000 экз. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан»
г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 1170. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.